АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

шығармалары

1



АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

АЛМАТЫ
"АНА ТІЛІ"
БАСПАСЫ ЖШС
2013

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7– 4
Н 86

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды.

Құрастырған және алғы сөзін жазған
филология ғылымдарының докторы, профессор
Серік Негимов

Нұрқатов А.
Н 86 **Шығармалары:** Айқын Нұрқатов.– Алматы: "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013.
Т. 1.–384 б.

ISBN 978–601–251–085–0

47483

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, әдебиет зерттеушісі, айтулы сыншы-ғалым Айқын Нұрқатовтың әдеби мұрасы өте бай да құнарлы.

Оның әдебиет жайындағы көптеген іргелі ізденістері, әдеби-мәдени және тарихи деректер негізінде өріліп, ғылыми-теориялық тұжырымдарды тереңдей таркатқан зерттеулері өрімі келіскен, өрісі биік еңбек болып табылады. Соған орай автордың шығармаларының бірінші томына «Абайдың акындық дәстүрі» атты зерттеу еңбегі берілді.

Кітап сөз өнерін құрметтеуші оқырмандарға арналады.

ISBN 978–601–251–085–0 УДК 821.512.122
ISBN 978–601–251–084–3 ББК 84 Қаз 7– 4

© Нұрқатов А., 2013
© "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013

АЙҚЫН НҰРҚАТОВТЫҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Біліктілік өнегесі, сыншылдық, ойшылдық дәрежесі, таным-пайым өресі, пікір айту мәдениеті айрықша Айқын Нұрқатов, шын мәнісінде, көрнекті әдебиет тарихшысы, білімдар сыншысы және пайымдау қабілет-қарымы тегеурінді әдебиет теоретигі еді. Ол айтулы Абайтанушы, білгір Әуезовтанушы да. Оның шығармашылық жолы мейлінше келте болса да, «жорғадай төгілте жазды, ағыл-тегіл ой толғады, пікір қозғады, көп шындықты копара көрсетті, халқына кітаптан соң кітап ұсынды» (Академик Зейнолла Қабдолов). Ол – академик-жазушы Мұхтар Әуезовтің әйгілі шәкірті. От ауызды, орақ тілді аяулы Айқын ағаның курстасы, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының ту ұстаушысы академик Серік Қирабаев кеменгер суреткер М.О.Әуезовтің мына бір лебізін былайша келтіреді: «Айқын мен Серікті мен бөлмеймін. Екеуінің аяқ алысы жақсы. Білімі, талғамы зор. Бейсенбай, Есмағамбет, Қажымдар сыннан алыстап бара жатқан кезде, кейбір сыншылар басқа жанрларға ауысып тұрақтамай жүрген тұста, екеуінің бірыңғай сынмен айналысуы маған ұнайды. Сынға тұрақты, маман кадрлар керек». Ұстаздың ұлы тілегі Тайбурылдың дүлдүл шабысын тілегендей еді. Айқын да комданып әдебиет кеңістігінде қыранша парлап, тұйғынша барлап көркем сыр төкті.

Ажал-аждаһаның қанды тырнағына 37 жасқа қараған шағында іліксе де, ұлт тарихындағы ұлы Шоқан, Абайдың перзенті Әбдірахман, суырылып озған сұңқар табиғатты Сұлтанмахмұт, мемлекет қайраткері, әмбебап дарын Смағұл Садуақасұлы тағдырлас жемісі мол мәуелі керемет дарақ, тайпалмалы дарабоз деу лайық.

Артықша жаратылған зерек зейінді Айқын Нұрқатовтың шығармашылық өмірбаянына зерделей үңілсек, болаттай серпінді, екпінді берекелі ой-толғаныстары, сымға тартқан күмістей сыңғыр қаққан тілі, сонымен қатар оқығыштығы, тоқығыштығы, қорытқыштығы көңіл сүйсіндіреді. Оның XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиетіне, ұлт баспасөзі мен журналистикасының тарихына, орыстың классикалық әдебиетіне, сондай-ақ әдебиеттану ғылымының теориялық қағида-қисындарына жетіктігі, мөлдірете, түсінікті баяндауы қызықтырады.

Айқын Нұрқатов – әдебиеттану ғылымында жарқын із қалдырған шалқар шабытты шамшырақ тұлға. Оның қаламынан «Абайдың ақындық дәстүрі», «Идея және образ», «Мұхтар Әуезов творчествосы», «Жалғасқан дәстүр» дейтін парасатты пайымдауларға бай сүйекті зерттеулер туындады.

Әсіресе, ұлт мәдениеті тарихындағы Абай құбылысы Айқын Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» атты еңбегінде ұшан-теңіз әдеби-мәдени және тарихи деректер негізінде ғылыми-теориялық тұжырымдар өрбіткен. Реалист-ақын, ағартушы-гуманист, қоғам қайраткері Абайдың ақындық дәстүрлерін жүйелі шығармашылық құбылыс ретінде және әрбір кезеңдегі жанды әдеби үрдіспен үйлесімді байланыстыра зерделеген. Адамзаттың заманауи аукымды көркемдік мүлігі іспетті Абайдың ақындық даралығы мен даналығының тағылымдық, танымдық көріністері, үлгілі, өнегелі жаңашылдық, бастамашылдық қырлары, дәстүр сабақтары шынайылықпен терең, әсерлі баяндалған.

Айқын Нұрқатов реалист-ақын, ағартушы-гуманист, қоғам қайраткері Абайдың ақындық дәстүрлерінің табиғатын талдап түсіндіру мақсатында «дәуірінің ұлы азаматы, қайраткері», «білімдары, ойшылы», «қазақтың жаңа әдебиетінің, жазба әдебиетінің негізін салушы, бастаушы», «тұтас бір дәуірдің» теңдессіз ұйытқысы «өз халқының ілгері ұмтылған талабы, ой-арманын қалай бейнеледі? Ұлттық мәдениетті дамыта түсуге оның сіңірген еңбегі қанша? Өз халқының рухани қазынасын ол қаншалықты молықтырды? Оның шығармашылығының дәуірге, халықтың тарихи тағ-

дырына тигізген әсері қандай?» дейтін көкейкесті мәселелерді қарбыта қозғайды, мейлінше түбір-тамырынан терең толғайды. Заманның шындығы мен сырын, халықтың жайын, «бейуақыттың бар трагедиялық күйін, қаралы, кеселді көріністерін, дара-дара адам бейнелерін, айқын типтерді, тіпті дәуірдің типтерін, тұтас заман келбетін», «тарих тамырының жанды соғысын» үздік шеберлікпен, қыран көрегендікпен, жан құмарымен толғаған Абайдың ұлттық-көркемдік игіліктері «халықтың ой-санасының көрінісі» әрі халықтың эстетикалық-философиялық дүниетанымына жойқын, қуатты ағын қосатын құрал екендігін біліктілікпен салмақтап саралайды. «Ұлы ақынның поэзиясы, – деп жазады Айқын Нұрқатов, – өзінің сан-салалы қырымен, терендігімен және полифониясымен құнды».

Айқын Нұрқатов ұлт ақыны Абайдың суреткерлік өнегесін, «алыптығы мен ұлылығын» ақындық айналасы, әдеби мектебімен, қазақтың XIX ғасыр басындағы әдебиетімен сабақтастыра талдап түсіндіреді. Қазақтың байырғы ауыз әдебиетінің көркемдік тәжірибелерін жоққа шығармағанын қадап айтады. Абайдың ақындық дәстүрлері оның жаңашылдығымен төркіндестігі, түптеп келгенде, «дәстүр мен жаңашылдық – шығармашылық, эстетикалық және тарихи категория» екендігін және Абай дәстүрлерінің «өзімен тұстас және кейінгі қазақ поэзиясында дамуы, орныгуы, өсіп өрбуі туралы мәселені» әр дәуірдегі жанды әдеби үдеріспен бірлік-тұтастықта қарастырады. Ақынның тұңғиық ойлары, тұнық іңкәр сезімдері, биік парасаты, кеменгерлік ғибраты, терең гуманизмі, ұлттық рухы, көркемдік келісімі қандай десеңізші!

Әдебиет зерттеушісі Айқын Нұрқатов Абайдың әлеуметтік-саяси, философиялық, пейзаждық, сатиралық, ғашықтық лирикасын, ғақлияларын, «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» дейтін тарихи еңбегін талдау барысындағы дәйекті негіздемелерінің ғылыми-теориялық мәні ерекше. Қазақ поэзиясы тарихында Абай лирикалық поэзияны классикалық дәрежеге жеткізгенін құлшыныспен дәлелдейді. Бұл орайда ол «Аттың сыны», «Адамның кейбір кездері», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында», «Асқа, тойға

баратұғын», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Тоты құс түсті көбелек» және т.с.с. өлеңдердің көркемдік әлеміне мұқият байқампаздықпен үңіледі. Суреткерлік зертханасының құпиясын тұспалдап түсіндіреді. Абай поэзиясына әуезділік, сыршылдық, ойшылдық, күйлілік, көркемдік, ұлттық бояу-нақыш, «ғажайып жанды суреттер» тән екенін көрсетеді.

Оның тұтас шығармашылығына халықтық рух, ұлттық дәстүр, қасиетті максұт, ұлттық нәр-нақыш, ұлттық намыс тән екенін және Абайдың ғибратты ой-толғамдары «жанды да көркем бейне» арқылы беріліп отыратындығын «бүкіл халыққа», тұтас қауымға ғибрат айтатынын бажайлап түсіндіреді. А.Нұрқатов Әбдірахман жайындағы өлеңдер шоғырын мұқият зерделейді. Мұнда Абай Әбдірахманның «рухани кейпін, интеллектуалдық бейнесін», «ірі-ірі сөздерді түйдектүйдегімен қиыстыра отырып суреттейді». Сөйтіп, «қазақ жасының, жаңа адамының образын жасады». Зерттеушінің көрсетуінше, Абайдың лирикалық қаһарманы – әрі күрескер, әрі ақыл-ой иесі. Мысалы:

Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл етқізбес.
Ой артынан ой қуар,
Желге мінсең жеткізбес.

Сөз өнері ғылымын мінсіз меңгерген Айқын Нұрқатовтың танымына жүгінсек, мұнда бейне бір «өрелі ой, аталы ой әрі шабытты, қанатты ой» салтанат құрған.

Я болмаса «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңін адамды заңғар биікке құлшындыратын «қуат жыры, демеу жыры» деген түйін жасайды.

Сондай-ақ халық тағдыры мен заман талқысын толқыта толғаған «Сегіз аяқ», махаббат әнұранындай «Жарқ етпес қара көңілім нағылса да», рух мәңгілігі, ақыл-ойдың шұғыласы турасындағы «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», Адам ғапыл дүниені дер менікі, «Менікі» деп жүргеннің бәрі «онікі». Тән қалып, мал да қалып жан кеткенде, Сонда ойла не болады сенікі, «Өлсем, орным – қара жер сыз болмай ма?»

дейтін сырлы, сап толғауларында ақынның «бүтін болмысы, бүтін тұлғасы» қызыл тілдің «бар толғауын, бар бояуын таба білгендіктен» жарқын көрініс тапқан. Палитрасындағы бояулар реңкі, «қатпар-қатпар күрделі ойлардың киюын тауып жеткізуі», бейнелілік қуаты, шығармашылық тәжірибесі таңғаларлық. Задында, Айқын Нұркатов Абай поэзиясының рухын осылайша сұңғылалықпен сезініп, ұламалық зердемен қабылдап, төгілтіп сөйлейді. Айқынның аталы пікірлері, байсалды ойлары өркендемпаз, алға басымпаз қасиетімен қадірлі.

«Сөйтіп, ақын жалпы адам баласының, оның рухы мен ақыл-ойы жемісінің, – деп көрсетеді Айқын Нұркатов, – мәнгі жасайтындығы туралы тақырыпқа ауысады». Бұл ретте ол «Өлсем, орным – қара жер сыз болмай ма?» өлеңіне ой көзімен бақылау жасап, «оның болашақ ұрпаққа арнап тіл қатуы, сондай-ақ өз жанының да бар түкпірі, терені мен тұнығы еді» деп пайымдайды.

Абай поэзиясында сатиралық сарындар мейлінше қуатты. Қоғам өміріндегі әділетсіздіктердің, адам бойындағы қайшылықтардың сыр-сипатын түбірлеп түсінеді. «Өзі мыскылдап отырған құбылыстың ішкі мәніне тереңдеп үңіледі және сол кеселдің туындап жатқан төркінін тап басып, дәл табады, өзінің ызалы тілінің зілі мен кәрін соған қадайды». Бұл орайда «Абыралыға», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Болыс болдым, мінекей», «Мәз болады болысың», «Дүтбайға», «Көзінен басқа ойы жоқ» тәрізді әлеуметтік мәні зор өлеңдеріндегі сатиралық, әшкерелеушілік пафосын айрықша атайды.

Сыншылдық көзқарасы, ой-пікірі оқшау, үздік ақынның тапқырлығы соншалықты, осынау «құралды кімге қарсы және қалай жұмсаудың жолдары мен тәсілдерін тапты». Суреткерлік қолтаңбасы, көркемдікті қабылдау қабілеті, шығармашылық тәжірибесі кемел Абайдың орыстың ұлы сатирашысы Салтыков-Щедриннен үлгі-өнеге алғаны тағы бар.

Абайдың рухани тұлғасын, даналық болмысын айқындауда Айқын Нұркатов «ол – шыншыл ақын, күрескер ақын, қоғамды да, адамды да сауықтырушы емші-ақын» деген мінездемелер беретіндігі тегін емес. Оның «сауықтырушы, айықтырушы емші-ақын» дегенінде қоғам өміріндегі, адам

бойындағы өрескел қайшылықтарды, ушыққан дерттерді қанын сорғалата аяусыз әшкерелеп, қарғыс оғын қапысыз жаудыруында («Түзетпек едім заманды», «Түзу кел, кисық-қыңыр қырын келмей») оқымысты Абай сатирасының халықтың көзқарасымен үндестігін, жаңашылдық сипаттарын, суреткерлік сарайын саралай-салмақтай келіп, «нағыз эпиграммаға тән жинақылық пен алмастай тілгір өткірлік те бар», «құбылыстардың сырткы көріністерін де, ішкі сырларын да көре білген». «Жұз құбылған аярларды», «мақтан күйлегіш күпілдектерді», «сұмырайдай тақылдағандарды», ішмездікті, үзеңгі бауы алты қабат кісімсінген меңмендерді айыптаған сайын «әсемдік пен сұлулыққа, әділет пен адамгершілікке соғұрлым молырақ, әсерлірек етпек» деген түйінді қорытынды жасайды.

Зерттеуші Абайдың поэзиялық мұраларының ішінде поэма жанрын өркендетуге қосқан үлесіне талдау жүргізеді. Ақынның «Масғұт» поэмасы мен И.С.Тургеневтің «Восточная легенда» дейтін хикаятының негізі бір екенін анықтаған. Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында Абай Тургенев шығармашылығымен таныс екендігі айтылған-ды.

Абайдың «Ескендір» поэмасы Әзірбайжан халқының ұлы шайыры Низамидің «Ескендірнама» дастанымен (20000 жол) үндес. Негізінде, ол Шығыстың жеті жұлдызының өнернамасымен етене жақын болған-ды.

Айқын Нұрқатов «Абай өзінің ойшылдығын, білімдарлығын «Қара сөздерінде» де мол аңғартып отырады» дейді. Ғалым пікірінше: «Замана жайы, халықтың тағдыры мен тіршілік күйлері, ел мінезін түзеудің, оны жарық пен прогреске бастаудың жолдары, адамның рухы мен санасының өзгеруі, халықтардың өзара байланысы мен қарым-қатынасы, оның мәдениеті мен рухани қазынасының жайы, адамға адамгершілік тәрбие беру мәселелері, со кездегі қазақ қоғамының, сахара өмірінің қым-қуыт шындығы – Абайдың «Қара сөздерінің» негізгі тақырыптары».

Токетері, мұнда қоғамдық-публицистикалық, философиялық-моралистік, сатиралық-әшкерелеушілік, патриоттық ойтолғаныстар өрбіткенін көрсетеді. Сонымен қатар адамзаттың рухани тарихындағы ақыл-ой алыптары Сократ, Платон,

Аристотель, Гомер, Софокл, Фалес, Гермес жайын жаксы білгенін ойға оралтады.

Абайдың А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов сынды ұлы ақындардың суреткерлік тәжірибесіне, көркемдік әлеміне, сұлулық, еркіндік, рух ойларына иек артқанын және тең дәрежеде сұхбат құрғанын жан-жақты, терең, толық баяндайды.

Бұл орайда Айкын Нұркатовтың үш түрлі түйінді, күрделі мәселені ғылыми-теориялық тұрғыдан байыпты қарастырғанын көруге болады.

Біріншіден, «озык та озат орыс әдебиетінің қазақ классигінің өнернамасына тұп-тура құдіретті әсері шын мәнісінде, классикалық орыс әдебиеті ұлт ақынның «өмірлік сырласы», «шабыт алар қайнары», «тағылым алар ұстазы» болған-ды. Екіншіден, орыстың ұлт ақындарымен тең дәрежеде сырласып-сұхбаттасып, ой, пікір, идея жағынан рухани келісім тауып жасаған жаратындылары яки төрт аяғы тең төлтума аудармалары. Үшіншіден, орыстың ақын-жазушылары, сыншыл-ойшыл қайраткерлері мен Абайдың әдебиғылыми дүниетанымындағы ортақ, ұқсас сарындар.

Оқымыстының «Абайдың ақындық дәстүрі» монографиясына тарихилық пен деректілік тән. Дереккөздерді мұқият, тиянақты пайдаланады. Әдеби-зерттеу әдістерінің басты шарттарын қапысыз сақтайды. Әдебиет тарихшысы А.Нұркатов Семей облыстық Статистикалық комитеті хатшысының 1882 жылы 6 шілдеде орыстың Императорлық географиялық қоғамының Батыс Сібір бөліміне жолдаған хатын келтірген:

«...К крайнему моему сожалению, я не могу оказать содействие отделу в сборе местных киргизских сказок и легенд как по незнанию киргизского языка, так по недостатку времени. Полагаю, что в этом отношении для отдела мог бы быть полезен Ибрагим Кунанбаевич Ускенбаев (управитель Мокурской волости Семипалатинского уезда), весьма развитой киргиз, умеющий при том писать по русский достаточно связно.

Секретарь Микоклин».

(ГАОО. Ф.86 д. 11, л.102, св. 2)

Асылында, «әдеби форма жасау міндеті халықтың ұлттық өмірін, болмысы мен тағдырын, ой-арманын барынша кең қамтып суреттеу, замана сырына, әлеуметтік құбылыстардың ішкі мәніне терең үңілу міндетімен тығыз байланысты» екендігі ақиқат.

Поэзиялық бейнелеу, көркем суреттеу, ой асылын, сөз асылын шынайы шеберлікпен мінсіз келістіру, үйлестіру мазмұн мен түрдің бірегей біртұтастығынан туындайды. Абай поэзиясы – қазақтың жазба әдебиеті, көркемдік ойлау тарихындағы тұтас бір тарихи дәуір, теңдесі жоқ үздік, ұлы құбылыс. Сондықтан да Айқын Нұрқатовтың мына бір лала, дара лебіздеріне зейін аударайықшы:

Абай поэзиясы өзінің халықтығымен, қарапайымдылығымен құнды. Бұл – нағыз даналықпен ұласып жатқан қарапайымдылық.

Абай поэзиясы өзінің айқындығымен, шыншылдығымен бағалы.

Абай өлеңдері музыкалық үйлесімділігімен, әуезділігімен ерекшеленеді.

Абай поэзиясының ең бір қуатты қасиеті – оның бейнелілігі. Ол өзінің ақындық құдіретімен небір дерексіз сезімдер мен түйсіктерді жанды күйге түсіріп бере алады.

Әдебиеттанушы А.Нұрқатов Абайдың ақындық мектебін, ұстаздық еңбегін, яғни Абай тұсындағы ақындар шығармашылығын, атап айтар болсақ, Б.Айтқожаұлы, Тайыр Жомартбаев, Ақылбай, Мағауия, Халиолла, Кәкітай, әншілер Мұхаметжан Майбасаров, Әлмағамбет Сексенбаев, Мұқа Әділханов, ертекші Баймағамбет, жыршы Бейсенбай сынды нешеме алуан өрелі өнерпаздар болған дығын атап кетеді.

Ақындық-әншілікті, композиторлықты, жыршылықты, әңгімешілдікті, шежірешілдікті ту ғып ұстаған өнерлі, өнегелі ортаның ортасында: «Мұқа аскан скрипкашылығына, зор үнді әншілігіне қоса ақын да болған. Оған Абайдың, Ақылбай мен Мағауияның зор ықпалы тиген. Ол «Дунай толқындарын» скрипкада тамылжытып тартатын болған. Соған арнап өлең де шығарған...» – деп, ой түйеді. Абайтанушы Айқын Нұрқатов. Мұқаның болмысына Абайдың композиторлық өнері, «аталы ойларының» рухы әсер еткен.

Ғалымның Абайдың немересі Әубәкірдің сатирашылдық қабілетіне, уытты жырларына ден қойып, ол жөнінде Әрхам Ыскаковтың естелігіндегі айғақтарды ортаға салады. Бұл деректер Абайдың ақындық, ұстаздық тағылымынан сыр шертеді. Әсіресе, Абайдан даналық дәрістерін ұғып-ұйып қабылдаған, шығармашылық дәстүрін дамытқан Ақылбай мен Мағауияның, Әріп пен Әсеттің поэма жанры мен лирикалық поэзиядағы жаңашылдық қырларын, көркемдік келісімін сөз етеді.

Ғалым-сыншы А.Нұрқатов Ақылбайдың «Дағыстан» мен «Зұлыс», Мағауияның «Медғат-Қасым» мен «Еңлік-Кебек», Әсеттің «Салиха-Сәмен» поэмаларының композициялық құрылысындағы, көркемдік әлеміндегі көркемдік құбылыстарды, романтикалық көріністерді, әсерлі, көркем суреттерді жаңғырта, түрлендіре жетілдіргенін, романтизм бағытын енгізгенін, «оқиғалы, қызықты дастан туғызғанын» ғылыми-теориялық тұрғыдан бажайлап түсіндіреді.

«Абай поэзиясының дәстүрлері туралы мәселе – сайып келгенде, қазақ поэзиясының тағдыры мен болашағы туралы мәселе еді» деген түйінді тұжырымына адалдық танытып, Айқын Нұрқатов Абайдың шығармашылық өмірбаянын ыждаһатпен тексереді. Ақын шығармаларының жариялану тарихына, мысалы, «Жаздыгүн шілде болғанда» Көкбай ақын атынан жарық көргенін (1889 жыл, №7, 17 ақпан), «Болыс болдым, мінекей», «Күлембайға» («Дала уалаятының газеті», 1889 жыл, №12, 24 наурыз), «Аттың сыны», «Қансонарда» (Қисса Кнәз білән Зағифа. Қазан, 1897 жыл) өлеңдерінің қайда, қашан жарияланғанын нақтылы көрсетіп отырады.

Және де Зейнелғабиден ибн әл-Жауһари әл-Омскауи 1909 жылы Уфада бастырған «Насихат-Қазакия» кітабында «Тобықты Ыбырай марқұмның өлеңдерінен» деген топтамасында Абайдың өлеңдері берілген.

Сондай-ақ «қызғылықты бір дерек» Д.М.Львовичтің «По киргизской степи» (Петроград, 1914, с.46) дейтін еңбегінде бар екен. Ол Торғай уезін аралағанда Қарасу ауылының әншісі Нұрғожа Ыбырай Алтынсариннің табиғат лирикасы жайында және Нұрпейістің үйінде карт жыршы Абылай Қарабатыровты тыңдағанда мынадай ой жібін сабақтайды:

«...Домбыра тартып, өлең айтқанына айран асыр қалғанымды айттым Абылайға. Содан соң тағы да бір ән салып беріңіз, көңілдірек біреуін айтыңыз деп қолқаладым... Ол көп бәлсінген жоқ. Домбырасының құлақ күйін келтіріп ап, ескектете қағып-қағып жіберді де, шыркап ала жөнелді. Алғашқы ән сияқты мынаның да әуені шерлі екен. Ал сөзі ше... Сөзі қандай тамаша еді, шіркін... Расымды айтайын, алғашқыда өз құлағыма өзім сенбедім... Кәрі қазақ өзге бірдеңе емес, Татьянаның Онегинге арнаған хатын әндетіп айтқанын көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші...»

Айкын Нұрқатовтың өжеттігі дейсіз бе, ұлт мәдениетіне жанашырлығы дейсіз бе, әдеби-мәдени және тарихи деректерді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырған «Қазақ» газетіндегі материалдарды кеңес дәуірінің өзінде ұсталықпен пайдаланған деуге болады. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының Абайдың шығармашылық мұрасы, ақындық тұлғасы (өлең бунақтары, дауыс ағыны, сөздің табиғи түзілісі), тарихи орны турасындағы көшелі пікірлерін ақылмандық тапқырлықпен орайластыра келтірген. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 30 наурызындағы №56 санында Мұхтар Саматовтың «Потанин докладынан» дейтін окшау сөзінен үзінді келтірген:

«Расында да, қазақ халқы әнші келеді. Дауыстары таза, ашық болады. Әншілер өнерін халыққа аса шебер көрсетеді. Әнші болған жерге кәрісі бар, жасы бар жиналмаған жан калмайды. Сондықтан да, менің ойлауымша, қазақ арасында ең әуелі ән-сырнай өнері гүлденбек. Енді бір елу жылдан кейін қазақ әнші-сырнайшы әртістері патшалық театрдың сахнасына да шығуға жарайды».

1913-1914 жылдарда Абай мен Ыбырай Алтынсарин мұрасы хақында әдеби-музыкалық кештер өткен. Соның бірі – 1914 жылы 26 қаңтарда Семейдегі «Халық үйінде» ұйымдастырылған. Ұйытқысы ұлт мәдениетінің айтулы қайраткері Нәзипа Құлжанова Абай турасында екі тілде баяндама жасаған. Әнші Әлмағамбет Абай аудармаларын орындаған.

Сонан соң 1915 жылдың 13 ақпанында Семейдің «Приказчик клубында» Абай мен Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы жайында әдеби кеш өтеді. «Айқап» журналы

(1915 жыл, №5, 77-бет) Абай мен Ыбырайды ұлт тарихындағы ұлы тұлғалар ретінде бағалаған. «Кеште Біржан мен Сараның, Жанақ пен Баланың айтыстарынан көрініс беріледі. Н.Құлжанова Ыбырай өлеңдерін оқиды, Әлмағамбет тағы да Абай әндерін айтады. Кештің басқа бөлімдері де қызық болып өтеді. Оған Қаныш Сәтбаев, Тайыр Жомартбаев, Қайықбай деген бала әнші, Ыбырай Алтынсариннің баласы – Ғабділхамит және басқалар қатынасады» – деп батыл жазады Айқын Нұрқатов («Айқап», 1915 жыл, №5, 77-79 беттер).

Қазақ әдебиеті тарихындағы ұлы тұлғалар, керемет кесек шығармалар, қадау-қадау терең ой-тұжырымдар А.Нұрқатов назарына ілінбей қалғаны некен-саяқ шығар. 1933 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинағындағы» (құрастырған Жүсіпбек Аймауытов) «Айтыс» поэмасында Нәзипа Құлжанова туралы толғаныстарға жүгінуі қандай зерделілік десеңізші! Ақын суреттегендей, «Сөз табар әр мәжілісте жарасымды», «Әр іске ынғайы бар жанасымды» ұлт руханиятының біртуар өкілінің өрелі істерін, ұйымдастырушылық, ұйыстырушылық қабілет-қарымын қапысыз әңгімелейді. Абай туралы «Қыр баласының хатын» («Дала уалаятының газеті», 1889, №24, 26, 29) ғылыми айналымға қосқан.

Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» атты өленін орыс тіліне Нәзипа Құлжанова тәржімалап, «Сибирский студент» журналына (1915, №3-4) бастырған.

Айқын Нұрқатов «Қазақтың жалғызы» Абай жөніндегі Джордж Кеннанның, А.Е.Алекторовтың, А.Н.Белослюдовтың, А.Н.Седельниковтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Нұқ Рамазановтың ой-пікірлерін таразылап салмақтайды.

Америка журналисі, жиһангезі Джордж Кеннан 1880 жылдарда Абай еліне келіп, Леонтьевпен әңгімелескенде Абайдың Бокль, Милль және Дрэпер трактаттарын оқитынын естиді. «Иә, иә, алғаш рет кездестіргенімде ол индукция мен дедукцияның айырмасын түсіндіріп беруді қолқалап, мені айран-асыр қалдырды. Кейін мен оның ағылшын философтарын тереңдеп оқып жүргенін, ал мен айтқан авторлардың

шығармаларын орысшаға аударылғанынан оқып шыққанын білдім.

Сонда сіз ол оқығанының бәрін түсінді деп ойлайсыз ба? – деп сұрады студент.

Дрэпердің «Еуропадағы өркениеттің тарихы» бойынша мен одан екі кеш бойы сұрап бақтым. Ашып айтуға тиіспін: оның білімі тіпті көп екен» (Джордж Кеннан. Сибирь и ссылка. Пер. с англ. СПб., 1906, С.101-102).

Білгір зерттеуші Абай мұрасын танып талдауда, Алаш әдебиетін, әсіресе Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың, қайраткер, санаткер Нәзипа Құлжановаңың (Абайды қазақ әдебиетінің атасы деп білген), сонымен бірге ұлттық ояну, өнер-білімге құлшыну, әйел теңдігі тақырыбын қозғаған, халықтық, реалистік, демократтық бағыттағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Мақыш Қалтаев, Ғұмар Қарашев, Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Нұржан Наушабаев, Бекет Өтетілеуов, Әкірам Ғалимов, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев тәрізді ақын-жазушылардың мұрасын ынтызарлықпен әңгімелейді.

Атап өтерлік жәйт, Абай мен Сұлтанмахмұттың рухани үндестігін, көркемдік бояу-нақыштардың, суреткерлік палитрасының байлығы, ойлау жүйесі, Абай поэзиясымен тамырластығын және өзгешелігін әділ байқаған.

«Тегі, Сұлтанмахмұттың ақындық тілі – мейлінше шабытты тіл, шыншыл тіл» және оған «романтикалық өршіл сипат» тән екенін егжей-тегжейлі ұғындырады. Абай мен Сұлтанмахмұт дүниетанымы бойынша, «ақын – қоғам мінін түзеуші, адамгершілік қоғам іздеуші, әділет жыршысы».

Әуезовтің әйгілі шәкірті Айқын Нұркатов Сұлтанмахмұттың Лермонтов, Некрасов, Блок сияқты ақындар поэзиясының полифонизмін, көркемдік-стилистикалық ерекшеліктерін, рухын, сарынын бойына сіңіргенін нанымды түсіндіреді.

Сайып келгенде, ол Абай поэзиясының эвфониясын, стилистикасын, музыкалық архитектоникасын, образдық-метафоралық жүйесін, қарама-қарсы күрделі ассоциациясын, лирикалық тұлғаның интеллектуалдық дәрежесін, ішкі мәнін, поэзиялық фразеологиясын, негізгі сөздік ко-

рын дұрыс пайымдаған, лайықты қорытынды шығарған. Абайдың ақындық, ағартушылық, қайраткерлік, санаткерлік еңбегі мен қызметін ұлт мәдениеті тарихындағы тұтас дәуір екендігін ұшан-теңіз әдеби-мәдени, тарихи деректер негізінде растап дәлелдеген.

Академик Серік Қирабаев Айқын Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» атты зерттеуі «ғылымның елеулі табысы саналуға лайық», «қазақ әдебиеттану ғылымында тың сөз» деуі ақиқаттығымен бағалы.

Дүлдүл сыншы, көсемсөзші, зерттемпаз қалам қайраткерінің «Идея және образ», «Жалғасқан дәстүр» деген қабырғалы еңбектерінде ұлы қобзарь Тарас Шевченконың, тағдырталайы ақызға айналған Н.Островскийдің, өзбек ақыны Ғафур Ғұләмнің және қазақ әдебиетінің маркасқалары М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мұстафиннің, Иса Байзақовтың, Ғали Орановтың, Тайыр Жароковтың, Әлжаппар Әбішевтің, Жұмағали Саинның, Қалижан Бекхожиннің, Хамза Есенжановтың, Зейін Шашкиннің, Тахауи Ахтановтың, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың, Сафуан Шаймерденовтың, жыр алыбы Жамбылдың, Мұқан Иманжановтың, Жекен Жұмахановтың, Темірғали Нұртазиннің, Жәрдем Тілековтың, Қалмұқан Исабаевтың, Әкім Таразидің көркем шығармаларының идеялық-көркемдік деңгейі, лексикалық байлығы, стилистикалық мәнерлілігі, авторлық баяндалуы мен кейіпкерлерінің ішкі монологтары, образ жасаудағы тәсілдері, реалистік штрихтарға психологиялық сипаттама беруі білгірлікпен қарастырылады.

«Көркем әдебиеттің міндеті – дейді әдеби құбылыстардың тамыршысы, адамды рухани жағынан байыту, ой өрісін кеңейту, оны өмір сүруге, күресе білуге үйрету екендігі аян». Айқын Нұрқатовтың ой – толғауы, сөз саптауы, «ақиық қырандай нұрлы аспанды құшып айтуы», «ақиқаттың ақ жолына түсіп айтуы» барынша әділетті сыншылдық көзқарасынан, терең дүниетанымынан, ғұламалық ой-санасынан туындайды.

«Ғасыр перзенті» кітабында (1965) әмбебап оқымысты Шоқан Уәлихановтың фольклортану, этнография, эпостану саласындағы түйдек-түйдек пікірлеріне мейірлендіріп ортақтастырады.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск
2-647

«Ақан сері» атты ой-толғамында оның шығармашылық өмірбаяны мен поэзиялық мұрасын жан-жақты талдайды.

А.Нұрқатовтың 1957-1958 жылдарда «Мұхтар Әуезов» деген монографиясы қазақ-орыс тілдерінде Алматы мен Мәскеуде жарияланған. Толық тәмамдауға үлгермеген Мұхтар Әуезовтің шығармашылық еңбегі туралы монографиясында «Абай жолы» роман-эпопеясының суреткерлік шеберханасы, идеялық тереңдігі, көркемдік кемелдігі, тарихи тұлғалар бейнесі, әйелдер образы, ұлттық характер табиғаты, халықтың тарихи тағдыры, кейіпкерлерге сөздік сипаттама, пейзаждық классикалық үлгілері, портреттік мінездеулер, сюжет пен композиция, диалог құру шеберлігі, контраст тәсілі байыпты зерттелген.

Ол – Батыстың, Шығыстың, орыстың классикалық әдебиетін жетік игерген-ді. Бұл сөзімізге француздың гуманист-жазушысы, Анри Барбюс, ұлы кобзарь Т.Шевченко, орыстың озық ойшылдары, суреткерлері Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Н.В.Гоголь, М.Горький, қазақ әдебиетінің досы Л.Соболев жайындағы ой-толғаныстары айғақ.

Суреткер-сыншы аударма өнерінде де із қалдырды. «Венгр әңгімелерін», Лениндік сыйлықтың лауреаты Шыңғыс Айтматовтың «Шынарым менің, шырайлым менің» повесі мен «Сыпайшы» әңгімесін орыс тілінен тамылжыта тәржімалады. Түпнұсқаның рухын, стилистикасын, полифониясын шеберлікпен жеткізді.

Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен, Абайдың ой мұхитында жүзген, Әуезовтің меруерт толқындарында тербелген, ұлт әдебиетінің жемісті бақшасында ересен еңбектенген, ойшылдық, даналық, тереңдік дейтін қасиетті ұғымдарды зерттеу нысанасы еткен Айқын Нұрқатовтың (19.09.1928 – 16.04.1965) өмір жолына бір мезет көңіл аударсақ, 1950 жылы Абай атындағы ҚазПИ-ді, 1953 жылы аспирантурасын аяқтаған. 1954 жылы «Қазақ әдебиетіндегі Маяковский дәстүрі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

КСРО Жазушылар одағының мүшесі 1950-1957 жылдарда «Әдебиет және искусство» журналында («Жұлдыз» журналы) бөлім меңгерушісі, 1957 жылдан өмірінің соңына

шейін Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болады.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» (1961 жыл, 2-том) және «Қазақ совет әдебиеті» (1961 жыл, 1-басылым) оқулығы авторларының бірі.

Алатаудай даңқты ағаларының абзал істеріне, қатарласканаттастарының жазған-сызғандарына, желкілдеп өсіп келе жатқан уыздай жеткіншектердің қаламалды туындыларына, әдебиет әлеміндегі жаңалықты құбылыстарға ыстық ілтипатын, жақсы лепесін аямаған, сыншылық пен ғалымдық, адалдық пен ар тазалығы, адамшылық пен азаматтық тұлғасы сұлу жарасым тапқан Айқын Нұрқатовтың әдеппенен тамылжыған үлбір нәзік жанды, от жігерлі, жайсаң, жомарт мінезді, жарқын жүзді, қабілетті-қасиетті асыл бейнесін замандастары былайша күнірене толғайды. Академик-жазушы Зейнолла Қабдолов: «Өзі де Айқын десе айқын, табиғаты тап-таза, мөп-мөлдір еді ғой. Бар болмысы балғын, жазғытұрғы жас қайыңдай бой түзеп, жапырақ жайып, төңірегін сырлы шуға, шұғыла-нұрға малындырып, біртүрлі бір сұлу өсіп келе жатқан. ...Адамның асылы еді. Қашан көрсек бірқалпы, жып-жылы болып күлетін де жүретін. Доска деген ықыласпейілі-ақ ғажап; бір құласа, мықтап құлайтын; жақсы көрген адамын ылғи ғана жаңа көргендей, жанымен аялап тұратын. Өзі туған Көкшетау самалындай аңқылдаған ашық, ақжелең еді: еркелейтін, есіле сөйлейтін, еркін күлетін».

Ал Айқынның ішіктің ішкі бауындай жанкияр досы, ғылымның ірі ұйымдастырушысы Мүсілім Базарбаев: «Өмірдегі әрі ғылымдағы байсалдылығы бірдей болатын: салмақты, білімді, мінезді, принципшіл еді. Сонымен бірге ізеттілік, кішіпейілділік, елгезектік оның ардақты қасиеттері. Туралығы, шыншылдығы үшін, әрі білім мен интеллектен кеп шығатын биязылығы, сыпайылығы үшін үлкен де, кіші де оны сүйетін».

Білімдардың ғылымдағы, өмірдегі, тұрмыс жүзіндегі мызғымас қағидасын әдебиет сыншысы Баламер Сахариев былайша мөлдіреге жазады: «Бір майданда еңбек етіп, талай сырласып жүргенде, не тікелей, не тұспалдап болса да,

өзіне ыңғайластыруға ықпал етіп қалайын деген ниеттің нышаны да болмаушы еді сенде. Өмірдегі қарым-қатынасты әдебиетке көшірмеуші едің».

Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихындағы «ойының байлығы, қаламының жүйріктігі» (академик С.Қирабаев сипаттамасы) жағынан алғанда атақты сыншы-ғалымның әдеби-ғылыми шығармашылығы өзгеше бір өміршең әлем.

Ол – Абайтану мен Әуезовтану ілімі тарихындағы тарлан тұлға.

Серік Негимов,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің
профессоры, филология
ғылымдарының докторы,
Мәдениет қайраткері

Айқын Нұркатов

Абайдың ақындық дәстүрі

монография

СӨЗ БАСЫ

Пушкин туралы жазу – тұтас
орыс әдебиеті туралы жазу деген сөз.
В.Г.Белинский

Ұлы сыншы Пушкин жайындағы мақалаларының бірінде осылай деп жазған. Осынау сөздер біздің кеменгер Абайға да арналып айтылғандай. Өйткені біз туған әдебиетіміздің өткені мен бүгінгісі, тіпті болашағы жайында сөз еткенде Абай есімін атамай, Абай мұрасына соқпай кете алмаймыз. Сол сияқты. Абайдың ұлылығын терең ұғыну үшін де оның мұрасын қазақ халқының бұрын-соңды рухани мәдениетімен және тарихымен тығыз байланыста алып қарау керек.

Абай тек өз шығармашылығымен, өз мұрасымен ғана ұлы емес. Қазақтың реалистік жазба әдебиетінің негізін қалаған ұлы классигіміздің жалпы ұлттық әдебиетіміздің кемелденуіне, толысып өсуіне тигізген әсері ұшан-теңіз.

Абай мұрасын игеру, оның шығармашылығын терең зерттеу – өткендегі мәдени қазынамызды пайдаланудағы ең түбегейлі мәселелердің бірі болғаны сияқты, біздің әдебиетіміз, әсіресе поэзиямыз өзінің қалыптасып дамуының қай кезеңінде де ұлы ақынның жемісті, құнарлы дәстүрлерінен сырт қалған емес. Бұл – даусыз шындық. Мұны өткендегі және қазіргі әдебиетіміздің даму тарихынан анық көреміз. Қазақтың айтулы, ірі-ірі ақындарының қай-қайсысы да өздерінің іздену жолдарында Абай шығармашылығының тере - ніне үңілмей, оның тұнығынан сусындамай кете алмады.

Абай әсері өз тұсындағы ақындарға және ең алдымен өзінің айналасындағы, төңірегіндегі ақындарға мол дарыды. Бұл заңды да еді. Өйткені Абай шығармалары ел ішіне, халық арасына әр кезеңде әр дәрежеде тарады. Ал өз маңындағы талапты жастарға Абай шығармашылығымен де, ақыл-

кеңестерімен де тікелей әсер етіп отырды. Бұған – Акылбай мен Магауияның, Әсет пен Әріптің және басқа да ақындардың өлеңдері мен дастандары, реалистік-романтикалық поэмалары айқын айғақ.

Абайдың ақындық айналасы мен әдеби мектебі туралы мәселе зерттеушілер назарын әрдайым аударып отырды. Өйткені бұл – Абайдың шығармашылық мұрасын игеру және оның дәстүрлерін дамыту жолындағы ең түбегейлі мәселелердің бірі.

Бұл мәселе М.Әуезов пен С.Мұқановтың, Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың, Ә.Тәжібаев пен Қ.Мұхамеджановтың, Б.Кенжебаев пен Ә.Жиреншиннің зерттеулерінде әр кезде, әр көлемде, әртүрлі дәрежеде қамтылып отырды. Әрине, олардың еңбектерінде байыпты, байсалды ойлар да, алмағайып пікірлер де, қайталаулар да ұшырасады. Қайткенде де осы проблеманың әрдайым қойылып, қозғалып отыруының ғылыми да, шығармашылық та айрықша маңызы болды. Ал оның қай автордың қай еңбегінде қаншалықты дәрежеде және қалай шешілгендігі – өз алдына басқа, дербес әңгіме.

Абайдың суреткерлік өнегесі оның өз маңымен, ақындық айналасымен шектеліп қалған жоқ. Оның реалистік дәстүрлері қазақтың революция алдындағы демократтық әдебиетінде айрықша күшті үндестік тапты. Тарихи және шығармашылық тұрғыдан қарағанда мұның толып жатқан заңдылықтары бар.

XX ғасырдың бас кезі қазақ халқының тарихындағы ең бір елеулі кезең болғаны баршаға аян. Бұл – Ресейде революция дауылдары өршіген, халықтың азаттыққа, жарыққа, өнер-білімге құлаш ұра, жан сала ұмтылған кезеңі. Ресейдегі әлеуметтік жаңғырулар мен өзгерістер, ірі-ірі оқиғалар қазақ даласында да қуатты жаңғырық тауып отырды. Бұл сол кездегі қазақ әдебиетінде де терең көрініс тапты. Сондықтан бұл дәуірдегі қазақ әдебиетін сол тұстағы тарихи-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланыста алып қарау шарт.

Қазақтың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінде, әсіресе оның Абай мен Ыбырай сияқты өкілдерінің шығармашылығында қалыптасқан дәстүрлер XX ғасырдың

бас кезіндегі қазақ әдебиетінде халықтық бағыттың күшеюіне, оның реалистік сипатының тереңдеуіне әсер етті. Сол сияқты, бұл кезеңдегі әдебиетте орыс әдебиетінің идеялық-көркемдік әсері айрықша күшті болғаны да даусыз. Орыс әдебиетінің көптеген өкілдерінің шығармалары аударылумен бірге қазақ әдебиетінің өзі де жанр жағынан, идеялық ізденіс пен тақырып жағынан молыға, кеңейе түсті. Онда желілі ұзақ дастандар, алуан түрлі лирикалық шығармалар көп туумен бірге роман, повесть сияқты ірі жанрлардың алғашқы үлгілері де бой көрсете бастады.

Сондай-ақ, қазақ тілінде «Айқап» журналының, көптеген газеттердің шығып тұруы да сол кездегі әдеби қозғалысқа, шығармашылық процеске айрықша әсер етті. Бұл әсер жазба әдебиеттегі реалистік дәстүрлердің тереңдей түскендігінен және көркем әдебиеттің сол кездегі өмір шындығын, әлеуметтік сілкінулер мен соларға байланысты туған өзгерістерді барған сайын молырақ қамтығандығынан анық көрінеді.

Алуан түрлі тақырыптарға арналған кітаптар мен шығармалар жинақтарының, ауыз әдебиеті үлгілерінің, жекелеген авторлар шығармаларының басылып шығып, ел арасына таралып отыруы халықтың рухани жағынан сергіп оянуға талпынуының, жарық пен мәдениетке ұмтылуының, оның ойсанасы марқая бастағандығының айқын белгісі еді. Көркем әдебиет туындылары халық арасына молырақ таралумен бірге оның ақыл-ойына әсер ете бастады. Сөйтіп, халықтың рухани жағынан сергіп, көкірек көзі ашылуында, оның өз қасиетін ұғынып, күреске бет бұруында әдебиет те тиісті рөл атқарды.

Бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті С.Торайғыров, С.Дөнентаев, С.Көбеев тәрізді белгілі ақын-жазушылардың, М.Сералин сияқты көрнекті публицистің және басқа да демократ-жазушылардың есімдерімен сипатталады. Олар әдебиеттің идеялық-тақырыптық мазмұнын тереңдетуде, оны жанр жағынан молықтыруда айрықша еңбек сіңірді. Мысалы, С.Көбеев қазақ әдебиетіндегі роман жанрын тұңғыш бастаушылардың бірі болумен бірге орыс тілінен қазақ тіліне аударуда да көп іс тындырды. Сәбит Дөнентаев лирика жанрының дамып

жетілуіне, әлеуметтік бағыты айқын да өткір сатира мен мысал жанрының қалыптасуына көп үлес қосты. Ал талантты ақын С.Торайғыровтың әдеби еңбегі өте-мөте жемісті. Ол проза мен поэзия саласында, роман, поэма, лирика жанрында бірдей жазды. Оның журналист-публицист, сыншы ретіндегі еңбегі де бағалы. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті – белгілі бір кезеңнің жемісі. Сонымен бірге ол сол дәуір алға тартқан идеялардың жаршы-жыршысы да болды. Демократтық бағыттағы қазақ әдебиеті буржуазияшылдықтшылдық сарындарға қарсы аяусыз күрес үстінде шыныгып өсті. Қазақ халқы өзін іргелі ел болуға шақырған, өнер-білімге үндеген демократ жазушылардың үніне құлақ тосты. Өйткені олар өз шығармашылығымен заман талабына, халық тілегіне жауап беруге ұмтылып отырды. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократтық бағыттағы әдебиеті сол кезеңнің ілгерішіл сипатымен, рухани жағынан ояна бастаған халықтың азаттыкка ұмтылған күресімен тығыз байланысты болды. Абай негізін салған сыншыл реализмнің дәстүрлеріне мұрагерлік етті әрі ілгері дамытты, негізгі идеялық тынысымен, өзекті пафосымен болашакка бет бұрды. Бұл – сол кезеңдегі әдебиеттің ең шешуші, бағалы қасиеттері.

Абай шығармаларының тұңғыш жинағы да XX ғасырдың бас кезінде (1909) жарық көрді. Бұл халқымыздың рухани өміріндегі, оның мәдениеті, тарихындағы ерекше бағалы оқиға еді.

Ал дәл қазір, яғни ақынның ұлылығын, кеменгерлігін барша адамзат танып білген шақта оның тұңғыш кітабының туған халқы мәдениетінің тарихындағы сарқылмас ғажайып бұлақ-бастау болғандығын соншалықты терең әрі айқын сеземіз.

Біздің арғы-бергі ақын-жазушыларымыздың ішінде шығармашылығы ең көп зерттелгені де – Абай. Оның күрделі де бай, өзгеше көркем шығармашылығының тұтас сипатын, әр қырын арнайы зерттеген том-том кітаптар, жүздеген мақалалар жазылды. Сөйтсе де, Абайдың өлшеусіз терең, ұлан-ғайыр мол шығармашылығы қапысыз қамтылды, сарқа

зерттелді деп үзілді-кесілді айту киын. Мұның да бір сыры Абайдың өзінде, оның алыптығы мен ұлылығында.

Абайдың шығармашылық мұрасының осындай көп зерттелсе де, ғылыми тұрғыдан толық та терең шешімін түгел тауып болмаған бір қыры – оның ақындық дәстүрлері туралы мәселе. Біздің де арнайы сөз етпегіміз – осы жай. Бірақ осынау күрделі, киын мәселені шештік деген ойдан, шешеміз деген дәмеден біз де аулақпыз. Мұндай максатты ада қылу үшін көп зерттеушілердің қосыла ізденулері, әр тараптан еңбек етулері қажет.

Абай өзіне дейінгі ақындардың және халық поэзиясының құнды дәстүрлерін, көркемдік тәжірибесін мансұқ еткен жок. Өйткені оның шығармашылығы төркінсіз, тексіз емес еді. Бірақ сонымен ғана шектелсе, Абай ұлы ақын дәрежесіне, классик-ақын дәрежесіне көтеріле алмайтын да еді. Ол туған халқының және басқа да жұрттардың сөз өнерінен нәр алып, үйренудің және өз тарапынан толассыз ізденіп, шығармашылық ерлік жасаудың арқасында қазақ әдебиеті тарихында жаңа дәуір ашты, нағыз жаңашыл ақын болды. Сондықтан да оның шығармашылығының дәстүрлік және жаңашылдық сипаттары туралы мәселеге соқпай өтудің орайы, жөні жок екендігі даусыз. Сондай-ақ Абайдың өзінің ақындық дәстүрлері оның жаңашылдығымен тығыз байланысты, тура содан өрбиді. Мұны елемеуге, ескермеуге болмайды.

Әдебиет пен өнердегі дәстүр мен жаңашылдық – шығармашылық, эстетикалық және тарихи категория. Өйткені ол қатып қалған құбылыс емес. Абай дәстүрлерінің ұлы ақынмен тұстас және кейінгі қазақ поэзиясында дамуы, орныгуы, өсіп өрбуі туралы мәселеге де осы тұрғыдан қарау шарт. Сондықтан мүмкіндігінше біз де солай етуге, яғни Абайдың ақындық дәстүрлерін шығармашылық құбылыс ретінде әрі әр кезеңдегі жанды әдеби процеспен тығыз байланыстыра алып зерттеуге ұмтылдық.

Сол сияқты, орыс әдебиетінен үйрену, оның әр алуан үлгілерін аудару және ақындық шеберлік, поэтикалық форма туралы мәселелердің де осы тақырыпқа тікелей қатынасы,

жанастылығы бар. Өйткені бұл мәселелердің де түбегейлі, түпкі шешімі, берік қазығы Абай шығармашылығында жатыр. Мұны да естен шығармау керек.

Пушкиннің мәңгі-бақи жасайтындығы туралы айта келіп, Белинскийдің өзі де мынадай өлмес-өшпес ой қалдырды: «Пушкин ажал тап болысымен ұмыт болып қалмайтын, қайта қоғамның санасында өркендете беретін, мәңгі өшпей, өрістей түсетін тұлғалардың қатарына қосылады. Олар жайында әр дәуір өз пікірін айтатын болады» [1].

Абайдың ұлылығын да осы тұрғыдан, осы биіктен ұғыну қажет. Өзінің көзі тірісінде-ақ Абай шығармалары ауыздан-ауызға көшіп, жан сергітер самалдай бүкіл сахараға кең, бірақ баяу ғана таралса, ал кеңес дәуірінде оның шығармашылық мұрасы лайықты бағасын алды, шын мұрагерін тапты. Ақынның аяулы аты бар ғаламға мәшһүр болды. Оның шығармашылық тағдырының болашағы да осындай даңғыл, осындай шексіз. Келер күндер мен туар дәуірлерде де талай ұрпақтар мен буындар Абай мұрасының тереңі мен тұнығына үңілмек және үңілген сайын сол тереңнің сарқылмас қайнары мен ғажайып сырларын мол танып, айқынырақ аша түспек.

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІК ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТТАРЫ

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Абай

I

Қай халық болсын өзінің елдік қасиетін, рухани қазынасын, тарихында өлмес-өшпес із қалдырған ақыл-ой кемеңгерлерін мақтан етеді, ардақ тұтады. Қазақ халқының өткен ғасырдағы тарихына өз көзімен үңілгенде Шоқан, Ыбырай, Абай тәрізді ұлы суреткер мен ақыл-ой алыптарының ғажайып тұлғалары оқшау шығып, жарқырап көрінеді. Халқымыздың жан қанаты байлаулы, аузына қақпақ қойылған, қараңғылық пен надандық жайлаған сол бір бейуақытта қазақ сахарасынан осындай кемеңгерлердің жарып шығуы – кісі қайран қаларлық жәйт, өзгеше құбылыс. Әрине, мұның да толып жатқан заңдылықтары, тарихи себептері болса керек. Бірақ қайткен күнде де олар – өз халқының, өз заманының перзенттері еді әрі сол дәуірдің тарихи кажеттілігінен туды. Сонымен бірге олар бүгінгі ұрпағының да тарихымен, тағдырымен, рухани мұраттарымен етене байланысты, туыстас. Өйткені олардың шығармашылығы – өткен күннің әншейін белгісі ғана дерлік өлі мұра емес, қайта уақыт асқан сайын жайнай түсіп, жаңғыра беретін жанды мұра. Олардың шығармаларындағы жарқын идеялар мен аталы ойлар, азаматтық асқақ пафос пен нұрлы гуманизм біздерге түсінікті де, қымбат та.

Абай өзінің бір ғаклиясында былай деп жазды:
«Дүние – үлкен көл, заман – соккан жел; алдыңғы толкын – ағалар, арткы толкын – інілер; кезекпенен өлінер – баяғыдай көрінер» (II, 194) [2]. Абай дәуірінен бері талай буын алмасты, тарих – теңіз құрдымына талайлар шым батып, із-түзсіз жоғалды. Бірақ уақыт озған сайын шоқтығы көтеріліп, биіктей түсіп келе жатқан тұлғалар да аз емес. Кемеңгер Абай – сондай ұлы тұлғалардың бірі.

Өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің алдында ұлан-асыр екі міндет тұрды. Бірінші – со кездегі қоғам өмірін, халық тіршілігін ақиқат калпында шыншыл бейнелеу. Екіншісі – осындай идеялық-көркемдік максатка сай келетін әдеби форма табу. Сайып келгенде, бұл шын мәнісіндегі жаңа тұрпатты әдебиет жасау міндеті еді. Өткендегі қазақ әдебиетінде осы міндетті орындап шыққан – Абай. Сөйтіп, көп жұрттардың әдебиетінде талай буын акын-жазушылар тізе қосып ада қылар шығармашылық ұлан-ғайыр істі қазақ топырағында Абай жалғыз тындырды.

Абай – қазақтың шын мәнісіндегі тұңғыш халық акыны және өмір шындығының теңдесі жок жыршысы. Сахара тіршілігін дәл Абайдай терең де мол камтыған әрі барынша көркем бейнелеген акын жок. Пушкин жайындағы мақалаларының бірінде Белинский шындықты акындық жолмен қайта тудыру үшін жалғыз ғана табиғи талант аз, сонымен бірге акын қаламына ілігерлік поэзиялық шындық болуы керек деген ой түйеді [3,335].

Былай қарағанда осы ойды Абай дәуіріндегі қазақ өмірінің шындығымен байланыстырудың еш орайы жок сияқты. Бірақ Абай сахараның со кездегі сұрықсыз, сұр өмірінен, сұркай тіршілігінен өз поэзиясы үшін қажет шындықты таба білді. Өйткені поэзияның міндеті өмірді идиллиялық калпында жырлап қою емес, ащы шындықты ашып айту екендігін акын терең түсінді. Шын поэзияға өмірдің шиеленіскен тартысы да, трагедиясы да жат емес. Ол өз бойына өмірдің қуанышты, жаркын құбылыстарын да, қасіреті мен қам-қайғысын да сыйғыза алады. Қай дәуірдің болсын сипатын сол кездегі

оқиғалардың құлашы мен қарпуы, солардың тарихи мәнділігі белгілемек.

Осы тұрғыдан алғанда Абай өмір кешкен дәуірдің қазақ қоғамы, қазақ халқы үшін прогресшіл сипаты аз емес еді. Бұл – Қазақстанның Ресейге қосылған, тарихи дамудың өрісті, жаңа арнасына тартылған кезеңі еді.

Ғасырлар бойы хандық-феодалдық дәуірдің, қараңғылық пен тағылықтың таксіретін тартып келген қазақ халқы жарыққа, еркіндікке қарай талпынды. Халықтың осы ілгерішіл ұмтылысы, оның арман-тілегі мен ой – сезімі Абай шығармашылығынан өз көрінісін мол тапты. Сол себепті Абайды оның өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық өмірден, қазақ халқының тарихындағы саяси-әлеуметтік жағдайдан бөліп алып, жеке-дара қарауға болмайды. Абайды өз заманы туғызды. Ақын шығармашылығы – өзі өмір кешкен дәуірдің прогресшіл сипатымен тығыз байланысты әрі соның жемісі, бел туындысы.

Абай шығармашылығы туған халқының мәдениеті мен тарихындағы тұтас бір дәуірді құрады. Ол – қазақтың жаңа әдебиетінің, жазба әдебиетінің негізін салушы, бастаушы болды.

Кемеңгер ақын өзінің тамаша шығармаларында замана жайын барынша терең толғады. Ол өзінің шығармашылығымен сол дәуірдің талап-тілегіне жауап берді, туған халқының көркемдік қажетін өтеді. Өзі айтқандай, Абай өлеңді ермек үшін жазған жоқ. Ол көркем әдебиеттің әлеуметтік маңызын терең түсінді және зұлымдық пен надандыққа қарсы кекті күресінде оны өткір қару ретінде шебер пайдаланды. Абайдың ақындық өнерге, шығармашылыққа қоғамдық мәні зор құбылыс ретінде қарағандығына – оның әлеуметтік терең мазмұнға толы, аскан көркем шығармалар тудырғаны айқын дәлел.

Абай шығармашылығының салмағы оның поэзиясында. Оның шығармаларының дені лирикалық өлеңдер болып келетіндігі мағлұм. Ол өзінің үздік, теңдесі жоқ таланты мен аскан шеберлігін сол лирикалық шығармаларында әсіресе анық танытты. Ақын лирикасының аясы мол, тақырыптық

шеңбері өте-мөте кең. Қай тақырыпқа жазса да, лирикалық шығармаларында Абай қазақ даласында өзіне дейін естілмеген ойлы да сырлы сөзін айтты және оны мейлінше жаңа түрде, жаңғырта отырып айтты.

Ақынның ғажайып көркем мұрасына қайта-қайта үңілген сайын бір тоқтамға көңілің бекем ұялай түседі: ол туған халқының жүрегі мен жанында ғасырлар бойы сақталып, бірақ жыр болып төгіле алмай қыстығып келген аяулы да абзал сезімдерге тіл бітірді, «Оларды тар кеуденің қапырық қысымынан көркемдік өмірдің самал лебіне алып шықты» [3,45], деп жайып салды.

Абай поэзиясы өзінің шыншылдығымен бағалы. Оны алуан түрлі тақырыпқа арналған, әртүрлі жанрда жазылған шығармаларының қай-қайсысынан да иненің жасуындай жалғандық сезілмейді. Бәрі де тілге жеңіл, жүрекке жылы, көңілге қонымды, жарасымды.

Біз Абай шығармаларын оқығанда сахараның саф таза аусымен тыныстағандай сергіп сала береміз. Сонымен бірге ауыр мұңға батамыз. Өйткені бейуақыттың бар трагедиялық күйін, қаралы көріністерін ақтарып ашқан жырлар сол кезеңнің небір кеселді көріністерін көз алдымызға алып келеді. Біз ақын шығармаларынан дара-дара адам бейнелерін, айқын типтерді, тіпті дәуірдің типтерін, тұтас заман келбетін көреміз.

Ұлы ақынның поэзиясы өзінің сан-салалы қырымен, тереңдігімен және полифониясымен құнды. Оның поэзиясында қуаныш пен қайғы да, күлкі мен көз жасы да, уытты мыскыл мен даналық ойлар да, қыстың ызғары мен көктемнің жаймашуақ лебі де, асықтардың бақыты мен айырылысқандардың азасы да – бәрі де бар. Ең бастысы – заман сыры бар, заман шындығы бар. Бір ғажабы, солардың бәрінен ақынның өз үнін есітеміз, оның өз жүрегінің лүпілін сеземіз. Бұл – тек дәуірдің үні, үкімшісі болған суреткерлердің тағдыры мен талайына лайық сыбаға. Абай – дәл сондай суреткер.

Әр елде, әр халықта әдебиет бір кезде жасала бермейді. Ол сол халықтың белгілі бір тарихи даму кезеңінен де туады. Мұны ұлы сыншы Белинский талай рет атап көрсеткен бола-

тын. Сонымен бірге әр халық әдебиетінің жасалу жолдарында ұқсас жәйттер де, өзгешеліктер де бола береді.

Белинскийдің пікірі бойынша, кей елде әдебиет халық поэзиясының қайнар көзінен өсіп шығады. Ал көп елдерде әдебиет форма мен көркемдік әдісті басқа жұрттардың әдебиеттерінен алады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, әсіресе поэзиясы ежелден бар екендігі және айрықша бай екендігі мағлұм. Оны байыта, молықтыра түсуге тарихта аты-жөні белгілі ақын-жыраулар да аса зор үлес қосты.

Сонымен бірге қазақ әдебиеті басқа халықтардың әдебиеттерінен ала-бөтен бөлек, томаға-тұйық дамыған жоқ. Ол көршілес жұрттардың арғы-бергі әдебиеттерінің тақырыптары мен сюжеттерінің әр алуан көркемдік белгілерін өз бойына терең дарытып отырды. Осының бәрі табыса, тоғыса келіп, қазақ әдебиетінің өзіне хас, өзгеше даму жолын жасауға жағдай жасады. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінің сол қалыптасу жолын халықтың тарихи жолымен тығыз байланыста алып қарау шарт. Өйткені әдеби дамудың бағыт-бағдарын белгілеген заңдылықтарды білгенде ғана дұрыс барлап ұғына аламыз.

Қазақтың реалистік поэзиясының негізін қалаған, қазақ әдебиетінде сыншыл реализм әдісін орнықтырған Абай өз халқының сөз өнерінен де, басқа елдердің әдебиеттерінен де мол сусындады. Әрине, Абайдың солардың әркайсысынан алғаны, үйренгені бір дәрежеде емес. Сол сияқты, Абай өзінің ұлылығын, өзгеше ақындық бітімін ешуақытта тасада қалдырып, көлегейлеген де жоқ. Бұл оның шығармашылығының кемел кезіне әсіресе жанасымды.

Абайдың нағыз халық ақыны боп қалыптасуы да оның реалист-суреткерлігіне тығыз байланысты еді. Абай ұлықтығының негізі оның халық өмірін жырлауына да байланысты емес. Үстем таптың арасынан шыққан ақын халықпен бірге болды және қай тақырыпты жырласа да халықтың арманы мен мақсұтынан, тарихи тағдыры мен болашағынан көз жазбады. Бұл оның өмір шындығын реалистік қалыпта бейнелеуіне мүмкіндік берді. Сөйтіп Абай шын мәнісіндегі халық ақыны болды. Өйткені ол өз шығармашылығында ха-

лықтық бағыт ұстанды, халықтың мінез-сипатын, ұлттық өмірін бейнеледі. Сонымен бірге Абай – шыншыл ақын, ақиқат өмірінің жыршысы. Оның көркемдік әдісінің негізгі мәні мен сыры да осында.

Абай – реалист ақын, қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін салушы дегенде оның шығармаларындағы сыншылдық бағытты ғана ұғып қоюға еш болмайды. Сыншылдық, әшкерелеушілік сарындар бұрынғы әдебиетте де, халық поэзиясында да ұшырасатын. Ал Абай тұтас көркемдік әдіс жасады. Сондықтан Абайдың реализмі жайында сөз болғанда оның көркемдік және жаңашылдық ізденістері, ақындық шеберлігі еш уақыт қағас қалмай, әрдайым терең қамтылып отыруға тиіс.

Кемеңгер ақын өз дәуірінің үні болды. Бірақ бұдан ол өмір шындығын салғырт бейнелеуші, өмір ағысының соңына ілесуші деген ұғым еш тумайды. Шын ақын айналада болып жатқанның бәрін жазып ала беретін фонограф емес. Әйтпесе оның үні замана дабылының әншейін жаңғырығы ғана болып қалар еді. Халықтық бағыт ұстанған, болашаққа көз тіккен суреткер қоғамның, заманның ұраншысы ғана емес, үкімшісі де болмақ. Осы қасиет Абай поэзиясында да мол. Әрине, Абай халықты азаттық жолындағы айқасқа, күреске шақырған жоқ. Ол халықтың жарыққа, өнер-білімге ұмтылуын, іргелі ел болуын көкседі. Ақын сол арқылы заманды да түзетпек болған. Оның «Менсінбеуші ем наданды» деп келетін өлеңінде мынадай бір шумақ бар:

Менсінбеуші ем наданды,
Ақылсыз деп қор тұтып.
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып *(I, 140)*.

Бұл өленін ақын 1891 жылы жазған. Бұнда біраз қалжырағандық, шаршап-шалдыққандық белгісі бар. Қоғамдық және жеке бастың трагедиялық күйлеріне байланысты ақын шығармаларында мұндай сарын әрдайым ұшырасып отырғаны аян. Сонымен бірге осы өленде ақын о бастан-ақ үлкен

мақсұт көздегенін, яғни заманды түзетпек болғанын ашық айтқан. Абай шығармаларының әлеуметтік бағыты айқын әрі өрелі екендігін танытатын жайлар аз емес. Бұған – оның шығармашылығының өзі ең алдымен айғақ әрі соншалықты салмақты айғақ.

Қазақтың шын мәнісіндегі ұлттық ақыны, ұлы ақыны болған Абай – сонымен бірге бүкіл адам баласының ақыны. Өз кезінің білімдары, ойшылы болған Абай поэзиясының тамыры өте тереңде, бүкіл адам баласы мәдениетінде жатыр. Абайдың Шығыс әдебиетімен, орыс әдебиетімен және сол арқылы Батыс Еуропаның көптеген әдебиеттерімен нық байланысты болғаны аян.

Осылайша, озық әдебиеттердің тұнығынан мол сусындаған Абайдың өзінің де бергені аз емес. Оның мұрасы адам баласына ортақ мәдениет қазынасына қосылды.

«Қай елге, қай ұлтқа да бүкіл адам баласына арналған бір нәрсе жасаудан аскан атақ жоқ» [4.439], – дейді Луначарский. Абай поэзиясы – қазақ халқының бүкіл адам баласы мәдениетіне қосқан үлесі. Оның атақ-даңқының мәңгі-бақи жасайтындығының терең сыры да осында.

Бейуақытта өмір кешкен Абай – өз дәуірінің перзенті. Оның шығармалары сол уақыттың шындығынан туды. Сонымен бірге Абайдың өз заманынан мойны озық, еңсесі биік тұр. Оның шығармалары өткеннің ғана мұрасы емес. Шығармашылығының бүкіл рухымен, терең гуманизмімен, адамды ең жарқын мұрат-мақсұттарға бастайтын қуат-күшімен, кемел көркемдігімен Абай – бізге өте-мөте жақын, хатте замандас ақын.

II

Абай шығармашылығын нәрлендірген үш түрлі бұлақ-бастау болғаны баршаға аян. Мұны тұңғыш рет Мұхтар Әуезов ашып берген болатын. Бұған С.Мұқанов, М.Сильченко, Қ.Жұмалиев және басқа да бірталай авторлардың Абай жайындағы зерттеулері мен мақалаларында айрықша назар ау-

дарылды. Сөйтіп, бұл мәселе шындық ретінде аталып қана қоймай, ғылыми тұрғыдан салыстырыла талданды да.

Қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларының авторы әрі оның тарихында жаңа дәуір ашқан Абай ең алдымен өз халқының қолтума сөз өнерімен, рухани мәдениетімен етене жақын болды. Өйткені қазақ халқында оның ғасырлар бойғы тағдыры мен тіршілігін, салт-санасын бейнелеген өзіндік әдебиеті бар еді. Академик-жазушы М.Әуезов айтқандай, бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұңдар жолаушы – қазақ халқы мүсін мен сәулет өнерінің, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алған жоқ. Бірақ ол кейінгі ұрпаққа ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарда, сан-салалы алуан түрлі жырларында мол бейнеледі [5,34].

Қазақ халқының ақындық қабілеті ерекше екендігін және оның ауыз әдебиеті ұшан-теңіз мол әрі көркем болып келетіндігін Радлов, Потанин, Левшин тәрізді орыс ғалымдарының және Шоқан Уәлихановтың талай-талай айтқаны аян. Осындай ой-пікірлер Батыс Еуропа ғалымдарының зерттеулерінде де ұшырасады.

Мысалы, венгер ғалымы А.Вамбери ұлан-байтақ өлкені мекендеген қазақ халқының тұтас бір тілде сөйлейтінін және ертегі-аңыздары мен өлең-жырлары ортақ екенін айта келіп, былай деп жазды: «...Әйтсе де, тіршілік-тұрмысы, әдет-ғұрпы жағынан олар біртұтас. Ембі мен Арал теңізінің жағалауын немесе Балқаш пен Алтай төңірегін мекен етсе де, олардың тіліндегі айырмашылық шамалы. Белгілі бір ертегілер мен жырларды... кез келген жерден ұшыратуға болады» [6,272].

Ол Орта Азия мен қазақ сахарасын мекендеген халықтарда сөз өнері, поэзия мейлінше дамығандығын таңыркай отырып жазады: «Татар музасы. Өзбек мельпоменасы». Бұл сөздер, сірә, талайлардың құлағына тіпті тосын, жат естілетін шығар. Тағылық пен соракылықтың ежелгі ордасында поэзия барлығына, қаракшылық, кісі өлтірушілік, талау мен

тонау әбден жайлаған жерде жұрттың әдебиетпен шұғылданатындығына көп адам таңырқай қарар. Бірақ бұлайша таңданудың жөні жоқ. Өйткені Шығыс ежелден ақындық арман-қиялдың елі емес пе. Қоғамдық өмір алғашқы кездің ізтабын неғұрлым молырақ сақтаса, яғни мәдениет неғұрлым балаң болса, поэзия мен мысал өленге деген икемділік, шамадан тыс қиял мен әсірелеулерге деген құштарлық соғұрлым күштірек болмақ.

Сондықтан қазақ лашығын мекен еткен жандардың поэзияға икемділігі Париждегі немесе Лондондағы парасатты қауымнан әлдекайда артық екендігіне ешкім таңданбаска тиіс. Бізде поэзиямен өмірдің белгілі бір шағында ғана шұғылданады... Ал Орта Азияда сүйіскен ғашықтар да, еңкейген кәрілер де, сарбаз бен бақташы да... ақындық өнермен шұғылданады. Өлең үйлестіріп, ойдан ертек шығаруға әркім-ақ талап қылады. Рас, бұл кім-көрінгеннің қолынан келе бермейді. Бірақ басқалардың шығарғандарын тыңдауға деген құмарлық бар жерде жапа-тармағай кездеседі деп айтуға болады» [6,323-324].

Вамбери сахараны мекендеушілердің өмірі мен тұрмысында өлең-жыр өзгеше орын алатынын тіпті жас арулар өзінің қалжың-әзіліне үйлескен өленмен жауап қайтаратын, тауып сөйлейтін жігіттерді әсіресе қатты ұнататынын байқағанын айтады. Сонымен бірге ол ән-күй мен өлең-жыр сахарадағы жаугершілік тұрмыска да байланысты деп біледі: «...түріктердер мен қазақтардың ән салуға құштарлығы қандай жиһанкезді де таңғалдырады. Бұл жандар үшін жолы болған жорықтан кейін музыка мен поэзияға берілуден асқан ләззат жоқ...» [6,320]

Асылы, өз халқының ақындық өнерге деген құштарлығы мен қабілетін, оның өмірінде поэзия ерекше мол орын алатынын Абайдың өзі әсіресе терең түсінген. Ол:

Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,

Зарланып неге әнге салады ол?
Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өленсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шылдақана,
Олар да өлең айтар шулап жаңа.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған.
Бірде тақпақ, мақал бар, байқап қара.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өленмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өленмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең, –

деп келетін атақты өлең-трактатын еске түсірудің өзі жеткілікті. Бұл өленде Абай өмір бар жерде поэзия бар екенін ғана айтып отырған жоқ. Сонымен бірге ол қазақ халқының өлең сүйгіштігін де, оның поэзиясының ұлттық ерекшеліктерін де әжептәуір аңғартады.

Қазақ халқының жазба әдебиетінің кеш жасалуы, оның ауыз әдебиетінің айрықша дамуы ақын-жыраулардың шығармашылығына да өз әсерін тигізді. Бұл жайында академик–жазушы М.Әуезов былай деп көрсеткен болатын: «Қазақ халқының ақындық қабілет-дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды. Бұл – біздің заманымызға дейін жеткен, бұрынғы ақындық қазыналарды сақтап келген әрі жыршы, әрі импровизатор ақын. Халық поэзиясының таңдаулы үлгілерінің туып, таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштармыз. «Жол анасы – тұяқтан, сөз анасы – құлақтан»,– деп келеді қазақ мақалы. Ақын өз жанынан ғана жыр шығарып қоймаған. Ол қыз бен жігіттің, кәрі-жастың ойын-тойда, қоштасқанда, қаза үстінде айтатын өлең-жырының бәріне құлақ тосып та отырған. Сөйтіп, басқа мұраны да зер сала жинайтын кәрі құлақты ақындар өз жырларымен бірге халық арасынан естіген сол жырларды да қоса айтқан. Кім шығарғаны

беймағлұм өлең-жыр жалпақ даланың бір түкпірінен бір түкпіріне, ғасырдан-ғасырға осылай таралып отырған» [5,35].

Әрине, халық поэзиясындағы және аты шыққан ақындардың өлең-жырларындағы халықтық сарындар мен өткір уыттылықтан, кейбір көркемдік тәсілдерден Абай үйрене, өзіне керегін екшеп ала білді. Бұл ретте қазақтың классик-ақынының шығармашылық жолын, оның поэзиясының әралуан қырын, реализмін көп зерттеген көрнекті ғалым М.С.Сильченконың: «Абайдың халық жырымен шығармашылық қарым-қатынасының арқасында қазақ халқының лирикалық жаңа поэзиясы жасалды... Халық лирикасының ілгерішіл тенденциялары ағартушы-ақынның талант күшімен жаңғыра түсті. Бұл Абайдың көркемдік әдісі – сыншыл реализмге соның елеулі бір қыры ретінде кірігіп кетті» [7,46], – деген пікіріне ден қоймаска болмайды.

Абайдың өзінен бұрынғы қазақ әдебиетімен шығармашылық байланыстарын сөз еткенде екі түрлі мәселеге молырақ назар аудару қажет. Біріншісі – Абайдың өзінен бұрынғы және өзімен тұстас ақындарға қатынасы. Екіншісі – Абайдың халық ғасырлар бойы жасаған ауыз әдебиетіне көзқарасы және содан үйренуі.

Тарихта аты-жөні мағлұм ақын-жыршыларға деген Абай көзқарасын жеткілікті әрі терең танытатын жазба деректер жоктың қасы. Абайдың ғылыми өмірбаянын жазған академик-жазушы М.Әуезов қазақтың ескілікті ақындарының ішінен Абайдың нағыз ақын деп ден қойып, өте-мөте жоғары бағалағандары – Марабай мен Шөже екендігін айтады. Бұдан Абайдың елдік пен ерлікті жырлаған Марабай сияқты кең құлашты эпик-ақын мен Шөже тәрізді сыншы-ақынды, шыншыл-ақынды жоғары бағалауында терең мән бар екенін көреміз. Өйткені Абай бұл ақындардың қуатты талантын ғана емес, сонымен бірге олардың поэзиясының халықтық сипатын, рухын да өзіне туыс, етене жақын көрген.

Шын мәнісіндегі жаңа, реалистік әдебиет жасауды көздеген және соны әлеуметтік күрестің құралы етпек болған Абай өзінен бұрынғы әрі өзімен тұстас ақындарды катты мінеп, уытты сынға алды:

Бұрынғы ескі күнді тұрсам барлап.
Мақалдап айтады екен сөз косарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап.
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап *(I, 60-67)*.

Бұдан Абайдың ақындық кредосы, поэзияға қойылар талабы едәуір анғарылып қалады. Абайдың ұғымынша өткендегі талай-талай ақындар шын мәнісіндегі поэзия жасау деңгейінен әлдекайда аулақ та аласа. Өйткені олар сөз қосарлап, көр-жерді өлең қылған, сөйтіп жүріп сөз қадірін жоғалтып алған. Абайдың байқауынша олардың ең үлкен сорышындықты жырламауы, рулық шеңберден шыға алмауы.

Осы орайда Абайдың ұлы ғалым әрі ағартушы Шоқан Уәлихановпен үндесіп жатқанын байқау қиын емес. Халықтың сөз өнері туралы аяқталмаған мақаласында Шоқан жыршы ақындардың жанына тоқталады. Ол импровизатор ақындарды екі топқа бөледі. Оның ойынша, байлар мен билерге жарамсақтанып, жанын жалдап, тілін безеген ақындар бар және халық тілегінен шығатын ақындар бар. Шоқан байлар мен билерді дәріптейтін ақындардың ұсақ-түйекке құнын сататындығын айта келіп былай дейді: «Мұндай ақынның өз бағыты, өзіндік қасиет сезімі жоқ. Ол өзінің ақындығын көрінген байға жағымпазданууға жұмсайды. Оның сондағы көздеген мақсаты бір жапырақ қызыл шұға және сол сияқты бірдеңе алу. Байды мақтау үшін ол оны жапырағы жайқалған терекке, қарағайға теңейді... Қайыршыдай киінген онда рух аскақтығы және тәкаббарлық жоқ... Ол өзінің дарындылығын

кандай сұлтандардан болса да асып түсетін қасиет деп қарамайды. Қайта дарындылық өз бойына ат-шапан табу үшін біткен өнер деп қарайды».

Ал осындай байларды жақтайтын мүләйім, бейшара ақындарға Шоқан халықтың мүддесін жырлаған ақындарды қарама-қарсы қояды. Мұндай ақындар жөнінде Шоқан: «Олар халық арасында зор құрметтеледі және өздерінің суырыпсалма жырларын қазақтың ойын-сауықтарында, ас беретін уақыттарында, ат шабыстырған той-жиындарында айтады» [8], – деп бағалайды.

Абай сияқты, Шоқан да кең құлашты эпик жыршыларды, әсіресе Жанақ пен Шөжені айрықша атайды. Ол былай деп көрсетеді: «Жыр үлгісіндегі өлең және әнді қобызбен айту дағдысы импровизатор Жанақ жыршы өлгеннен кейін салтан шыға бастады. Қазіргі импровизатор ақындар оның жыр үлгісін және импровизациясын... қайталайды. Оның өленін, айтыс үлгісін қазіргі Қарауылдың Орынбайы, соқыр Шөже ақындар дамытып отыр. Бірақ кейінгі ақындар негізінен екі шекті домбырамен айтады» [9].

Шоқан мен Абайдың өткендегі ақындар жайындағы ой-пікірлерінің орайлас, үндес шығып жатуы кездейсоқ емес. Бұл олардың эстетикалық көзқарастарындағы халықтық, демократтық сипаттарды аңдатады.

Өз шығармаларында кісі аттарын, әсіресе ақын-жыршылардың аты-жөнін көп келтіре бермейтін Абай «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деп басталатыны тамаша өленінде үш бірдей ақынды атайды:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлені бірі жамау, бірі құрау [10].
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау *(I, 70)*.

Абайдың атышулы осы үш ақынды бірдей атап, әдейі ауызға алуы тегін емес сияқты. Өйткені бұл ақындар сол кезде әсіресе Арқа төңірегінде өте-мөте мәшһүр болған. Ал қарапайым, қараңғы халық олардың поэзиясының шын сы-

рын, керітартпалық сипаттарын анғара бермеген. Жалпақ жұрт байқамаған сол жайды көзі қарақты жандар, яғни Абайша айтқанда «сөз таныр кісілер» ғана сезе алмақшы. Оның үстіне бұл ақындардың шығармаларындағы көп сарындар Абайдың өз шығармашылығының жетекші тенденцияларына, жалпы рухына жат, кереғар. Сондықтан Абайдың сол ақындарға «соқтығуының» негізгі сыры осында. Абай олардың поэзиясындағы ой жұтаңдығын ғана емес, көркемдік жүдеулігін, құнарсыздықты да қоса байқатады.

Халықтық бағытқа негізделген, реалистік әдебиет жасауды көздеген кемеңгер ақынның өз бағдарын осылайша тұралап алмауы, ескілікті ақын-жыршылардан бойын аулақ салмауы мүмкін емес еді. Оның үстіне Абай өзі ұстаздық еткен жас ақындардың – міндерін өзі атап берген ескішіл жыраужыршылардың көрбілте соқпақтарын қуалап кетпеуін қалаған, оларды өзі бет алған биіктерге қарай талпынтып баулуды мақсұт еткен.

Сөйтіп, Абай өзіне дейінгі қазақ ақындарының шығармаларын тереңдеп білумен бірге олардың шығармашылығындағы ілгерішіл қасиеттерді де, керітартпалық сипаттарды да сыншыл оймен ажыратып, аша білген. Абай поэзиясын, оның көркемдік ерекшеліктерін, әсіресе ақынның тілін ұзақ жылдар зерттеп, байсалды еңбек жазған проф. Қ. Жұмалиев мынадай тұжырым жасайды:

«Абай өз халқының мәдениетін, әдебиетін толық меңгеріп, жақсысын бағалап, кемістігін сынға алды. Қазақ әдебиетінің басы Бұқардан бастап, Көкбай, Әріп, Ақылбай, Мағауия ақындарға шейін Абай сынынан өтпегендері жоқ. Абай тек қана тарихи әдебиет емес, қазақтың бай ауыз әдебиетімен бірге қайнап, бірге өсті. Сонымен қатар өзіне шейінгі әдебиет мұраларын жалаң сынап қана қойған жоқ, оны сүйе де, одан үйрене де білді. Мұны Абайдың замандастарының бәрі растайды» [11,156-157] . Ғалым осыған орай бірталай авторлардың естеліктерін мысалға келтіреді.

Шығармашылығында өз халқының ой-арманын, рухын бейнелеген Абай өзінің басқа ақындарға қарым-қатынасында да осыны негізгі өлшем етті.

Абайдың халық поэзиясымен шығармашылық байланысы молырақ та, тереңірек те. Өмірде де, әдебиетте де ғайыптан сыңарсе пайда бола қалмайтыны аян. Қаншалықты ұлы тұлға болғанымен, Абай да ғайыптан туа салған жоқ. Қайта оның ұлылығының терең бір тамыры өз халқының сөз өнерімен тығыз байланысты болуында. Әрі өзі асқан талант иесі болғандықтан, әрі туған халқының мәдени қазынасына бекем иек артқандықтан да Абай өзге елдердің озық әдебиеттеріне бет бұрды және өзіндік бітімін сақтап қала алды. Әрине, Абай ауыз әдебиетіне әлдебір фетиш түрінде емес, шығармашылық тұрғыдан қарады. Ол халық поэзиясының жалаң түрінен емес, терең тұнып жатқан сырларынан, рухынан үйренді.

Алғашқы кезеңдегі өлеңдерінен, әсіресе арнау түріндегі экспромттарынан Абайдың ауыз әдебиетіндегі импровизаторлық дәстүрмен тығыз байланысты болғандығы байқалады. Оның «Шәріпке», «Абралыға», «Осы оқумен намаздың», «Жақсылыққа» тәрізді өлеңдерінің уытты мысқыл мен шабыт үстінде бірден туғанын аңдау қиын емес. Осы өлеңдердің түр ерекшеліктерінде де ауыз әдебиеті үлгілерінен алыс кетіп, оқшау шығушылық жоқ.

Асылы, халықтың шексіз бай ауыз әдебиетімен, оның өлең-жырлары, ертегі-аңыздарымен Абай бала кезінен суарылып өскен. Олар Абайдың алғашқы ақындық бесігі іспетті. Шешесі Ұлжан, әсіресе әжесі Зере жас Абай үшін ертегі мен аңыздың сарқылмас бұлағы тәрізді болғаны ақынның өмірбаянынан жақсы аян. Пушкиннің халық поэзиясымен туысып, етене жақын болып кетуіне Арина Родионовна айрықша әсер еткені сияқты. Абайдың ауыз әдебиетіне ерте ден қоюына Зеренің де көп ықпалы тигендігі даусыз. Орыс ғалымдары Пушкин поэзиясындағы фольклорлық сарындар мен тақырыптарды талдағанда Арина Родионовнаның рөлі қаншалықты болғанын ашуға да қоса көңіл бөліп отырады [12.273-292].

Ал Абай жайына келгенде мұндай нақтылы пікір айту қиын. Өйткені оны анықтарлық деректер жоқ. Ондай көрінеу белгі-бедерді тіпті ақынның өз шығармашылығынан да табу оңай емес. Сөйтсе де, Абай тәрізді болашақ ұлы ақынның өз

халқының көл-көсір әдебиетін терең біліп әрі сүйіп өсуіне, содан нәр алуына әжесі Зеренің ықпалы із болмағаны күмәнсіз.

Ең алғашқы реалистік өлеңдерінен бастап-ақ Абайдың ауыз әдебиетінен үйренуі, оның көркемдік тәсілдерін пайдалануы айқын шығармашылық сипат танытады. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында Акжүніс өзінің портретін жасай келіп:

Қара жерге кар жауар,
Қарды көр де – етім көр.
Қар үстінде кан тамар,
Қанды көр де – бетім көр [13,373], –

дейді. Бұл – ауыз әдебиеті үшін тамаша тапқырлық. Халық жыршысы шендестірудің әдемі үлгісін жасаған. Сонымен бірге мұнда сырттай ұқсас құбылыстарды атау ғана бар. Ал Абай осындай суреттерге жан бітіреді, ғажайып ойнақылық береді.

Мысалы, мынау атақты шумақтарды қайталап оқып қаралық:

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашып көтеріп екі шынтақ.
О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда.
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жаланаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.
Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,
Және ұқсар тар төсекте жолығысканға *(I, 22-23).*

Проф. Қ.Жұмалиев айтқандай, мұнда «түсі жағынан арасы алшақ үш нәрсені алып, солар арқылы төртінші нәрсені көзге елестететіндігін көреміз. Бұл Абайға дейінгі әдебиеттерімізде кездеспейді» [11,293].

Расында да, біз Абай шумақтарын оқып қана шықпаймыз, шын шебердің қолымен жасалған ашық, анық бояулы әрі қимыл-қозғалыска толы сурет көреміз. Бас ала алмаймыз. Діріл қаққан, бусанған жанды шындық. Сөйтіп, фольклорлық

формаға сырттай ұқсастық, иненің жасуындай жалғандық, зәредей диссонанс туғызбайды. Сонымен бірге бұл Абайдың фольклорлық стиль мен мәнерден жазба әдебиет стиліне емін-еркін ауысатын шеберлігін, ақындық алғырлығын да аңдатады.

Осыны «Аттың сыны» деген өлеңге байланысты айтуға да әбден болады. Ежелден ер қанаты саналған жүйрік ат жайында қазақ халқы әр алуан өлеңдер шығарған. Эпостық жырларда мұның тамаша үлгілері бар. Бұған «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың, «Ер Тарғындағы» Тарланның суреті анық мысал бола алады. Жел жетпес жүйрігі Құлагердің мерт болуын трагедиялық сазға көтеріп жоқтаған Ақан серінің өлеңінде де қаншама келісті суреттер бар.

Өзінен бұрынғы және өз тұсындағы әдебиеттегі осы дәстүрге Абайдың жақсы қанық болмауы мүмкін емес еді. Бұл өлеңде Абайдың халық поэзиясымен жақындығы тілінен, әсіресе айқын көрінеді. Онда халық ұғымынан шалғай жатқан, оның құлағына тосын, жат естілетін бірде-бір сөз не сурет жоқ. Сонымен бірге осы өлең тұтас алғанда Абайдың жаңашылдығын да өте-мөте әйгілеп көрсетеді. Бұл тұста да ол портрет жасаудың үздік шебері ретінде танылады.

Абай өз шығармаларында ауыз әдебиетінің құнарлы да бояулы тіл байлығын, суреттеу тәсілдерін еркін баурай отырып пайдаланды. Бірақ оның поэзиясында жалаң еліктеудің, эпигондықтың салқыны түгіл, ізі де жоқ. Мысалы, «Жаз» өлеңінде ол кәдімгі жыр үлгісін қолданған. Өлеңнің ұйқасында заңды түрде әрі бекем сақталған шарттылық жоқ. Ақын қаламын шақтап сілтемей, кәдімгі жыр ағымына салып, еркін көсіледі. Бірақ оның өмір құбылыстарын көріп сезінуі әрі содан жаңды көріністер жасауы нағыз жазба поэзиясына тән мәдениеттілікті танытады. Осыны аңғарта келіп академик-жазушы Сәбит Мұқанов былай деп жазды: «Жазды күн шілде болғанда» сияқты фольклордағы жыр түрімен жазылған өлеңнің өзі де сырты ғана ұқсас сияқтанғанмен, ішкі мазмұны фольклордан аулақ, жазба поэзиямен қолтықтасып жатады» [11,125].

Таңдап алған кейіпкерлерін өз аттарынан сөйлеткенде солардың интеллектуалдық дәрежесін, ой өрісін, сыры мен шы-

нын аңдатпақ болған кездерде де Абай ауыз әдебиетінің кейбір көркемдік тәсілдерін өз кәдесіне жаратып отырған. Бұл оның эпистолярлық шығармалар тәрізді өлеңдерінен («Жігіт сөзі», «Қыз сөзі») де, монолог түріндегі өлеңдерінен («Болыс болдым, мінекей») де анық байқалады.

Осындай ерекшелікті Абайдың Әбдірахман өліміне байланысты өлеңдерінен, әсіресе жоқтауларынан да көреміз. Бұл циклдағы өлеңдерінде ақын ұлы жүректің ұлы қайғысын соншалықты бір ашы мұңмен шертеді. Оның әр шумағында, әр сөзінде қам көңілдің құсасы, көкіректі жарып шыққан зілдей ауыр зар бар. Бұл өлеңдер («Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахман өліміне», «Талаптың мініп тұлпарын») шерлі шыпшылдығына қоса көркемдік жағынан да оте-мөте күшті, ақынның жаңашылдығын, суреткерлігін айтпай сездіргендей.

Ал осы Әбдірахман өліміне байланысты шығарған жоқтаулары мен көңіл айту, жұбату өлеңдерінде Абай ауыз әдебиетінде ежелден бері келе жатқан жоқтау сарынын мейлінше мол пайдаланған. «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау» мына сарында болып келеді:

Айналайын, құдай-ау,
Қапалық салдың жасымнан.
Шешенің зарын тарттырдың
Бес жасымда басымнан.
Сөйлемей бенде шыдамас
Қайғы отына ашынған.
Жарымды көрмей неше жыл,
Қапалықты асырған.
Жарымды алып кор қылдың
Жас өмірде тасынған.
Айырып от қып өртедің,
Әбіш сынды асылдан.
Әбішті алып күл қылдың,
Қызыл гүлді жасылдан.
Тым болмаса қызмет қып,
Өткізбедім касымнан.

Жоқтау жұбайынан айырылып, аңырап қалған жас жардың жанын өртеген касірет пен азаға, көз жасына толы. Со-

нымен бірге Абай бұл өленді әдейі дәстүрлі жыр үлгісінде шығарған. Өйткені Мағыш атынан шығарылған өленді жаңа өлшеммен, жаңа түрмен, айталық шалыс ұйқаспен қиыстыру ерсі болар еді. Оның үстіне ауыз әдебиетіндегі жоқтау үлгісі осылай болып келеді. Жүректі жаралап, жанды ауырткан ащы қайғының запыран-уын сыртқа лақылдатып шығаруға, сейіліп айығуға әрі жырлап айтуға ең оңтайлы форма – осы.

Ал «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» дейтін жоқтау-өленде ақын осы форманы нағыз халықтық түрінде қолданған. Жоқтаудың соңғы шумақтарын мысалға алып қаралық:

Қызыл балақ қыраннын
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш, бәйтерек
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жал-құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн коймай, ерте алды.

Көп жасамай көк орған.
Жарасы үлкен жас өлім.
Күн шалған жерді тез орған,
Күншіл дүние кас өлім.
Артына белгі қалдырмай,
Бауыры қатты тас өлім.
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім?
Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым,
Көп жасамай, тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздың *(I, 195-196)*.

Мұнда дәстүрлі жоқтау жырының формасы ғана емес, сонымен бірге фольклорға хас стилистикалық тәсілдер, образдар жүйесі, бейнелі тіркестер де сақталған. Бұл айтылғандар фольклорлық элемент Абайдың әр кезеңдегі

шығармаларында да ара-тұра бой көрсетіп отыратындығын байқатады. Бірақ Абай ауыз әдебиетінің көркемдік құралдарын жалаң қайталамай, қайта әрдайым өзгерте, жаңғырта түсіп отырды.

Әдебиет зерттсушісі М.Базарбаев «Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық жайында» деген көлемді мақаласында қазақ поэзиясына Абай енгізген жаңалықтар ұшантеңіз екенін, соның арқасында артына реалистік, халықтық дәстүрлер қалдырғанын айта келіп, екі мәселеге көңіл аударады, арнайы сөз етеді. «Бірінші сөз,– деп жазады ғалым,– Абайдың қазақ поэзиясын аяғынан тік қойып, мүмкін қадарынша оны ділмарлықтан, шешендіктен, әсіре бояудан құтқаруы жайында» [14,45]. Бұл пікірге қосылмаска болмайды.

Расында да, поэзияны шындықтан шалғай кететін орасандықтан, «сұмырайдай тақылдаған» жалаң сөзуарлықтан арылтып, оған реалистік қасірет бітірудегі Абай рөлі аса зор. М.Базарбаев шешендік дегенді сылдыр сөзуарлық, жылтырақтық мағынасында алып отыр. Әйтпесе, ол Абай поэзиясындағы нағыз тапқыр шешендікті, саф тазалықты, уытты өткірлікті жоққа саймақ емес. Ал мұндай шешендіктің үлгілері Абай поэзиясында өте мол. Бұған мысал келтіріп жатудың қажеті жоқ. Біздің айтпағымыз – Абай ауыз әдебиетіндегі ойлы шешендікті, сырлы шешендікті шетке ысырып, сыртқа тепкен жоқ, қайта оны өз бойына мол сіңірді. Мұны ақынның сатиралық поэзиясынан әсіресе анық көреміз.

Абайдың ауыз әдебиетімен байланысы оның мақал-мәтелдерді мол пайдаланғандығынан да байқалады. Бұл ерекшелік оның поэзиясына, әсіресе прозасына тән.

Абай – әрдайым заман жайын, халық жайын ойлаумен, терең толғанумен өткен ақын. Бұл сырын Абай өлеңдерінде де, ғақлияларында да ашық айтып, жария етіп отырады. Осы қасиетін ол қазақтың мақал-мәтелдері жайында ой таратқанда да анық көрсетеді. «Көкірек толған қапа. Кісінің өзіне де билетпейді. Бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» (II, 162). Бұл не қайғы? Оны да ақынның өзі айтады. Ол халқының

қамсыздығына, ой өрісінің тарлығына, қайғысыздығына қайғырады. Бұл ретте ол қазақтың: «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Малдының беті жарық, малсыздың беті шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Бөрген перде бұзар», «Алаған қолым – береген», «Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап» тәрізді мақалдарын тілге тиек етеді. Осыдан барып ол мынадай түйінге келеді:

«Бұл мақалдардан не шықты? Мәлім болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен; ол малды қалай табуды білмейді екен; бар білгені – малдыларды алдап, мақтап алмақ екен. Бермесе, онымен жауласпақ екен. Егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір, ұрлық, сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп мал тапса, жазалы демесек керек екен.

Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ жас бала қызыл шоқтан қорқушы еді. Бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді. Бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны?» (II, 163).

Ауыз әдебиетін, оның алуан түрлі үлгісін Абай халықтың ой-санасының, ұғым-нанымының сәулесі деп қараған. Ол жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерді шиыршық атып, ызалана отырып сынағанда – соларды тудырған болмысты, солардың негізінде жатқан мораль мен сананы әсіресе ширыға шенейді. Халық арасына кең таралған әрі өнеге-үлгінің, өмір заңының нормасындай болып кеткен мақал-мәтелдерді мінеу арқылы Абай сол халықтың өзін, оның мінезі мен пейілін, салт-санасын түзетпек, әсер етпек.

Бұдан Абайдың ауыз әдебиетіне, оның ішінде мақал-мәтелдерге демократтық, сыншылдық тұрғыдан қарағанын көреміз. Проф. Н.С. Смирнованың: «Абай мен Алтынсариннің халық шығармашылығына қатынасына олардың патриархалдық-феодалдық томаға-тұйықтыққа қарсы болғандықтары көрінеді» [15,36] деген тұжырымы әділ де тура.

Әрине, Абай қазақтың мақал-мәтелдерінің бәрін жоққа шығарып, мансұқ еткен жоқ. Ол қазақтың жақсы, мағыналы

мақалдары да, мәнсіз мақалдары да барын тура айтты: «Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар. Іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар» (II, 185).

Қазақтың сол «іске татыр», жақсы мақал-мәтелдерін Абай өз шығармашылығында мол пайдаланды, шығармашылық түрде пайдаланды. Өз халқының уытты, отты сөздерін, мақал-мәтелді қатты қадірлейтінін терең түсінген Абай елі-жұртын өнер-білімге үндеген, тағлым айтқан дидактикалық өлеңдерінде өз тарапынан да афористік-шешендік сөздерді, нақыл мен мақалды көп қолданды. Халқына арнаған ғибратының дарымалы, өтімді болуын көздеді.

Проф. Қ.Жұмалиев Абай поэзиясының тілі жайындағы зерттеуін де ақын шығармаларында қазақтың елуден астам мақал-мәтелі барлығын және ақынның сол мақалдар мен мәтелдерді кейде өз қалпында, ал кейде сәл өзгертіп, әсірелеп, тереңдетіп қолданатындығын мысалға келтіреді. «Сонымен қатар – деп жазады ғалым,– халықтың мақал-мәтелдерін қолдану, пайдалану фактісі Абайдың тіл қазынасы, сөздік қоры ең алдымен өз халқының әдеби мұраларымен нық байланысты екендігін де дәлелдейді» [11,160].

Абай халықтың мақал-мәтелдерін оның тапқырлығының, сөз өнеріне икемділігінің белгісі деп қана қарамайды. Ол белгілі бір мақал-мәтелдер арқылы халық тарихының тереңіне үңілуге, ел басынан өткен оқиғалардың сырын ұғынуға да ұмтылады. Бұған оның «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген еңбегі дәлел бола алады. Мұнда ол қазақтың кейбір мақал-мәтелдері халықтың шаман дінінде болғанын аңдатады деп біледі: Дүниеде не нәрсенің себебіне көзі жетпесе, сол нәрсені құдай қылып тұр деп, дін тұтынатұғын әдеттерінің сарынын біз де кей жерде көргеніміз бар. Келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып: «От-ана, май-ана, жарылқа» дегізіп, бас ұрғызған секілді. «Өлген аруаққа арналған» деп шырақ жаққан секілді. Жазғытұрым әуел күн күркірегенде қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып, «сүт көп, көмір аз» деген секілді. Бұған ұқсаған көп еді. Құдайға шүкір, бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды» (II, 222).

Бұл ретте Абайдың Шоқан Уәлихановпен үндесіп жатқанын байқау қиын емес. Ол халықтың көне діни наным-дар мен соқыр сезімдерден арылуын ілгері басқандық деп біледі. Бұдан әрі Абай: «...Себебі қазақта мақал болып қалған. «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды. Қой жылы зеңгер тоғыс болды» дегені, «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені – бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. Бұланай деп – Гималайды айтқаны ма, Үндукеш тауы ма? Әйтеуір, бір тауды айтқан сөз екені – «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен ақ болмас» деген мақалынан мағлұм» (II, 223).

Өз шығармаларында мақал-мәтелдерді көп қолдануы, кәдеге жаратуы және сол жайында ой-пікір айтуы Абайдың ауыз әдебиетіне айрықша зер салғанын, теориялық тоқтамға келмек болғанын көрсетеді. Бұған оның «Бесінші сөз» бен «Жиырма тоғызыншы сөзді» осы мәселеге арнауы анық дәлел.

Халық даналығын, озық әдебиеттердің дәстүрлерін мол баураған әрі табиғатынан өзі де ойшыл шешен Абайдың шығармашылығында қанатты, афористік сөз тіркестері мол. Өлеңдерін, басқа қара сөздерін былай қойғанда ақынның «Отыз жетінші сөзі» түгелдей осындай. Онда ойшыл ақынның, сыршыл ақынның өмірді, заманды барлап, толғап айтқан ойларының жиынтығы, байлауы тәрізді 23 афоризм бар. Солардың ішінде мақал-мәтел сияқты түйдектеп, түйіп әрі соншалықты ықшам, ойнақы айтылғандары да аз емес. Мақал-мәтелге айналып кеткен мұндай шумақтар мен жолдар Абайдың поэзиясында да мол ұшырасады.

Сөйтіп, Абай шығармашылық сапарының бүкіл ұзына бойына халық поэзиясынан, халық даналығынан қол үзген жоқ. Бірақ ол халық поэзиясына енжар да салғырт этнограф түрінде емес, нағыз суреткер-ақын ретінде қарады. Сондықтан да ол халық ғасырлар бойы жасаған сөз өнерінің нәрі мен әрін сүзіп, екшеп ала отырып, оны өзінің шығармашылық көрігінде шыңдады, идеялық-көркемдік жаңа сапаға көтерді.

Абайдың халық поэзиясынан, халықтың құнарлы да бай тілінен нәр алуы оның демократтық көзқарастарына тікелей

ұштасты. Сонымен бірге ұлы ақын поэзиясының халықтық, реалистік принциптерінің терең бір тамыры осыған нық негізделген.

III

Абай қазақ әдебиетінде реализмнің негізін қалады. Бұл сыншыл реализм еді. Абайдан кейінгі қазақтың жаңа әдебиеті негізінен осы арнада дамыды. Абайдың ұлылығы, тарихи еңбегі осында, яғни реализмді тұтас көркемдік әдіс ретінде орныктыруында.

Абай реализмінің туып қалыптасуы тарихи тұрғыдан қажет әрі заңды да еді. Соған орай мұның өзіндік ерекшеліктері де бар. Ең алдымен, Абай бұл көркемдік әдісті негізінен бір жанрда, яғни поэзия саласында орныктырды. Мұның да тарихи есептері бар. Екіншіден, Абайдың ақындық, шығармашылық ізденістері оны орыстың классикалық әдебиетіне әкелді. Сөйтіп, ол реализм әдісін орыс әдебиетінен тапты. Осы тұста бір жайға назар аударып қаралық.

Абай шығармашылығын зерттеушілер оның тұңғыш реалистік шығармасы – «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі деп біледі. Өйткені Абай өзінің реалистігін де, аскан шеберлігін де осы өлеңі арқылы тұңғыш рет қапысыз танытты. Мұнда қазақтың саятшылық өнерінің үздік шеберлікпен берілген ғажайып көркем әрі мейлінше дәл суреттері бар. Осы өлеңдегі жаксы ат мініп, тату жолдас ертіп, қансонарда аңға шыккан бүркітші, тау басындағы аңшы мен ойдағы қағушы, қайқаң қағып аспанға шыға келген қанды көз, құтылмасын біліп көре тұра қалған, қырық пышақпен қыржыңдаған түлкі, екеуінің жарк-жұрк еткен айқасы, қыран құстың да, иесінің де алпыс екі айлалы түлкі алғанға қорazдануы, тымақты сілке киіп, жайланып насыбай атуы, жасы үлкендердің түлкі байлануы – бәрі де суреті, бояуы жағынан қандай әсерлі, ойнақы және психологиялық жағынан қаншалықты терең әрі шыншыл.

Сөйтіп, бұл өлеңде Абай – реалист ақын. Осы өлеңін ол 1882 жылы жазған. Ал дәл сол жылы Абай Лермонтовтың «Бородиносын» аударады. Бұл кездейсок құбылыс емес.

Екеуі өзара тығыз байланысты. Орыстың классикалық поэзиясымен жете танысқаннан кейін және соның көркемдік принциптерін баурау арқылы барып қана Абай өзінің реалистік поэзиясына ден қояды.

Сонымен бірге осы өлеңінде Абай нағыз ұлттық ақын. Мұндағы тіршілік-болмыс белгілерінің барлығы да – тек қазақ өмірі шындығынан алынған және тек қазақтың нағыз ұлттық ақынының ғана түйсініп сезінетін, суреттеп елестете алатын жәйттері.

Осы өлеңде Абайдың реализмі оның жаңашылдығымен нық байланысты, өзара астасып жатыр. Яғни мұнда жер-мекен көріністері, табиғат суреттері, адамдардың іс-әрекет, мінез-құлқы ауыз әдебиеті дәстүріне орай дерексіз, бұлдыр күйде жырланбай, шынайы да нақтылы бейнеленген. Сонымен бірге бұл өлеңде ақын әлеуметтік өмірдің алыс-жұлқысынан, тайталас-тартысынан сырт берген, бойын аулақ салған сынай да сездіреді:

Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Ақ болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда *(I. 23)*.

Бұл өленнен Абайдың алғашқы кездегі шығармаларының реализміне тұтастай дерлік хас сипат-салғырттық, сырттан карап бақылаушылық та біртоға жақсы аңғарылатындай. Ал шығармашылығына өз дәуірінің қым-қуыт, қос-қыртыс шындығының әр алуан қырлары, әлеуметтік сарындар неғұрлым мол араласқан сайын ақынның реализмі де соғұрлым айқындала, бекемдене әрі тереңдей түседі.

Абайдың шығармашылық табыстарының бәрі оның реализмге бет бұруына байланысты келіп туды. Ақын поэзиясы ақиқат, жанды шындықтың көрінісі болды әрі ілгерішіл, жемісті идеяға негізделді. Өзінің көркемдік ізденістерінде және өмір шындығын жинақтап қорытқанда да Абай озық идеяны, халықтық идеяны нысана етті. Абай поэзиясының тарихи негіздері, ол тамаша шеберлікпен жасаған типтердің түп-төркіні сол кездегі қазақ қоғамының өмірінде еді. Осы тұрғыдан алғанда Абай поэзиясы – өткен ғасырдағы саха-

ра тіршілігінің, қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірі мен мәдени ұмтылыстарының шыншыл шежіресі, сырлы суреті іспетті.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында, яғни Абай поэзиясы реалистік арнаға түскен кезде Қазақстанның саяси-экономикалық өмірінде елеулі өзгерістер болды. Қазақ қоғамының ішкі қайшылықтары бұрынғыдан бетер асқынды. Абай өз шығармашылығында сол дәуірдің терең қайшылықтарын, заманның ең түбегейлі тартыстарын көрсетті. Ірі-ірі реалистік шығармалардың негізінде зор әлеуметтік-тарихи тартыстар жататындығын Белинский де талай рет атап айтқан болатын. Абайдың реалистік поэзиясына да сол пікірдің тікелей жанасымы бар. Сонымен бірге ондай кереғар қайшылықтардың сол кезде шешім табуы мүмкін емес-ті. Олардың шешімін өз шығармашылығында ұлы Абай да шеше алмады және шеше алуы тіпті ықтимал да болмайтын. Ақын музасының со бір бейуақыттағы өмірдің трагедиясынан, қайшылықтары мен диссонанстарынан соққы көріп, қасірет шеккендігінің де бір сыры осында еді.

Өзі айтқандай, ерте оянған, ойланған Абай халқын да оятпақ, ойландырмақ болды. Өзінің ең қуатты қаруы – поэзиясын да сол мақсатқа жұмсады. Замана зардаптарын, адам міндерін көре білуі және ақтарып аша алуы Абайдың күрес жолына бекем түскендігінің белгісі болатын. Ал ара-тұра ah ұру, өкіну сарыны естілсе, ол – түңіліп торығудың, шағылып қайтудың жыры емес, ширығып шыңдалудың жыры, шын асылдың өзін – өзі қайрай түсуінің жыры.

1886 жылы жазған екі өленін ақын «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» және «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деп бастайды. Бұл екі өленнің тақырыбында ғана емес, ішкі мазмұнында да терең тамырластық бар. Ұйқы бөліп, қайғы алған ақынның арманы да ашы. Алғашқы өленде ақын: «Рас сөздің кім білер қасиетін»,– деп өз жанының түкпірін біраз аңғартып тастайды. Ал екінші өленде қоғам туралы, оның жекелеген топтары туралы ойларын ақын басбасына таратып айтып, олардың небір сорақы мінездері мен міндерін ақтарып ашып береді:

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.
Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегінді әперем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп.
Елу басы – шар салып, леп берем деп.
Жаланқая жат мінез жау алады
Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп.

Дос алады бермесең бұлт берем деп,
Жауыңа қосылуға серт берем деп.
Бұзылған соң мен онай табылмаспын,
Не қылып оңайлықпен ырық берем деп *(I, 28)*.

Ақын әр алуан әлеуметтік топтар өкілдерінің шын сықын көз алдына алып келеді. Өйткені олардың сипаттамасы соншалықты дәл берілген. Ақынның көркемдік тәсілі де ұтымды табылған. Өлеңнің әр сөзінде тұтас адам мінезі, оның құбылмалы әрекеті, тілегі мен пейілі көрініс беріп отырады. Ақынның соларға ызасы келіп, зығырданы қайнайды:

Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып, тіленген малы құрсын.
Қыска күнде қырық жерге қойма қойып,
Ку тілмен қулық сауған заңы құрсын.
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,
Өз үйінде шертиген паңы құрсын *(I, 29)*.

Ақын поэзиясы айқын. Ол дүниенің кулар мен сұмдардан, жүз құбылған аярлардан сау болуын тілейді. Оның соларға айтар үкімі де анық. Ондайлар қарасы өшіп, құруға тиіс. Сөйтіп, реалист-ақын бұл өлеңдерінде нақтылы адам мінездерін мінеу арқылы соларды тудырған заманды шенейді.

Абай поэзиясында дидактикалық сарын мол. Бұл сарын оның алғашқы кезеңдегі өлеңдерінде әсіресе күшті. Ауыз әдебиетімен және Шығыс поэзиясының дәстүрлерімен нық байланысты болған Абай шығармашылығында дидактизмнің

ерекше орын алуы заңды да еді. Оған қоса бұл ағартушы – Абайдың көзқарастары мен мақсатына да орайлас, түйіндес. Ақынның алғашқы кезеңдегі өлеңдерінде дидактизм мен реализм қатар түсіп, қосыла өріліп отырады. Ал кейінірек, яғни ақын поэзиясына реализм молырақ, тереңірек дарыған сайын онда дидактикалық сарындар азая түседі. Абай реализмінің бір өзгешелігі осында.

Абай поэзиясында сол дәуірдің ақын қозғамаған тақырыбы кемде-кем-ақ болар. Дәлірек айтқанда Абай көтерген тақырыптардың бәрі де со кездегі қазақ әдебиеті үшін тың, соны болатын. Солардың ішінен қайсыбірін бөліп алып, айрықша атауға болар еді.

Ақын шығармашылығының ұзына бойына жүріп отыратын өзекті тақырыптардың бірі – өнер-білімге үндеу тақырыбы. Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп басталатын өлеңін жастайынан біліп, жаттап өспеген қазақ баласы кемде-кем болар. Осы тақырыптас өлеңдер Ыбырайда да бар екені мағлұм. Бірақ Абай өлеңінің сарыны басқарақ. Ол өз сөзін жас буынға ғана емес, бүкіл халыққа арнайды. Сөзі өтімді, дарымалы болуы үшін өз тағдырын мысалға алады, қатарынан қалған адамның шын өкінген жырын шертеді. Бұлай қалғанына кім жазалы деген ойлы әрі әділ сұрақ қояды. Осыдан кейін барып қана ақын өзінің түбегейлі ойына, көңіліне медет еткен ойына ауысады.
Ол – балаларды, жас буынды оқыту жайы. Абай бұл тұста оқу қажеттігін ғана айтып қоймайды, оқудағы мақсат не екенін де атап береді. Сөйтіп, ақын өзінің жеке басының сырын шерте отырып, бүкіл халыққа, тұтас қауымға ғибрат айтады.

Реті келгенде бір жайға назар аудара кетелік. Ол – осы өлеңде де Абайдың өз шығармашылығының жайын аңғарта кететіндігі. Соның бәрі мынадай екі-ақ жолға сыйған:

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім *(1,25)*.

Ащы, уытты өлеңдерінде мақтан күйлегіш, күпілдектерді тып-типыл етіп мінейтін және өз басы да дабыра-даңғойлықтан құлан-таза сау (бұған ақынның поэзиясының өзі-ақ дәлел) ақынның өзін-өзі осылайша бағалауы тегін емес.

Бұл – өз өнерінің қадір-қасиетін шын таныған әрі таныткан адамның сөзі. Сонда осы өлеңді жазғанға дейін де Абай шығармашылық сапардың талай-талай белінен асқан болып шығады. Бұдан шығатын түйін – Абай шығармашылығын зерттеушілердің ақын өткен ғасырдың сексенінші жылдарына дейін де көп шығарма тудырған, бірақ бізге сақталып жетпеген деген пікірлерінің растығы. Ақынның жоғарыда келтірілген екі жол өлеңі – соның бір дәлелі.

Осы өлеңде қозғалған тақырыпқа Абай кейін де қайталап оралып отырады және оралған сайын ақындық ізденістерінің соны бір қырларын, жаңа жемісін таныта түседі.

Мораль, адамгершілік мәселесі де – Абай поэзиясының ең бір өзекті тақырыбы. Адамның мінезі, пейілі түзелсе, халық та өзгереді, заман да түзеледі деп иланған ақынның бұл тақырыпты барынша мол жырлауы мейлінше заңды да еді.

Адам, яғни жақсы адам қандай болуы керектігі жайлы Абайдың өз ұғымы, өз идеалы бар. Сондықтан да ол көп өлеңдерінде шын жақсы, білімді адамға хас қасиеттерді бас-басына санап береді және ондай жанның қандай мінездерден аулақ болуын да тайға таңба басқандай ғып атап-атап өтеді.

Асылы, Абай жеке адам мен қоғамды қарама-қарсы қоймайды. Қайта ол жеке адам қоғамның мүшесі және сондықтан әрбір адам қоғамға пайдалы болуы керек деп біледі. Оның осы идеясын анық танытатын программалық өлеңдерінің бірі – «Әсемпаз болма әрнеге». Сол өлеңнің кей шумақтарын қайталап оқылық:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де – бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан.
Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шафхат кімде бар,
Сол жарасар туғанға...
Ақырын жүріп, анық бас,
Енбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға *(I. 163)*.

Бүкіл халыққа, жас ұрпаққа өзі ұстаз боп сөйлеп отырған ұлы ақын әр адамның, яғни қоғамның әрбір мүшесінің жан-жақты дамып жетілуін, қайратты да ақылды, әділетті де мейірімді болып шығуын ең қажетті шарт етеді.

Бұл, бір жағынан, Абайдың гуманизміне де байланысты еді. Өз халқының, өз ұлтының ұлы перзенті болған Абай бүкіл адам баласылық мұдденің биігіне көтерілгені хақ. Сондықтан да ол: «Әкесінің баласы – адамның дұспаны, адамның баласы – бауырың» деп айта алды. Оның өзі дәл осындай жан, яғни адамның баласы болды.

Абайдың ойынша, адамды түзейтін, оған шын мәнісіндегі адамшылық қасиет бітіретін – еңбек. Талапты болуға, еңбек етуге үндеу тақырыбы ауыз әдебиеті шығармаларында да бар болатын. Ал қазақтың ағартушы-жазушылары бұл тақырыпты жаңа сапаға, жаңа биікке көтеріп жырлады. Абай өлеңдерінің көбі еңбекті мадақтауға арналған гимн тәрізді. Ол атақты өлеңінде:

Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл.
Жан аямай кәсіп қыл.
Орынсыз ыржаң.
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, кәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей –
Тояды қарның тіленбей *(I, 89)*,–

деп жырлағанда әйтеуір қарын тоқтығын айтып отырған жоқ. Абай еңбек – адамды жаңғыртып жаңартудың, жетілдірудің, оны рухани жағынан өсірудің құралы деп біледі. Бұл ойын ол басқа бір өлеңінде тереңдете, айқындай түседі:

Түбінде баянды еңбек – егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған *(I, 253)*.

Осы тақырыптардың қай-қайсысын жырлағанда да Абай жеке адамның (личность) өз басы жан-жақты жетілген, үйлесім тапқан жан болып қалыптасуын көздейтіндігін терең танытып отырады. Ақынның ұнамды идеалын да осыған байланысты алып қарау, сабақтастыра ұғыну шарт.

Бейуақыттың уын көп жұтып, жеке бастың трагедиялық халдерін көп кешсе де, Абай негізінен оптимист-ақын, адам атын ардақтаған гуманист-ақын болды. Өйткені ол болашаққа сенді, жас буынға сенді. Өзінің ең ұлағатты сөзін, аталы ойларын, ыстық мейірін соларға арнады. Оның реалистік поэзиясының әлеуметтік бағдары айқын, тынысы кең әрі сипаты күндей ашық, жарқын болып келетіндігі де осыдан.

Абайдың реалист-ақын ретіндегі 80-ші жылдарда басталған көркемдік ізденістері оның реализмінің тереңдеп беки түсуін, қалыптасып кемелденуін қамтамасыз етті. Әрине, оның бұл ізденістері саябыр тартқан емес. Проф. М.С.Сильченконың тура көрсеткеніндей, тоқсаныншы жылдарда және одан кейінгі кезеңде, тіпті өмірі мен шығармашылығының ең соңғы шағына дейін ол сыншыл реализм поэзиясының көркемдік жағынан барынша жетілген, жаңа формаларын іздеумен болды әрі әрдайым тауып та отырды. Бұл Абайдың сол дәуірдің қайшылықтарын және реалист-ақын, қоғам қайраткері, ағартушы-гуманист болған өзінің де басындағы ішкі қайшылықтарды соншалықты толық әрі терең ашуына мүмкіндік берді. Сонымен бірге Абай тек дәуірдің ғана емес, халықтың да ой-санасы мен экономикасындағы тайталас-тартыстың куәгері болды.

Абайдың сыншыл реализмі осы негізде туды. Бірақ бұл әдістің шығармашылық төркіні орыс әдебиетінде екендігі де аян. Орыс әдебиетінің тарихи даму барысында тұтас кезең құраған Пушкин реализмінің негізгі сипаттарын айқындай келіп, Белинский екі түрлі мәселеге айрықша назар аударады. Біріншісі – Пушкиннің халықтығы. Екіншісі – Пушкин ақиқат өмірдің ақыны екендігі.

Осы тұжырымды Абай поэзиясына байланыстыра қолданудың жөні әбден бар. Абай поэзиясының халықтығы – оның реализмінің ең іргелі, өзекті сипаттарының бірі. Абайдың халықтығы оның халық жайындағы шығармаларынан ғана емес, қайта шығармашылығының бүкіл рухынан, қуатты да құдіретті пафосынан анық көрінеді.

Абай поэзиясының халықтық бағдарын айқындап берген, терең арнаға салған өлең – «қалың елім, қазағым, қайран жұртым». Бұл өлең халқым деп соққан ұлы жүректің ұлы махаббатына және соның трагедиялы тағдырын ойлап толғанудан туған ащы да ауыр мұңға, қам-қасіретке толы. Өлең салғаннан-ақ патриот-ақынның еміренген сезімдерін, жанын жеп, ойын толқытқан күрсіністі күйлерін реалистік зор қуатпен танытады:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі кан, бірі май боп екі ұртың.
Бет бергенде шырайың қандай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың? *(I, 31).*

Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» дегеніне еңбек елін, халықты айтып еміренді. Ал сол елді бүлдіруші, оның сиқын бұзушы жандар бар. Ащы жырының уытын Абай соларға төгеді және солардың кімдер екенін, қандай жандар екенін де адақтап айтып береді:

Ұқпайсың өз сөзіннен басқа сөзді
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде үйқың.
Көрсеқызар келеді – байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым
Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын? *(I, 31).*

Бұл тақырыпқа Абай көп өлеңдерінде қайталап оралып отырады. «Келдік талай жерге енді» өлеңіндегі:

Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар.
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындай аңқылдар *(I, 118)*,–

деген шумақта да Абай жалпы халықты емес, ел берекесін қашырған кулар мен сұмдарды уытты сынның нысанасына алады.

Рас, Абайдың сахараны меңдеген меңіреулікке жаны ауырып күйзелгенде халқының надандығына көкірегі қарс айырылып, зығырданы қайнап, ащы тілін ашына сұғатын кездері де бар. Бірақ сонда да ол тарихи перспективадан, халқының болашағынан көз жазбайды. Бір өлеңінде ол сырын былайша да шертіп кетеді:

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жұрттан ұялып *(I, 110)*.

Ақынның рухани трагедиясы өз халқының трагедиясын ойлап тебіренуден туған. Туған халқының іргелі, мәдениетті жұрттармен тең болуын аңсау – ақын поэзиясының ең бір өзекті идеясы. Бұл тақырып Абайдың ғақлияларында да молынан қозғалған.

Өз халқын жанындай сүйген патриот ақын оның бойындағы жақсы қасиеттерді де, тарихи даму дәрежесіне байланысты шектелушілікті де көре білді. Халықтың іргелі ел болуын арман еткен Абай сол елдің суретін де көз алдына айқын елестеткен тәрізді. Ондай елді ол берекелі ел деп атайды:

Берекелі болса ел –
Жағасы жайлау ол бір көл.

Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды сокса жел.
Жан-жағынан күркіреп
Құйып жатса аққан сел.
Оның малы өзгеден
Өзгеше боп өсер тел.

Ал берекесіз, бірліксіз елдің сиқы мынадай:

Берекесі кеткен ел –
Суы ашыған батпақ көл.
Құс қанкылдап, жағалап,
Сулай алмас жазғы төл...
Көл деп оны кім жайлар.
Суы құрсын, ол – бір шөл *(I, 94)*.

Қарапайым халықтың ұғымына түсінікті болуы үшін Абай өзінің киялындағы берекелі ел мен оның карама-қарсы бейнесін осындай көріністер арқылы суреттейді.

Өзі ортасынан шыққан үстем таптан қол үзіп кеткенде Абай – халыққа, еңбек иесі көпке келді, соның жоқшы-жыршысы, мұңшысы болды. Сондықтан да ол өз шығармашылығында еңбекші халықтың азапқа толы, азалы өмірін мейлінше шынайы әрі жаны ашып тебірене, күйзеле отырып суреттеді. Абай өлеңдерінен халық өмірінің кең көріністерін ғана байқап қоймаймыз, сонымен қатар оның арманы мен үмітін танимыз, қайрат пен жігерге, ашуызаға, қасиетті мұңға толы үнін есітеміз. Сөйтіп, патриот-ақын сол кездегі «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар жалмауыздардың» дүниесіне қарсы өзінің кекті даусын көтерді, халық мүддесін қорғады.

Туған халқын бар жүрегімен сүйген, оның алдынғы қатарлы ел болуын қалтқысыз аңсаған Абай «қалың елі – қазағының» бейуақыттағы сорлы тағдырына күйінді, оның надандығы мен қараңғылығына жаны күйзеле налыды. Патриот ақынның көп өлеңдері өз халқының тағдырын ойлап толғанудан туған азалы арман мен қасиетті шерге толы болып келеді. Сол өлеңдерден біз ақынның таза көз жасын

көреміз, оның мұң-наласын, шер-шеменін сеземіз. Философиялық терең мазмұнға әрі лирикалық сыр-сазға толы «Сегіз аяқ» атты белгілі өлеңінде Абай «тәні ауырмай, жаны ауырғанын», «көкірегі тарылып, жүрегі қысылғанын», жас төккенін айта келіп, өз жанының мынадай бір күрсіністі күйін шертіп кетеді:

Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Мақсұт – алыс, өмір – шақ.
Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр қожақ?
Кеш деп қайтар жол емес,
Жол азығың мол емес *(I, 90-91)*.

Бұл сөздерде үлкен мән бар. Расында да, Абай арман етіп күрескен мақсұт қаншалықты қасіретті болса, сол дәуір үшін ол соншалықты алыс та болатын. Өзі армандаған мақсұтқа жету үшін қайрат-күші де аз екенін, өмірі де шақтаулы екенін Абай саналы түрде, терең түсінген. Бірақ патриот-ақын сол игі мұраттың түбінде бір орындалатынына қалтқысыз сенді және сондықтан да сол мұрат жолындағы күреске оның бар қиындығына төзіп, қобалжымай, бекем кірісті. Өйткені арман мен үмітке толы, бірақ алыс та қиын бұл сапар – «кеш деп қайтар жол емес» екенін Абай жақсы таныды және сол жолдан өмірлік һәм шығармашылық сапарының ақтық сағатына дейін тайған жоқ. Ақын поэзиясының жоғарыда аталғандай шерлі шыншылдығымен, сыршылдығымен қатар өзінің оптимистік қуатын жоғалтпайтындығы да осыдан.

Тарих қанша талантты болғанымен, өз мұңына ғана мұңайған, өз бақытына ғана мәз боп қуанған ақындарды аз білмейді. Бірақ өздері үшін ғана жырлап өткен ондай ақындар тұтас адам баласына да, қоғамына да пайдасыз, қажетсіз. Қамқасіреті мен шабыты тарихтың, дәуірдің шындығынан нәр алған, сонымен біте қайнасқан ақындар ғана өз қауымының, өз заманының, бүкіл адам баласының өкілдері бола алады. Осыны Абайға байланысты айтуға да әбден болады. Ұлы та-

лантына қоса ол өз дәуірінің ұлы азаматы, қайраткері де болды. Ол халықтың өкілі, халықтың ақыны еді.

Туған халқының ғасырлар бойы жасалып, жаңғырып келген қолтума сөз өнерінің мөлдір қайнарынан мол сусындауы – Абай поэзиясының халықтық бағдарын айқындаған белгілердің бірі. Бірақ бұл ең басты, шешуші шарт бола алмайды. Ұлы ақын өз халқының ілгері ұмтылған талабын, ой-арманын қалай бейнеледі? Ұлттық мәдениетті дамыта түсуге оның сіңірген еңбегі қанша? Өз халқының рухани қазынасын ол қаншалықты молықтырды? Оның шығармашылығының дәуірге, халықтың тарихи тағдырына тигізген әсері қандай? Міне, ақын поэзиясының халықтық негізі мен бағытын ашқанда баса назар аударылатын ең негізгі, түбегейлі мәселелер осы болмаққа керек. Осы қасиеттердің қай-қайсысын да Абай шығармашылығынан соншалықты мол табамыз. Ол өткендегі ақындық дәстүрлерді терең игере, барынша дамыта отырып, өз халқының идеялық-эстетикалық дамуын жаңа сатыға көтерді.

Академик-жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, Абай халықтан алған идеялық-көркемдік қазынасын өсіріп, жаңа мазмұнмен молықтырып халықтың өзіне қайтып берді. Халықтың тарихи дамуына бұл соншалықты қажет еді. Абай шығармашылығы қазақ мәдениетіне баға жетпес қазына болып қосылды. Халық ұлы ақынының шығармаларын өзіне мирас етті. Өйткені оның шығармашылығы – сол кездегі халық рухының асқан көркем әрі мейлінше терең көрінісі болатын. Абай туындыларының халықтығы да осында [16].

Ақын поэзиясының халықтық сипаты мейлінше терең. Абай шығармашылығының халықтығы туралы мәселе оның осы тақырыпқа арналған, халық тұрмысын, оның ой-арманын тікелей суреттеген шығармаларымен ғана шектеліп қалмайды. Философиялық әлеуметтік немесе махаббат лирикасында да, ғибрат өлеңдері мен сатирасында да, поэмалары мен қара сөздерінде де, тіпті аудармаларында да Абай – нағыз халық ақыны.

Осы тұрғыдан алғанда Абай данышпан сыншы Белин – скийдің қандай да ұлы реалист-суреткердің шығармашылығы халықтың ой-санасының көрінісі болумен бірге ха-

лықтың сол ой-санасына ықпал жасайтын құрал болуға тиіс деген түбегейлі талабына барынша сайма-сай келеді. Шығармашылығының осы қасиетін Абайдың өзі де терең түсінген. Өткен ғасырдың аяқ шенінде жазған бір өлеңінде Абай өз сырын былайша толғайды:

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.
Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қанымменен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.
Жұртым-ай, шалқактамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді.
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.
Адасып алаңдама, жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық, камалмай,
Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай *(I, 173)*.

Өзі айтқандай, бұл тақырып Абай поэзиясының ең бір өзекті желісін құрайды. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде басталған, мейлінше терең белгі берген патриоттық, халықтық сарын әрдайым үзілмей, күшейе түсіп келіп осы тұста жаңа сапа табады. Абай халық жайын «көз жасы, жүрек қанын» төге отырып жырлап қана қойған жоқ. Сонымен бірге ол халықты «түзу жолға» шығуға шақырды. Өз дәуірі үшін бірден-бір дұрыс сол жолды ол данышпандықпен болжай да білді. Бұл – өнер-білімге, прогреске, жарыққа ұмтылу, орыс халқымен достасу, қалың көпшілікті, ақын тілімен айтқанда «жұртты» рухани жағынан жетілдіре түсу жолы еді.

Реалистік әдебиеттің міндеті – өмір құбылыстарын, заман сипатын шынайы бейнелеу. Оның, яғни реалистік әдебиеттің әлеуметтік маңызы, қоғамдық мәні де осы арқылы

белгіленеді. Бұл міндетін ол қоғамды да, адамды да нақтылы әрі тығыз байланыста алып суреттеу арқылы ғана орындай алады. Абай поэзиясы – осындай реалистік көркем өнердің тамаша үлгісі. Өйткені Белинский айтқандай, ол өз халқының бел баласы еді, шығармаларының мән-мазмұнын да халық өмірінен алды, суреткерлік талантын да халықпен біте қайнасу арқылы қалыптастырып өсірді, шыныктырып кемеліне келтірді.

Ұлы халық ақыны болғандықтан Абай нағыз ұлттық ақын да бола алды. Ұлттық дәстүрден тыс, ұлттық нәр-нақыш пен колориттан, рухтан тыс шынайы шығарма тумайтындығын ақыл-ой алыптары талай рет айтқаны мағлұм. Өйткені көркем өнер белгілі ұлттық формадағы шындықты бейнелейді. Ал әрбір ұлт – бүкіл адам баласының бөлінбес бір бөлігі. Сондықтан көркем өнерде халықтық элемент бүкіл адамзаттық элементпен тығыз байланысты болуға тиіс. Бұл жайындағы Белинский пікірі мынадай: «Асылында, бүкіл адамзаттық әдебиет дәрежесіндегі әдебиет қана шын мәнісіндегі халықтық әдебиет... Бұлар бірі-бірінсіз өмір сүре алмауға тиіс және өмір сүре алмайды да» [17,308].

Абай поэзиясында да осы екі қасиет терең тоғысты. Өз халқының шын мәнісіндегі ұлы ақыны, нағыз ұлттық ақыны болған Абай бүкіл адамзаттық мәдениетке үлес қосты. Абай реализмінің ең бір жарқын қырын, яғни оның поэзиясының халықтығын сөз еткенде бұл жайға айрықша назар аударылуға тиіс.

Абайдың реализмі, халықтығы ақын шығармашылығының жаңашылдық сипаты болумен бірге қазақ халқының жалпы рухани мәдениетінің жаңа сапада дамуына айрықша жағдай жасады.

IV

Абайдың реализмі негізінен лирикалық поэзия саласында әсіресе молырақ, терең көріністе берді. Бұл заңды да. Ол өзінің нағыз ұлы, классикалық шығармаларын осы жанрда жазды.

Лирикалық поэзия, яғни лирикалық өлең-жыр ауыз әдебиетінде де, жекелеген ақындардың шығармашылығында да мол ұшырасатын. Солардың ішінде реалистік сипатта шығарылғандары да болатын. Бірақ оларда, М.С.Сильченко айтқандай, стихиялық реализм басым еді. Ал Абай онымен шектелмейді. Сыншыл реализмді өзі негізін қалаған жаңа әдебиеттің шығармашылық әдісі етіп қалыптастырған Абай лирикалық поэзияны классикалық әдебиеттің дәрежесіне көтерді.

Абай лирикасының халық поэзиясындағы лирикадан ең басты, негізгі бір ерекшелігі де осында. Орыс әдебиетінде Пушкинге дейін де талай-талай ақын болғаны мағлұм. Бірақ Белинский форманың мінсіздігі мен ішкі субъективтік сырсезімді білдіру мағынасында алғанда орыстың лирикалық поэзиясы Пушкиннен басталды деп санайды [3,51]. Осыны Абай поэзиясына байланыстыра айтудың да әбден орны бар.

Лирикалық халық поэзиясында адамның көңіл-күйлері, жүрекжарды сырлары бір пара мол жырланғанымен, онда эпостық сарындар, эпикалық мезеттер, әсіресе сырттай бақылаушылық аралас-құралас келіп, әйтпесе тіпті басым болып, өктем түсіп те жататын. Ал шын мәнісіндегі лирикалық поэзияның қасиеті қандай? Оның ең басты ерекшелігі неде? Бұған жауапты тағы да Белинскийден табамыз: «Сөйтіп, лирикалық шығарманың мазмұны объективтік оқиғаның дамуы емес, қайта субъектінің өзі және соның өн бойынан өтетін жәйттер. Лириканың шағындығы да осыдан келіп туады: жеке шығарма өмірді тұтас қалпында қамти алмақ емес, өйткені субъект бір ғана сәттің ішінде сан түрлі боп құбылып сала бермейді. Әр адам әр алуан мезетте әртүрлі мазмұнға толы. Рухы қаншалықты бай болғанымен, ол соны бірден қамтымайды, жеке-жеке түрде, шетсіз-шексіз мезеттерді қамтиды. Бүкіл әлем мен өмірді қозғаушы қуатты тетіктер – субстанция атаулы, әрбір идея, әрбір ой барлығы да лирикалық шығарманың мазмұнын құрай алады. Бірақ сол жалпылама құбылыс субъектінің өз игілігіне айналуы, сезім түйсіктерімен етене араласып кетуі, оның болмыс-бітімінің бір қырымен ғана емес, бар қырымен байланысты болуы шарт. Көңілді қызықтырып, толғандырар, қуантып

яки камықтырар, рахатқа батырып немесе азапқа салар, жұбатар әйтпесе түйткіл түсірер нәрсенің, яғни субъектінің рухани өмірінің мазмұнын құрайтын, соның өн бойына даритын, сонда пайда болатын нәрсенің бәрін де лирика өз аясына алады, өзінің заңды игілігіндей көреді. Мұнда заттың жеке-дара күйінде тұк те құны жоқ. Бәрі де – ақынның киял күшімен, түйсігімен сол заттың кандай рухқа, кандай лепке бөлінетіндігінде» [3,45].

Абайдың лирикалық поэзиясы ұлы сыншының бұл пікірін түгелдей растап шығады. Адамның рухани өмірінің мазмұнын құрайтын құбылыстардың ішінен Абай қаламына ілінбегені жоқ. Сонымен бірге Абай лирикасынан ақынның өз рухы, өзіндік болмысы мен бітімі әрдайым әрі мейлінше зор куатпен сезіліп отырады.

Қазақтың халық поэзиясын көп зерттеген академик В.В.Радлов пен М.В.Готовицкий арабтар өз жыршыларын калай кастерлесе, казактар да өз акындарын дәл солай ардақ тұтатындығын талай рет айткан болатын. Готовицкий казактың лирикалық халық поэзиясын әсіресе жоғары бағалады. Ол халық поэзиясында табиғат көріністерін, асықтардың кауышуы мен айырылысуын суреттейтін лирикалық шағын өлеңдер көп екендігін айрықша атайды [18,30].

Абай өз халқының осындай лирикалық поэзиясымен тығыз байланысты болды. Академик М.С.Сильченко айткандай, «Лирик Абайды халық поэзиясымен, бұқарашыл акындармен байланыстыратын – олардың өмірлік маңызы бар тақырыптарды ортак камтығандығы, сыр-сезім мен көңіл-күйлерін жырлаудағы табиғилық пен көркем шыншылдық, форманың әуезділігі. Абайдың өзгешелігі тақырыпты өзінше шешуінен, халықтың шығармашылық тәжірибесіндегі ең кемел поэзиялық нәрсенің бәрін екшеп ап өңдеуінен көрінеді» [7,37-38].

Сонымен бірге Абайдың сол тақырыптарды жырлауы идеялық және көркемдік тұрғысы да мейлінше тың, терең сипат танытады. Әйтпесе, оның заман шындығын, халықтың өзіндік мұраты мен мүддесін бейнелейтін типтік тұлғалар жасай алуы неғайбыл еді. Бұл өз поэзиясында ақынның түбегейлі мәселелер козғағандығына да байланысты болатын.

Өзінен бұрынғы ақындардың шығармашылығында, халық поэзиясында ұшырасатын дәстүрлі тақырыптарды қайталап жырлағанда өзгеше шешім тапқан Абайдың әдебиетке заман талабына орай өзі әкелген тың тақырыптары ұшан-теңіз. Өзінің реалистік, жаңашылдық шеберлігін, жаңа тұрпатты лирик екендігін Абай сол тың тақырыптарды идеялық әрі көркемдік жағынан игеруде әсіресе айқын көрсетті. Мұның да заңдылықтары бар.

Белинскийдің тұжырымдауынша, «лирикалық поэзия өмір мен ой-сананың бар сатысында, бар дәуірде, бар ғасырда туып отырады. Бірақ эпостай емес, оның гүлденіп толысар шағы халықтың бойына субъективтік қасиет бітуіне әрі карапайым ұнамды шындықтың болуына орайлас келеді» [3,46]. Ұлы сыншының ойынша эпос барынша толық, көл-көсір дамыған шақта, сананың балаң кезінде лирикалық поэзия өзінің кемел дәрежесінен әлдекайда алшақ тұрады. Яғни лирикалық поэзияның нағыз көркем өнер арнасына тартылуы халықтың рухани тілек-талаптарының, заман талабының тереңдеп кеңейе түсуіне байланысты. Абай поэзиясы да осы негізде туды. Ақынның бүкіл шығармашылығы тәрізді, лирикалық поэзиясы да сол дәуірдің шындығымен әрі қоғамның даму бағдарымен тікелей байланысты.

Тіпті халық өмірін, әлеуметтік тақырыптарды тікелей жырламаған, өз басының күйлерін шерткен шығармаларында да Абай поэзиясының бұқарашылдық сипаты, қоғамдық қасиеті барынша айқын танылып отырады. Бұл ретте Белинскийдің Лермонтов өлеңдерін талдай отырып айтқан мына бір әйгілі пікірлерін келтірмеске әддіміз жоқ: «Ұлы талант иесінің бойында ішкі, субъективтік элементтің мол болып келуі – адамгершіліктің белгісі. Бұл бағыттан тая соғып жүрмеңіздер. Ол сізді алдамайды да, адастырмайды да. Ұлы ақын өзі туралы, өзінің мені туралы айта отырып, жалпы адам баласы туралы айтады. Өйткені оның табиғатында адам баласы тірлік етіп, тыныс тапқан жайдың бәрі бар. Сондықтан оның қам-қасіретінен әркім өз қайғысын сезеді, оның жанынан әркім-ақ өз жан-жүрегінің лүпілін таниды әрі оны ақын ғана емес, адам, туыстас бауырым деп біледі» [19.670-671].

Осы сөздер Абайға да тұп-тура арналып айтылғандай. Расында да, Абай поэзиясында мол ұшырасып отыратын жеке бастың мұң-наласынан туған трагедиялық күйлер мен ақынның жүрек жарды ағыл-тегіл сырлары – сол кездегі қоғам дертінің көріністері, халықтың да көкірегін қарс айырған ащы зар болатын. Осы белгісіне қарап біз Абайдың қазақ ақыны екенін, ізгі де қасиетті, асқақ мағынадағы халық ақыны екенін танимыз. Өйткені оның өз бойында, шығармашылығында қазақ қоғамының тарихи бір кезеңі көрініс тапты.

Абай өлеңдерінде өмір мен поэзияның негізін құрайтын күш-қуат пен элементтің бәрі бар. Ақынның құдіретті рухы мен нәзік жаны өз аясына өмірдің бар құбылысын алды, бәріне де сергек сезімталдықпен үн қосты, тіл қатты.

Лирикалық поэзияның түрлері өз шығармасы үшін таңдап алған жалпы мазмұнға ақынның қатынасы қандай екендігіне тікелей байланысты туатындығы мағлұм. Абай лирикалық поэзияның сан алуан түрлерімен жете таныс болып, олардың жанрлық ерекшеліктерін жете игергенімен, өзінің шығармашылық тәжірибесінде соның бәрін пайдалана берген жоқ. Оның поэзиясында жылымшы дифирамб, майда тілді ода атымен ұшыраспайды. Өйткені өз кезіндегі әлеуметтік жағдайларға, өмір шындығының сұрықсыздығына улы тілін аямай сұғып, қоғамның бойындағы дертті кеселдерді айықтырмақ болған ақынның осылай етпеске еш әдді жоқ еді.

Абайдың лирикалық поэзиясында дидактизм мол. Бұл – қазақтың классикалық ақыны поэзиясының айрықша бір ерекшелігі. Кейбір зерттеушілер мұның түп төркінін Абайдың Шығыс поэзиясымен жақындығынан іздейді. Мұнда дәйекті негіз жоқ. Абай поэзиясындағы дидактикалық сарындар оның халық поэзиясымен етене байланыстылығынан және ағартушылық мақсатынан келіп туды. Оның халықты ояту, елді өнер-білімге бастау, соған жар салып үндеу тақырыптарына арналған өлеңдерінің бірталайы осы ерекшелікті жақсы танытады.

Ал шығармашылығында реалистік принциптер неғұрлым тереңдеген сайын Абай поэзиясындағы дидактикалық сарындар да соғұрлым азая түседі. Дәлірек айтқанда, ақынның

ғибратты ойлары тұп-тура, тікелей айтылмай, жанды да көркем бейнелер арқылы беріліп отырады. Абайдың классикалық поэзияның шыңына көтерілген ақындық жолын, іздену бағдарын шолып шыққанда мұның ақиқаттығына әркімнің-ақ көзі жетеді.

Абайдың лирикалық поэзиясы тақырып пен мазмұнға, көркемдік келісімдерге мейлінше бай болумен бірге жанрлық жағынан да сан салалы болып келеді. Оның поэзиясында әлеуметтік-саяси лириканың, ғашықтықтың, яғни махаббат лирикасының, пейзаждық лириканың, уытты да өткір сатираның, философиялық лириканың классикалық небір үлгілері бар. Халық поэзиясында, әсіресе үлкен жыраулардың шығармашылығында мол таралған толғау жанрын көркемдік жағынан қайта қорытып, өзгерте отырып, Абай соны философиялық лириканың деңгейіне дейін көтерді.

Абайдың лирикалық поэзиясында аллегория, символ түріндегі өлеңдер де, реквием мен баллада да бар. Мысалы, «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында», «Аска, тойға баратұғын» тәрізді өлеңдер – балладаның тамаша үлгілері. Соңғы өлеңді алып қаралық. Ұзақ уақыт бойына Лермонтовка таңылып кеп, қазір қазақ ақынының өзінше жырлаған өлеңі деп танылып жүрген бұл шығарма суреттейтін оқиғасының сырсипатымен де, көркемдік тәсілдерімен де, жанрлық ерекшеліктерімен де – бір ерекше туынды.

Өлеңде қалыңдық таңдап, жар құшқалы жүрген батырдың тойын тастап, жауға аттанғаны баяндалады. Қалыңдығы қала береді. Бірақ ақын айтқандай, «тірі адамның ісі – үміт». Батыр қайтып келер деп қалыңдығы асыға, алабұрта күтеді:

Қалыңдық құшып, сүюге
Күйеуіне ынтызар.
Келісімен тиюге,
Дайындалған ойы бар.
Көйлегін ақтан тіккіштеп,
Күні-түні дем алмай,
Бітіруге жүр күштеп,
Асыққансып, тоқталмай.

Бірақ ол асыққанымен, тағдыр өз дегенін істейді. Батыр қайтып оралмайды, жау қолынан қаза табады:

Жара басты кеудені,
Жаудан өлді ар үшін.
Ескермей өзге дүниені,
«Ah» деп өтті жар үшін.
Жамандық тұрмас күттіріп,
Ел есітті, қыз білді.
Ақ көйлекті бітіріп,
Кебінім деп киді, өлді...

Оқиға осымен үзіледі де, одан әрі ақын өз ойларын былай түйеді:

Қол жетпеген некені
Сүйіп кеткен жан екен.
Көзің неге жетеді,
Қосылмақ онда бар ма екен?
Шын ғашық жар болса,
Неге өлдім деп налымас.
Онда екеуі кез келсе,
Бірін – бірі танымас *(I, 125-126)*.

Өленде діни-романтикалық сарын байқалғанымен, оның идеялық тынысын айқындап тұрған – басқа жәйт. Шынайы махаббатты, оның пәктігі мен айнымас та азбас тұрақтылығын мадақтайтын ақын елдікті, ар мен намысты, патриоттық сезімдерді бәрінен де жоғары қояды. Ұлы сыншы Белинскийдің: «Балладада ақын қиял-ғажайып және халықтық аңызды алады немесе сол тектес оқиғаны өзі ойлап табады. Бірақ баллададағы ең басты нәрсе оқиға емес, қайта сол оқиғаның оқушыға салар ойы, қозғайтын сезімі» [3,50] деген пікірі Абай балладаларына да соншалықты жанасымды екенін байқау қиын емес.

Абай қазақ әдебиетінде шын мәнісіндегі лирикалық поэзияның негізін салды, оны жанр жағынан өлшеусіз молықтырып түрлендірді, классикалық дәрежеге көтерді.

V

Қазақ әдебиетінде реализмнің негізін салған кемеңгер Абай осы шығармашылық әдістің сыр-сипаты, ерекшелігі жайында да көп ойланып, көп толғанған. Теориялық, ойшылдық тұрғыдағы сондай шығармашылық принциптер ұстанбаса, ол бұл әдісті практикалық жағынан да жүзеге асыра алмаған болар еді. Әдебиет пен көркем өнердің мәні мен ерекшеліктері, оның қоғам өмірімен байланысы туралы Абай арнаулы теориялық еңбектер, трактаттар қалдырған жоқ. Бірақ оның көптеген өлеңдері тұтас алғанда сондай трактаттарға бергісіз. Яғни Абайдың реалистік әдебиет туралы, оның әлеуметтік бағыты мен халықтығы, көркемдік қырлары туралы ойлары ақынның поэзиясында соншалықты айқын көрініс тапқан. Солардың бәрі ұласа, қосыла келіп, Абайдың эстетикалық көзқарастары жайында недәуір мағлұмат береді.

Халықтың эстетикалық көзқарасы, әдемілік пен сұлулық туралы ұғым-түсініктері оның бай ауыз әдебиетінде, айтулы ақындарының өлең-жырларында көрініс тапты. Мұны «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» деген атақты өлеңінде Абайдың өзі де жақсы аңғартады. Сол сияқты, халықтың мақал-мәтелдерін зерттеп, екшей отырып, мәнділерін пайдалануы да – ақынның халық шығармашылығындағы эстетиканың элементтеріне айрықша назар аударғандығының белгісі.

Поэзия туралы, ақын туралы тақырып Абай шығармашылығының бүкіл өн бойында жүріп отырады. Бұл тақырып «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» атты өлеңдерде-ақ бой көрсетеді. Бірақ аллегория формасында жазылған бұл өлеңдерде аталған тақырып жанамалап қана өтеді.

Ал «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» өлеңдерінен бастап Абай өзінің ақындық декларациясын, эстетикалық принциптерін бар дауыспен әйгілеп, жар салады.

Абайдың осы өлеңдерді шығармашылық сапарының алғашқы кезеңінде жазуы да тегін емес. Реалистік поэзия жасауға қайтарусыз, қалтқысыз ден қойған ақын соның

негізгі сипаттары қандай болмақ керектігін терең барлап, айқындап алмақ. Мұндай поэзияны жасау жаңа типті ақынның ғана қолынан келмек.

Осы өлеңдерден Абайдың әдебиет, сөз өнері қашан да әлеуметтік тайталас-тартыстың құралы болғанын соншалықты терең түсінгенін байқаймыз. Өзіне дейінгі қазақ поэзиясының өткеніне көз салғанда Абайдың «жерден алып, жерден салып», жирене түңілетіндері – байды мақап, сөз қадірін кетірген, өнерді халтураға айналдырған ақынсымақтар, тілін безеп құр ділмарсыған билер:

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы,
сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап *(I, 67)*.

Мұнда Абай бүкіл қазақ атаулы, яғни халық өлеңді бағаламайды, қадір тұтпайды деуден аулақ. Сонымен бірге ол сатымсақ, қайыршы ақындар халықтың эстетикалық талғамын мұқалтумен болды деген ой ұшығын сездіреді. Сол қауымды енді оның өзі түземек.

Абай осы өлеңінде енді ақындарды жай ғана сынай қоймайды, соларға өзін тұп-тура, ашықтан-ашық қарсы қояды. Ондағы мақсаты – әрі өзінің ақындық программасын анық таныту әрі халықтың көркемдік талғамын ояту, ұштай түсу. Өлеңнің: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген бір жолының өзінде қанша мағына, қандай терең астар бар. «Сөз түзелді» деген тіркес арқылы Абай өз ақындығының қадір-қасиетін, жаңашылдық сипатын соншалықты нәзік те қарапайым жеткізіп айта алған.

Жазба әдебиет әлі тумаған, кітап бастыру таралмаған кезде поэзия ауызша айту арқылы ғана көпке жетпек. Абай

оны «тыңдаушы» деп жинақтап атайды. Бұл ретте қазақ ақынының ойы ұлы сыншы Белинскийдің оқырмансыз, қоғамдық пікірсіз, қалың қауымсыз әдебиет те жоқ деген пікірімен орайлас келіп жатқанын айта кетпеске болмайды.

Сонымен бірге Абайдың өз сөзін тыңдаушыға тікелей арнауы, оны түземек болуы – поэзия адамды тәрбиелеудің, оның ой-санасын оятып, рухани жағынан марқайтудың қуатты құралы екендігін қазақ ақыны мейлінше терең ұғынғандығының куәсі. Сол тыңдаушыға ақынның түйіп айтары мынау:

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам, қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап *(I. 67)*.

Сөйтіп, ақын өз тыңдаушысын, яғни халықты әншейін күн өткізерлік маңызсыз әңгімеден аулақ болуға, өмір шындығымен тығыз байланысты реалистік поэзияны ұғарлық, бағалай білерлік дәрежеге көтерілуге шақырады.

Осы өлеңінде Абай сол реалистік поэзияның сыр-сипаты қандай болатындығын да терең ашып береді, тіпті салғаннан содан бастайды:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы *(I, 66)*.

Осы шумақтарда Абайдың эстетикалық ойларының негізгі мәні, оның көркемдік туралы, шынайы поэзия туралы ұғым-нанымы анық белгі береді. Поэзияда мазмұн мен форманың үйлесімін өте-мөте қадағалап, капы жібермеуді

қатты көздеген Абай көркем шығарманың мазмұнды, яғни идеялы болып келуіне әсіресе мол, айрықша зер салады:

Өленге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да олардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс – сөз жақсысын
Қазақтың келістірер кай баласы? *(1,66).*

Абай шығармашылығын көп зерттеген М.Әуезов, М.С.Сильченко, Қ. Жұмалиев сияқты ғалымдар ақын мазмұнды бірінші орынға қоятындығын талай рет көрсеткенді. Мұны Абайдың өзі де ашық айткан. «Іші алтын, сырты күміс – сөз жақсысы» деген бір жол өлеңде соның бәрі бар. Осылайша, іші-сырты үйлесіп келген сөз ғана – жақсы сөз. Абай «жақсы сөз» деген тіркесті – «реалистік поэзия» деген мағынада қолданады. Сондықтан ол осындай поэзияның көркемдігі үшін қажет шарттарды да жеткізіп, саралап айта алған. Ақын ойынша мұндай поэзия карапайым («тілге жеңіл»), әсер күші мол («жүрекке жылы») әрі олпы-солпысыз, көркемдік жағынан әбден шыңдалған, шын шебердің қолымен қырланған, кемеліне келген («теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы») болуға тиіс.

Абай «бөтен сөз» дегенде поэзияның идеялық та, көркемдік те мінін айтады. Сондай «бөтен сөзге» бой алдырған ақын – ақын емес, білімсіз де бишара біреу. Поэзияда иненің жасуындай, зәредей жалғаншылыққа төзбеген әрі осы принципті өзі де бекем ұстанған Абайдың басқаларға да сондай талап коюы әбден заңды. Осы талап «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» өлеңінде де катты сақталған:

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы *(I, 69).*

Ұлы ақын шын поэзияда тіпті әр сөз ұнасып, үйлесіп келетіндігін, өз орнында тұратындығын айтады. Сонда ғана он-

дай сөз идеялық-көркемдік жүк көтереді. Сондай поэзияны түсіне алу, бағалай білу де шарт.

Поэзияны, көркемдікті дербес күйде, бөлектеп алып қарау Абай эстетикасына жат. Ол «көркемдік көркемдік үшін», «көркемөнер көркемөнер үшін» деген принциптен аулақ. Абай эстетикасының тереңдігі мен құндылығы оның шығармашылық принциптерінің әлеуметтік айқын бағдарымен тығыз байланысты. Мұны ақынның өзі тамаша аңғарткан:

Максұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ *(I. 70)*.

Бұдан артық айту қиын. Ақын әуел бастан, яғни шығармашылық сапарының ең алғашқы қадамдарынан бастап-ақ арзан күлкі, ермек іздеуден аулақ. Ол шығармашылық сапарына үлкен максұтпен, салиқалы оймен түскен. Сондағысы надандардың көзін, тіпті көкірек көзін, жан сарайын ашу, оларды өнер-білімге бастау. Бұл бұл ма – ақын тіл ұстартуды, яғни халықты көркем сөзге жақындатуды, оның тілін қалыптастырып, жетілдіруді көздеген. Бұл міндет ақынның ақынының, яғни Абайша айтқанда «ер данасының» ғана қолынан келеді.

Әдетте Абай өлеңіндегі осы образға – ақын образына жете назар аударыла бермейді. Бұл айтылған образ өзінің ғажайып жаркын бітіміне, жаңа сипатына қоса Абайдың Белинскиймен үндесіп жатқандығын да аңдатады.

Ұлы сыншы өзінің «Кольцовтың өмірі мен шығармалары туралы» атты мақаласында былай деп жазады: «Данышпанның аты – миллион. Өйткені ол миллиондардың үміті мен талабын, қуанышы мен қасіретін өз кеудесіне сыйғызған. Оның идеялары мен идеалдарының жалпыға бірдей ортақтығының мәні сол – оларға жұрттың бәрі ділгір, сол идеялар мен идеалдар белгілі бір топтар үшін емес, тұтас бір халық үшін және сол арқылы бүкіл адам баласы үшін өмір сүреді» [1,131].

Сөйтіп, Белинский данышпан ақын халықтың идеалын, арман-максұтын білдіруші деп біледі. Осы ойдан Абай да

алыс кетпейді. Абайдың «ер данасы» – тек шығармашылық азабын кешуші шебер ғана емес, халықтың мұрат-мүддесі мен қам-қасіретін өз жүрегіне жиған күрескер-ұстаз да. Осындай ақынның образы Абайдың бүкіл шығармашылығының ұзына бойына жүріп отырады.

Өйткені реалистік шеберлігі неғұрлым шыңдала түскен сайын Абай бұл тақырыптың жаңа қырларын ашып, оны соғұрлым тереңірек, молырақ қамтып жырлады. Сондай өлеңдерінің бірі – «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін». Барлай қарағанда бұл өлеңнен көп жайды аңғаруға боларлықтай. Мұнда Абай – ең алдымен өз дәуірінің ақыны. Оның үстіне ол – еріккен, ермек куған жыршы емес, әлеуметтік мұрат-мүдделердің ақыны. Сонымен бірге ол ұстаз-ақын. Осының бәрі өлеңнің бірінші шумағының өзінен-ақ айқын аңғарылады:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін *(I, 96)*.

Бұдан бұрынырақтағы поэзиясында «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп халықты тұтас алып, жалпылама жырлаған Абай енді өз сөзін ең алдымен творчество адамдарына, жас ақындарға арнайды. Абайдың «көкірегі сезімді, тілі орамды» деп отырғаны – солар. Абай оларды үлкен өнерге баулиды, тереңге бет қоюға үндейді. Олардың Абай айтқан ойлы сөзді, жаңа сөзді ұғынып, барлап кете қоюы оңай емес, шығармашылық үйрену процесі. Абай мұны да майдаламай, бүркелемей, ашық айтады:

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосансиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей *(I, 96)*.

Өткен ғасырда және жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде қазақ арасында Шығыстың классикалық әдебиеттерінің үл-

гілерімен бірге сопылық, мистикалық сарындағы шығармалар да қоса таралды. Қазақтың бірталай ақындары сол ауысып келген тақырыптарды қайталап жырлап, өз тараптарынан да хикаялар шығарып жүрді. Қазақтың ұлы ғалымы, тұңғыш ағартушысы Шоқан сияқты, кемеңгер Абай да осындай «поэзияның» таралуына барынша қарсы болды, ондай «үлгіге» өзі де әсте қадам баспады. Ақынның осы өлеңдегі:

Сөз айттым «әзірет Әлі, айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз».
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, –

деген шумағында терең мағына бар. Абай діни аңыздардың кейіпкерлерін, шындықтан шалғай адам бейнелерін жырлауға ғана емес, жалпы өлім жырын, о дүние жырын жырлауға қарсы. Адамның ең бір картайған, қалжыраған шағы – кәрілік жайын жырлағанда да адамды түңілтерлік, оның рухын шаршатып, жігерін жасытарлық сарындарға бармау керек. Адамды, оның өмірін мадақтаған, бүкіл шығармашылығын сондай ұлы мақсатқа арнаған кемеңгер Абай өз поэзиясының оптимистік сипатын осы тұста да айқын танытады.

Бұл өлеңде Абай әрбір талант иесі өзінің қабілет-дарынын бағалай білуге әрі соны халық игілігіне жұмсауға тиіс деген түйінге келеді:

Өлеңі бар, өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл, өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер кор болып кетер түзге *(I, 96)*.

Міне, Абайдың шын поэзияға қоятын ең басты талабы, негізгі критерийі – осы. Өнер иесі, талант иесі ақын халықтың өмірімен, арманымен тығыз байланысты болуға, өзінің шығармаларымен соған пайдасын тигізуге, яғни қызмет етуге тиіс. Ондай биікке, сондай тұрғыға көтерілмесе, «есіл өнердің кор болып» кеткені. Сөйтіп, Абай жас ақындарға,

өнер иелеріне ұлағатты ойларын айтып, ұстаздық көрсетті, оларды өмір жырын жырлауға, қоғам мен халықтың ілгері басқан дамуымен, өмірімен етене жақын болып, өлең-жырымен соған әсер етуге үндеді. Бұл – Абай эстетикасының жаңа бір айқын қыры, мейлінше мәнді жыры еді.

Орыстың ұлы сыншысы Белинский шығармашылық еркіндігі суреткердің ілгерішіл заман талабына қызмет етуімен тікелей байланысты екендігін талай рет атап көрсеткен-ді. «Шығармашылық еркіндігі, – деп жазды ол, – со кездегі дәуірге қызмет етумен оп-оңай үйлесе кетеді. Бұл үшін ойқиялды күштеудің, белгілі бір тақырыптарға жазамын деп зорланудың керегі жоқ. Бұл үшін тек қана өз қоғамыңның және өз дәуіріңнің перзенті, азаматы болуың, соның мұратмүдделерін өз бойыңа сіңіруің, өз арманыңды соның тілектерімен ұластыруың керек. Бұл үшін ұғым-нанымды іс-әрекеттен, шығарманы өмірден ажыратпайтын тиімді де таза ақикат сезім, жақсы көру, сүйе білу керек. Жаныңа жағып, көкірегіңе терең ұялаған нәрсе сыртқа жол таппай қоймайды» [20,312].

Жоғарыда аталған өлеңдерінде Абай эстетикасы суреткердің жеке басының еркіндігін оның шығармашылығындағы әлеуметтік тенденциямен тікелей байланыста алып қараған Белинский пікірлерімен орайлас келіп отырады.

Ақын және поэзия, олардың қоғам алдындағы, халық алдындағы міндеті мен мақсаты туралы мәселе Абай эстетикасында айрықша орын алады. Қайсыбір зерттеушілер бұл тақырыптар Абайға дейінгі қазақ поэзиясында болған жоқ деген байлау жасайды. Бұл жаңсақ. Өйткені бұл тақырып халық лирикасында да, жекелеген ақындардың толғаулары мен импровизацияларында да ұшырасып отырады. Ал айтыстарда тіпті мол. Бірақ Абай сол тақырыптарды мүлдем жаңаша жырлады, оған әлеуметтік терең мән берді. Өткендегі жыршылар ақындықты адамның ой-санасынан, тіршілік-тартысынан тыс тұратын әрі дару, кону арқылы бітетін құбылыс деп білді. Бұл хал өлім алдында жатқан Кемпірбай ақынның көңілін сұрай барған Әсетке айтқан әйгілі өлеңінен анық көрінеді. Сонда мынадай шумақтар бар:

Көңілді Әсет келді көтергелі,
Болмайды кеуде шіркін жөтелгелі.
Алып бер домбырамды ана тұрған,
Басымды жастықпенен көтер бері.
Артыма бір-екі ауыз сөз тастайын,
Қонғаның, өлең шіркін, бекер ме еді?..
Әсетжан, осы аурудан өлем білем,
Алланың аманатын берем білем.
Кеудемнен көкала үйрек «қош!» деп ұшты –
Сол шіркін кәрі жолдас – өлең білем...
Басымда қимай отыр біраз тоқтап,
Кетпей жүр бөтен жаққа айналсоқтап,
«Серігім, қош, аман бол, Кемпірбай», – деп
Жылайды бұрынғы өткен күнді жоқтап [21,133].

Ал Абай ақын адам қоғамынан, шындықтан тыс тұрады деп білмейді. Қайта ол ақын өз шабытын шындықтан, өмірдің сұрықсыз көріністеріне қарсы, соның әсемдігі жолындағы күрестен алады деп түйеді. Мұның ақиқаттығын «Адамның кейбір кездері» атты баршаға әйгілі, ғажайып өлеңнен анық көреміз.

Бұл өлеңде Абай суреткердің зертханасын, шабыты оянып, тебірене толқынған күйлерін аша келіп мынадай ғажайып жанды суреттер жасайды:

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға көз салар.
Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға
Шиыршық атар, толғанар.
Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.
Ызалы жүрек, долы қол

Улы сыя, ашы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл...*(I, 204).*

Бұл – поэзия ма, музыка ма, жанды сурет пе? Бәрі де. Өйткені небір абстракциялық сезімдер мен түйсіктерді ақиқат бейнелерге, көркем образ тіліне түсіру арқылы Абай жалпы шығармашылық қайраткерінің басында, жан-жүрегінде болатын күйлерді, шығармашылық азабы мен қуанышын ділмен сезінбек түгіл, көзбен көргендей, қолмен ұстағандай етіп елестете алған.

Оның үстіне осы өлеңдегі ақын образы өзгеше бір алуан. Ол надан ортадан, күйбең тіршіліктен жоғары, асқақ тұр. Бірақ одан бойды алып қашпайды. Қайта ол дүние кірін жуып, рухани әлемді көң-қоқыстан тазартпақ. Ол қыранша биікке самғағанда сол қыранша киян алыска көз тікпек, қырағырақ бола түспек. Ол мұңды да зарлы. Ол неге мұңды, неліктен зарлы? Оның да сырын аңдаймыз. Дүние лас, кір. Оны надандық пен зұлымдық жайлаған. Ақын жаны содан түршігеді, соған кектенеді. Және бұл дәрменсіз қарсылық емес. Ол өз күшіне, өз өнерінің қоғамды да, адам жанын да сауықтырғыш күшіне сенеді, сондықтан да шиыршық атып, толғанады. Сонымен бірге бұл ақын – әйтеуір қарсылық білдіруші, әйтеуір кек қайтарушы емес. Ол – ақылдың, ой-сананың, әділеттің жыршысы, шындықтың жаршысы.

Сөйтіп, мұндағы ақын – жай ақын емес, күрескер ақын. Және ол күрес талқысы қаншама өткір, қысталаң болғанымен, одан іркіліп, тартынбақ емес. Өйткені ол майданға белін бекем буынып түскен.

Көптеген зерттеушілер Абайдың бұл өлеңін Пушкин мен Лермонтовтың осы тақырыпқа арналған әйгілі өлеңдерімен салыстырады, бірақ соларға жалаң да жадағай еліктеуден тумағанын, қайта қазақ ақынының өзінің шығармашылық көрігінде шыңдалып шыққан бел туындысы екенін айтады. Мұнда Абайдың Пушкин, Лермонтов тәрізді ұлы ұстаздарымен, сырластарымен үндес келіп жатқаны даусыз. Сонымен бірге Абай өлеңіндегі ақын бейнесі Чернышевскийдің эстетикасындағы талаптардың деңгейінен әсіресе дәл шы-

ғады. Ұлы сыншы, асқан ойшыл Чернышевскийдің тұжырымдауынша, әдебиет немесе көркемөнер шындықтың елеулі, маңызды сипаттарын суреттеп қана қоймай, соған өз үкімін де айтады. Ол объективист-суреткерді, енжар да салғырт суреткерді мойындаған емес. Чернышевскийдің ұғымынша, суреткер тек талант иесі ғана емес, күрескер де болуға тиіс. Оның жек көруі немесе ұнатуы өмірлік фактілерді іріктеп алуынан байқалмай, белгі бермей қалмақ емес. Бірақ мұнымен де іс тынбайды. Суреткер сол фактілердің мән-мағынасын жіті барлауға, терең ұғынуға тиіс. Оның ойынша «ақын немесе суретші – ең алдымен адам, солай болмауы мүмкін де емес. Сондықтан да ол, мұны құй қаласын, құй қаламасын, суреттеп отырған құбылыстарына үкім айтпай тұра алмайды. Бұл үкім оның шығармасында көрініс табады...» [22,86]

Ұлы Абайдың ойы да осы биіктен табылады. Оның өлеңіндегі ақын, яғни «ызалы жүрек, долы қол» өз қаруы– «улы сыя, ащы тілді» надандық пен зұлымдыққа аямай төгеді, аямай сұғады. Мұның біреуге ұнауы, біреуге ұнамауы ықтимал. Бірақ ақын алаңдамақ емес, жалтақтамақ емес, өз үкімінен танбақ та емес. Өйткені ол – шыншыл-ақын, күрескер-ақын, қоғамды да, адамды да сауықтырушы, айықтырушы емші-ақын. Абай нағыз халық ақыны, реалист-ақын осындай болуға тиіс деп білді.

Абай бұл өлеңінде күрескер-ақынның бейнесін жасаумен бірге шығармашылық процесін, шабыт процесін де суреттегендігі жоғарыда айтылды. Ал қазақ классигі осы процесті қалай ұғынады, қалай сезінеді? Абай ақындық шабыттың оянуын, шамырқанып шиыршық атуын – стихиялық процесс, тылсым күй, жұмбақ жайт деп санамайды. Қайта, ол шығармашылық актысын – саналы түрде жүзеге асатын акт, өмір шындығын танып-білу процесі деп түсінеді. Бұл – «қуатты таланттарда шығармашылық актысының өзі өмір шындығының бар тереңін қамтиды» [22,86], деген Добролюбов тұжырымына тұп-тура келеді.

Абай эстетикасында оның ән-күй жайында, өз халқының музыка мәдениеті жайында айтқан ой-пікірлері де айрықша орын алады. Өзі де асқан композитор болған Абай туған халқының музыка өнерін, оның қолтума ерекшеліктерін мей-

лінше терең түсінген. Ол қазақтың шалқар даласындай кең тыныстық, мол үнді шырқап салынатын халық әнін былайша сипаттайды:

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды...

Көбінесе ән басы келеді ашы,
«Кел, тыңда» деп өзгеге болар басшы.
Керім толған, тауысар қаңғыр – күңгір,
Сол жеріне ойынмен араласшы *(I, 202)*.

Абайдың ойынша, ән-күй, яғни музыка ойлы адамға тіл жетпес ләззат беріп, рахатқа бөлейді. Сонымен бірге Абай музыка – адамды тәрбиелеудің, оның жүрегі мен ой-санасын оятудың құралы деп біледі:

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар...

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда көңілдің өсері бар...

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы – мұңға жуық.
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық *(I. 202-203)*.

Поэзияны еріккеннің ермегі емес, әлеуметтік күрестің құралы деп түйген Абай ән-күй жайындағы ой-пікірлерінде де осы принциптен танбайды. Сонымен бірге ол жақсы музыка адамды жан-жақты тәрбиелеудің, оның жеке басын жетілдіре түсудің, табиғаттағы және өмірдегі әсемдікті сезіне, ұғына

білуге баулудың да құралы деп біледі. Осы ойын ақын «Құлактан кіріп бойды алар» атты өлеңінде тереңдете, өсіре отырып жырлайды. Музыка өнері жайындағы ой-пікірлері Абайдың бұл салада да мазмұн мен форманы тығыз байланыста алғанын, үйлестіре қарағанын қапысыз танытады.

Өзінің эстетикалық көзқарастарында ойлылық пен көркемдік элементтерін ажырамас тұтастықта алып, айырмай карауы Абайдың бұл ретте де орыстың классик ақын-жазушыларымен, ойшылдарымен табысып, туысып жатқандығын анық көрсетеді.

Қазақтың жазба әдебиетінің халықтық, реалистік арнада дамуында, дәуір талабына орай өрбуінде Абай эстетикасы айрықша рөл атқарды. Ұлы классигіміздің реалистік поэзия мен көркемөнер жайындағы түйінді, түбегейлі ойлары біз үшін өзінің тарихи да, эстетикалық та мән-маңызын жоғалтқан жоқ және жоғалтпайды да.

IV

Абайдың реалистік поэзиясының ең бір өрісті, өзекті саласы – оның сатиралық шығармалары. Сатира – халық поэзиясында да, жекелеген ақындар шығармашылығында да ежелден бері бар жанр. Бірақ Абай сатирасында дәстүрлік сипаттан гөрі жаңашылдық сипат әлдекайда басым, мейлінше мол.

Сатиралық сарындар Абайдың тұтас, аяқталған, осы тақырыпқа түгелдей арналған шығармаларында ғана емес, әлеуметтік тақырыптарға арналған басқа шығармаларында да, тіпті ғибраттық өлеңдерінде де жиі ұшырасып, ақынның шығармашылығына ерекше бір сипат, реңк беріп отырады.

Абайдың сатирашылық таланты оның алғашқы кездегі шығармаларынан, импровизациялық өлеңдерінен де айқын танылады. Егер «Кім екен деп келіп ем түйе куған», «Шәріпке» сияқты өлеңдерінде ирония, зілсіз кекесін ғана болса, ал «Абралыға» атты өлеңде ақынның ыза-өшпенділігімен астасып жатқан уытты, өткір мыскылы бар. Мұнда ақын «құржан-құржаң етіп» намаз оқи беретін, бірақ сол не оқығанын да дұрыстап білмейтін діндар адамның «пақырлығын», онда «құлақ бар, ми жоқтығын» аяусыз әжуа етеді:

Мен жасымнан көп көрдім,
Мұсылманды, кәпірді.
Абралыдай көрмедім
Намаз білмес пақырды.
Қираһатын оқытып
Көріп едім – шатылды.
Ниет қыла білмейді,
Не қылады нәпілді.
Намазшамның артынан
Құржаң-құржаң етеді.
Жер ұшық берген кісідей
Тоңқандай ма – нетеді.
Нәпіл түгіл, намазы
Бәрі желге кетеді *(I. 17).*

Абайдың алғашқы кездегі арнау өлеңдері сырттай алғанда ауыз әдебиетінде, сондай-ақ Абаймен тұстас талай ақындардың шығармашылығында кездесетін мысқыл өлеңдермен ұқсас, үндес сияқты көрінгенмен, тереңдеп әрі барлай қарағанда олардың арасында іштей үлкен айырмашылық, ерекшелік барлығын аңдау қиын емес. Абай арзан әжуа айтудан, әйтеуір күлкі етуден аулақ. Ол өзі мысқылдап отырған құбылыстың ішкі мәніне тереңдеп үңіледі және сол кеселдің туындап жатқан төркінін тап басып, дәл табады, өзінің ызалы тілінің зілі мен кәрін соған қадайды. Сондай-ақ, Абайдың алғашқы кезеңдегі сатиралық арнау өлеңдерінде нағыз эпиграммаға тән жинақылық пен алмастай тілгір өткірлік те бар.

Өз кезіндегі қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ лирик-ақын болған Абай үздік шыққан сатирик те еді. Қашанда әдебиеттің бағыт-бағдары мен сипаты оны тудырған дәуір сипатымен тығыз байланысты. Сондықтан Абай дәуіріндегі әрі ол негізін қалаған әдебиеттің сатиралық бағыты айқын да өткір болмауы мүмкін емес еді. Солай болып қалыптанды да.

Сөйтіп, сатирик Абай өзінің әшкерелеуші, уытты шығармаларының мазмұнын құраған шындықты, тақырыптар мен идеяларды со кездегі қоғамдық, әлеуметтік құрылыстан тапты.

Екіншіден, Абай өзі көрген, жан-жүрегімен түршіге сезінген сол шындықты қатал қалпында, ашы күйінде, барынша шынайы бейнеледі. Үшіншіден, ақын сол түнек ортаға, қараңғы қауымға үкімші ретінде қарады. Бірақ ол өзінің рухани және адамгершілік поэзиясын ешуақыт әлсіретіп, аласа тартқызған емес.

Абайдың еңсені езген ескілікті, жексұрындық пен ашы шындықты аяусыз сынап, ақтара ашуы оның әсем шындықты, жан-жақты үйлесім тапқан шындықты орнықтырмақ болған максұтына тура, орайлас келді. Өйткені мін-мерезден, содыр-сойқаннан, сан-саң соракылықтан ада болмай тұрып, өмір де, шындық та саф таза күйге енбек емес. Ал ақын сол соракылықтарды нсғұрлым тереңірек қармап, батылырақ сылыған сайын әсемдік пен сұлулыққа, әділет пен адамгершілікке соғұрлым молырақ, әсерлірек қызмет етпек. Белинский айтқандай, өмірдің мін-мұлтіксіз, идеялдық жағын ғана өз туындыларының объектісі етіп алған ақын қандай мақсатқа жетсе, жоққа шығару, бекерлеу тәсілін қолданған ақын да сондай мақсатқа жете алады [23,380]. Осы тұжырымды Абай сатирасына байланысты айтудың орайы әбден бар.

Абай поэзиясының сатиралық, әшкерелеушілік пафосы өте күшті. Бірақ ол әруақыт бір сипатты болған жоқ. Ақын шығармашылығы неғұрлым кемелденіп, биіктеген сайын ондағы сатиралық бағыт та соғұрлым тереңдей түсті. Егер алғашқы сатиралық өлеңдерінде Абай жекелеген адамдардың басындағы, мінез-құлқындағы ұнамсыз жәйттерді мінеп шенесе, енді ол сөз семсерінің өткір жүзін әділетсіз қоғамға және сол қоғам туғызған әлеуметтік кеселдерге тереңірек дарытады. Абай сатирасындағы бұл ерекше сипат оның сатирашылық талантының толысуынан ғана емес, ақын шығармашылығындағы ұлы да үлкен бетбұрыстан – орыстың классикалық әдебиетінен нәр алудан, үйренуден келіп туған еді.

Қазақ ақыны орыстың классикалық әдебиетінің халықтық, реалистік принциптерін ғана емес, сатиралық өткірлігін де қабылдады. Пушкин мен Лермонтовтың, Некрасовтың әсерімен нағыз халықтық, азаматтық поэзияның классикалық тамаша үлгілерін жасаған Абай әлеуметтік мәні зор, шынайы

сатиралық шығармалар жазуда да орыстың көрнекті сатирик -жазушыларынан, әсіресе ұлы Салтыков-Щедриннен мол үйренді, көп үлгі-өнеге алды.

Өзі көп үміт артқан жастарға Абайдың данышпан сатирик Салтыков-Щедринді өнеге тұтуы тегін емес-ті. Бұл – орыстың ұлы сатиригі шығармашылығының зор маңызын терең түсінген, тұшынған әрі одан мол сусындаған суреткердің ғана айта алатын сөзі еді.

Орыстың сатирик-жазушыларының шығармашылық тәжірибесін қорыту, одан үйрену арқылы Абай ең алдымен көркем сатираның әлеуметтік зор рөл атқаратынын, ол – күрес құралы екенін терең түсінді және сол құралды кімге қарсы және қалай жұмсаудың жолдары мен тәсілдерін тапты.

Орыстың классик-сатириктері өздерінің шығармаларында қанауға, әділетсіздікке негізделген қоғамның тағылық сипатын, жексұрындығын жеріне жеткізе әшкереледі. Олар өз сатирасының алмастай өткір жүзін қанаушы таптың негізін қаусатуға, халықты езушілерді жер бетінен аластауға, қоғамдық құрылыстың тірегін шайқалтуға бағыттады.

Сол сияқты, Абай да өзінің сатиралық өлеңдерінде үстем тап өкілдерінің халыққа жасаған зорлық-зомбылығын, олардың жиреніште қылықтары мен жексұрын мінездерін өлтіре сынады. Бұдан Абай Салтыков-Щедрин сатирасының идеялық және көркемдік биігіне көтерілді деген пікір, әрине, тумайды. Абай шығармашылығынан Салтыков-Щедрин сатирасының революцияшыл рухын іздеу мейлінше ағат болар еді.

Өзі ортасынан шыққан үстем таптың қатал өктемдігіне қарсы тұрып, халықтың мүддесін қорғауы, соған қызмет етуі Абай шығармашылығының халықтық, прогресшіл зор сипатын айқын танытады. Ұлы ақынның мұрасын ескірмейтін, өшпейтін еткен де – осы қасиет, осы сипат болатын.

Туған халқын жаркын болашаққа – орыс халқымен достыққа, оның мәдениетінен үлгі алуға, өнерлі һәм білімді ел болуға шақырған Абай осы игі мақсатына жету жолында кедергі болған құбылыстардың, кеселдердің барлығына қарсы «мыңмен жалғыз алысты», «улы сия, ащы тілін» соларға қарсы жұмсады.

Оның ақындық шабыт, ақын жайындағы атақты өленінің мына бір шумағын тағы да еске алалық:

Қыранша қарап қырымға
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға
Шиыршық атар, толғанар *(I, 204)*.

Бұл өлең Абайдың ақынға, ақындық өнерге қоятын талабын ғана емес, оның өзінің сатиралық шығармашылығының сипатын да анық аңдатады. Расында да, қыран көрегендікпен қиядағыны болжай білген Абай халық мұңын жырлады. Оның шығармашылығында ұшырасатын зар сарыны – халықтың қасіреті мен зары, соның көкейкесті арманы болатын. Бірақ бұл зар мен арман ақынды мүлдем түңілтіп, жұлдызынан жаңылдырып, жолынан адастыра алған жоқ. Надандық пен зұлымдыққа қарсы кектенген ол шиыршық ата толғанды, өзінің «ызалы жүрегі» мен «долы қолына» ерік берді. Міне, өктемдік пен зорлық дүниесіне, надандық атаулыға өлтіре соққы берген, халық тілегін білдірген кекті жыр, уытты да отты сатира осылайша келіп туды.

Абай сатирик құбылыстардың сыртқы көріністерін де, ішкі сырларын да жіті көре білді. Оның суреткерлік көрегендігі ешнәрсені де қалт жіберген жоқ. Сондықтан да ол қоғамдық өмірдегі құбылыстардың дәурені өтіп өшетіндерін де, болашақта өркен жайып өсетіндерін де терең тани алды. Өзінің сатиралық өлеңдерінде ол со кездегі қазақ қоғамында орын алған кеселді құбылыстардың барлығын да аяусыз түйреді, жеріне жеткізе әшкереледі.

Абайдың көптеген сатиралық шығармаларында ақынның мысқыл ететін кейіпкері жинақты образ ретінде алынып отырады. «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Болыс болдым мінекей», «Адасқанның алды жөн, арты сокпақ», тағы басқа өлеңдері бұған айқын мысал бола алады. «Бір сен емес, жазғаным – жалпақ жұрт қой», – деп өзі айтқандай, Абай бұл шығармаларында кейіпкерлерінің тысы мен ішін ақтара көрсету арқылы бүкіл заман шындығын шебер суреттеді, бірдің емес, көптің жинақты бейнесін жасады. Бұл ретте Абайдың

сатиралық шығармаларының кейіпкерлері типтік дәрежеге көтерілген деп айтуға әбден болады.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» атты өленнің басқы жолдарының өзі-ақ өленде суреттелетін кейіпкердің кескін-келбетін ғана емес, оның ішкі дүниесінің сикын да танытады. Ақын кейіпкердің мінез-құлкындағы, іс-әрекетіндегі жағымсыз, ұнамсыз белгілерді ақтарып ашады да, оған «пысық» деген ат береді:

«Пысық» кім деп сұрасаң:
Қалаға шапса, дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ,
Өтірік, өсек, мақтанға
Ағып тұрса бейне су,
Ат-шапаннан кем көрмес
Біреу атын қойса «қу» *(I, 59)*.

Пысықтың әрекетінің, тіршілігінің сикы осы. Абай пысықты осылайша қазбалап, терең суреттей отырып, оның мінез-құлкындағы екінші бір белгіні – тоғышарлықты, надандықты да аша кетеді. Еңбек етуді ұнатпайтын, өтірік пен өсекке судай аққан пысықтың бұдан басқа әрекет жасауға мұршасы да, құлкы да жоқ. «Қызмет қылып, мал таппай, ғылым оқып, ой таппай, құр үйінде жататын» бұл тоғышарлардың жаңалық атаулыға, мәдениетке, жарыққа жандары қас. Қоғамдағы ең зарарлы, қауіпті кеселдер де – солар. Сондықтан да Абай оларды өткір тілмен аяусыз шенеп қана қоймайды, жастарды, халықты солардан аулақ болып, сақтанып жүруге шақырады:

Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ.
Абайлаңыз, байқаңыз –
Елдің жайы солай-ды *(I, 60)*.

Бұл өлең Абай шығармашылығының сатиралық сипатын ғана емес, сонымен бірге оның халықтық бағытын да әйгілей түседі. Нағыз реалистік сатира осындай болмауы мүмкін де емес. Өйткені орыстың ұлы сатирик-жазушысы Салтыков-Щедрин айтқандай, кандай да болмасын сатириктің көзқарасы халықтың көзқарасымен сайма-сай келгенде, ұласып кеткенде ғана ол елеулі нәтижелер бере алады. Шын мәнісіндегі сатираның күші де, өткірлігі де осында.

Абайдың «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысын», «Дүтбайға» сияқты өлеңдері де – оның сатирасының биік шоқтығы, үздік үлгілері. Бұл өлеңдерінде Абай болыстың нағыз типтік дәрежеге көтерілген сатиралық образын жасайды. Бұл өлеңдердің тақырыбы, мысқыл ететін объектісі бір болғанымен, оларда сатиралық образдың жасалу жолдары, тәсілдері әртүрлі. Алғашқы өлең болыстың өз атынан баяндалады:

Болыс болдым мінекей,
Бар малымды шығындап.
Түйеде ком, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе, жүрегім
Орнықпайды суылдап.
Сырткыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап *(I. 79)*.

Осылайша Абай болыстың барлық сырын, ішкі дүниесінің қалтарыс-қатпарларын ақтарып салады. Бұл өлеңді оқығанда күштілердің алдында шыбындап бас изейтін, әлсіздің сөзін салғыртсып шала ұғатын екіжүзді болыс өзінің дарақы мінезімен, бар жексұрын бейнесімен көз алдымызға келеді. Өленнің формасы – болыстың сыры мен шыны ретінде ай-

тылған сатиралық монолог. Осы тәсілді сәтті тауып, шебер пайдалану арқылы ақын кейіпкерінің типтік дәрежеге көтерілген жинақтық бейнесін жасай алған.

Ал соңғы екі өлең мейлінше өткір сарказмға құрылған. Мұнда сатиралық образ автордың өз тарапынан тікелей сипаттау арқылы суреттеледі. Мысалы, «Дүтбайға» өлеңіндегі болыстың сатиралық портреті мен сипаттамасы мынадай:

Жылуы жоқ бойының
Жылмиғаны неткені?
Кетпей құйтың еткені.
Мұңды, жылмаң пішінін
Кезек киіп, ел жиып,
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсиып.
Бір көрмеге тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты,
Бүксіп, быксып ар жағы.
Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп,
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі бөлініп.
Әлі үміт, әлі серт,
Жын сықылды бұзылып.
Қулық емес, бұл – бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып *(I, 223)*.

Абай айтқандай, бұл әншейін мінездің міні («қулық емес») ғана емес, ала-бөтен дерт, заманның дерті. Сөйтіп, ақын нақтылы бір кейіпкердің қулық-сұмдығын, сұрқиялық мінезін, топастығын тереңдеп ашып, қатал сынау арқылы соны тудырған заманды да қоса мінейді.

Біз Абай шығармаларынан би-болыс, атқамінер, қу-сұмдардың ғана емес, дін иелерінің, молдалардың да сатиралық бейнелерін кездестіреміз. «Көзінен басқа ойы жоқ» атты белгілі өлеңінде Абай молданы былайша суреттейді:

Кітапты молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі,
Малқұмар көнілі бек соқыр
Бүркіттен кем бе жем жесі? *(I, 132).*

Бұл өлеңде ақын басына дағарадай сәлде ораған молданың монтанылығын, арамзалығын, қараулығын шебер әшкерелейді, оның жауыздығын тағының жыртқыштығына балайды.

Абайдың сатиралық шығармаларындағы ұнамсыз кейіпкерлер өздерінің іс-әрекетіменен, мінез-құлқымен нақтылы көрінеді. Бірақ бірін – бірі қайталамайды, қайта толықтырып отырады. Олардың барлығы тұтаса келіп жауыздық дүниесін бейнелейді, жексұрын типтердің окшау бір галереясын құрайды.

Орыстың сатирик жазушылары сияқты, Абай да сатиралық типтер жасаумен бірге, солардың халыққа, оның ілгері басқан қозғалысына жат сипатын ашып отырады, олардың әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық мінез-құлқын жаланаштап көрсетеді.

Жексұрын типтерді суреттей отырып, Абай халық барын әсте естен шығарған емес. Бұл – нағыз сатираға тән белгілердің бірі. Өйткені сатиралық шығармалар жазудағы өрелі мақсаттардың бірі – халыққа соларды таныту, солардан жирендіру, соларға қарсы күреске үндеу.

Абай сатирасынан оның қоғамдағы, өмірдегі, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен мінезіндегі кеселдерге қатты кектеніп, айбарлы ашуға мініп, қасиетті ызаға бататынын көреміз. Нағыз сатирадан Чернышевский іздейтін, талап ететін айрықша қасиеттердің бірі – осы. Мұндай кездерде Абай юмормен, сатирамен де шектеліп қалмай, аса ауыр, тіпті трагедиялық саздарға да көтеріледі.

Нағыз сатирада суреттеп отырған құбылысты жоққа шығарумен бірге онда ұнамды идеалға деген сенім де болады. Белинскийдің ой-пікірінше идеалды бейнелеудің екі түрлі жолы бар. Біріншісі – сол идеалдың тікелей көрінісі болып табылатын құбылыстардың өзін тұп-тура суреттеу. Екіншісі–сол идеалға қарама-қарсы, кереғар күйлерді көрсету.

Бұл – сатираның үлесіне тиетін сыбаға. Орыстың классик-сатириктері осы қағиданы бекем ұстанды. Олар өздерінің шығармашылығында билеуші тап өкілдерін аяусыз шенеу арқылы, ескі дүниеге әділ де өткір үкім айту арқылы халықтың қалың бұқарасының ой-тілегін білдірді, халықтың идеалын жақтап қалды.

Осы ерекшелікті Абай сатирасынан да кездестіреміз. Ол өзінің өткір де уытты сатиралық шығармаларында жауыздық, өктемдік дүниесін қатал сынады, халықтың арман-мүддесін қорғады.

Абайдың сатиралық шығармаларында ұнамсыз күштермен күресетін негізгі тұлға – ақынның лирикалық қаһарманы. Ол жарыққа, прогреске ұмтылған, алға қарай талпынған халыққа ық сүйейді. Сонымен бірге Абай шығармашылығында ұнамды кейіпкерлердің нақтылы бейнелері де бар. Соларды Абай өзі жермен жексен ете, өлтіре сынайтын ұнамсыз типтерге қарама-қарсы қояды.

Әділетсіз дүниеге, өктемдік пен надандыққа қарсы өзінің кекті күресінде Абай сатираны өткір де қуатты құрал етіп пайдаланды. Сөйтіп, ол қазақ әдебиетіндегі тың бағыттың– сатиралық жанрдың негізін қалады. Ақынның сатиралық дәстүрлері қазақ әдебиетінің одан кейінгі дамуына ерекше жемісті әсер етті.

Сатира – Абай поэзиясының аса мол әрі ең бір құнарлы саласы. Сонымен бірге бұл – ақын шығармашылығындағы сыншыл реалистік бағыттың кеңейе, тереңдей түскендігінің айқын да салмақты белгілерінің бірі.

VII

Көркем әдебиет жекелеген авторлардың шығармашылығынан тұрады. Бірақ ол – қоғамның бел туындысы, халықтың ой-санасының көрінісі. Сондықтан да көркем әдебиеттің дамуында қоғамның да, халықтың да ынтасы, мүддесі бар. Өйткені Белинский айтқандай, әдебиет қоғам өмірінен қамтып алғанының бәрін ой-санаға, әсем формаға бөлеп қайтарады. Сөйтіп, қоғам әдебиеттен ой-санаға қаныққан, идеалға айналған ақиқат өмір шындығын табады.

Ал осыны Абай өмір сүрген қоғам мен ортаға қалай байланыстыруға болар еді? Орыстың классик жазушылары сияқты Абай да өзінің нағыз асыл мұраттарын халықтың қарапайым өмірінен, ілгері басқан тарихи өрлеуінен тапты. Сонымен бірге қырсау ортаның қос-қыртыс қайшылықтары мен ащы шындығын аяусыз сынау арқылы да ол осы мақсатына қызмет етті.

Қандай болмасын суреткердің ұнамды идеалын, яғни мұрат-мүддесін оның шығармашылығының жалпы идеялық бағыты мен әлеуметтік сипатынан бөліп алып қарауға болмайды. Осы тұрғыдан алғанда Абай өзінің ұнамды идеалын шығармашылық сапарының бүкіл өнебойына іздеумен, табумен және жырлаумен болды.

Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», – деп тебірене аһ ұрғанда, халқын түзу жолға салмақ болғанда сол мақсаттың түбінде бір орындалатынына сенді. Әйтпесе, ол бұл тақырыпқа қайта-қайта оралып, қайырыла жырламаған болар еді. Асылы, Абай өзінің ең ұлағатты, аталы сөздерін жастарға арнайды. Өйткені оларды халықтың, елдің болашағы деп біледі. Сондықтан ол жастар үлгі тұтар, ғибрат алар адамның образын жасауды ойлайды. Ол бұл мақсатты өткен ғасырдың сексенінші жылдарының орта кезінен бастап-ақ алдына қояды. «Ғылым таппай – мақтанба» деп басталатын атақты өлеңінде ол былайша жырлайды:

Бес нәрседен қашық бол.
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеңіз *(I, 44)*.

Мұнда Абай «адам» деген сөзді тек азамат мағынасында емес, халық ұлы, қайраткер мағынасында алады. Мұндай адам неден қашық болуы, неге асық, ынтық болуы шарт? Абайдың ойынша соңғы бесеуі – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым. Ал ол безінуге, жиренуге, бойын аулақ ұстауға тиіс нәрселер – өсек, өтірік, мақтаншақтық, бекерге мал шашу және еріншектік. Абай өз идеалындағы адамның бейнесін осылайша сипаттайды. Ол мұнымен де шектелмейді. Бұдан әрі ол осындай қасиеттері бар адамның дәре-

жесіне көтерілу үшін, сондай болып шығу үшін қажет шарттар мен мінездерді де бас-басына санап береді:

Болмасаң да, ұқсап бақ.
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз...
Ақыл сенбей, сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі сол айтты –
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой бермей,
Шын сөзбенен өлсеңіз *(I,44-45)*.

Бұл жолдардан Абайдың ағартушылығы мен гуманизмі ғана емес, демократизмі де анық көрінеді. Ол жастарға ақсақал сөзін, байлар сөзін бедел ретінде, ойлы сөз ретінде ұсынбайды. Қайта соған бас изеп, шұлғи бермеуге, ақылға жеңгізуге шақырады. Өйткені, олар – надандар, әділетке, шындыққа жаны қас жандар. Ал, шындық оңайлықпен жеңбейді, құрбандық тілейді. Сөйтіп, Абай аңсаған адам жоғарыдағы қасиеттеріне қоса шындық, әділет іздеуші әрі сол жолға басын тігуші.

Ұнамды кейіпкер бейнесіне Абай сол жылы (1886) жазған «Интернатта оқып жүр» атты әйгілі өлеңінде тағы оралады. Бұрынғыдай емес, оқуға бет алғандар бар. Тіпті қазақтың талай-талай баласы интернатта оқып жүр. Өздері жап-жас. Қолдың саласындай қатар түзеп, көктеп өсіп келеді. Қарасаң, көңілің өсіп, көзің тойғандай. Өленнің алғашқы шумағын оқығанда осындай әсер аласың. Бұдан әрі ақын өзінің түбегейлі ойына ауысады. Сол жастардың көбі терең ғылым, терең ой іздеп оқып жүрген жоқ екен. Оларды теріс жолға бастап жүрген – орыс ұстаздары емес («Орыс теріс айтпайды жаман бол деп оларды»), солардың өздері, кулық қуып боска мәз болған ата-анасы. Осының бәрі ақынның кегін қозғап, ызасын өршітеді, намысын келтіреді. Оның ашуға мініп, осылайша буырқануының ең басты себебі:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой.
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы *(I, 52).*

Сондықтан да ақын қатты айтады, қадап айтады. Өйткені, ол ащы шындықты ашып отыр, ақыл айтып отыр:

Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ащы.
Айтыңызшы, болсаңыз
Здравомыслящий,
Ақыл айтпай ма ағасы? *(I, 52).*

Бұл өлеңде Абай Салтыков-Щедрин мен Толстой есімдерін олар ұлы жазушылар болғандықтан ғана емес, ұлы патриоттар, ұлы азаматтар, өз халқының ұлы перзенттері болғандықтан да ауызға алып отыр. Өйткені ұлы суреткер болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал бірақ азамат болу – әркім үшін де ең абзал парыз. Абай қазақ жастарына ұлы адамдардың осы қасиетін өнеге етіп ұсынады. Сонымен бірге Салтыков-Щедрин мен Толстой есімдерін зор ілтифатпен атауы Абайдың өз басы оларды көркемсөздің асқан шеберлері ретінде қатты қадір тұтқандығын көрсетеді. Осы өлеңде Абай орыс сөздерін көп қолданған. Тіпті бір тұста өз ғибратын айтқанда да:

Алыс та болса, іздеп тап
Кореннойға кіруге, –

деп орыс сөзін қолданады. Біздіңше, мұның екі түрлі себебі болса керек. Ең алдымен, мұнда ақынның өнеге-үлгі ретінде ұсынатындары – орыс адамдары, орыс тәрбиесін алған жандар. Екіншіден, Абай бұл өлеңін интернатта орыс мектебінде оқып жүрген қазақ жастарына арнаған. Абай бір өлеңінде былай деп жазды:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын кез *(I, 86)*.

Осы сарын ақынның көп өлеңдерінде қайталап ұшырасып отырады. Бұл тегін емес. Өйткені білімді мен талаптының да, көкірек көзі бар жандардың да со кездегі қазақ қоғамында барлығына ол қалтқысыз сенді, соларға артты үмітін. Ақын олардың әділет жолынан, шындық жолынан танбайтынына, жалған айтпайтынына шүбәланбайды:

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез *(I, 87)*.

Мұндағы «жақсы» – Абай ұғымындағы ұнамды бейне. Абай сондай жандардың барлығына қуанып қана қоймайды, соны өзіне медет те тұтады. Абай поэзиясындағы ұнамды идеал және ұнамды бейне жайы сөз болғанда оның Әбдірахман жайындағы өлеңдеріне айрықша назар аударылуы шарт. Әбдірахман Абайдың ең аяулы, сүйікті балаларының бірі болғаны және оның қазасы Абайды айықпас қайғыға батырып, қатты картайтқаны ақынның өмірі жайындағы деректерден жақсы мағлұм. Сонымен бірге бұл реттегі ең сыршыл, ең шыншыл документ – ақынның поэзиясы. Әбдірахманнан басқа туыстарының ішінде Абай тек інісі Оспан өліміне арнап үш өлең шығарған. Бұл өлеңдер де ауыр мұңға, ащы зарға толы. Бірақ мұнда туыстың бірге туған жақынын жоқтау, қимау сарыны басым. Көбіне-көп Абай Оспанның мырзалығын, сауықшылдығын, батылдығын айтып жоқтайды. Тек «Кешегі Оспан ағасы» атты өлеңде ғана оның азаматтық тұлғасын молырақ қамтып жырлайды:

Қуаты артық, ойы кең,
Жұрттың бәрін шенепті.

Досына дәл жаз, жауға аяз,
Алысканды демепті.
Адалдық үшін алысып,
Жегішке ақы төлетті...
Алаколсыз мырза еді
Кем-кетікті елепті *(I, 194)*.

Бұлардың бәрі де – жақсы қасиеттер. Бірақ халықты жаңа өріске бастайтын қайраткер үшін тек қана бұл қасиеттер тапшы, тым аз.

Ал Әбдірахман жайындағы өлеңдер циклі бұдан әлдекайда өзгеше, әлдекайда биік.

Әбдірахман наукастанып жатқанда Абай төрт өлең шығарған. Соның екеуі Кәкітай атынан айтылады. Осы хаттарды Абайдың қара сөзбен жазбай, өлеңмен жазуы тегін емес. Өлең сөздің өтімділігін, әсерлілігін былай қойғанда Абай поэзияны адамға қуат беруші, рухани медет беріп қолдаушы шипа деп білген. Оның өз өлеңдері де дәл осы дәрежеде.

Кейін Әбдірахман қайтыс болған соң Абай онға тарта өлең жазады. Солардың ішінде дәстүрлі жоқтау сарынында шығарылғандары да бар. Ал көптеген өлеңдерінде ол жаңа адамның тұлғасын жаңаша жырлайды. Әр өлең Әбдірахман образының әр қырын тереңдете, толықтыра ашып отырады. Солардың бірі мынадай:

Тұл бойың ұят-ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.
Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.
Жаска жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.
Замана, неткен тар едің,
Сол калкамды коймаған? *(I, 181)*.

Он жолдан ғана тұратын өлеңде Әбдірахманның сипаты да, одан айырылған әке арманы да соншалықты мол кам-

тылып айтылған. Ақын Әбдірахманның сипатын қазақтың бұрын-соңды поэзиясында ұшыраспаған небір ірі-ірі сөздерді түйдек-түйдегімен қиыстыра отырып суреттейді. Абайдың суреттеуінде Әбіш – үлкен тәуекел иесі. Бірақ бұл халық аузында айтылатын: «тәуекел ет те, тас жұт»,–дегендегі дүлей, тілсіз күштен басқа. Бұл – ойлылық пен естіліктен, талаптылықтан туған тәуекел, адамның өз күшіне өзі сенуінен барып туатын тәуекел. «Тұл бойың ұят-ар едің» немесе «Жаска жас, ойға кәрі едің» деген жолдар Әбдірахманның рухани кейпін, интеллектуалдық бейнесін қаншалықты биіктетіп көрсетеді. Осындай баладан айырылған әке қайғысында да шек жоқ. Соның бәрін ақын «замана, неткен тар едің» деген бір-ақ жолмен береді. Бұл не? Заманды кінәлау ма? Тағдырды кінәлау ма? Біздіңше екеуі де.

Бұдан кейінгі өлеңде Әбдірахманның өмір жолының өткелдерін шола келіп, оның бейнесін, характерін нақтыландыра түседі:

Петербурда-ақ кідірмей,
Біліпті дерттің барлығын.
Тәуекел қып білдірмей,
Күтіпті тәңір жарлығын.
Қалжыңы, шыны аралас,
Өмірім аз деп білдіріп.
Бөтен көзде көрсе жас,
Ойнаймын деп күлдіріп.
Аз өмірін ұзайткан,
Ғылымға бойы толған соң.
Көрген жерін молайткан,
Оқып, біліп болған соң.
Қырым, Кавказ,Түркістан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланып әр тұстан,
Көрмей дамыл алмады *(I, 182-183).*

Осындай нақтылы штрихтар мен детальдар Әбдірахман бейнесін жандандырып, өлеңге айрықша реалистік сипат бітіріп тұр. Ал осыдан соң келетін:

Құйрықты жұлдыз секілді
Туды да, көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді.
Мін тағар жан болмады *(I, 183),–*

деп келетін жолдар қыршынынан қиылып, ерте үзілген талап иелерінің бәрінің қазасына тән ащы өкінішті танытады.

Осы өлеңде мынадай екі жол бар:

Жаңа жылдың басшысы – ол.
Мен ескінің арты едім.

Мұнда Абай тек жас шалғайлығын емес, жаңа буын мен ескі буынды қатар алып, қарама-қарсы қоя айтып отыр. Осы арқылы ақын Әбдірахман бейнесін жарқырата, биіктете түскен. Абай Әбдірахман қазасын әке боп қана жоқтамайды, бүкіл халық атынан қамығады. Өйткені Әбдірахман – әкенің ғана баласы емес, адамның баласы, халық ұлы, ел перзенті. Бірақ ол өз бойындағы ақыл-ой мен жігерді сол халқының игілігіне емін-еркін жұмсай алмай, қанаты қайырылды. Оның қазасының ащылығы да сонда:

Ел ішіне сау келсең,
Тағлым айтпас ер ме едің?
Жол көрсетіп сонда өлсең,
Арманым бар дер ме едім? *(I, 184).*

Сөйтіп, Абай поэзиясының гуманистік және халықтық биік тұрғысы оның өз тағдырына, жеке бастың күйлеріне түгелдей арналған өлеңдерінен де анық көрінеді.

Ертеректе жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» тәрізді өлеңдерінде Абай оқыған, білімді қазақ жасының өзі арман еткен идеалдық бейнесін сипаттап еді.

Әбдірахман бойынан сол қасиеттердің көпшілігі-ақ табылады. Сөйтіп, Абай Әбдірахман бейнесінде өткен ғасырдағы қазақ жасының, жаңа адамының образын жасады.

Өз дәуірінің ілгерішіл тенденцияларын бойына мол сіңірген Абай поэзиясының типтік сипаты да осы тұста айрықша жарқырап, оқшау көрінеді. Өйткені реалистік әдебиеттегі типтендіру принциптері суреткердің идеал жайындағы ұғымдарымен ажырамас тұтастықта келіп жатады. Осы қасиетті Абайдың халық өмірін тікелей суреттеген өлеңдерінен де табамыз. Ол халық өміріндегі оның табиғи мінезі мен елдік қасиетіндегі ұнамды сипаттарды реалистік түрде жырлау арқылы өз шығармашылығының әлсумсттік шоқтығын, идеялық тынысын кеңіте, көтере түсті. Сөйтіп, Абай поэзиясындағы идеал және ұнамды кейіпкер проблемасы оның шығармаларының типтік сипатымен тығыз байланыста алынып қаралуы шарт.

Көркем әдебиетте идеал дерексіз күйде бейнеленбейді, нақтылы сипаттар арқылы көрінеді. Көп жағдайда ол автордың өзі де болып келеді. Бұған орыстың классикалық әдебиетінен мейлінше мол мысал табуға болады. Мысалы, Пушкин өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкердің образы, Гогольдің «Өлі жандар» поэмасындағы автор образы, Радищевтің «Петербургтан Москваға саяхатындағы» әңгімесінің образы және басқалар осындай. Әрине, бір шығармада автор образы да, халықтың жинақты образы да, басқа нақтылы бейнелер де ұнамды идеалды сипаттай беретіні жиі ұшырасады. Солардың қай-қайсысы да ұнамды қаһарман саналуға тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда Абай өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкердің образы – шын мәнісіндегі ұнамды образ, нағыз шынайы образ. Абай поэзиясының бүкіл ұзына бойына көрініп отыратын лирикалық кейіпкер өктемдік дүниесіне, қараңғылық пен надандыкка кектеніп қарсы шығып, халық мүддесін қорғап отырады. Ол өз арманын халық арманымен, өз мұңын халық мұңымен, өз үмітін халық үмітімен ажырамастай етіп туыстырған. Ол ескілік атаулыға қарсы шыкканда дүниенің зұлматтық пен соракылыктан, әділетсіздіктен тазаруын, сауығуын, әсем күйге түсуін тілейді. Шынтуайттап келгенде, ол – соны тілеуші ғана емес, сол жолда күресуші. Бұл – ең бастысы. Біз өткендегі әдебиетте халық бақыты, халық арманы жолындағы саналы күрескердің кандай бейнелері болды дегенде – Абай поэзиясының лирикалық кейіпкерінің образын ең алдымен атаймыз.

Абайдың өмірлік және шығармашылық сапарының соңғы кезеңінде (1902) шығарылған бір өлеңі мынадай:

Тоты құс түсті көбелек,
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек
Адамзатка не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.
Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек *(I, 243)*.

Ақын өлеңнің алғашқы екі шумағында дүние бір орында тұрмай, өзгеріп тұратындығын және сол дүниеде өмір кешкен адамға не керек екендігін философиялық тұрғыдан танытады. Ескі ақындардың толғауларындағы мистикалық күйлерден, дүние жалғаншы, «пәни жалған» деп келетін сарындардан Абай құлан-таза сау. Ол осылайша өзгеріп өсу, өшу мен ауысу табиғаттың заңы деп біледі, адамның жаратылысы мен рухына, тіршілігіне жат нәрселерді де атап-атап береді.

Ал енді осы өлеңнің ең соңғы шумағына назар аударып қаралықшы. Ақын әркім де заманнан, қоғамнан тыс, оқшау деп білмейді. Заман мен адам деген тақырып осы шумақтың әр жолында қайталап отырады. Мұнда ақын әр адам өз заманының перзенті екенін айтумен бірге сол заман мен адамның арасындағы қайшылықты ашады. Әрине, заман дегенде Абай жалпылама айтпай, өз заманын, кер заманды айтып отыр. Абайдың ойынша сол кер заманның, сор заманның астына түсіп, ыңғайына көшіп жүрген адам – жаман адам. Осының алдында ақын: «Заманды қай жан билемек?» деп сұрақ қояды. Ақын ондай адам кім екенін ашық айтпайды. Ол кім? Әрине, ол – заман езіп тастаған, жаныштап жіберген жаман адам емес, жақсы адам, яғни күрескер-адам. Осының бәрін Абай тікелей айтпайды, суреткерлік емеурінмен,

ишарамен танытады. Сондай күрескерлердің өмірде бар екендігіне де, туатындығына да ақын шүбасыз сенді.

Әрине, Абайдың күреске шақыру сарыны басқарақ. Ол адамның өз бойындағы куатты оятуға, оның өз күшіне, өз жақсылығына деген сенімін ұштауға айрықша көңіл бөлді. Ол ұсынатын негізгі күрес құралы – еңбек пен ақыл:

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғакка ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме *(I, 213)*.

Бұл – адамды алға бастайтын, өмір сүре білуге үйрететін жыр, куат жыры, демеу жыры. Осы қасиет Абайдың лирикалық кейіпкерінің бойында әсіресе мол.

Абайдың лирикалық кейіпкері – жай ғана күрескер емес, сонымен бірге зор ақыл-ой иесі. Бір өлеңінде ақын былай деп жазады:

Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой куар,
Желге мінсең жеткізбес *(1, 226)*.

Бұл – әйтеуір елегізіп, қиялға салына беру емес, өрелі ой, аталы ой әрі шабытты, қанатты ой. Шындығында да, Абайдың лирикалық кейіпкері ойлаумен, ойланумен өткен.

Оның ойлайтын хал-халеттері де, ойланатын сыр-сезімдері де түпсіз еді, шексіз еді. Соның бәрі ұласа кеп ақынның заман жайындағы, халық жайындағы, оның болашағы мен тағдыры жайындағы толғанысы мен тебіренісіне саятын.

Абай өлеңдерінде «терең ой», «көкірек», «ыстық жүрек», «жүрек», «қан жүрек», «ауру жүрек», «ақыл», «зерек ақыл», «жаралы жүрек», «жас жүрек» тәрізді тіркестер жиі ұшырасып отырады. Осыларды ақын өлеңді әдемі, әсерлі ету үшін ғана қолданбайды. Солардың әркайсысы да лирикалық кейіпкердің дәл сол сәттегі көңіл-күйлеріне, жан сарайындағы дауылдарға соншалықты дәл келіп, үйлесім тауып жатады. Лирикалық кейіпкерге тән осындай ақылой, сыр-сезім байлығы Абай поэзиясының парасаттылық, адамгершілік тұрғысын онан сайын биіктете, көтере түседі. Мұндай поэзия оқушысы мен тыңдаушысын да рухани жағынан жетілдіреді, ойға батырады, естірек етеді.

Абайдың лирикалық кейіпкері – айнымас та азбас жан. Ол жақсылық пен жарыққа адал, достық пен махаббатқа адал, әділет пен шындыққа адал. Оның мөлдір де тұнық сезімінде бір түйір кіршік, иненің жасуындай жалғандық жоқ. Оның бұл сезімдерін аяқ асты етіп кірлемек, караламақ болғандар аз емес. Ақын мұны да жасырмайды:

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді
Кірлемеген көңілдің ашығында.

Құдай берген бұл достық – кәннің бірі,
Мұңдасқанда қалмайды көңіл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,
Ит мұрындай наданның жыртты бірі.

Сол досты сая таппай іздейді жан,
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім
Артық жолдас таппадым татулықтан *(I, 56-57)*.

Бірақ ақынның лирикалық кейіпкері бар сыннан мүдірмей өтеді, жаны мен сезіміне, рухына дақ түсірмейді. Оның сыр-сезімдерінің мөлдірлігі, адалдығы мен ақтығы, пәктігі ақынның махаббат тақырыбына арналған лирикалық өлеңдерінен айрықша жарқырап көрінеді. Абайда мұндай өлең көп. Сондықтан солардың тек біреуін ғана алып қаралық:

Жарқ етпес қара көңілім нағылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да *(I, 110)*.

Мұнда лирикалық кейіпкердің махаббат сезімінің терендігі мен тұрақтылығына, пәктігіне таңданбаска болмайды. Ешбір бүкпесіз, риясыз, татаусыз осы өлең оның сол сезімін мадақтауға арналған гимн тәрізді. Оның сезімінде орынсыз қызғаныш түгіл, киянаттың да зәредей белгісі жоқ. Сен үшін ең сүйікті, ең сүйкімді менмін деп кеуде қағып, өзеуремейді, лапылдап күйіп те жанбайды. Бәрін де сабырлы, салқынқанды қалыппен айтады. Бірақ «сүйдім-күйдім» дегеннен әлдекайда салмақты, әлдекайда терең сезім, адамгершіл сезім. «Аспанда ай менен күн шағылса да»,– деген жол сырттай қарағанда ауыз әдебиетіндегі әсірелеу, көтеріп айту тәсілін еске түсіретін тәрізді. Бірақ, бұлай емес. Қайта осы сурет лирикалық кейіпкердің басындағы трагедиялық халдің ауыртпалығын соншалықты күшті жеткізіп тұр. Ал осыдан кейінгі:

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да, –

деп келетін екі жол лирикалық кейіпкердің рухани тұлғасын онан әрі айқындай, ажарлай түседі. Ол – кіршіксіз махаббат

сезіміне ғана ие емес, үлкен жүректі адам, әділ адам. Осы өлеңде, осы жолдарда әр сөз адам айтқысыз терең мағынаға ие. Егер ақын лирикалық кейіпкеріне «Дүниеде сендей маған жар жоқ»,– деп үзілді-кесілді айтқызса, оның сөзіне шүбә, күдік тудыруға болар еді. Ал соған «сірә» деген сөз араласқан соң зәредей жалғаншылық сезілмейді. Сенбеске, иланбаска шара жоқ. Осы аркылы ақын өленнің реалистік сипатын да өлшеусіз тереңдете түскен, аша түскен. Бұл өлең Абайдың әйелге, махаббатқа көзқарасындағы демократизм мен гуманизмді де айқын танытады.

Сөйтіп, Абай поэзиясындағы лирикалық кейіпкердің образы – шын мәнісіндегі ұнамды образ. Өзінің ең абзал, ең жарқын қасиеттерімен ол бүкіл өткендегі әдебиетімізде жарқырап, оқшау көрінеді.

Абай поэзиясында ұнамды идеал мен ұнамды образ айрықша орын алды. Бұл заңды да еді. Өз кезіндегі орыс әдебиетін қырсау шындықты бекерлеуге, жоққа шығаруға шақыра отырып, Белинский бұл міндетті шешу үшін әдебиет жалпылама түрде болса да ұнамды программа ұстануға тиіс деп білді. Керітартпалық шындықты көре білу үшін және оның зарарлы сипаттарын аяусыз әшкерелеп, мансұқ ету үшін адамға лайық жаңа дүние жасалатындығына сену, сол сеніммен күш-қуат алу шарт. «Жоққа шығару белгілі бір идеалға бола жасалуы шарт. Ол сонда ғана әсерлі әрі жанды болмақ» [24,199].

Белинскийдің ойынша, өз шығармашылығын халықпен ажырамастай етіп туыстырған, халықтың тағдыры мен болашағын ойлаған, оның шығармашылық мүмкіндіктері мен құдірет-күшіне сенген суреткерлерде ғана нағыз ұнамды идеал болмақ. Абай дәл осындай суреткер еді. Онда дәл осындай идеал болды да.

Өз шығармашылығында ұнамды идеал көздеп, ұнамды образ жасауға ұмтылуы Абай поэзиясының реалистік, сыншылдық сипатын әлсіреткен жоқ, қайта күшейте әрі тереңдете түсті.

VIII

Абайдың реализмі мен жаңашылдығы жайында сөз еткенде оның шығармашылығының қай жанрына да, қай тақырыбына да соқпай өтуге болмас еді. Өйткені ол әртүрлі жанрларда жазып, әртүрлі тақырыптарды жырлағанның өзінде де жаңашылдық ізденістерін көрсетпей қалған жоқ.

Абай шығармашылығын зерттеген ғалымдардың қай-қайсысы да ақынның жаңашылдығы оның табиғат лирикасынан айрықша көрінетіндігін ерекше атап айтады. Бұл заңды да. Табиғат суреттері ауыз әдебиетінде немесе жекелеген ақындардың өлең-жырларында аратұра ұшырасып отыратын. Олар көбінесе адамның көңіл-күйлеріне орайластырыла берілген психологиялық параллелизм түрінде келетін. Бірақ табиғат көріністерін арнайы тақырып етіп алған ақындар жоқтың қасы болатын. Қазақ әдебиетінде бұл жаңалықты бастаушылар – Ыбырай Алтынсарин мен Абай болды.

Олар табиғат лирикасын дербес жанр етіп қалыптастырды. Бұлардың жырлауында табиғат суреттері өздерінің бар бояуымен, ақиқат қалпында, жанды күйінде көрінеді. Бұл ақындар табиғатты адам тіршілігінен, әлеуметтік өмірдің тартыс-талқысынан даралап жатпай, тұтас алып қарайды. Осы жанрды қалыптастыруы олардың жаңашылдығын да, орыстың классикалық әдебиетінен жемісті үйренгендігін де көрсетті.

Абайдың тұңғыш реалистік шығармасы – «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде табиғат көріністерінің мол орын алуы және ақиқат, жанды қалыпта бейнеленуі тегін емес. Мұның өзі ақын реализмінің тереңдей түсуіне осы жанрға ден қоюының бірталай себі тигенін байқатса керек.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде табиғат тақырыбы оқиғаға тек ая ретінде, қосалқы желі түрінде жүріп отырса, ал арада үш-төрт жыл өткен соң шығарған «Жаз» атты өлеңде ақын бұл тақырыпты дербес алып жырлайды. Дәлірек айтқанда, мұнда адам мен табиғат туралы тақырып өзара ұластырыла, тұтас күйде алынған. Сонымен бірге «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегідей емес, мұнда өмір шындығы, оның қайшылықты көріністері молырақ кам-

тылған. Көшіп - қонған ауылдың бейнесін алғашқыда сырттай суреттейтін ақын кейін оның ішкі көріністеріне де үңіле көз салады, жалпылама болса да әралуан адамдар тұлғасын елестетеді. Олар: ақ білегін сыбанып, бұрала басып үй тіккен қыз-келіншек, малын аралап көңілі жайланып қайтқан бай, жалшы алдаған жас бала, «көлеңке жерге кілем төсетіп», «сары қымызды сапыртып» екілене әңгіме соғып, есіп отырған дәулеттілер. Бұлар – «әйтеуір күн өткізер әңгіме үшін» адамдар. Олардың қоғамға, ел өміріне ешбір пайдасы жоқ, «құр масыл». Міне, малшыларға айғай салып, ауылдан ақ көйлекті ақсақал шықты. Ол өзінің қарқылдап күлгеніне ғана мәз. Әйтпесе, оның келешегі кесіліп, үміті үзілген. Қанша бақырып, байбалам салып мықтымсынғанымен, ол енді дәрменсіз. Бұл тоғышар келешегін бағдарламақ түгіл, өткен өміріне де көз жібере алмайды. Сондықтан да ақын оны:

Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ *(I, 50)*, –

деп суреттейді. Абай бұл өлеңін ауыз әдебиетінде мол таралған жыр үлгісімен, жыр өлшемімен жазған.

Мылтық атып, құс салғам
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап қутыңдап.
Қайырып салған көк құсы
Көтеріле бергенде
Қаз сыпырса жарқылдап *(I. 50)*, –

деп келетін жолдар сырттай қарағанда батырлар жырындағы тұлпарлардың шабысын, жекпе-жекке шыққан ерлердің сайысын суреттейтін шумақтарды еске түсіретіндей. Расында да, бұл өлең іс-әрекетке, динамикаға толы. Осыған орай өлеңнің ырғақ, ұйқастары да сәт-сәт сайын жанданып, құбыла құлпырып отырады. Бірақ бұл өлеңнің шыншылдығына, ондағы суреттердің нақтылығына салқынын тигізбейді. Онда дала пейзажы, көшпелі өмір көріністері реалистік сипатта бейнеленген. Сонымен бірге осын-

да көшпелі тұрмыстың мардымсыздығын, ескі ауылдағы әлеуметтік қайшылықтардың сырын терең де аяусыз ашуға ақынның әлі де болса беріле ден қоймағаны байқалмай қалмайды.

Осы өлеңмен тақырыптас «Жазғытұрымды» да қайта бір оқып шығалық. Мұнда да ақынның асқан шеберлігіне, тапқырлығына таңыркамай, сүйсінбей қалмайсың. Өлеңнің алғашқы шумақтарын оқыған кезде-ақ қарсы алдыңнан көктемнің жайма-шуақ, жылы лебі ескендей сезіледі. Өлеңнің әр шумағы, әр жолы мал баққан қазақ аулы тіршілігінің әралуан көрінісін көз алдыңа алып келеді:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас құлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, маукын басып.

Түйе боздап, қой қоздап – корада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Құс қатарлап байлаған қанжығаға,
Қыз бұраңдап жабысып қылады наз *(I. 122)*.

Бәрі де шындық, бәрі де соншалықты айқын, дәл айтылған. Ақын жалаң табиғат суреттерін ғана бермей, соны халық тіршілігінің көріністерімен ұластырған. Көктем жұрттың бәріне де жайлы: кәрі-жас өз тұрғыларымен жайраң қағып,

мәз-майрам. Жалғыз қарасы қыстан аман шығып, төлдеп өсіп екеу болғанына шаруа да қуанып жүр. Көктем мелшиген кара тас пен сол тастай суық сезімсіз, топас, сараң байдан басқалардың бәрін де жадыратып жіберген. Тіпті өзгесін былай қойғанда:

Гүл мен ағаш майысып қарағанда
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су, –

деген екі жол өлеңге қаншама тыныс беріп, жан бітіріп тұр.

Егер «Жазда» Абай өмір құбылыстарын сырттан қарап жырласа, ал мына өлеңде көктем суреттерін сөз арқылы сала келіп, ақыр аяғында былайша түйеді:

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылтып тұрады жан лебізін.
Қызыл арай, сары алтын шатырына
Күннің кешке кіргенін көрді көзім *(I, 124)*.

Осы шумақ өлеңнің әсер күшін тереңдетіп, ондағы көріністерді шынайыландыра, нақтыландыра түседі. Сонымен бірге одан туған жердің табиғатына, сахара стихиясына деген құштарлығын, сүйіспеншілігін танытқан ақынның өз тұлғасы да байқалады. Әдебиет зерттеушілерінің қолында Абайдың ақындық зертханасына тікелей үңілуге мүмкіндік берерлік жазба деректер жоқ. Бірақ Абайдың аса шабытты талантына қоса соншалықты ізденгіш әрі байқағыш ақын болғаны, өмір көріністерін қыл қаламның (кисть) шеберіндей ұзақ аңдап, терең барлағаны оның поэзиясынан анық көрінеді. Мына өлеңнің соңғы шумағы да – бұған дәлел. Оны оқығанда қыр басына шығып ап, батар күннің нарт қызыл шапағына, табиғаттың ғажайып бояуларына қызыға, құмарлана көз тіккен, көкжиектің өзіндей шетсіз, шексіз ойға шомған, киыр алысқа үнсіз қадалған ақын бейнесі келеді көз алдымызға. Табиғат-суретші мен ақын-суретші шабыт жарыстырып тұрғандай.

Сонымен бірге, академик М.Әуезов айтқандай, осы өлең ақынның пантеистік ұғымын, яғни жаратушы құдірет жара-

тылыстың бар құбылысынан көрініс береді деген түсінігін де коса аңғартады. Өленделегі кейбір мифтік образдар да осыған байланысты. Сондай тұстарында өлең сол кездегі қазақ шындығынан недәуір алыстап, оның әшкерелеушілік қуаты, сыншылдық сарыны біртоға әлсіреп кетеді.

Ал «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» сияқты өленделерінде Абай өзін нағыз кемел реалист, шын мәнісіндегі әлеуметтік әділетті жақтаған ақын ретінде танытады. Бұл өленделер де табиғат көріністері жалаң суреттелмей, со кездегі сахара тіршілігімен тығыз тұтастықта, байланыста алынады.

Жыл мезгілдерінің жадау да жабырқау, қайыршыдай жұтаң бір кезін суреттеуден басталатын «Күзде» ақын бірте-бірте ескі ауыл тіршілігінің, кедейлердің сол күз күніндей күйзелген, тоналған тұрмысын бейнелеуге ауысады. Жарлы ауылдың жетімек халін ақын былайша суреттейді:

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ – тышқан аулап, қайда көрсең *(I, 71)*.

Әдетте осы шумақтың соңғы екі жолына көп назар аударыла бермейді. Ал шынтуайттап келгенде, осы екі жолда қаншалықты терең мағына, ащы шындық жатыр. Тіпті итіне дейін қанғырып, дала кезіп кеткен ауылдың көрер күні не болмақ. Бұл ретте де Абай нысаналы ойын өзіне тән аскан байқағыштықпен, тапқыр тұжырымдылықпен нағыз реалист-суреткерше айта білген. Оның үстіне ақын жарлы ауылдарды дәл осындай мүскін халге, мүшкіл халге душар етуші тағдыр емес, байлар деп біледі:

Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да – қылған кедейге үлкен сыйы.
Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұткан айналасы.

Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы (*I, 72).*

Мұнда Абай кедей тұрмысының тапшылығын, жоқшылығын, байдың сараңдығын ғана айтып отырған жоқ. Сонымен бірге кедейдің байға экономикалық тәуелділігін де танытады. Тіпті кедейдің өзін қойып, жас баласына дейін теңсіздік тақсіретін тартып, езгіде жүр. Сөйтіп, бұл өлеңдерден ақынның таптық көзқарасы, қазақ ауылындағы таптық жіктелушілікті оның айқын көре білгені байқалады. Ақынның аталған өлеңдерінің негізгі кейіпкерлері – кедейлер, жарлы-жақыбайлар. Олар еңбек иелері ретінде көрінеді:

Біреу малма сапсиды салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін...
Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып *(I, 71-72).*

Ақынның бар ықыласы, пейілі осы еңбек иелері жағында. Солардың азапты өмірі, қол қысқа тіршілігі ақын көңілін де жүдететіндей. Солардың жас баласы мен кемпір-шалын ойлағанда да ақын қабырғасы қатты қайысып, қоса күйзеледі:

Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап,
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда о да азынап *(I, 72).*

Еңбек адамдарының жайына ақын «Қыс» атты өлеңінде де оралады. Қақаған қыста, қарлы боранда «шидем мен тон қабаттап киген малшылардың», жылқышыларды адам айтқысыз ауыр еңбегін жырлай отырып, ақын соларға қайрат қосады, еңселерін көтеріп, демей түседі.

Осы өлеңдердің бәрінен байқалатын бір қасиет – оларда ақынның сыншыл ойларының молдығы. Абай шығармашылығын зерттеушілердің біразы ақын бұл өлеңдерінде кедейлердің ауыр өмірін, таптық жіктелушілікті көрсеткенімен, байларды қатаң сынамайды, енжар да салғырт позиция ұстайды деген пікір айтады. Бұл пікірге түгелдей қосылуға болмайды. Өйткені ақын мұнда халық туралы, оның тіршілік күйлері мен тұрмысы жайлы терең толғана келіп, ызалы ойларға беріледі де, сөз семсерін феодалдық-патриархалдық тәртіпке, көшпелі тұрмысқа қарсы жұмсайды.

Абайдың жыл мезгілдері жайындағы өлеңдері аскан көркемдігімен де көз тартып, көңіл аударады. Егер «Күз» өлеңіндегі:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан.
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін – тойғаны ма, тоңғаны ма –
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, қурай *(I, 71),*–

деп келетін шумақтарда ақынның бояу реңктерін, жарық пен қараңғылықтың, көктеу мен қурап семудің қарама-қарсы ракурстарын, бейнелі суреттерді тапқырлықпен таңдай білгеніне қайран қалсақ, ал «Қыс» өлеңінен тұтас бір образды көреміз. Ол – кәрі құда. Ақын оған портреттік сипаттама беріп әрі мінездей келіп, оны жанды адам бейнесінде суреттейді:

Үшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып, екі көзін.
Басын сіліксе, қар жауып мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда
Алты қанат ақ орда үй шайқалды *(I, 74).*

Бірақ Абай тілсіз табиғаттың, стихияның долы күйін шектен асырып дәріптеуден, адамның үрейін алып, жігерін жасытудан аулақ. Ол қайта табиғат стихиясына адам қуатын қарсы қояды, адамның күштілігін, әлуеттілігін мадақтайды.

Жыл мезгілдері жайындағы өлеңдерін жазғанда Абайдың классикалық орыс әдебиетінен, әсіресе Пушкин мен Некрасовтан жемісті үйренгендігін зерттеушілер талай рет айтқанды. Сонымен бірге ол халық поэзиясының дәстүрлерін де пайдаланды. Бірақ ұлы Абай өзінің ұлылығынан бұ жолы да жаза баспайды. Оның өлеңдерінде басқаға еліктеудің, басқаны көшірудің зәредей де белгісі жоқ. Адамды да, оны қоршаған табиғатты да тұтас алып, байланыстыра жырлаған ақын реалистік арнадан ауытқымайды.

Сондай-ақ, «Күз бен қыс жайындағы өлеңдерінің идеялылығы, олардың реалистік стилі Абай көзқарасының материалистік қырларының және оның демократтық идеалдарының қалай тереңдегендігін көрсетеді» [7.90].

Ал енді басқа бір сала өлеңдерінде («Көлеңке басын ұзартып», «Көкала бұлт сөгіліп», «Желсіз түнде жарық ай») ақын табиғат суреттерін адамның әралуан көңіл-күйлері, сырсезімдері тақырыбымен ұластыра, ұштастыра жырлайды. Бұл туған жердің табиғатын оның ақындық жүрекпен тебірене сүйе білуіне де байланысты. Ол табиғаттың әсем құбылыстарын, адамның жүрегін тербеп, жан күйіне әсер ететін сұлу көріністерін байқағыш.

Ақынның «Желсіз түнде жарық ай» атты өленін қайта бір оқып шығалық. Дәлірек айтқанда, біз өлең ғана оқып шықпаймыз. Керісінше, ғажайып сырлы үн мен солмас, сембес бояулардан жасалған күйлі де келісті тұтас бір дүниені жанымызбен сезіп, көзімізбен көріп өткендей боламыз: ауылдың жанында гүрілдеп аққан өзен, сәулесі суда дірілдеген жарық ай, манаураған желсіз түн, жапырақтары сыбдырлап, сыр шерткен тәрізді қалың ағаштар, тау жаңғырткан ән. Міне, осындай тамаша түнде, әсем табиғаттың аясында кездесіп, «бөгеліп сөз айта алмай», тіл қатпай, үнсіз ұғынысып тұрған екі жас, олардың дүрсіл қаққан жүректерінің лүпілі – осының бәрін өз көзіңмен көргендей, өз құлағыңмен тыңдағандай боласың.

Жыл мезгілдері жайындағы өлеңдерінде табиғат суреттері арқылы әлеуметтік өмір көріністерін тереңдеп ашқан ақын мына өлеңінде табиғат пен адамның сезімдері, сүйіспендігі тақырыптарын ажырамас тұтастықта алып жырлайды. Бұл өлеңнің эстетикалық әсерін былай қойғанда оның сол кез үшін тәрбиелік мәні де күшті еді. Өйткені онда адамның ең жарқын, аяулы сезімдері мадақталады, солардың қырсау, көне әдет-ғұрыптан сау еркіндігі жырланады, адамның өз қасиетін өзі сезінуі дәріптеледі.

Сөйтіп, Абай адам мен табиғат деген мәңгілік тақырыпты осылайша, яғни асқан зор ақындық мәдениет тұрғысынан қарап шешеді. Осы орайда Белинскийдің «Әдеби-армандар» атты еңбегіндегі: «Ақын неғұрлым данышпан болған сайын табиғатқа тереңірек араласып, оны құшағына тұтас қамтып алады. Сөйтіп, бізге табиғатты өмірмен барынша байланыстыра алып көрсетеді» [19,19], – деген ойлары еске түседі. Өйткені Абай да өз олеңдерінде табиғатты адам қоғамынан аулақ алып жырламайды, қайта сол кездегі қазақ халқының әлеуметтік жағдайлары, қоғамдық тіршілігі, күнкөріс әрекеттерімен байланыстыра суреттейді. Оның лирикасын аса көркем, мейлінше шыншыл еткен сипаттардың бірі осы болатын. Сөйтіп, Абай қазақ поэзиясындағы реалистік пейзаждың негізін салды.

IX

Нағыз ұлы ақын, оза шыққан классик болғандықтан, Абай өмір кешкен дәуірінің ғана бейнесін беріп қойған жоқ, сонымен бірге өзінің де қайталанбас, енді қайтып тумас автопортретін жасады. Оның шығармашылығының бүкіл ұзына-бойынан туған елі-жұртының, адам баласының ұлы болған, еңбегі еш кетпесін сезіп, халқына ұстаздық қылудан жалықпаған ойшыл да сыршыл азамат-ақынның, күрескер-ақынның әрі өз өнерінің қадір-қасиетін білген тәкаббар ақынның нұрлы тұлғасы айқын сезіліп отырады.

Заман жайында, адам жайында шындықты, тек қана шындықты айтқан Абай өзі жайында да әрдайым қалтқысыз қалып танытады. Шәкірт шағында, бала кезінде шығыс

ақындарына елти құлап, еліктеп жүргенде шығарған бірлі-жарымды өлеңдерінде Абай сол еліктеген жайын өзі-ақ айтып береді, солардан медет тілейтіндігін де жасырмайды.

Ал реалистік поэзияға бет бұрып, ден қойғаннан кейінгі өлеңдерінен бастап ақынның лирикалық «мені» өзгеше сипатқа ие болады. Ол енді өзінің өнері жайында да, тыңдаушысы жайында да көбірек, тереңірек ойланады. «Патша құдай, сиындым» атты өлеңде мынадай бір шумақ бар:

Арғын, Найман жиылса,
Таңыркаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болды
Тобықтының езіне *(I. 42)*.

Бұдан біраз шындықты аңғарамыз. Ең алдымен бұл өлең жазылған кезде Абай шығармалары әлі Арқа төңірегінен көп аса қоймаған, исі қазаққа түгел тарап үлгермеген. Ал шығармалары жеткен жер оған таңдана, таңыркай қарайды. Өйткені бұл – құлаққа бұрын-соңды тимеген соны сөз, ойлы сөз. «Тобықтының езі» дегенде Абай бүкіл қауымды емес, өзінің тап қасында жүрсе де, өнерін түсінбеген сздерді, құлық сауған ру басыларын айтады. Олар – шын өнерді қор қылушы қас надандар. Сол сиякты «Қайран сөзім» деу арқылы Абай өз өнерінің со кездегі жеткен биігін жақсы танытады, әділ танытады.

Қандай да суреткер өз дәуірімен тығыз байланысты. Бірақ олардың сол өз заманымен қатынасы бірдей болмақ емес. Әлеуметтік тенсіздіктер мен әділетсіздіктерге негізделген қоғамда шын халық суреткері небір трагедиялық күйлерге ұшырап отырады. Сондай күйлерді өз басынан Абай да көп кешті. Надан орта, надан қауым Абайдың өміріне де, шығармашылығына да көп салқынын салды. Мұны ақынның өзі де терен сезген. Сондықтан да ол бір өлеңінде былай деп жазды:

Өкініштi көп өмір кеткен өтіп,
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мактанды калдым күтіп.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп надандар өзіне тартар бейім *(I, 56)*.

Өз ортасынан оқшау шыққан әрі оған көп күйлері жұмбақ болған, ағартушы мен эстетикалық тәрбиешінің, мәдени ізденушінің қызметін қоса атқарған Абайдың осылай демеске әдді жоқ еді. Ақын мен поэзияның, реалистік көркем өнердің сипаты және қоғамдағы орны жайындағы өлең-трактаттарында да Абай өз тұлғасын, суреткерлік сарайын жақсы танытып отырады.

Абайдың халық пен заман жайындағы, өзі жайындағы ойларын барынша толық байқатқан шығармаларының бірі – әйгілі «Сегіз аяқ». Мұнда өз кезіндегі әлеуметтік теңсіздіктер мен трагедиялық қайшылықтар жайын, қараңғы қауым мен ой-санасы әлі оянбаған халық жайын, оның тіршілік жағдайлары мен болашағын қаны қайнап, жаны ашып тебірене ойлаған, ұйқы бөліп, қайғы алған патриот-ақынның тұлғасы бар.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным.
Қанғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды...

Немесе:

... Қадірлі басым,
Қайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жоқ.
Болмаска болып қара тер,
Қорлықпен өткен ку өмір *(I, 90-91)*,–

деп жырлаған халық ақынының қасиетті зары, қам көңілі және алыс арманы мен ұлы мақсұты оның өз тұлғасын қаншалықты биіктете түседі.

Бүкіл заман шындығын, халық өмірін, ақынның нысаналы ойларын, талабы мен тағлымын тұтас қамтыған фило-

софиялық және поэзиялық осы трактатта ақын туралы, ақындық өнер туралы тақырып айрықша орын алады. Тіпті шығарма салғаннан осы тақырып арқылы басталады:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл *(I, 88)*.

Ақындық шабытты, көркемсөздің құдірет-күші мен әсерін осылайша суреттеуді тек Абайдан ғана табамыз. «Қызыл тіл» – Абай поэзиясының өзекті тақырыбы. Абай оны ақындық өнер мағынасында алып отырады. Ал «Сегіз аяқта» Абай оны осындай кең мағынада да, тура мағынада да қолданған. Тіл – көркем әдебиеттің негізгі құралы, бірінші элементі екендігін өз тұрғысынан Абай да түсінген. Абайдың бейнелеп айтуынша, сол қызыл тілдің тоқсан толғауы бар. Шын суреткер, шын ақын көркем тілдің сол тоқсан толғауын таба білуі керек. Абайдың өз басы соның бар толғауын, бар бояуын таба білді де.

Енді осы шумақтың ең соңғы жолына назар аударалықшы: «Сөйлеймін десең, өзің біл». Бақсақ, ол өзінің ақындық шабытын зорлаудан, қинаудан аулақ. Мұнда үлкен мән бар. Өйткені халықпен, оның болашаққа ұмтылған күресімен, арманымен ажырамастай боп туысқан, содан нәр алған ақын шабыты бұрқырап ашылмауы, бейтарап қалуы мүмкін емес. Абайдың ақындық музасы қашан да сондай. Осы орайда Абай тағы да Белинский эстетикасының, оның шығармашылық еркіндігі туралы ойларының үддесінен шығады.

Абай поэзияны көркем өнердің, адам өнерінің басқа түрлерінің бәрінен де жоғары қояды:

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ *(I, 88)*.

Бірақ сол өнерді, яғни оның қадір-қасиетін терең түсіне білу шарт. Поэзияны, оның көркемдігін танып білген, шын түсінген адам ғана одан эстетикалық ләззат ала алмақ. Сөйтіп, Абай ақын мен оның оқушысы, тыңдаушысы туралы тақырыпты бұл шығармасында да қоса қамтып жырлайды.

Абайдың азаматтық және ақындық сыры іспетті бұл шығармадан оның өзінің де шығармашылық келбеті, дүниетанымы, эстетикалық кредосы, поэзиядағы дәстүр мен жаңашылдық туралы ойлары соншалықты айқын танылады.

Абайдың ақындық тұлғасын танытатын өлеңдер оның шығармашылық жолының әр кезеңінен-ақ табылады. Солардың ішінен «Келдік талай жерге енді», «Өзгеге көңілім тоярсың» тәрізді өлеңдерін атауға болады.

Алғашқы өлеңде «қызыл тіл» мен тыңдаушы тақырыбы тағы да қайталайды. Бірақ тақырып сол болғанымен, оның шешімінде қайталау жоқ. Реалист-ақын боп қалыптанғаннан кейінгі кезеңдегі Абай өзгені қойып, өзін – өзі де қайталаған емес. Оның ұлылығының бір тамыры осында болатын.

Абай өзінің ақындық өнеріне жаңа тенеу, жаңа бояулар таба отырып, шығармашылығы заманының тартыс-талқысымен байланысты екенін тағы да аша түседі, айта түседі:

Қайғы шығып иыққа,
Қамалтпасын тұйыққа,
Сергі, көңілім, сергі енді.
Балапан құстай оңдалып,
Қанатыңды қомданып,
Жатпа ұяда қорғанып.
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді.
Көңілде қайғы, қалың зар,
Айтатұғын сөзім бар,

Салсын құлақ ұққандар,
Өрбі, сөзім, өрбі енді.
Іште қайғы дерт қысып
Көкіректі өрт қысып,
Айтуға көңілім тербенді *(I, 117)*.

Бұл өлең ақынның өзін – өзі іштей қайрап ширығу, өзін өзі демеу жырындай. Оптимистік жыр. Бұған өзін осылайша саналы түрде даярламаска, шыңдамаска ақынның әдді жоқ. Мұның да сыры бар. Осыдан әрі өлеңде ақын сол сырын айтады. Бұл – Абайдың ақын ретінде де, азамат ретінде де өмір бойы кешіп өткен трагедиясы:

Туған жерді қия алмай,
Тентекті жеңіп, тыя алмай,
Әлі отырмыз ұялмай.

5 жұбаныш іздейді. Ақынның сонда табатыны, таяныш көріп, көз салатыны – поэзия, яғни өлең-жыр. Мұны екінші өлеңінде Абайдың өзі соншалықты тебірене, емірене отырып айтады:

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп коярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын *(I, 119)*.

Суреткердің трагедиялық халін, шығармашылық акт үстіндегі көңіл-күйлерін Абай бұл жолы да қапысыз жеткізіп айтқан. Әр өлеңін, әр сөзін өзі айтқандай «көздің жасы, жүректің қанымен» жазған Абайдың бар болмысы, бүкіл тұлғасы бар бұл өлеңде.

Абайдың уақыт туралы, өзі туралы, ақынның қоғамдағы орны туралы өлеңдерінен бұл қасиет әрдайым терең сезіліп

отырады. Осы тұста ол кай халықтың кандай ұлы акынымен де үзеңгі жарыстырып, деңгейлесе алады. Оның сондай өлеңдерінің ішіндегі ең кереметтері – «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» пен «Өлсем, орным – кара жер сыз болмай ма?».

Алғашкы өленде акын табиғатты «менікі», яғни тән мағынасында, ал адамды «мен», анығырак айтканда, акыл-ой, рух бейнесінде жырлайды. Өленнің екінші шумағында акын осылайша философиялык тұрғыда алып, тұспалдап отырған ойын, баскаша атағанда «менін» ашык айтады:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма – ойландаршы –
Өлмейтұғын артына сөз калдырған? *(I, 178)*

Акын осы такырыпты «Көк тұман – алдындағы келер заман» атты өленінде бұдан да гөрі накгыландыра, зор ойшылдык тұрғыға көтеріле отырып жырлайды:

Акыл мен жан – мен өзім, тән – менікі.
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жок әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі *(I, 211)*.

Сөйтіп, акын жалпы адам баласының, оның рухы мен акыл-ойы жемісінің мәңгі жасайтындығы туралы такырыпка ауысады.

Егер бұл өленлерінде акын өлместік такырыбын шартты түрде алынған жинакты тұлғаны бейнелеу ретінде жырласа, ал «Өлсем, орным – кара жер сыз болмай ма?» өленінде тікелей өз басына, өз шығармашылығының болашак тағдырына байланыстыра отырып шешеді. Сондыктан да академик М.Әуезов айткандай, 1898 жылы жазылғандығына карамастан, бұл өленді акынның өз шығармашылык жолын корытындылаған туындысы, жүрекжарды сыры мен калткысыз шыны деп карауға керек...

Жүрегіңнің түбіне терең бойла.
Мен – бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, сокпаксыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым – кінә қойма *(I, 223)*,–

деп тебіренді Абай. Бұл өлең – оның болашақ ұрпакка арнап тіл катуы, сондай-ақ өз жанының да бар түкпірі, тереңі мен тұнығы еді. Мұнда данышпан акын келер ұрпактың, туар дәуреннің бейнесін ғажайып шебер һәм көреген суреткерге тән елес-емеуірінмен сездіреді. Бұралаңы көп бұлдыр өміріне ой көзімен үңілген акын «соқтықпалы, сокпаксыз жерде өскенін, мыңмен жалғыз алысканын», ерте оянса да, етекбастыны көп көріп, дегеніне жете алмағанын келешек окушысына әдейі, саналы түрде сыр етіп шертетіндей. Өйткені акынның аңғартуынша, ол – жүрек түбіне, жан түкпіріне терең бойлай алатын, парасатты, ойлы және әділетті адам және оның өмір кешер уакыты да соқтықпасы, сандалмасы жок еркін де кең дәурен, өзгеше бір заман болмакка керек. Өз кезі үшін жұмбақ болған Абай сол болашақ заманның, келер буынның өзін терең танып, дән разы пейілмен қабыл алатындығына кәміл сенген тәрізді. Өлім жайын күнірене толғаумен басталған өленнің соңында акынның өлместік, өшпестік сарынына ауысуының да сыры осында. Көреген акын таяз сокпапты. Оның ұлы да әділ ойларының акиқаттығын тарихтың, уакыттың өзі дәлелдеп берді.

Ұлы Пушкин сиякты ұлы Абай да өзіне арналған поэтикалық ескерткішті өзі жасап кетті.

X

Абай поэзиясының дені, салмағы оның лирикасында. Өзінің классикалық шығармаларын ол осы жанрда жазды. Сонымен бірге акын шығармашылығында оның поэмалары да айрықша орын алады. Абай жинақтарында оның үш поэмасы басылып келеді. Олар: «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі». Соңғы поэма бізге толық күйінде жетпеген, кейінгі тараулары сақталмаған.

Лирикасында жеткен көркемдік биіктеріне Абай поэма жанрында көтеріле алған жоқ. Оның поэмаларының үздік үлгі ретінде танылатыны да, өз талантының деңгейінен аласарақ тұрғандары да бар. Сөйтсе де, Абай поэмалары сол кездегі қазақ поэзиясы үшін соны сөз, тың құбылыс еді. Өйткені Абай поэмалары қазақтың батырлық немесе ғашықтық эпосының күрделі формаларынан да, Шығыстан ауысқан немесе Шығыс аңыздарының негізінде туған киссалар мен дастандардан да оқшау, өзгеше. Абай поэмалары негізінде реалистік шығармалар.

Абайдың үш поэмасына да ортақ, тұтастай хас бірнеше сипат бар. Олардың бәрі де тарихи тақырыпқа, өткен өмір оқиғаларына арналған. Және де поэмалардың негізгі сюжеттік желісін құраған сол оқиғалар қазақ өмірінің шындығынан емес, Шығыс тарихынан алынған. Мысалы, «Ескендір» поэмасында Александр Македонский жайы баян етіледі. «Масғұт» та ежелгі бір аңыздан, араб өмірінен алынған. Ал «Әзім» оқиғасы «Мың бір түннен» алынғанын Абайдың өзі айтады.

Поэмаларының бәрі де Абай кейіпкерлері өмір сүрген кезеңді, олардың тұрақ-мекендерін нақтылы, тікелей суреттеуден бастайды. «Ескендір» поэмасында шығарма кейіпкерінің ата-тегі, мекені, әкесі өліп таққа отырғаны, жан-жаққа көз аларта бастағаны небәрі екі-ақ шумақ арқылы баян етіледі.

«Масғұт» поэмасынан оның Арун-Рашид халифа заманында Бағдатта өмір кешкенін білеміз. Ал «Әзім әңгімесінде» ақын Бағдаттағы Мұстафа мен Сапа деген ағайынды екі жігіттің тағдырынан аз-мұз мағлұмат береді де, өзінің негізгі кейіпкері Әзімнің тағдыры мен талайына ауысады. Осының бәрі поэма оқиғаларын түйдектете, шиеленістіре өрбітумен бірге шығарманың реалистік сипатын да тереңдете, күшейте түседі.

Абай поэмалары көбінесе бір тақырыптың, бір оқиғаның, яғни шығарма кейіпкері өмірінің белгілі бір эпизодтарының төңірегінде ғана өрбиді. Бұл қасиет «Ескендір» мен «Масғұтта» әсіресе күшті. Мұның өзі поэма жанры жайында, оның оқушы мен тыңдаушыға ететін әсер күші, тәрбиелік

мәні жайында Абайдың көп ойланып-толғанғанын байқатса керек.

Мысалы, «Ескендір» поэмасында Абай Александр Македонскийге жалпылама мінездеме беріп келеді де, оның бір ғана жорығын баян етеді. Сол сияқты «Масғұт» поэмасында да кейіпкер өмірінің басты-басты бірлі-екілі кезеңі ғана суреттеледі. Тек «Әзім әңгімесі» ғана күрделі, желілі, шытырман оқиғалы шығарманың өрісін танытарлықтай.

Өзінің ойшылдық әрі ақындық тұрғысынан Абай поэмаларында да танбайды. Зерттеушілер «Масғұт» поэмасы мен Тургеневтің «Шығыс аңызы» («Восточная легенда») атты әңгімесі бір негізден алынғанын анықтады. Абайдың Тургенев әңгімесімен таныс болғаны Мүрсейіттің 1907 жылғы колжазбасындағы ескертпеден де байқалады.

Абай поэмасының кейіпкері Масғұт болса, ал Тургенев әңгімесінде ол Джиаффар деп аталады. «Шығыс аңызы» Джиаффардың шал ұсынған жемісті таңдап алуын және оған сол шалдың жол көрсетуін суреттеумен аяқталады. Ал Абай поэмасының екінші бөлімінде Масғұттың содан кейінгі тағдыры баяндалады. Масғұт хикаясын баян еткендегі авторлық мақсаты мен түбегейлі ойларын да Абай поэмасының сол екінші бөлімінде бейнелеген.

Осылайша өзгерте, өсіре отырып жырлау, өз идеясына қарай жақындатып, икемдей түсу «Әзім әңгімесінде» де бар. Мұнда да Абай «Мың бір түн» оқиғасының жалпы ұзын-ұрғасын алғанымен, оны өзінің суреткерлік көрігінен өткізіп, өзгерте түсіп отырған [7,134-139].

Абайдың кемел ойшылдығын, суреткерлік тұрғысын барынша анық таныткан поэмасы – «Ескендір». Александр Македонский тағдыры, оның жорықтары бүкіл әлем әдебиетінде мол жырланып отырғаны тарихтан жақсы аян. Ол жайындағы (Ескендір Зұлқарнайын жайындағы) аңыздар қазақ арасында да мол таралған. Сондай бір аңызды Н.Саркин «Киргизское стихотворение об Александре Македонском» деген атпен 1905 жылы жариялаған [7,130]. Бірақ Абай сол аңыздардың оқиғаларын алмаған. Ол Шығыстың Фирдауси, Низами, Жами, Науаи тәрізді классиктері дастан етіп жырлаған Ескендір бейнесімен де жақсы таныс болған.

Әйтсе де Абай солардың бірде-біріне көзсіз еліктемеген, бірде-бірін қаз-қалпында қайталамаған.

Зерттеушілер Абайдың «Ескендірі» Әзірбайжан халқының данышпан ақыны Низамидің «Ескендірнама» дастанымен сабақтас екенін айтады. Сонымен бірге олардың айырмашылығы одан да бетер күшті, әлдеқайда терең.

Низами дастанының көлемі 20 000 жолдан астам. Ұлағайыр бұл шығарма «Шарафнама» және «Ықбал-мама» атты екі бөлімнен тұрады. Дастан Ескендірдің дүниеге келуі туралы аңызды баяндаудан басталады. Бірінші бөлімде Ескендірдің жорықтары суреттеледі. Зинджілерді жеңіп, Иранды түгел бағындырғаннан кейін Ескендір Арменияға, Әзірбайжанға аттанады. Ол Әзірбайжанның ерте кездегі орталығы Берда қаласында тұратын әйел патша Нушабэмен кездеседі. Ескендір Нушабэнің ақылдылығына, ерлігіне қайран қалады. Кейін Нушабэ қыпшақтардың қолына түскенде оны Ескендір құтқарып алады. Осыдан кейін Ескендір өзінің еліне қайтады. Дастанның осы бірінші бөлімінде Низами өзінің патриоттық идеяларын өте шебер бейнелейді. Ол Әзірбайжанның сұлу табиғатын, Берда қаласының әсемдігін, әйел патша Нушабэнің ақылдылығын шабыттана жырлайды.

Дастанның екінші бөлімінде Ескендірдің еліне қайтып барғаннан кейінгі өмірі, оның жеті білімпазының әңгімелері баяндалады. Бұл әңгімелердің барлығында да Низами өзінің ғибраттық ойларын, гуманистік идеяларын суреттейді.

Низами Ескендірді данқты қолбасы ретінде ғана емес, сонымен бірге үлкен философ етіп те көрсетеді. Өмірінің соңғы кезінде Ескендір бақыт іздеп табу үшін және адамдарды жоқшылықтан, қыспақтан құтқару үшін жорыққа аттанады. Ол бүкіл әлемді кезеді. Ескендір ақыры бақытты өлкені табады. Бұл өлке Қытайдың солтүстік жағында (яғни қазіргі Сібірдің тұсы) екен. Ол өлкенің адамдары өзара тату-тәтті тұрады, барлығы да бірдей, тең. Ол жерде ұрылар, қаракшылар, өтірікшілер болмайды екен. Жастар өлмейді. Жұрттың барлығы әбден картайып барып өледі. Адамгершілік, әділет заңдарын бұзғандарды ол өлкеден қуып жібереді екен... Бұл Низамидің өзінің әлеуметтік утопия-

сы еді. Әзірбайжан классигінің бұл дастаны Еуропа және Шығыс елдеріне түгел таралып кетті.

Бұл айтылғандардан Абай поэмасы мен Низами дастанының айырмашылығы жақсы аңғарылса керек. Низами дастанындағы бір оқиға Ескендірдің Әбулхаят суын іздеп, Түн дүниесіне жасаған сапарына байланысты. Дастанның сол тұсы Абай поэмасына біртоға жақын келіп қалады. Бірақ Абай сол оқиға желісін қаз-қалпында қайталамай, әлдекайда өзгертіп алған. Ал Абайдың бұл тақырыпты шешудегі авторлық тұрғысы тіпті басқа, мүлдем бөлек. Осы орайда академик М. Әуезовтің мына бір пікіріне назар аудармаска болмайды: «Абай Шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер баяндаған күйге түгел тоқтап бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады. Ең алдымен аңызды Еуропа тарихы мен мәдениетімен өзі білген Александр Македонский жайына қарай бейімдейді... Ескендір Абай поэмасында дәріптелмей, сыналады... Осы айтылған жайларға қарағанда Абайдың әкімшілікке көзқарасы бұрын мұсылман ғаламында болмаған жаңа сыншыл, бинк ойды танытады. Ескендірге де мұсылманның өткен тарихы, аңыздары, діншіл үгіттері ұйғарған табыну көзімен қарайды. Азат ойлы, еркін, әділ сыншы Шығыс елдері таныған авторитеттің жамылғысын сыпырады. Өзінің гуманистік, адамгершілік нанымдарының тұрғысынан қарайды» [26,149-150]. Сөйтіп, қай тақырыпты, қай дәуірдің шындығын жырласа да Абай өз заманының биігінен, өзінің ойшылдық тұрғысынан қарап бейнеледі [27,13].

Абай поэмаларынан оның образ жасаудағы шеберлігі, көркемдік тәсілдері де жақсы байқалады. Бұл ретте де «Ескендір» поэмасының жөні айрықша бөлек. Мысалы, ақын поэманың бас жағында Ескендірдің сипатын былай береді:

Сұмдықпен әскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау алып тұра аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.

Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан жердің бәрін де бодан қылып,
Өкіметпен қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады *(I, 259)*.

Абайдың суреттеуінде, Ескендір – адам қанын судай шашқан, жаугершілікпен күн кешкен қанішер. Ол хандарды ғана емес, жазықсыз елдерді де шабады. Ақын мұны қатты сынап, қадап айтады. Сол елдердің көбіне ол опасыздықпен тұтқиылдан тиіседі. Абай Ескендір мінезінің осы қырларын ашумен бірге оның жанындағы қолпаштаушы нөкерлерінің екіжүзділігін, көлгірлігін бір-ақ ауыз сөзбен сездіреді:

Қанішер қаһарлы хан ашуы көп,
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.
Сол күнде қошеметші айтады екен:
Ханның ханы, патшаның патшасы деп.

Соншалықты қатыгез, соншама өр болғанымен, Ескендірде терең ой, парасат жоқ. Әрі сол ойсыздығын, тайыздығын басқалардан жасырады да. Кішкентай қу сүйектің сырын білмей қалғанда ол Аристотельді аулақ алып кетіп, жұрт көзінен оңашада сұрайды:

Ескендір мұны көріп аз тұрады,
Хакімді аулақ жерге шақырады. –
Таң қаларлық іс болды мұның өзі
Мәнісін айтып берші деп сұрады *(I, 263)*.

Ісінің жөнсіздігін, бекерлігін ақын ақыры Ескендірдің өзіне мойындаттырады. Сөйтіп, Абай Ескендірді өзінің ұғымнанымы, көзқарасы тұрғысынан суреттейді. Ол Ескендір образын дәл осындай етіп бейнелеу үшін қажет көркемдік құралдар мен тәсілдерді таба алған да.

Поэмада аз көрінсе де, аса айқын бейнеленген тұлғалардың бірі – Аристотель. Низами дастанында Аристотель, Платон, Сократ, Порфирий, Аполлоний, Фалес, Гермес тәрізді жеті білімпаздың образы болса, Абай поэмасында Аристотель жалғыз. Жалпы ежелгі дүниенің осы ойшылын, философын Абай аса жоғары бағалаған. Ол Аристотель есімін өзінің қара сөздерінде де зор ілтифатпен, құрметпен атап отырады.

Абай поэмада оны «Жолдасы – Аристотель ақылы мол», «Сол күнде Аристотель жеке – дара» деп сипаттайды. Ескендір үшін тылсым болған ку сүйектің сырын ашатын да – сол. Абай Аристотельді үлкен ғалым, асқан ойшыл ғана емес, шындықты айтудан тайсалмайтын ақиқат іздеуші ретінде де суреттейді. Ол ашы шындықты тіпті Ескендірдің өзінің бетіне басып айтудан да қаймықпайды, тая соқпайды:

– Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға, –
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда.
Кәпір көздің дүниеде араны үлкен.
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.
Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұхсат.
Сый сұрадың, бергені – бір ку сүйек.
Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат *(I, 263)*.

Өз шығармасының негізгі бір идеясын ақын Аристотельдің осы сөздері арқылы берген. Оның үстіне бұл сөздер Ескендірге ақынның өзі жасаған сипаттауды толықтыра, тереңдете түседі.

Абайдың Масғұт пен Әзім, аяр шал образдарын жасаудағы шығармашылық принциптері де көңіл аударуға тұрарлық. Ол тіпті мифтік оқиғалар мен аңыздан алынған кейіпкерлерді суреттегенде де реалистік бейнелеу әдісіне көбірек ойысып отырады.

Абай поэмалары негізінен баяндау стилінде жазылған. Оларда эпикалық сарын басым. Авторлық тебіреністер, лири-

калық шегіністер, кейіпкерлердің ішкі монологтары Абай поэмаларында жоққа тән. Рас, оқиға өрбуі барысында оның ара-тұра өзінің көңіл-күйлерін шертіп кететін кездері болады. Мысалы, «Масғұт» поэмасында Масғұттың Қыдыр шалдан бата алғанын баяндаудан кейін мынадай шумақтар бар:

Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,
Жалғанның дәмін бұзып кауіп қылғызған.
Ақыл мен мал екеуін асыра алмай,
Арашашы іздепті қатын-қыздан.
Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда *(I, 267)*.

Бұл кездейсоқ емес. Абайдың жүрегін өртеп, жанын жеген осындай ащы ойлар оның лирикасында да жиі ұшырасатын. Мысалға, «Келдік талай жерге енді» өлеңінің мына бір жолдарын қайталап оқып, жоғарыда келтірілген қос шумақта айтылған ойлармен салыстырып қаралық:

Туған жерді кия алмай,
Тентекті жеңіп тыя алмай,
Әлі отырмыз ұялмай,
Таба алмадық өңге елді.
Әуелде тәңірім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті,
Жалғыз үйде күнірентті.
Тағдырға білдік көнгенді *(I, 118)*.

Сол сияқты, «Масғұт» поэмасындағы әйелді ардақтау, кадір тұту сарыны Абайдың лирикалық өлеңдерінің де ең бір өзекті, мол жырланған тақырыбы болатын.

Сөйтіп, суреттейтін оқиғалары мен тарихи дәуірлерінің алшақтығына қарамастан, Абайдың лирикасы мен поэмаларының арасында ой ұқсастығы, идеялық ұқсастық, авторлық мақсаттың тұтастығы бар. Сондай-ақ, тарихи өткенге, қиян алысқа арналған поэмаларында да Абай – өз дәуірінің үні,

өз заманының жыршысы болуға тырысады. Бұл сол поэмалардың идеялық нысанасы мен негізгі пафосынан да, шығарманың соңында беріліп отыратын автордың моральдық-этикалық, дидактикалық уағыздарынан да анық көрінеді.

Абай поэмалары оның Шығыс поэзиясымен байланысы ешуақыт үзілмегенін және өзінің ақындық өнері, реалистік шеберлігі кемелденген сайын сол дәстүрге сыншыл оймен қарағанын, оған көзсіз еліктемей, әсіре әрі тереңдете отырып пайдаланғанын растай түседі. Жалпы алғанда, Абай поэмаларының классик ақынның өз шығармашылығында да, жалпы қазақ поэзиясының тарихында да лайықты, сыбағалы орны бар.

XI

Абай шығармашылығының құнарлы әрі өзгеше бір саласы – оның ғақлиясы, қара сөздері. Мұндай жанрға неліктен ден қойғандығын, авторлық мақсатын «Бірінші сөзде» Абайдың өзі жақсы аңғартады: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» (II, 158).

Ең алдымен байқалатын бір жәйт – поэзиясында ұстанған принциптері мен түбегейлі авторлық ойларын Абай «Қара сөздерінде» де көздеген. Ақынның жоғарыдағы пікірі оның бір өлеңінде айтқан мынадай ойымен қабысып жатыр:

Бұны оқыса кім танып,
Жүрегіне от жанып.
Сөзді ұғарлық жан тапса,
Айтса жарар ой салып *(I, 106).*

Сөйтіп, «Қара сөздерін» де Абай ермек үшін жазбаған, жазбауына болмағасын жазған, заман талабын ескере әрі өзінің ағартушылық мұраттарын көздей отырып жазған. Сонымен бірге Абай қара сөздерінің жанрлық ерекшеліктерін

де жаксы анғарткан. Ол – негізгі авторлық ойды бейнелеу емес, баяндау, сап-сабымен қағаз бетіне түсіру.

Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық жағынан қазақтың бұрынғы әдебиетінің дәстүрлерімен байланысы бар ма? Қазақ әдебиетінде ондай жанр болып па еді? Академик В.В.Радлов «Түстік Сібір мен Жоңғар даласын мекендеген түркі тайпаларының халықтық әдебиетінің үлгілері» деген кітабындағы алғы сөзінде былай деп жазады:

«Қазақ әдебиетінің шығармаларын қазақтардың өздері екі бөлімге жіктейді: халық нақылдары (қара сөз) және кітаби жырлар (кітаби өлең). Халық нақылдары деп қарапайым халық ауыздан-ауызға таратып жүрген жырлар мен әңгіме-аңыздарды айтады. Сондықтан да бұл қазақ халқының Мұхаммед мәдениеті жөнді тимеген немесе бұзбаған бөлігінің шығармалары болып табылады. Ондай шығармаларды қара танымайтын қараңғы адамдар ғана біледі. Ал моллалар, яғни қара танитындар ұнатпайды. Мен хатқа түсірілген нақылдарды еш жерден таба алмадым және соларды хатқа түсірген адам бар деп естіген де емеспін. Кітаби жырлар деп аталатын себебі – жыршы оны жатқа айтпайды, жазылған кітапқа қарап оқиды. Мұндай жырларды шығарушылар – моллалар, көзі қарақты қазақтар. Олардың тілінде исламның, яғни кітаби тілдің әсері анық сезіледі...

Халық нақылдары халық рухының көрінісі әрі игілігі болып табылады. Сондықтан да олар көп таралған әрі оны халық катты қадір тұтады. Ал кітаби жырлар – исламның туындылары... олардағы негізгі мақсат – ислам уағызын тарату және халықтық рухты бірте-бірте сыртқа тебу» [28].

Кейбір зерттеушілер, мысалы М.И.Фетисов академик Радловтың осы пікіріне иек арта отырып, қазақ фольклорында осындай формалар болды және Абайдың «Қара сөздері» сонымен тығыз байланысты деген тұжырым жасайды [29,220].

Біздіңше, бұл тым асығыс айтылған байлау. Өйткені Радловтың халық әдебиетіндегі бұл жанр туралы ұғым-түсінігі басқаша. Ол бұл жанрға тек нақылдарды ғана емес, әңгіме-аңыздарды, өлеңмен жазылған ғибраттарды, тіпті салт-әдет айтыстары мен батырлар жырын да жатқызады.

Сондықтан Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық төркінін бұрынғы әдеби дәстүрлерден, фольклордан іздеу көңілге көп

кона бермейді. Бұл – Абайдың өзі тапқан жанр. Академик М.Әуезов айтқандай: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар – Абайдың өзі тапқан бір алуан көркемсөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» [26,169-170].

Поэзиясында зор ақындық мәдениет таныткан Абай өзінің ойшылдығын, білімдарлығын «Қара сөздерінде» де мол аңғартып отырады. Замана жайы, халықтың тағдыры мен тіршілік күйлері, ел мінезін түзеудің, оны жарық пен прогреске бастаудың жолдары, адамның рухы мен санасының өзгеруі, халықтардың өзара байланысы мен қарым-қатынасы, оның мәдениеті мен рухани қазынасының жайы, адамға адамгершілік тәрбие беру мәселелері, со кездегі қазақ қоғамының, сахара өмірінің қым-куыт шындығы – Абайдың «Қара сөздерінің» негізгі тақырыптары. Абай осылардың әркайсысы жайында да терең ойлар қозғаған.

Абайдың «Қара сөздері» – ақынның өзімен – өзі сырласуы, онашада ойға батуы, көргені мен оқығаны, өз жанынан шығарғаны жайында ой түюі. Бұл ақынның қойын кітабындай немесе өзгеше бір мемуардай. Оларда ақынның алғыр ақылы мен байқағыш көрегендігі, білімдарлығы мен ой – өрісінің кеңдігі, өмірлік құбылыстарды реалист-суреткер ретінде саралап, жинақтап алатын өнері мен шеберлігі айқын көрініс тапқан. Абайдың ақындық, шығармашылық лабораториясын көрсетерлік басқа материалдар жоқ жағдайда ақынның «Қара сөздері» оның жан сарайын, ішкі толғаныстарын ашуға қажет кілт болып табылады. Сонымен бірге Абайдың «Қара сөздерінің» әдеби тұрғыдан қарағанда да өзіндік құны бар [7, 266].

Зерттеушілер Абайдың «Қара сөздерінде» публицистикалық сипат басым екендігін атап жүр. Бұл пікірдің ақиқаттығына ден қоймасқа болмайды. Өйткені «Қара сөздерінде» Абай өз заманының ең толғақты, түбегейлі мәселелерін қозғады, туған халқының тағдыры мен тарихына, болашағына байланысты ойларын еш бүкпестен, жасырмастан әділ де тура айтып отырды. Сонымен бірге Абайдың «Қара сөздері» публицистика жанрының қалыптасқан дәстүрлі шеңберіне де сыя бермейді.

Өйткені онда акынның тек қоғамдық-публицистикалық қана емес, сонымен бірге философиялық-моралистік, сатиралық-әшкерелеушілік ойлары да бар. «Қара сөздерінде» де Абай шындықты, өмірлік құбылыстарды эстетикалық тұрғыдан қабылдады, әсемдік пен сұлулықты өзінің ең негізгі көркемдік критерийлерінің бірі етті. Сондықтан да Абай «Қара сөздерінде» тек ағартушы, ойшыл ғана емес, суреткер боп та көрінеді. Оның «Қара сөздері» стилі жағынан шыңдалған, көркемдік келісім тапқан болып келеді. Әр «сөз» ішкі тұтастық, композициялық жағынан тиянақ тауып отырады. Әр «Сөздің» өз тақырыбы болумен бірге олардың арасында белгілі дәрежеде идеялық-тақырыптық ұқсастық, өзектестік те бар.

Зерттеушілер Абай публицист ретінде де орыс классиктерінен көп үйренгенін талай рет атап көрсеткен-ді. Әрине, Абай орыс публицистикасының дәстүрлеріне қалай болса солай, көзсіз еліктеген емес. Өзінің шығармашылық бетін, өзіндік ерекшеліктерін ол «Қара сөздерінде» де жоғалтқан жоқ.

Абайдың патриоттық ойлары «Қара сөздерінде» соншалықты мол, терең көрініс тапқан. Ол халық тағдырын тарихи даму барысында оның кенжелеп қалғандығы туралы мұңды, ащы ойларын қай «Сөзінде» де айтып отырады. Орыстың классик ақын-жазушылары мен ойшылдарының гуманистік көзқарасынан көп тағлым алған өзі де әкенің баласы емес, адамның баласы болған Абай шын мәнісіндегі интернационалист те еді.

Ол «Екінші сөзінде» өз халқының жайын Ресейді мекендеген басқа халықтармен салыстырып қарайды. Орыс, өзбек, татар тәрізді халықтардың ілгерілеп кеткенін көре алмау, іштарлық ету Абайда атымен жоқ. Қайта ол сол халықтардың мәдениетті, іргелі, өнерлі ел болғанына татаусыз көңілден қуанады. Абай өз халқын да табалаудан, қорлаудан аулақ. Бірақ нағыз патриот-азамат, реалист-ақынның ащы да болса, шындықты ашып айтпасқа әдді жоқ.

Осы «Сөзде» Абай өте қызық тәсіл қолданған. Ол ең алдымен бала күнінде өзінің басқа халықтар жайында ирониялық жәйттер естігенін айтады. Шындап келгенде, мұнда тұтас халықтың ой-өрісінің кенжелігін, баландығын анғарту бар.

Осыдан соң Абай оларға күлудің бекерлігін, олар өнерлі, іргелі жұрттар екендігін дәлелдейді. Сөйтіп, карама-қарсы жайларды қатар қою арқылы шындықтың бетін ашады. Ең аяғында: «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген «сөздеріміз қайда?» (II, 159) деп сұрақ тастай отырып қорытуы «Сөздің» әсер күшін соншалықты өсіре түскен. Кейін «Жиырма бесінші сөзінде» осы тақырыпқа қайталап оралып, Абай орыс халқының мәдениеті, өнері, тілі туралы өзінің ең ұлағатты, ең әділ, ешқашан ескірмейтін ірі ойларын айтады.

«Қара сөздерінде» Абай өз заманының ойшылы ғана емес, білімпазы боп та танылады. Ол адам баласының арғы-бергі тарихын, ақыл-ой алыптарын терең білгендігін көрсетеді. «Сөздерінде» Абай Сократ пен Аристотель жайын, Гомердің ақындығын, Софоклдың трагедиялар жазғандығын, Жанна д'Арк жайын және тағы да басқаларды таратып айтып отырады.

Абайдың эстетикалық көзқарастарын, әдебиет туралы ойларын, фольклорға деген қатынасын танып білуде де оның «Қара сөздерінің» мәні ерекше. Оның кейбір «Сөздері» осы тақырыптарға арналған трактаттар тәрізді.

Біз Абайдың «Қара сөздерінің» кейбір қырларына ғана тоқталдық. Абайдың бұл жанрдағы шығармалары арнайы зерттеулерде [7,205-285; 29,219-312] мол қамтылған.

Абайдың «Қара сөздері» тақырып, идея-ой жағынан ғана емес, тілдік ерекшеліктері жағынан да құнды. Академик М.Әуезов айтқандай, «Абайдың поэзиялық мұрасына қоса «Қара сөздері» беретін, әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол – Абайдың осы «Қара сөзді» жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, «Қара сөздерінің» тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді» [26,177]. «Қара сөздер» – Абай шығармашылығының құнарлы бір саласы, тың жанры. Өзінің жаңашылдық ізденістерін ол осы жанрда да айқын көрсетті.

XII

Абайдың ақындық өнердің шыркау биігіне көтеріле алуына жағдай жасаған негізгі факторлардың бірі оның классикалық орыс әдебиетімен терең де тығыз байланыстылығында, одан шығармашылық түрде жемісті үйрене алғандығында екені аян. Бұл жайында мол да терең жазылды. Сондықтан біз кейбір мәселелерге байланысты ғана бірер пікір айта кетпекпіз.

Қазақ ақынының өзі айтқандай, орыс әдебиеті оның бүкіл өмірінде, көзқарасында, шығармашылығында ұлы бетбұрыс тудырды, оның күншығысы енді күнбатыска ауды. Содан бастап орыстың классикалық әдебиеті Абайдың өмірлік сырласына, шабыт алар қайнарына, тағлым алар ұстазына айналды. Қазақ классигінің шын мәнісіндегі реалистік өлеңдер жаза бастаған жылдары мен орыс әдебиетінен аудармалар жасауға ден қойған кезінің орайлас келуі тегін емес. Түптеп келгенде, Абай поэзиясындағы сыншыл реализм көркемдік әдіс ретінде классикалық орыс әдебиетінің шығармашылық әсері ретінде туып қалыптасқаны күмәнсіз.

Орыстың классикалық әдебиетінің Абай поэзиясына әсерін сөз еткенде үш түрлі мәселеге назар аударылуға тиіс. Бірінші – озық орыс әдебиетінің қазақ классигінің өз шығармашылығына тікелей әсері. Екінші – Абайдың орыс ақындарынан жасаған аудармалары. Үшінші – орыстың ақын-жазушылары, сыншы-ойшылдары мен Абайдың эстетикалық, көркемдік көзқарастарындағы ортақ мезеттер, ұқсас сарындар.

Әрине, бұл мәселелерге айыра, арнайы тоқталу шарт. Сонымен бірге олар өзара тығыз байланысты, ажырамас тұтастық тапқан. Сондай-ақ, осы мәселелердің қай-қайсысында да Абай жалаң шәкірт, жадағай еліктеуші емес, терезесі тең суреткер. Өйткені орыс ақындарынан үйренгенде де, аударғанда да, ойшыл-сыншылардан тағлым алғанда да Абай өзінің ұлылығын көлегейлеген жоқ. Яғни ол шығармашылық жолмен үйренді.

Абай орыстың классик ақын-жазушыларын тек суреткерлер ғана емес, сонымен бірге халықты прогреске бастаушы

қайраткерлер деп те білді. Оның оқып жүрген қазақ жастарына Толстой мен Салтыков-Щедринді үлгі етіп ұсынатыны да содан. Татардың классик ақыны Ғабдолла Тоқайдың: «Біздің ұлт Пушкиндерге, Толстойларға, Лермонтовтарға ділгір. Қысқасын айтқанда, біздің ұлт нағыз жазушыларға, суретшілерге, ұлттық жаңа поэзияға, музыкаға ділгір» [30,134], – деген сөздері дәл Абай ойынан табылатындай.

Абайдың орыс әдебиетіне деген назары мен ықыласы ұшан-теңіз екені даусыз. Ол орыс әдебиетімен танысқанда қандай қайнар көзден сусындады. Жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығын қандай дәрежеде білді, солардың тәжірибесін қалай, қай сипатта игерді? Абайдың орыс әдебиетімен байланысын сөз еткенде осы мәселелер төңірегінде де ой түйілуі тиіс.

Өзінің идеялық және эстетикалық позицияларын нығайта, тереңдете түспек болып шарқ ұрып ізденгенде Абайдың орыс классиктері ішінен айрықша ден қойғаны – ұлы Пушкин. Ол қазақ ақынының шығармашылық тағдырына ерекше күшті әсер етті.

Пушкин мен Абайдың шығармашылық жақындығын сөз еткенде қазақ ақынының орыс классигін жоғары бағалап қана қоймай, терең түсінгенін атап айту қажет. Өйткені өткен ғасырдың екінші жарымында Пушкин мұрасының төңірегінде дау-шар, алмағайып пікірлер көп болғаны, оның өмірі мен шығармашылығының көп күйлері бұрмаланғандығы мәлім. Бұл тіпті ұзаққа созылды.

«Елуінші және алпысыншы жылдарда демократтық тұрғыда ойлайтын жандардың Пушкин поэзиясын сүюі қазіргіден әлдекайда қиынырақ болды,– деп жазады Корней Чуковский, – олардың Пушкин поэзиясының азаттышдық пафосын сезінуіне көп нәрсе бөгет жасады. Өйткені аса ұзақ уақыт бойына Пушкин есімін қаскөй аңыздар көлегейлеп келді. Олар тек қазір, кеңес дәуірінде әдебиет зерттеушілерінің еңбегі арқасында ғана мансұқ етілді» [31,14-15].

Осындай жағдайда Пушкиннің ұлылығын, оның шығармашылығының терең сырларын қалт жібермей жете ұғынуы – Абайдың шығармашылық өмірбаянындағы айрықша маңызды құбылыс.

Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан тамаша аудармалар жасаған Абай орыстың ұлы ақынының поэзиясын тікелей қабылдағаны күмәнсіз. Сонымен бірге орыс классигі шығармашылығының тереңіне үңілуде, жан-жақты ұғынуда Абай орыстың сыншылдық және эстетикалық ойының алыптарына, әсіресе Белинскийге аз қарыздар емес. Онегин және Татьяна образдарын, олардың типтік сипаттарын суреткерлік алғырлықпен ұғынуда Абай осы тұлғалар жайындағы Белинскийдің ой-пікірлерімен орайлас түсіп отыратындығын М.Әуезов пен М.С. Сильченко нақтылы ашып берген болатын. Орыстың ұлы ақынының шығармашылық мұрасының зор тарихи маңызы мен идеялық мәнін бағалап түсінуде ғана емес, жалпы эстетикалық және көркемдік принциптерін қалыптастыруда да Абай Белинскийден көп үйренді.

Пушкин Абайға өз шығармашылығының жекелеген қырларымен ғана емес, бүкіл рухымен, идеялық бағытымен, көркемдік тұтастығымен әсер етті. Ой терендігі, өмір шындығын шынайы қалыпта суреттеу, ақындық шабыттың қайталанбас қуаты, эстетикалық ой-сезімнің әсерлігі, гуманизм мен оптимизм тәрізді сипаттар Абай мен Пушкинді жақындастыра, туыстыра түседі.

Бұл жақындық, туыстық жекелеген тақырыптар мен идеялардан әсіресе анық, нақтылы байқалады. Мысалы, ақын және ақындық өнер туралы өлеңдерінде, поэзияның қоғамдық мәнін, орнын түсінуде Абай Пушкинмен өте-мөте қоян-қолтық келіп жатады. Эстетикалық идеяларын Абай әрдайым білдіріп отырды. Мұндай тақырыптағы өлеңдерді оның шығармашылық сапарының қай кезеңінен де табуға болады. Жаңа әдебиет жасауға белін бекем буып кіріскен жаңашыл ақынның эстетикалық позициялары мен ақындық кредосын барынша әйгілеп, жырлап отырмауға әддісі жоқ еді. Тарих жүктеген осынау идеялық-көркемдік міндетті адақтап шығуда Абай Пушкиннің эстетикалық ойларына, суреткерлік тәжірибесіне иек артты.

«Евгений Онегин» романынан алып жасаған аудармалары – Абайдың ақындық қуатының да, орыстың ұлы ақынына деген ықыласы мен ыстық сүйіспеншілігінің де айқын куәсі. Белинскийдің айтуынша, «Онегин» – Пушкиннің ең шын-

шыл. көкейкесті шығармасы, оның ой-қиялының ең сүйікті перзенті. Пушкиннің өз басы «Онегинде» барынша толық, жарқын да ашық көрініс тапты. Ақынның өз басы дәл осылай көрінетін шығармалар ілуде бір-ақ кездеседі. Мұнда Пушкиннің бүкіл өмірі, жан-жүрегі, бүкіл махаббаты бар, оның сезімі, түсінік-ұғымы, мұраттары да осында. Мұндай шығарманы бағалау – бүкіл шығармашылық қызметін түгел камтып, ақынды тұтас алып бағалау деген сөз» [1,495].

Сөйтіп, ұлы Пушкиннің ең басты шығармасынан аскан көркем, шыншыл аудармалар жасауы Абайдың орыс классигі шығармашылығының терең сырларын, реалистік принциптерін мол бауырағандығын көрсетеді. «Евгений Онегин» романынан үзінділер аударуы Абайдың өзінің төл шығармашылығына да игі әсерін тигізді. Оның шығармашылығындағы эпистолярлық жанрға жанасатын шығармалар сол әсерге байланысты туды. Бұл әсер тіпті мұнымен де шектелмейді. М.С.Сильченко айтқандай, «ұлттық дәстүрлерге сүйене отырып, Абай «Евгений Онегиннен» жасаған аудармалары арқылы қазақ әдебиетінде роман жанрының іргетасын қаласты» [7,110].

Шығармашылығынан Абай мол әрі жемісті үйренген орыс ақындарының бірі – Лермонтов. Он тоғызыншы ғасырдағы орыс әдебиетінің тарихында Лермонтов аскан ұлы ақындық тұлға саналады. Оның шығармашылығына Абайдың терең назар аударуы мейлінше заңды еді.

Лермонтов поэзиясының ең күшті, тамаша сипаттарының бірі оның күрес, әрекет рухына толылығында. Ақын өлеңдерінен еркіндік аңсаған жалынды күрескердің жүрек соғысы естіледі. Лермонтовтың жас кезінде жазған бір өленіндегі күрес жок жерде өмір соншалықты көңілсіз деп келетін ойлар оның бүкіл шығармашылық жолының мұраты, ұраны болатын.

Туған халқын тебірене сүйген патриот-ақын оның азат болуын аңсады және бұл идеясын азаттық жайындағы ойлары арқылы, өз басының еркіндікке ұмтылуы арқылы білдірді. Лермонтовтың, сондай-ақ Пушкин лирикасының бұл қасиетін, яғни өзін ойландырған, толғандырған әлеу-

меттік мұраттарды лирикалық тебіреністер арқылы беру ерекшелігін Абай поэзиясынан да мол табамыз.

Орыстың классик ақындары, оның ішінде Лермонтов та туған халқын қалтқысыз, шексіз сүйді, өз Отанын бәрінен де жоғары қойды. Отанға деген сүйіспеншілік орыс ақындарының қоғам өміріндегі әділетсіздік пен зұлымдықты қатал сынға алуына, соларға қарсы кекті үн көтеруіне бөгет жасаған жоқ. Қайта, орыс классиктерінің шығармаларындағы уытты да өткір сын олардың халыққа деген сол сүйіспеншілігі мен патриоттық идеяларынан келіп туған еді.

«Құлдар елі, мырзалар елі» болған Ресейді – патшалық-самодержавиелік Ресейді мейлінше жек көрген Лермонтов сияқты, Абай да «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсекызар, жалмауыздардың» дүниесіне қарсы өзінің ызалы, кекті дауысын көтерді, халық мүддесін қорғады.

Абай өз шығармашылығының сатиралық бағытымен, сондай-ақ азаматтық сарындарымен де Лермонтовпен жақындаса, туыса түседі. Олардың поэзиясы көп реттерде өзектес, рухтас. Бұған Абайдың Лермонтов шығармаларын мол аударуының да үлкен әсері болды. Абай Лермонтовтан көп аударған. Әдебиет зерттеушісі Зәки Ахметов соңғы кезде Абайдың Лермонтовтан жасаған біраз аудармаларын тыңнан тапты [32]. Абай Лермонтовтың отызға жуық шығармасын аударған. Лермонтовтың «Альбомға», «Ой», «Әм жалықтым, әм жабықтым», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр», тағы басқа көптеген өлеңдерін аудару арқылы Абай орыс ақыны шығармашылығының тұнығына үңілді және өзін ойға қалдырған, толғандырған жайларға жауап тапты.

Лермонтовтан аударған шығармаларының көпшілігінен Абай өзінің көңіл ансарын, жүрек толқынын таныды, сондықтан да оларды терең ұғына, асқан шеберлікпен аударды. 1885 жылдар шамасында Абай Лермонтовтың «И скучно и грустно» атты өлеңін аударған. Белинский осы өлеңді былай деп бағалаған болатын: «Бұл өмірмен қоштасқан өлең... Кімдекім оның зарлы үнін естіп жүрген болса, бұл өлеңнен тек өзіне таныс зарлы көңіл-күйінің елесін ғана көрсе, сол бұған

өте терең мән береді, мұны тым жоғары бағалайды, поэзияның ең ұлы шығармаларының бірі деп санайды» [19,675].

Бұл өлең, расында да, қазақ ақынының жүрегіне жақын әрі соншалықты түсінікті еді. Орыс ақынының налу, түңілу, қамығу сарыны осы өлеңді аударған жылдардағы Абайдың өз шығармаларының да негізгі бір өзегі болатын. Кемеңгер Горький айтқандай, Лермонтов поэзиясының бұл сипатында әлуетті сезім, сол кездегі қоғамға қарсылық сарыны, күресті ансау сарыны бар еді [33,165].

Лермонтовтың «Ой», «Альбомға», «Қанжар», «Көңілім менің қараңғы, бол, бол, ақын» («Еврейская мелодия»), «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Тұтқындағы батыр», «Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда» («Исповедь») – «Қасиетті дұға» («В минуту жизни трудную»), «Дұға», «Теректің сыйы», «Шайтан», «Жалау», «Жартас» тәрізді өлеңдерінің аудармалары – Абайдың ақындық құдіретінің де, оның Лермонтовпен етене жақындығының да жарқын айғағы.

Абай қазақ халқын Лермонтовтың көлемді шығармаларымен таныстыруды да ойлаған. Бірақ Пушкиннің «Евгений Онегинінен» жекелеген үзінділер аударғаны сияқты Лермонтовтың ұзақ шығармаларын да Абай ықшамдап аударған. Мысалы, Абайдың «Көңілдің күйі тағы да» деген өлеңі – Лермонтовтың «Измаил-бей» поэмасы кіріспесінің аудармасы. Сондай-ақ, Абай 1902 жылы Лермонтовтың «Вадим» атты прозалық шығармасын өлеңмен аударған. Бірақ аударма түгел сақталмаған. Лермонтовтың үстем тапқа, әділетсіз қоғамға халық қарсылығын білдірген, күрес-тартыс идеясын бейнелеген шығармасына өмірінің соңғы кезінде Абайдың беріле ден коюы – аса елеулі факт. Бұл Абай шығармашылығында халықтық сарын мейлінше тереңдегенін және революция алдындағы жылдарда Абай Лермонтов шығармашылығындағы қарсылық, күрес идеясын тани түскенін, соған жақындай түскенін көрсетеді.

Абай Крыловтың да бірталай мысал өлеңдерін аударды. Өзінің төл шығармашылығында Крылов әсері тікелей көп сезіле бермесе де, Абай орыс ақынынан жасаған аудармалары арқылы қазақ әдебиетінде тың жанрдың қалыптасуына айрықша еңбек сіңірді. Ол Крылов мысалдарының әлеумет-

тік және сатиралық мән-мағынасын барынша терең ашуға, идеялық тынысы мен рухын әсерлі етіп жеткізуге көп күш салды. Абайдың Крыловтан жасаған аудармалары қазақ классигінің шығармашылығындағы сатиралық, әшкерелеушілік сарындарды тереңдете түсумен бірге одан кейінгі бүкіл қазақ поэзиясына да әсерін тигізді.

Қазақтың халық әдебиетінде, жекелеген ақындардың шығармаларында бейнелеп, тұспалдап суреттеу тәсілі кең қолданылғаны мәлім. Крылов мысалдарының қазақ әдебиетінде күшті жаңғырық тауып, терең сініcіп кетуінің бір сыры осында болса керек. Крылов мысалдарын аударғанда да Абай ара-тұра түпнұсқадан алыстап, өзі нысана еткен ой анығына қарай көбірек ойысады.

Абайдың аудармашылық тәжірибесіндегі осындай ерекшеліктер со кездегі қазақ қоғамының тарихи даму дәрежесімен әрі Шығыс әдебиетінің «назирагүйлік» дәстүрлерімен байланысты екендігін зерттеушілер талай рет ашқан-ды. Сонымен бірге көркем аудармадағы мұндай тәсілдер мен ерекшеліктер орыс әдебиетінде де болғанын естен шығармау қажет. Жуковский аудармаларына тоқтала келіп, Белинский: ол «өзінің рухына, көңіл-күйлеріне орайлас келген нәрселерді ғана әсіресе жақсы аударды. Бұл ретте ол әрқашанда өз керегін алып отырды... Көп нәрсені ол аударудан гөрі қайта жасады, біраз жәйттерді қабылдап алып, өзінің төл туындыларының ішіне қосты» [20,167], – деген болатын. Осы баға Абайдың аудармашылық тәжірибесіне де көп реттерде тұп-тура келеді. Абайдың аудармаларынан оның идеялық-эстетикалық көзқарастары да анық белгі береді.

Абай шығармашылығына орыс әдебиетінің әсерін сөз еткенде шешуші, негізгі екі жәйтті естен шығармауға тиіспіз. Ең алдымен орыс әдебиетінен үйрену, үлгі алу Абайдың төл шығармашылығының ерекшелігін, оның өзіндік тұлғасын, соны бітімін зәредей де әлсіреткен жоқ. Қайта классикалық орыс әдебиетінің дәстүрлерін қабылдау Абай шығармашылығын идеялық және көркемдік жағынан молықтырды, оның шығармаларының ұлттық сипатын тереңдете түсті.

Сондай-ақ орыс әдебиетінің Абайға тигізген әсерін оның кейбір жекелеген өлеңдерінің орыс классиктері шығарма-

ларымен сырттай ұқсастығынан ғана іздеуге болмайды. Абайдың орыс әдебиетімен жақындығы, үндестігі оның шығармашылығының бүкіл рухынан, көркемдік-эстетикалық көзқарастарынан терең де айқын сезіледі. Абай орыстың ұлы суреткерлерінен де, бүкіл классикалық әдебиетінен тұтастай да үйренді.

Орыс модернисі мен әдебиеті жайында және орыстың классик ақын-жазушылары жайында Абайдың тікелей айтқан пікірлері тым аз. Бірақ Абайдың орыс әдебиетіне қандай қатынаста болғаны оның бүкіл шығармашылығының сыр-сипаты мен бағыт-бағдарынан және орыстың классик ақындарының көптеген шығармаларынан, жасаған тамаша аудармаларынан анық байқалады. Ол орыстың классикалық әдебиетінің шығармаларына нағыз халықтық, азаматтық поэзия жасаудың асқан үздік үлгілері ретінде қарады.

Абай орыстың классикалық поэзиясын аса жоғары бағалап қана қойған жоқ, сонымен қатар оның өзіндік белгі-бедерлерін, ерекшеліктерін жете білген де. Өйткені егер орыс поэзиясын соншалықты жете танымаса және оны соншалықты сүймесе, онда ол орыс ақындарының шығармаларын дәл біз білетін осындай дәрежеде аудара алмаған болар еді.

Орыс поэзиясының үлгілерін аударуға Абайдың 80-жылдардың бас кезінде ден қойғаны мағлұм. Сол кезде ол орысша оқымақ, түсінбек түгіл, өзі де жап-жақсы жаза алатын болған. Оны Семей облыстық статистикалық комитеті хатшысының 1882 ж. 6 шілдеде орыстың императорлық Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөліміне жазған мынадай хатынан анық көреміз:

«...К крайнему моему сожалению, я не могу оказать содействие отделу в сборе местных киргизских сказок и легенд как по незнанию киргизского языка, так по недостатку временн. Полагаю, что в этом отношении для отдела мог бы быть полезен Ибрагим Кунанбаевич Ускенбаев (управитель Мокурской волости Семипалатинского уезда), весьма развитой киргиз, умеющий притом писать по русский достаточно связно.

Секретарь Микоклин» [34].

Орыс ақындарының шығармаларын аудару арқылы Абай классикалық орыс поэзиясының тереңіне үңілді және өзін ойландырған, толғандырған әлеуметтік, шығармашылық-көркемдік жайларға содан жауап тапты.

Классикалық орыс әдебиетіне бет бұру арқылы Абай өз шығармашылығына мәңгі өлместік, өшпестік жол тапты, Абай қазақтың жаңа әдебиетінің негізін салумен бірге оның болашақта ғасырлар бойы жемісті дами беретін кең арнасы мен адастырмас бағытын белгілеп берді. Бұл – орыстың дана ойынан, ғажайып көркем өнерінен үйрену, тағлым алу дәстүрі. Абайдың аскан ұлылығы мен тарихи еңбегі де осында.

XIII

Абай реализмінің күші түптеп келгенде оның аскан ақындығына, теңдесі жоқ, үздік шеберлігіне де тығыз байланысты. Өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің алдында екі түрлі түбегейлі міндет – со кездегі қазақтың ұлттық өмірін, оның тарихи даму бағдарын шынайы, реалистік қалыпта бейнелеу және сол үшін қажет әдеби форма тудыру міндеті тұрды. Шынтуайттап келгенде, осы кос міндеттің қай-қайсысының да салмағы Абайға түсті. Ұлы ақын соның бар ауыртпалығын, шығармашылық таукыметін бір өзі иығымен көтере алды да.

Әрине, Абай үшін бұл екі проблема өзара ажырамас тұтастықта болды. Өткен ғасырдағы қазақ әдебиеті үшін форма проблемасы соншалықты қат болуы тегін емес-ті. Өйткені түптеп келгенде, әдеби форма жасау міндеті халықтың ұлттық өмірін, болмысы мен тағдырын, ой-арманын барынша кең қамтып суреттеу, заман сырына, әлеуметтік құбылыстардың ішкі мәніне тереңірек үңілу міндетімен тығыз байланысты болатын.

Осы екі міндетті ада қылып, идеялық жағынан да, көркемдік жағынан да аскан зор биікке көтеріле алғандықтан да Абай қазақтың реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалады.

Қазақ поэзиясына түр, ұйқас, ырғақ және өлшем жағынан енгізген ұлан-асыр жаңалықтарын айтпағанның өзінде Абай казақтың карапайым халық тілі аркылы адамның көңіл-күйі мен сыр-сезімдерінің алуан түрлі реңктері мен қайталанбас

сәттерін бар бояуымен, бусанып тұрған шындығымен бейнелеуге, жеткізіп суреттеуге болатындығын көрсетті. Тұтастай алғанда оның поэзиясы – нағыз «сөз патшасы», «тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісім», өзгеше көркем, өзіне ғана хас қасиеттері бар, мол сырлы дүние».

Абай өзінің аскан ақындығын, үздік шеберлігін лирикалық поэзиясында әсіресе жарқын, оқшау танытты. Рас, ғибраттық сарында жазған өлеңдерінде Абай поэтикалық бейнелеулерді көп түрлендіріп қолдана бермейді. Мұндай шығармаларында ол өнегелі ойлары мен тағлымдарын арнау ретінде өз атынан тікелей айтады. Бұл ретте ол сол кездегі қазақ қауымының ой өрісі, интеллектуалдық дәрежесімен санасқанын ең алдымен айтуға керек.

Ал замана, өмір жайындағы толғауларында ақындық туралы және адамның көңіл-күйлеріне, рухани бітіміне байланысты өлеңдерінде Абай поэтикалық бейнелеудің, көркем суреттеудің нсбір ғажайып үлгілері мен өрнек-нақыштарын барынша мол әрі жайната да құлпырта қолданады. Абайдың адам жанының терең нірімдеріне үңілгіш, оның қат-қат көңіл толқындарын, сезім дауылдарын шебер суреттегіш үлкен психолог-ақын екендігін қапысыз аңдататын мысалды оның қай шығармасынан да табуға болады.

Абайдың аскан шеберлігі оның форма саласындағы жаңашылдық ізденістерімен және қазақ поэзиясына сол арқылы енгізген шығармашылық табыстарымен ғана шектеліп қалмайды, өйткені Абайдың ақындық шеберлігі туралы мәселе оның көркемдік форма саласындағы жаңалықтарынан әлдекайда күрделі, барынша кең. Ұлы классиктің суреткерлік шеберлігін оның шығармашылығының идеялық жаңашыл сипатымен, әлеуметтік бағытымен ажырамас тұтастықта алып қарау шарт. Көркемдік форма Абай үшін дара мақсат болған жоқ. Ол жетілген, мінсіз көркемдік формаларды өзінің түбегейлі, келелі ойларын, асқақ идеяларын барынша ашық әрі шыншыл бейнелеу үшін іздеді және сол іздегенін әрдайым тауып та отырды.

Абай шығармалары тек бір сәтте, шарқ ұрған шабыттың нәтижесінде ғана туа салмаған. Ақын поэзиясы – оны әрдайым толғандырған, көңілін бөлген ашы ойлардың, пат-

риоттық тебіреністердің, шығармашылық азабының, яғни адам айтқысыз еңбектің жемісі. Кемеңгер ақын теңдесі жоқ еңбеккер де болды. Ұлы Пушкиннің: «Еңбекті де, шабытты да біліп ем» [35,265] деген сөздерін қазақ классигі де қайталап айта алар еді. Бұған оның «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін», «айналасы теп-тегіс жұмыр келген» үздік шығармалары анық айғақ бола алады.

Абай поэзиясы өзінің халықтығымен, қарапайымдылығымен құнды. Бұл – нағыз даналықпен ұласып жатқан қарапайымдылық. Оның шығармаларының өз кезінде де, кейін де халық арасына мейлінше мол таралуының сыры осында.

Абай поэзиясы өзінің айқындығымен, шыншылдығымен бағалы. Небір күрделі құбылыстар мен сыр-сезімдерді білдіргенде де Абай бір ауыз сөз жалған айтпайды. Ол әркашан шындықты айтты және шындықпен айтты.

Абай өлеңдері музыкалық үйлесімділігімен, әуезділігімен ерекшеленеді. Қазіргі композиторларымыздың Абай өлеңдеріне әсерлі музыка жазып жүргендігі тегін емес.

Абай поэзиясының ең бір қуатты қасиеті – оның бейнелілігі. Ол өзінің ақындық құдіретімен небір дерексіз сезімдер мен түйсіктерді жанды күйге түсіріп бере алады. Абай өлеңдерін оқи отырып көз алдымызға естен кетпес суреттерді елестетеміз. Суретшілер Абайдың қай өлеңінің де тақырыбына арнап үлкен полотнолар сала алар еді.

Абай поэзиясы жан-жақты, сан салалы, алуан түрлі әрі бірегей, біртұтас.

Өз кезінің идеялық талап-тілегі мен көркемдік қажетін өтей отырып, Абай туған халқының тарихи-мәдени дамуында тұтас дәуір құрды, жаңа арна ашты. Сол арна барған сайын тереңдей әрі кеңейе түсіп келеді.

АБАЙ ТҰСЫНДАҒЫ АҚЫНДАР

Шәкіртсіз ғалым – тұл.
Абай

I

Абайдың ақындық мектебі туралы мәселе қазақ әдебиеттану ғылымында ұзақ жылдар бойына козғалып келеді. Бұл жайда да жалпы Абайды тану ғылымындағыдай көптеген қайшылық, жаза басушылық, тіпті әр алуан методологиялық кателіктерге бой алдырушылық та болды. Алашордашыл ұлтшылдардың Абай мұрасының идеялық бағыты мен көркемдік ерекшеліктерін бұрмалап түсіндіріп, оны өз мақсаттарына ынғайламақ болған әрекеттері [36] бұл мәселенің тарихи және шығармашылық тұрғыдан шешім табуына қырсығын көп тигізді.

Қазақ әдебиеттану ғылымы, оның ішінде Абай жайындағы ғылым жемісті, дұрыс арнаға неғұрлым молырақ түскен сайын оның ақындық мектебі жайындағы мәселе де соғұрлым тереңірек әрі нақтылы зерттеле бастады. Бұл салада М.Әуезов ұзақ уақыт бойына еңбек етті. 1933 жылы жазған «Абайдың туысы мен өмірі» атты мақаласында [37,271-272] ол ұлы ақын өз маңындағы талапты жастарға ұстаздық еткенін, шығармашылыққа баулығанын айтады. Ал келесі жылы «Абай ақындығының айналасы» [38,11-20] атты мақаласында ол бұл мәселеге арнайы тоқталады. Зерттеушінің айтуынша, Абай өзінің ақын шәкірттеріне идея, тақырып, сюжет беріп, жол көрсетіп отырған. М.Әуезов бұл мәселеге қыркыншы және елуінші жылдардағы зерттеулері мен мақалаларында да қайталап оралып отырды.

Сол сияқты, Абайдың акындығы туралы мәселе А.Жиреншиннің кітаптары [39] мен Қ.Мұхаметхановтың еңбегінде [40] де козғалған. Бірсыпыра зерттеушілер «Абайдың әдеби мектебі» деген атауға карсы да болды. Мұнда түсінбестік бар еді. Шығармашылық тұрғыдан алғанда Абайдың әдеби мектебі болғаны даусыз. Бірақ жоғарыда аталған зерттеушілердей оны тек Абай төңірегіндегі акындармен ғана шектеу ғылыми жағынан жаңсақтық еді. Абай мектебін, оның дәстүрлерін Абай кезіндегі және одан кейінгі дәуірдегі реалистік казак әдебиетінің даму жолдарымен тұтас алып карау шарт. Абай шығармашылығының, оның акындык дәстүрлерінің ұлылығы мен нәрлілігін сонда ғана толык ұғына алмакпыз.

Академик-жазушы С.Мұканов «Абайдың шәкірттері туралы» [41] деген макаласында Абай дәстүрлерін бүкіл казак әдебиетінен іздеу кажет екендігіне айрыкша назар аударды.

Сөйтіп, терминология сан-сакка жүгіргенімен, Абайдың өз кезіндегі және өз айналасындағы акындарға тікелей тигізген әсері әр кезде әр дәрежеде зерттеліп отырды. Бұл мәселе соңғы жылдарда да арнайы сөз болды. Солардың ішінен біз М.С.Сильченконың мына бір пікіріне көбірек ден коямыз:

«Абай мектебі» деген терминнен бас тартып, біз Абайдың акындык айналасы деген ұғым енгіздік. Турасын айтуға керек, бұл да акикат жағдайға орайлас келе бермейді. Әдебиет тарихы үшін енжар да салғырт карым-катынастар емес, қайта белгілі бір тарихи кезеңдегі, түбі бір бағыттағы жазушылар мен акындардың өзара шығармашылык ыкпал-әсері манызды ғой» [42].

Осыдан кейін ғалым орыс әдебиетінің тарихын зерттеудегі тәжірибеге сүйене отырып, «Абай тұсындағы поэзия (немесе акындар)» деген ұғымды ұсынады. Өйткені бұл ұғым тұстас-замандас акындарға тұтастай ортак жәйттерді де, олардың әркайсысының өзіне ғана хас ерекшеліктерді де коса камтиды.

Біздіңше, белгілі дәрежеде шартты түрде алынса да, бұл ұғым Абаймен тұстас әрі соның айналасындағы акындардың шығармашылығын казак әдебиетінің даму тарихындағы заңды, жүйелі құбылыс ретінде бөліп алып, арнайы зерттеуге

мүмкіндік береді. Ал XX ғасырдың бас кезінде бұл құбылыс жаңа сипатқа ие болады. Өйткені бұл – Абай әсерінің бүкіл қазақ әдебиетіне мол таралған, ал оның дәстүрлері бұрынғыдан әлдекайда молыға, тереңдей түскен кезең. Сөйтіп, біз де ұлы классиктің ақындық дәстүрлеріне байланысты бір пара мәселені онымен тұстас ақындардың шығармашылығымен сабақтастыра отырып сөз етеміз.

Орыс поэзиясының және сол арқылы дүниежүзілік поэзияның үздік үлгілерінен тамаша аудармалар жасаған Абай көптеген шығармалардың, тіпті үлкен-үлкен романдардың оқиғасын, ұзын-ырғасын, сюжетін ауызша айтып та, айтқыздырып та таратып отырғаны оның өмірбаянынан жақсы аян. Бұл ретте ұлы ақынның ағартушылық мүдде ғана тұтпай, әдеби-шығармашылық мақсұт көздегендігі де күмәнсіз.

Көркем әдебиет үлгілерін осылайша насихаттау, жалпақ жұрттың құлағына сіңіріп, көкірегіне дарыту – Абай төңірегінде бекем орын тепкен, аса игі дәстүр болған.

Бұған ауызша таралып жеткен алуан түрлі аңыздарға қоса Шоқанның досы, орыстың атақты ғалымы Потаниннің «Ең соңғы қазақ ханзадасының киіз үйінде» атты жол жазбасында келтірілген жұртқа мәлім деректер – анық дәлел. Потанин былай деп жазады: «Маған Омбыда кадет корпусын бітіріп, кейін Семей төңірегіндегі елінде сахарада тұрған қазақтың бір сұлтаны (марқұм Өскенбаев) жайында талай әңгіме айтқан еді. Ол кешкісін өз жерлестерінің басын қосып ап, оларға орыс повестері мен романдарының мазмұнын әңгімелеп беруді ұнатады екен. Қазақтар оның айтқанын құмарта тыңдап, сол әңгімелеріңді жазып бер дейді екен. Сөйтіп, Тургенев, Лермонтов, Толстой және басқалардың шығармаларының қазақша жазылған еркін аудармасы бірнеше дәптер болыпты. Кейде киіз үйдегі осындай әдеби кештерде қазақтар өз ойларын ортаға салады екен. Көзімен көрген адамның айтуынша, сондай кездерде Өскенбаев: «Бұл жайында орыстың белгілі сыншысы Белинский не дегенін тыңдаңыз» немесе «Орыс сыншысы Добролюбовтың бұл туралы пікірі мынадай» деп, орыстың атақты адамдарына иек артады екен» [43].

Сөйтіп, Абай төңірегінде орыстың ұлы ақын-жазушыларының шығармаларымен бірге атақты сыншылардың эстети-

калық-көркемдік ойлары да мол таралып отырған. Бұл сол маңдағы шығармашылық ортаның да, тыңдаушы қауымның да ой өрісі кеңіп, көркемдік сезімі ұшталуына айрықша әсер етеді.

Орыс әдебиетінің демократтық, гуманистік және интернационалдық дәстүрлерінде тәрбиеленген әрі содан нәр алған Абай қазақ халқын басқа жұрттардың да тарихымен, тағдырымен таныстыруды зор мақсұт тұтқан. Өйткені ол мұны туған халқын бүкіл адам баласының мәдени қазынасына тартудың, соған қанықтырудың бір жолы деп білген. Оның өзінің де, ақын шәкірттерінің де дастандары басқа елдер өмірінің шындығын жырлайтындығы тегін емес.

Абай өзінің бүкіл шығармашылығымен, эстетикалық-көркемдік принциптерімен бүкіл қазақ поэзиясының жаңа арнада дамуына, онда реалистік әдістің белең алуына айрықша әсер етті. Ал бұл әсер оның өз төңірегіндегі ақындарға тіпті күшті болды. Абайдың Әсет пен Әріпке, ақын Абайға арнап өлеңдер шығаруы оның жас талант иелерін ақын да, азамат та болуға үндеген талабын анық танытады. Ондай өлеңдерінде Абай жеке бастың ашу-ызасын, өкпе-наласын айтудан аулақ. Ол бұдан әлдеқайда жоғары мүдде, яғни идеялық-шығармашылық, ұстаздық мақсұт көздеген. Абайдың шәкірт ақындарына идея, тақырып, сюжет беріп жырлатып отырғандығы жайлы естеліктер мен аңыздарды, әдеби деректерді ақынның сол өлеңдеріндегі ойлар анықтай түседі.

Абайдың «Шәкіртсіз ғалым – тұл» деген афоризмі шығармашылыққа оның өзінің ақындық өнеріне, ақындық тағлым жайындағы ойларына әсіресе жанасымды. Абайдай ұлы ақынның, жаңа әдебиеттің іргетасын қалап, туған халқының көркемдік дамуында жаңа дәуір ашқан ақынның тұл-ақын боп қалуы мүмкін емес еді. Оның жаңашылдығы сияқты, дана ұстаздығы да заман талабынан, тарихи дамудың қажеттігінен туған болатын.

II

Әдетте, Абайдан үлгі көріп, тағлым алған ақындар жайында сөз бола қалса, көбінесе оның балалары мен туыс-

тарының және басқа да бірен-саран адамдардың аттары аталады. Біздіңше, Абай төңірегінде болған ақындар мен өнер иелері туралы мәселе қозғағанда екі түрлі жәйтті естен шығармау шарт.

Біріншіден, Абай төңірегінде болған және оның игі ықпалын көрген ақындар тобы, өнер иелерінің шоғыры қалың, қомақты. Өйткені өнер атаулыға дәмелілердің Абайдай үлкен тұлғаға қарай талпынбауы мүмкін емес еді. Оның үстіне Абай шын шабыт иелерінің ешкайсысының да бетінен қағып, тауанын қайтармаған.

Екіншіден, сол Абай төңірегінде болғандардың бәрі оның шәкірті санала бермек емес. Қайсыбіреулер Абай шығармашылығының идеялық-әлеуметтік бағытын нысана еткенімен, оның көркемдік принциптерінен көш төмен, аласа жатты. Ал енді бірқатар ақындар Абайдың өлең өлшемдеріне, поэтикалық формаларына сырттай еліктегенімен, ұлы ақынның идеялық сарындарынан, мазмұнға қоятын талабынан аулақ кетіп, сырт айналды. Сондықтан өздерін Абайдың шәкірттеріміз дегендердің бәрін оның әдеби мектебіне жатқыза салуға болмайды.

Абай поэзиясын жоғары бағалаған және шама-шарқына қарай соның ізімен жүрмек болған ақындардың ішінен Б.Айтқожаұлы, Т.Жомартбаев тәрізді ақындарды атау қажет. Ұлы ақын идеяларын халық арасында насихаттауда олар неғұрлым еңбек етті.

Б.Айтқожаұлы оннан астам өлеңі мен бір поэмасы енген «Шын мақсұттар» атты жинағын «Абай қандай?» деген өлеңмен ашып, онда ұлы ақынды былайша сипаттайды:

Кешегі айтылғалы Абай сөзі,
Әркімнің мәлім болды сыр-мінезі.
Білмегенге – қараңғы қайда жүрсе,
Білгендер әдетінен болды мезі.

Жазылған кітаптары жүр шашылып,
Қанжардай-ақ жүрекке тік шаншылып,
Үй басы іздеп жүріп бәрін кетті,
Ескер деп осынымды қол тапсырып.

Окыдық та ойладық – болды қандай,
Дәмін көрген жүрген жоқ құмарланбай.
Көз көріп, сөз сөйлесіп отырдық біз,
Көрушіге ермек үшін шығарғандай.

Енді ойласақ, мақсұты – елдің қамы,
Қара қазан, сар бала – таңдағаны.
Сұрамай біліп кету мүмкін емес,
Іші ұзын, сырты қысқа мағыналы [44].

Б.Айтқожаұлы Абай поэзиясы дәуір сипатын, адам мінездерін ақтарып ашқандығын, жүрекке шабатын әсерлілігін, халық арасына кең таралғанын және ел қамын, ел мұңын білдіргенін жақсы аңғарған. Абай нағыз халықтық, реалистік, шын мәнісіндегі көркем поэзияны – «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы» деп бағалап, басқаларды дәл сондай поэзия жасауға үндеді. Оның өз поэзиясы дәл сондай дәрежеде еді. Б. Айтқожаұлы Абай поэзиясының сол қасиетін, яғни сөзге сараң, ойға жомарттығын, терең идеялылығын («Іші ұзын, сырты қысқа мағыналы») да дұрыс ұғынған.

Тайыр Жомартбаевтың шығармашылығы да Абай әсерімен тығыз байланысты. Абайдың өнер-білім мен еңбекке үндеген, адамгершілік пен ізгілікті жырлаған шығармаларын қызыға оқып, қатты еліктеген Т.Жомартбаев кейін орыс классиктерінің шығармашылығына да айрықша ден қояды, солардың әсерімен өзі де әңгіме, өлеңдер жазады.

Т.Жомартбаев шығармаларында ағартушылық тақырыбы мол көрініс тапты. Сондықтан да оларда дидактикалық сарын күшті. Бұған оның «Мектеп ішінде», «Балаларға насихат», «Мектепке шақыру», «Балаларға өнеге», «Рақымды жолдас» және басқа да шығармалары анық айғақ болады. Оның бірталай өлеңдері орыс классиктері шығармаларының желісімен жазылған. Бұл орайда да ол Абай мен Ыбырай дәстүрлерінің аңғарынан табылады.

Тайыр Жомартбаевтың сюжетті, оқиғалы шығармасы– «Қыз көрелік». Автордың өзі роман деп атағанымен, бұл шығарма ондай үлкен жанрдың талаптарына орайлас келе

бермейді. Сондай-ақ, ойда өмірдің ақиқат көріністеріне қоса символикалық, тіпті қияли жәйттер мен оқиғалар да бар.

Сөйтсе де, «Қыз көрелік» – со кездегі қазақ әдебиетінің көңіл аударуға тұрарлық бір құбылысы. Өз тағдыры жайында ойлай алатын, өз бақыты үшін күресе білетін Ғайнижамал тәрізді қазақ қызының образын жасауы – жазушының өткендегі қазақ әдебиетіне қосқан үлесі. Сонымен бірге «Қыз көрелік» өзінің бүкіл рухымен, тақырыбымен, әлеуметтік-идеялық бағытымен Абай шығармашылығының ықпалын мол сездіреді.

Әдетте Абай төңірегіндегі ақындар жайы сөз болғанда оның туыстарының ішінен көбінесе Ақылбай мен Мағауия тәрізді балаларының шығармашылығы ғана зерттеушілер назарын молырақ аударып жүр. Солардың қатарында Халиолла мен Кәкітай есімдері де аталуға тиіс.

Абайдың Халиолланы жоғары бағалағаны оның сол інісіне жолдаған хатынан [45] анық көрінеді. «Архивте сақталған мағлұматтар бойынша, – деп жазады академик Ә.Х.Марғұлан, – Халиолла Абайды зор үмітке келтіріп, оған белгілі әсер еткен дарынды жастардың бірі болған. Кадет корпусында оқып жүргенде Халиолла Шоқан сияқты халықтың ауыз әдебиетіне үлкен көңіл бөліп, оның үлгілерін өзінің оқытушысы Н.Ф. Костылецкийге жеткізіп отырды. Халиолла жинаған әдебиет мұрасының ішіндегі аса қызықтысы – Еңлік-Кебек пен Жиренше шешен әңгімесі. Ол жинаған қолжазбаның соңында «үш-буны Николай Федоровичка язуб берген Аягуз дуанының Тобықты елінде Халиолла Құнанбай ұғлы» – деген. Тек жастай өтіп кеткені болмаса, Халиолла ағасы Абай сияқты аскан ойшыл, қаламы төгілген жазушы болуы анық еді» [45].

Кадет корпусын бітірген соң Халиолла әдеби қызметпен де недәуір шұғылданады. Академик Ә.Марғұланның айтуынша, ол «Еңлік – Кебек» сияқты романтикалық сюжеттерді «Қазақтардың ертеден есінде қалған», «Незабытое прошлое и настоящее киргизов» деген атпен оны орысша да, қазақша да желілі әңгіме еткен.

Халиолла ақындықтан да құр алақан болмаған. Қатал әкенің қырсығынан сүйген қызына қосыла алмағанда оның соған

ашынып жазған өлеңдері кезінде ел арасына мол таралыпты. Көзі тірісінде өзіне арналған жоқтау да шығарған [46]. Ал оның орыс әдебиеті үлгілерін қазақ арасына таратудағы еңбегі мен рөлі Г.Н.Потанин естеліктерінен жақсы аян. Бұдан Абайдың әдеби ортасына жас та болса Халиолланың недәуір әсері болғанын байқау қиын емес.

Абайдың шығармашылық мұрасы және оның сақталуы мен басылуы жайында сөз болғанда Кәкітай есімі әрқашан да құрметпен аталады. Ол – Абай шығармаларын тұңғыш бастырушы. Бұл жайында ұлы ақынның өз тәрбиесінде болған Әрхам Кәкітайұлы Ыскаков былай деп еске алады:

«1906 жылы жаз шығып, киіз үй тіккенде Кәкітай қос тұрғызып, Мүрсейіт молланы шақырып алды да: – Сен мына біз жинаған Абай өлеңдерін реттеп жаз, – деп онаша қоска отырғызды. Мүрсейіт асықпайтын, арабша сұлу жазатын адам еді. Бір ай шамасында көшірімді әзірлетіп алып, Кәкітай Семейге жүріп кетті. Жол шығынына екі семіз ат, екі семіз түйесін әкеткен-ді. Малын Семейде ақшалап алып, Омбы қаласына кеттім деп хат жазды. Одан кейін Омбыда бастыра алмадым, Қазан қаласына жүріп кеттім деп тағы хат жазды. Бір жұмадан соң: – «Қазан қаласындағы баспаханалардың басуға уақыты болмады. Сондықтан Петербург баспаханаларымен шарт жасастым. Тез 200 сом ақша салыңдар», – деген телеграмма келді. Кәкітай бір айда қайта оралды. Кітаптың корректорлық міндетін өз мойнына алыпты.

Баспахана әр баспа табақты Семейде Абай түсіп жүретін Әнияр үйіне жіберіп тұратын болыпты. Әнияр Кәкітайға жеткізіп тұрды. Кәкітай оның қатесін түзеп, қайта Петербургқа жіберіп отырды. Осындай сергелденмен жүріп, Абай өлеңдерінің бірінші жинағы 1909 жылы, яғни үш жылда зорға жарыққа шықты. Әріп терушілердің қазақтың сөзін ұқпауынан қатесі көп болды, толық түзеуге мүмкіндік болмады. Абайдың қысқаша өмірбаянын Кәкітайдың өзі жазды» [47].

Кәкітайдың «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» деген бұл мақаласы – ұлы ақын жайында революцияға дейін жазылған материалдардың ең маңыздыларының бірі.

Онда Абайдың ата-тегі, өмірі, әлеуметтік қызметі, шығармашылығы жайында көптеген бағалы деректер мен қызғылықты ой-пікірлер бар. Кәкітай Абайдың Шығыс поэзиясын өте-мөте жетік білгенін айта келіп, оның орыс жазушыларымен, орыс достарымен байланысын аса жоғары бағалайды. Ол егер Михаэлис, Гросс тәрізді достарымен ұшыраспаса, Абайдың бойындағы өнер, ақындық талант ашылмай қалуы да мүмкін еді, – деген тұжырым жасайды: «Абайдың ғылымға бетін түзеп жібермекке осы кісілер үлкен себеп болған. Абайды орыстың белгілі жазушылары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев,Салтыков, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев деген кісілердің шығарған кітаптарымен таныс қылған. Абай өле-өлгенше: менің әкемнен артық жанашырлық қылып дүниеге көзімді ашқан Михаэлис» деп айтып отырушы еді.

Абай соңғы замандарында Спенсердің «Опытын», Льюстің «Позитивная пэлсэфа», Дрепердің «Европаның ғылымы» туралы жазғанын, Чернышевскийдің заманындағы жазылған статьяларды һәм оның өмірін оқып отырушы еді. Әсіресе Абай Лермонтовтың жазғанын ұнатушы еді» [48].

Абайды, оның шығармашылық өсу кезеңдерін өз көзімен көрген адамның куәлігі – тарих үшін аса құнды факт. Кәкітай Абайдың жекелеген өлеңдері қандай жағдайда, қандай оқиғаға байланысты туғандығын көрсетіп, ұлы ақынның шығармашылық лабораториясына үңілуге де біраз мүмкіндік береді.

Кәкітай: «Абайдың өзі Толстой мен Салтыковтың шәкірті еді», [48] – деп ашық айтады. Ол Абайдың классик-ақын дәрежесіне көтерілуін оның орыс әдебиетінен үйренуімен тікелей байланыстыра алып қарайды: «Орыс ғылымын кітаптан оқығандық Абайдың көңіліндегі ақындығын козғап, Абай өзін казақтың ғибрат алатұғын ақыны білді» [48.109].

Абайдың тұңғыш жинағында оның шығармалары «Халық туралы», «Өлең туралы», «Ғашықтық туралы» және басқа да бірнеше (небәрі – 17) бөлімге жіктеліп жарияланған. Әрине, байсалды ғылыми принципке негізделмегенімен, бұл ақын шығармашылығын тақырыптық қамтуы жағынан талдап-

жіктеудегі тұңғыш талпыныс, алғашқы қадам болғандығы да хақ.

Кәкітай Абайдың өз төңірегіндегі қауымға, талапты жастарға еткен ұстаздығы жайында да байыпты пікір айтады: «Қанша халық надан болса да, Абайдың насихатын көп тыңдап, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі, медреседен оқыған, ғылым жолындағы кісі сықылды һәр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны көп айтып, надандықтан шығып қалушы еді» [48,111-112].

Абай Кәкітайды өте-мөте жақсы көрген. Оның Әбішке арнаған екі өлеңін («Тілім, саған айтайын», «Көзімнің нұрысыз») Кәкітай атынан шығаруы да тегін емес. Ұлы ақынның шығармашылық мұрасын ұқыптап жинап, өмірі мен шығармалары жайында пікір айтып, тұңғыш рет бастырып шығару арқылы Кәкітай қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы үшін баға жетпес іс тындырды.

Абай төңірегіне топталып, одан шығармашылық тағлым алған өнер иелерінің ішінде Мұхаметжан Майбасаров, Әлмағамбет Сексенбаев, Мұқа Әділханов сияқты әншілер, Баймағамбет тәрізді ертегіші, Бейсембай тәрізді жыршылар да болған. Солардың арасында Мұқа мен Әубәкірдің орны ерекше.

Мұқа асқан скрипкашылығына, зор үнді әншілігіне қоса ақын да болған. Оған Абайдың, Ақылбай мен Мағауияның зор ықпалы тиген. Ол «Дунай толқындарын» скрипкада тамылжытып тартатын болған. Соған арнап өлең де шығарған:

... Дунайдың мыңға жуық әуел басы,
Пәнденің толқынға ұқсас өткен жасы.
Емлесін дәл басқанға сүйсінісіп,
Еміреніп күйге түсті ықыласы.

Сайрауық тамам құстар тұрды тыңдап,
Бір-бірін үндеме деп баспен ымдап.
Гуляйтта көлбектеген көкше құстар
Құйылды күй тыңдауға көктен самғап.

Ұшкан құс, жүгірген аң ол кеңесті.
Қамығып қалың орман қайғы жесті.
Күйменен көңіл дертін күйдірген
Бейшара неткен мұңлы адам десті [46,206].

Абайдың композиторлық өнерінің де, ән-күй жанындағы аталы ойлары мен эстетикасының да Мұқаға әсер етпеуі мүмкін емес еді. Жоғарыда келтірілген өлеңдегі Мұқаның ән сырын, табиғаттың тылсым күйлерін нәзік ұғуынан, сезімталдығынан мұны анық байқауға болады.

Өзінің туып-өскен жері – Көкен тауын суреттеп, Абайға сынатпақ болған өлеңінен де осы қасиет мол сезіледі:

Тау Көкен күңгірттеніп көкшіл мұнар,
Көтеріп көкке таман мойынсұнар.
Қиялап адам жүрмес қалың жартас,
Ойласаң пенделікпен дейсің құлар.

Шаншылып Көкен біткен аспанға өрлеп,
Көтеріп көкке басын мені көр деп.
Ешбір тау маңайында болмас теңдес,
Құдайым сондай әсем берген келбет.

...Тал көктен, қайың ақтан киім киіп,
Керіліп, кербезденіп басын иіп,
Басына шырмауықтан үкі тағып,
Шолпысы сылдырлайды жерге тиіп.

...Көкенге көңілім толып, Абай аға
Берерсің өз көзіңнен көріп баға.
Ең үстін домбыраның әнге күйлеп,
Қол соқтым «Дунайская волнаға» [46,207].

Бұл өлеңді оқығанда өлеңге «бөтен сөз» араластырмайтын, пейзаждық лириканың реалистік үлгілерін жасаған Абай поэзиясының рухы мен туған жерді сүйе білген патриоттық сарындарын аңдамай қалмаймыз.

Ал Абайдың немересі Әубәкір – ұлы ақын поэзиясының сатиралық бағытына, өткір уыттылығына көбірек ден қойған. «Әубәкірдің ақындық таланты өте күшті еді, – деп еске алады Әрхам Ыскаков, – әр кезде көзі көріп, көңілі сезген оқиғаны қолма-қол өленге қосып жіберетін. Әсіресе біреудің кемшілігін, мінін өткір сынға алуы ерекше еді. Мысалы, Шыңғыс болысының билері сияз ғып жатқанда бір адамдағы ақысын сұрауға Әубәкір келеді. Ерігіп отырған билер: – Әукем, өлең айтып жіберші, – десе, Әубәкір: – Жоқ, айтпаймын. Міндеріңді қазсам, ашуланып қаласыңдар, – дейді. Билер: – Ашуланбайық,– деп уәде беріпті. Әубәкір сонда табан астында мынадай өлең айтады:

Ішіңде байың да бар, кедей де бар,
Кедейлігі болмаса өгей де бар.
Тайлы бие тамаққа жұқ болмайтын
Тойымы жоқ, жалмауыз көмей де бар.

Ішінде қымын да бар, жымың да бар,
Би болуға жарамсыз сұмың да бар.
Анық әділ тартылсаң таразыға,
Балтаменен шабатын мінің де бар.

Ішінде тасыр да бар, ұғар да бар,
Өміріне билікке құмар да бар.
Аланғасар, ақылсыз, айласы жоқ
Жарға шығар... сұғар да бар [47].

Абай сияқты, Әубәкір де өлеңді заман міндерін, адам міндерін түзеудің, әділдік пен адамгершілікті уағыздаудың өткір құралы деп білген. Оның шығармаларының көпшілігі ел арасында ауызша айтылып, таралып кеткен.

Әрине, жоғарыда аталған өнер иелері, ақындар мен жыршылар, музыка қайраткерлері қазақ әдебиетінің тарихындағы зор тұлғалар емес. Бірақ Абайдай алыптың ақындық айналасын, тағлым көрсеткен ортасын, ұстаздық қызметін көз алдымызға тұтас та толық елестетіп, терең ұғыну үшін оларға соқпай, айналып өтуге болмайды.

III

Абайдан тікелей тағлым алып, үлгі көрген ақындардың ішінен ауызға ең алдымен алынатындары – ақынның өз балалары Ақылбай мен Мағауия және Әсет, Әріп. Ең алдымен, бұлардың қай-қайсысы да анық талант иесі. Олардың ішінде кейінгі ұрпаққа көркем, бағалы шығармашылық мұра қалдырмағаны жоқ. Абай тұсындағы өнер иелерінің арасында ұлы ақынның шығармашылық дәстүрлерін берік ұстап, ілгері дамытқандар да – солар. Сонымен бірге олардың әрқайсысының өз тақырыбы, өз бағыты, өзіндік шығармашылық келбеті бар. Бұл да Абай поэзиясы әсерінің молдығын әрі құнарлылығын анықтай түседі. Бұл ақындар көбінесе поэма жанрында еңбек еткен. Рас, олардың лирикалық поэзиясы да көңіл аударуға тұрарлық.

Ақылбай да, Мағауия да өлең шығаруды ерте бастаған. Тіпті Ақылбайдың импровизация түрінде шығарған әнөлеңдері де бар. Бірақ Абай тәрбиесінен өтіп, ұлы ақын шығармаларының тереңіне үңілгеннен кейін ғана бұлар шын мәнісіндегі мәдениетті поэзияға ден қояды.

Мысалы, Мағауияның:

Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп,
Бір сайға уағдаласқан келсең жетіп.
Жалғаннан жәрдем басқа тұк тілемей,
Жолыққан қандай қызық еңбек етіп.

Ауылды бір кезеңнен тұрсаң бағып,
Бой дірілдеп шошынып, жүрек қағып,
Асыққанда бір минут бір сағаттай,
Япырмау келмеді деп әлде нағып.

Шыққан жарың көрінсе о да беттеп,
Әрең шыққан секілді ептеп-септеп.
Қара шапан, ақ көйлек, камшат бөрік,
Көк шалғынның үстінде көлбеленіп [49,359], –

деп келетін немесе «Түсіме бүгін түнде кірді дұхтар» атты өлеңдері Ақан Серінің «Торыны таңға байлап мінген қандай» тәрізді шығармасымен сарындас, үндес келіп жатады. Бұл – ауыл жасының бозбалалық, бозбастық аңсарын ғана танытатын өлеңдер.

Ал Мағауияның Әбішке арналған бес-алты өлеңі мүлдем жаңа сапа танытады. Оларда адамның ой-сезімдерінің реалистік көрінісі, үлкен жүректің үні бар. Бұл ретте Мағауия Абайдың осы тақырыптас өлеңдеріне жалаң еліктеген деп айтуға болмайды. Сонымен бірге олардың Абай өлеңдерімен рухтастығы, сарындастығы да даусыз.

Сол сиякты, Мағауияның мына бір өлеңін оқып каралық:

Жас шыбық жазғы тұрғы гүлін шашқан,
Исі аңқып маңайына көңіл ашқан.
Бой балқып, буын босап елжірейді,
Жүрегің қапаланып қайғы басқан.

Басына сол шыбықтың жеміс шығар,
Пендесін еркіндікпен тәнірім сынар.
Жаз жаксы, дәні толық болса жеміс,
Тамаша уақыт кешіп көңіл тынар...

Бұл өлең махаббатты, сағынышты,
Тез ұғып, тез сезіндім, бастан кешті,
Көргенім күнгірт тартып қалып еді,
Шын сөзі өткенді ойлап толғатты ішті [49,365].

Мұны оқығанда Абайдың «Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын» немесе Лермонтовтан аударған «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» тәрізді өлеңдерінің мұңды сазы, қапалы адамның күрсінісі келеді құлаққа. Осындай сарындарына карамастан өлеңде бұлдыр сағым, буалдыр күйлер жок. Қайта онда Абай поэзиясына хас мөлдірлік, шыншылдық басым.

Лирикалық поэзияда Абай дәстүрлерін бекем ұстаған ақындар – Әріп пен Әсет. Бұлардың екеуі де Абайдан көп тағлым алған, ұлы ақынның сын тезінен өткен.

Абайдың өзін қатты сынағанына алғаш «қыңырайып» жүрген Әріп кейін кателігін сезініп, райдан тез қайтады, өлең жазады:

Абайды жарасады мақтағанға,
Болат қой екі жүзді сақтағанға.
Алтынға су тигенмен қараймайды,
Жұлдырық хан артынан боқтағанға [46,172].

Осыдан бастап Әріп Абай талантына өмір бойы табынумен, таңыркаумен, ұлы ақын шығармашылығының қайнарларынан нәр алып, үйренумен өтеді. Ол Абайды басқа ақындарға да үлгі ретінде ұсынады:

Барлыққа мастанды ма Абай марқұм?
Ақылға құдай өзін қалыптаған.
Тақсыр-ай, топырағы торқа болғыр,
Дүниені түгел ойлап шарықтаған [50].

Әріп Абай поэзиясының сыншылдық бағытына және халықты өнер-білімге үндеу, еңбекті мадақтау сарындарына айрықша ден қойған. «Еңбек туралы» деген өлеңінде ол былай деп жырлайды:

Байлар жүр мансап іздеп құр далақтап,
Көрінбей малы көзге жүр малақтап.
Би мен болыс көрінсе, қошемет қып,
Қойын сойып ет артар қос табақтап...

Алдау-арбау қанына сіңген батпан,
Бар мақсұтын нашарды зар жылатқан.
Жалға жүрген жарлының еңбегін жеп,
Адал астай асайсың құдай аткан [51,78].

Ескі қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктер мен қайшылықтарды терең ашып, үстем тап өкілдерін мінеп-шенеуі-Әріп поэзиясының халықтық сипатын әйгілей түседі.

Сондай-ақ, жоғарыдағы өленнен Абайдың «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» атты және басқа да сыншыл, шыншыл шығармаларының әшкерелеушілік сарыны анық сезіледі. Немесе мына өлеңдегі:

Күнұзын ел қыдырып сүмең қағып,
Өтірік пен өсекке судай ағып.
Екі табақ ет жесең, еліресің,
Жерден алтын тапқандай масаттанып.
Терлеп еңбек істерлік біреуің жоқ.
Бар әдетің – бос жүрген пәле бағып [51,78], –

деп сыналатын типтер «қыска күнде қырық жерге қойма қойып, қу тілмен кулық сауғандықтары» үшін Абай жержебіріне жеткен пысықтар мен сұмдардан айырғысыз. Өз тұсындағы ұнамсыз типтердің сыры мен сикын екі акын да тапжылтпай танып, жіті көре білген.

Әріптің махаббат еркіндігі тақырыбына арналған өлеңдері де Абай ойлары мен идеяларының аңғарынан табылып отырады. Бұл орайда ол небір ащы шындықтарды актарып ашады:

Жас қызды алпыстағы шал алады,
Әйел жағы тағы кем саналады.
Әлгі шалда үш катын бұрын болса,
Мал беріп, төртінші ғып ала алады.

Зәулім боп жиырмаға жеткен қызды
Бір еркек жеті жасар бала алады.
Шал да емес, бала да емес, ең негізі,
Не туысы, не хайуан мал алады [51,81].

Бұл өлең Абайдың «Бай картайса, малына берер шылбыр» («Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» балладасынан) деп келетін шумақтарымен қабыса үндесіп жатыр. Сонымен бірге Әріп Абай тақырыбын, Абай ойларын дамыта, өрбіте түскен. Ол жас қыздарын малға сатып, ескілік шырмауынан шыға алмай жүрген ата-аналарды да айыптайды, уытты сөзі арқылы соларды түзеп алмақ болады. Бұл өлеңді жазбауына болмағасын барып жазғанын Әріптің өзі де анғарткан («Адамды адам тұсап, малға саткан киянатка капа боп жазған сөзім»).

Өмір шындығынан туған осы өлеңінде Әріп сол ащы шындықты айтумен ғана тынбайды. Ол халықтың сол қырсау әдеттен, кеселді ғұрыптан сауығып, түзелуін қалайды. Ақынның программалық, түбегейлі ойы мынау:

Әркімнің жолдас болсын сүйген досы,
Біріксе, айырылмасын көңіл қошы.
«Теңін тап та, тегін бер!», түзел, жұртым,
Аумас көңіл, айнымас жүрек осы [51].

Бұл шумақтан да адал достық пен айнымас махаббатты мадақтаған, елі-жұртын ойлырақ, естірек болуға үндеп жар салған («Жұртым-ай, шалқақтамай, сөзге түсін») Абай әсері соншалықты анық сезіледі.

Әрине, Әріптің Абайдан үйренуі бар кезде бірдей емес, әр кезде әркелкі болды. Ол алғашқы кезеңде Абайға сыртай, көрінеу еліктесе (бұған Әріптің «Әліп-би» өлеңі дәлел), ал кейін Абай әсері оның өз бойындағы ақындық қуаттың молырақ, жарқынырақ ашылуына себін тигізеді.

Абайды әділет пен шындықтың жаршысы, адамның абзал қасиеттерінің жыршысы деп білген Әріп оның ұлы тұлғасынан, рухынан көз жазған жоқ. Ол қашан да Абайға шын ақындық үлгісі, шығармашылық авторитет ретінде қарады. Мысалы, ол көсеміміз Ленин қазасының ауыр мұңын, ұлы қасіретін жеткізіп жырлау үшін Абай сияқты ірі талант, көркемсөздің шын шебері, ұлы жүректі суреткер керек деп санады:

Абайдай болмасам да атақты ақын,
Күйініш сөз жаздырды жанға жақын.
Басымнан міндетімді атқарамын,
Аз да болса мағлұмат білген хақым [51,88].

Шығармашылық сапарын қисса-хикаяттар мен әлеміш өлеңдер жазудан бастаған Әріп кейін әлеуметтік тақырыптарды, халық өмірін, замана жайын толғаған. Ленин мен Коммунистік партияны мадақтап жырлаған ақынның дә-

режесіне көтерілді. Мұндай биікке ол уақыт талабына сергек үн қата отырып, Абай дәстүрлерінен нәр ала отырып жетті.

Әсет ақын да Абайдың ұлылығына ден қойып, содан үлгі алып, үйренген. Әсет пен Кемпірбай ақынның қоштасуы [52], сондай-ақ Әсет пен Рысжанның айтысы [53] және әндері мен өленделері оның атын қатты шығарған. Бірақ көзі тірісінде Әсет шығармалары жарық көрмеген. Сондықтан да оның өлер алдында:

Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Айғайға қайран даусым ерінбеген.
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау, әттеген-ай, өлу деген.
Ертең жазып, бүрсігүн бітірем деп,
Баянсыз тіршілікке сеніменен...
Менен сорлы ақын да өтті ме екен –
Бір сөзі баспа орнына берілмеген... [49] –

деп жырлауы тегін емес. Бұл – оның шын сыры, шерлі сыры. Сонымен бірге дүние салғалы жатқанда да оның тіліне Абай аты оралады. Өйткені Абай поэзиясы – оның ақындық арманы, мұраты болған. Оның ойынша, Абайдың кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы – өлмейтін, өшпейтін мұра. Сол мұрадан тағлым алуы Әсетті ақындық өнердің кең өрісіне, даңғыл жолына шығарды.

Абай тұсындағы басқа талантты ақындардың да шығармашылығы жайында осыны айтуға болады.

IV

Абай тұсындағы ақындар шығармашылығының дені, салмағы поэма жанрында. Бұл орайда Ақылбай, Мағауия, Әсет аңыздар еңбегінің жөні әсіресе бөлек. Олардың поэмалары со кездегі қазақ поэзиясы үшін тың, айрықша құбылыс болды. Өйткені әлеуметтік бағыты, көркемдік бітімі жағынан олардың поэмалары қазақтың ежелгі эпостық

шығармаларынан да, шығыстық аңыздар мен сюжеттерге құрылған кисса-хикая, дастандардан да өзгеше еді. Түбегейлі авторлық ой мен нысаналы идея тұрғысынан Абайдың сюжетті, желілі шығармаларымен қоян-қолтық келіп жатса да, бұл ақындардың поэмалары жанрлық жағынан, көркемдік әдіс жағынан көп жаңалық, сонылық танытады.

Қазақтың классик-ақынының реализмі орыс әдебиетінің игі әсерімен туып қалыптасқаны мағлұм. Абай орыстың бүкіл классикалық әдебиетінен тұтастай да, оның жекелеген өкілдерінен де жемісті үйренді. Бірақ орыстың классикалық әдебиетінің, әсіресе Пушкин мен Лермонтов тәрізді ұлы ақындардың романтизмнен реализмге ауысқан жолын Абай бастан-аяқ өте алған жоқ және бұл мүмкін де емес еді. Абайдың Пушкиннен оның реализмінің шыңы болған «Евгений Онегин» романын аударуы тегін емес. Ол Лермонтовтың романтикалық поэмаларына қарай да көп ойыса бермеген. Мұның бәрі Абайдың со кездегі ең жемісті көркемдік әдіс-сыншыл реализмді қазақ топырағында неғұрлым тезірек қалыптастырмақ, бекітпек болған түбегейлі талабымен, суреткерлік зор мақсатымен қабысып, ұштасып жатқандығы даусыз.

Сонымен бірге Пушкин мен Лермонтовтың адамды, оның еркіндігі мен күресін, арманы мен қайғысын зор көркемдік қуатпен жырлаған шабытты романтикалық өлеңдері Абайға да жат емес, қайта соншалықты туыстас, етене жақын болатын. Мұндай өршіл сарын – оның лирикалық поэзиясының ең бір өзекті қасиеті. Сондай-ақ, Абай поэзиясының лирикалық қаһарманы – адам бақытын ойлап ауыр күрсінетін, терең тебіренетін әрі со жолда басын тігіп күресетін адам, асқақ арман мен үзілмес үміт иесі. Ол тіпті «жартаска барып, күнде айғай салып» (Абай мұны символ-образ ретінде алған) жүргенде де, адам қоғамынан, оның алыс-жұлқысынан бой тасалап, тілсіз табиғат құшағында дарашылдыққа берілгелі жүрген жоқ, шындық іздеп жүр.

Сондықтан да Абай романтизмі – адамды өмірден түнілтетін, керітартпа, күйреуік романтизм емес, қайта өз дәуірінің бар дертін, ауыртпалығын бойына сіңірген әрі соған қарсы бағытталған, бетін болашаққа бұрған романтизм. Абай реа-

лизмінің айрықша бір қуаты да осында. Дәлірек айтқанда, бұл орыстың сыншыл реализмінің ерекше бір белгісі болатын. Бұл орайда А.Фадеевтің: «Романтикалық бастау орыстың сыншыл реализміне хас сипат екенін Пушкиннен бастап аңдап өтуге болады» [54], – деген пікірі ойға еріксіз оралады.

Сөйтіп, Абай шәкірттерінің романтикалық сарында поэмалар шығаруы боска кеткен жоқ. Бұл арқылы олар қазақ әдебиетінде Абай негізін салған сыншыл реализмді молықтыра, түрлендіре түсті.

Ақылбай, Мағауия, Әсет поэмаларында романтизм көп реттерде реалистік сарындармен астасып, ұласып жатады. Әсіресе поэма оқиғалары өрбіген мекен, орта мен мерзім реалистік үлгіде қалыптанып отырады.

Мысалы, «Дағыстан» («Кәрі Жүсіп») поэмасында Ақылбай осы шығарманы жазуға неліктен, қалайша ден қойғанын қысқа түрде аңғартады да, Кавказ суреттеріне ауысады:

Қазақтың «Қап» дегені Кавказ серек,
Тәңірім сұлу, биік еткен ерек.
Ақырғанда айдаһардай жүз толғанып,
Тауды бұзып, тас жарған долы Терек.

Артық нәрсе дүниеде айтпақ үшін
Деме, жұрт, тау мен өзен неге керек.
Қолдан келер айла жоқ, жанға рахат,
Хикметін тамаша көрсетер ек.

Кавказды сұлу қылған құдай қалап,
Көрген адам кете алмас тамашалап.
Белгілі ер черкестен көп халық бар,
Сол тауда өмір сүрген жанасалап [49].

Бұл үзіндіден ең алдымен Абай әсері (Лермонтовтан аударған «Теректің сыйын» еске еріксіз түсіреді) анық аңғарылады. Сонымен бірге ақын бұл поэмасы қазақ тыңдаушысы үшін соны сөз екенін ескертіп, оның құлағы тосаңсымауын, тосыркамауын әдейі кадап айтады, тау мен

өзен суреттерінің, яғни пейзаждық көріністердің берілуі тегін еместігін сездіреді. Бұл да – орыс әдебиетінің, Абай шығармашылығының әсері. Пушкиннің «Кавказ тұткыны» поэмасына талдау бере келіп, Белинский: «Шын ақын болғандықтан Пушкин Кавказ сипаттарын өз поэмасына әйтеуір реті келіп тұрған эпизод ретінде енгізе салған жоқ: бұл көрінеу дидактикаға берілу, яғни қарадүрсіндікке ұрыну болар еді. Сондықтан да ол Кавказдың жанды көріністерін поэма оқиғасымен тығыз байланыстырды»[1,439], – деген болатын.

Ақылбай поэмасында Кавказ суреті әр тұста әр алуан түрлі бояулармен көрініп отырады. Егер:

Ақ жиек көкшіл сұрғылт сәуле берген,
Мұнарткан Кавказ буы көтерілген.
Алтын шатыр сәулесі тау басында,
Атрабы мәлім болды талай жерден [49,319], –

деп келетін шумақтан адам жүрегін тербейтін, бояуы жұмсақ та нұрлы суреттер көрсек, ал мына шумақтардан ауыр алапат, тылсым трагедия болғалы тұрғанын аңдатарлық көріністер табамыз:

Кавказдан қара бұлт шықты аспанға,
Түсі суық қорқыныш байқасқанға.
Еңсергенде екпіні тау жыққандай,
Шығар емес ешбір жан шайқасқанға.

Бір түрлі жауын жауды сатырлаған,
Жүктей тас домаланып батырлаған.
Бір минутта он-он бес жай түсіп тұр,
Қорқытты жан иесін шатырлаған [49,327].

Сөйтіп, Ақылбай Кавказ суреттерін бергенде орыстың классик ақындарының реалистік-романтикалық поэмаларының көркемдік ерекшеліктерінен, бояу-нақыштарынан үйренгенін анық аңдатып отырады. Тіпті бұған ақынның:

«Кітапта жазған орыс даналары», ашық айтқан меңзеуі де айғақ бола алады.

Романтикалық сарында жазылған поэмасында көп күйлерді көтере, асқақтата жырлап отырса да, Ақылбай мерзім мен мекенді, адам сипаттарын суреттегенде сол уақыттың, сол ортаның өзіндік ерекшелігін, колоритын сақтауға көп көңіл бөлген. Поэманың кіріспесіндегі:

Сөйлейін сол таудағы Дағыстаннан.
Жауменен жалығу жоқ шабысқаннан.
Күні бүгін іркіліп көрген емес
Бір сөзге қанжар алып қағысқаннан.
Әдеті ата мұра баяғыдай,
Айтылар әңгімесі аяғынан.
Қаны қызса, қанжарын қайтармайды.
Өзге елдің бұрын сермер таяғынан [49.319], –

деген шумақтар шығармада бейнеленетін оқиғалар мен тартыстың, ондағы кәһармандар характерінің сырын аңғаруға, аңдауға мүмкіндік береді. Поэмадағы Жүсіп пен оның балаларының іс-әрекеті, тағдыры ақынның осы мінездемесін пәш етіп, әйгілеп шығады.

Романтикалық сипат поэма оқиғаларының өрбуінен және оның композициялық құрылысының ерекшеліктерінен де анық бой көрсетіп отырады. Поэмада оқиғалардың қабындап өрбіп, күрт шешілуі, тосын ситуациялар мол. Нақты адам бейнелеріне ауысқанда ақын ең алдымен Жүсіптің портреттік және психологиялық сипаттамасын береді. Жүсіп өз үйінің алдында тұр. Бірақ басқа дүние түгіл, өзіне – өзі жат. Қайғылы. Көзінен улы жас парлап, бетін жуады. Жалғыз қызы Зәһираның өлім алдында өкпе-наласын кешпеуі кәрі әкені одан бетер жүдете, меңдете түскен. Осындай сұмдық халде тұрған Жүсіп Әлі кемпірдің қарғысы, зары келді-ау деген ойға батып, шошып кетеді. Бұл шал кім? Өлім алдында жатқан жалғыз қызы әкесіне бір ауыз жылы сөз неге айтпайды? Әлгі кемпір кім? Ол Жүсіпті неге қарғаған? Ақылбай поэмасы осындай тұспал күйлер, түйткіл сұрақтар

арқылы басталады. Поэма оқиғаларының бұдан әрі өрбуі сол сауалдарға жауап беруге тиіс. Сол жауапты ақын көркем образдар арқылы берген.

Поэмадағы ең негізгі кейіпкер – Жүсіп. Бірақ ақын тіпті сол басты қаһарманының өмірлік жолының бар бұралаңын сарқа баяндауды мақсұт тұтпаған. Басты кейіпкердің тағдыры ақын үшін өзінің ең негізгі, түбегейлі авторлық замыселін көркем бейнелеп шығу үшін қажет.

Жүсіп жалғыз емес. Бес ұлының бейнесі Жүсіп образын толықтыра, аша түседі. Олар – адамгершілік пен әділеттің, адалдық пен еркіндіктің жаулары. Оның үстіне мейлінше күншіл, тасыр әрі барып тұрған қатал да қатыгез жандар. Поэмада олардың іс-әрекеттері де осы сипаттарына орайлас өрбіп, шиеленісе түсіп отырады.

Көптеген зерттеушілер Ақылбай поэмасында қарғыс сарыны, жазымыш тақырыбы тым күшті деген пікірлер айтады. Мұндай пікірде бірталай шындық бар. Бірақ Ақылбай поэмасының бүкіл идеялық бағытын, әлеуметтік тынысын соған ғана саюға еш болмайды.

Поэмада Жүсіптерге қарама-қарсы алынған бір алуан кейіпкерлер бар. Олар – Ибраһим, оның шешесі Әлі кемпір, Жәбірәһил, Зәһира. Бұлардың ішінде Ибраһим қапыда кетеді. Жәбірәһил үлкен қимыл жасаумен бірге үлкен адамгершілік мінез де көрсетеді. Ал Зәһира адал махаббаты үшін қатыгез әкеден безіп шығады. Әлі кемпірдің сң мықты қаруы – қарғыс. Ақыр аяғында оның қарғысы айнымай келеді: қанқұмар Жүсіп ұл-қызынан түгел айырылып, қаза көріп, жаза шегеді. Жоғарыда айтылғандай, кейбір зерттеушілердің поэмада қарғыс сарыны күшті деуі де осыдан.

Бірақ шынтуайттап келгенде ақын қарғыстың құдіретін әсірелеп жырлаудан, соған табынудан аулақ екенін аңдау қиын емес. Қанша күшті, қанша қатал болса да, жауыздық жайрауға, жауыз жан жаза шегуге тиіс. Әділет пен шындықтың өктем шықпауы, зұлымдық дүниесіне қарсы ыза мен кек оғының атылмауы мүмкін емес. Ақылбай поэмасының ең басты пафосы да осында. Поэманың ақын ойын тұспалсыз, тікелей танытатын мына бір шумағында терең мән-мағына бар:

Уа, дүние, кане сенің мақтағаның,
Жақсылығын орнымен ақтағаның.
Қиянат жоқ, жалған жоқ, таза жүрек,
Мынау ма жас өмірді сақтағаның? [49.323]

Барлай қарасақ, ақын қатал, қатыгез жандарды ғана кінәлап қоймай, әділетсіз дүниені, тағдырды қоса айыптайтынын сезбей қалмаймыз. Бұл да поэма жазуға ден қойғанда Ақылбайдың өрелі, биік ой көздегенін дәлелдей, растай түседі. Ақын сол ойын зор адамгершілік тұрғыға, романтикалық аскақ сазға көтере отырып бейнелеген.

«Дағыстан» поэмасы қазақтың Абай негізін қалаған реалистік поэзиясына романтикалық бағыт енгізумен бірге Ақылбайдың ақындық мәдениеті мен талантын, шығармашылық тағлым алған өрісін де анық танытты. Ол Пушкин мен Лермонтовтың Кавказ тақырыбына жазған романтикалық поэмаларынан көп үлгі ала, үйрене отырумен бірге ұлы Абайдың суреткерлік тәжірибесінен де бойын аулақ салмайды, қайта соның поэзиясының рухына, көркемдік келісімдеріне жақындай түседі. Поэманың таңмен бірге оянып әнге басқан бұлбұл құстың сайрағаны суреттелген мына бір шумақтарын оқығанда әдемі күй тыңдағандай, әсем сурет көргендей боламыз:

Квинттей үнін түзеп шырқатады,
Көмейін қайырып толғап ырғатады.
Толғантып тоқсан екі мұң мен зарды,
Тәңірінің берген үнін зарлатады.

Сайраған құмыр бұлбұл үні шықты,
Кемпір қара шәлісін бүркеп тықты.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Еліріп тік қарайды Кавказ мықты [49.320].

Немесе Зәһираның портретін алып қаралық:

Толқиды қара шашы жібек талдай,
Көрген адам қарайды көзін алмай,
Аласы аз, нұрлы қара, ұялы көз,
Жаралған бір денесі қапы қалмай [49,325].

Бұл үзінділерде кей жолдардың Абай өлеңімен сөзбе-сөз түсіп жатқандығын былай қойғанда (мысалы Абайдың «Жазғытұрымында» да «Гүл мен ағаш майысып қарағанда», – деп келеді), Ақылбайдың құмыр бұлбұлдың сайрағанын суреттеуінде, адамға портреттік сипаттама беруінде де ұлы ақыннан үйренгені даусыз танылады.

Ақылбайдың эпиктік талантының айғағы болар лықтай «Зұлыс» поэмасы түгел сақталмаған. Оның тек үзінділері ғана жарияланды (1924ж.). Академик М. Әуезовтің айтуынша, Ақылбай бұл поэмасында ағылшын жазушысы Хеггарттың «Кони царя Соломона» деген романының кейбір оқиға желісін пайдаланған. Бірақ Ақылбайдың авторлық поэзиясы, ақындық қатынасы мүлдем өзгеше. Оның шығармасы отаршылыққа қарсылық рухына толы. Сонымен бірге «Зұлыс» арқылы Ақылбай қазақ поэзиясында роман – поэма жанрын бастаушылардың бірі болғанын да танытты.

Кек сарыны, романтикалық лептілік Мағауияның «Медғат-Қасым» поэмасында да өте-мөте күшті. Бірақ шығарманың негізгі идеясына берілген авторлық шешімде өзгешелік мол. Ақылбай поэмасында адамның өз бойындағы, табиғатындағы күйлер мен сезімдер көбірек ашылса, ал Мағауияның «Медғат-Қасымында» әлеуметтік сарын соншалықты айқын да терең белгі берген.

Сондай-ақ, Ақылбай поэмасында жазықсыз жандардың кек қайтаруы тағдырдың, жазмыштың ықтияры арқылы болып жатқан тәрізді сынай сезілсе, Мағауия поэмасында мұндай тылсым күйлер жоқ. «Медғат-Қасым» поэмасының Қасым, Сәлім сияқты кейіпкерлері кек қайтару, өз мақсаттарына жету жолындағы күреске өздері араласады, кесек қимыл, тегеурінді әрекеттер жасайды.

Ақылбай сияқты, Мағауия да өз шығармасының негізгі идеясын, онда суреттелетін оқиғалардың мерзім-мекенін салған жерден-ақ аңдатып тастайды:

Бір әңгіме қозғалды ойымдағы,
Мақсат болды – әшкере болынбағы.
Бай мейірсіз – ер құлдан саза тартқан
Африка, Ніл дария бойындағы.
Ол дүние болмаған шақ құлға бостан,
Жаңа ашылған Африка бір гүлстан,
Кені қалың, егіні мол болған соң,
Ізденіп барған жан көп әрбір тұстан [49,365-366].

Мағауия «Бай мейірсіз – ер құлдан саза тартқан», – деген жалғыз жол арқылы-ақ бүкіл поэманың идеялық түйінін берген. Сондай-ақ, онда құлдар жайы, отаршылардың Африка байлығына қомағайлана құнығуы да мол қамтылып айтылған. Осының бәрі поэманың реалистік сипатынан да бірталай белгі береді. Сол сипат поэманың бүкіл өн бойына романтикалық терең сарындармен қосыла дамып, қатар өріліп отырады.

Поэмадағы негізгі тартыс алғаш Қасым, Медғат, Мария арасындағы қарым-қатынастар арқылы түйіледі. Қасым махаббат қасіретін бір тартса, қатыгез Медғаттан жазықсыз жаза да шегеді, адам айтқысыз азап көрсді. Жүрегінс, ар-намысына түскен таңба одан да бетер, одан да ауыр. Осыдан кейін Қасымның ішіне кек байланып, жаза көрсеткендерге қатты өшігеді. Ол Марияны өлтіріп, қашып кетеді. Қасым ақыры Медғат пен Мұраттан да кек қайтарады. Қасым тағдырының осынау күйлері, оның кесек қимылдары, тәкаббар да өр мінезі поэмада шытырман оқиғалар арқылы аса қызғылықты баяндалған. Ақын Қасым бейнесін шындықты, реалистік қалыптан алыстатпайды. Сонымен бірге оның образында, іс-әрекеттерінде романтикалық серпін, өршілдік өте-мөте күшті.

Шынтуайттап келгенде, Қасым – өз басының ғана намысын жоқтаушы емес. Оның қимыл-әрекеттерінде әлеуметтік сипат та басым. Поэманың бас жағында ақын Мұрат байды «Құлды малша таяқпен жұмсаушы еді, адам деп обалына бір қарамай», – деп суреттейді. Қасым – есе тимеген, қорлық көрген сол құлдардың бірі. Жеке бастың намысы оянып, кегі қозғанда оның әлеуметтік сезімі де сергиді, өзінің адамдық

қасиеті үшін күресу, тартысу кажет екендігін ұғынады. Содан барып оның жортуылшылық өмірі басталады. Бірақ Медғат батыс әдебиетінде мол туған романтикалық поэмалардағы қайырымды қарақшы типтес емес. Оның кектенгені де, өш алып жүргендері де – байлар. Ал тағдырдан соққы көргендер, әділетсіздерде есесі кеткендер оған жақ әрі жақын:

Әсіресе байларға рахым етпес,
Ағаш толы Зеңгінің бәрі ниеттес.
Сорлы болған жандарға тағы әдеті –
Бір жақсылық қылады естен кетпес [49,317].

Қасым кейін Сәлім мен Ғазизаға да үлкен адамгершілік мінез көрсетеді. Қасымның іс-әрекеттері оның мақсатына, әділет пен ақиқат туралы ұғым-нанымына нық байланысты. Ақын оның сырын іс-әрекеті арқылы да, өз сөзі арқылы да жақсы аңдатады. Ол Сәлімге былай дейді:

Қасым айтты Сәлімге: – құтты болсын,
Бір басыңа бауырмын және досың.
Бір кек үшін кеткенмін зәңгі болып,
Ойланбай қылғаным жоқ мұны тосын.
Өз бауырын өлтірген деме алым,
Саған да белгілі ғой менің халім.
Сені де аң қызығы әкеткен жоқ,
Ғаділеттің жоқтығы саған мәлім [49,105].

Сөйтіп, поэмадағы негізгі екі тақырыптың – кек пен махаббат тақырыбының шешімінде Қасым айрықша рөл атқарады. Сол екі тақырыпты байланыстырып, соларға ортақ тұтастық бітіріп тұрған да – Қасым бейнесі.

Мағауия тек кек жайын ғана емес, махаббат тақырыбын жырлағанда да романтикалық асқақ лекке көтеріліп, жарқын бояуларды қалың алып, жайната қолданып отырады. Шын махаббат адамды рухани жағынан жаңғыртып, биіктете түседі, оның бойындағы ең абзал, аяулы сезімдерді ашады. Мағауия айнымас, адал махаббат туралы тақырыпты осы

тұрғыдан жырлайды. Мұны Сәлім образынан анық көреміз. Оның алғашкыдағы сипаты мынадай:

Аңшы едім ұрғашының жүрегіне,
Жараттым не сұлуды керегіме.
Өзімді – өзім билейтін жан шығушы ем,
Құр нәпсіге ер екен, керегі не? [49,384]

Сөйтіп жүргенде Сәлім Ғазизаға тап болады. Осыдан бастап оның рухани дүниесінде, жан-жүрегінде ғажайып өзгерістер болады:

Сол оймен ашна болдым араласып,
Қызды аңдып жүрген жан көп қамаласып.
Жалған сүю алдаудың арсыздығын
Шын махаббат көрсетті көзімді ашып [49,375].

Бұл шумақтарды оқығанда «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» деп жазған, айнымас та азбас махаббатты гимн ретінде жырлаған Абай поэзиясы еске еріксіз түседі. Бұл орайда Мағауияға Абай шығармашылығының әсері айрықша күшті болғаны даусыз.

«Медғат-Қасым» поэмасында Мағауияның акындық позициясы айкын да бекем. Бұл оның окиға желілерін дамытып, тартыс түйіндерін тарқатуынан да, ұнамды және ұнамсыз кейіпкерлердің образдарын жасаудағы көркемдік принциптерінен де анық көрінеді. Бұл тұста ол романтикалық асқақ сазға көтеріледі. Қасымның Медғаттан жаза шеккендегі қайсарлығы, түн жамылып, тау кезіп жүрген кездегі тапқырлығы мен батырлығы, соңынан куған Сәлімнің мылтығын атып, құндағын үзіп, дос ниетпен күліп қарсы алуы, Сәлімнің жолбарыспен жұлқысуы суреттелетін эпизодтар поэманың көркемдік шырайын келтіріп-ақ тұр.

«Медғат-Қасым» поэмасының көркемдік кестесінде, композициялық құрылысында да ерекшелік, акындық тапқырлық мол. Акын тек авторлық баяндаумен кете бермей, әрдайым әсерлі, көркем суреттер жасап отырады. Поэманың

сюжеттік өрбуінде, адам бейнелерінің калыптасуы мен психологиялық сипаттарында да шеберлік үлгісі мол. Мағауия осы поэмасында кейіпкерлердің лирикалық толғаныстары мен ішкі монологтарын да ұсталықпен, алғырлықпен колданған. Жалпы алғанда, «Медғат-Қасым» поэмасының қазақ поэзиясы тарихындағы орны айрықша, ерекше бағалы.

Мағауияның «Енлік-Кебек» поэмасы да – бағалы мұра. Мұнда ақын тарихи оқиғалар мен тарихта болған жандардың тағдырын негізгі өзек ете отырып, сатиралық сипаты, әшкерелеушілік қуаты күшті реалистік поэма жасағанын көреміз. Бұл поэмадағы сатиралық, демократтық және гуманистік сарындар, сөз жок, Абай шығармашылығының әсерімен, ұлы ақынның тағлымы, өсиетімен тікелей байланысты еді.

Абай шәкірттерінің ішінде романтикалық поэма жазған ақындардың бірі – Әсет. Бұған оның «Салиха-Сәмен» поэмасы айғақ бола алады. Егер Ақылбай мен Мағауия поэмаларының оқиғалары Кавказ бен Африка шындығынан, сол жерлерді мекен еткен жұрттардың өмірінен алынса, ал Әсеттің «Салиха-Сәмен» дастаны моңғол халқының өткенінен алынған оқиғалар желісіне құрылған.

Бұл поэмада сүйіскен жастардың трагедиялы тағдыры, махаббат еркіндігі туралы тақырып зор көркемдік қуатпен жырланған. Мұндағы кейіпкерлер де – сүйіспеншілік сезіміне құлай берілген жандар. Бірақ қатал тағдыр, қатыгез жандар олардың қосылуына тосқауыл жасайды. Бір-бірінен еріксіз айырылған екі жас тұл тіршіліктен, тұлдыр өмірден ажал құшағын артық көреді. Сөйтіп, ақын Салиха мен Сәменнің махаббатын, еркіндікке ұмтылған тілегін, тіпті олардың өлімін де романтикалық сазға көтеріп, аскақтата жырлайды. Осыған орай поэманың көркемдік ерекшеліктері де окшау танылады. Кейіпкерлерінің жан толқындарын, сезім дауылдарын суреттегенде Әсет зор ақындық шабыт сездіреді. Табиғат көріністерін құбылта, құлпырта, жан бітіре суреттей отырып, адам тағдырын сонымен тікелей байланыстыра алу тәрізді көркемдік тәсіл Әсет поэмасында да шебер колданылған. Бір ғана мысал келтірелік:

Жалтыр тау, шатқал өзен, заңғар биік
Тұрғандай бұлттан өтіп, көкке тиіп.

Темірдей қара жартас сұрғылт түсті
Қабағын, қаһар көзін қарыс түйіп.

Мұнды тау аспанменен бой теңескен,
Тұрғандай бейне мүлгіп басын иіп.
Ақырған аждаһадай тасқынды өзен
Саркырап төмен аққан шатқа құйып.

Белгілі Жая деген бір қиын тас,
Сескенбей ендігі жан бара алмас.
Бел байлап сол қиынға бекінбек боп,
Жөнелді қорықпай шыдап Салиха жас [49,351].

Бұл суреттер Ақылбайдың «Дағыстан» поэмасындағы Кавказ тауының романтикалық көріністерін еріксіз еске түсіреді.

Ауыз әдебиетінің дәстүрлерімен тығыз байланысты Әсет сияқты импровизатор ақынның романтизм үлгісінде оқиғалы, қызықты дастан туғызуы – айрықша көңіл аударуға тұрарлық құбылыс. Бұл орыс әдебиетінің әсері мен Абай дәстүрлерінің жемісі құнарлы болғанын анық көрсетеді.

Абай тұсында және ұлы ұстаздың төңірегінде болған ақындардың поэма жазудағы ерекшеліктерін сөз еткенде екі түрлі жағдайға айрықша назар аударылуға тиіс.

Өзінің поэмаларында Абайдың Шығыс тақырыптарын қозғағаны бұрыннан бар сюжеттік желілерді өзгерте, жаңғырта отырып пайдаланғаны аян. Бірақ ол бұлай еткенде өз заманы, өз халқының тарихи даму қажеттігін алға тартқан талаптардан бой тартып, іркілген жоқ. Қайта ол сол алыс жұрттардың алыс өткеніне үңілгенде өзін өмір бойы ойландырған, толғандырған ащы сауалдарға жауап іздеді, өз халқының ақыл-ойына әсер етуді көздеді, ғибраты мен тағлымын оқиғаға құрылған желілі шығармалар арқылы айтуға талпынды.

Дәл осы ерекшелік Абай айналасындағы ақындардың ертегі-аңыздық тақырыптарға арналған поэмаларынан мейлінше анық табылады. Б.Айтқожаұлының «Ғалайдін Ғабдісамат», Әсеттің «Ағаш ат», «Үш жетім қыз» дастандарының өзекті идеясы бұған айғақ бола алады. Бұл поэмаларда кейіпкерлерді белгілі дәрежеде қазақ шындығына жақындату, қазақтың тұрмысы мен әдет-ғұрып көріністерін араластыру ғана емес, сонымен бірге халыққа ақыл айтып, ой салуға, замана талабына құлақ асуға ұмтылушылық та бар.

Ақылбай, Мағауия, Әсет тәрізді ақындардың романтикалық сарындағы поэмалары үстірт қарағанда Абайдың шығармашылық тәжірибесі мен суреткерлік ықпалынан сырт жатқан сияқты. Бірақ тіпті де бұлай емес. Олардың поэмалары өздерінің гуманистік пафосы мен адамгершілік сарындары арқылы, көркем бейнеленген терең идеялары арқылы Абай поэзиясымен және оның классикалық орыс әдебиетінен үйрену, үлгі алу тәжірибесімен тығыз байланысты.

Белинскийдің айтуынша, адам жүрегінің өмірін поэзияға мазмұн етіп алу арқылы романтизм оны молықтыра, байыта түсті. Өйткені адамның өмір сүруінің негізі, түп тамыры сол жүректе. Ал сүймеген және жек көрмеген, ұнатпаған және жиренбеген адам – аруақ қана [25,240].

Сондай-ақ, Ақылбай мен Мағауияның, Әсеттің романтикалық поэмалары адамды, оның рухани өмірін, терең де күшті сезімдерін жырлаудың, адам атын ардақтаудың тамаша үлгілері болып табылады. Оларда адам өмірі, оның жеке басының тіршілігі дара күйде оқшау алынбай, әлеуметтік өмір көріністерімен тығыз байланысты әрі тарихи жағынан нақты да шынайы бейнеленеді.

Пушкин мен Лермонтовтан және Абайдан үйрене отырып, аталған ақындар қазақ поэзиясына тың бағыт – романтизм бағытын енгізді. Сол арқылы олар қазақ поэзиясында Абай негізін қалаған сыншыл реализм әдісін жаңғырта, байыта, түрлендіре түсті.

АБАЙ ДӘСТҮРІНІҢ АРНАСЫНДА

...Жазушының өзінің артында қалдырған мектебіне, оның өз дәуірінің жалпы рухани дамуына өткен әсеріне қарап бағалау керек.

Э.Золя «Бальзакқа ескерткіш»

I

Абай жиырмасыншы ғасырда үш жарым жылдай ғана өмір сүрді. Ұлы ақын 1904 жылы дүние салды. Бірақ ол мәңгі-бақи өлмес-ошпестік күйге одан әлдеқайда бұрын, өзінің көзі тірі кезінде-ақ ауысқан болатын. Бұл ақынның өз басының кемеңгерлігіне, оның кейінгі ұрпақтарға қалдырған шығармашылық мұрасының телегейлігі мен тереңдігіне ғана байланысты емес-ті. Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында жаңа дәуір ашқан, қазақтың реалистік жазба әдебиетінің іргетасын қалаған Абай оның болашақтағы даму бағдары мен басты-басты нысаналарын да әйгілеп, анықтап берді.

Қазақ халқы Абай шығармашылығынан рухани нәр алып қана қойған жоқ, сонымен бірге одан әрдайым өзін ойға қалдырған, толғандырған сауалдарға, әлеуметтік өмір мен тарих барысы алға тартқан мәселелерге адастырмас жауап тауып отырды. Әрине, Абайдан кейінгі дәуір қазақ әдебиетінің алдына жаңа міндеттер, жаңа тақырыптар, жаңа идеялық-көркемдік талаптар қойды. Бірақ Абай шығармашылығында тек ақын өмір кешкен кезең ғана емес, туар дәуірлер үшін

де маңызын жоғалтпайтын мәселелер көрініс тапқан болатын. Ақын шығармаларының тек өмір танытушылық қана емес, сонымен бірге эстетикалық, тәрбиелік мәні барлығы да осыған байланысты.

Абай қазақ әдебиетінде жаңа көркемдік әдістің негізін салды. Қазақтың одан кейінгі демократтық, халықтық әдебиеті сол арнада дамыды. Әрине, Абай реализмі – белгілі бір тарихи кезеңнің жемісі. Сондықтан онда сол дәуірдің сипаттарына байланысты туған өзгешеліктер де, тіпті қайсыбір шектелушіліктер мен шарттылықтар да бар. Бірақ бұл шешуші жағдай емес. Абай реализмінің негізгі сипаттары, ақын поэзиясының терең патриотизмі мен халықтығы, оның көркемдік принциптері жаңа дәуірде бұрынғыдан да гөрі дамып, кеңейе түсті.

Абайдың дәуірі тарихи даму жолында қазақ қоғамы өткен өткелдермен тығыз байланысты болғаны сияқты, ұлы ақынның шығармашылығы да өзінен бұрынғы поэзиямен, халықтың сөз өнерімен тамырлас та сабақтас. Бірақ Абай шығармашылығы – түйін, қорытынды ғана емес, жаңа кезең, тұтас бір дәуір. Сондықтан да оның өз тұсындағы, әсіресе өзінен кейінгі ақындармен шығармашылық туыстығы мен байланысы өте-мөте күшті болды.

Осы орайда бірер жайды атап айтып, ашып алу шарт. Абайды білген немесе оның аты мен шығармаларына сырттай қанық ірілі-кішілі ақындардың Абайдай көркем сөз алыбына еліктемегені, тағлым алуға тырыспағаны кемдекем. Тіпті, халыққа жат бағыттағы ақын-жазушылар да Абай атын ту етіп көтерді, ұлы ақынның абыройы мен даңқын, беделі мен аруағын өз мақсаттарына қарай икемдеп пайдаланбақ болды. Сондықтан да Абайға сырттай, жадағай еліктеушілік немесе белгілі бір ақын-жазушылардың өздерін Абай шәкірттеріміз деп атауы, солай танытпақ болуы сияқты жәйттерге сын көзімен қарау шарт.

Белгілі бір әдеби мектептер мен бағыттардың, жекелеген ақындардың Абай поэзиясының дәстүрлеріне деген қатынасын, айнымас бекемдігін анықтап белгілеудегі негізгі өлшем бұл айтылғандардан әлдекайда терең, анағұрлым кең болуға тиіс. Бұл өлшем – Абайдың шығармашылық әдісі мен

көркемдік жүйесінің ең басты, шешуші негіздерін игеру әрі онан әрі дамыту.

Абай поэзиясының дәстүрлері туралы мәселе, сайып келгенде, қазақ поэзиясының тағдыры мен болашағы туралы мәселе еді. Уақыт бүкіл қазақ поэзиясының және оның ірілі-уақты өкілдерінің алдына осындай талап қойды. Міне, сол талаптың деңгейіне көтерілген, өз шығармашылығында халықтық және демократтық бағыт ұстанған, реалистік әдіске иек арта отырып, көркемдік жаңалықтар тудырған ақындар ғана Абайдың шын мәнісіндегі шәкірттері болып табылады.

Абай реализмі жайында сөз қозғалғанда екі түрлі жәйтке айрықша назар аударылады. Бірінші – Абай шығармашылығының терең халықтық сипаты. Екінші – Абай ақиқатты жырлаған, өмір шындығын бейнелеген ақын болғандығы. Абайдың шын шәкірттерінің шығармашылығында да осынау қасиеттер күшті, мол.

Әрине, Абайдан кейінгі қазақ поэзиясындағы идеялық және көркемдік құбылыстардың бәрін тек қана әдеби дәстүрлердің әсерімен анықтап қоюдың да орайы жоқ. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ поэзиясы – сол дәуірдің жемісі, бел туындысы. Ол өзін тудырған тарихи кезеңнің саяси-экономикалық жағдайларымен ажырамас тұтастықта. Бұл ретте әдебиетке заманның, уақыттың әсері айрықша күшті болғанын ескеру шарт.

Кеменгер Пушкин орыстың өзінен кейінгі бүкіл әдебиетіне, оның ішінде Гогольге де қуатты ықпалын тигізгені аян. Ұлы сыншы Белинский осы жайды, яғни Пушкиннің Гогольге еткен ықпалын ашық айта отырып, Гоголь реализмі оның өз заманының шындығымен, соның әсерімен тығыз байланысты екендігін де естен шығармайды. «Әрине, – деп жазады сыншы, – Гогольге, мәселен, Пушкин тарапынан болған әсерді бекерге шығару мүмкін емес... Ол әсер Гоголь шығармашылығында көрініс тапты... бұл әсіресе Пушкин ілгері бастырған уақыттың әсері еді» [24,197].

Қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрлерін сөз еткенде де осынау қағиданы ескеру қажет. Абай шығармашылығында мүлдем дерлік көтерілмеген немесе аз қозғалған кейбір та-

қырыптар XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ поэзиясында мол көрініс тапты. Бұл, әрине, уақыт сипатынан туған ерекшелік еді. Бірақ сол тақырыптардың, идеялық және көркемдік шешімін табу жолындағы суреткерлік ізденістерінде демократтық бағыттағы ақын-жазушылар, сөз жоқ, Абайдың шығармашылық тәжірибесіне иек артты, тағлым алды.

Бұл кезеңдегі қазақ ақын-жазушыларының, тіпті, солардың халықтық бағыттағыларының ішіндегілердің де аз уақытта болса да адаспағаны, аяқты шалыс баспағаны кемде-кем. Өйткені әлеуметтік сілкінулер мен жаңаруларға толы, қиян-қиялы дәуірдің сипаты мен тарихи беталыстың бағдарын барлап ұғынуға, терең түсінуге солардың талайының өресі жетпеді.

Бірақ олардың шығармашылық мұрасының ең негізгі қасиетін, тарих алдындағы еңбегін бағалайтын өлшем бұл емес. Шынтуайттап келгенде олар демократтық бағыттағы әдебиетті онан әрі өркендетуге, өз шығармашылығында халықтың арманы мен тілегін, қайраты мен қажырын бейнелеуге талпынды, тарихи дамудың болашағынан көз жазбауға, заман ағысына ілесуге ұмтылды. Бұл ретте де олар Абай дәстүрлерінің арнасынан, оның эстетикалық-көркемдік принциптерінің өрісінен табылады.

Абай қазақ әдебиетінде реализмді көркемдік әдіс ретінде қалыптастырды. Бірақ ол әдебиеттің бар жанрында бірдей кең көсіліп қызмет ете алған жоқ. Мұның толып жатқан тарихи да, шығармашылық та себептері барлығы даусыз. Сондықтан, оның негізгі көркемдік әдісін мирас еткен жаңа әдебиет жаңа дәуір талаптарына сай дамығанда жанрдың байлығы мен молдығы жағынан ілгері озбауы, түрлене түспеуі мүмкін емес еді. Дәл солай болып шықты да.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде лирикалық поэзияның сан-сан формаларымен бірге поэманың да әралуан түрлері, публицистика мен проза, драма мен әдеби сын да недәуір дамыды. Әдебиет елдің қоғамдық, тарихи-экономикалық, саяси және рухани өміріне батыл араласып, өз ықпалын тигізіп отырды.

Осы кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі, әсіресе лирикалық поэзия мен поэма жанрындағы шығармашылық ізденістер мен

көркемдік форма жайында, орыс әдебиетінен аудару және орыс реализмінің эстетикалық принциптерін игеру жайында сөз болғанда да Абайдың ақындық дәстүрлері туралы мәселеге соқпай өтуге еш болмайды.

Шын мәнісіндегі халықтық бағыттағы, таланты сау, ниеті таза, мақсаты айқын қаламгерлердің қай-қайсысы да дәуір талабын батыл сезіну мен сол жайында терең толғануды, алға және алысқа көз тігуді, тарих тамырының жанды соғысын суреткерлік және азаматтық жүрекпен ұғынуды Абайдан үйренді. Сөйтіп, олар Абай дәстүрлерін дамыта отырып, оның поэзиясының халықтығын, өзекті принциптерін дәуір талабына сай өрбіте, тереңдете түсті, қазақ әдебиетін одан әрі өсірді, оны жаңа тақырыптармен байытып молықтырды, сол замандағы өмір ағысы алға тартқан күрделі мәселелерді қозғай да, шеше де білді.

Ұлы сыншы Белинский реализм үшін екі түрлі талапты айрықша шарт етіп қояды. Ол – құбылыстың сырткы сипатын шынайы суреттеу әрі оның ішкі мазмұнын барынша терең ашу. Абайдың ақындық дәстүрлерін мирас еткен демократтық, халықтық әдебиеттен осы екі қасиет қоса табылады, мол танылады.

II

Абай шығармаларының тұңғыш жинағы ақын қайтыс болған соң бес жылдан кейін барып қана жарық көрді. Бұл халқымыздың рухани мәдениетінің тарихындағы айта қалғандай құбылыс еді. Ақын мұрасының қазіргі кезде мағлұм құрам мен көлемде біздің дәуірге сақталып жеткені үшін көп жағдайда, тіпті негізінен дерлік біз сол тұңғыш жинаққа қарыздармыз.

Сонымен бірге Абай шығармалары қазақ сахарасына, тіпті одан да сырт жерлерге тек осы жинақ арқылы ғана таралып қоймағаны да аян. Бұл таралудың жолдары мен фактілері қазіргі Абайтану ғылымына көптеп мағлұм.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі Абайдың төл шығармашылығына, өз мұрасына байланысты мәселені

тікелей сөз еткенде мына жәйттерге де айрықша назар аударылуы шарт:

1. Абай шығармаларының баспасөз бетінде, әралуан жинақтар ішінде әрі ауыздан ауызға таралуы. Сөйтіп, ұлы ақын мұрасының тек әдеби козғалыска ғана әсер етіп коймай, бүкіл халықтың рухани жағынан серпілуіне, оның көкірек көзінің ашылуына белгілі дәрежеде ықпал етуі.

2. Қазақ ақынының жекелеген өлеңдерінің орыс тіліне аударылуы және соған орыс зерттеушілерінің көңіл қойып, баға беруі.

3. Абай мұрасының зерттеле бастауы және со кездегі қазақ әдебиетіндегі әралуан ағымдар өкілдерінің ақын мұрасына көзқарасы, шығармашылық карым-катынастары.

Әрине, бұл мәселелер бірінен-бірі шалғай жатқан жоқ. Қайта өзара тығыз байланысты, ажырамас тұтастықта. Солардың бәрі ұласа, тоғыса келіп, сол кезеңдегі қазақ әдебиетінде Абай дәстүрлерінің орныгуы мен өрбуі, тереңдей түсуі туралы мәселеге саяды.

Зерттеушілердің анықтауынша, Абайдың баспа бетін тұңғыш рет көрген шығармасы – «Жаздыкүн шілде болғанда» атты өлеңі. Бұл өлең «Дала уалаятының газетінде» 1889 жылы Көкбай атынан басылған [55]. Бірақ өлеңнің аяғында: «Кісіден үйреніп жаздым», – деп көрсету аркылы Көкбай ол өлеңнің авторы өзі емес екендігін де аңғартқан.

Сол жылы сол газетте Абайдың екінші өлеңі басылады [56]. Ол – «Болыс болдым мінекей» деп басталатын «Күлембайға» атты әйгілі сатиралық өлең. Авторы көрсетілмеген. Өлең «Болыс болды кей кісі» деп өзгертілген. Тексте де бірқатар өзгерістер бар. Мысалы, Абай жинақтарында:

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап, –

деп келетін уытты әрі бейнелі суретке толы жолдар газеттегі нұскада:

Күштілерге ұшырасуға
Қайраты жоқ болған соң.
Бата алмайды шыбындап [56], –

деген тәрізді жолдармен ауыстырылған. Сөйтіп, газет Абай өлеңіндегі баяндау тәсіліне ғана емес, оның сатиралық өткірлігі мен әлеуметтік сарынына да көп салкынын тигізген. Абай бұл өлеңді 1889 жылы жазған. Өлең дәл со жылы жарық көрген. Соның өзінде газет бетінде жарияланғанда оған суық қол араласқан. Осы тұрғыдан алғанда, жазылған соң (1886) үш жылдан кейін жарық көрген «Жаздың» да өзгеріске ұшырап, «өңделуінің» сыры анығырақ байқалса керек.

Абайдың «Аттың сыны» және «Қансонарда» деп келетін өлеңдері 1897 жылы Қазанда шыққан «Қисса Кнәз білән Зағифа» атты кітапта жарияланады [57].

Сондай-ақ, Зейнелғабиден ибн әл-Жауһари әл-Змскауи 1909 жылы Уфада бастырған «Насихат – қазақия» деген кітапта «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздерінен» деген атпен Абайдың бірнеше өлеңі жарық көреді [58].

Осы кітапта Абайдың басқа өлеңдерімен бірге мынадай бір өлеңі бар. «Ғылым, өнер іздеу жайында мәшһүр Ибраһим Құнанбаевтың бір сөзі» деп берілген бұл өлең мынадай:

Жол көрмек, жоба білмек, жаһан кезбек,
Бой жеңбек, ер жігітке ақыл таппақ.
Тағдырын көрушінің қаһдан біліп,
Көшелі өнер иесін жүрсе жақтап.

Ниетің түзу болса ісің аппақ,
Екі елі аузыңа қойсаң қақпақ.
Сыбыр, өсек дегеннен сырттай жүріп,
Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ [58,78].

Өленнің стилі, дидактикалық сарыны, сөз орамдары, ұйқасы мен түрі, өлшеулері Абай қаламының ізін анық танытады. Бұдан шығатын қорытынды – Абай мұрасы қазір біз білетін көлемнен әлдекайда мол болған және бізге толық сақталып жетпеген. Абай мұрасының революцияға дейін басылуы және таралуы жайындағы деректер М.Мырзахметовтың осы тақырыпқа арналған мақаласында [59,147-153] мол қамтылған.

Абай өлеңдерінің халық арасына кең таралғанына және соған байланысты ірілі-уақты өзгерістерге ұшырап отырғанына Құдашев колжазбасы [60] да анық айғақ бола алады. Абай мұрасының көлемі мен мазмұнын, идеялық және көркемдік ерекшеліктерін кеңірек әрі тереңірек тануда бұл деректердің мәні ерекше.

Шынтуайттап келгенде, Абай шығармалары тек Арқа төңірегінде ғана емес, Қазақстанның қай түкпірінде де мағлұм болған. Бұл орайда баспасөз айрықша қызмет атқарғаны да күмәнсіз. Мысалы, 1911-1913 жылдарда алғаш Ордада, кейін Орал қаласында шығып тұрған «Қазақстан» газетінде жарияланған «Әдебиет таңы» [61] атты мақалада Абайдың:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де – бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан. –

деп келетін әйгілі өлеңінен үзінді келтіріліп, көркем әдебиеттің халық өмірінде алатын орнын үгіттеуде ұлы ақын сөздерінің үлгі етілуі, оның шығармашылығы әдебиет әлемінде атқан таң ретінде бағалануы тегін емес.

Абай шығармаларының басылып шығуы және ел ішінде таралуы халықтың рухани өміріндегі елеулі оқиға болғандығы «Уақ» деген әдеби ныспы пайдаланған бір автордың «Абай кітабына» атты өлеңінен де анық көрінеді. Мысалы:

Күнінде жүз оқысаң – жалықпайсың,
Көз талды, шаршадым деп талықпайсың,
Бір сөзін бір сөзінен артық көріп,
Құмар боп, қайта-қайта анықтайсың.
Бойды ерітіп, буынды алып мағынасы
Тұрғанда оған нағып қамықпайсың.
Сөзі рас, сөзі таза, сөзі ақыл,
Көңілге бір жері жоқ жабыспайтын.
Қазақта мұнан артық сөз шыққан жоқ,
Бағалап мынау не деп пар ұстайтын.
Жазушы заман түспей өтіп кетті,

Ер ме еді бостандыкка шабыспайтын.
Арттағы қара халқын өрге сүйреп.
Қамалға қарсы жүріп қарыспайтын.
Зиянды нәрселерден айырам деп.
Майданда тұрып алып алыспайтын.
Жол тауып. жоба тауып. жолдас тауып.
Халқының жоғын іздеп табыспайтын.
Есіл ер бұ заманда болмады-ау деп.
Қазакта кабырға жок қайыспайтын [62].

Автор Абай поэзиясының шынайылығы мен көркемдігін. терең идеяға негізделген ғибраттылығын («сөзі рас. сөзі таза. сөзі ақыл») тап басып аңғарған. Ол қазақтың арғы-бергі тарихында Абаймен тең түсетін. оған пара-пар келетін акын жок екенін айта келіп. Абайды – «қара халықты өрге сүйреуші». ілгері бастаушы күрескер-акын ретінде бағалайды.

Қазақ классигінің төл шығармалары ғана емес. орыс әдебиетінен жасаған аудармалары да бүкіл сахараға кең таралады. Осыны сипаттайтын кызғылықты бір дерек Д.Львовичтің «Қазақ даласын аралағанда» («По киргизской степи») деген кітабында келтірілген. Тоғыз очерктен тұратын бұл кітапта автор Торғай уезіндегі қазақ ауылдарын аралағанда көргендерін. алған әсерлерін баяндайды. Онда Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы жайында. акынның табиғат лирикасы жайында (Қарасу аулында Нұрғожа салған ән) да деректер бар [63.46].

Бұл кітаптағы ең бір бағалы факт – Татьяна әнінің со кездің өзінде Торғай бойында таралып кетуі. Құс атуға шыққан бір сапарында автор Нұрпейіс дегеннің үйіне түсіп. сонда Абылай Қарабатыров деген карт жыршының өлеңін тыңдайды.

«...Домбыра тартып. өлең айтқанына айран асыр калғанымды айттым Абылайға. Содан соң тағы да бір ән салып беріңіз. көнілдірек біреуін айтыңыз деп колқаладым... Ол көп бәлсінген жок. Домбырасының құлак күйін келтіріп ап. ескектете қағып-қағып жіберді де. шыркап ала жөнелді. Алғашқы ән сиякты мынаның да әуені шерлі екен. Ал сөзі

ше... Сөзі қандай тамаша еді, шіркін... Расымды айтайын, алғашқыда өз құлағыма өзім сенбедім... Кәрі қазақ өзге бірдене емес, Татьянаның Онегинге арнаған хатын әндетіп айтқанын көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші... Хат та жұртты дән разы қылды... Мен Абылайдан бұл өленді кім шығарғанын білмейсіз бе деп сұрадым. Оның айтуына қарағанда солардың өздерінің бір «өленшісі» болып шықты... Шын авторы кім екенін ол, әрине, қайдан білсін» [63,109].

Абай шығармалары әралуан әдеби кештер мен жиындар, сауық-думандар арқылы да халық арасына кең таралып отырған. Сондай кештердің бірі 1913 жылдың жазында бір ауылда өтеді. Онда қазақ және орыс ақындарының өленлері оқылып, түрлі-түрлі әндер айтылады. Қазақ сахарасын аралап жүрген Г.Н.Потанин де кезі кеп сол жиынға қатысады, жұрттың өнеріне қатты разы болады: «Расында да, қазақ халқы әнші келеді. Дауыстары таза, ашық болады. Әншілер өнерін халыққа аса шебер көрсетеді. Әнші болған жерге кәрісі бар, жасы бар жиналмаған жан қалмайды. Сондықтан да, менің ойлауымша, қазақ арасында ең әуелі ән-сырнай өнері гүлденбек. Енді бір елу жылдан кейін қазақ әнші-сырнайшы артистері патшалық театрдың сахнасына да шығуға жарайды» [64].

Осындай бір кеш 1914 жылы 26 қаңтарда Семей қаласындағы «Халық үйінде» өтеді. Бұл кеш Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына арналады. Көше-көшеге жарнамалар ілінеді. Кешке қала тұрғындары да, қыр қазақтары да тайлы-таяғы қалмай келеді. Н.Құлжанова сол кеште Абай жайында екі тілде баяндама жасайды. Одан соң ойын-сауық болады. Әлмағамбет әнші Абайдың аудармалары мен өз әндерін нәшіне келтіріп орындайды.

Ал 1915 жылдың 13 ақпанында Семейдің «Приказчик клубында» өткен әдеби кеш Абай мен Ыбырай шығармашылығына арналады. Кеште бұл екеуі қазақ халқының тарихындағы кемеңгер ақындар ретінде бағаланады [65,77]. Кеште Біржан мен Сараның, Жанак пен Баланың айтыстарынан көріністер беріледі. Н.Құлжанова Ыбырай өленлерін оқиды, Әлмағамбет тағы да Абай әндерін айтады. Кештің

басқа бөлімдері де қызық болып өтеді. Оған Қаныш Сәтбаев, Тайыр Жомартбаев, Қайықбай деген бала әнші, Ыбырай Алтынсариннің баласы – Ғабділхамит және басқалар қатынасады.

Осы ойын-сауықты көзімен көрген көптің дән разы боп, көңілдері тасығаны сол кеш жайында «Айқап» журналында жарияланған хабарда толық айтылған. «Картинадан соң сценаның бір жағына қыз-келіншектер, екінші жағына бозбалалар отырып кезекпе-кезек қосылып ән салды. Сөйтіп, той сықылды болып таркады. Ойын өзі көңілді, қызықты болды... Сол күні ай жарық, күн жылы, әйда, ойынға бар, қара көңілді көтер, бас қос дегендей табиғат жағынан да еркіндік болған еді» [65,79].

Тек бұл ғана емес, сол кездегі газеттерде, әсіресе «Айқап» журналында жарияланған, өнер-білім, жер, елдің болашағына, мораль тақырыбына, әлеуметтік жайларға арналған публицистикалық мақалаларда Абай есімі аса зор ілтифатпен аталады, оның әртүрлі өлеңдерінен үзінділер, нақылдар келтіріліп отырады.

Сөйтіп, сөз болып отырған дәуірде Абай шығармалары мен аудармалары баспасөз бен сахна арқылы да ауызша айтылу немесе қолжазба күйінде де, авторлығын сақтамай да, сақтап та кең таралды, халықтың рухани қазынасына айналды.

Халық арасына кең таралған, баспа бетін көрген және кейінірек жеке жинақ болып шыққан Абай шығармаларының қайсыбір үлгілерінің орыс тіліне аударылмауы және орыс зерттеушілерінің назарынан қағас қалуы мүмкін емес еді. Шындығында да солай болды.

А.Е.Алекторов өзінің «Қазақтардың халық әдебиеті» деген зерттеуінде Абайдың «Жаз», «Болыс болды кей кісі» («Дала уалаяты газетіндегі» сияқты, мұнда да өлеңнің аты әрі текст недәуір өзгертіліп берілген) атты өлеңдерін келтірген [66]. Бірақ ол бұл Абай өлеңдері екенін білмеген. Кейін ол мұны өзінің «Көрсеткішінде» де солай қайталаған. Ол былай деп жазады:

«В стихотворной форме неизвестный автор бичует управителей за бездельность и незаконные поступки, между прочим, он говорит:

Вы, простофили, имеете мало ума,
А таким быть управителем трудно.
Если же вы неспособны к делу,
Зачем тогда стремились на должности?

Все стихотворение проникнуто в некотором роде «гражданской скорбью» [67,633].

Құдашев колжазбасында да Абай өлеңдерінің орысша аудармасы, мазмұны беріліп отырған [68].

«Алшархият» жинағында» деген атпен Абайдың төрт өлеңінің («Лето», «Аул ночью», «Поэт», «О любви») қара сөзбен жасалған аудармасы басылады [69,228-229]. Аударғандар – Н.Рамазанов пен С.Сабатаев. Алғашқысы – Абайдың өмірбаяны жайындағы очерктің де авторы.

Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» атты өлеңі Н.Құлжановаңың аударуында «Сибирский студент» журналында басылады [70].

Бұл айтылғандардың бәрі де сол кез үшін, тарих көзімен қарағанда – аса бағалы фактілер екені даусыз. Бірақ Абайдың ұлылығы орыс халкына тек кеңес дәуірінде ғана шындап танылды. Өйткені революцияға дейінгі кезеңде оның поэзиясының орыс оқырманына кең көлемде жетуі мүмкін де емес еді. Сондықтан да А.Н.Белослюдовтың «Қазақ поэзиясы туралы» мақаласында: «Біздер, орыстар, Абай Құнанбаевты да, Алтынсаринді де, казақтың жас ақындарын да, казақтың көне ақындары – суырыпсалма жыршыларды да білмейміз» [71], – деп қынжылуы заңды да, орынды да еді. Ол Абай өлеңдерін орысшаға аударуды мейлінше қажет деп санаған.

Орыс қауымына кеңінен мағлұм болмаса да, Абайдың шығармашылық еңбегі орыс зерттеушілері тарапынан биік баға алды. Олар Абай – қазақтың жаңа әдебиетін бастаушы деп білді. Мысалы, А.Н.Седельников Абайды қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың өкілі деп танып, оның Пушкин мен Лермонтовтан жасаған аудармаларының сол төңіректе мол таралғанын айрықша атайды [72,204]. Көңіл аударарлық бір жәйт – ол Ноғайбайды кедейлер мен жатақтардың ақыны, ал Шортанбайды – зар заманның ақыны ретінде көрсетеді.

Кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде де Абай поэзиясы, оның қазақ қоғамындағы орны мен рөлі жоғары бағаланды. Абайдың өмірбаяны жайындағы очеркінде Н.Рамазанов ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» атты шығармаларын, табиғатты суреттеуге, махаббаты жырлауға арналған өлеңдерін естігенде тыңдаушының құлақ құрышы қанып, еңсесі көтеріліп қалатынын айтады [73.224].

Ол Абай поэзиясының әлеуметтік бағыты мен сатиралық өткірлігін, халықтығын дұрыс аңғарғанын былай деп жазады: «Қазақтар оның шығармаларының қадір-қасиетін тамаша түсінеді. Сондықтан да, Абай өздерін аяусыз әжуалап, сөксе де, бейғам өмір кешкендіктері үшін тіпті кейде жерден алып-жерден салса да, олар оның шығармаларын ықыласпен тыңдайды» [73.226-227].

Абай тек ақын ғана емес, соған қоса өз заманының ойшылы, аскан білімдар адамы болғанын американ журналисі, саяхатшысы Джордж Кеннанның кітабындағы деректер анық сипаттайды. Ол Леонтьевпен әңгімелескенде Абай Құнанбаев деген окымысты карт казактың Бокль, Милль және Дрэпер шығармаларын окитынын біледі. Сонда бір студент сөзге араласып: «Кәрі қазақ Бокль мен Дрэперді оқи ма?» – деп айқайлап жіберді.

– Ия, ия, – деп жауап берді Леонтьев мырза, – алғаш рет кездестіргенімде ол индукция мен дедукцияның айырмасын түсіндіріп беруді қолқалап, мені айран-асыр қалдырды. Кейін мен оның ағылшын философтарын тереңдеп окып жүргенін, ал мен айткан авторлардың шығармаларын орысшаға аударылғанынан окып шыққанын білдім.

– Сонда сіз ол окығанының бәрін түсінді деп ойлайсыз ба? – деп сұрады студент.

– Дрэпердің «Еуропадағы өркениеттің тарихы» бойынша мен одан екі кеш бойы сұрап бақтым. Ашып айтуға тиіспін: оның білімі тіпті көп екен» [74.101-102].

Осы орайда Леонтьев Абайды өткен ғасырдың сексенінші жылдарында көрген және білген дәрежеде сипаттай отырғанын, ал одан кейін Абайдың шығармашылығында, дүниетануында, ой өрісінде зор ілгерілеулер болғанын да естен

шығармау қажет. Ақын Абайдың, ойшыл Абайдың ұлылығы мен өресін тануда мұның айрықша мәні бар.

Жалпы алғанда, со кезде Абай шығармаларының жекелеген нұсқаларының орыс тіліне аударылуы және орыс зерттеушілерінің оның шығармашылығын жоғары бағалап, пікір айтуының тарих үшін де, Абайды тану ғылымы үшін де маңызы ерекше. Тіпті, 1913 жылы «Айқап» журналының: «Біздің көбімізге Абайдың кім екені де белгісіз. Оның кім екенін бізге орыстар танытып жатыр» [75], – деп жазуы тегін емес-ті.

Ал Абай мұрасының зерттеле бастауы және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі әралуан ағымдар мен бағыттар өкілдерінің сол мұраны тануы, соған қарым-қатынасы, ұстанған позициясы туралы мәселе айрықша сөз қылуды талап етеді.

Абай шығармаларының тұңғыш жинағының басылып шығуына айрықша еңбек сіңірген Көкітайұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында тұңғыш қалам тартушылардың бірі болғаны да аян. Осы еңбектің екінші тарауында біз бұл мәселеге аздап тоқталдық та.

Бұл кезеңдегі әдебиеттегі әралуан бағыттар өкілдерінің де Абайдай ұлы тұлғаға соқпай өтуі мүмкін емес еді. Солай болды да. Бірақ олардың ұлы ақын мұрасына, оның поэзиясының халықтық бағыты мен әлеуметтік сипатына деген қатынасы кереғар, қарама-қайшы келіп жатты. Мысалы, буржуазияшыл ұлтшылдар Абай шығармашылығын, оның идеялық ізденістерін өз тілектеріне орай бұрмалап пайдалануға тырысты.

Абай поэзиясының аскан көркемдік қасиетін, жаңашылдық сипатын олар ұқпады, ұғынғысы да келмеді. Солардың бірі «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында: «Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайы болғанына қарамай, әр нәрсенің бар қалпын сол қалпынша дұрыс айтуды сүйген» [76], – деп жазды. Осы ойын «дәлелдемек» болғанда ол Абайдың тіпті өзге емес, «Аттың сыны» атты атақты өленін тілге тиек етеді.

Ұлы ақынның жаңашылдыққа толы, реалистік поэзиясы оның құлағына жат болып естілді, көзіне мін болып көрінді.

Ол мұны да ашып айтады: «...Ол мін – өлең бунақтары тексеріліп, орнына қойылмағандық. Оны оқығанда ия әнге салып айтканда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өленнің ажарын кетіреді. Мысалы, төселіп желіп келе жатып, шокытып кеткен сиякты, тайпалып жорғалап келе жатып, текіректеп кеткен сиякты... Мұнан баска Абай өленлерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын» [77].

Буржуазияшыл ұлтшылдар халықты Абайдан алыстатуға, оларды бір-біріне карама-карсы коюға тырысты. Абайдың кайтыс болуына он жыл толуына арналған макалада солардың бірі былай деп жазды:

«Абай сынды акынның кадірін білмеу – казак халкының зор кемшілігін көрсетуге жарайды. Себебі казак баска жұртпен үзенгі кағысып, тең халык болып жасай алмауы тарихи әдебиет жоктыктан. Тарихи әдебиеті жок халыктың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сактап ілгері басуы киын. Әдебиеті, тарихы жок халыктар баскаларға сіңісіп, жұтылып, жок болады» [78]. Сол автор екінші бір макаласында [79] Абайдың сыншылдык ойларын бұрмалап, оның поэзиясының халыктык сипатын жокка шығармак болды.

Осының бәрін жасағанда олар өздерін Абайдың мирасқорлары, оның мұрасын қызғыштай қорып сақтаушылар ретінде танытуға тырысып бақты. Тіпті өзгесін былай қойғанда, солардың бірі тұтқынға алынғанда қандай әрекет жасағаны мынадай протоколдан анық көрінеді:

«1905 г. января 10 дня, г. Павлодар.

Мне, мировому судье 2-го участка Павлодарского уезда, при посещении сего числа тюрьмы арестованный по шифрованной телеграмме ротмистра Рутланда из г. Омска Алихан Нурмухаметович Букейханов, содержащийся в Павлодарской тюрьме, заявил, что он просит об аресте его довести до сведения прокурорского надзора, объявить ему о причине задержания и об обвинении которое ему предъявлено, а также просит освободить его из-под стражи на поручательство или под залог, а также просит принять меры к сохранению рукописи на киргизском языке, имеющейся в арестованном у него в портфеле, содержащей стихотворения, так как она

оценивается в 5000 рублей. Стихотворения эти принадлежат киргизскому поэту Кунанбаеву» [80].

Буржуазияшыл ұлтшылдардың Абай шығармашылығын бұрмалап бағалауы жалпы ақын мұрасын игеруге, танып білуге көп қырсығын тигізді. Бірақ ұлы ақынның мирасқорлары олар еместігін тарихтың өзі дәлелдеді. Өйткені тарих та, шындық та Абай жағында еді.

Абай мұрасын танып талдауда демократтық бағыттағы ақын-жазушылар дұрыс бағыт ұстанды. Солардың ішінен С.Торайғыров пен С.Дөнентаевты, қазақ әйелдерінің ішінен шыққан қайраткер әрі қаламгер Н.Құлжановаңы айрықша атап айту керек.

Абай мұрасын бағалауда, оның есімі мен шығармаларын халық арасына таратуда Н.Құлжанова сіңірген еңбек ерекше. Ол өз кезінің ірі, айтулы қайраткерлерінің бірі болған. Сұлтанмахмұттың оны былайша суреттеуі де осыдан:

Ардакты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.

Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы – жеткізбекке әйел халқын.
Және бар әйелге хас нәзік сезім,
Танитын бір көргенде-ақ істің парқын...

Аяныш, жұмсақ жүрек, мейірбанды,
Ренжіткісі келмейтін тірі жанды.
Қайткенмен он облыс бар қазақта
Әзір шыққан әйел жоқ сонан мәнді.

Оқып жүрген жастардың анасындай,
Көрер бәрін ия бауыр, баласындай.
Тарыққан сорлыларды өзі шақырып,
Күтеді не әкесіне ағасындай.

Сөз табар әр мәжілісте жарасымды,
Білмейді аса сөйлеп адасуды.
Оқыған еркектердің көбінен де
Әр іске ыңғайы бар жанасымды [81].

Мұнда Н.Құлжананың азаматтық тұлғасы, қаламгерлік қызметі айқын суреттелген. Өлеңнің: «Сөз табар әр мәжілісте жанасымды», – деген жолы Нәзипаның Абайға арнап кештер өткізіп, баяндама жасағанын еске түсірді. «Бір керек жұмыс» дейтін мақаласында сол кеш жайында Нәзипаның өзі де жазады: «Семейде 13 ақпанда болған қазақша ойынның рұқсаты тым қиындықпен алынды. Бұл әдебиет кешінде тек екі Ыбырайдың (Ыбырай Алтынсарин мен Абайды айтып отыр – А. Н.) сөздері ғана базардан өтіп, басқа жақсы-жақсы сөздер таңбасыз малша бұл базарға кіре алмады» [82].

Мұнда үлкен шындық бар, тарихтың өзінің куәлігі бар. Ол – қазақтың өткендегі кос классигінің со кездің өзіндеақ өзгелерден иығы озып, окшау шығып тұрғандығы және олардың шығармаларын халықтың ықыласпен, қалтқысыз қабылдағандығы.

Осындай кештерді ұйымдастырғанда Нәзипа Құлжанова тек сауық-думанды, жұрттың көңілін көтеруді ғана көздемеген, қайта халық арасына әдебиетті насихаттауды, оны ілгері бастыруды, бұрынды-соңды мұраларды жинақтап шығаруды мақсат еткен. Ол былай деп жазады: «Мұндай ойындар көбейсе, акшасы – бір, екінші – жақсы сөздер жарыска түсіп, әдебиетіміз ілгері басуға зор себеп болар еді. Сондықтан осындай жақсылық жолдарға ойын істейміз, деп кезенген жерлерде жол бөгеу болмайтын қылып, тамам ескі, жаңа сөздерімізді – өлені бар, қара сөзі бар – жиып-теріп кітап (сборник) қылып драматическая цензурадан өткізіп алсақ, бір санаулы жұмыс біткен болар еді» [82].

Н.Құлжанова Абайды қазақ әдебиетінің атасы деп біледі. Ол Абай шығармашылығының рухын, сыншылдық бағытын да жоғары бағалайды. Н. Құлжананың ең түбегейлі пікірлерінің бірі – оның қазақ әдебиеті болашақ дамуында орыс әдебиетінен үлгі алуға тиіс деген топшылауы. «Әдебиетімізге көз салу» деген мақаласында ол осы ойын тарата келіп, бы-

лайша түйеді: «Бұл мәселені мен орыс-еуропа әдебиетіне еру мақұлырақ болар деп шештім... Өйткені татарда Токай, қазақта Абай орыс әдебиетінің пікірлері, идеяларымен мәлім болды [83].

Сөйтіп, Н. Құлжанова кеменгерлік дәрежеге жеткені үшін Абай ұлы орыс әдебиетіне, соның шығармашылық әдісіне қарыздар екенін және қазақ әдебиеті болашақта да сол арада дамуға тиіс екендігін терең түсінді.

Қазақтың демократтық бағыттағы ақын-жазушыларының ішінде Абайдан үйренгендердің бірі – Сәбит Дөнентаев. Ол Абай жайында зерттеу жасап, мақалалар жазған жоқ. Бірақ Абайдан ақындық тағлым алуы, оның ұлы ұстаз шығармашылығына саналы түрде ден қойғандығы, ұлы ақын поэзиясының рухы мен бағытын, өзіндік ерекшеліктерін барлауға талпынғандығы анық байқалады.

Атап айтарлық бір факт – Сәбиттің ұлы ақынға арнап өлең шығаруы. Алғаш «Абай» журналында («Абай», 1918, № 1) жарияланып, кейін шығармалар жинағына кіріп жүрген бұл өлеңінде ол Абайды былайша суреттейді:

Бәрі бала жас еді,
Бәрі ұйқыда мас еді
Барлық қазақ баласы.
Сонда ішінен жарқ етіп,
Ақыл-ойын сарп етіп,
Жөн бастаған данасы.
Қидық басты соңына,
Сол бастаған жолыңа [84,124].

С.Дөнентаев Абай өмір кешкен дәуірдің – қараңғылық пен надандық торлаған кезеңнің шындығын айтумен бірге қазақ мәдениеті тарихындағы Абайдың рөлі мен орнын, оның шығармашылығының әлеуметтік бағыты мен тәрбиелеушілік мәнін дұрыс ұғынады. Сонымен бірге Абайдың жолынан, ақындық дәстүрлерінен айнымас адалдығы, ауытқымас беріктігін бар дауыспен айтуы Сәбит Дөнентаев поэзиясының бағыт-бағдарын анықтауға да көп мүмкіндік береді. Өйткені бұл – С.Дөнентаев үшін жалаң декларация

ғана емес, түбегейлі шығармашылық нысана да еді. Ол негізінде сол нысанадан көз жазған жоқ.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрлері жайында сөз болғанда өзінің соншалықты қысқа ғұмырын әлеуметтік әділетті аңсаумен, шындықты іздеумен өткізген әрі соны поэзиясының үзілмес арқауы еткен Сұлтанмахмұт шығармашылығын ең алдымен атаймыз.

Сұлтанмахмұттың өлеңдері мен поэмаларын, мақалаларын оқып отырғанда оның Абай поэзиясымен жүрдімбардым, үстірт емес, мейлінше терең таныс болғанын, ұлы ақынды сондай биікке көтерген жағдайларды айқын ұғынғанын байқаймыз.

Абайдың абайлық қасиет-қадірі, ұлылығы өзі өмір кешкен дәуірдің ілгерішіл сипатымен және оның бірден-бір дұрыс, айнымас та адастырмас шығармашылық бағыт-бағдар ұстанғандығымен байланысты екендігі даусыз. Абайдың өмірі мен шығармашылығын аса көп зерттеген, ол жайындағы ғылымның негізін салған академик-жазушы М. Әуезов: «Тегінде, Абайдың ақындығындай ақындық қуаты Абайдан бұрынғы ақындарда да болуға мүмкін. Олардың бірталайы тіпті атсыз ақын боп та өткен болар. Сондай ақындардың ғана санасы мен таптық тұрғысында, мәдениеттік дәрежесінде қалса, Абай – классик Абай болмас еді. Өзінен бұрын жүз ақын болса, жүз бірінші, мың ақын өткен болса, мың бірінші болар да қалар ма еді, әлде қайтер еді» [26], – деп түйеді. Яғни ол Абайды ең алдымен өз дәуірінің жемісі, өз заманының үні деп қарады.

Сұлтанмахмұттың да Абай жайындағы кей пікірлері осыған орайлас, меңзес келіп қалады. Ол үшін Абай шындықтың жыршысы ретінде бағалы. Абайдың өзінен бұрынғы ақындардан озық, оқшау қасиеттерінің бірі де осында:

«Қобыланды», «Тарғын» жазған кәрі ақындар
Сөзінде, шындығында не ақау бар?..
Жараткыш шеберлікке келгенінде
Олардың талантына кім жақындар?

Сөздерінен ақиқат ала алмаймыз,
Сондықтан бәйге алдына сала алмаймыз,
Олар надан – ойлауда көп адасқан.
Бірақ біз ақындығын тана алмаймыз.

Оларды қоя алмаймыз Абаймен тең.
Себебі оқымаған ілімі кем.
Туыс, талант Абайдан жырма есе
Олардың артығы бар дей алам мен [81,177].

Сөйтіп, Сұлтанмахмұт Абайдың ақындық құдіреті шыншылдығында, шындықты жырлауында деген ой түйеді. Басқаша айтқанда бұл Абайдың шығармашылық әдісі, яғни реализмі туралы мәселеге кеп саяды.

С.Торайғыров Абайды қазақтың арғы-бергі тарихындағы теңдесі жоқ ақын деп білді. Бұл ретте ол Абайдың тек ақындық талантын ғана емес, білімдарлығын, шығармашылығында биік мақсат көздегенін айрықша атайды. Оның: «Абайды дейік биік бұлтқа жетті», – деуі де осыдан. Рас, Абай Толстойдың деңгейіне көтеріле алған жоқ. Сұлтанмахмұт мұның себебін Абайдың дер шағында Толстойдай тәрбие ала алмағандығынан және қазақтың со кездегі «кірлі тұрмысы, бағытсыз тарихы тым алыска жібермегендігінен» іздейді:

Толстой онан биік күнге жетті,
Күн астындағы елдерге даңқы кетті.
Алса еді Толстойдың тәрбиесін,
Абай да көрсетер ед сондай кепті.
Кірлі тұрмыс, бағытсыз тарихымыз.
Тым алыска жібермес түзеп бетті [81,178].

Сұлтанмахмұт Абайды қайталап оқудан, оның ақындық қуатына таңырқаудан, одан тағлым алудан еш уақыт таймаған да танбаған. Бұған да таптырмас, тая соқтырмас айғақ ақынның өз куәгерлігі.

«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,
Абайды оқы – таңырқа, басың шайқа.

Ақындықтың қуаты есіңді алып.
Бас алмастан оқырсың қайта-қайта [81.280].

Осылайша, Сұлтанмахмұт Абай есімін әрдайым асқан құрметпен атаумен бірге оның жекелеген өлең жолдарын, сөз байлауларын келтіріп отырады. Абайдан тікелей ауысқан немесе сәл өзгертіліп, жаңғыртылып алынған тіркестер, ақындық айшықтар Сұлтанмахмұт поэзиясында мол [85.181-183].

Әрине, бұл – бұлтартпас факт. Оған соқпай өтуге болмайды. Сонымен бірге Абай мен Сұлтанмахмұт поэзиясының жақындығы, үндестігі мұнымен шектелмейтіндігі де хақ. Өйткені ол бұдан әлдекайда терең, әлдекайда кең, әлдекайда мол.

Сөйтіп, Сұлтанмахмұт Абайдан мейлінше жемісті үйренді. Ол бұған Абай поэзиясының идеялық-көркемдік ерекшеліктерін терең тану арқылы және оның қазақ әдебиеті тарихындағы рөлі мен орнын түсініп-білу, бағдарлап-барлау арқылы келді. Бұл тұрғыдан алғанда ол – Абай мұрасын ең тұңғыш әрі дұрыс бағалаушылардың бірі.

Абай мен Сұлтанмахмұт – қазақ халқының өткендегі ұлы ақындық тұлғалары. Олар уақыт ағысында, тарих көшінде қатар үзеңгі қағысып келеді. Атанған жері де, бет алған бағдары да бір.

XX ғасырдың бас кезінде Абай қазақ халқына кең таралып, ішінара орыс зерттеушілеріне де танылып қана қоймай, туысқан татар, башқұрт халқы зиялыларының, ақын-жазушыларының да назарын аударады [86].

Сөйтіп, сөз болып отырған кезеңдегі қазақ әдебиетінде әр алуан бағыттардың болуы сол ағымдар өкілдерінің Абай мұрасына, Абай дәстүрлеріне шығармашылық қатынасы мен позициясы да әркилы болуын туғызбай қоймады. Өйткені Абайға деген қатынасы арқылы олар өздерінің халыққа, оның рухани мәдениетінің өткен тарихы мен болашағына деген көзқарасын қоса танытты.

III

XX ғасырдың бас кезі қазақ әдебиетінің тарихындағы, уақыт жағынан қысқа, бірақ әдеби оқиғалар мен құбылыстардың

молдығы, шығармашылық процестердің күрделілігі мен тереңдігі жағынан айрықша кезең болып табылады.

Өткен ғасырдағы әдебн дамуға өз шама-шаркына орай үлес коскан бірталай акындар XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи дәуірдің де куәгерлері болды (Акан сері, Шәңгерей, Жаяу Мұса, т. б.).

С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Сералин, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов тәрізді халыктык, демократтық бағыттағы акын-жазушыларды айтпағанның өзінде бұлардан баскаша сарындағы Мәшһүр Жүсіп Көпеев, М. Қалтаев, Ғ.Карашев, Н.Наушабаев сиякты каламгерлер де осы кезеңде еңбек етті. Бұл соңғылардың шығармаларында замана шындығының кейбір көріністері елес берумен бірге кайшылыкты сарындар, кателіктер мен ауытқушылыктар да мол еді. Қайсыбір зерттеушілер бір кезде солардың бәрін ірі реалист-акындар, Абай дәстүрлерін дамытушылар ретінде алып караған да болатын. Солардың ішінде Абай мұрасын, оның поэзиясының әр алуан ерекшеліктерін жап-жаксы білгендері, ұлы классикке сыртгай еліктегендері де бар. Бірак бұл оларды Абай дәстүрлерін дамытушылар ретінде бағалауға еш дәйек, негіз бермейді.

Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Дала уалаятының газетінде» жарияланған бір макаласында Абайдың сол газетте басылған «такпак өлеңдерімен» шет-пұшпактап таныс екендігін айтады [87]. Әрине ол Абай шығармаларымен солардың ауызша таралуы аркылы да жаксы таныс болуға керек. Ол жаңағы макаласында Абайдың акындығын, оның өнері Құнанбайдан артык екенін мойындайды. Бірак ол Құнанбайға ас бермегені үшін Абайды жазғырады. Яғни ата салтын, ескі әдет-ғұрыптарды сактамаған Абайдың прогресшіл іс-әрекеттері оған ерсі көрінеді. Оның ұлы акынның жаңашылдық бағыттағы, реалистік поэзиясына деген катынасын да осы бағдарда тану кажет.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – өз кезінің шындығы мен әлеуметтік окиғаларына көп үн коскан акын. Оның шығармашылық кызметінің ең жемісті кезеңі – XX ғасырдың бас кезі. Бұл – казактың халыктык, демократтық әдебиетінде Абай әсері айрықша күшті көрініс берген кезең. Мәшһүр Жүсіпке осының бәрі жаксы аян еді. Бірак ол Абай дәстүрлеріне, Абай

поэзиясының рухына демократтық бағыттағы ақын-жазушылардай ден қойып кеткен жоқ.

Рас, Мәшһүр Жүсіп шығармаларында сын сарыны күшті. Ол әлеуметтік теңсіздікке толы дүниенің талай-талай шындығын, үстем тап өкілдерінің озбырлығын, дін иелерінің аярлығы мен арамдығын, тіпті патша өкіметінің саясатын да сынап қояды. Бірақ бұл сын Абай негізін қалаған сыншыл реализммен, соның рухымен бір емес еді. Өйткені олардың идеялық нысанасы да, эстетикалық мұрат-мүддесі де, тағлым көрген шығармашылық мектебі де басқа болатын.

Ал Абайдың халықтық, реалистік поэзиясы, оның ілгерішіл көзқарасы мен алға қарай меңзеген бағыты тек ақындарға ғана емес, демократтық арнадағы көзі ашық зиялыларға да жақын еді. Мысалы, Абай өлеңдері жарияланғаннан кейін газетте «Қыр баласының хаты» басылғаны [88], оның Абай сынаған керітартпашыл ақындар мен ескі билер сөзін қасиеттеп дәріптегені мағлұм. Осыған іле-шала Ғабдолла Шоңаев [89] пен Ешмухамбет Жаңбыршыұлы Наурызбаев [90] «Қыр баласына» қарсы шықты. Соңғы автор былай деп көрсетті: «Қазақ» газетінің 24 нөмірінде басылған «Қырдың баласының» жазған хатын көріп, Шортанбай, Шөже һәм ғайриларының өлеңдерін сұрап жатқанын көрдім. Мен білдіріп тұрамын: ол ақындардың өлеңдері газет окушыларына еш пайдасы жоқ. Себебі, олар менің анықтап байқап қарауымша, өлеңді ақы-сый алу үшін айтты, өсиет емес. Хат жазған Қырдың баласы хатына өз атын, әкесінің атын жазып, қол қойса керек еді. Онда біз ол кісінің көпке көмек беруге қандай жарайтынын біліп, халыққа пайда келтіретінін байқар едік.

Осының аяғында байқатамын, «Қазақ газетінің 26 нөмірінде басылған Ғабдолла Шоңаевтың білім, ғылым, бұрынғының шежіре сөздері һәм халықтарды жақындататын сөздер жазылса, пайдалы деген ұнамды, газет окитындарға пайдалы» [90].

Сол сиякты, бұдан кейінірек жазылған «Қазақ тілінше жазу турадан» деген мақаласында [91] «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Нұрату» жырларын айта келіп, Д.Сұлтанғазин де Шортанбай өлеңдерін сынға алады, ақыретті

жырлаудан гөрі, халық мүддесін, өнер-білім жайын жырлау кажет дегенді сездіреді. Осы автордың тіл туралы ойлары да осы мәселе жайында Абай көздеген мақсаттың аңғарынан табылып отырады.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ баспа органдарының ішінде әдебиет мәселелерінде Абай дәстүрлеріне көбірек иек артқан – «Айқап» журналы. Онда басылған көптеген материалдарда (Сұлтанмахмұт мақалалары [92], М.Жолдыбаев мақаласы [93], т.б.) Абайдың ақындығы аса жоғары бағаланады. Ал «Алдағы күндеріміз» деген мақалада Абай қазақтың ірі ойшылы, зор философ ретінде аталады [94].

Сөйтіп, Абай атының, оның шығармалары мен идеяларының халық арасына кеңірек таралуына со кездегі газет-журналдардың да недәуір септігі тиді.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында әлеуметтік және таптық теңсіздік, ұлттық езушілік әсіресе асқына, күшейе түсті. Абай заманындағы тайталас-тартыстар мен әлеуметтік типтер бұл кезеңде де бар еді. Өз кезінің ең бір соракы шындығы, індеттен бетер құбылысы – партиягершілікті Абай былай деп шенеген болатын:

Болды да партия
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя
Дауың мен шарыңды *(I, 220).*

Осы шындық кейінгі көптеген ақындардың шығармаларында және публицистикалық мақалаларда қатты сынға алынды. «Айқапта» жарияланған «Біздің дертіміз» деген мақалада былай делінген:

«Қырық жылдан асып бара жатыр, сайлау партиясы деген талас дертіне душар болдық. Бұл талас дерті бүкіл қазақ баласына тегіс жұқты. Бұл дерттен аман қалған ел болмады. Бұл дертке ұшыраған талай байларымыз малынан, абыройынан жұда болды. Қырық жылдан бері ойлаған ойымыз, жұмыстаған жұмысымыз бір ғана сол партиялық болды. Бұл жолға бүкіл қазақ баласы болып ғақылымызды, өнерімізді, іждиһатымызды, күшімізді һәм малымызды қаражаттап

жұмсадық. Үлкен-кішіміздің ойлағанымыз, іздегеніміз партиялық болды, бөтен істі ойлауға, жұмыстауға партиялық ісінен босана алмай, уақытымыз болмады. Әлі күнгеше сол дерт бізді айналдырып келе жатыр. Мінез-құлқымыз, ниет-пиғылымыз мүлдем бұзылып болды» [95].

Ал өлең-жырларда замана міндері, қараңғылық пен надандық бұдан да өткір сыналды. Тіпті аты бар ақындарды былай қойғанда, жекелеген өлеңдерде де әжуа, ашу-ыза сарындары естіліп отырды. Мысалы, Ғалиолла Ғалымжанов өз өлеңінде былай деп жазды:

Түп-түгел кемшіліктің бәрі бізде,
Дау тапсаң, дінін саткан кәрі бізде.
Түкіртсең он тиын беріп моллаларға
Әрбір түрлі ауруға «дәрі» бізде.

Қорлықта күң боп жүрген катын бізде,
Тілдерін қылыш кескен ақын бізде.
Иттей боп таласуға ерінбейтін
Қатарлас бірге туған жақын бізде.

Сататын үш бөлкеге жер де бізде
Жау келсе, қосылып шапкан «ер» де бізде.
Үстінен қой айдаса, қозғалмайтын,
Өліктен сабырлырак ел де бізде...

Дос жылап, дұшпан күлер хал да бізде,
Борышка жимайтұғын мал да бізде.
Төртінші тоқалдыкка қыз табылса,
Алпыста қыз алатын шал да бізде...

Уақытша пәтерге алған қоныс бізде,
Жан басы ер құныңдай борыш бізде.
Ант етіп кедейге түк шығармаска,
Сайланған бес мың шашып болыс бізде [96,19-20].

Бұл өлеңде со кездегі казак қоғамында орын алған кеселдердің бірталайы бас-басына аталып өткен. Көп жәйттер, көп

көріністер, көп мінездер Абай заманын, Абай өлеңдеріндегі типтерді де еске түсіретіндей. Тіпті кедей мен бай мінезі де көп жайды аңғартарлықтай. Шынтуайттап келгенде, бұл өмір шындығының, уақыт сипатының ортақтығынан туындағандығы да даусыз.

Осы жайды өнер-білім және әйел теңдігі тақырыбына арналған өлең-жырларға байланысты да айтуға болар еді. Мысалы, Жұмағали Тілеулин «Жас туғандарымызға» деген өлеңінде былай деп жазды:

Біз болдық биік белден аспайтұғын,
Аякты шабан атша баспайтұғын,
Атадан ешбір мұра қалған емес,
Біздерді түзу жолға бастайтұғын.

Баскаға карап тұрып таң каларсыз,
Солардан тумадық деп зарланарсыз,
Азырақ көңілінізде хабар болса,
Олардың ісін, жөнін аңғарарсыз.

Ондайлар ерте түскен түзу жолға,
Әртүрлі теория кірген колға,
Өзінің түзу жолын тауып алып,
Барады және карап оң мен солға [95,15-16].

Ал Ғалиалдин Мәменов «Біздің қазақ баласына не кылса да баска жұрттарға теңелуі хақында біраз кеңес» деген мақаласында қазақ халқының со кездегі тағдырын осы калыпта баян етеді:

«Біздің қазақ халқы Россияда болған инородец (яғни орыстан баска) болған жұрттардың да ғылым жағынан төмен халқы болып та, әшейін жер-судың аркасында күн көріп, ойнап-күлгенге мәз болып жүріп жатыр. Бұл күндерде бізден баска халықтар бәрі де оянып, не нәрсе өзіне пайдалы, не нәрсе зарарлы – соның себебіне кірісті, пайдалы жағын ұстап, зарарлы жағын коя беріп жатыр. Біздің қазақ әлі өзінің «кызығында» жүр» [98,40].

Сол сияқты, Хамза Бекмұхамедовтың «Қазақ халқына» деген арнау өлені де осы сарындас:

Қазағым, көтер басыңды, жатпа бекер,
Ғұмырыңыз жатуменен зайғы өтер.
Көтерер басыңызды уақыт жетті,
Ілгері ұмтылысып талап етер.
Біздерден басқа халық алға кетті,
Ойласақ, бұл надандық түпке жетті,
Жан-жаққа бас көтеріп, көзіңді сал,
Басқалар бізден бөтен не іс етті [95,16].

Осы тақырыптағы өлеңдер мен публицистикалық мақалалардың денінде экономикалық және мәдени даму барысында қазақтың басқа халықтардан кенжелеп қалуына, қараңғылық торынан шыға алмауына қынжылу, қабырғасы қайысып қапалану, өкіну бар. Бірақ ілгері кеткен жұрттарды көре алмау, күндеу сарыны атымен жоқ. Бұл да патриот әрі интернационалист болған Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде өз халқын прогреске ерте жеткен жұрттармен салыстырып айтқан толғаулы, аталы ойларымен, әділ топшылауларымен орайлас түсіп отырады.

Қазақ халқының осындай рухани тұралау мен кенжеліктен құтылар жолы қайсы? Демократтық бағыттағы ақын-жазушылар бұл жолды елді ағартудан, оны өнер-білімге, жарыққа үндеуден іздеді. Мысалы, Мақыш Қалтаев өзінің бір өлеңінде былай деп жазды:

Оқысын бай, пақырдың баласынан,
Орыстың кәмелетті данасынан,
Петербур, Мәскеулердей бөлек жерде
Россияның шәһәрлі қаласынан...
Заманаға жарарлық ғылым, білім
Табылмас бұл қазақтың арасынан [98].

Тек М.Қалтаев қана емес, басқа көптеген ақындар да оқу іздеуді, «ғылымның туы тігілген жерлерге», яғни Россияның мәдени орталықтарына баруды ғибрат етті. Шалманның

«Тұрған күй» деген өлеңіндегі мынадай шумақтар – бұған айғақ:

Бар енді осында ғой жалғыз қару,
Оқысаң – өнер-ғылым болар дәру.
Белсеніп шын көңілден қимылдасаң,
Ешбірдей қиын емес өнер алу.
Ғылымның туын тіккен жерлеріне
Оқуға шын көңілмен іздеп бару [99,20].

Ұлттық ояну, өнер-білімге ұмтылу тақырыбы со кездегі қазақ әдебиетінің С.Торайғыров, С. Дөнентаев, С.Көбеев, М.Сералин тәрізді аса ірі өкілдерінің шығармашылығында айрықша мол көрініс тапқаны баршаға аян. Бұл ретте олар өткен ғасырдағы Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты кемеңгерлердің идеяларын дамыта, жалғастыра түсті.

Осыны сөз болып отырған кезеңдегі қазақ әдебиетінде әйел теңдігі, оның бас бостандығы туралы тақырыптың суреттелуіне байланысты да айтуға әбден болар еді. Бұл тақырыпқа жекелеген өлең-әңгімелер ғана емес, сүйекті шығармалар – романдар мен желілі дастандар арналды. Сонымен бірге оларда со кездегі халық тіршілігінің, әлеуметтік өмірдің кең көріністері бар.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде бұл тақырыпқа қалам тартпаған автор кемде-кем. Солардың ішінен әйел ақындардың өлең-жырларын айрықша атауға болар еді. Олардың арасында публицистикалық мақалалар жазғандары да бар. Мысалы, Сақыпжамал Тілеубайқызының жазғандарында ашы шындықты аяусыз сынау, басқаларға ой салу бар. Ол «Қазақ қыздарының аталарына» деген арнау хатында былай деп жазады:

«Мұхтарам аталарымыз. Біз-дағы – сіздердің ер балаларыңыз секілді балаларыңызбыз. Ер балаларыңыз сонша жақсы, білімді, үлгілі болса, соншама сіздерге абиұр емес пе? Сол сияқты біздер де білімді, үлгілі болып, надан болмай, тәрбиелі болсақ, сіздерге абиұр болмас па екен... Адамды оқу бұза ма екен? Біле білсеніздер ең әуелі жақсылап қыз баланы оқыту тиіс... Біздер надан қалсақ, іштеңе білмесек,

дүниеден кор болып өтсек, мұның обалы, қыз аталары, сізге болмай, кімге болады? Біздерді оқыту сіздердің мойныңызға борыш...

Екінші бір кемге тұтатын орныңыз: қыздарыңызды мал секілді сатасыз. Бесікте жатқан шағымызда-ақ біреуге қатындыққа сатып қоясыз. Соңғы уақытта екі жас бір-біріне тең бола ма, болмай ма? Оған қарамайсыз. Тек тұз-дәмі жарасса, жақсы. Жараспаса, қыз баланың бүкіл ғұмыры жәбір-жапада өтеді немесе дау-жанжал шығуға себеп болып кетеді. 13-14-тегі қыздарыңызды малға қызығып, елу-алпыстағы шалдарға шырылдатып, қолынан ұстап бересіз, көз жасына қарамай. Осыларыңыз жөн бе? Алпыстағы шал он үш-он төрттегі қызға тең бола ма? Тең болатұғын болса, он үш-он төрттегі ер балаларыңызға елу-алпыстағы кемпірлерді неге алып бермейсіз?

Менің бұл сөзім – бір өз басымның сөзі емес. Бүкіл қазақ қыздарының сөзі – осы» [100, 11-12].

Со кезде осындай хаттың жазылуы – айта қалғандай құбылыс. Ол ескі әдет-ғұрыптарға, тағылыққа қарсы айыптау актісіндей естіледі. Терең, мәнді ойларға толы хаттың бүкіл қазақ қызы атынан айтылуы және де тегін емес. Сақыпжамал Тілеубайқызы осыған іле-шала «Ұзақ күткен үміт һәм бас адамдарға бір-екі сөз» [101,8] деген хатын және «Қыз батасы» деген өлеңін жариялады. Ол өлеңін мынадай актілеумен аяқтайды:

«Күн көрініп, бізге де тұман ашылсын. Білімсіздер білімділіге бас ұрсын. Қара жүрек жалмауыздар аузы ашық Тауфик беріп, ағарып көңілің басылсын» [102,21].

Күләйім Өтегенқызының «Қазақ қыздарына» деген арнау өлеңі [103,200-204] де осы сарындас. Онда ол өз басының аянышты халін, мүшкіл тағдырын баян етеді.

Азамат Алашұлының «Екі қыздың мұңы» атты әңгімесі де – құнды шығарма. Бұл әңгіме бастан-аяқ Нұрилә мен Ұлболсын деген екі қыздың диалогына құрылған. Біреуі – көзі ашық, оқыған. Екіншісі – оқымаған, бұйығы, ұяң. Екі қыздың диалогтары арқылы олардың ой өрісін, мінезін, арманын таныта отырып, автор өз идеясын да аңғартады. Бұған Нұриләнің мына бір сөздері – айғақ:

«Менің ойлағаным көп: бұрын өз басымды ғана қайғыратын едім. Енді күллі қазақ халқындағы қыз-қатынның басындағы пәлекетті, жәбіршілікті көзім көргеннен бері өзімді ұмытып, уайым соларға көшті. Жәбіршілікті көнілден біз екеуміз ғана құтылғанмен, көздерінен қанды жас аққан, тұщы етінен ащы таяқ кетпеген сорлы апаларымыз, сіңлілеріміз аз ба? Міне, соларға тегіс кеңшілік болса» [104,15]. Ақыр аяғында автор Нұриләнің аузына мынадай оптимистік ойлар салады:

«Бір ғана сен емес, күллі қазақ қыздарына айтатын насихатым мынау: атасының малға сатқан жеріне, егер қыз өзі риза болмаса, басын кессе де – бармасын. Өміріне қол ұстасып өтсе де өзінің сүйгенімен кетсін... бишаралардың көз жастары тыйылар, халық қатарына қосылар, сүйген жарларымен өмір бойы рахат жасар, бастарынан қара тұман серпілер. Шын бақытқа сонда ғана жетер. Мұның бәрі болар, Ұлболсын, болар!!!» [104,17]

Бұрынғы әдебиеттегі шығармаларда бас бостандығы жолында мұндай күреске үндеу сарындары күшті естіле бермейтін. Бұл тұтастай алғанда әдебиетте демократияшыл идеялардың тереңдеуіне және әлеуметтік өмірдегі серпіліп сергу мен оянуға байланысты еді.

Осы тақырыпқа Мақыш Қалтаев [105,12] пен Әкірәм Ғалимов та көп жазды. Қыршынынан қиылған аз ғұмырының ішінде Ә.Ғалимов жарқ етіп көрінді. 1913 жылы Қазан қаласында оның «Жастық жемістері» атты өлеңдер жинағы басылды. Ол орыс тілінен Байронның «Шильон тұтқыны» поэмасын аударады. «Айқап» журналында өлең-әңгімелерін жиі-жиі жариялап тұрады. Оның «Бишара қыз» атты әңгімесі мен «Бақытсыз сұлу» деген өлеңі – ескі қазақ аулындағы қыздардың аянышты халін трагедиялық сазға көтеріп суреттеген шыншыл да сыншыл шығармалар. Ол – еңсені басқан ескілікке жаны қас, жаңалыққа талмай ұмтылған ақын, жас тілекті жаңа буынның өкілі. Сондықтан да оның поэзиясында өршілдік, турашылдық басым. Ол ескілік атаулыға, қырсау әдет-ғұрыпқа кекті қарсылық білдірді:

Болмас ол, мен олайша жүре алмаспын,
Шалдарға басымды иіп тұра алмаспын.
Туғаннан тура үйренген қызыл тілді
Олардың ынғайына бұра алмаспын.
Жан шығып, қара жерге кірмейінше,
Кейінгіге тірлікте оралмаспын.
Қазанда бес мәртебе қайнасам да,
Өзгеріп ескі кісі бола алмаспын.
Өлсем де сандуғаштың шеттігінде,
Тұғырына ала қарға қона алмаспын [106,230-231].

Ә.Ғалимовтың ескілікті сынау және соған қарсы күреске шақыру сарынына, жаңалыққа ұмтылу рухына толы шығармалары өз кезінің тілек-талаптарына орайлас келіп отырды.

Әрине, бұл айтылғандардан аталған ақын-жазушылардың бәрі Абай дәстүрлерін ұстанды деген ұғым тумайды. Мұны біз Абай қозғаған кейбір өрелі тақырыптар жекелеген ірі-ірі ақын-жазушылардың ғана шығармашылығында емес, жалпы әдебиетте көрініс тауып отырғанын және өзіндік шешім тапқанын нақтылы көрсету үшін келтірдік.

Сондай-ақ, әр алуан авторлардың шығармаларында аратұра ұшырасып қалатын пікір ұқсастығы олардың бір әдеби мектепке, бір шығармашылық бағытқа жататындығының шешуші белгісі бола бермейді. Мысалы, XX ғасырдың бас кезінде көптеген өлеңдер жинағын жариялаған Ғұмар Қарашев қара сөзбен баяндалған «Өрнек» атты кітап жазды. Кітапқа берілген шағын алғы сөзде автор мынадай ой түйеді: «Надандық себепті халқымыз арасында жайылмақта болған хатта иғтикат уә зарарлы ғадеттер бек көп. Оларды бірден сыпырып алып тастау еш мүмкін емес; қашан халықтың ұлы, қызы бірдей оқып мағрифат хасил етсе, бұл надандықтан келген ғадеттер өзінен бітешек.

Солай да болса, бұлардың ішінен бірнеше бастыларын айтып, себептерін көрсетіп бұл «Өрнек» атты кітапшаны жазып таратуды тиіс көрдім: бәлки, жүзден біреу оқып өрнек алса да, пайда болар. Көре тұра үндемей, тілсіз шайтан болып тұруды тарих мақтамас. Қой, бүйтіп жалқаулыққа бойсұнып жатып

қалғанша, білген-көргенімді айтып қалайын дедім. Ниетім дұрыстығына түсінген жандар сөге жамандамас» [107,1].

Енді атақты «Ғақлияларын» жазарда қандай мұрат көздегенін сыр ғып айтқан Абай сөздерін еске алайық: «Бұл жаска келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе – әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік; алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жаска келдік, қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік. Бәрі қоршылық екен. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай, өзім де хайранмын...

Ақыры ойладым, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын. Кімдекім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын ия окысын. Керегі жок десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жок» (II, 157—158).

Екі ақынды да осындай жанрға ден коюға ықпал жасаған, ділгір еткен жағдайлар ортақ болуы ықтимал. Бірақ одан Ғ.Қарашев «Өрнекті» тікелей Абай әсерімен жазды деген қорытынды шықпайды. Рас, Ғ.Қарашев Абай шығармашылығымен, әсіресе оның поэзиясымен жап-жақсы таныс болған. Ғұмармен жақын қарым-қатынаста болып, онымен көп араласқан Ш.Бекмұхамедов өзінің естелігінде былай деп жазды:

«1916 жылы шілде айында Шәңгерейдікінде Ғұмармен кездескенімде Абай әңгіме болды (Абай өлеңдерінің жинағы кітапша болып басылып шыққан кез). Өзіміз ол кезде Абайдың кім екенін, оның поэзиясының мәнісін білмейміз. Ғұмар Абайдың өлеңдерін окып, талдап түсіндірді. Абайдың поэзиясына үлкен баға беріп, ұлы ақын деген баға берді. Тыңдаушының ішінде Шәңгерей де отыр еді. Ол бірқатар теріс пікірлер айтып салды. Мен Абай өлеңдеріне түсінбеймін, оның өлең, сөз құрылысы, тіпті сөздерінің бірқатары маған түсініксіз дегенді айтты. Шыныңды айтшы: өзіңше өлеңдері сенің өз өлеңдеріңнен қалай?– деп Ғұмарға сұрау қойды. Ғұмардың өленін мактаған болды. Ғұмар Абай өленінің сөз құрылысын, өлең ұйқастарын қайталап толықтау етіп айтып, бұрын-соңды қазақ ақындарының ішінде Абайға тең

келетіні жоқ деген сөздерді айтты. Шәңгерей Ғұмардың сөзіне еріп кетіп, Абайды тіпті Ғұмардан гөрі де асыра мақтап жібергенін өзі де сезбей қалғандай болды» [108].

Бұл оқиғаны көзімен көрген куәгер адамның сөзіне сенбеске негіз жоқ. Оның үстіне кейбір өлеңдерінің түрі, өлшеулері жағынан Ғ.Қарашевтің Абайға еліктегені де бар. Бірақ осыған қарап, кейбір зерттеушілердей, Ғ.Қарашевті Абай дәстүрлерін дамытушылардың бірі деп қараудың жөні жоқ. Өйткені әдеби әсер мен дәстүр, шығармашылық туыстық туралы мәселені шешкенде ескерілетін ең негізгі критерий – идеялық позицияның, эстетикалық принциптердің, суреткерлік ізденістердің, көркемдік нысананың ортақтығы.

Сол сияқты, эпигондық пен жалаң еліктеушілік те – шын мәнісіндегі шығармашылық үйренушілікке кереғар, жат құбылыс. Бұл кейде өзінен бұрынғы ұлы суреткердің ықпалынан шыға алмай қалушылықтан да туады. К.Тоғысов та Абай шығармашылығын жақсы білген, оны аса жоғары бағалаған. Ол Абайды Пушкинмен салыстырады, қатар қояды [109].

Ал осы К.Тоғысовтың (К.Найманский деген бүркеншік ныспымен жарияланған) «Ай, қазақ» атты өлеңінің мынадай шумақтарын оқып қаралық:

Көптен бері ойлаушы ем мен бишара,
Сіздер мұны қолға алып ойлап қара.
Екі өлмек жалғыз жанға әділ емес,
Өлсін өтірік жалғанда болып пара.
Жүрегімнің түбіне көз жіберсең,
Рас, – деп айтар едің, – толған жара...
Бұл бір жұмбақ, ойландым, шеше алмадым,
Ерте ояндым, сандалдым, жете алмадым.
Ішім толған қан жара, сыртым дүрдей,
Надандық қақпанынан өте алмадым,
Талаптандым, талпындым, көп ойландым,
Шекпегінен зорлықтың кете алмадым...
Жазған өлең сырынды көпке жаяр,
Қой, тоқта, жолығарсың аткан оққа [110].

Мұнда Абайдың әртүрлі өлеңдерінің ойы, идеясы ғана емес, жекелеген сөздері ғана емес, тіпті тұтас жолдары қайталанып жүргенін байқау қиын емес. Солай екенін тіпті автордың өзі де сезбей қалуы ықтимал. Өйткені Абайдың тақырыбы мен идеясы ғана емес, ойлау жүйесі, образдары, сөз байлаулары оның бүкіл жан-жүрегіне сіңісіп, кірігіп кетуі, бұлтартпастай баурап алуы да мүмкін.

Сөйтіп, демократтық бағыттағы ақындар да, керітартпалық сарындағы жазушылар да, әредік һәм әрі-сәрі позициядағы қаламгерлер де Абайға соқпай өтпеді. Бірақ бұлардың ұлы ақын мұрасына деген идеялық-шығармашылық қатынасы әркилы болды. Қайткен күнде де со кездегі әдеби қозғалысты, оның қым-қиғаш, қиян-кили, шым-шытырық хал-халеттерін Абай мұрасынсыз және олардың сол мұраға деген қатынасынсыз түсіну қиын.

IV

Абай дәстүрлерінің онан кейінгі қазақ әдебиетінде дамып өрбуі, өрістей түсуі жайында сөз болғанда демократтық, халықтық бағыттағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығы ауызға ең алдымен алынатыны аян. Бұл заңды да. Өйткені шындықтың өзі осы. Расында да, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев тәрізді ақын-жазушылардың әдеби қызметін, олардың шығармашылығының жалпы бағыт-бағдарын, сыр-сипатын ұлы Абайдың құдіретті әсерінсіз түсіну қиын.

Әрине, олардың шығармашылығы – со кездегі тарихи жағдайдың, әлеуметтік өмір ағысының, халықтың ілгері ұмтылған талабының жемісі, уақыт жемісі. Бірақ өз кезінің жыршылары әрі жаршылары бола білуде олар Абайдың шығармашылық тәжірибесі мен дәстүрлеріне сүйенді. Бұл – сайып келгенде, Абай негізін салған сыншыл реализм әдісінің тәжірибесі, соның дәстүрлері еді.

Реалистік әдебиеттің сипаттары, реализмнің негізгі принциптері жайында сөз болғанда ұлы сыншы Белинскийдің осы мәселе жайындағы аталы ой-пікірлерін негізге алу шарт. Ол реалист-суреткер шын мәнісіндегі халық ақыны болуға және

ақиқат өмірдің жаршысы болуға тиіс деп біледі. Осы қасиет Абай реализмінде де мол еді. Абай реализмінің басты-басты сипаттары XX ғасырдың бас кезіндегі халықтық, демократтық әдебиетке терең дарыды. Бұл әдебиеттің өкілдері Абай реализмінің негізгі принциптеріне иек артып қана қоймады, сонымен бірге оны дамыта, өрбіте түсті.

Абай шығармашылығының өзекті тақырыптары мен сарындары XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетте терең көрініс тапты. Сондай-ақ, Абай көтерген тақырыптар (мысалы, кедей тақырыбы, әйел теңдігі тақырыбы, т.б.) демократтық әдебиетте ірі-ірі, желілі шығармалардың өзегін құрады. Әрине, онда мүлдем тың, соны тақырыптар да аз қозғалған жоқ. Өйткені сондай тақырыптар мен талаптарды әдебиеттің алдына өмірдің, заманның өзі тартты.

XX ғасырдың бас кезіндегі демократтық әдебиетте Абай реализмі тереңдеп, кеңейе түсті дегенде сол әдебиеттің жанрлық жағынан молығып, толыса түскенін ең алдымен айтамыз. Абай өз дәуірінің шындығын негізінен лирикалық поэзияда бейнеледі. Ал XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи-әлеуметтік шындық, халық өмірі тек лирикалық поэзияда ғана емес, көркем әңгіме мен роман, повестерде, лирикалық-философиялық поэмаларда, публицистика мен драматургияда, драмалық поэмаларда көрініс тапты.

Айталық С.Торайғыров осы жанрлардың барлығында дерлік, С.Дөнентаев лирика саласында, М.Сералин публицистика мен поэма жанрында, ал С.Көбеев көркем аударма мен роман жанрында жазды. Сөйтіп, олар Абай реализмін әр салада, әр жанрда дамытты, әралуан суреткерлік ізденістермен молықтырды.

Тұтастай алғанда XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократтық әдебиеті – со кезеңдегі халық өмірінің, әлеуметтік сілкінулер мен жаңғырулардың, ұлттық ояну мен серпіліп сергудің шежіресі іспетті. Сол әдебиет өкілдерінің ішінде Абай дәстүрлерін ең бекем ұстанған, оның реализмін тереңдете, молықтыра түскен акын – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

С.Торайғыровтың қазақ әдебиетіндегі орны айрықша бағалы. Оның шыншыл да сыршыл, отты да ойлы жырлары ұзақ уақыт бойына халықтың рухани серігі болып келеді. Бұл

заңды да. Өйткені ол өзінің ең таңдаулы шығармаларында халықтың рухы мен арманын, елдік қасиетін бейнеледі, әділет пен гуманизмді жырлады. Мұндай поэзия жасамыс тартпай, жанғыра бермек, жасара түспек.

Ол көп жанрда көп мұра қалдырды. Қып-қысқа ғұмырының ішінде оның соншалықты мол әрі құнарлы іс тындырғанына қайран қалмаска, сүйсінбеске болмайды. Ол ең тұңғыш өлеңдерінің бірінде:

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ та табармын деп көңілім сонда [111,48], –

деп жар салды. Бұл оның ақындық декларациясы ғана емес, сонымен бірге азаматтық мұрат-мүддесі, болашакқа деген үзілмес үміті, асыл арманы еді.

Осынау бір шумақ өлеңде Сұлтанмахмұттың бүкіл шығармашылық жолының, оның бар ақындық болмысының сыр-сипаты соншалықты тап басып айтылған. Ол өмір бойы әділетті аңсаумен, азаттықты көксеумен, шындықты іздеумен өтті. Әрине, кос-қыртыс қайшылығы мол дәуірде мұның бәрі ғаламат қиыншылыкқа түсті. Сондықтан оның жаза басқан, яғни ақынның өз тілімен айтканда «шаршап адасқан, шалдыққан» шағы да болды. Ол аз уақытқа болса да алашордашыл ұлтшылдардың ығына түсіп, олардың жалған ұранына елікті. Бірақ ақын бұл рухани трагедиядан тез айықты. 1917 жылы жазған «Жас жүрек» атты өлеңінде оның:

Дүниеде басқа рахат тілемеймін
Кеш, арым, мен білместің адасқанын [111,76], –

деп ағынан жарылуында терең сыр бар: Мұнда ақын өзінің аз уақытка болса да жаза басканына киналып өкінеді, ар-ұжданының алдында азап шегіп, өзін-өзі қайрайды. Шығармашылық сапарының соңғы кезінде жазған үлкенді-кішілі шығармаларында, ақын өзінің қателіктерінен арылғанын ай-

қын көрсетті. Оның поэзиясының халықтық сипаты тереңдеді, әлеуметтік тынысы кеңейе түсті.

Ең алдымен шығармашылығының осындай айқын мақсаттылығы, терең идеялылығы, өршіл рухы арқылы да Сұлтанмахмұт Абайға етене жақын, онымен туыстас. Ол да ұлы ұстазы сиякты туған халқын қалтқысыз сүйді. Ұлы ұстазы тәрізді ол да – сол туған халқының кенжелеп қалған халіне, трагедиялы тағдырына жүрегі ауыра, жаны күйзеле отырып, ащы ызамен тебіренді:

Анау қырда татар тұр,
Басқалармен қатар тұр.
Мынау ойда қазақ тұр,
Қастарында азап тұр.
Ұйқысы көп, ояу аз,
Бұл не деген ғажап тұр?
Бұл ұйқысын ашпаса,
Надандықтан қашпаса,
Игілікке баспаса,
Басқаларға мазақ тұр [111,29].

Бұл ретте Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасында және қара сөздерінде өз халқының тарихи дамуы жайында, талай рет қадап айтқан, қадала айтқан ойларымен үндестік барлығы даусыз. Сұлтанмахмұт та үмітін жастарға артады, халық қамын, ел тағдырын солар ойлайды деп біледі:

Міне қалай міллетің,
Тырысып өнер алып қал.
Ұйқысын аш, көңілін аш,
Алға қарай барып қал [111,30].

Осы жайда Сұлтанмахмұттың өзінің де қатты ойланғаны оның поэзиясының ұзына бойынан анық байқалып отырады. Ол ұмтылып ілгері басуды, қимыл-қозғалысты қалайды, прогресс жолымен алға озуды тілейді. Оның тарихи тұрғыдан токырауға, кенжелік пен мешеулікке жаны қас:

Туғандар, жүрген кандай, жаткан кандай,
Жатқан сайын жамбаска батқан кандай?
Ақ нұрды жаркыраған от деп ұғып,
Білмей жатып таспенен атқан кандай?

Тағы да жүрген кандай, тұрған кандай?
Көңілді заманаға бұрған кандай?
«Сақта!» деп қозғалмастан жата беріп,
Шалшыктай күнге кызып құрыған кандай?

Ұмтылып ілгері аяк баскан кандай?
Пән окып, тараңкыға аскан кандай?
Баскалар жанын салып ұмтылғанда
Басымыз шоршып түсіп кашқан кандай?

Пітнені үсті-үстіне үйген кандай
Міллеттен он тиынды сүйген кандай?
Қан кайнап, бұл халдердің бәріне де,
Дәрменсіз дерті болып күйген кандай?.. [111,31-32].

Көбіне Сұлтанмахмұттың осы өлеңіне жете назар аударыла бермейді. Осы өлеңнің алғашқы шумақтарында акын «жүруді», яғни козғалысты «жату» мен «тұруға», басқаша айтқанда титықтап токырауға карама-карсы кояды. Ол козғалмау, ілгері баспау құруға алып барады деген ой түйеді. Ол тағдырға сенуден де аулак. Бірақ қайтсе ілгері ұмтылуға болатынын оның өзі де анык білмейді. Елі-жұртын, халықтың мүддесі мен ар-намысын арзанға айырбастап жіберетіндерге оның зығырданы қайнайды, ызасы келеді, дерттенеді. Бірақ ол өзінің дәрменсіздігін де сезеді. Жалпы Сұлтанмахмұт шығармашылығында, соның ішінде акынның алғашқы кездегі поэзиясында да бұлкынған, буырқанған күш бар. Оның лирикалық кahарманы әлеуметтік әділет іздеп, шындық іздеп басын тауға да соғады, таска да соғады.

Абай поэзиясының идеялық бағытынан да, көркемдік айшықтарынан да өлшеусіз нәр алған Сұлтанмахмұт халықты ағарту, өнер-білімге үндеу сарынын өз шығармашылығына

өте-мөте мол дарытты. Ол оқып жүрген жастарға былай деп жар салды:

Үмітпенен жоқ қуған
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда
Біздер қайтіп қаламыз.
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бірін шаламыз [111,25].

Бұл тұста Сұлтанмахмұттың Абайдан айырмашылығы да байқалады. Абай өзінің ағартушылық идеяларын ғибрат түрінде таратса, Сұлтанмахмұт өз лирикасында жалынды публицистиканың дәрежесіне көтеріледі. Оның лирикалық қаһарманы – үміт пен талап иесі ғана емес, қайрат пен жігердің де иесі. Ол адамның тегеуірінді іс-әрекетіне, оның бойындағы қуатқа сенеді. Оның ойынша, тәуекел еткен адам «көрдегіні де алады», яғни өлгенді де тірілте алады. Басқаша айтқанда, бұл – өмірді адамның өзі жасайтындығын мадақтау, соған жұрттың көзін жеткізу деген сөз.

Абай өзінің шығармаларында оқыған жастардың көбі ұсақ, болмашы ғана мақсат көздейтінін, тілмаш яки адвокат болуды ғана ойлайтынын, терең ғылым, терең ой іздемейтінін ашына отырып жырлады. Осы сарын Сұлтанмахмұт лирикасында да өте-мөте күшті. Ол жоғарыда аталған өлеңін «Оқып жүрген жастарға» десе, екінші бір өлеңін әдейі «Оқудағы мақсат не?» деп атайды, өз идеясын ашықтан-ашық танытады. Арзан мақсат, арзан атақ іздегендерге бұл да катты соқтығады, аямай шүйілігеді:

Яки мақсат тілмаш боп жем табу ма?
Жылтыратып сар түйме, шен тағуға.
Кеміре-кеміре жыртылған жырық дорба,
Басқалардан қалғанын сен қағуға [111,27].

Ақын мұндай арзан мақсұт пен тоғышарлықтың бәрін мансұқ етеді. Ол өз ойын, өз программасын ұсынады:

Өнер-білім алуға,
Алға қарай баруға,
Намыстанып, қорланып,
Құқықтан мақрұм қалмауға,
Мілләт кезіп ашуға,
Терістіктен қашуға,
Заманаға көз салып,
Аяқты жөндеп басуға...
Отанымызды сақтауға,
Ақиқатты жақтауға [111].

Бұдан артық ашық айту да, жеткізіп айту да қиын. Ол халық көзін ашуды, заманамен аяқты тең басуды ғана емес, отаншыл – патриот болуды, ақиқат үшін күрескер болуды да мақсат етіп қояды.

Сұлтанмахмұттың лирикалық қаһарманы әрдайым ізденумен, талап қылып, алға ұмтылумен өтті. Ол – халықтың ой-тілегін білдіруші. Сондықтан оның бойында оптимистік сипат мол, өршілдік басым. Ол өзін ғана қайрап қоймай, жастарды да «адам болып шығуға» үндеп жар салады. Ақынның патриоттық ой-сырлары да оның лирикалық қаһарманының толғаныс-тебіреністерінен анық сезіледі. Ол туған еліне былайша тіл қатады:

Үміт қып менен қарайсың,
Көңіліңе медеу санайсың.
Балалыққа жарасам,
Аталыққа жарайсың [111,58].

Туған елге деген татаусыз сезімдер, оттай ыстық тілектер бұл өлеңде соншалықты шыншыл келісім тапқан. Елі-жұртыңды, халқыңды қалтқысыз сүйе отырып, сол айнымас, абзал сезімді патриоттық іс-әрекетпен ұластыру шарт. Осы тұрғыдан алғанда ақынның лирикалық қаһарманы аскақ

арманға да, өршіл рухқа да мейлінше жомарт. Ол адам болуды, азамат болуды бәрінен де жоғары қояды:

Шығамын, тірі болсам, адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып,
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып.
Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.
Бұл сөзім – асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес,
Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп өз-өзіме еткен егес [111,38].

Сұлтанмахмұт Россияда революциялық сілкінулер белең алған кезеңде өмір сүрді. Соның қазақ даласындағы қуатты жаңғырықтары ақын поэзиясына әсер етпеуі мүмкін емес еді. Сайып келгенде, дәл солай болды да. Рас, ешкім де Сұлтанмахмұтты революцияшыл ақын деп атай алмайды. Бірақ оның шығармашылығында күрес сарыны, күрес рухы соншалықты күшті болғаны, оның өктемдік пен надандық дүниесіне, қараңғылыққа қарсы кекті дауыс көтергені даусыз.

Бұл сарын ақынның әр кезеңдегі шығармаларында әр алуан үнмен естіледі. Оның көптеген өлеңдерінде өмірдің дауылын аңсау, тұрмыс таксіретінің талқысынан тая соқпай, қасқайып қарсы бару сияқты сипаттар басым. Ол тұрмыспен мынадай егеске түседі:

Тұрмыс, маған от шашып,
Бар дүниені лау қылшы,
Түйдектеп, үйіп қайғыңды,
Абылай аспас тау қылшы.
Таптырмастан емге дос,
Бар әлемді жау қылшы.

Көзіннің құны бардай-ақ,
Аяқ бассам, ау құршы.
Бермек тұрсын өзіме,
Жала салып, дау қылшы.
Сөндіріп ай мен күніңді,
Тек денемді сау қылшы [111].

Бұл ақынның өзін өмірге, әлемге, тіршілікке қарама-қарсы қоюы ма? Жоқ. Бұл – шын асылдың өзін – өзі қайрау жыры, шыңдау жыры, адам бойындағы жасампаздық қуат пен құдіретті мадақтау жыры. Ақынның бір ғана тілегі бар. Ол – денсаулық. Бұл – тәннің де, жанның да саламаттығы, дәлірек айтқанда ой-сана мен идеяның саламаттығы. Өйткені тек қана тән саламаттығы ақынға мынадай ғаламат күш бермесе керек еді:

Ден сау болса, тағдырдың,
Көкке ұшырам күлдерін.
Түрлентемін гүлдерін,
Жігермен талап еткен соң
Қоям ба екен сүлдерін.
Аждаһадай ақырып,
Алдымнан қарсы шапса да,
Естімеймін үндерін.
Серпіп тастап түндерін,
Туғызамын күндерін [111].

Осы сарын ақынның «жақсылық көрсем өзімнен» атты өлеңінде бұдан да күшті, бұдан да айқын. Ол мынадай ойға айнымастай боп бекіген:

Жақсылық көрсем – өзімнен,
Жамандық көрсем – өзімнен.
«Тағдыр қылды» деулерді
Шығаратын сөзімнен.
«Өзім қылдым» деулерді
Таса қылман көзімнен [111].

Бұдан әрі ол атеистік ойларын, дінге қарсы көзқарасын ашық айтады. Өйткені ол дін адамның ақыл-ойына, оның бойындағы жасампаздық құдіретке тұсау, кесел деп біледі. Өмірде әлеуметтік теңсіздік барын («теңгерер соңыра» деген сөз – тек жұбатқан бір айла») ақынның дұрыс түсінгені осы өлеңде де айқын белгі берген. Бірақ ол әлеуметтік күреске шақырудан әлі де алыс. Рас, ол өмірдің өзін күрес деп ұғады. Сұлтанмахмұттың алғашқы кезеңдегі лирикасы үшін бұл да аса бағалы, қымбат қасиет еді.

Ақынның «Бір балуанға қарап» деген өлеңіндегі:

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең,
Тәуекел, күреске түс, бар-дағы жең.
Дүниеде барлығыңды кім біледі –
Үйіңде ынжықтанып отырсаң сен? [111,47] –

деп келетін өрелі ойлар – оның поэзиясының өзекті желілерінің бірі. Ол тағдырға, жазмышқа бас ұрған жоқ. Ақынның топшылауынша, адам өз тағдырына өзі қожа. Сондай адам ғана өмір ағысының ыңғайымен ыға бермей, оны өз ырқына көндіре алмақ. Бұған ақын қалтқысыз сенді. Оның поэзиясынының ең бір күшті жағы да осында.

Абай мен Сұлтанмахмұттың шығармашылық туыстығы, жақындығы әдетте бірталай зерттеу еңбектерде айтылып жүргеннен әлдекайда мол да терең. Сұлтанмахмұттың уытты да отты жас поэзиясына неғұрлым үңіліңкіреп, барлаңқырап қараған сайын мұны соғұрлым анығырақ сезесің. Оны тұтас шығармалардан да, жекелеген өлең жолдарынан да байқауға болады. Көрнекті ақынымыз, қазақ лирикасын көп зерттеген Ә.Тәжібаев осыны жақсы аңғартқан: «Күңгірт түспен ойға батып тағы», «Бек мұңайып айтты сөз», тағы бір өлеңіндегі: «Хабарыңа бек аңсап» делінетін жолдар «Татьяна хатының» жолдарына ұқсастығы апайқын. «Қыз сүю» атты өлеңіндегі: «Көлеңкесі - кеудеңе барып конса» дейтін жол да – Абай ақынның саптап беріп кеткен сөздері. «Достымада»:

Өз қақпаңды аштың деп
Кім қылады келеке? [111,59] –

десе, мұндағы қақпаның да төркіні бізге мәлім. Мұндай мысалдарды ақынның ойға, махаббатқа арналған лирикасынан көп келтіруге болады. Солардың ішінде шындық кескінін үлкен суретшілікпен, Абайша беретін өлеңдері де бар» [112,55].

Расында да, Сұлтанмахмұттың махаббат тақырыбына арналған өлеңдерінің ішінен «Жан қалқамда» Абайдың әйгілі «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» атты эпистолярлық шығармаларының, ал «Мұңдылардың жолыққанында» өмір бойы өшпес, әлсіз тартпас «Желсіз түнде жарық айдың» әсері мен ізі сайрап жатыр.

Абай поэзиясында жүрек тақырыбы аса зор ақындық қуатпен жырланғаны аян. Бұл – ұлы ақын поэзиясының ғажайып көркемдігін, биік мәдениетін, шыншылдығын ғана емес, өзіндік ерекшеліктерін де терең танытатын сипат. Революцияға дейінгі қазақ ақындарының ішінде осы тақырыпты Абайдан кейін көп жырлаған – Сұлтанмахмұт. Ұлы ұстазы сияқты ол да бұл тақырыптағы өлеңдерінде («Жүрегім, тулап шабасың», «Жас жүрек») заман жайында ащы ойлармен тебіренген, уақыт уына уланған, тартыс талқысының тәкәппарлығын көп тарткан, рухани трагедияға ұшыраған ақын бейнесін жасайды.

Және ол ақын – қоғамнан, адамзат қауымынан аулақтанушы емес, қайта соның қам-қасіретін өз бойына жинаушы, өз жүрегінен өткізуші. Мұндай өлеңдерінде Сұлтанмахмұт та өз автопортретінің әр алуан сипаттарын танытып отырады.

Сұлтанмахмұттың Абаймен әрдайым иық сүйесіп, тілсіз табысып отыратын бір арнасы – табиғат лирикасына жататын өлеңдері. Рас, Абайда табиғат лирикасы әрдайым реалистік сипат танытса, ал Сұлтанмахмұт бұлдыр күйлерге, буалдыр жайларға, символға қарай ойысып отыратын шақтары да бар. Бірақ шынтуайттап келгенде, оның да көп өлеңдерінде реализм басым. Ол да табиғат тақырыбын жалаң жырламай, соған терең әлеуметтік астар беріп отырады. Абай сияқты, Сұлтанмахмұт үшін де табиғат адамның тіршілік мекені, күн көрісіне байланысты болғандықтан қымбат:

Жаз жетіп, қарлар кетті, сулар ағып,
Күн де тұр жарқ-жұрқ етіп нұрын жағып.
Құлпырып, жүз құбылып жердің жүзі,
Қуанбас жан-жануар бұған нағып.
Маужырап кеш болғанда жұлдыз, айы,
Мұнартып көкшіл тартқан қыр мен сайы.
Қой маңырап, түйе боздап, сиыр мөңіреп,
Жылқы кісінеп, ойнақтап құлын-тайы [111,41].

Мұнда Абайдың «Жазғытұрымының» лебі есіп тұрғандығы даусыз.

Ал енді бірсыпыра өлеңдерінде Сұлтанмахмұт табиғат көріністерін өзінің көңіл-күйлеріне ұластыра, шарпыстыра отырып береді. Бұл тұста да Абаймен үндестігі, сырластығы қоса таңылып отырады:

Желі бар бетке тиген жылы еспе,
Күн жылы, аспан жарық, оңды кеште.
Қарасаң бұл уақытта кең далаға
Әртүрлі киял келіп түсер еске.
Сайраған көкте торғай есіңді алып,
Күн де жоқ, әлдеқашан кеткен батып,
Көк шөпті қызыл, жасыл жапырақ басқан,
Артында қызыл шапақ нұры қалып [111,53-54].

Мұнда өлеңнің көркемдік бояу-нақыштары, ақынның суреткерлік палитрасының байлығы да Абай қаламының ізін айтпай аңдатады.

Әрине, Сұлтанмахмұттың табиғат лирикасына жататын өлеңдерінің ішіндегі ең үздігі, әлеуметтік мазмұнға өте-мөте байы – «Көшу». Нағыз лириканың үздік үлгісі болғандықтан бұл өлеңді де талдау қиын. Оны тек қайталап оқып шығу керек. Сондықтан кей шумағын ғана келтірелік:

Елжіреп қардың көңілі өкпек желге,
Жер жібіп және тойып аққан селге,
Күн сайын күн күркіреп, көк дүркіреп,
«Көш!» – дейді қыстай сасып жатқан елге.

Ел сонда жемек болды көштің камын,
Керек деп келесі жыл және шабын.

Дөңгелек, есік, арыс кора бөлген,
Қима быт-быт, қарасам арба жағын [111,59].

Абайдың көп өлеңдері сиякты, осы өлең де суретшінің кыл қаламына өзінен-өзі сұранып тұр. Өйткені ақын сөз бояуларымен суретті соншалықты айқын да ашық, әсерлі де жанды етіп сала алған. Осылай өленді оқи бастағанда-ақ ескі қазақ аулының бүкіл болмысы, тұл тіршілігі көз алдына келеді. Содан барып оның ішкі тереңіне, әлеуметтік сырына үңілесің. Дәлірек айтқанда, ақын үңілмесіне қоймайды:

Нашарлар көлік үшін жүріп қойған,
Кемітіп ақысына бір-бір қойдан.
Қазірде жұрттың бәрі аласапыран,
Шыкса да ұлан қыстай көшу ойдан.
Қоймасын тастай салды көңмен жауып,
Жүк жеңіл болуының емін тауып.
Бел жіп, үзік, ашамай салқам-салқам,
Су құяр арбасына ауық-ауық [111].

Сөйтіп, ақын ескі қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздікті, таптық қанаудың сырын, көшпелі тіршіліктің мардымсыздығы мен құнарсыздығын қарама-қарсы суреттер арқылы ашып тастайды, жайып салады. Бұл ретте де ол Абайды қайталамайды, онымен үндес әрі мұндас келіп жатады, көп реттерде оны дамыта, тереңдете түседі. Осыны Сұлтанмахмұттың басқа тақырыптағы көптеген өлеңдеріне байланысты да айтуға болар еді. Мысалы, «Қымыз» атты өлеңінде ол байлық пен жоқтық туралы, әділдік пен әділетсіздік туралы, әлділік пен әлсіздік туралы өрелі ойлар айтады және соны жалпылама айтпайды, әлеуметтік тұрғыдан айтады. Абай жазған «Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?» өлеңінен мұның сарыны басқарақ.

Шатып-бұт не ғылсаң да сөзің дәмді,
Кісі жоқ бұ жиһанда сенен сәнді.
Қымызсыз, маған салсаң, Аплатон бол,
Көрмессің сөзің тыңдар ешбір жанды.
Басыннан қымыз кетсе, қызық кетер,
Сын, сыйың, дәулетіңді бұзып кетер.
Кешегі бәйік болып отырған жұрт
Күдерін бүгін сенен үзіп кетер [111,43], –

дегенде ақынның тек жұрт мінезін сынап қана отырмағаны аян. Бұл өлеңде адам өз басының қадір-қасиетіне қарап емес, байлығына қарап бағаланатын қоғамды сынау бар. Өлеңнің әлеуметтік тынысын кеңітіп тұрған да – осы қасиеті.

Жалпы, Сұлтанмахмұт – әлеуметтік сезімі өте өткір ақын. Ол халықтың өмірінде, күнбе-күнгі тіршілігінде ғана емес, тіпті әдет-ғұрып пен дінге байланысты ритуалдарда да әлеуметтік астар бар екенін көрс білді. Мысалы, «Айт» өлеңінде ол мынадай қарама-қарсы суреттер жасайды:

Әр үйдің тілегенге есігі ашық,
Шаттық бар, жамандық ой кеткен қалып.
Сойған қой, берген қымыз құрметіне
Байлар да кердеңдейді алшаң басып.
Аттанған қожа-молда тыйып қуып,
Сәлдемен он бес құлаш белді буып.
Мұрт баскан, сүрме тартқан, тырнақ кескен,
Дәретпен жып-жылтыр ғып бетті жуып.
Жалғыз-ақ дорба асынған кедей кәріп,
Аштықтан өңі кеткен, беті де арып.
Әркімдер тиын-тебен беріп жатыр,
Дегенге «Құтты болсын айт шәріп» [111,53].

Ақынның портрет жасаудағы тәсілдері мен құралдарының өзінен-ақ оның идеялық беті айқын көрінеді. Егер ақын байлар меи қожа-молдаларды суреттегенде уытты сатираға көтерілсе, ал кедейдің кейпін жаны ашып, іш тарта, мүсіркей отырып сипаттайды.

Сұлтанмахмұт өмір бойы әділет іздеп өткен ақын дедік. Бірақ ол жалпылама, абстракциялық әділет іздеген жоқ, әлеуметтік әділет іздеді. Оның ең соңғы өлеңдерінің бірін «Осы да әділдік пе?» деп атауында терең сыр бар. Дүние бір орында тұрмай, өзгере беретіндігі жайлы философиялық ой айта келіп, ол мынадай түйін жасайды:

Үстегі сыйдырмаған шөптің басын,
Сонда да тамағы тоқ, киімі асыл.
Жасаулы, зейнеттеулі палатада
Қызметкер даяр қылар керек ісін.
Он жыл қызмет бір кедей қылып таппас
Қондырған бір жүзікке асыл тасын.
Бір кедей жылдық тамақ етер еді
Өңдеген бояуына бет пен қасын [111,79].

Мұнда ақын әншейін мещандықты сынап отырған жоқ, әлеуметтік теңдік пен әлеуметтік әділет жоқтығын сынап отыр. Ол кедейдің көп еңбек ететіндігін, бірақ соның қызығын басқа біреу көретіндігін қадап айтады, ашына отырып айтады. Ақын еңбек иесін мадақтайды, масылдарды айыптайды. Сұлтанмахмұт поэзиясын біз үшін аса бағалы ететін де – осы қасиет. Лирикалық өлеңдерінде қозғаған осындай ойлары мен тақырыптарын Сұлтанмахмұт «Кедей», «Адаскан өмір» поэмаларында мейлінше өсіре, тереңдете отырып жырлады.

Бұл айтылғандар Сұлтанмахмұттың халықтығы, демократтығы туралы мәселені де кеңірек, дәлірек қою қажеттігін де аңдатады. Осы орайда әдебиет зерттеуші Ы.Дүйсенбаевтың мынадай пікіріне біз де толық қосыламыз, деп қоямыз: «Сұлтанмахмұт өзгеше бір тарихи-қоғамдық жағдайда өмір сүргендіктен оның демократтығы өзінен бұрынғы өткен Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардан бөлектеу, ерекшелеу екенін ескермеске тағы да болмайды. Өйткені С.Торайғыровтың демократтығын сол XX ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік зор өзгерістер мен жаңалықтар тудырған соны сипаттар мен ерекше қасиеттер әкелді» [113,122].

Абай реализмінің топырағында өскен әрі соны дамыта түскен Сұлтанмахмұт шығармашылығының идеялық бағыт-бағдары, әлеуметтік сипаты, әралуан қыры мен жаңашылдық сыры да ақын өмір кешкен кезеңнің шындығымен, сол дәуірдің сипатымен терең тамырлас та туыстас, тығыз байланысты.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – белгілі ақын Сәбит Дөнентаев. Ұлы шығармашылығының реалистік дәстүрлеріне, халықтық сипатына ден қойған ол өз дәуірінің талабына жауап беруге тырысқан, сол кездегі әдеби дамуға елеулі үлес қосқан ақын болып табылады. Шығармашылық сапарын сыншыл реализм бағытында бастаған ақын кейін кеңес дәуірінде социалистік реализм әдісі негізінде өсіп дамыған қазақ кеңес әдебиетін өркендетуге де атсалысты. Оның шығармашылығының ең бір бағалы қасиеті де осында.

Сәбит Дөнентаевтың революцияға дейінгі шығармашылығы негізінен халықтық, демократтық бағытта өрістеп өрбіді. Оның шығармалары идеялық мазмұны жағынан да, қозғайтын тақырыптары жағынан да сол кездегі басқа да демократ ақын-жазушылардың шығармашылығымен сабақтас, солармен тікелей байланысты. Ақынның көптеген өлеңдері сол кездегі қазақ халқы өмірінің әралуан күйлерін, заман шындығын, әлеуметтік теңсіздікті революция алдындағы оянып серпілуді реалистік қалыпта елестетеді.

Қазақтың революцияға дейінгі бұқарашыл, прогресшіл әдебиетінде қараңғылық торына шырмалған халықты білім алуға, өнер үйренуге үндеу тақырыбы айрықша орын алады. Бұл – Абай мен Ыбырай мирас етіп қалдырған тақырып еді. Осы тақырыпқа Сәбит Дөнентаев та өзінің көптеген өлеңдерін арнады. Ақын «Балалық» атты өлеңінде балалық шақтың пәктігі мен адалдығын, ақ көңіл аңғырттығын әсерлі суреттей келіп, ақыр аяғында сол баладай еш нәрсенің наркын сезбеген, қоғамдық даму барысында кенжелеп қалған халқының жайына ауысады:

Заман өтіп бара жатыр желдетіп,
Өзге халық өсіп жатыр ер жетіп,

Текке отырған көздің жасын көлдетіп,
Қашан кетер біздің елден балалық [84,103].

Мұнда ақын өз халқының ілгері басқан, «желдетіп өтіп бара жатқан» заман талабына ілесуін өзге халықтар тәрізді өркендеп өсуін арман етеді. Еліміз кенжеліктен, тоқыраудан қашан шығар екен деп сұрақ қояды. Бұл сұрағына ақын «Талап» деген өлеңінде өзінше жауап та береді:

Әр дәулет саған даяр – етсең талап,
Бақ келмес іздеп сені жатсаң қарап,
«Нұр жауар талаптыға» деген карттар,
«Жүргенге жөргем...» бар ғой бұрыннан-ақ.
Жалғызбын, жарлымын деп қорғаламай,
Сал құлашты бір өзіңді жүзге балап...
Бұлайша кетіп кейін тұрғаныңа
Дос күліп, дұшпандарың жүр табалап,
Көз салып осыларға ойланатын
Біздерде жігер, намыс бар ма, қазақ? [84,52]

С. Дөнентаевтың осы тақырыпқа арналған шығармаларының ішінде оның «Замандастар» атты өлеңі ерекше орын алады. Бұл өлеңінде ақын сол кездегі талапты жастарды, өзімен тұрғылас замандастарды өнер үйренуге, білім іздеуге шақырады.

Замандастарына осылайша жар салып, ой тастаған, әр нәрсеге терең барлап қарауға үндеген ақын өзі ұсынатын жолды да ашықтан ашық айтады:

Қызмет көрсет халқыңа,
Игі ат қалсын артыңа...
Пайдалы басқа өнерден,
Ұлт керегі дегеннен –
Жан киналып, жолында
Бас кетсе де, тартынба.

Бұдан Сәбит өлеңдерінің халықтық сипаты да жақсы аңғарылады. Өйткені ол жастарды білім алуға, өнер үйрену-

ге үндеу тақырыбын халықтық сарындармен тығыз байланыстырып, терең ұластырып отырды.

Әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікке қарсылық тақырыбы да С.Дөненгаевтың революцияға дейінгі шығармаларының ең бір өзекті желісін құрайды. Заман сырына, сол кездегі өмір шындығына жете үнілген ақын көп нәрселерді жіті байқай алды. Ол қалың бұқара қанауда екенін, зорлық-зомбылық көріп, зар илейтіндігін дұрыс түсінді, қарапайым халықты үстем тап иелеріне, жырткыштар дүниесіне карама-қарсы қоя отырып суреттеді. Мұны ақынның «Заман кімдікі?» деген өленінен өте-мөте анық көреміз. Ақын өленнің тақырыбын «Заман кімдікі?» деген тура да өткір сұрақ түрінде қояды да, кейін оған өзі ашық жауап қайтарады:

Бұл заман байқағанға күштінікі,
Азулы, тырнақты мен тістінікі.
Дүниенің патшалығы, батырлығы –
Тыпырлап тыныш жатпаған істінікі.
Жуас қой – ең жайлаған каскырдікі,
Құл еркі – қожайыны – «тақсырдікі».
Даулы мал – ебін тапқан шешендікі.
Пони – пышка бағы ашылған «көсемдікі».
Еті мол, қымызы мол, қалтасы тоқ,
«Мінекей мен-ақ кісі» дегендікі...

Ақын әлеуметтік теңсіздікке, біреуді – біреу езіп қанауға, өктемдікке негізделген қоғамды бейне бір жырткыш аңдардың дүниесі ретінде көрсетеді. Ол қарапайым халықты кан қақсаткан үстем тап өкілдерін күштілер мен азулылар, тырнақтылар мен тістілер бейнесінде ашықтан-ашық суреттейді. Ақын аткамінер пысықтар мен дәулеттілер жарлы-жақыбайларға зорлық-зомбылық етумен бірге көлгірсіп аярлық мінез жасайтындығын, олардың қоркау құлкынын, малкұмарлығын да қоса аңғарткан.

Абай поэзиясының ең бір өзекті тақырыбы – әйел теңдігі тақырыбы екені аян. Бұл тақырыпты жырлауда ол үлкен ақындық мәдениет көрсетумен бірге өзінің демократизмі

мен гуманизмін де мол танытты, классикалық шығармалар берді.

Қазан алдындағы қазақ әдебиетінің демократтық, прогресшіл бағыттағы өкілдерінің қай-қайсысы да осы тақырыпқа арнап қалам тартпай қалған жоқ. С.Торайғыров, С.Көбеев, М.Сералин сияқты ақын-жазушылар бұл тақырыпқа оқиғалы, көлемді шығармалар арнады. Бұл тақырыпқа С.Дөнентаев та бірталай өлең жазды. Солардың ішіндегі ең әсерлісі әрі көркемі – «Жәмила қыз».

Ақын қырық шақты жолдан ғана тұратын осы шап-шағын ғана өлеңге өмірдің шынайы көріністерін, тіпті тұтас бір поэманың мазмұнын құрарлық оқиға жайын сыйғызып бере алған. Өлеңде жас Жәмиланың аянышты тағдыры да, оның қатыгез әкесі Төкіштің малқұмар, дүниеқоңыздығы да, алпыстан асса да ар-ұят дегенді білмейтін Берден байдың пасықтығы да шебер ашылған.

Өлеңде анық белгі берген адам характерлері, тайталас-тартыс бар. Төкіш қызы Жәмиланы Бекіш деген жігітке бермейді. Өйткені оны кедей деп місе тұтпайды. Ол отыз жастан асқан Бекішті кемсітіп, маңына жолатпайды:

«Қыз бермеймін – кәрі» деп,
«Қатыны өлген әрі» деп,
Дандансиды Төкіш бай [84,101].

Бұл тұста Төкіштің мінез-құлқы әлі де ашылған жоқ. Өйткені мына қылығына қарап, оны баласының көз жасына қалмауды көздеген жанашыр әке екен деп ойлауға да болады. Бірақ ақын онын бұл сырын оп-оңай ашып береді:

Жүзге малы толмаған,
Жексұрын ғой оңбаған.

Төкіштің Бекіш туралы түйген ойы осы ғана. Ол адамның жасын, қасиетін оның малымен ғана өлшейді. Мұны өлеңдегі оқиға желісінің бұдан әрі өрбуінен анық көреміз. Ақын бұл жәйтті былайша баяндайды.

Сақалының ағы бар,
Маңдайының бағы бар,
Берден дейтін шал келді.
Оның аты Берден ғой,

Құдай оған берген ғой
Жәмилаға дәл келді [84].

Осы Берденнің «алпыстағы жасына, боз қыраулы басына» қарамастан, Төкіш оған:

«Болса алыңыз қыз керек,
Маған жалғыз сіз керек» [84], –

деп жалпылдап аяғына жығылып, қошамет көрсетеді, уағда беріп, қол соғады. Мұны естіген Жәмила көзінен жасы парлап, жылап-сықтап зар илейді. Апасы да жақтырмайды, қызына жаны ашиды. Төкіш бұған тебіренбейді. Оның өз мақсаты бар. Ақын оны мынадай кекесінмен береді:

Шайтан алсын, шал алсын...
Төкең байғұс мал алсын [84,102].

Бұл жолдардан Төкіштің малқұмарлығы, онда әкелік сезім де, адамгершілік қасиет те жоқтығы анық көрінеді. Өлең бастан-аяқ осындай юморға, кекесінге толы. Ол өленнің көркемдік қасиетін арттырумен бірге ақынның өзіндік бағытын, сыншылдығын да танытады. Жалпы алғанда осы бір шапшағын өленінде ақын оқиғалар тізбегі арқылы әрі бірнеше адамның тағдыры мен мінез-құлқын шебер көрсету арқылы революциядан бұрынғы ескі ауыл өмірінің шындығын, феодалдық әдет-ғұрыптардың кеселділігін шынайы суреттеген. Мұнда ақынның образ жасаудағы көркемдік құралдарының ерекшелігіне, шеберлігіне және осы орайда мәдениетті поэзия үлгілерінен жемісті үйренгеніне назар аудармаска болмайды. Өленнің мазмұны мен формасында тұтастық бар, «теп-тегіс жұмырлық» бар.

С. Дөнентаев өзінің көңіл-күйлеріне, заман туралы түйген топшылаулары мен ойларына байланысты да бірталай

лирикалық өлеңдер жазды. Бұл дәстүр де поэзиямызда Абайдан басталғаны аян. Лириканың жанр ретінде қалыптасуын аңдататын осынау сипат ақынның «Қайда кеткен», «Ой», «Балалықты сағыну», «Қиялым», «Жүрекке», «Жан мен тән», «Өз-өзіне», «Сыр», «Балалық» атты өлеңдерінен айқын байқалады. Аталған өлеңдердің кейбірінде сол заманның сипатынан әрі ақынның көзқарасындағы ішінара шектелушіліктен туған торығушылық, жабыркаушылық сарындары да бар. Мысалы:

Кез келіп арыстанның арбауына,
Тап болдым қу түлкінің алдауына.
Бірі ойнап, бірі шындап итермелеп,
Тықсырды жердің биік жарлауына.
Бірі айдап, бірі тартып түсіргенде.
Болар ма менің сынып қалмауыма?
Кетуге су түбіне тұрмын таяу.
Қолымның қай тал жақын қармауына? [84,72]

Бірақ ақын мұнымен шектеліп, тынып қалмайды. Оның бойын меңдеген екіталай үмітсіздік оны шарқ ұрып ізденуге, сұрақ қойып, қарсылық білдіру сарынына әкелді:

Ашу көп бойды керген, ақыл қайда?
Тентекпен дүние толған мақұл қайда?
Досыңнан біреу де жоқ, дұшпан сансыз,
Бәрі жат жан біткеннің – жақын қайда? [84,43]

Ақынның көңіл-күйі лирикасы оның тек өз басының ғана жайын қамтумен бітіп қалмайды. С.Дөнентаевтың лирикалық қаһарманы өзінің ой-толғанысын танытумен бірге халықтың тілегін, мақсатын қоса білдіруге де бейім. Оның лирикасының бағалы қасиеттерінің бірі осында. «Жүрекке» атты лирикалық өлеңінде ақынның лирикалық қаһарманы өз «жүрегінің түбіне терең бойлап», онымен тілдесе келіп, былай дейді:

Шын жыласаң,
Мың сұрасаң,
Жетерсің бір мақсатқа.
Харекет қыл,
Шамыңды біл,
Тым кергіме, аптықпа.

Көтерме иық,
Болма биік,
Салып қабақ, ұртыңды.
Қайда барсаң,
Ойыңа алсаң,
Қор болмассың, жұртыңды [84.69].

Осы өлеңнің жалпы рухы мен сарынынан, құрылысы мен көркемдік ерекшеліктерінен Абай әсерінің із-бедері анық байқалады. Тек бұл ғана емес, көңіл-күйін білдіретін, заман жайын топшылайтын басқа да бірталай лирикалық өлеңдерінде Сәбит Дөнентаев Абай поэзиясының философиялық ой тереңдігі мен сыршылдығынан, көркемдік шеберлігінен көп үйренді, жемісті үйренді.

Сөйтіп, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократтық әдебиеті С.Торайғыров, С.Дөнентаев, С.Көбеев, М.Сералин сияқты көрнекті ақын-жазушылардың есімдерімен сипатталады десек, олардың шығармашылығының ұқсас, ортақтас жәйттері де, әрқайсысына хас ерекшеліктері де бар еді. Олар әр жанрда еңбек етті, әдебиетке қосқан үлестері де әр алуан.

Абайдан кейінгі қазақ әдебиетіндегі ұлы ақынның шын шәкірттері де – осы ақын-жазушылар. Бірақ солардың Абайдан үйренуі туралы мәселені де бір ғана өлшемге салып, бір ғана тұрғыдан қарауға және де болмайды. Абай поэзиясының идеялық-тақырыптық және көркемдік ерекшеліктерінен, бағыт-бағдарынан олардың әрқайсысы өз талантының қуаты мен қырына қарай үйренді. Бірақ тұтастай алғанда олар Абай негізін салған сыншыл реализм әдісімен жазды, соның суреткерлік тәжірибесіне сүйенді және оның реалистік дәстүрлерін молықтыра, тереңдете түсті.

V

Абай поэзиясы дәуір шындығын, өмір құбылыстарын барынша мол, түпсіз тереңдікпен қамтыды. Оның көлем жағынан шағын шығармашылығының шетсіз де шексіз сезілетіні, талай-талай полотнолардың орнын жоқтатпайтындығы да осыдан. Ақын поэзиясының полифонизмін айрықша атағанда біз оның жанрлық жағынан молдығын ғана емес, осы қасиетін – бәрін де қамтығыш телегейлігін де айтамыз.

Ұлы ақын поэзиясының ең басты пафосы оның шыншылдығында, сыршылдығында, яғни реализмі мен кемел көркемдігінде. Осыны оның сатирасына байланыстыра қараудың да орайы әбден бар. Өйткені идеялық жағынан сау, әлеуметтік бағыты айқын, уытты сатира оның поэзиясының жаңағы қасиеттерін көлегейлеген жоқ, қайта жарқыратып аша түсті.

Сатирик-ақын ретінде Абай классикалық орыс әдебиетінен үйрене отырып қалыптасқаны аян. Өйткені сатиралық уыттылық-классикалық орыс әдебиетінің ең негізгі сипаттарының бірі еді. Н.А.Добролюбов айтқандай, ол сатирадан басталған, сатирамен дамыған және сатираға негізделген әдебиет болатын. Осыны қазақтың негізін Абай қалаған реалистік әдебиетіне жанастырудың да жөні бар. Оның сатиралық бағыты мен сипаты сол кездегі дәуір сипатынан туып еді.

Абайдың өзінен кейінгі әдебиетке шығармашылығының басқа қырларына қоса сатиралық бағытымен де әсер етпеуі мүмкін емес еді. Солай болды да. Академик М.С.Сильченко айтқандай: «Абайдан кейінгі әдебиеттің дамуымен бірге реалист-жазушылардың жаңа буындары қалыптасты. Олардың шығармашылығында Абайдың кей дәстүрлері, мысалы, сатира бұрынғыдан да зор маңызға ие болды» [7,32].

XX ғасырдың бас кезіндегі демократтық әдебиетке көз салсақ, осы пікірдің ақиқаттығын анық көреміз. Бұл ретте тағы да айрықша атайтынымыз – Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Сәбит Дөнентаев.

Сұлтанмахмұт шығармашылығында өршілдік, оттылық қаншама басым болса, сатиралық уыттылық та соншама мол, соншама күшті. Жалпы, сатирашылық – Сұлтанмахмұттың ақындық талантының ең қуатты әрі тума қасиеттерінің бірі. Оның үстіне шындық пен әділетті бәрінен де жоғары қойған, зәредей жалғаншылық пен бекершілікке жаны төзбеген шыншыл ақынның, патриот-ақынның сатирик болмасына әддісі жоқ еді.

Өз сатирасының уытты өткірлігін кімге қарсы жұмсайтынын Сұлтанмахмұт 1912 жылы жазған «Анау-мынау» өлеңінде ашып айтады:

Мынау төрде ишандар,
Аузы-басы қисаңдар,
Міллет қайда, дін қайда?
Селкілдесең, тым пайда.
Тоқты-торым жисаңдар,
Орталықта молдалар,
Алдына түсіп жорғалар,
Нашарларға жарып сап,
Бай алдында қорғалар [111.30].

Абай өзінің сатирасында құранды теріс оқитын, көңілі соқыр, малқұмар, жеміт молданың типін жасағаны аян. Дін иелерінің шын сырын, шын кейіптерін Сұлтанмахмұт дәл Абайша түсінеді. Ол тіпті Абайдың «Заман ақыр жастары» атты өлеңіндегі образды да пайдаланады. Ақынның бар үміті халқын оятып, алға бастамақ болған жастарда. Бірақ сол жастардың жауы да көп. Ол – ескілік пен ескішілдер. Абай сынаған типтер сияқты олар да капысын тауып, капияда бас салмақ:

Аңдыған оны қастар тұр,
Көңілі соқыр мастар тұр.
Атайын деп толтырған
Қойындарында тастар тұр. [111].

Бұдан әрі ақын қалың беріп, жас қызды зар жылататын шалдарды, болыс-билермен мырзаларды шенейді, солардың бойындағы ең зор кеселді де ашып береді. Бұл – олардың ұлт тағдырын, халық тағдырын ойламайтындығы, оның мұң-мүддесін сатып кететіндігі. Шығармашылық сапарының ең алғашқы кезеңінің өзінде-ақ осындай бағыт ұстануы – Сұлтанмахмұт үшін өте-мөте бинк тұрғы еді. Осыдан кейінгі шығармаларында ақын сол сатиралық типтерді нақтылы бейнелеуге ауысты. Мысалы, ол мешітке барғанда алған әсерлерін былай жырлайды:

Қасіретті, қара толқын қайғы көріп,
Қан қайнап, әзер шықтым ішім күйіп.
Білмеймін – ол не нәрсе тұрған зарлап,
Құлардай құрт жинайтын халықты алдап.
Жұрт отыр ұйықтайын деп қалғып-шұлғып,
Түсінбей дауысты естіп айтқан сарнап.

Сарнады, маңырады, даңғырады,
Кей уақыт уата-уата саңғырады.
Анда-санда тартады қатты-қатты,
Көңілім сенбей бастарым қаңғырады [111,32].

Бұл өлеңді оқығанда көз алдымызға талай-талай сурет келеді. Өлеңді «Мағынасыз мешіт» деп әдейі атаған ақын осы ойды бейнелі түрде танытады. Соған тікелей оның өз әсері қосылғанда өлең реалистік терең сипатқа ие болған.

Сұлтанмахмұттың кейбір сатиралық өлеңдерінде («Сымбатты сұлуға») жинақтаушылық қасиет, типтік сипат аз тәрізді сезіледі. «Маңайымнан әрмен кет» атты өлең де сондай. Бірақ шынтуайттап келгенде, ақын қазақ қызын кінәлаудан аулақ. Қайта ол сол жастардың ата-аналарын жазықты етеді («Бірақ жазық қазақта – ұлы-қызы мазақта»). Ал ақынның қазақ қызының сорлы тағдырына қандай аянышпен қарағаны оның «Шал алған қызға» атты өлеңінен мейлінше анық көрінеді:

Қазірде құлағымда ашы зарың,
Және де көз алдымда саңырау шалың.
Саңырауға сасық сақал келемеж боп,
Қапада жүргеніңнің білем бәрін.

Көңілімде мұңыңды айтып ашынғаның,
Жоқ шығар тап сол жерде жасырғаның.
Өн бойың үзілгендей созылып кеп,
Ішіне пәуескенің асылғаның...
Бұл қайғы мені оңдырмас қоймағанда,
Оңдырар сені қалай ойлағанда.
Тұрмыстың сайлап салған саңырау шалы
Басыңды қайтер дейсің жоймағанда [111,72-73].

Бұл өлеңде сатиралық сарын бар ма? Ия, бар. Ақын оны трагедиялық сазға көтеріп жырлаған. Сонымен бірге онда ақынның өзінің рухани тұлғасы, оның гуманизмі мен демократизмі де терең көрініс тапқан.

Сұлтанмахмұт тек дін иелеріне ғана қарсы шығып қойған жоқ. Ол панисламизм, пантүркизм идеяларына да мейлінше қарсы болды. Бұл оның тарих алдындағы аса зор еңбегі еді. Ақын «Бұлар кім?» деген өлеңінде жағымсыз типтерді атап-атап береді де, мынадай ирониялық түйін жасайды:

Көрінген сіздің көзге нашар жандар
Болады жалқау жандар – мұсылмандар.
Жұмақтан ай мен күндей нұрды күтіп,
Басқаға кең дүниені ұсынғандар.
Бұлардың түрік еді арғы заты,
Жиһанды тітіреткен салтанаты.
Бұл күнде азып-тозып күлкі болған
Бұлар да – сол түріктің жұрағаты [111,40].

Сатиралық шығармаларында биік әлеуметтік тұрғыға көтерілген Сұлтанмахмұт кімді сынайтынын және қалай сынайтынын қапысыз білді. Ол халықтың қараңғылығы мен надандығын көрді. Бірақ оны көзге шұқып, қорлаған жоқ.

жерлеген жоқ. Абай көп реттерде «Қазақ» деп жалпылап айтса, Сұлтанмахмұт даралап айтады, нақтылы суреттейді.

Сұлтанмахмұт сатирасының классикалық үлгісі – «Бір адамға». Өленнің әр жолында, әр сөзінде зор мағына бар, үлкен шындық бар. «Бір үйде жыюлы екен қазына мал» дегенді оқығанда дүние-мүкаммалды текшелеп жиып қойған, бірақ тіршілік белгісі жоққа тән көңілсіз де сұрғылт мекен-жай келеді көз алдымызға. Ал: «Бұрынғы атамызға сыйға берген – біздерде мынадай бар, мынадай бар...» – деген сөздерден соны айтқан шалдың бар болмысы, бар шындығы танылады. Осы тұста ақын тамаша шеберлік жасап, өте ұтымды тәсіл қолданады. Ол алғаш шалдың сөзін тастағандай, қостағандай сынай сездіреді. Бірақ бұл – шындығында өте нәзік юмор. Одан кейінгі жолдар бұған еш күмән қалдырмайды:

Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Ока, түйме, сылдырлақ теңге алыпты.

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым, «Оңдырған-ау баққан халқын».
Соншама құны толық болды түйме
Артында қалдырмас па жақсы даңқын [111,58].

Шалдың ата-бабасынан келе жатқан отбасылық реликвиясының сиқы осы. Өлең осымен аяқталса, ол сол юмор, ирония дәрежесінде ғана қалар еді. Сондықтан да ақын жоғарыдағы тақырыпты тереңдете аша түседі, шалдың бұрынғы аталарының нені сатқанын енді барып ақтарады:

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
«Қай момыннын малы бар бұл аякта?»
Демесіме болмады қарап жай-ақ [111].

Сөйтіп, ақын таптық позициясын, тенденциясын қапысыз танытады. Ақынның өз ойын сұрақ түрінде қоюы өленге қаншалықты өткірлік, уыттылық бітірген. Алғаш ақын шалдың ата-бабаларының жалпы халықты оңдырмағаны жайында

айтса, енді сол құрбан болған, талауға түскен – момындар, яғни езілушілер екенін тура атап көрсетеді. Ол соларға іші тартады, өз дауысын солар үшін көтереді. Өленнің ең соңында ақын осы тақырыпқа әдейі тағы оралады:

Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нахақ көзден жас бар ма деп...

Нағыз классикалық шешім. Байдың аталары момындардың малын ғана шашып қоймаған екен, сонымен бірге оларды рухани қысымға да салып, жүрек қанын, көз жасын да ағызған екен. Және соның бәрі нахақтан жасалған. Ақынды мұңға батыратын да, оның зығырданын қайнататын да – осы жай.

Өленде жеку, ұрсып-сөгу, тіліп айту, басқа ұрғандай бадырайту атымен жоқ, терең де нәзік астар бар, ғаламат тапқырлық бар. Сондықтан да ол окпен аткандай дөп тиеді, жала бастырмайды. Өлең «Бір адамға» деп аталғанымен, оның жинақтаушылық, типтік сипат танытатыны да осыдан.

Сұлтанмахмұт бірталай өленін символ, әсіресе аллегория түрінде жазған. Солардың ішінен «Арыстан мен тышқан», «Екі тышқан» (Ғ.Тоқайдан аударма), «Көк өгіз», «Сокыр ағаш», «Жапырақтар», «Сары Арқаның жаңбыры» тәрізді өленлерін айрықша атауға болады.

Бұлардың бірсыпырасында жалпы мораль мәселесі адам мінезіндегі міндер және соларды түзеуге байланысты ғибратты ойлар айтылады.

Мысалы, «Арыстан мен тышканда» жақсылыққа жақсылық тақырыбы қозғалады, асылық пен астамшылық сыналады. Өзіңді зор, басқаны кор санама. Міне, ақынның негізгі идеясы – осы. Ал «Екі тышканда» қанағатсыздық, «алты бақан алауыздық», ынсапсыздық сыналады. Сұлтанмахмұт мұндай өленлерінің тақырыбы, идеялық нысанасы етіп әлеуметтік жайларды да жиі алады.

Сатиралық сарын Сұлтанмахмұт «Кім жазықты», «Қамар сұлу» романдары мен «Ауырмай есімнен жаңылғаным» атты

әңгімесінде де мейлінше күшті. Бұл шығармаларында ақын көптеген реалистік, сатиралық бейнелер жасады.

Сөйтіп, өктемдік дүниесінің өкілдеріне, дін иелеріне, надандық пен зұлымдыққа кектенген Сұлтанмахмұт Абайдың реалистік поэзиясының сатиралық сарынына, ащы уытына әсіресе катты ден қойды. Оның мұндай бағыттағы шығармалары халық тағдырын, ел қамын ойлап қиналған, жан азабын шеккен Абай сарынын әкеледі құлаққа.

С.Дөнентаевтың да сатиралық шығармалары осындай өткірлігімен, әлеуметтік бағытының айқындығымен құнды. Оның сондай шығармаларының кейбірін мысалға алып қаралық. Ақынның «У жеген қаскырға» атты өлеңі паракорлығымен халықты жегідей жеп, кейін қылмысы ашылып, сазайын тартқан Құсайын деген болыска арналған. Ақын оның озбырлығын, қоркаулығын тура бетіне басып, тіліп айтады:

Түстің бе мұндай күйге көкжал арлан?
Жолдаска калай екен мынау жалған?
Кешегі дер күнінде бүйтемін деп,
Жок едің түсте көріп, ойға да алған.

Жерін кем шарламаған, бармай калған,
Ісің кем ойға алмаған, болмай қалған.
Жалғызды, жарлыны да, кимасты да
«Ер» ердің көмекейге бүктеп салған...

Әлсіреп, аяғыңды санап басып,
Иеңді кезің осы шын ойға алған.
Жүз күрсін, мың тәубе қыл – жұмыс өтті,
Ку құлкын мұндай халге сені салған [84.110].

Ақынның бұл өлеңі шыншылдығына қоса сатиралық өткірлігімен, әшкерелеушілік қасиетімен құнды. Мұнда коркау құлкыны түбіне жетіп, сазайын тарткан жемкорды аяусыз түйреу, табалау ғана емес, сонымен бірге сес айту сарыны да бар.

С. Дөнентаев сатирасының саяси беті айқын, әсер күші мол. Ол «Ұлтшылға» атты өлеңінде жалған ұран астында өзінің шын сыйқын бүркеп, халық мүддесін сатып кететін алдамшылар мен аярларды былайша түйрейді:

Қарның тоқ, жұмысыңның жоқ кезінде
Милләттің қызметіне ерінбейсің.
Басына қайғы келіп, сасса жұртың,
Неліктен маңайында көрінбейсің?..

Дегенде: «Ал істейік ұлттың ісін» –
Атыңның басын тартып кежімдейсің.
Әр істі аузың айтып, қолың қылмай.
Қай түрмен елді бастап едім дейсің.
Өзіңнің қайда жүрсең қарныңды ойлап,
Ұялмай жұрттың қамын жедім дейсің [84,87].

Бұл өлеңдегі сатиралық уыттылық пен әшкерелеушілік сарын ақынның осы тақырыпқа арнап кейініректе жазған «Қаулы» атты өлеңінде әсіресе өрістеп, тереңдей түсті.

С.Дөнентаевтың сатирашылық шеберлігі оның «Той» деген өлеңінен анық көрінеді. Бұл өлең «Сары Арқа» газетінің 1917 жылғы 11-санында жарияланған. Бірақ ақынның кейінгі жинақтарына енбеген. Сондықтан өлеңді сәл ғана қысқартып, түгелге жақын келтірелік:

Болып жиын, үлкен той,
Түскен керек әркімге ой,
Жиналыпты жан қалмай,
«Барайық, – деп, – ойбай, қой».

Сокыр да жүр куанып,
Көз жатқанмен суалып,
Саңырау да мәз-мәйрам
Екі көзін суарып.

Шойналаңдап ақсақ жүр,
Тойды мақтап қақсап жүр.

Сінір аяқ сорлыны
Әлденеге бастап жүр.

Көрмес соқыр тамаша
Қанша үңіліп қараса.
Көптің «ағы» – бұған да «ақ»,
Болды жұртқа жараса.
Жаяу бізге қызық деп,
Жөнелейін сызып деп.
Сау аяғы ақсақтың
Ұмтылады қызып кеп...
Төгіл сия, ашыл көз,
Абайла, өз тіл мен жақ.
Абайла деген – асыл сөз,
Анықтап ойлан, тос құлақ.

Тарқа, қайғы, арыл шер,
Қалам зардың түбінде.
Дінің, күнің, су мен жер
Жұрт тартысты бұ күнде.

Ынтымақ туы, жаркыра,
Болмай ғана буалдыр.
Мейірбан суы, саркыра,
Бұқараны бір қандыр... [114]

Өленнің бас жағында ақын әлеуметтік жайлардан алыстап, әншейін әжуа айтқан сияқты көрінгенмен, кейін өзіне өзі басу айтады, тоқтау айтады, абайлап, ойланып, құлақ тосу керек деген тоқтамға келеді. Өйткені оның тарқамаған қайғысы, арылмаған шері бар екен. Бұл ғана да емес. Ол күн буалдыр тартпай, ынтымақ туы желбіреуін, бұқара халықтық мейірі қануын аңсайды. Сөйтіп, ол өленнің соңғы шумақтарында тағы да әлеуметтік биік тұрғыға көтеріледі.

Сәбит Денентаев өз талантының сатирашылық қырын кеңес дәуірінде жазған шығармаларында да анық көрсетті. Бұл тұста ол өзінің ащы мысқылы мен әжуасын, ызалы күлкісін тап жауларына, байларға, саудагерлер мен дін ие-

леріне, феодалдық-патриархалдық әдет-ғұрыптарға, ескіліктің шырмауынан шыға алмай жүрген тоғышарлар мен тоңмойындарға қарсы жұмсайды. Енсені басып, етектен тартқан ескілік, керітартпалық атаулының бәріне де ақын өзінің өткір мысқылының уытын дарытпай қалған жоқ.

Ақынның «Ой, жалған-ай», «Дәуітбек», «Құсайынның арманы» атты өлеңдерінде революциядан кейін өздерінің бұрынғы кейпін жасырып, жамылғы астында күнелтпек болған байлардың кулық-сұмдығы жария етіледі.

С. Дөнентаев «Жәкең молда», «Байдәулеттің тамағынан неге ас жүрмейді», «Дәметкен мен Ұмсындық», «Бөжейдің аярлығы» атты өлеңдерінде дін иелері мен саудагерлердің кулық-сұмдығын, алуан түрлі аярлығын, пасықтығын әшкерелейді. Олардың барлығы да белгілі бір сюжетке, оқиғаға құрылған. Ондағы кейіпкерлердің мінез-құлқы да нанымды, шынайы ашылған.

Ақынның осы тақырыптас өлеңдерінің ішіндегі ең бір уыттысы – «Шошқа мен саудагер». Өлеңнің мазмұны мынадай. Тыста жүрген шошқаны көріп, саудагер оған тиіседі, жүрген жерің лас, жегенің арам деп сөгеді. Сонда шошқаға тіл бітіп, сөйлеп қоя береді. Ол саудагерге нағыз арам сенсің, өйткені сен жұрттың ақысын жеп, алдап-арбайсың дегенді айтады, оның жер-жебіріне жетеді. Бұл тәсіл мысал түрінде жазылған өлеңге өткірлік қасиет бітіріп, өзгеше күш беріп тұр. Бұл – ақынның тапқырлығының нәтижесі.

Ақынның юмористік таланты оның «Бөшкенің зары», «Елшіге», «Жалдама сандуғаш», «Мұқан мен Серік» тәрізді өлеңдерінен де анық байқалады.

С. Дөнентаевтың бірсыпыра өлеңі халық арасынан шыққан, бірақ әлі де болса ескіліктің шырмауынан құтыла алмай жүрген адамдардың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі әралуан мін-мұлтіктерді сынауға арналған. Солардың қатарына «Қаржаубайдың ашуы», «Нағиманың өкпесі», «Ақ жорға шығыпты» тәрізді өлеңдері жатады.

Сатирашы Сәбит жайында сөз қозғалғанда оның «Бозторғай» атты шығармасына тоқталмай кетуге лаж жоқ. Бұл – оның революцияға дейінгі шығармашылығындағы сатираның ең үздік үлгісі. Оның бірсыпыра әшкерелеушілік шығар-

малары ешқандай бүкпесіз, реалистік қалыпта шығарылса, ал «Бозторғай» мысал түрінде, аллегориялық тәсілмен жазылған. Өлең белгілі сюжетке құрылған. Ол былай басталады:

Бозторғай зорлық көріп тұрымтайдан,
Таяныш таба алмапты қырдан-ойдан.
Болыпты мұңын шақпақ, зарын айтпақ –
Қырғиды жолықтырып көрсін қайдан...
Томарда келсе қырғи бұғып отыр,
Жемсауы ыңқ-ыңқ етіп шығып отыр.
Түрі бар бір нәрсені аңдығандай,
Орнында козғалмастан нығып отыр [114,106].

Бозторғай қырғиға зарын айтып, мұңын шаға алмайды. Бөденені жеп қойған қырғидан үмітін үзген бозторғай онан соң қаршығаға, лашынға барып шағынбақ болады. Бірақ олардан да түңіліп шығады. Ақыры ол «құс патшасы – бүркітке» жолықпақ болып жер-жиһанды кезіп кетеді. Өлең көп жайды аңғартатын мынадай тұспалмен аяқталады:

Тапқанын бүркітті іздеп, таппағанын,
Шаққанын ішкі мұңын, шақпағанын.
Білмеймін әлі күнге естігем жоқ,
Жатқанын жаны тыныш, жатпағанын [114,108].

Бұл мысалда ақын қарапайым еңбек адамын жазықсыз жапа шегіп, зәбір көрген бозторғай бейнесінде алған да, ал үстем тап өкілдерін тұрымтай, қырғи, қаршыға, лашын, бүркіт сияқты жыртқыш құстар ретінде суреттеген. Мұнда сол кездегі патшалық тәртіпке, бүкіл ел билеу жүйесіне тура қадап айтылған өткір сын, ащы әжуа бар. Бұл мысал өленнен С.Дөнентаевтың қоғамдық өмірді жайлаған әділетсіздіктің түп-төркіні бүкіл әлеуметтік құрылыста патшалық тәртіпте жатқандығын бұлтартпай дұрыс түсінгенін көреміз. Ақын сол ойын, негізгі нысанасын мысал түрінде халық ұғымына соншалықты жақын, өтімді етіп бейнелей алған. Шап-шағын өленде белгілі бір дәуір шындығы, соған айтылған сын, өзара қарама-қарсы таптар өкілдерінің бейнелері бар. Ақын

мұнда әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікті жеріне жеткізіп әшкереледі, соның түп-тамырын терең ашып көрсетті.

Сұлтанмахмұт пен Сәбит Абайдың сатирашылық дәстүрлеріне сүйенді және соны өздерінің шығармашылық тәжірибесі арқылы молықтыра, дамыта түсті. Сондықтан олардың сатиралық поэзиясының өзіне хас ерекшеліктері де аз емес. Солардың бірі – бұлардың шығармашылығында аллегориялық, мысал өлеңдердің көптігі.

Крыловтан жасаған кейбір мысалдарын атамағанда, Абайдың төл поэзиясында мұндай өлеңдер жокка тән. Ал Сұлтанмахмұт пен Сәбитте бұл көп. Мұның мәнісі қалай?

Ең алдымен, дәстүрге сүйену, одан үйрену сол дәстүрдің шеңберінде, соның ғана дәрежесінде қалып кою емес. Сұлтанмахмұт та, Сәбит те мұны жақсы түсінді. Өйткені олар ұлы Абайға жалаң еліктеушілер емес, кайта оның акындық дәстүрлерін дамытушылар еді.

Екіншіден, бұл со кездегі тарихи-әлеуметтік жағдаймармен, саяси атмосферамен, дәуір сипатымен тығыз байланысты келіп туды.

Осы орайда Горькийдің мынадай бір пікірін келтірмеске болмайды. Ол Оливия Шрейнердің «Қиял мен түс» деген жинағына жазған макаласында орыс әдебиетінің Короленко, Мамин-Сибиряк сиякты айтулы өкілдерінің өздері аллегорияға көбірек ден койғанын атай келіп, былай деген болатын:

«Әдебиет тарихшылары әлдекашан құрыды деп тапкан осынау әдеби формаға біздің кезімізде көбірек ойысушылыктың сыры неде? Айткың келген жайды аллегория формасында айту жеңіл де ыңғайлы деп ойлаймын. Аллегория схемалыктан кашпауға да мүмкіндік береді... Аллегорияның шеңберіне аса зор такырыпты сыйғызуға болады... Сөйтіп, форма ретінде киындығы көп аллегория идеяның кауашығы, ұясы ретінде өте-мөте ыңғайлы. Аллегория аркылы сатира мен мысқылды, өткір сөзді оп-оңай көлегейлеуге болады, оған мол идеялық мазмұн сыйғызуға болады» [115,34-35].

Сұлтанмахмұт пен Сәбит те өз ойларын, өздерінің түбегейлі идеяларын халыкка бүркемелеп, ишарамен жеткізу үшін сол бір киын-кыстау, алмағайып кезеңде аллегория мен

мысал формасын көп пайдаланды, шын шеберлікпен, оңтайлы да орайлы пайдаланды. Бұл – аталған ақындар поэзиясының, олардың реализмінің өзіндік ерекшелігі, айрықша бір қыры болып табылады.

VI

Қазақ әдебиетінің тарихында жаңа дәуір ашқан, оны классиканың дәрежесіне көтерген Абай өзінен кейінгі ақындарға реалистік поэзиясымен ғана емес, сонымен бірге көркемдік принциптерімен, эстетикасымен де айрықша әсер етті. Бұлай болмауы мүмкін де емес еді. Өйткені теңдесі жоқ реалист Абайдың поэзиясын оның реализм туралы, өрелі өнер туралы, соның халықтығы мен көркемдігі туралы ойларынан бөле жарып қарауға болмайды. Абай өзінің эстетикасында да, поэзиясында да бірегей, біртұтас.

Ақын және оның қоғам өміріндегі орны туралы тақырыпты Абай қазақ поэзиясында тұңғыш рет көтерді және соны мейлінше биік дәрежеге көтеріп жырлады. Жаңа заман әр буынның алдына жаңа талап қояды. Шын ақын соны жырлауға тиіс. Сондықтан да Абай «ел шауып, талап алған батырды айту, қыздырмалап, қызықты айту» – «әншейін әңгіме үшін күн өткізбектің» харекеті деп білді, ондай ақындардан сырт айналды.

Өз шығармашылығында Сұлтанмахмұт та дәл осындай эстетикалық принцип ұстанды.

Абай сияқты, Сұлтанмахмұт та қазақтың өткендегі сөз өнерінің асыл үлгілерін, ондағы халықтық сарындар мен идеяларды жоғары бағалады. Сонымен бірге олар жаңа дәуір талабынан туған демократтық, реалистік әдебиет көне шеңберге, тар қалыпқа сыймайтындығын да терең түсінді. Сұлтанмахмұттың айтуынша, бұрынғы «қазақтардың қолдан-қолға түсірмей, құлқынын құртып, құмартып оқитын кітаптары: «Заркұм», «Сал-сал», «Алпамыс», тағы солар секілді «қырды, жойды, киратты... жеті басты айдаһар, пері қызы, жалмауыз кемпір, дәу...» дегендей ұшы-қиыры жоқ, түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттар еді. Міне бұған қазақ

отағасылары көздерін жұмып, нанып, мейірлері қанып, кеңкілдей түсіп, шұлғысып-мүлгісіп отырғаны еді. Сондай шөп-саламмен қандары ұйып, жандары ұйықтап, қалғыған-нан қалғып, қаннен қаперсіз отырған бір заманда бірді-екілді жаңа бағытты жинақтар шығып, «тұр-тұрдан» хабар келіп, ұйқыдан маза кете бастады... Бұрынғы «Заркұмдарын» құмға көміп, «Сал-салдарын» суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырындап ескі достарына хош айтыса бастады. Содан бері қарай беттері бермен етпеттеуде. Жаңа бір жас иіс туды дегенді құлақтары шалса, қолдарын жайып, құшақтарын ашып, иіскеуге мұрындарын даярлап тұрмақ та. Қазақ секілді қараңғы, көшпелі халықтың ішінде шыққан газет, журналдардың малтықпай, тез жүріп, жеңіл кетулері – сол етпеттеп тұруларының арқасы» [111, 256].

Осылайша, шындықтан әрі дәуір талабынан көш алыс, жырақ жатқан шығармаларға қарсы шығып, реалистік әдебиет үшін күрескен ізденгіш ақын сонымен бірге өз кезіндегі кітаби ақындардың, діндар жыршылардың туындыларын да қатал һәм әділ сынға алды. Олардың шығармасымақтарында қазақтың рухы ғана емес, тілі де жоқтығына патриот-ақын жаны ауыра тебіренбей, назаланбай қалмады. Бұл ретте де ол «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» поэзия жасау үшін күрескен, «тіл ұстартып, өнер шашуды мақсат» еткен ұлы Абаймен қоян-қолтық келіп, анық табысып жатады.

Көркемөнерде мазмұн мен түрдің әрдайым сәйкес болып, келісім тауып отыруын қалаған Абай мазмұнды, идеялылықты бәрінен де жоғары қойды. Оның ойынша, саф поэзияның, яғни «сөз сарасының іші алтын, сырты күміс» болып келуге тиіс. Оны тек «ер данасы ғана қиыннан қиыстыра» алмақ. Абай үшін нағыз суреткер аты данышпан ғана емес, ер данасы. Абайдың ақындық кредосы осындай.

Оның эстетикасының осы бір қырының өзінен кейінгі ірі-ірі ақындарға әсер етпеуі мүмкін емес еді. Солай болды да. Мәселен, Сұлтанмахмұт та «дәмі бар, маңызы бар» поэзия кажет екендігін терең түсінді. «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген әйгілі мақаласында ол былай деп жазды: «Туыстағы тұрмыс дерті зығырыңды қайнатып, бармағыңды шайнатып, ықтиярсыз ызалы ызғарын төгеді,

сай-сүйегің сырқырарлық ащы, зарлы бебеулерін қағып, көңіл толғағын, жүрек түйінін тарқатады. Мен анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын өлең деп, өнер деп соны айтамын. Сырт көрінісі «қатын ойбай» тұрсын, «шайтан ойбай» болып көрінсе де, дәмі бар, маңызы бар «ойбай» – сол. Қайнаған қанның, киналған жанның, толғаткан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы – сол. Соның үшін ондай «ойбай», ондай «бебеу» табыла қалса, салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді... Марқұм Абай өлеңдері секілді... айтқандары артығымен шын. Шын жылаған көз жастың тамшысы, рас қайнаған сорпаның сөлі болғандықтарынан сезілмейді. Сезілсе де, баскалардікіндей көзге қатты, көңілге суық тимейді. Қайта өздеріңізді сүйіндіріп әкетеді» [111, 257-258].

Абайдың көптеген өлеңдерінде ақынның типі туралы, айтушы мен тыңдаушы және шығармашылық акт туралы тамаша ойлар бар. Бұл мәселе Сұлтанмахмұтты да көп ойландырып, көп толғандырған. Ол ақындық шабыт жайын былай бейнелейді:

Даламның ақындарын айтсам сізге,
Үлгіге сөз патшасын сонан ізде.
Миға тамақ, жүрекке сусын беріп,
Даңқы кеткен ақын көп бұл үш жүзге.
Қазақтың өміріне айна болған,
Өмірге илһәм құйылар жайда болған.
Қалың топта домбыра қолына алса,
Жараткыштық бір қуат пайда болған...
Сықырлар, тыңдаушының еркін алар
Ақынның жүрегіне түскен жарық.
Қан жылып, жан сүйсініп, жүрек иген
Бір халде тыңдаушылар болады анық...
Ешбір жан ешбір дыбыс шығара алмас,
Жанына жарық түсіп, тіл байланып.
Көңілі ойнап, көзіне жас мөлдірер,
Белгісіз бір ләззатқа мейірі қанып,
Жауыз беттер жауыздық жоғалғанын
Тұрарсың жүздерінен көріп танып [81,175].

Ақындық қуат пен шабытты, оның тыңдаушыға етер әсерін Сұлтанмахмұт осылай сипаттайды. Мұндағы «сөз патшасының» төркіні қайда жатқаны айдан анық екенін былай қойғанда Сұлтанмахмұт поэзияның идеялы, ойлы («ойға тамақ») әрі әсер күші мол, көркем («жүрекке сусын») болып келуін қалағанын және бұл ретте де Абаймен табысып жатқанын атап айту қажет. Сонымен бірге ол поэзия – адамды қайта тәрбиелеудің, оның ой-санасын өзгертудің құралы деп біледі.

Ақын солай халықтың еркін билеп,
Алған соң еш қаймығып қақпас күйбек.
Жауыздығын бетке айтып жұрт көзінше,
Жауыздарды өлтірер сөзбен түйреп...

Әрі ақын, әрі уағызшы пайғамбардай,
Дұрыс, теріс істерді айтып тұрар.
Жауыздықты көре алмас салқын қанмен,
Алла оған солай бол деп қылған пәрмен.

Тоқтатуға болмайды бұл мінезін
Түрмемен, дар ағашпен, ешбір әлмен [81,276-277].

Халықтың еркін билеген, соның ойынан шыққан ақын – жауыздыққа қарсы алысатын, ақ пен қараны айыратын, үкім айтатын күрескер. Сондықтан да оған салқынқандылық, салғырттық жат. Осы өлеңді оқығанда «Адамның кейбір кездері» атты әйгілі өлеңінде Абай жасаған күрескер-ақынның бейнесі көз алдыңа келеді. Әсіресе:

Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін *(I, 204),–*

тәрізді шумақтағы сипаттар Сұлтанмахмұт айтып отырған ақынға да хас. Абай ақындықты – «тәңірінің берген өнері»

деп бағаласа, ал Сұлтанмахмұт та сол аңғардан табылады, алыс кетпейді. Бірақ Абай да, Сұлтанмахмұт та ақынды адам қоғамынан, күнделікті өмірден, соның күрес-тартысынан жырақ әкетуден алыс. Олардың ұғымынша, ақын – қоғам мінін түзеуші, адамгершіл қоғам іздеуші, әділет жаршысы.

Сөйтіп, Сұлтанмахмұт күрескер-ақынның, шабытты ақынның, реалист-ақынның образын жасады. Оның ақыны шындық пен әділет жолындағы күресте ештеңеден де қаймықпайды, бәріне де бас тігеді. Оны айдау мен асу да қорқытпайды, жүрегін шайлықтырмайды. Сұлтанмахмұттың өз басы дәл осындай қайсар ақын, шыншыл ақын еді.

Осы орайда Сұлтанмахмұттың тіл жайында айтқан ойларына да аз-кем тоқтала кету қажет. Әдебиеттің ең бірінші элементі саналатын тілге үлкен суреткерлердің қай-қайсысы да айрықша мән бергені аян. Сұлтанмахмұт та солай. Ол тіл – адам ойын жеткізудің құралы деп біледі. Оның ойынша, тілдің дүние сырларын танудағы орны да өзгеше. Ақын ана тіліне байланысты ыстық сезімдерін былай жырлайды:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен мүйнетімнен
Құлағыма сіңірген таныс үнін...

Қалжақтап алып қашып құрбы бөркін,
Сол тілменен ойнадым далада еркін.
Сол тілменен бірінші сыртқа шыққан
Өмірден, ен даладан ұққан көркім.

Сол тілменен білгіздім тілегімді
Бірінші сүйген жарға жүрегімді.
Маған қарай тығылып, «жаным!» –
деген, мойнына апарғанда білегімді.
Сол тілменен үйрендім нәрсе аттарын,
Сол тілменен әдетті мен жаттадым.
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты –
Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным [81, 278-279].

Осы өлең белгілі дәрежеде Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, каралы – ол» деп басталатын өлеңімен сарындас, рухтас екендігі даусыз. Екеуінде де туған тіл мен туған әдебиеттің адам өмірінде, халық өмірінде алатын орны жайында айтылады. Сондай-ақ өз шығармашылығында Сұлтанмахмұттың да «тіл ұстартып, өнер шашу» мақсатын көздегені күмәнсіз.

Сәбит Дөнентаев та ақындық өнерге зор талап қоя, жауапкершілікпен қарады. Өленді өнер демей, ермек деп санағандарға ол мейлінше қарсы болды. Сондықтан да ақын «Драмашыға» деген өлеңінде ізденбей, құрдан-құр, үйіп-төгіп жаза беретін авторды мінеп былай дейді:

Драма ма, құрама ма,
Сөз осылай құрала ма?
Сен жазушы болса екен деп
Өмір бетін бұра ала ма? [84,160]

Бұл өленнен Сәбиттің жазушы бетін өмірге қарай бұруға, уақыт ұранына құлақ асуға, жаңаның жаршысы болуға тиіс екендігін дұрыс ұғынғанын көреміз. Оның өзі де әрдайым осы талаптың деңгейінде болуға ұмтылып отырды.

Абай қазақтың реалистік жазба әдебиетінің іргетасын қалады. Ал Сұлтанмахмұт сол әдебиетті өз дәуірінің талабына сай ілгері дамытты, оның жанрлық жағынан молайып жетілуіне, жаңа көркемдік биіктерге көтеріліп шыпығуына коп еңбек сіңірді.

«Мыңмен жалғыз алыскан», «тәні ауырмай, жаны ауырған» Абай – өз дәуірінің перзенті, өз дәуірінің жыршысы. Ол қазақтың сол кездегі қоғамдық дамуы, әлеуметтік өмірі алға қойған мәселелерден зәредей де бой тартып, тайқаксыған емес. Ол өзінің ең күшті қаруы – ғажайып ақындық қуатын сол күреске арнады. Сұлтанмахмұт та солай. Тым аз өмір сүрген ақынның әр күні, әр сағаты дерлік шиыршық атып толғанумен, шарк ұрып ізденумен өтті. Оның іздемегені жоқ. Ол әлеуметтік әділдікті іздеді, шындықты іздеді, шынайы ақындық сөзді іздеді. Шаршап шалдықса да, содан танбады. Ол сол еңбегінің қызығын да көрген жоқ. Көрем деп ойлаған да жоқ. Өйткені:

Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп.
Жасаймын – бір қолғабыс
Кейінгіге берем деп! [111, 67] –

деп өзі айтқандай, ақын бар үмітін болашаққа артты, туған халқының тағдырын ойлап тебіренді.

Сұлтанмахмұт өзінің «Шәкірт ойы» атты ғажайып өлеңінде былай деп жар салды:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмаған да – кім болам?!
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кіремін [111,73].

Осында ақын бойын кернеген ғаламат күштің құдіреттілігі қайран қадырады. Оның да қайнар көзі аян. Ол – ел-жұртты емірене сүю, түпсіз терең патриотизм. Ақын айтқандай қазақтың көгі де қараңғы. Сол қараңғылыққа кектенген ақын күн болып шықпақ, «мұздаған елдің жүрегін жылытпақ». Бұдан артық оптимистік ой айту және бұдан күшті айту тіпті мүмкін емес сияқты. Сұлтанмахмұт сол ойды азамат боп та, ақын боп та айта алды. Сөйтіп, ол азаматтық парызына да, ақындық кредосына да айнымас берік қалпында қалды. Бұл – «қалың елі – қазағының» жыршысы, жоқшысы болған, адам баласын бауырым деп санаған гуманист, патриот ақынның шын шәкіртіне лайық мінез еді.

VII

Көркем әдебиетте бұрыннан бар шығармашылық тәжірибені қайталап қана қою, сонымен ғана шектеліп, тынып қалу – дәстүрді дамыту емес. Бұл – ең мықтағанда еліктеу ғана. Бұрыннан бар дәстүрлерді дамыту, тереңдете дамыту және соған сүйене отырып, жаңалықтар ашу қажет.

Бұған әдебиеттің арғы-бергі тарихынан толып жатқан мысал табуға болады. Пушкин мен Лермонтовтың отты, жалынды поэзиясының арасында қаншама жақындық, туыстық бар. Бірақ бұл Лермонтовтың өзіндік тұлғасын сақтауға, өзгеше ұлы болуына зәредей де салқынын тигізген жоқ. Белинский сөзімен айтқанда, Лермонтов Пушкин дәуірінен талабы жоғарырақ дәуірді бейнелеуге тиіс болды және оны соншалықты жарқын бейнелей алды да.

Әйтпесе, Некрасовты алып қаралық. Өткен ғасырда орыстың буржуазияшыл ғалымдары Некрасовты Пушкинге қарама-қарсы қойғаны, бірін мадақтап, екіншісін мансұқ етпек болғаны әдебиет тарихынан жақсы мағлұм. Бірақ Пушкин мен Некрасовтың арасында ажырамас тұтастық, терең туыстық бар еді. Некрасов – Пушкиннің халықтық, реалистік поэзиясының тікелей мұрагері. Сонымен бірге бұл Некрасовтың орыс поэзиясы тарихында жаңа дәуір ашуына, өзіндік ақындық мектеп тудыруына еш бөгетін жасаған жоқ, қайта септігін тигізді.

Сөйтіп, қашан да дәстүр қатып қалған, семіп қалған құбылыс ретінде емес, қайта шығармашылық тұрғыдан, даму тұрғысынан және жаңашылдыққа ұласу, толысу, молығу тұрғысынан қаралуға тиіс. Осының мысалын қазақ әдебиетінен, оның классигі Абайдың шығармашылығынан және Абайдың ақындық дәстүрлерінің кейінгі қазақ поэзиясында орныгып тереңдеуінен, кеңейе түсуінен анық көреміз.

Абай тұсындағы Ақылбай, Мағауия, Әсет тәрізді ақындар қазақ әдебиетінде романтикалық поэма жанрын қалыптастырды. Бұл Абай поэзиясында жоқ жанр еді. Бірақ олар сол жанрды қалыптастырып дамытуда Абайдың шығармашылық тәжірибесіне және сол арқылы классикалық орыс әдебиетінің үлгілеріне сүйенді. Осы жайды XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократтық әдебиетіне байланыстыра, орайластыра айтудың орны, орайы әбден бар. Сұлтанмахмұт, Сәбит, Спандияр, Мұхаметжан Сералин сияқты ақын-жазушылар Абай шығармашылығының өзекті идеяларын, көп-көп тақырыбын тереңдете, өсіре отырып бейнеледі. Сонымен бірге олар өз дәуірі үшін көптеген көркемдік жаңалық ашты, әдебиетте жаңа жанрлар мен формалар тудырды. Бұл –

олардың Абай дәстүрлерін дамытқандығының, ұлы ақынның суреткерлік тәжірибесіне ден қойып, тағлым алғандығының анық белгісі әрі айта қалғандай жемісі еді.

Мұхаметжан Сералин қазақ халқы мәдениетінің тарихында ірі публицист, көрнекті қоғам қайраткері, үлкен журналист ретінде бағалы. Өзгесін былай қойғанда «Айқап» журналын шығаруы – оның тарихи еңбегі. Сонымен бірге М.Сералин ақын ретінде де бірталай мұра қалдырды. Көркем аудармалары мен өлеңдерінен басқа ол екі поэма жазды.

М.Сералиннің «Топ жарған» поэмасы әдебиетшілер арасында ұзақ жылдар бойына әралуан пікір туғызып келді. Бірақ қазіргі кезде пікір бір арнаға саяды. М.Сералин шығармашылығын арнайы зерттеген Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Дербісәлин тәрізді ғалымдар «Топ жарған» поэмасының сыншылдығын, шыншылдығын баса айтады [116]. Ә.Дербісәлин поэманы туырған тарихи жағдайлар мен оқиғалардың мәнін, дәуір сырын ашуға ұмтылған. Ол мұны заман шындығымен әрі ақынның демократтық тенденциясымен тығыз байланыста алып қарайды.

Расында да, М.Сералиннің «Топ жарған» поэмасы тарих үшін де, бүгінгі күн үшін де осы қасиеттерімен бағалы. Ең алдымен, ақынның желілі шығарма жазуға ұсталығы мен тарихи шындықты танып ұғудағы байыптылығын және идеялық нысанасының айқындығы мен беріктігін атап айтуға керек. Феодалдық-хандық дәуірді аңсап егіле жырлаған, соның жоқшы-мұңшылары болған керітартпашыл жыршы-жыраулар әдейі әсірелеп, аңызға айналдырып жіберген, ту етіп көтерген тарихи адамдар мен оқиғаларға М.Сералин жаңа, демократтық тұрғыдан қарайды, қалың бұқараның көзімен қарайды.

М.Сералин өмір шындығына, адамдар тағдырына эпикалық ақынға, шыншыл суреткерге тән көзбен қарайды. Ол өз ойын, өзекті идеясын образ арқылы танытады. Кейіпкерлердің сөзі, монологтары тәрізді көркемдік компоненттер мен тәсілдерді шебер пайдалану арқылы да ақын көп шындықтың ішкі мәнін мол ашып тастайды. Бір ғана мысал. Тұтқын жігітке Кенасарының төлеңгіттері өздерінің жайын былайша баян етеді:

...Қоқаннан саудагер сарт келген шақта
Құл сатып, олжалы боп біз қаламыз...
Хан Кене зекет алар көшкен елден,
Зекетке жаз бенен күз көп мал алып,
Бәрін де төленгітке бөліп берген.
Жатпайды жігіттері ханның текке,
Жорыққа жортуылшы шығар шетке,
Жерлерден кезі келген жылқы алып,
Олжаны қуғыншылар салар көпке.
Семізін келген малдың сойып жеген...
Жетім мен жесір алса жортуылдан
Өзіне алушының түгел берген.
Олжада жетім-жесір малдан артық,
Келеді жағы олардың тарту тартып.
Барлардың ағайыны көп мал беріп,
Сүйегін тұтқындықтан алар қайтып...
Тұтқынды іздеуші жақ ақша беріп
Құлдыққа сарттар сатып кетеді алып...
Биыл қыс қатты болды жұтап қалдық,
Саладағы сексен ел – Жылкелдіні
Көктемде ашыққан соң шауып алдық [117].

Бұдан Кенесары мен оны төңіректегендердің тіршілік харакеттері, содырлығы мен сойқандығы, қаталдығы мен қанқұйлылығы барынша анық көрінеді. Ақын кейіпкерлердің өздерін өздеріне әшкере еткізеді. Ол осындай көркемдік тәсілді тұтқын жігіттің де тағдырын, сипын таныту үшін қолданады.

Поэма оқиғаларының сюжетті шығарма үшін қажет заңдылықтар мен ерекшеліктерді бекем сақтай отырып өрбитіндігі, авторлық баяндау мен сурет-көріністердің алмасып, ұласып келуі, негізгі идеяның адам тағдыры, қаһармандар образдары арқылы ашылуы тәрізді жәйттер М.Сералин поэмасына бағалы сипат бітіреді және ақынның мәдениетті әдебиеттерден үйренгендігін де танытады. Ә. Дербісәлин дұрыс тұжырымдағандай: «М.Сералин өзінің «Топ жарған» поэмасымен әдебиетімізде реалистік сипатты, сюжетті по-

эма жасауда алғаш еңбек еткен, тың жанрда өзіндік бастама жасаған ақын болып көрінеді» [118].

М.Сералиннің поэма жазудағы ұсталығы мен өзіндік ерекшеліктері оның «Гүлкәшима» атты шығармасында да анық белгі берді.

Поэманың басталуында ақын өзінің аты-жөнін айтып, хикая-дастандарға хас дәстүрлік шарт танытқанымен, өз өнерінің қырын, ақындық мәдениетін де қоса аңғартады («Ақынның тал жібектей шәл токыды», «Сіз үшін аралардай ағызып бал», т. б.).

Бұл поэма Абай шығармашылығында және онан кейінгі қазақ әдебиетінде мол бейнеленген тақырыпқа – әйел теңдігі, махаббат еркіндігі туралы тақырыпқа арналған. Бірақ М.Сералин басқа авторлардың ығымен кетпейді, басқа шығармалардағы ситуацияларды қайталамайды. Ол көне тақырыпқа тың тыныс бітіріп, тың шешім таба алған.

«Гүлкәшима» поэмасында ауыз әдебиетінің дәстүрлі формаларын пайдаланушылық та бар. Бірақ бұл ретте де ақынның шығармашылық позициясы бекем. Ол фольклорлық форманы, яғни «жар-жарды» әдет-ғұрыпты суреттеу үшін, Гүлкәшиманың ұзатыларда елі-жұртымен қоштасуын бейнелеу үшін ғана пайдаланған. Соның өзінде де ол дәстүрлі, канондық текстерді қайталай салмай, көне форманы кейіпкерлерінің тағдырын, жан сырын аша түсу үшін әсіре, жаңғырта отырып қолданған.

М.Сералиннің бұл поэмасында романтикалық саз, оқиғалардың ара-тұра тым асырыла, аскақтатыла жырлануы тәрізді ерекшеліктер де бар. Бірақ тұтастай алғанда онда реалистік қасиет басым. Ақынның:

Естіген хабар анық, емес шала,
Хабарға қазақ қосар неше жала [119, 141], –

деуінде айрықша мән бар. Ол ертегідегідей немесе хиссалардағыдай хикая айтудан аулақ екендігін, көзімен көрген анық жәйттерді, шындықты жырлайтындығын әдейі аңдатады. М.Сералиннің өмір шындығына деген суреткерлік қатынасы мен реалистік принциптері де осында.

Ол осы принципіне бекем де. Ақынның арнауынан кейін поэмада оқиға өрбитін орта мен мекен, кезең нақтылы суреттеледі. Тартысты шиеленістіріп, оқиғаны дамытқанда да, адам тағдырларын бейнелегенде де негізінен ақын сол бағыттан танбайды, тая соқпайды.

Поэманың композициялық құрылысында бірталай өзгешелік бар. Ақын эпистолярлық шығарма үлгісін пайдаланған. Поэманың «Сөз басында» және «Сөз соңында» деген тарауларынан басқа бөлімдері қаһармандардың өзара жазысқан хаттары, сырласуы түрінде берілген. Көп жағдайда «Евгений Онегинді» аударғанда Абай қолданған тәжірибе мен көркемдік тәсілдерді немесе «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» атты шығармалардың түзілісін еске салатындай.

Жалпы М.Сералин Абайдың төл поэзиясымен де, аудармаларымен де жақсы таныс болғаны поэманың көп тұстарынан анық көрініп отырады. Мысалы:

Болғанда жарым жаман, өзім жақсы
Қосылған кос жақсыны іздеп тапшы...
Миуа жоқ сізге нәсіп бұл шарбақтан,
Іздеңіз ол миуаны бөтен бақтан [119,156-157], –

деп келетін сарындардың кіммен және немен төркіндесіп, байланысып жатқанын аңдау қиын емес.

Қаһармандардың іші-тысын суреттегенде, оларға портреттік сипаттама бергенде М.Сералин Абай әсерін әсіресе мол сездіреді. Тағы да оқып қаралық:

Көп артық ұзын емес, орта бойлы,
Аса көп сөйлемейді, терең ойлы.
Күлгенде екі беті шұқырайып,
Сүйкімді көрінеді жүзі нұрлы.

Күлгенде отыз тісі қатарланған.
Адамның сабыры қалмас оны көрген.
Ақ екен ақ інжудей отыз тісі
Саддеп пен қымбат бұлға шеттеп келген [119,145-146].

Мұндағы портрет, сөз жоқ, Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» атты өлеңіндегі қыз суретін еске көп салады.

М.Сералин – қаһармандарын нақтылы, ақиқат қалыпта бейнелейтін ақын. Ол Баймағамбет пен Гүлкәшиманы былай қойғанда, Сүлеймен мен оның інісі, Гүлкәшиманың немере жеңгесі, әнші әйел сияқты – екінші қатардағы кейіпкерлерін де көзге айқын елестетеді. Баймағамбет ақын да. Сондықтан М.Сералин оның характерін жасағанда бұл жағдайды да естен шығармаған, ұтымды пайдаланып отырған.

Поэманың соңғы тарауы да ақынның өз атынан баяндалады. Шығарма қаһармандарының өмірі мен тағдыры, оқиға желісі арқылы аңдатқан идеясын ақын тағы да қадай айтады, ашық айтады:

Әуелі сен шамала қыздың жайын,
Жаратқан оны сұлу бір құдайым.
Қазақтың келіспеген әдетінен
Көңіліне бейшараның түскен уайым.

Күйеуге қыз бергенде қазақ халқы,
Сөйлеспек қалың малды әуел салты.
Ойында екі жақтың еш болмайды,
Қосылған балалардың мінез калпы.

Лайық па күйеу қызға, қыз күйеуге,
Бұл жерін ескермейді ешбіреу де... [119,173]

Адамның өз басының еркіндігі, махаббат еркіндігі жоқ жерде небір трагедиялық халдер болып тұрады. Баймағамбет пен Гүлкәшима да – сондай надандықтың, ескі ғұрыптардың құрбандары. Бүкіл шығармасының идеялық бағыт-бағдары, рухы мен пафосы арқылы ақын осындай ой түйеді, басқаларға да ой тастайды. Әрине, бұдан шығар жолды ол өнер-білім алып, ой-сананың маркаюынан, халық үшін қам жеп, қызмет етуден іздейді, содан медет табады, үміт етеді:

Жас күнің – өнер іздер нақ дер шағың,
Халқыңның ойлай берші оңар жағын.

Бата сол бізден сізге, ғазиздерім,
Сор қазақ көтере бер аруағым [119,175].

Әрине, сол кез үшін бұл – прогресшіл ой, үлкен ой. М.Сералин осы ойды образды түрде де, ғибрат түрінде де айтады. Мұны оның поэзиясының міні емес, өзгешелігі деп қарау керек. Жалпы ғибратшылық, дидактизм – қазақ әдебиетінде Абай негізін салған сыншыл реализмнің айрықша күшті жақтарының бірі. Мұның тарихи да, шығармашылық та себептері бар еді.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің дамып кеңеюі, оның жанр жағынан молаюы жайында сөз болғанда С.Көбеевтің шығармашылығына соқпай кетуге болмайды. Ол қазақ әдебиетінде көркем прозаның, оның ішінде роман жанрының тууына едәуір еңбек сіңірді. Шығармашылық жолын орыстың классикалық әдебиеті үлгілерін аударудан бастаған С.Көбеев өз шығармаларымен де қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосты.

С.Көбеев «Қалың мал» романын қалай және неліктен жазғандығы туралы өзінің мемуарында былай деп көрсетеді: «Романды жазуға себеп болған негізгі ойдың бірі – роман сияқты, қазақ тілінде елдің тұрмыс жағдайынан алынып көркем шығармалар жазылса, олар халық арасына неғұрлым көп тараса, ескіліктің, феодалдық әдет-ғұрыптың тамырына балта шабылар еді, еңбекші елдің санасы оянып, мәдениетке талпынар еді деген қорытындыдан туды. Романды жазуға тағы да бір ең басты себеп болған нәрсе – қазақ әйелінің қас жауы, қазақ әйелдерін теңсіздікте, қорлық-зорлықта тұтып, малға тенеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу мақсаты еді. Демек, роман арқылы феодалдық шірік салтты әшкерелеу, қалың халық бұқарасын одан бездіру, әйелдерді азаттық күреске шақыру еді» [120,245].

Романның негізгі тақырыбы және негізгі авторлық нысана мұнда жақсы аңғартылған. Жазушының осындай шығар-

машылық әрекетке ден коюы оның ағартушылық мақсатына, халықтық және демократтық көзқарасына байланысты еді.

С.Көбеевтің «Қалың мал» романын сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайлардан, демократтық бағыттағы қазақ әдебиетінің даму барысынан, оның жетекші тенденцияларынан бөліп алып қарауға болмайды. Өткен ғасырдағы Абай, Ыбырай сияқты классиктеріміздің озық та жаңашыл дәстүрлерін мирас еткен жазушы-ақындар жалпы әлеуметтік теңсіздіктерді сынаумен бірге әйелдің бас бостандығы туралы тақырыпқа да үн косты.

«Қалың мал» романында жазушы революциядан бұрынғы қазақ ауылының өмірінде болған оқиғаларды шынайы бейнелейді, дәуір шындығын боямасыз күйде ашып береді. Романның идеялық мазмұнында екі түрлі зор түйін бар. Олар – қазақ әйелінің аянышты халі, арманды тағдыры және дала тіршілігіндегі әлеуметтік теңсіздік, өктемдік иелерінің еңбекші халыкка жасаған қысымы мен қиянаты.

Шығарманың негізгі кейіпкері Ғайшаның тағдыры арқылы жазушы қазақ қызының сол бір бейуақыттағы аянышты өмірін, оның бас бостандығын аңсаған арманы мен үмітін, сол жолдағы талабы мен күресін шынайы түрде жинақтап көрсеткен. Сонымен бірге ол қазақ әйелінің бас бостандығына бұғау салып, қырсығын тигізген феодалдық-патриархалдық салт-сананы, керітартпа әдет-ғұрыптарды, қиянат дүниесінің өкілдерін әшкере етіп сынайды. Осының бәрін автор жалаң баяндамай, оқиғалар тізбегі, образдар жүйесі арқылы бейнелі түрде аңдатады.

Өмір шындығын дұрыс көрсетумен бірге жазушы не істеу керектігі туралы ойын да білдіреді. Шығарманың идеялық мазмұнынан қазақ әйелінің бағын байлап, оны теңсіздік торына шырмаушы – ескі әдет, қалың мал ғұрпы деген қорытынды шығады. Роман өзінің бүкіл рухымен, идеялық тынысымен, кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің, характерлерінің шындығымен сол кесепатты, яғни қалың мал ғұрпын құрту керек деген сынай сездіреді.

Романда жалпы әлеуметтік теңсіздік жайы да қозғалады. Жер дауына, жесір дауына байланысты алынған эпизодтар шығарманың негізгі тартыс желісіне селкеулік келтірмейді.

қайта соны ширата өткірлендіре түседі, оның әлеуметтік сырын терең ашады. Әрине, романда әлеуметтік күреске үндеу сарыны жоқ. Бұл ретте Спандияр өзінің тұстасы Сұлтанмахмұт Торайғыров жеткен деңгейге көтеріле алған жоқ. Бірақ ескі қазақ аулындағы әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікті сынауы, үстем тап өкілдерінің еңбекші халықты жегідей жегенін көрсетуі, қазақ қызының трагедиялы халін шынайы бейнелеп, оны бас бостандығы үшін күреске шақыруы – жазушы шығармашылығындағы прогресшіл бағыт пен демократтық беталыстың айқын да даусыз нышаны.

Бүгінгі күннің биік тұрғысынан қарағанда көп жақтары олқы соғып жатқанмен, бұл шығарма қазақ әдебиетіндегі роман жанрының тұңғыш үлгілерінің бірі болып табылады. Абайдың қара сөздері мен Ыбырайдың шағын новеллаларын былай қойғанда, сол кезге дейін қазақ әдебиетінде көркем де кесек прозалық шығармалардың мүлдем болмағанын еске алсақ, «Қалың мал» сияқты романның жазылуы сол дәуір үшін, заман талабы үшін ерекше оқиға болғаны даусыз.

Романда сөз болатын негізгі бір идеялық түйін – қазақ әйелінің аянышты тағдыры және оны сондай халге душар еткен қалың мал жайы. Ғайша образына байланысты. Сондықтан да ол – романдағы ең басты, негізгі, тіпті шешуші тұлға болып табылады. Шығармада суреттелген өзекті оқиға, желілі іс-әрекеттердің барлығы да Ғайша образының айналасында, соған тікелей байланысты өрбіп отырады. Шығармадағы басқа кейіпкерлердің мінез-құлықтары, характерлері олардың Ғайшаға деген пейілі, қарым-қатынастары арқылы ашылады.

Біз Ғайшамен алғаш рет Байғазының сөзі арқылы танысамыз. Соның сөзі арқылы жазушы Ғайшаның портретін былай береді:

«...Сұлу, ай десе аузы, күн десе көзі бар, киген киімінде бір кіршік жоқ, бармақтары майыскан, бойы тал шыбықтай».

Ғайша сырткы сұлулығы, әсемдігімен ғана емес, жан тазалығымен, ішкі дүниесінің көркемдігімен де мол көрінеді. Құда түсе келген Әбіш ку Итбайлармен сөйлесіп отырғанын құлағы шалған Ғайша шешесі Ақсұлуға келіп былай дейді: «Апа, ағамдар не сөйлесіп жатыр? Пәлен ақша, пәлен мал

деп бірдеме дейді. Мана жатжұрттыққа жаралған бала ғой, беру керек дегенін естіп едім». Итбайлардың малға адамды саудалап отырғанын сезген Аксұлу қызының келер күні не боларына көзі жетпей, ауыр күрсініп: «Сен бір шіріген жұмыртқа болдың ғой, қалқам», – деп көз жасына булығады.

Шешесінің түйткілдене, көкірек жара айтқан сөздеріне түсіне алмай, мұңайған Ғайша аңырып қала береді. Бірақ бір сұмдықтың боларын сезіп, оның жас жаны тітіркене қалады. Кейін Аксұлу істің мән-жайын түсіндірген соң Ғайша: «Апа, мен шалға барып, қалай адам боламын» [120,106], – деп өксіп жылайды. Келешекке деген үміті үзілгелі тұрғанын, жастық шағы, бар ғұмыры еңіреу мен көз жасына көмілумен зая кеткелі тұрғанын түсінген Ғайша тез есейеді. Осыдан бастап романда ол катты ширығады. Итбай Тұрлығұлмен құда болысып, одан бір үйір жылқы алып келіп, жиналған ауыл адамдарымен лепіре сөйлеп, Тұрлығұл байдың дәулетін мақтап көкіп отырғанда Ғайша өзінің мұңды даусымен мынадай зарлы әнін шырқайды, шерлі сырын шертеді:

Әй, аға, шыныменен шалға беріп,
Ғайшаның тенін таппай малға беріп.
Жиналған ағайынға отырғаның
Біреудің бақ-дәулетін қызық көріп.
Мен сорлы екі-үш күннен отқа түскен,
Отырған ажал жетпей қалуға өліп.
Жүрегім, басым дал боп ішім күйіп,
Қайғылы-уайымды шаттық сөніп.
Қор болу киын емес екендігін
Түсініп есіме алдым бүгін біліп...

Ғайшаның ұзақ жатыр жылар күні,
Халықтың «Бұл қалай?» деп сынар күні.
Ескермей ешбір нәрсе жүруші едім,
Бар ма екен қасірет-қапа шығар күні...

Көз жасым, ренішіме қаламысың?
Залаңды от пен суға саламысың?
Болмаса жаның ашып жалғызыңды
Айырып жау колынан аламысың? [120, 108]

Бұл өлеңнен өзегі өртеніп, басы дал болған Ғайшаның қасірет-наласы, жүрегін кернеген күрсінісі терең сезіледі. Жаны жаралы, жас Ғайша шерлі өленінің ән сөзін көз жасына малып айтқандай. Сонымен бірге бұл өлеңде өз басының қасіретін сезініп, одан құтылу үшін белін бекем буған ызалы, ойлы қыздың шешімі де аңғарылатындай. Өзінің «жылар күні ұзақ жатқанын» барлап түсінген Ғайша осы халге душар еткен жүрексіз, топас әкесі Итбайға: «Әкелік жанашырлық сөзің қайда? Көз жасыма, ренішіме қаламысың, болмаса жалғызыңды жау қолынан айырып аламысың?» – деп сұрақ қояды. Өзінің жас ғұмырын, жас арманын солдырмақ болған Тұрлығұл байды Ғайша жау деп атайды. Бұл мейлінше өткір айтылған.

Ғайшаның бұл өлеңі тек қатыбас әке Итбайға ғана емес, сол итбайларды адамдық қасиеттен жұрдай қылып, ит етіп қойған заманға, феодалдық-патриархалдық тәртіпке қарсы айтылған айыптау болып естіледі.

Бірақ мал жинап баюды арман еткен, сол жолда демігіп, есіріп жүрген Итбайдың Ғайшаға жаны аши қоймайды. Онда әкелік мейірім деген атымен жоқ. Әкесінің осы түрін байқаған Ғайша енді басқа амал қарастырады. Ол қайткен күнде де Итбай мен Тұрлығұл құрған тұзақтан құтылуды арман етеді. Тағдыр оны Қожашпен табыстырады. Олар бірін - бірі шын жүректен беріле, қалтқысыз сүйеді де.

Ғайша Тұрлығұлға қор болып, еріксіз барғаннан кейін де оның суық құшағына енбейді, ыркына көнбейді. Ол Тұрлығұлдан құтылып, Қожашқа қосылу жолында күреседі. Бұл күрес – өз тағдыры үшін тартысқа түскен саналы, сергек ойлы жастың бас бостандығы, махаббат еркіндігі жолындағы күресі еді. Ғайшаның бойында оптимистік қасиет мол. Ол – өз шамасынша күрестің, іс-әрекеттің адамы. Бас бостандығына, махаббат еркіндігіне ұмтылған Ғайшаның образы сол кездегі қазақ қыздарына үлгі боларлық, оларды оянуға шақырарлық дәрежеде еді.

Романда едәуір мол көрінетін ұнамды кейіпкерлердің бірі – Қожаш. Ол – Ғайшаның сүйген жігіті. Оның ең үлкен арманы – Ғайшамен қосылып, сонымен бірге өмір сүру. Оның барлық іс-әрекеті де осы мақсатқа бағытталған. Бірақ ол бұл

тілегіне оңайлықпен жете қоймайды. Қырсау тәртіп, қалың мал ұрпы Ғайшаны ғана зарлатып қоймайды, Қожашты да көп әлекке түсіреді.

Тұрлығұлдың Ғайшаны әйелдікке алмақ болып құда түсуі, Ітбайдың оған қызын бермек болып жанталасуы Қожаштың әрекетін жеделдетеді. Бірақ Қожаш алды-артын байқап, істің немен тынатынына да көз жіберіп кимыл жасайды. Оның бойында лапылдап бара жатқан жалын, жастықтың қызбалығы да байқалмайды. Қожашта албырттықтан гөрі салқынқандылық, табандылық басым.

Жазушы Қожашты былай суреттейді: «Қожаш орта бойлы, талдырмаш, сабыр иесі, сұлу, караторы, бір сөзді, уәдеден таймайтын жігіт. Замандастары сол мінезін өте жақсы көруші еді» [120.106].

Осы суреттен Қожаштың кескін-келбеті, мінезі, жан дүниесі біртоға анғарылып қалады. Қожаш – қолынан іс келетін, өнерлі де жігіт. Ғайша тәрізді, оның да ептеген ақындығы, әншілігі бар. Қожаш айтқан сөзіне берік, табанды. Ол ақыры өзінің дегеніне жетіп тынады: Ғайшаны Тұрлығұлдан алып қашады.

Бірақ Қожаш үлкен әлеуметтік мүдденің, ел арманының жоқшысы емес. Ол Тұрлығұлдарға қарсы көптің кегі, ел егесі үшін емес, өз қамы, өз тілегі үшін алысып жүр. Егер Ғайшаға қосылуына Тұрлығұлдар бөгет болмаса, Қожаш ешкімге де соқтықпай, өзімен-өзі болып жүре беретін адам. Ғайшаға қосылғаннан кейін өзіне – өзі мәз Қожаштың бейқам өмір кешуі, елден бөлініп, жеке-дара масайрап жүруі де осы пікірді растай түседі. Жазушының көзқарасындағы шектелушілік те осы тұста анық бой көрсетіп қалады.

Жалпы алғанда, Ғайша мен Қожаш, әсіресе Ғайша – сол кездегі әдебиет үшін, заман үшін жаңа сипат сездіретін бейнелер. Бұл роман жазушының өмір шындығын жанды образдар арқылы суреттеуге, әралуан адам бейнелерін ақиқат калпында көрсетуге ұмтылған талабының, ағартушылық мақсатының жемісі еді.

«Қалың мал» Абайдан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінің бағалы туындыларының бірі болып табылады. Бұл роман сол кездегі әдебиеттің реалистік дәстүрлері, демократтық прин-

циптері негізінде туумен бірге онда жаңа жанр қалыптаса бастағандығының да айғағы болды. Сонымен бірге «Қалың мал» романы орыс әдебиетінің реалистік дәстүрлерінің қазақ әдебиетіне игі әсер еткендігінің куәсі, жемісі ретінде де құнды. Бұл орайда академик-жазушы Мұхтар Әуезовтің мынадай пікірін еске алмауға болмайды:

«Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Қазақстанда көркем проза туа бастайды. Оның алғашқы бастамасы Көбеевтің «Қалың мал» романы еді. Көркемдік формасы жағынан бұл роман толысып туған шығарма емес. Бірақ онда бейнеленген идеялық-прогресшілдік нышандарда сыншыл реализмнің элементтері бар. Феодалдық құрылысты, әйелдерді қанап езуді, өктем билерді, аткамінерлерді – қазақ ауылындағы ең басты әлеуметтік кеселді айыптаушылық бұл шығарманы ерекше мәнді етеді және оны өз заманының елеулі құбылыстарының қатарына қояды. Романда екі буын: әкелер мен балалар карама-қарсы қойылған. Жастар жаңалыққа ұмтылады; революциялық дауылдың жақындап қалғаны сезіледі. Ақылойдың оянуы және патриархалдық ауылдың ғасырлар бойғы негіздеріне деген әлеуметтік қарсылық бұл романда жігіттер мен қыздардың образдары арқылы берілген. Олар – кедейлердің өкілдері. Олар өздерінің экономикалық және жеке бастарының бостандығы үшін күреседі. Романда суреттелген осы кейіпкерлер, олардың көңіл-күйлері 1905 жылғы орыс революциясы лебінің шүбәсыз көрінісі еді; орыстың прогресшіл әдебиетінде бейнеленген озық қоғамдық ой ұлт аймақтарындағы жастардың ой-санасын оятты.

Қазақ жазушыларының проза саласында жеткілікті тәжірибесі болмады. Расын айтқанда, ол кезде қазақ әдебиетшілерінің арасында талантты прозаиктер жоқ та еді. Сондықтан тұңғыш қазақ повестерінде Абай поэзиясына ерекше хас тереңдік және ауылды, кейіпкерлердің ішкі дүниесін суреттеудегі көркем кемелдік жоқ. Сөйтсе де, қазақ оқушысы «Қалың мал» сияқты тұңғыш романдарды бас алмастан оқыды, оларда заманның талап-тілектері шынайы бейнеленгендігін жоғары бағалады» [26,167-168].

С.Көбеевтің «Қалың малдан» басқа да шығармалары болған. Мысалы, 1919 жылы ол «Бақытсыздардың бір кү-

ні» атты роман жазады. Бірақ бұл шығарма сақталмаған. Сондықтан жазушының өзінің айтқанына жүгінбеске шара жоқ. Осы жайды ол былайша еске алады: «Мен бұл романды біресе қолыма алып, біресе қойып кетіп, екі-үш жыл бойына жазып жүрдім. Бірақ роман аяқталмады. 1919 жылдың жаз айларында мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы мен «Кім жазықты?» поэмасын оқып шығып, үлкен әсер алдым.

Жазып жүрген романымды Әжібайдың көп әйелінің күнделік өміріндегі трагедиясы сияқты бір аянышты өмірді суреттеу ретінде толықтырып, бұрынғы қолжазбадағыдан басқашарақ етіп жазбақшы болдым. Бірақ сол жылы күзде қолжазба жоғалып кетті.

Менің ойымда «Қалың малдан» кейін көп әйел алушылыққа қарсы бір роман, әменгерлікке қарсы бір роман жазуым керек еді. «Бақытсыздардың бір күні» романының тақырыбы – осы ойланған романдардың алғашқысы, яғни көп әйел алушылық тақырыбына арналған роман еді. «Қалың мал» романында әйелі өлген шалдың қалың мал беріп, он бес жасар қызды алуы баяндалса, «Бақытсыздардың бір күні» романында әңгіме бір адамның екі-үш әйел алуы жайында еді...

Бұл романда 1905 жылғы революция кезіндегі қазақ аулында болған әралуан оқиғалар, қазақ кедейлеріне орыстың жұмысшы табының және кедей шаруаларының ықпалы қандай болғандығы кең қамтылған. Мұнда сол кездегі қазақтың әдет-ғұрпы, салты да толық суреттелген еді. Әсіресе бақсы-балгерлердің қулық-сұмдықтары, дүмше молдалардың ауылда кітап ашып, ауру адамға ішірткі жазып ішкізіп, тұмар жазып беруі сияқты өрескел көзбояушылықтары әшкереленген еді» [120,255-256].

С.Көбеев бұдан басқа «Қисық кегі» атты роман, «Қазақ аулындағы тұңғыш мектеп» деген аңыз да жазбақ болған. Бірақ әралуан себеппен шығармашылық мақсатын ада етіп шыға алмаған. Жазушының жоғарыда келтірілген сөздерінен оның шығармашылығының біз үшін беймағлұм сырлары ғана емес, суреткерлік принциптері де недәуір аңғарылып қалады. Оның Сұлтанмахмұт шығармаларымен жақсы таныс

болып, одан үйренуі, әсер алуы, онымен қоян-қолтық келуі тегін емес әрі басқа кетпеген. Бұл екі жазушының идеялық ізденістерінде, әлеуметтік мұраттарында, олардың шығармашылығының рухында көп ұқсастық, сарындастық барлығы даусыз.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде Абай дәстүрлерінің орнығып дамуы, ол негізін салған сыншыл реализмнің үлкен формалар мен үлкен жанрларда тереңдеп бекі түсуі жайында сөз болғанда айрықша назар аударатын ең негізгі тұлға – тағы да Сұлтанмахмұт. Ол бұл ретте де нағыз жаңашыл, ізденгіш ақын екендігін барынша айқын көрсетті.

Абай жырлаған кейбір тақырыптарды Сұлтанмахмұттың өсіре, тереңдете түскені, желілі шығармаларға өзек еткені мәлім. «Күз», әсіресе «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңінде Абай сол кездегі жалшы жайын, кедей өмірін суреттеді. Ақынның бар пейілі де, мейірі де сол жарлы-жақыбайлар жағында. Ал оның ымырашылдық бағытын ұстанатындығы – өз алдына бөлек мәселе.

Сұлтанмахмұт осы тақырыпқа бірнеше өлеңін арнады, кейін «Кедей» атты поэмасын жазды. Абай сияқты, Сұлтанмахмұт та қоңыр күздің көңілсіз көріністерін бояуы қалың суреттер арқылы береді.

Поэма ондағы негізгі кейіпкер – кедейдің атынан баяндалады. Онда өз тағдыры жайында, өмір жайында ойлану, толғану күшті. Ол «Тұмай жатып қылып ем қанша жазық?» деп ашы сұрақ қояды. Қоймасына лажы да жоқ. Ол өзінің алданып келгенін, көп өтірікті көзсіз малданып келгенін түсінетін дәрежеге жеткен. Күзгі ұзақ түн. Ел ұйқыда. Оттар сөнген. Қой күзеткен кедей ғана ояу. Ол мұңаяды, ойға батады, өткен өмірінің өкінішке, азапқа толы бұралаң жолдарына үңіледі. Біздің де көз алдымызда талай көріністер елес береді. Поэма кейіпкерінің балалық шағының сипы мынадай:

Қозыға жарауымнан біраз бұрын,
Ойнатып, уатпап па ем байдың ұлын.
Сүйретіп, арбасының аты болдым,
Бір аяқ ас еді ғой сондық құным.

Он жаста шешемнен тамақ сұрап,
Қыңқылдап, ыңғынан түрттім жылап.
Бай асынан жасырып ас әперер,
Мен үшін зекуіне шеше шыдап [111,135-136].

Таныс сурөет, таныс мінез. Абай суреттеген жалшы баласының көрген күні де осы болатын. Екі ақын да ескі қазақ ауылының тіршілігіне тән типтік көріністерді, әлеуметтік теңсіздіктің сырын бала тағдыры арқылы мейлінше нәзік астармен ашып береді.

Поэма кейіпкері ауылдағы өмірдің ғана азабын емес, қаладағы тіршіліктің де қияметін бастан кешеді. Осы жайды суреттегенде де Сұлтанмахмұт нағыз реалист ретінде көрінеді:

Тірідей жердің асты көрім болып,
Көрден тұрған кісідей өнім болып,
Пұшпағымнан талай тер ақпап па еді,
Өнебойым қап-қара көмір болып.

Жер қазып, құм-тас төсеп шойын жолға,
Сүйелдер шықпап па еді біздің қолға.
Күніне он төрт сағат жұмыс қылып,
Тамақтан қанша артылды ақым сонда? [111,137]

Қанаудың, оның ішінде капиталистік қанаудың сырын революциядан бұрынғы қазақ әдебиетінде тек Сұлтанмахмұт қана терең аша алды. Бұл да оның өз кезінің үлкен реалист-ақыны болғанын анықтай, әйгілей түседі.

Сұлтанмахмұт шығармашылығын зерттеушілер осы поэмада бір ғана кейіпкер бар деседі. Бұл ішінара ғана дұрыс. Оның негізгі кейіпкері біреу ғана. Ол – кедей. Сонымен бірге поэмада одан басқа, қосалқы кейіпкер де бар. Ол – Жақып. Бұл – бай баласы, үстем таптың өкілі. Кедей өз тағдырын сол Жақыптың тағдырымен салыстыра, қарама-қарсы қоя отырып баяндайды. Бұл тәсіл шығарманың әсер етушілік қуатын күшейте, молайта түскен.

Поэмада Жақып құр масыл ғана емес, елді дүрліктіруші, момындардың еңбегін жеп, зар илетуші ретінде көрінеді.

Оның бүкіл болмысы, іс-әрекеттері, тіпті рухани бейнесі, тіршілік күйі кедейге карама-қарсы, кереғар. Сондықтан кедей тағы да ащы ойларға беріледі, ашына сұрақ қояды:

Жақыптың қай еңбегі менен артық:
Етігін де шешкен соң біреу тартып?
Құдайға не жазып ек тумай тұрып,
Туғаннан мені жоқ қып, оны жарытып? [111,141]

Ол әлеуметтік теңсіздіктің түп төркіні жазымыш та еместігін, о дүние дегеннің де жалған аңыз екендігін түсінеді. Мұның сыры байлық пен кедейлікте, барлық пен жоқтықта. Ол осындай түйінге келеді:

Ойланыз, менде жүрек, менде жан бар,
Жүрегімде өмір бар, ыстық қан бар.
Үміт бар, махаббат бар, жек көру бар,
Бәрі де байдікіндей, байқасаңдар.
Туысымда онан жоқ еш кемдігім,
Жалғыз-ақ менде мал жоқ, онда мал бар [111,143].

Сұлтанмахмұт кедейдің байдан рухани жағынан, адамгершілік жағынан әлдеқайда биік екенін, ақтығы мен пәктігін анық аңдатады. Оның адамша өмір сүргісі, адамдық қасиетін сақтағысы келеді. Ол қолынан келсе, бүкіл адам баласына жақсылық жасамақ, пайдасын тигізбек:

Сыйлағанды сыйлағым менің келер,
Қинағанды қинағым менің келер.
Кім кемсітсе, қолында өлгім келер,
Кім мені алдамаса, көңілім сенер.

Жақсы үйге, жақсы орынға жаткым келер,
Жұрт мақтарлық атақтар тапқым келер.
Асса адам баласына жақсылық қып,
Алғыска, абыройға баткым келер [111,143].

Сөйтіп, Сұлтанмахмұт кейіпкерінің рухани бітімін, ой-арманын оның өз сөздері арқылы терең ашып береді. Сонымен бірге оған әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды ләзім санаған Абай гуманизмі де бөтен емес, жат емес, қайта өзара туыстық, жақындық сездіреді.

Сұлтанмахмұт кейіпкерінің бойында жаңа касиет мол. Ол көп нәрсеге, көп құбылыска жаңаша карайды, сау көзбен, жіті көзбен карайды. Туған жер, өскен ел – адам үшін ең қымбат, ең асыл нәрсе. Бірақ сол ел, сол жер – әділеттің мекені болуға тиіс. Ал жылау мен сықтаудың, егілу мен еңіреудің, езу мен езілудің мекенінде қимайтын ештеңе жоқ. Бұл – азамат әрі ақын Сұлтанмахмұт патриотизмінің жаңа бір қыры. Сондықтан да оның кейіпкерінің мынадай ащы ойларға шомуы, ауыр мұңға батуы заңды:

Мен емес – туған жерді қимайтұғын,
Кетерде көз жасымды тыймайтұғын.
Бейнеттен туған жерде көз ашқам жоқ,
Жанымды нем бар қимай қинайтұғын [111,146].

Бұл тұста Лермонтовтың «құлдар елі, мырзалар елі» болған Россия жайындағы, Отан жайындағы шерлі ойларының сарыны келеді құлаққа.

Сұлтанмахмұттың кейіпкері өзінің жан түкпірін осылай ашады. Бірақ ол туған жерді тастап кетуден, бой тасалаудан, күрестен бұғып калудан аулақ. Ең алдымен, салғырт мінез, енжарлық, ұйқымен өмір өткізушілік оған жат. Оның:

Ерте қолдан өзімді ұйықтатпайын,
Көр ұйқысы ұзақ қой – қанбай қоймас [111,149], –

деуінде үлкен мән бар, тегеуірінді де мәнді қимылды, дауылды аңсау сарыны бар. Поэманың басқа бір тұсында ол мұны ашық айтады:

Бұған көніп жүргеннен өлген артық,
Іштен тынып жанғаннан – сөнген артық.

Текке өлмей, тауға-таска басты соғып,
Жолында не кез келсе – көрген артық [111, 143].

Поэманың ең негізгі, өзекті идеялық түйіні де осында. Кейіпкерінің тағдыры мен ой-арманы арқылы ақын күрес идеясын жырлайды. Әрине, бұл бірлескен күрес, революциялық күрес емес, стихиялық қарсылықтан туған күрес, әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікті жалпылама ұғынудан туған күрес, бунтарлық күрес. Мұның да тарихи заңдылықтары болса керек. Бірақ қайткен күнде де Сұлтанмахмұттың кедейді өз шығармасының негізгі кейіпкері етіп алуы, оның рухани бітімін, бойындағы буырқанған күш пен жігерді ашып көрсетуі айта қалғандай еңбек еді.

Сұлтанмахмұттың енді бір поэмасы – «Адасқан өмір». Ол мұны «Кедейден» бұрын жазған.

Поэмаға кіріспе ретінде берілген бір шумақ өлеңде ақын поэзия, жалпы көркемөнер – адамның ой-санасының айнасы, оның жан-жүрегінің көрінісі деген ой түйеді. Бүкіл поэманың мазмұнына, ішкі тереңіне меңзейтін кілт те осында. Расында да, осы поэмасында ақын өзін қатты толғандырған ойларын, дүние және өмір, адам баласының тарихи тағдыры туралы пікірлерін аскан шыншылдықпен, ағынан жарыла отырып айткан.

«Адасқан өмір» бес бөлімнен тұрады. Ақын оны адам өмірінің өткелдеріне, әралуан кезеңдеріне жанастыра отырып, осылайша жіктеген.

Бірінші бөлімде адамның ештеңеден алаңсыз балалық кезі, сәбилік шағы суреттеледі. Ол дүниеде өлім бар, әділетсіздік бар, алдау мен күндеу бар деп тіпті ойламайды да. Ол пәк, ол таза. Оған бәрі де идиллия түрінде елестейді. Сондықтан да ақын бұл бөлімде әлеуметтік жайларға тереңдеп бармайды, жалпылама ақиқатты айтып, орағытып етеді.

Поэманың екінші бөлімінде ақын жігіттік шақты суреттейді. Бұл он бес пен отыздың арасы. Адамның ақыл-көр-

кі, қайрат-жігері кемеліне кеп толысқан кезі. Қарасаң, көз тоймайды. Алдында мақсат та көп, таңдау да көп. Міне, кейіпкерінің осындай ой аңсарын, алабұртқан асау қиялын бейнелеу арқылы ақын әлеуметтік өмірдегі сан-сан құбылыстарға деген өзінің қатынасын білдіреді.

Ең алдымен, оған байлық оңды көрінеді. Өйткені ол байлық болса болды – мансап пен атақ, сұлу жар мен абырой өзінен-өзі табылады деп біледі, соның бәрін байлықпен сатып алуға болады деп ойлайды. Бірақ оның байлық баянсыз екендігіне, ол адамды бақытты етпейтіндігіне көзі жетеді. Ірі мақсат көздеген кейіпкер енді баю туралы, байлық туралы ойдан безіп шығады.

Бұдан соң оның аңсары хакімшілікке ауады. Ол жұрттың бәрін өз ырқына көндіруді, тіпті мақсаты бір-біріне кереғар, қайшы топтар мен таптарды ымыраға келтіріп, бауырластырып ұстауды ойлайды. Бірақ ол ізінше бұл ойдан да тыйылады. Өйткені байлар мен дін иелері тұрған жерде ешбір хакім әділ бола алмайды екен, солардың ырқынан шығып кете алмайды екен:

Өмірдің бұл түрінде ешбір хакім
Мүмкін емес әділдік қылу елге.
Себебі: тастап хакім бола алмайды.
Байлар мен молдалардың сөзін жерге.
Күшті таптың ыңғайын қылмаска жоқ,
Мұбада хакім болсам егер мен де.
Бір сағат та қыла ма мені хакім
Болыса бастасам мен күші кемге [111.120].

Сөйтіп, Сұлтанмахмұт әлеуметтік және таптық теңсіздікке негізделген қоғамда әділ билеуші болмайтындығын, ол тек күштілердің қолшоқпары екенін ашып айтады.

Осылайша хакімдіктен де көңілі суыған кейіпкер енді атақ алуды, данққа бөленуді ойлайды. Сөйтіп, Шыңғыс хан мен Бонапарттай дүниені тітіреткен қолбасы болсам деген дәмеге де беріледі. Бірақ одан да тез қайтады. Өйткені, найзаның күшімен жанған бақыт баянсыз, ол да бір найзаның ұшында кете барады деген тоқтамға келеді. Адам баласының ой-са-

насы маркайған сайын теңсіздік пен әділетсіздік, зорлық-зомбылық тарих сахнасына ысырыла бермек. Сондықтан да Хан мен Перғауындардың, Николай мен Вильгельмдердің заманы өтті. Олар өмір ағысының, тарих барысының, халық қаһарының алдында тұра алмақ емес:

Ертең биттей сықпай ма халық мені
Қышытсам бүгін сорып қанын ептеп.
Кім қарсы тұра алады бұл ағынға –
Өмір түрі барады солай беттеп [111, 121].

Сөйтіп, ақын адам баласының тарихи дамуында халық шешуші күш деген қорытындыға келеді. Бұл – сол кез үшін үлкен ой, өрелі ой еді.

Жалпы, осы поэмасында Сұлтанмахмұт көп ізденген әрі аса көп білетін, қай құбылыс жайында да терең ойланған ақын ретінде көрінеді. Оның соғыс жайындағы және соғыстың капиталистерге, үстем тап иелеріне пайда түсіріп, қалың бұқараға ауыр таукымет боп тиетіндігі жайындағы ойлары да ақынның көп жайдан хабардар болғандығын танытса керек.

Ақынның кейіпкері үлкен ғалым болуды, дүние мен табиғаттың сан алуан сырларын ашуды, адам баласын әркилы дерт пен апаттан құтқаратын жол табуды да ойлады. Бірақ ол бұл ойдан да қайтады. Өйткені ғылымның пайдасын кедейлер, қалың бұқара әлі көре алмай жатыр. Кедей балаларының ғылым кууға, ғалым болып шығуға шамасы да, мүмкіндігі де жоқ. Сондықтан кедейлердің халін тек ғылым арқылы түзеу мүмкін емес деп түйеді ақын. Осы кедей тақырыбы поэмада үзілмей жүріп отырады. Ақын көп құбылысқа, шындыққа сол кедейдің әлеуметтік халі мен мұраты тұрғысынан қарайды. Оның бар ықыласы, бар пейілі сол кедейлер жағында. Ол кедей үшін жанын беруге, соның мұңшысы мен жоқшысы болуға әзір:

Бейшараны шын досқа санар едім,
Ол үшін ок астына барар едім.

Бай жағы жүз мың болса кедей жалғыз –
Қорықпай-ақ жалғыз жақта қалар едім [111,127].

Бұдан артық айту қиын. Өткендегі қазақ ақындарының ішінде тек Сұлтанмахмұт қана осылай айта алды.

Поэмадағы Сұлтанмахмұттың болашақтағы әділ қоғам, теңдікке негізделген қоғам туралы ойлары да назар аударуға тұрарлық. Ол өзі арман еткен сол қоғамның принциптерін жырлайды, соның сипатын бермек болады. Бірақ ақын тым жалпылама айтады, дерексіз айтады. Ал мұндағы оның демократизмі мен гуманизмі – өз алдына бөлек мәселе. Сұлтанмахмұт сондай қоғамның орнауына аз қалды деп біледі және соны іздеуге шақырады. Бірақ оны қайтіп іздеуді және қалай табуды ол білген жоқ, біле алған жоқ, біле алмайтын да еді.

Поэманың соңғы тарауларында кәрілік жайы, өлім жайы жырланады. Онда біраз пессимизм бар. Солай болуы заңды да. Бірақ мистика жоқ. Жалпы өсу мен өшу табиғат заңы екендігі айтылады. Бұл ақынның осы поэманы жазбақ болғандағы негізгі авторлық нысанасынан, идеялық бағытынан шалғай кетіп тұрған жоқ.

Шығарманың кейіпкері шындық іздейді, әділет іздейді, қалың бұқараның есеге, теңдікке қолы жетуін арман етеді. Бірақ адамды адам канауға, езуге негізделген қоғамда оның сол іздеген әділет пен шындықты табуы, сол арманына жетуі мүмкін емес еді. Поэманың «Адасқан өмір» аталуы да осыдан.

Жалпы, адам өмірі, оның әралуан кезеңдері туралы тақырып қазақ әдебиетінде бұрыннан жырланып келеді. Бұған Бұқар жыраудың атақты толғауы, Сүйінбайдың «Шіркін, кәрілік, келдің бе кезіменен» деп басталатын ұзақ өлеңі және басқа да ақындардың шығармалары анық дәлел бола алады. Осы тақырып Абай шығармашылығында да өз көрінісін тапты. Бұл орайда оның «Балалық өлді, білдің бе» немесе «Келдік талай жерге енді» атты өлеңдерін атауға болады. Әрине, Абай адам өмірінің кезеңдерін өзінен бұрынғы ақындарша жалпылама, дерексіз жырламайды, көбінесе өз

тағдырына, тіпті өзінің шығармашылығына байланыстыра алады.

Ал Сұлтанмахмұт бұл тақырыпты жырлауда мүлдем биіктеп кетеді, мейлінше соны сипат сездіреді. Ол жеке адамның өмірі мен тағдырына байланысты жайларды айтумен тынбай, бүкіл адам баласының өткені, қазіргісі, болашағы жайында, үлкен шындықтар жайында ой тербеуге дейін көтеріледі. Бұл сол кез үшін, жалпы Сұлтанмахмұт шығармашылығы үшін үлкен нысана, биік тұрғы еді.

Салыстыра қарағанда «Адасқан өмір» және «Кедей» поэмалары тақырып жағынан да, жазылу мәнері, ондағы негізгі авторлық идея жағынан да сабақтас, өзектес болып келеді. Егер «Кедейде» негізгі идея нақтылы кейіпкердің тағдыры арқылы бейнеленсе, ал «Адасқан өмір» поэмасында Сұлтанмахмұт адам өмірінің әр кезеңінен сыр шерте отырып, бүкіл адам баласының арғы-бергі тарихына, ғылым мен мәдениет, дін мен мораль мәселелеріне таптық қайшылық, оның себептері туралы ойларға тереңдеп барады.

«Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары арқылы Сұлтанмахмұт қазақ поэзиясына лирикалық-философиялық поэманың үлгісін енгізді. Бұрынғы қазақ поэзиясында мұндай форма болған емес-ті. Сол сияқты, ақын осы шығармаларында дәуір қайшылығын, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті, оның түп тамырын ақтарып ашады. Бұл қасиет әсіресе «Кедей» поэмасында күшті. Поэманың қаһарманы өктемдік дүниесіне, қорлау мен қанауға наразылық білдіреді. Сөйтіп, өзінің шығармашылық жолын ағартушылық идеяларды жырлаудан бастаған ақын әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы күресқе үндеу дәрежесіне көтерілді.

Ал «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдарында Сұлтанмахмұт өзінің шығармашылық мүмкіндіктері аса мол екендігін көрсетті. Бұл шығармаларында ол қазақ әдебиетінде Абай негізін салған сыншыл реализмнің ең ірі өкілдерінің бірі ретінде танылды.

«Қамар сұлу» романында ақын әйел теңдігі, оның бас бостандығы туралы мәселені демократтық, гуманистік бағытта шешеді. Романның негізгі тақырыбына орайластыра

отырып, ақын шығарманың сюжеттік желісіне әлеуметтік өмір елестерін мол енгізген.

Романда көптеген қаһармандар, дәуір тудырған жаңа адамдар бар. Солардың ең бастысы – Қамар. Осы қаһарманының трагедиялық тағдыры, оның зарлы монологтары арқылы ақын қазақтың ескі салтына, қырсау әдетіне қарғыс айтады.

Әйел теңдігі жайы қазақтың өткен ғасырдағы ағартушы-демократтарын, оның ішінде Абайды да қатты толғандырғаны аян. Ол бұл тақырыпқа өзінің небір көркем, шыншыл шығармаларын арнады. Алғашқы кезеңдегі өлеңдерінде Абайдың осы тақырыпты жырлауда фольклорлық айшықтар мен суреттерді көбірек пайдаланғаны да белгілі. Бұған оның «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деп келетін, тіпті «Жігіт сөзі» («Айттым сәлем, қаламқас») атты өлеңдері – анық мысал.

Қамардың портреттік сипаттамасын беруде Сұлтанмахмұт Абайдың сол алғашқы кезеңдегі суреткерлік тәжірибесінен онша ұзап кетпейді, соған иек арта, сүйене отырады. Мысалы, Қамардың:

Күлгенде көзіңді алып кірсіз тісі,
Қайнамас оны көріп кімнің іші.
Алмас қылыш жүзіндей аударылған,
Сүйгізіп көлеңкесін әрбір ісі [111.155], –

деп келетін портреттік сипаттамасын оқығанда Абайдың:

Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген іш қайнайды *(1.24)*,–

тәрізді жолдары еске еріксіз түседі.

Сол сияқты, Сұлтанмахмұттың Қамар образын жасауда және осы шығармада негізгі тақырыпты шешуінде, авторлық позициясы мен тенденциясында да Абайдан үйренгені даудамай тудырмаса керек. Қамардың Нұрыммен айтысқанда шығарған өлеңінің мына бір жолдарын оқып қаралық:

Ол рас – менің жоқ қой басар тауым,
Нәрсенің көз алдымда бәрі жауым,
Жалғыз-ақ тыныш жерім – қараңғы көр,
Сонда барып жатамын, бар ма дауың?
Етімді сен сипаған құрттар жесін ... [111,178]

Мұның төркіні Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты балладасында жатқаны анық. Сұлтанмахмұттың кейіпкері де өлмелі шалдың суық, жат құшағынан өлімді, қараңғы көрді артық санайды. Заман шындығына орай Қамар махаббат еркіндігіне жете алмайды. Бірақ ол қатыгез тағдыр ырқына, кесірлі әдетке көнбейді, қарсылық білдіріп, күреске түседі. Сол жолда аса ауыр, аянышты халге душар болып, қаза табады. Сұлтанмахмұт Қамар образын, оның аянышты тағдырын биік трагедиялық сазға көтеріп бейнелеген.

«Қамар сұлу» романы сатиралық бағытымен, әшкерелеушілік қасиетімен де құнды. Ақын молдалар мен ишандарды, баксы-балгерлерді, олардың қараңғы халықты алдайтын аярлығы мен зұлматтығын аяусыз сынайды. Ал Жорға Нұрым образы – өткендегі қазақ әдебиетіндегі реалистік қуатпен бейнеленген сатиралық типтердің бірі болып табылады.

Ұнамды кейіпкерлердің ішіндегі ең жарқыны – Қамар. Оның образын жасауда ақын бар суреткерлік құдіретін аямай жұмсаған. Романның ең негізгі идеясын да ақын осы Қамардың өлер алдындағы мынадай монологы арқылы береді:

...Тоқтау бер мұнан былай қазағыңа,
Шалдардың қызды салмай мазағына.
Дұғасы бишараның қабыл деп ең,
Сол үшін мен разы ғазабыңа.

Сонан соң жұртты аздырған ишанын ал,
Соңынан судай ақсын жөні жоқ мал.
Надан сопы, мүридін айырмастан,
Тамұқтың дәл түбіне апарып сал.

Тағы да балгер-бақсы бәрін де жой,
Жалғыз-ақ жаны ашитын жастарды қой.

Қақшаңдаған қақпас шал тағы кетсін,
Қабыл қыл тілегімді, құдайым-ай...

Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы,
Түйрейтін мал менен шал – саған бізі.
Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы,
Бұл себеп – ақырында қалмаска ізі [111,199].

Сөйтіп, Сұлтанмахмұт әйел теңдігі тақырыбына зор әлеуметтік мән беріп, оны халықтың елдігі, болашағы туралы мәселемен ұластыра, ұштастыра жырлады.

«Қамар сұлу» проза және өлең түрінде жазылған. Сонымен бірге онда эпистолярлық роман мен драмалық поэманың да көптеген белгілері бар. Роман Абай негізін салған әдеби тілде жазылған. Одан халық тілінің молдығы мен суреттілігі де, ақынның шабытты талантының ізденістері де анық байқалады.

Сұлтанмахмұттың ең ірі, көлемді шығармасы – «Кім жазықты?». Қазақ әдебиетінде реалистік роман тіпті проза жанрында әлі қалыптаспаған кезде Сұлтанмахмұттың өлеңді роман жазуға ден қоюы – оның шығармашылық батылдығы мен ізденгіштігінің тамаша айғағы.

Ақын шығармаға берілген эпиграфта: «Бұл күнде жоқ, соң туар роман мен сыншысы», – дейді. Мұнда көп ақиқат жай бар. Революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде роман сияқты сөкталы, күрделі жанр шын мәнісінде, толық мағынасында болған жоқ. Ал романның сыны және сыншысы жайында тіпті сөз болуы да мүмкін емес еді. Бұл арқылы айтпағымыз – Сұлтанмахмұт осы шығармасын жазуға байланысты алдында тұрған шығармашылық қиындықтарды жақсы түсінген, терең сезінген.

Өлеңмен жазылған роман бүкіл әлем әдебиетінде сирек ұшырасады. Бұл сол жанрдың адам айтқысыз қиындығы мен ерекшелігіне де байланысты болар. Әрине, Сұлтан-

махмұт осы өлеңді роман жанрының ерекшеліктері мен өзгешеліктерін толық баурай алған деп айту қиын. Романда лирикалық мезеттер өте аз, автордың лирикалық толғаныстары мен тебіреністері де жоқка тән. Жалпы суреттеу тәсілдері, реалистік детальдар мен штрихтардың молдығы, тұрмыстық жәйттердің көп қамтылуы тәрізді ерекшеліктері «Кім жазықты?» атты шығарманы прозамен жазылған романға көбірек жақындатады. Онда авторлық баяндаудың, сырттан қарап суреттеудің молдығы да осы пікірді растай түссе керек.

Тіпті романның басындағы Тасболат ауылының көріністерін алып қаралық. Мұнда ақын ауыл суретін, айналадағы табиғат көріністерін, жағдайды, адамдар тіршілігін сонша лықты тәптіштеп жырлайды. Бәрі де прозалық шығармаға тән кең тыныс пен мол карпуды танытқандай.

«Кім жазықты?» – әлеуметтік-тұрмыстық роман. Онда революциядан бұрынғы қазақ ауылының әлеуметтік жағдайлары, басты қаһармандардың өмірі мен тұрмысы, отбасылық тіршілігі, әдет-ғұрып жайы барынша толық суреттелген.

Романның атап айтарлық бір ерекшелігі – онда бір адамның, бір буынның ғана емес, бірнеше буын өкілдерінің өмірі мен тағдыры суреттелетіндігі. Бұған Тасболат – Әжібай –Қабыш желісі анық айғақ бола алады. Солардың ішінде ең мол, барынша толық көрінгені – Әжібай.

Ақын Әжібай образын жасауда нағыз реалист ретінде көрінеді. Ол ұнамсыз образ жасаудың жолы осы екен деп бір бағытпен, тек қана қара бояу іздеумен кете бермейді. Әжібай – үстем таптың өкілі. Бірақ ол да адам. Оның да табиғатында адамдық қасиеттер, жақсы сипаттар болуы әбден ықтимал. Бірақ ол өсе келе, әлеуметтік тайталас-тартысқа араласа келе өз табының моралына, сондағы қарым-қатынастар мен нормаларға икемделмей, өзгермей қалмақ емес.

Әжібай жас кезінде аздап оқыған, зеректігі, алғырлығы да бар. Сымбаты да жаман емес. Ақын оның со кездегі сипатын былайша береді:

Сымбатты, қараторы, орта бойлы
Кеудесі жылдам сезгіш, жүйрік ойлы.
Осындай, әттең дүние, зеректігін
Оқытпай надандыққа байлап қойды [111,204].

Бірақ адам – тәрбиенің, өскен ортаның жемісі. Әжібай да ата-баба ізімен кетеді, содырлық пен жуандықты, боз-бастықты тіпті олардан да асырып жібереді. Қаһарманның тағдыры мен өмірі үшін, оны қоршаған орта мен ол өмір сүрген кезең үшін осылай болуы заңды да. Бұл – Әжібайдың бар болмысы ғана емес, адам айтқысыз ауыр трагедиясы да.

Романда Әжібайдың осы трагедиясы тағдырының небір қатал көріністері бар. Ата-бабалар жолымен айттырып қоюдың нәтижесінде ол өзінен көп жас үлкен қалыңдығы Жәмилаға үйленеді, әменгерлік жолмен, өлген ағасының оң жақта қалған қалыңдығы Жаңылды да алады. Ол да Әжібайдан үлкен. Әрине, мұның бәрі де шындық. Ескі қазақ аулының тіршілігінде мұндай жәйттер жиі-жиі болып тұрған. Сөйтіп, феодалдық-патриархалдық әдет-ғұрып пен ескілік моральдың соққыларына жеке басының қым-қуыт күйлері қосылғанда Әжібай трагедиясы тіпті өршіп, асқындап кетеді.

Әрине, оның бұл трагедиясы айықпайды, қайта қоюлана береді. Аппақайға есі кетіп, есек дәме болуы, Зылиха (Зықыш) мен Ырыстыға үйленгеннен кейінгі сұрықсыз тіршілігі, басқа да әйелдермен әуре болуы, жұтқа ұшырауы, болыстыққа таласудың лаңы, баласы Қабыштың өзінен бетер бұзық боп шығуы – Әжібайдың сұр өмірінің сиқы осындай.

Осының бәрін көріп, өз басынан кеше жүріп Әжібай кейде ойға да қалады, балаға жастай құда түсуге, өз балаларының басын ноқталап қоюға қарсы болады. Бірақ өмір ағысы, қоршаған ортаның әсері оның бұл ойының быт-шытын шығарады. Ол өз нанымын өз қолымен бұзады. Бұл – Әжібай трагедиясының бір көрінісі.

Әжібайдың өз басы ғана трагедиялық халде емес, оның барлық әйелдері, бала-шағасы, үрім-бұтағы да небір рухани ғазаптарды бастан кешіреді, моральдық жағынан құлдырап азғындайды. Біреуді зарлатып, біреуді қан қақсатып езіп жүрген адамның өзі де шынтуайттап келгенде рухани-мо-

ральдық жағынан тынымтыныштық таппақ емес. Ақын осы ойды образ арқылы танытады.

Осының бәріне кім кінәлі, кім жазықты? Роман жазғанда Сұлтанмахмұттың қатты ойланған, көп тебіренген жайы осы болса керек. Шығармасының тақырыбы, идеялық бағыты мен негізгі пафосы арқылы, қаһармандарының тағдыры арқылы ақын осы сұраққа жауап бермек болған және бере алған да.

Мұның бәріне де феодалдық-патриархалдық қарым-қатынастар мен ескі әдет-ғұрыптар жазықты, заман жазықты, сол жандардың өздері жазықты.

Романның барлық ұнамсыз кейіпкерлерінің бейнелері, өте-мөте Әжібай образы Абайдың: «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын», – деген атақты тезисін растап, ақтап шығады. Мұнда бүкіл үстем, өктем тап иелері өкілдерінің болмысы мен тағдырының шын сыры, шын сиқы бар.

«Кім жазықты?» романында бірталай ұнамды кейіпкер де бар. Олар – Аппақай, оның мұғалім ағасы, дәрігер жігіт, Әнуар және Күлтай. Бұлар – шындықтан алынған әрі сол кез үшін жаңа адамдар, алғашқы қарлығаштар. Бірақ олардың бейнелері толыққанды, тұлғалы болып шықпаған. Романның толық нұсқасының сақталып жетпеуі де бұл мәселе жайында үзілді-кесілді пікір айтуға мүмкіндік бермейді. Бірақ ақынның роман желісіне бірнеше ұнамды кейіпкердің образын енгізуі – атап айтуға, айрықша бағалауға тұрарлық факт. Бұдан Сұлтанмахмұттың ұнамды идеалы да, оның шығармашылығының халықтық сипаты мен демократизмі де анық байқалады.

Бұл роман – революциядан бұрынғы қазақ әдебиеті үшін аса ірі құбылыс. Бұл ретте біз шығарманың көлемі мен қарпуын ғана емес, әлеуметтік кең тынысын, идеялық бағытының айқындығын да айтып отырмыз. Ақын дәуір сипатын, заман шындығын адам образдары арқылы танытуда шығармашылық көп іс тындырған.

Романда революциядан бұрынғы қазақ аулының өмірі, ондағы таптық жіктелу, ел тіршілігіндегі өзгерістер, халықтың әдет-ғұрпы мол қамтылып суреттелген. Романда алуан тағдырлы, сан түрлі адамдардың бейнелері жасалған. Бір

шығармада бірнеше буын өкілдерінің шынайы бейнелерін жасауы – Сұлтанмахмұттың қазақ әдебиетіне енгізген айрықша жаңалықтарының бірі.

Өмірлік оқиғаларды іріктеп алуда және соған орай қаһармандар характерін ашуда ақынның едәуір творчестволық тәжірибеге ие болғаны көрінеді. Оның әлеуметтік өмір шындығына тереңдеп енген суреткерлік байқағыштығы, реалистік және сатирашылық таланты да ден қойғызарлықтай.

Сұлтанмахмұттың лирикалық поэзияда, әсіресе үлкен формадағы шығармаларда, лирикалық-философиялық поэмалар мен романдарда Абай дәстүрлерін және ол негізін салған сыншыл реализмнің әдісі мен көркемдік принциптерін дамытуы жайында сөз болғанда қазақ әдебиетін көп зерттеуге белгілі сыншы З.С.Кедринаның мынадай пікіріне сокпай кетуге болмайды:

«Абай ізімен жүре отырып, феодалдық және капиталистік шындықты ақын ретінде сынауда Торайғыров тиянақтырақ, берігірек. Ғылым және өмірдің басқа да барлық құралдары дәулеттілердің қолында тұрғанда ағарту халыққа ешқандай игілік бермейтінін ол анық көрді. Сыншыл реализм арнасында дамығанымен, ұлы Абай толық әрі басынан аяғына дейін сыншыл реалист бола алмады. Бұған оның ағартушылық қиялдарының да және уақыттан шығандап алға озған әрі оның шығармашылық әдісіне хас тенденцияның да әсері тиді. Сұлтанмахмұт Торайғыров революцияға дейін тиянақты, тұрақты сыншыл реалист ретінде қалыптасады» [121, 92].

Мұның да сыры заманда әрі оның прогресшіл, ілгерішіл тенденциясында еді. Оның үстіне, бұл Абай мен Сұлтанмахмұтты өзара қарама-қарсы қою да емес. Сұлтанмахмұт мұндай идеялық биіктерге өз дәуірінің прогресшіл сипатынан әрі тарихи даму барысынан нәр ала отырып және Абайдың классикалық дәстүрлеріне сүйене отырып көтерілді.

Сөйтіп, революция алдындағы қазақ әдебиетінде Абай дәстүрлері тек лирикалық және сатиралық поэзияда ғана емес, үлкен жанрдағы үлкен формадағы сюжетті, желілі шығармаларда да бекем орнықты, тереңдеп дами түсті. Қате Абай дәстүрлерінің барынша мол әрі шығармашылық тұрғыда дамыған өрісі де осында.

ОРЫС РЕАЛИЗМІНІҢ ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті.
Абай

Орыс реализмінің дәстүрлері және казак әдебиеті. Академик-жазушы М.Әуезов өзінің ең үздік, ең терең зерттеулерінің бірін осы мәселеге арнады. М.С.Сильченко, М.И.Фетисов, Н.С.Смирнова, З.Ахметов және баска да көптеген ғалымдар өздерінің бірталай еңбегінде осы тақырыпты жан-жакты камтып зерттеді. Ал кеңес дәуіріндегі орыс-казак әдеби байланыстарын алсак, онда зерттеушілерге ұшан-теңіз өріс ашылғандығы және ашыла беретіндігі хак.

Абайдың ақындық дәстүрлерінің революциядан бұрынғы казак әдебиетінде орныгып дамуы жайында сөз ете отырып, орыс реализмінің дәстүрлері туралы, орыс әдебиетінен шығармашылық жолмен үйрену және одан аудару туралы мәселеге сокпай, орағытып өтуге бола ма? Жок, әсте болмайды. Тіпті бұлай болуы мүмкін де емес. Бұл орайда мынадай кейбір шешуші жағдайлар мен шарттарды естен шығармау кажет.

Ең алдымен, орыстың классикалық әдебиетінің игі әсері нәтижесінде калыптаскан казактың реалистік жазба әдебиеті өзінің шығармашылық даму, өрлеу жолында сол әсерден еш уакыт сырт калған емес. Абай тұсында да және одан кейінгі кезеңде де осылай болды. Сондыктан XX ғасырдың бас кезіндегі казактың демократтық бағыттағы әдебиетінің негізгі сипаттары, даму заңдылыктары мен ерекшеліктері жайында сөз козғалғанда жоғарыда аталған мәселеге де айрыкша назар аударылуға тиіс. Өйткені мұнсыз біз өткендегі әдебиеті-

міздің, жалпы рухани мәдениетіміздің тарихын толық елестете де, терең түсіне де алмаймыз.

Екіншіден, Абай дәстүрлері және орыс реализмінің дәстүрлері – бірін-бірі жоққа шығаратын, карама-қайшы тұрған құбылыстар емес. Қайта, олар – бірегей де тұтас, ажырамас та егіз құбылыстар. Түптеп келгенде, Абайдың реалистік поэзиясы, қазақ әдебиетінде ол негізін қалаған сыншыл реализм – орыстың классикалық әдебиеті дәстүрлерінің жемісі екендігі де аян. Сондықтан бұл мәселелер бірін-бірі өшірмейді, әлсіретпейді, қайта толықтыра, тереңдете түседі.

Үшіншіден, Абай төңірегіндегі бірталай ақындар және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің кейбір өкілдері орыстың классикалық әдебиетіне ең алдымен Абай арқылы, Абайдың шығармашылық тәжірибесі мен эстетикалық-көркемдік принциптері арқылы барды, сол арқылы тереңдеп үңілді.

Өзінің туып-қалыптасу кезеңінде және кемелдену жолдарында орыстың классикалық әдебиетімен терең тамырлас болғандығы – қазақтың реалистік жаңа әдебиеті үшін баға жетпес құбылыс, айта қалғандай шығармашылық фактор еді. Өйткені А.Фадеев айтқандай: «Орыс реализмі – ең идеялы, саяси бағыты ең күшті, шын мәнісіндегі игі әрі аса көркемдігіне байланысты ең тенденциялы реализм. Сондықтан да орыс реализмі ең еркін, толыққанды, бай және форма жағынан сан қырлы реализм болып табылады» [122.412-413].

Орыстың өткен ғасырдағы классикалық әдебиетінің ұлттық өзгешелігін және басқа халықтардың әдебиеттеріне тигізген әсерін терең ұғынуда оның реализмінің бұл сипаттарын естен шығармау шарт.

Орыс-қазақ әдеби байланыстары – Қазақстанның Ресейге қосылуының баға жетпес прогресшіл маңызы болғанын әйгілеген әрі соған байланысты туған құбылыстардың бірі. Бұл жайында, әсіресе өткен ғасырларда орыстың атақты ғалымдары мен жазушылары Қазақстанның тарихына, қазақ халқының тағдыры мен өміріне қандай еңбектер мен шығармалар арнағандығы жайында М.И.Фетисов [123] пен К.Кереева-Канафиеваның [124] зерттеулерінде барын-

ша мол қамтылып айтылған, аса қызғылықты әрі айрықша мәнді деректер келтірілген.

Тіпті өзгесін былай қойғанда, ұлы ақын Пушкиннің қазақ халқына, оның тамаша бай ауыз әдебиетіне назар аударуы – тарихи құндылығын ешқашан да жоғалтпайтын жәйт. Орыс ғалымдары Пушкин өзінің «Ескерткіш» атты өлмес-өшпес, әйгілі өленінің алғашқы бір нұсқасының үшінші шумағында басқа халықтармен бірге қазақ халқының да атын атағанын анықтады [125].

Пушкиннің өмірбаянын зерттеушілер ұлы ақын Батыс Қазақстан мен Орынборға келгенде қазақ халқының ауыз әдебиетіне айрықша көңіл бөлгенін айтады.

«Пушкин жергілікті өлеңдерді («Из Гурьева городка», «Уральские казаки» және басқалар) жазып ала бастады. Ол орыстық фольклормен бірге сол өлкені мекендеген шығыс халықтарының ауыз әдебиетіне, шешендік сөздеріне де көңіл қойды. Оның тілегі бойынша, әлдекім оған XIII ғасырда шығарылған және Қазақстанда әлі күнге дейін әйгілі Қозы Көрпеш батыр жайындағы қазақтың халық аңызын жазып береді» [126].

Бұл материалды Л.Б.Модзалевский «Пушкин мұрағатындағы қазақ аңызының қолжазбасы» («Запись казахского предания в архиве Пушкина») деген атпен жариялағаны [127] да аян. Мұнда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының халық арасына кең таралған нұсқаларындағы оқиғалар мен желілерді қайталаулар да, бірталай өзгешеліктер де бар. Қайткен күнде де ұлы ақынның қазақ ауыз әдебиетінің осынау теңдесі жоқ үлгісіне көңіл бөлуі, жоғары бағалауы және сол тақырыпқа поэма жазбақ болғаны – ерекше назар аударарлық факт.

Әрине, Пушкиннің қазақ халқының тарихы үшін еңбегі бұдан да гөрі тереңде, яғни оның ұлттық рухани мәдениетінің, жаңа әдебиетінің тууына байланысты екендігі де мағлұм. Біз үшін мәселенің ең түйінді, түбегейлі әрі маңызды жағы да осында. Өйткені тек Абай мен оның ізін қуушылардың ғана емес, сонымен бірге қазіргі қазақ поэзиясының ең ірі өкілдерінің шығармашылығын да Пушкин поэзиясының құдіретті әсерінен бөле жарып, тыс алып қарау қиын.

Қазақ халқының өткен ғасырдағы тарихындағы ақылой және көркемсөз алыптары Шоқан, Ыбырай, Абайлар өз дәуірінің перзенттері болумен бірге орыстың демократтық мәдениетінің жемісі екендігі – уақыт дәлелдеген даусыз шындық.

Қазақтың атақты педагог-жазушысы, тұңғыш прозаигі, көрнекті ақыны, тамаша қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин өзінің ағартушылық және шығармашылық қызметінде классикалық орыс әдебиетінен зор тағлым алды, қызғылықты аудармалар жасады. Оның сюжетке құрылған, өмір шындығын оқиғалар тізбегі мен нақтылы кейіпкерлердің тағдырлары арқылы бейнелейтін әңгіме-новеллалары, дидактикалық және реалистік поэзиясы қазақтың жазба әдебиетінің тарихында айрықша орын алады. Ы.Алтынсариннің классикалық орыс әдебиетіне қарым-қатынасы Ә. Дербісәлиннің [128] монографиясында нақтылы ашылған.

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов та өз заманының прогресшіл, ең білімді адамдарының бірі бола алғандығы үшін орыстың мәдениеті мен әдебиетіне ең алдымен қарыздар. Ол Омбыдағы кадет корпусының екінші класына көшкеннен кейін-ақ орыс әдебиетінің классиктерін, әсіресе Пушкин мен Гогольді, Белинский мен Герценді тереңдеп әрі сүйсіне оқиды. Ол өзінің жеке өмірінде, мінез-қылығында да соларға көп еліктеген. «Шоқанның мінезінде Пушкин мен Лермонтов мінездерінің ұқсас көп сипаттары бар еді»,– дейді Потанин.

Шоқанның демократ ретінде қалыптасуына, саяси-әлеуметтік көзқарастарының тереңдеп нығаюына да оның орыс достарының және әсіресе өткен ғасырдағы орыстың революцияшыл демократтарының ерекше әсері болғанын атап айту қажет. Ал оның ғылыми қызметінің құлашын кең жайып өсуіне атақты географ-саяхатшы П.П.Семенов-Тянь-шаньскийдің және басқалардың көп жәрдемі тиеді. Олар Шоқанның ғылыми мұрасының жарыққа шығуы үшін де үлкен еңбек сіңірді.

Орыс достарының ішінде Шоқанмен ұзақ байланыс жасап, рухани жағынан ең жақын болғаны – орыстың ұлы жазушысы Ф.М.Достоевский. Ол Шоқанмен бірге болған кезінде

де, айырылысқан жылдарында да оның өзінің де, халқының да жанашыр жақыны, татаусыз досы болып қалады. Шоқанмен жазысқан хаттарынан оның бұл қасиеті анық аңғарылады. Ол Шоқанның ғылыми қызметін, ізденулерін бақылап, оның тағдыры жайында әрдайым ойлана, еске ала жүрген.

Өзінің кейбір шығармаларында қазақтың шетсіз-шексіз көсіліп жатқан шалқар даласының байтақтығы мен саф таза ауасын, табиғат көріністерін мейірлене суреттеген Достоевский Шоқан сияқты аяулы досының бейнесін өз кейіпкеріне прототип етіп те алған. Бұған «Подросток» романындағы Версилов образы тамаша айғақ. Зерттеушілер пікірі осыған саяды [129,130].

Шоқанның бірталай достары – онымен тікелей араласқан, бірге істеген, пікірлес болған адамдар. Сондықтан да олар Шоқанның ой – өрісінің кеңеюіне, саяси-әлеуметтік көзқарастарының тереңдеп, демократтық пікірлерінің қалыптасуына көп әсер етті.

Сонымен қатар Шоқанның ең үлгі көріп, өнеге алған ұстаздары – негізінен орыстың өткен ғасырдағы революцияшыл демократтары Белинский, Чернышевский, Добролюбов.

Кадет корпусында жүрген кезінде-ақ Шоқан «Современник» журналын беріле оқыған. Ол Петербургқа барғанда «Современник» журналын үзбей оқиды. Чернышевский, Добролюбовтардың идеяларымен тереңірек танысады. Сөйтіп, Шоқан Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарастарының, демократтық пікірлерінің біржола қалыптасып нығаюына әсер еткен негізгі фактор – өткен ғасырдың 50-60-жылдарындағы орыстың азаттық күресті ту еткен озық философиясы және оның тамаша өкілдері Чернышевский мен Добролюбовтың озық идеялары.

«Бұл Чернышевский дегеніңіз неткен тамаша адам және орыстан басқа халықтардың да өмірін қандай жақсы біледі десеңізші. Онымен мәслихаттасқаннан кейін мен Ресейсіз біз құрып кетеміз, орыстарсыз көретін күніміз – оқу-білімсіз, қыспақта, қараңғылықта қалу, орыстарсыз – біз бар болғаны Азиямыз және онсыз ешкім де бола алмаймыз деген ойға әбден бекіндім. Чернышевский – бұл біздің досымыз» [130,232].

Орыстың ұлы ойшылы, революцияшыл демократы Чернышевскиймен жүздесіп сөйлескеннен кейін Шоқан Уәлиханов өз халқының тарихи тағдыры, болашағы жайында осындай ой түйген болатын. Осынау ақиқат жай Шоқанның өз басына, оның ғылыми-шығармашылық қызметіне де орайлас. Өйткені ағартушы-демократ, ойшыл-ғалым, гуманист ретінде Шоқан – ең алдымен орыс мәдениетінің, орыс тәрбиесінің жемісі.

Рас, Шоқан орыстың революционер-демократтарының патшалық құрылысқа, өктемдік дүниесіне қарсы күреске үндеген азаткерлік идеяларының деңгейіне көтеріле алған жоқ. Бұл ретте академик М.Әуезовтің мынадай пікірін еске алуға болады: «Шоқан Белинскийдің және Герценнің шығармаларымен жақсы таныс болды. Әйтсе де, солардың еңбектерінен ол бұқараны кеңінен ағарту программасын бәрінен де жақын қабылдады. Бұл орыс ойшылдарының революциялық-демократтық идеяларын кенже қалған қазақ қоғамына қолдану Шоқанға... әлі ерте көрінді» [131,125]. Бұл сөздер Шоқан көзқарастарының күшті де, осал да жақтарын жақсы аңғартады.

Шоқанның халық фольклорының үлгілерін жинаушы һәм зерттеуші ретінде қалыптасуына да орыс ғалымдарының ықпалы айрықша күшті болды. Ол қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинады және оларды басқа елдердің әдебиеттерімен әсіресе орыстың ауыз әдебиетімен байланыстыра, ғылыми негізге сүйене отырып, демократтық принциптер тұрғысынан қарап терең талдады. Сөйтіп, Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиеті туралы ғылымның негізін салушы болды.

Шоқан шын мәнісіндегі көркем шығармалар жазған жоқ. Бірақ ғалымның толып жатқан зерттеу еңбектерінен, әсіресе саяхаттарының күнделіктерінен, ондағы табиғат суреттерінен оның тілінің молдығы, суреттілігі айқын көрініп отырады. Бұл ретте Т.Н.Потаниннің: «Қазақтан оқушысы болғанда Шоқан өз халқының данышпаны болатын еді, өз халқы әдебиетінің өркендеуіне негіз салған болар еді»[132,34], – деген пікірі орынды да әділ екендігі даусыз.

Шоқанның нысана еткен арманы мен идеялары өзінен кейінгі данышпан Абай мен Ыбырайдың шығармаларында, әлеуметтік қызметінде дамып, тереңдей түсті.

Әрине, қазақтың жаңа, реалистік әдебиеті орыстың классикалық әдебистінің әсерімен және соның дәстүрлерін игеру, орнықтыру нәтижесінде туып дамығандығы жайында сөз болғанда түбегейлі түрде әрі тікелей атайтынымыз – ең алдымен Абай шығармашылығы, ол негізін қалаған сыншыл реализм әдісі.

Абай өзінің бір ғаклиясында: Орысша оқу керек: хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті» (II, 179), – деп жазды. Мұнда Абайдың тек ағартушылық және шығармашылық қана емес, сонымен бірге тарихи мақсат көздегені де байқалады.

Ол кенже қалған қазақ халқы үшін орыстың тілі мен ғылымы, әдебиеті мен көркемөнері бүкіл адам баласының мәдени қазынасына жол ашатын, соның деңгейіне көтеріле алуға мүмкіндік беретін және табиғаттың ғаламат сырларын танытатын құрал деп білді. Абайдың өз басы да дүниежүзілік әдебиет пен көркемдік ойдың, ғылыми ойдың биігіне орыс әдебиеті арқылы, орыс тіліндегі кітаптарды тереңдеп оқу арқылы жетті. Орта Азия мен Шығыс халықтарының арғыбергі классиктерінің ішінде орыс мәдениетіне тұңғыш ден қоюшылардың бірі ұлы Абай болуы – біздің ұлттық мақтанышымыз, рухани мәдениетіміздің тарихындағы жаңа кезең, баға жетпес құбылыс.

Абай орыс әдебиетінің нағыз классикалық дәрежеге жеткен кезіне, яғни оның алтын ғасырына тап келді. Көркем сөздің небір құдіретті данышпандарын тудырған орыс әдебиеті бұл кезеңде бүкіл адам баласының рухани дамуына айрықша әсер еткендігі де аян. Ол халықтық бағыттағы әрі нағыз гуманист-жазушыларға, жаңа тұрпатты суреткерлерге соншалықты бай еді. Горький осы жайында былай деп жазған болатын:

«Еуропа әдебиетінің даму тарихында біздің жас әдебиетіміз ғажайып құбылыс болып табылады. Егер мен Батыста ешбір әдебиет өмірге осыншалық куатпен, осындай шапшаңдықпен келген жоқ, ешбір әдебиетте құдіретті талант-

тардың дәл мұндай жарқ ете түсуі болған жоқ десем, бұл асыра айтқандық емес. Еуропада ешкім де бүкіл әлем таныған ірі-ірі кітаптарды осынша мол тудырған жоқ, адам айтқысыз, тіл жеткісіз ауыр жағдайда ешкім де осындай таңғажайып әсемдік жасай алған жоқ. Батыс әдебиеттерінің тарихы мен біздің әдебиетіміздің тарихын салыстыра қарасақ, бұған көзіміз қапысыз жетеді; Ресейдегі сияқты, жүз жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде ұлы есімдердің осыншалықты айқын шоғырының тууы ешқайда болған емес, азапкер-жазушылар тек бізде ғана осыншама мол болды. Біздің әдебиетіміз – біздің мақтанышымыз... Орыс әдебиетінің маңызын бүкіл әлем таныды, оның сұлулығы мен қуатына таңыркай таңғалды» [133, 57].

Бұл кезеңдегі орыс әдебиеті Пушкин мен Лермонтов, Гоголь мен Салтыков-Щедрин, Белинский мен Герцен, Чернышевский мен Добролюбов, Некрасов пен Тургенев, Толстой мен Чехов тәрізді алыптардың есімдерімен сипатталады. Абай солардың бәрін дерлік тереңдеп оқыған, аса жоғары бағалаған. Жалпы қазақтың реалистік жаңа әдебиетінің қалыптасуына солардың қай-қайсысының да шығармашылығының, эстетикалық-көркемдік ойларының шапағаты аз тиген жоқ.

Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан шығармашылық жолмен үйренгені, олардың шығармаларын аударғаны және Белинский мен Чернышевскийдің ұлағатты ой-пікірлерінен тағлым алғаны айдай әлемге анық. Ол қазақтың реалистік жаңа әдебиетін осы жолмен ғана жасай алды.

Ал оның басқа жазушылармен, мысалы, Гогольмен, әсіресе Салтыков-Щедринмен шығармашылық туыстығын, жақындығын қалай анықтауға болады. Рас, бір өлеңінде Абайдың Салтыков-Щедрин мен Толстой есімдерін зор ілтифатпен атайтыны бар. Бұл – айрықша бағалы факт. Бірақ бұл аз. Мәселенің түйінін мұнымен ғана түсіндіріп кою тапшылық етеді. Біз тағы да Абай шығармашылығына, әсіресе оның сатиралық шығармаларының тереңіне үңілеміз. Сонда Абай Салтыков-Щедрин сатирасының идеялық бағытына әсіресе катты ден қойғанын аңдаймыз.

Рас, мұнда сырттай қарағанда таңғаларлық жәйттер де бар. Мұның сырын академик М.Әуезовтің мына бір пікі-

рінен табамыз: «XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс жазушыларының ішінен Абайдың өте-мөте сүйіп, айрықша бағалағандарының бірі – Салтыков-Щедрин. Сюжетті шығармалар жазбаған Абай сияқты ақынның орыс жазушысымен – сатиралық ертегілердің, новеллалар мен романдардың авторымен, прозаикпен туыстығын анықтау алғашқыда біртүрлі өзгеше, тіпті мүмкін емес болып көрінуі де ықтимал. Сөйтсе де, Күлембай, Дүтбай, Көжекбай тәрізді болыстардың және сахарада рулық араздықты қоздырған басқа да пысықтардың, паракорлардың, бұзықтар мен аярлардың, жәдігөйлердің портреттері арқылы Абай қазақ өмірінің негізінде өз кезіндегі жатыпішер жалқаулар мен масылдардың, ақымақтардың сатиралық жағынан барынша толық, типтік образдарын жасады. Абайдың жазғандарын оқи отырып, «Ташкенттік-мырзаларды» және Салтыков-Щедриннің өлмес-өшпес шығармаларында суреттелген басқа да барлық аярларды, паракор-шенеуніктерді еске алмау мүмкін емес» [131,128].

Бұдан артық айту қиын. Расында да, сатирик Абайдың шығармашылығында дәстүрлік қасиеттен гөрі жаңашылдық сипаттар басым, мол десек, бұл үшін де ол орыстың классикалық әдебиетіне, әсіресе ұлы сатирик Салтыков-Щедринге өте-мөте қарыздар еді.

Орыстың классикалық әдебиетінің үздік шығармаларымен, оның халықтық, гуманистік бағытымен, демократтық және реалистік дәстүрлерімен терең таныстығының әрі соларды жете игергендігінің арқасында Абай қазақ әдебиетін дамудың жаңа арнасына салды, оған жаңа идеялар мен тақырыптар, жаңа образдар енгізді. Ең бастысы – жаңа көркемдік әдіс тудырды, жаңа дәстүрлер қалыптастырды.

Абайдың классикалық орыс әдебиетімен шығармашылық байланыстарының терең бір тамыры ол жасаған үздік көркем әрі шыншыл аудармаларда екені мағлұм.

Бұл жайында мейлінше көп жазылды. Біз негізгі тақырыбымызға байланысты кейбір жәйттерге салыстырмалы түрде ғана сәл аялдап өтелік.

Орыстың классикалық әдебиетінің ұлы өкілдерінің үлкенді-кішілі шығармаларын аударғанда Абай тек қана ағартушылық немесе шығармашылық мақсат қана көздеп қойған

жок, сонымен бірге өзінің идеялық-эстетикалық көзқарастарын да білдіріп отырды. Әрине, оның әр ақыннан жасаған аудармалары әралуан өзгешелік, әралуан сипат танытады.

Мысалы, Крыловтан жасаған кейбір аудармаларында Абай ауыз әдебиетінің сарындары мен суреттеу тәсілдерін шебер қолданып отырады. Бірақ бұдан Крылов мысалдарының өзіндік ерекшеліктері көмескі тартпайды, қайта солардың дидактикалық, ғибратшылдық сарындары күшейе түседі, ұғымға жақындай түседі.

Ал Пушкин мен Лермонтовтан жасаған аудармалары – тек Абай шығармашылығы үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл қазақ әдебиеті үшін баға жетпес шығармашылық әрі көркемдік құбылыс. Егер Крылов мысалдарын аударғанда Абай өзінің төл сатиралық поэзиясымен қоян-қолтық келіп отырса, ал Пушкинді, әсіресе Лермонтовты аударғанда ол өзінің ақындық сарайын, лирикалық кейіпкерінің ішкі әлемін кобірек ашады.

Өз шығармашылығында да идея мен мазмұнды аса жоғары бағалаған Абай көркем аудармада да сол принциптен танбағаны аян. Ол аударып отырған шығармасының идеялық тынысын, рухын терең жеткізіп беруді бірінші орынға қойды. Ол кейде түпнұсқадан сырттай алыстаған тәрізді болып отырып та, нәтижеде соған соғұрлым жақын келіп, етене туыса түсіп отырады. Осындай көркемдік тәсілдер мен ерекшеліктер, шығармашылық принциптер басқа әдебиеттердің де тәжірибесінен байқалады. Мысалы, татар әдебиетшісі Р.Ш.Башкуров Тоқайдың орыс әдебиетінен жасаған аудармаларын талдағанда солардың осы ерекшелігін, яғни татар классигі де түпнұсқаның рухын барынша толық беруге айрықша назар аударғанын айтады. Осы орайда ол Абай мен Тоқайдың аудармашылық принциптерін салыстыра келіп, оларда ортақ, ұқсас жәйттер мен мезеттер барын атап өтеді [134,16-17].

Әрине, бұдан көркем аударманың принциптерін әсіресе тәжірибесінде Абай мен Тоқай әрдайым бірге келіп, қатар түсіп отырады деген ұғым тумаска керек. Әркайсысының ақындық талантына және шығармашылық мұраттары мен эстетикалық көзқарастарына байланысты олардың өзіндік

өзгешеліктері де болды. Мысалы, қайсыбір жағдайда түпнұсқадағы ойды барынша мол жеткізіп берем деп отырып, Тоқай тым еркін аударып, жанынан көбірек қосады екен. Оның бір аудармасы мынадай:

Бәхетле нерәсиде. Тар бишек те киң әле аңгар.
Ике ат бер тиен, диңгез тубыктан тиң әле аңгар.
Вәләкин бир заман, ул тик бераз уссен дә ир булсын;
Куренер киң жиһан аңгар, кабердән һәм ләхеттен тар[134,18].

Бұл – Лермонтовтың Шиллерден жасаған «Дитя люльке» аударма-өленінің татаршасы. Бұл Лермонтовта мынадай екіак жол өлең болып берілген:

Счастлив ребенок! И в люльке просторно ему:
но дай время
Сделаться мужем, и тесен покажется мир [135,72].

Осы өленді Абайдың да аударғаны мағлұм. Бұл – оның ең тұңғыш аудармаларының бірі. Абай аудармасы былайша болып келеді:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ержеткен соң, сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға *(II, 09)*.

Абай да еркін аударған. Ол адамның жас, сәби кезін тоқтығы мен қамсыздығын, ал ер жеткен соң тынымсыз мен тыныштық таппайтындығын терең аңғартады. Сол кезде дүниенің тарлығы, адамның бас бостандығының қымбаттығы туралы Лермонтов ишарамен айтып отыр. Осы өрелі ой Абайға әсіресе жақын, өте-мөте бағалы.

Тоқай аудармасындағы «екі ат, бір тиын», «Сырдии суы жұлығынан келмеиді» («диңгез тубыктан тин, аңгар») немесе «қабір», «лақыт» тәрізді образдар Лермонтовта жоқ. Татар классигі бұларды өз жанынан қосқан. Сол сияқты, Лермонтовтың «Түйткіл» («Опасение») атты өленіндегі: «И беден, жалок будешь ты», – деген жалғыз жолды Тоқай былай аударған:

Бәхетсез сии булырсың,
Күңелсез, казганыч, мескен булырсың [134,18].
(«Вәгазь»)

Сөйтіп, Тоқай аудармаларына қосалқы көркемдік штрихтарды, фразеологиялық және идиомалық тіркестерді көбірек қосады. Түпнұсқадағы негізгі ойды тереңірек ашып беруге ұмтылу Абайда да бар. Бірақ Абай мен Тоқай бір мақсатқа әркайсысы әралуан көркемдік тәсілдер арқылы жетуді көздеген. Мұның өзі, бір жағынан, орыс әдебиетінен үйренудің және одан аударудың жолдары мен мүмкіндіктері сан қилы, ұшан-теңіз екендігін де көрсетеді. Бұл әр әдебиеттің өзіндік дәстүрлеріне, әр суреткердің шығармашылығының сипатына, көркемдік-эстетикалық принциптеріне де тікелей байланысты.

Абай шығармашылығын шындап ден қойған кезінен бастап өмірінің ақтық шағына дейін орыс әдебиетін тереңдеп оқудан, қайталап оқудан және одан үйренуден, аударудан танған жоқ. Ол орыс әдебиетімен ажырамас шығармашылық қарым-қатынаста болды. Тіпті сырттай қарағанда еркін тәрізді көрінетін және өзінше интерпретация жасаған аудармаларының қай-қайсысында да Абай түпнұсқаның озгешеліктерін, шығармашылық ерекшеліктерін жоққа саймайды, бекерге шығармайды және өзінің де ұлылығын, ұлттық сипатын жоғалтпайды, көлегейлемейді.

Қазақтың тұңғыш ғалымы, ойшылы Шоқан Уәлихановтың, аса ірі ағартушы жазушы Ыбырай Алтынсариннің және ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылық тағдыры мен қызметінде түбегейлі бетбұрыс жасаған және сол арқылы бүкіл қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында жаңа дәуір ашқан орыс мәдениеті XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың реалистік демократтық әдебиетінің дамуына да айрықша күшті әрі соншалықты жемісті әсер етті.

II

Өзі қадір-қасиетін терең таныған және нәрлі қайнарынан көп сусындаған орыс әдебиетін Абайдың айналасына тарапауы, насихаттамауы мүмкін емес еді. Шындығында да,

солай болды. Абай мекендеген өлкеде бұл ерекше дәстүр болғаны, осы орайда Халиолланың айрықша рөл атқарғаны Г.Н.Потаниннің естеліктерінде («В юрте последнего киргизского царевича») нақтылы көрсетілгені де аян.

Орыс әдебиетінің, тіпті дүниежүзі әдебиетінің көптеген шығармаларының мазмұнын ауызша айтып, таратып отырғанын былай қойғанда Абай өзін қоршаған талантты жастардың, шәкірт ақындардың үлкен әдебиеттерден үлгі көріп, шығармашылық тағлым алуын тікелей құптап, қатты қадағалаумен болған. Сөйтіп, Абай талант иелеріне де, тыңдаушы ортаға да әсер еткен, олардың көркемдік талғамының ұшталып қалыптасуына ықпал жасаған. Осы жайда Абайдың баласы Тұраш өзінің естелігінде былай деп жазады:

«Бері келе кітапты көп оқитын болған соң уақытының көбін кітап алатын болды. Бірақ кейбір түндерде я кітапқа, я құмалаққа түсіп кетпесе, біреуге ертек айтқызып, я өзі айтып отыратын еді. Біреуге айтқызғанда бұрын есітпеген ертегісіндей ынтасын сала тыңдап, бір сөзін қақпай, әбден айтып болған соң айтушының адасқан жері болса, қайтадан өзі айтып түзеп беруші еді. Қазақтың ертегілерінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шығар. Сонда: «Қазақтың ескі ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені, көршілес, күндес елдері қай жұрттар екені, діні, білімінің қандайлық кезде шығарғаны, солардың ескі салты, арманы, кесіп-харекеті не екені көрінеді», – деуші еді.

Жас кезінде де парсы жұртының «Жамшид», «Қаһарман» секілді ертегі кітаптарын көп оқыса керек. Өзім көргем де. «Мың бір түннің» кітабын оқып, алғаш біздің елді «Мың бір түнмен» таныстырған – менің әкем.

Осы ретпен орыстың әңгімелі кітаптарын да көп оқып, көп айтып, елді романдармен таныстырғандығынан біздің ел «Мың бір түннен» жалығып, романның қызығын күштірек көріп, соған әуестеніңкіреп кетті» [10, 397].

Бұдан көп жайды аңғаруға болады. Ең алдымен, Абайдың өз халқының бай ауыз әдебиетін, соның ішінде ертегілерді аса жоғары бағалағаны байқалады. Рас, «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» деп келетін бір өлеңінде Абай «жоқ-барды, ертегіні» теруді жақтырмайтын сыңай сездіретін. Бірақ бұдан Абай халық әдебиетіне, оның ішінде ертегі

жанрына сырт айналған, теріс қараған деген қорытынды тумаска керек. Мұнда Абай шындықтан шалғай «жоқ-бар» шығармаларды сынайды және өз заманы талап етіп отырған реалистік жаңа әдебиеттің міндетін ертегі-аңыздар ада қыла алмайтынын айтады, зор эстетикалық-көркемдік әрі идеялық тұрғыдан қарайды. Әйтпесе, Абай ертегілердің халық тарихын, оның өткенін, өмірі мен тағдырын, әдет-ғұрпын, ой-арманын тануда зор маңызы бар екендігін терең түсінген. Тұраш естелігінен Абайдың айтушы әрі тыңдаушы ретіндегі калпы да жақсы аңғарылады.

Бұдан соң естелікте Абайдың жас кезінде Шығыс әдебиеті үлгілерін оқып, таратып, ал кейін орыс әдебиетіне көбірек ден қойғаны айтылуы – айрықша бағалы факт, маңызды дерек. Бұл ұлы ақынның шығармашылық ізденістеріндегі, эстетикалық көзқарастарындағы эволюцияны, өзгеше бетбұрысты жақсы танытады. Сонымен бірге оны қоршаған ортаның, тыңдаушылардың да талғамы өзгерген. Олар, яғни Тұраш сөзімен айтқанда дүйім ел «Мың бір түн» сияқты шығармалардан жалығып, роман сияқты күрделі жанрға, реалистік жанрға ауысқан. Бұл – Абай шығармашылығының және ол тағлым алған классикалық орыс әдебиетінің өмір шындығымен тығыз байланыстылығының, заман талабының, халық тілегінің үдесінен шыққандығының әсері.

Ұлы ақынның шығармашылығы – жас таланттар үшін жаңа өріске меңзейтін арна ғана емес, мәдениеті жоғары әдебиеттерден шығармашылық жолмен үйренудің тамаша үлгісі де еді. Сірә, Абай өзінің ақын шәкірттеріне орыстың классикалық әдебиетінің халықтығы мен демократизмінен, көркемдік ерекшеліктерінен үйрену қажеттігін танытып қана қоймай, қалай және қайтіп үйрену керектігін де көрсеткен, аңдатқан болуға керек. Ақылбай мен Магауияның реалистік-романтикалық поэмалар тудырудағы шығармашылық тәжірибесі мен ізденістері – бұған анық айғақ. Шығандап шығып, алыска ұзап көп оқып үлгермеген бұл ақындардың орыс әдебиеті сияқты аса күрделі, шығармашылық сыры мен қыры өлшеусіз мол, іргелі әдебиеттің тереңіне тек Абайдай дана ұстаздың демеуімен, жәрдемімен ғана үңілгендігі, дәлірек айтқанда, үңіле алғандығы даусыз болса керек.

Ақылбай, Мағауия, Әсеттердің реалистік-романтикалық поэмалары қазақ әдебиетінде тың бағыт басталғанын, шын мәнісіндегі сюжетті поэмалар туа бастағанын анық танытты. Олар мұндай шығармашылық биікке классикалық орыс әдебиетінің, әсіресе Пушкин мен Лермонтов поэзиясының игі әсері аркылы көтерілді.

Абайдың бұл ақын шәкірттері басқа жұрттардың өмірін жыр еткенде ешқандай жатсыну, жатырқау сарынын сездірмейді, қайта сол елдердің еңбек адамдарына, қарапайым жандарына деген татаусыз ықыласын білдіріп отырады. Бұл, әрине, орыс әдебиетінің халықтық және демократтық принциптерінің әсері аркылы болғандығы даусыз.

Ақылбай, Мағауия поэмаларының қаһармандары «қайырымды» қарақшылар түрінде емес, үстем тап иелерінен, зорлық-зомбылық жасаушылардан өш алушылар, кек қайтарушылар ретінде суреттеледі. Олар жауына сонша-лықты сұсты да қатал, ал достарына мейірімді, адал. Әрине, олардың әділет туралы ойларында, авторлық позициясында шектелушілік бар. Бірақ олар өздері ұғынған әділетке адал, ақка жақ. Сол поэмалардың гуманистік қасиетін тереңдете, күшейте түсіп тұрған да осы жәйттер. Сонымен бірге осы қасиеті сол поэмаларды Батыс Еуропа әдебиетінде көп таралған романтикалық шығармалардан гөрі, орыс әдебиетіндегі романтикалық поэмалардың үлгілеріне жақындата, туыстыра түседі. Бір ғана мысал келтірелік. Ақылбайдың «Зұлыс» поэмасының желісін Хеггарттың «Копи царя Соломона» романынан алғаны аян. Бірақ сол тақырыпты дамытып шешуде және шығарма қаһармандарының характерлерін сипаттап, олардың образдарына авторлық трактовка жасауда Ақылбай жаңа қатынас, өзгеше көзқарас дамытады.

Ақылбай, Мағауия және Әсет поэмаларының тағы да бір ерекшелігі – оларда суреттеліп отырған ортаның сипаты мем ұлттық колоритінің жергілікті өзгешеліктерінің сақталып отыратындығы. Олар өз дәуірі, өз ортасы үшін қажет идеяларды жырлады, бірақ қаһармандарын мезгіл мен мекеннен бөле-жарып, жыраққа алып кеткен жоқ. Сонымен бірге оларда экзотикалық жәйттерге алаңдау, шындықтан

алыстап, шалғай кету де жоқ. Бұдан да олардың тағлым алған мектебі, шығармашылық өрісі анық байқалады.

Шындығында да, еркіндік пен ерлікті сүйетін, рухы күшті, оршілойлы жандардыжарқынбейнелеуде,олардыңөрмінезін, оқшау да батыл іс-әрекеттерін аскактата жырлауда Ақылбай мен Мағауияның орыс классиктерінен, әсіресе Пушкин мен Лермонтовтан үлгі алғандығы даусыз. «Дағыстан» поэмасында: «Кітапта жазған орыс даналары», – деп ескертуінен Ақылбайдың Пушкин және Лермонтовтың Кавказ тақырыбына жазған шығармаларымен жақсы таныс болғаны әрі соларды жоғары бағалағаны байқалмай қалмайды. Оны орыстың дана ақындарының сол тақырыпқа деген авторлық қатынасы да, жазу мәнері де катты қызықтырғанға ұқсайды. Сөйтіп, бір кезде орыс классиктерінің ақындық бесігі болған Кавказ қазақ ақындарының да киялын қозғап, шабытына қанат бітірді, рухтандырды.

Пушкиннің «Кавказ тұтқыны», Лермонтовтың «Демон», «Мцыри» тәрізді шығармаларынан әсіресе мол үйренгені Ақылбай мен Мағауия поэмаларында анық белгі берген. Бұл ретте екі түрлі жайды – табиғат суреттерінің берілуін және қаһармандардың мінезі мен сыр-сипатын ашудағы өзгешелікті өте-мөте қадап, атап айту шарт. Сонымен бірге олардың поэмаларының адамгершілік-гуманистік сипатын, тарихи нақтылы кезең мен жағдайға жанасымдылығын да ескеру ләзім.

Ақылбай мен Мағауия поэмаларында реалистік сипат та баршылық. Бұл олардың шет жұрттардың өмірінен алып жазған поэмаларынан да, қазақ тақырыбына арнаған дастандарынан да анық сезіледі.

«XIX ғасырдың бірінші жарымындағы орыс әдебиетінде,– деп жазды А. Фадеев, – реализм мен романтизм ағым ретінде Пушкин, Лермонтов, Гоголь шығармашылығында тұтасып кетті дерлік дәрежеде еді»[136,409]. Осыны қазақ поэзиясының тарихында романтикалық-реалистік поэмалардың тамаша үлгілерін тудырған Ақылбай, Мағауия және басқа да ақындардың шығармашылығына байланыстыра айтуға әбден болады.

Абайдың акын шәкірттері орыс әдебиетін тереңдеп окып үйренумен бірге содан аударма жасауға да талаптанған.

Солардың бірі Біләл Ыскаков Пушкиннің «Қысқы жол» («Зимняя дорога») өлеңін аударған. Бұл аударма түгел сақталмаған. Пушкин өлеңі 7 шумақтан тұрады. Біләл Ыскаков соны шумақ-шумағымен аударған. Аударманың 4 шумағы ғана сақталған. Соларды салыстырып қаралық.

Пушкинде:

Сквозь волнистые туманы
Пробирается луна,
На печальные поляны
Льет печально свет она.

По дороге зимней, скучной
Тройка борзая бежит,
Колокольчик однозвучный
Утомительно гремит.
Что-то слышится родное
В долгих песнях ямщика:
То разгулье удалое,
То сердечная тоска...
Ни огня, ни черной хаты...
Глушь и снег...
Навстречу мне
Только версты полосаты
Попадаются одни [137,344].

Осы былай аударылған:

Өркештенген бұлттың арасынан
Азайып ай көрінді шарасынан.
Елсіз жым-жырт қайғылы сар далаға
Мұңайып сәуле түсер саласынан.
Келеді жол үстінде үш ат жеккен,
Көңілсіз қысты күнгі жолмен кеткен.
Доғада қоңырауды желген аттар
Шаршағандай дыбыспен күңіренткен.
Ән салар жемшік жолдың ұзағында,
Сол әннің тәтті үні тұр құлағымда.

Жүректің жүз толғауы еске түсіп,
Келеді қуанғым да, жылағым да.
Жанған оты жылтырап көрінбес үй,
Қалың қар, иесіз дала кетірер күй.
Шақырымның есебін жазған тақтай
Анда-санда көрінсе, о да – үлкен сый ...[40,40-41]

Пушкин өлеңінің рухы, мұңды сарыны, әсем тұтастығы, ондағы табиғат суреттері, ақынның көңіл-күйлері, сағынышы мен жұбанышы, қимауы мен қапалануы аудармада әдемі берілген. Сондықтан да ол құлақты тосаңсытпай, өте жағымды, биязы да түсінікті естіледі.

Тағы да бір байқалатын жәйт – аудармадан Абай әсерінің сезілетіндігі. Аударма-өленнің жалпы стиліндегі, тілінің тазалығы мен молдығындағы, қиыннан қиюласқан жұмырлығындағы ұқсас жәйттерді атамағанда, «елсіз жым-жырт», «жүректің жүз толғауы», «о да – үлкен сый» тәрізді тіркестер мен байлаулардың төркіні қайда жатқаны айдан анық.

Тегі Абай төңірегіндегі ақындар орыс әдебиетінен талай-талай аударма жасаған болуға керек. Бірақ солардың көбі сақталмаған. Бұл салада әлі де болса көп іздеу, көп іздену, көп қарману керектігі даусыз.

«Абайдың «Евгений Онегин» романынан үзінділер аударып, қазақ сахарасын орыс әдебиетінің ұлы шығармасымен таныстыруы, қазақ шындығына ара-тұра жақындатып, өзінше интерпретация жасауы қазақтың сыншыл реалистік әдебиетінің туып қалыптасуындағы айрықша оқиға еді. Бұл аударма революцияға дейінгі кезеңнің өзінде-ақ ел арасына мейлінше кең таралып кетті. Сондықтан қазақ ақындарының «Евгений Онегин» романының желісі мен тақырыбына әралуан дастандар тудыруы да заңды еді. Мысалы, Қуат Терібаев пен Сапарғали Әлімбетовтан, Шәріповтан жазылып алынған нұсқалар осындай. Мұның бір нұсқасын алғаш Абайдың ақын шәкірті Әсет шығарған. Бұл да аудармадан гөрі тың шығармаға жақындау. Бұл мәселе сыншы, ғалым, проф. Е.Ысмайыловтың «Ақындар» атты монографиясының «Евгений Онегинді» халық ақындарының жырлауы» деген тарауында жан-жақты, толық қамтылған (272-287-беттер). Ол бұл

поэманың қазақ әдебиетіндегі айрықша оқиға болғанын айта келіп, былайша түйеді: «Шығыс әдебиетіндегі махаббатты тағдырдың қосуына немесе тән ләззатына байланыстырып жырлау мотивімен салыстырғанда, болмаса екі ғашықтың қосылуын құда түсіп қалың мал берумен яки әменгерлікпен байланыстыратын қазақтың өз ішіндегі кейбір жырлармен салыстырғанда бұл поэма бүтіндей өршіл идеялы шығарма, қазақтың рухани өміріне келіп кірген зор жаңалық еді» [138, 284].

Сөйтіп, Абай шәкірттерінің, оның төңірегіндегі талантты ақындардың орыс әдебиетін үйренуі және аудармалар жасауы заман талабынан туды, мейлінше мәнді әрі қажетті шығармашылық құбылыс болды.

Орыс әдебиетін насихаттауда және одан аударылған шығармаларды жариялауда қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі, газет-журналдары да айрықша рөл атқарды. Оларда басқа туысқан халықтардың да ертегілері, аңыз-әңгімелері басылып тұрды. Мысалы, «Дала уалаяты газеті» өз оқушыларын литван халқының «Бұлбұл мен қызыл гүл», финнің «Үш жасыл жапырактар» деген ертегілері, грузин халқының аңызы және басқа да шығармалармен таныстырды [139].

Газет орыс әдебиетінің шығармалары мен құбылыстарына айрықша көңіл бөлді. Ол оқушыларына «Снегурочка» спектаклінің мазмұнын, [140], Пушкиннің «Бақшасарай фонтаны» поэмасы жайында деректер [141] ұсынды. Әрине, шығармашылық тұрғыдан алғанда соншалықты терең із қалдырмаса да, бұл сол кез үшін әжептәуір маңызы бар құбылыстар еді. Бір халықтың шығармасы екінші жұрттың арасында ауызекі айтылмай, баспа жүзінде таралуы оның әсер күшін молайта түсетіндігі даусыз.

«Дала уалаяты газеті» орыс әдебиетінің Пушкин, Толстой тәрізді алыптары шығармаларының шығыс халықтарының тілдеріне аударылуына айрықша мән бере келіп («Шығыс елдері орыс әдебиетін оқып, өз тілдеріне аударуы») [142], одан кейін Толстой, Лермонтов, Тургенев тәрізді жазушылардың шығармаларын молырақ аудару қажет екендігін қазақтың бас көтерер адамдарына арнайы түрде ескертеді [143].

III

Газет бұл идеяны құр декларация түрінде қалдырған жоқ. Ол Крыловтың мысалдарын, Успенский мен Толстойдың әңгімелерін, Мамин-Сибиряктің шығармаларын қазақ тілінде басып шығарды. Әрине, бұл аудармалар көркемдік сапасы жағынан біркелкі емес.

Аудармашы-жазушы, ғалым С.Талжанов осы жайды, оның себебін анғарта келіп былай деп түйеді: «...көркем аударманың сапасы сол елдегі төл әдебиеттің сапасына сәйкес болады. Бұл екеуі қатар өседі. Көш бастайтын төл әдебиеттің соңына еріп, аударма әдебиеті жедел жүреді. Революцияға дейін біздің қазақ тіліне Крылов, Хемницер, Буниндердің ұсақ-ұсақ мысалдары, Пушкин, Лермонтовтардың қысқа-қысқа үзінді өлеңдері аударылды. Осы аударушылардың бәрі де шетпұшпақтап болмаса, түгел бір авторды сарқа аударған жоқ. Тіпті бір автордың кесек бір шығармасын да бүтіндей аударып бере алмайтын» [144]. Өйткені сол аударушылардың көбі талантты адамдар емес еді.

Оның үстіне әдебиеттің жалпы дәрежесі мен өрісі де көп жағдайда шектеп, тұсап отырды. Мысалы, революцияға дейінгі кезеңде поэзиялық шығарма прозалық шығармалардан анағұрлым мол аударылды, тіпті Лермонтовтың «Вадим», Пушкиннің «Дубровский» повестері сияқты шығармалар да өлеңмен аударылды. Ал проза түрінде аударыла қалса да, түпнұсқадан көш төмен түсіп жататын. Пушкиннің «Капитан қызының» М.Бекімов жасаған аудармасында да көркемдік кемшілік көп-ақ еді. Мұның ең негізгі себептерінің бірі сол кездегі әдебиетімізде шын мәнісіндегі күрделі, қилы-қилы проза жанрының қалыптасып жетпеуіне байланысты еді.

Бұған қарап проза түрінде жасалған сол аудармалардың өз кезіндегі пайдасын, мән-маңызын жоққа саюға болмайды. Оларға тарихи тұрғыдан қарау шарт. Оның үстіне сол аудармалардың ішінде тікелей қазақ өміріне, сахара шындығына арналғандары да бар еді. Бұл ретте орыстың атақты жазушысы Мамин-Сибиряктің шығармаларын айрықша атау қажет. «Дала уалаятының газетінде» оның башқұрт арасын аралап жүріп көргендерін айтып жазған «Орда» [145] және

қазақтар жайында жазған «Ақбоз ат» [146] сиякты шығармалары басылды.

Мамин-Сибиряктің «Ақбоз ат» әңгімесі алғаш рет 1895 жылы «Детское чтение» журналында жарияланды. Осы әңгіменің арада үш-төрт жыл өтісімен қазақ тіліне аударылып әрі басылып шығуы көңіл аударарлық факт. Әңгіме кейіпкері жас Бұқарбайдың тағдырын, оның жүйрігі Ақбоз аттың жайын баяндай отырып, жазушы бұрынғы қазақ ауылы өмірінің көп шындығын реалистік түрде ашып берген. Өз шығармасының негізгі пафосы, басты идеясы арқылы жазушы еңбектің қуаты мен қуанышын, оның адам өміріндегі рөлін мадақтайды. Бұл – сахараның өзгеше сұлулығын сезіне білуге, сүйе білуге үндейтін, патриоттық ой-сезімдерді оятатын шығарма.

Реалист-жазушы шындықты әсірелеп, боямалап көрсетуден, экзотикалық жәйттерді жырға айналдырып суреттеуден де аулақ. Ол қазақ ауылында қанаушылар мен қаналушылар, зәбірлеушілер мен зәбірленушілер барын, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік барын бейнелі түрде көрсетіп берді.

Орыс жазушысының қазақ халқын қалтқысыз сүйгені, іш тартқаны, гуманистік әрі демократтық қатынаста болғаны оның «Хантоғайдың аққуы», «Көшімнің қазынасы», «Майя», «Баймаған» атты шығармаларында анық белгі берді. Қазақ тақырыбына ол басқа да ірі шығармаларында оралып отырған.

Сөз өнері, ән-күй – қазақ халқының ғасырлар бойғы рухани сырласы ғана емес, оның тарихи тағдырының шежіресі де. Сондықтан бұл жайында аңыз-әңгімелер де әрдайым көп таралып отырған. Мамин-Сибиряк қазақ тақырыбына арнаған бірталай шығармасын осы сарында жазған. Мысалы, ол осы мақсатпен «Хантоғайдың аққуы» әңгімесіне ақын мен дана, ақылгөй карттың бейнелерін енгізсе, ал «Көшімнің қазынасы» атты шығармасында сахараны селдей каптаған қайғы-қасіреттің, айықпас мұнның терең көрінісі болған өлең-жыр мен әннің құдіретті күшін жыр етіп шертеді. Асқақ өнер халық арманын бейнелеуге, оның көз жасын тыйып, көңілін демеуге, шындай түсуге және оны өз бақыты үшін талпына білуге үйретуге тиіс. Өз шығармалары арқылы жазушы осындай бейнелі ойға мензейді.

Мамин-Сибиряк қазақ халқын елдік пен ерлікке берік, қайратты да өр етіп суреттейді, оның бойындағы абзал сезімдер мен жарқын қасиеттерді мол қамтып ашады. Татаусыз, шынайы махаббат адамды моральдық-рухани жағынан өлшеусіз өсіріп, оның жан-жүрегін ізгілікке бөлейді, оның ең терең, ең биік адамгершілік сезімдерін оятады. Осы шындықты жазушы Майя мен Сарымбет сияқты кейіпкерлерінің образдары арқылы соншалықты әсерлі де тартымды бейнелеп берді.

Ал «Баймаған» атты шығарма да терең, құнарлы идеяға толы. Әлеуметтік әділетсіздікке негізделген қоғамда адал еңбекпен байлық жиналмайды, сондықтан да ондай жолмен табылған байлық адамды бұзады, азырады – шығарманың әшкерелеушілік сипатын күшейтіп тұрған идеялық түйіндердің бірі осы. Ал еңбек адамдарын, дәулеті жоқ, бірақ ары таза, жаны таза жандарды жазушы соншалықты жылы мейірмен суреттейді.

Сөйтіп, Мамин-Сибиряктің қазақ өмірімен, қазақ әдебиетімен байланысы күшті болды. Бұл молырақ, тереңірек зерттелуге тиіс. Зерттеушілер бұл тақырыпқа назар аудара бастады [147]. Бірақ алдағы уақытта тындырылуға тиісті іс бұдан да зор, бұдан да көп.

Орыс әдебиетінің шығармаларын насихаттауда «Айқап» журналы да айрықша қызмет атқарды. Онда Крыловтан «Өтірікші», «Шегіртке мен құмырсқа», Лермонтовтан «Үш құрма терек», Пушкиннен «Пайғамбар», Толстойдан «Ілияс», Чеховтан «Қара қарға», А.Сорокиннен «Жусан» және басқа да аудармалар басылды.

Журналда жарияланған аудармалардың ішінде көңіл аударарлықтарының бірі – «Әке мен бала» атты диалог түрінде жазылған шығарма. Аударған – Жиһанша Сейдалин. Осы диалог былай аяқталады:

Бала – Адам өлген соң не болады?

Әке – Топырақ болады.

Бала – Сіз де топырақ боласыз ба?

Әке – Білмеймін. Неге сұрайсың?

Бала – Жай сұраймын. Сіз өлгенде топырағыңыздан қандай қатты кірпіштер басылып шығар екен деп ойыма түсіп кетті [148].

Бұл шығарма әшкерелеушілік қасиетімен, демократтық идеясымен құнды. Онда завод иесі капиталистің қатыгездігі, мейірімсіздігі өткір түйрелген.

«Айқапта» басылған ең көлемді аударма – «Рустем-Зураб» [149]. Бұл – парсының ұлы классик ақыны А.Фирдоусидің бүкіл әлемге таралған «Шахнама» атты дастанының нұсқасы. Аударған – Мұхамеджан Сералин. Ол ең алдымен осы шығарма жайында және оны кімнен әрі қалай аударғаны хақында түсінік-мақала жазған. Бүкіл әлемдік әдебиеттің алтын қазыналарының бірі саналатын бұл шығарманың тараулары да орыс тілінен (Жуковскийден) аударылған. Бұл жайында проф. Б. Кенжебаев кітабында кеңірек айтылған [85,80-83].

Жалпы алғанда, орыс әдебиетін насихаттап, оның жекелеген шығармаларының аудармаларын жариялап отыруы «Айқап» журналының демократтық позициясының нығаюына, халық арасына кеңірек таралып, молырақ танылуына септігін тигізбей қалған жоқ.

Төл әдеби шығармалар мен аудармалар «Қазақстан» газетінде де басылып тұрды. Солардың ішінен Кольцовтың «Что ты спишь, мужичок» өлеңінің аудармасын («Уа, ұйықтап жатамысың, қара шекпен?») [150] айрықша атап айтуға болады. Кольцовтың бұл өлеңін ұлы сыншы Белинский жоғары бағалаған: «Кольцов шаруа тұрмысын қаз-қалпында білді және жақсы көрді, оны әлеміштеген де, әсірелеген де жоқ. Осынау тұрмыстың поэзиясын ол риторикадан да, пиитикадан да, қиялдан да емес, тіпті шындық ұсынған мазмұнды суреттеу үшін соншалықты образдар берген өзінің фантазиясынан да емес, сол тұрмыстың өзінен тапты» [1, 137].

Бұл өлеңдегі еңбекке шақыру, еңбекті ардақтау және әрекетсіздік пен жалқаулықты сынап-мінеу сарындары со кездегі қазақ шындығына соншалықты жанасымды да, ділгір қажет те еді. Сонымен бірге ондағы халықтық идея мен демократтық белгілер де еңбек адамдарының ойы мен жүрегіне жол тауып отырды. Сол сияқты осы аударма жасалған және жарияланған кез қазақ халқының тарихындағы оқиғалармен, әсіресе жер мәселесімен байланысты уақыт болғанын да естен шығармау қажет.

Сөйтіп, орыс әдебиетінен аударылған шығармалар негізгі идеялары мен тақырыптары, бағыты мен рухы жағынан XX

ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократтық әдебиетімен үндес келіп, оны молықтыра, тереңдете түсті.

IV

XIX ғасырдың екінші жарымы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі өзгеше ақындық тұлғалардың бірі – Шәңгерей. Оның шығармашылығын бағалауда әркилы пікірлер болды. Бірақ солардың дені бір арнаға саяды. Ол – Шәңгерейдің өткен дәуренді аңсап, көнені көксеуі және сол арманы қайта оралмасын біліп өкінуі, таусыла күніренуі туралы түйін. Сонымен бірге өткендегі әдебиетімізді тұтас процесс ретінде алып қарағанда, Шәңгерей шығармашылығына сокпай, орағытып өту де жөнсіз екендігі хақ.

Біз Шәңгерейдің әр тақырыпқа жазған өлеңдеріндегі қайшылықты сарындарды, қос-қыртыс күйлерді аша отырып, оның шығармашылығының қилы-қилы сырына тереңірек үңілуге тиіспіз. Үстем тап ортасынан шығып, соның тәрбиесін алған Шәңгерей өзінің тегінен және соның идеологиясынан қол үзіп кете алған жоқ, соның санашысы, жоқшы-мұңшысы болды. Бұл жағынан алғанда Шәңгерей шығармашылығы тарихи дәуір шындығын анығырақ, айқынырақ ұғыну үшін бірталай мағлұмат береді. Өткен заман, өтіп бара жатқан заман өзінің ең күшті жыршысы, жоқшысы Шәңгерейдің тілімен енді қайтып оралмасын әйгілеп берді, мойындады.

Өз табының, өзінің әлсіздігін, дәрменсіздігін терең түсінген және содан барып қатты қалжыраған Шәңгерей жаңалыққа қарсы да белін бекем буып, сыбанып шыға бермейді. Өйткені, ол бұдан да түк өнбейтінін ұғынған сиякты сынай сездіреді. Бірақбұлоныңшығармашылығыныңкерітартпалық сипатын ақтауға сылтау бола алмайды. Жалпы Шәңгерейдің өз басын, оның шығармашылығын ақтаудың қажеті жоқ, оны терең түсіну, дұрыс ұғына білу шарт. Әдебиет зерттеушісі Зәки Ахметовтың Шәңгерей жайындағы еңбегінде [151,492-511] ақын шығармашылығының әр алуан қыры мен сырына осылайша тереңдеп үңілу әрі дұрыс ұғыну бар.

Біз Шәңгерей шығармашылығына жалпылама тоқталып жатуды мақсат етпейміз. Тек зерттеліп отырған мәселелерге

байланысты бірер жайға ғана тоқталамыз. Бұл – тағы да сол орыс әдебиетімен байланыс және одан аудару мәселесі.

Шәңгерейдің әлеуметтік көзқарасы, өмір мен заманды барлап айтқан ойлары жайындағы мәселені таратып жатпайақ, оның қай тақырыпқа арнап жазса да, зор ақындық мәдениет, ұсталық танытатындығын атап өтпеске болмайды. Асылында, Шәңгерейдің ақындық таланты күшті болған. Өйткені, бұған оның поэзиясының өзі куә. Оның Шығыс әдебиеті мен ауыз әдебиетін жақсы білгендігі де байқалады. Бірақ Шәңгерейдің нағыз жазба әдебиеттің өкілі болуына, шын мәнісіндегі профессионал ақынның дәрежесіне көтерілуіне әсер еткен фактор – оның орыс әдебиетімен таныс болғандығы, байланысы барлығы.

Орысша оқып тәрбие алған Шәңгерей өз кезіндегі және өткендегі орыс әдебиетін көп оқыған, жақсы білген. Бірақ ол содан өзіне ғана керегін, өзінің мұраттары мен көңіл-күйлеріне орайлас келетінін ғана алды. Егер Абай орыстың классикалық әдебиетінің халықтық, демократтық және гуманистік принциптеріне тамырын терең жайса, ал Шәңгерей оған көп жуықтап бара бермейді. Ол орыс әдебиеті өкілдерінің ішінен өзінің аулақтанған өміріне, дарашылдыққа салынып, құлазыған сезімдеріне рухы жағынан жақын сырластар іздеді және сол іздегендерін тапты да. Бұл жайында да зерттеушілер пікірі бір жерге саяды. Олардың бәрі де Шәңгерейдің ұстаздары ретінде Фет, Тютчев тәрізді ақындарды атайды.

Осы тұста бір жағдайды ескеру қажет сияқты. Шәңгерей шығармашылығын зерттеген қазақ ғалымдары мен әдебиетшілерінің басым көпшілігі Фет, Тютчев тәрізді ақындар «көркемөнер көркемөнер үшін» дейтін бағыттың өкілдері екенін, Шәңгерей де солармен үндес келіп жататынын дәлелдеуге көбірек көңіл бөлді. Бұл заңды да. Өйткені Фет пен Тютчевтің де, Шәңгерейдің де эстетикалық тілек-талаптары олардың әлеуметтік көзқарастарымен, саяси бағытымен тығыз байланысты еді.

Сонымен бірге Фет, Тютчев тәрізді ақындардың орыс әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар екендігі, замандастары олардың талантын жоғары бағалағаны да даусыз. «Тютчев жайында ешкім де пікір таластырмайды. Кімде-кім

оны сезінбесе – ол сонысымен поэзияны да түсінбейтінін көрсетеді» [152,31]. – деп жазды Тургенев. Фет пен Тютчев жайында осындай пікірлерді Толстой мен Некрасов та, Чернышевский мен Салтыков-Щедрин де айтты.

Фет пен Тютчев орыс әдебиетінде табиғат және махаббат лирикасының майталмандары ретінде танылады. Олардың бұл тақырыптарға арналған өлеңдерінде лирикалық күйлер, адам жанының тоқсан түрлі толғауы мен сыр-сезімдері соншалықты терең де мол қамтылып жырланған.

Шәңгерейдің шығармашылығында да табиғат, махаббат тақырыбына арналған өлеңдер, көңіл-күй лирикасы айрықша орын алады. Ақын осы тақырыптарды жырлағанда ауыз әдебиетінде және басқа авторларда бұрын-соңды ұшыраспаған көркемдік тәсілдер мен суреттеу құралдарын табады. Өзгесін былай қойғанда «Ғасанды, Кәлимолла, маған берсең» деп келетін өлеңде қанша тапқырлық, алғыр ізденгіштік бар. Шынайы махаббат патшалықтан да, байлық-дәулеттен де жоғары екендігі, асқақ екендігі туралы идея бұл өлеңде соншалықты әсем түйінмен берілген.

Шәңгерейдің өнер-білім жайындағы, ғылым жайындағы өлеңдері де назар аударарлық дәрежеде. Ол ғылымда, техникада жаңалық ашқан ақыл-ой алыптарын дін иелеріне, діни уағызшыларға қарама-қарсы қоя отырып жырлайды. Шәңгерейде антологиялық үлгідегі өлеңдердің талайы бар. Қай өлеңінен де оның шеберлігі, жүйріктігі белгі беріп тұрады. Сөйтсе де ол қазақ әдебиетінің тарихында мойны озық, ілгергі қатардағы ақындармен бірге аталмайды. Бұл ең алдымен оның поэзиясының идеялық бағытының күңгірттігі мен тарлығына, өріссіздігіне байланысты.

Салтыков-Щедрин Фет шығармашылығын талдай келіп, былай деген екен: «Орыстың екінші қатардағы ақындарының ішінде көрнекті бір орын, сөз жоқ, Фет мырзаға тәуелді. Оның өлеңдерінің көбі шыншылдық пен сонылыққа толы, ал оның романстарын бүкіл Россия түгел дерлік айтып жүр... Сөйтсе де ақынның осындай шыншылдығына оқушы жүрегін опоңай баурайтындығына қарамастан, ол екінші қатардағы ақынның жұпыны ғана халіне шүкіршілік етуге тиіс десек, онда мұның сыры, біздіңше, Фет мырза ақындық жолмен қайта тудыруға өзін бағыштаған әлемнің тарандығына,

бір калыпты күйкілігіне және өріссіздігіне байланысты» [153.330].

Шәңгерей поэзиясын да осы тұрғыдан бағалаудың орайы әбден бар. Орыс әдебиетінің әралуан үлгілерімен терең таныстығының және ақындық талантының арқасында Шәңгерей жазба әдебиеттің көрнекті өкілі болды, профессионал ақын дәрежесіне көтерілді. Бірақ ол қазақ әдебиетінің тарихында соншалықты терең де айқын із қалдырған жоқ, қалдыра алған жоқ.

Шәңгерейдің орыс әдебиетіне қатынасы және онымен байланысы жайында сөз болғанда айта кетерлік тағы да бірер нәрсе бар. Білетін адамдардың айтуына қарағанда, ол Гогольдің «Өлі жандар» романын аса қатты бағалаған екен. Шәңгерейдің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, оның шығармаларын жинақ етіп бастырған Н.Манаев былай деп жазады: «Шәңгерей Ғұмар Қарашұлына Гогольдің «Өлі жандарын» оқытып шыққан... Өзі оны орысша оқытқан. «Өлі жандарды» жарататындығы соншалық болыпты – оның кейіпкерлерінің сөздерін жатқа біледі екен» [154, 31].

Әрине, бұдан Шәңгерей Гогольден үйренді деген ұғым әсте тумайды. Біз мұны ақынның классикалық орыс әдебиетіне қатынасын аңдатарлық дерек ретінде ғана келтіріп отырмыз. Осы орайда оның орыстың классик ақыны Лермонтовтың «Қашқын» поэмасын аударғанын және шебер аударғанын атап айтпаска болмайды.

Лермонтов өзінің поэмасына «Тау аңызы» («Горская легенда») деп ескертпе жасаған. Шәңгерей қазақ ұғымына түсініктірек, анығырақ болуы үшін осы «Тау шеркешінде болған оқиға» деп алған. Расында да, поэма оқиғасы шеркештер өмірінен алынған.

Көлемі шап-шағын ғана осы поэмада Лермонтов үлкен ойлар айтқан. Шығармада ерлік, елдік қасиеттер мадақталады, қорқақтық пен қор ездік, қоян жүректік аяусыз сыналады.

Поэманың кейіпкері Һарун қан майданнан қашып, бас сауғалап, ұрыдай жасырынып еліне қайтады. Бірақ одан досы Сәлім де, сүйген жары да, ақ шашты анасы да безіп шығады, теріс айналады. Ақыры Һарун өзін – өзі өлтіреді. Ол ит өлімімен өледі. Сүйегі де көмусіз қалады. Опасыз жанда Отан жоқ. Поэманың негізгі идеясы – осы. Онда Черкес

халқының азаттық сүйгіш рухы, қайсарлығы мен өршілдігі зор қуатпен бейнеленген.

Өзінің аудармасында Шәңгерей поэманың осындай терең идеясын да, көркемдік қасиетін де әлсіретпей жеткізіп бере алған. Бірер мысал келтіріп қаралық:

Гарун бежал быстрее лани,
Быстрей, чем заяц от орла;
Бежал он в страхе с поля брани,
Где кровь черкасская текла;
Отец и два родные брата
За честь и вольность там легли,
И под пятой у сопостата
Лежат их головы в пыли.
Их кровь течет и просит мщенья,
Гарун забыл свой долг и стыд;
Он растерял в пылу сраженья
Винтовку, шашку – и бежит [155, 461].

Шәңгерей осыны былай аударған:

Киіктей орғып таудан Һарун қашты,
Қояндай бүркіт қуған жаман састы.
Соғыстың Һарун қашқан майданында
Төгіліп шеркеш қаны судай тасты.
Ар-намыс, абырой үшін шаһит болған
Ата мен ағасын тастап қашты, адасты.
Бастары жерде жатыр шаңға батып,
Дұспанның ол айтқан жер аяқ асты.
Ата, аға, өлгендердің кегін алмай
Һарунды үрейі ұшқан қара басты.
Айырылып мылтық, қылыш-қаруынан
Соғыстан соқа басын алып қашты [156, 2].

Түпнұсқадағы негізгі ойлар мен бояулар аудармада да жадап-жүдемей, әлсіремей жеткен. Өйткені аударушы шығарманың идеясын ғана емес, бүкіл рухын, әр образдың, әр сөздің астарын терең ұғынып қана қоймай, солардың баламасын да таба алған. «За честь и вольность там легли» деген жолдың – «Ар-намыс, абырой үшін шаһит болған» деп

аударылуы Шәңгерейдің ақындық талантын сездіргендей. «Шәһит болған» деген тіркес әрі автордың суреттеп отырған шындығына хас, негізгі ойына мензесе әрі қазақ ұғымына да соншалықты жақын, түсінікті. Сол сияқты, түпнұсқадағы: «и бежит» деген жалғыз сөздің – «Соғыстан соқа басын алып қашты» болып аударылуы да өзін-өзі ақтап тұр.

Мынадай табиғат суреттерінің бояуы сембей, құқыл тартпай жетуі, қазақ тілінде қайта жасалуы да – Шәңгерейдің осы шығарманы аударуға таланты қаптал жеткендігінің айғағы:

Күн батты сол арада тұмандатты,
Түнеріп жердің жүзін мұнар жапты.
Әлпелдің күншығыстан исі келіп,
Жер жүзі перделеніп ақшыл тартты.
Ай туып, балқып жерден сары алтындай,
Көтеріліп бірден-бірге жарығы артты [156,3].

Аударма бастан-аяқ бір дәрежеде шыққан, шебер үйлесім тауып отырған. Шәңгерей түпнұсқадан алыс кетпейді және оны сөзбе-сөз аударып, сірестірмейді де. Ол түпнұсқаның идеясын, рухын, көркемдік қасиеттерін сақтай отырып, ондағы образдар мен көріністерді жаңғыртып, қайта тудырады.

Н.Манаев өзінің естелігінде Шәңгерей Ғұмар Қарашевты орыс әдебиетімен қалай таныстырғандығы туралы дерек келтіретіндігі жайлы жоғарыда айтылды. Ғ.Қарашев та ара-тұра аудармамен айналысқан. Ол өмірінің соңғы кезінде Некрасовтан «Соғыс қаһары» деген өлең аударған. Ол бұл өлеңді аударып, Бәсер деген баласына береді де, мен жау қолынан өлсем, бата қыла келгендерге құран орнына осы өлеңді оқып бер деп тапсырған деседі. Бұл өленнің аудармасы мынадай:

Бұлағай соғыс қаһарын ойлағанда,
Құрбандық сағат сайын ол шалғанда,
Аяныш емес қалған дос пенен жар
Батырды жаткан сұлап ойға алғанда.

Жар ойнап біреуменен әлі-ақ жатар,
Сол үшін қайғы отын ол аз жұтар.
Шығарда жаны басқа деген жолдас,
О-дағы екі айналмай сені ұмытар.

Бір жан бар бірақ сені еске алатын.
Барғанша тар лахытқа ah ұратын.
Бояма шындығы жоқ бұл жалғанда
Көзінен тамшы өзі жас ағатын.

Шын өзі жас төгетін байғұс ана.
Шыкпайды жүрегінен есіл бала.
Кесілген бұтақтары бір бәйтерек
Секілді өтеді өмір жалғыз ғана [157].

Орыстың ұлы ақыны бұл өлеңінде айнымас, азбас абзал ананың мейірімді махаббатын жырлаған. Осы шығарманың әсерімен қазақ ақыны «Елсізде» деген өлең жазады. Бұл өлең балладаға көбірек ұқсайды. Онда кедей жігіттің айдалада қаза тапқан аянышты тағдыры суреттеледі.

Әрине, бұл айтылғандардан Ғ.Қарашев орыс классиктерінің дәстүрлерін ұстанған, дамытқан ақын деген ұғым тумайды. Біз оның Некрасов өлеңін аударғанын әдеби факт ретінде ғана келтіріп отырмыз.

Осыны Б.Күлеевтің Пушкиннен жасаған аудармаларына байланысты да айтуға болар еді. Ол Пушкиннің «Брожу ли я вдоль улиц шумных» деген өлеңін «Ажал» деген атпен, «Ақын» («Поэт) атты әйгілі өлеңін аударған. Бірақ бұл аудармалар түпнұсқаның дәрежесінен төмен. Әсіресе «Ақын» аудармада тым солғындап кеткен. «Как пробудившийся орел» деген образды – «Сескенген қара құстай болып сабаз» деп алу бұрмалауға, түпнұсқаның әрі мен нәрін кетіруге соқтырған.

Рас, Б.Күлеев аудармаларының ішінде тәуірлері де бар. Солардың бірі – Пушкиннің «Я пережил свои желания» атты тамаша өлені. Салыстырып қаралық. Пушкинде:

Я пережил свои желания.
Я разлюбил свои мечты:
Остались мне одни страданья.
Плоды сердечной пустоты.

Под бурями судьбы жестокой
Увял цветущий мой венец:
Живу печальный, одинокий,
И жду: придет ли мой конец?

Так, поздним хладом пораженный,
Как бури слышен зимний свист,
Один на ветке обнаженной
Трепещет запоздалый лист [137, 27].

Б.Күлеев осы өленді былай аударған:

Бар ойым бастан кешті көзім көріп,
Көп қиял солғындады сәуле сөніп.
Жалғыз-ақ қалған нәрсе азап тарту,
Жемісі жалған ойдың жүрген көніп.

Қар-боран қаптап соғып тағдыр залым,
Гүлденіп жаркыраған солды тәжім.
Жалғыздық, жабыркарлық – тұрмыс түрі,
Тек күтем өмірімнің ақыр шағын.

Ызғарын қысқы боран ұқса құлақ,
Кешкі аяз қаһар қылса дір қалтырап.
Сып-сидаң, сыны қашқан бір бұтақта
Желпілдеп дірілдейді жалғыз жапырақ [119, 308].

Түпнұсқамен терезесі тең түсіп жатпаса да, бұл аударма оның негізгі идеясын, рухын сақтаған. Бірталай үндестік, үйлесім барлығы байқалады.

Сөйтіп, реалистік бағытта бекем, нық тұрмаған қазақ ақындарының да талайы-ақ орыс әдебиетіне, оның шығармашылық тәжірибесіне соқпай кете алмады. Әрине, олардың әркайсысы одан өз керегін іздеді, өзінше іздеді. Сонымен бірге олардың көпшілігі дерлік классикалық орыс әдебиетінен аудармалар жасады. Әдебиетіміздің тарихындағы бұл құбылыстарды елемей, ескермей кетуге болмайды.

V

Орыстың өткен ғасырдағы ақын-жазушыларының ішінде революцияға дейінгі кезеңде қазақ тіліне өте-мөте мол аударылғандардың бірі – Крылов. Бұл – тұтас шығармашылық процесс. Оның ұзақ тарихы бар. Революциядан бұрынғы қазақ әдебиетінде мысал жанрының туып қалыптасуы да осыған тығыз байланысты.

Қазақтың өткендегі ақындарының бірсыпырасы шығармашылық және ағартушылық мақсатты қатар көздегені, соларды ұштастыра қарағаны мағлұм. Мысалы, С.Көбеевтің шығармашылық іске ден қоюы оның ағартушылық қызметімен тікелей байланысты болған. Ол ел ішінде мұғалімдік қызмет атқарумен бірге ауыл адамдары арасында әңгіме өткізіп, солардың ой-санасын оятуға көмектескен. Ол Пушкиннің «Дубровский» повесінің, Гогольдің «Өлі жандар» романының мазмұнын қазақшалап айтып беріп жүрген. Оны Крылов мысалдарымен табыстырған да – осы мақсат. Ол орыс ақынының мысалдарын өзінің халықты ағарту, зорлық нелерін әшкерелеу ісінде өткір құрал ретінде пайдаланады. Мемуарында жазушы осы жайды былайша еске алады.

«Бүгін мен оларға енді өлеңмен аударылған «Көлбақаны» оқып бердім. Бұл тыңдаушыларыма қатты ұнады. Тағы-тағы оқышы деп екі-үш рет оқытты. Әрі күле, әрі ойлана тыңдап отырған Оспан ағай:

– Соңғы бір шумағын қайта оқышы, – деді.

Мен қайта оқып шықтым. Ол менің аударуымда:

...Болады бір өзіне берсе Алла,
Жамандық – тілегені бөтен жанға.
Шіркіннің бес тиындық іші ашымас,
Өзі аман, дүниені өрт алса да, –

делінген еді.

– Бұл біздің Ыбекең, – деді Оспанның кіші інісі Хасен. Оның Ыбекең деп отырғаны – Ыбырай бай еді.

– Дәл өзі, – деді тағы бір жігіт.

Оспан ағай «Көлбақаны» көшіртіп алды. Осы өлең көп ұзамай-ақ ауылдан-ауылға тегіс тарап, «оқытушының Ыбекеңе шығарған өлеңі екен» деген лақап хабар болып жайылып кетті... Осылайша мен Кішіқұмда Крыловтың он шақты мысалын қазақшаға аудардым. Бұлардың бәрі дерлік ауыл арасында жиындарда, ойын-сауық кештерде, топ-топырларда айтылып жүрді» [120, 220-221].

С.Көбеевтің Крыловтан аударған қырықтан астам мысалы 1910 жылы Қазанда «Үлгілі тәржімә» деген атпен басылып шықты.

Крылов мысалдарын қазақ тіліне аудару ісі өткен ғасырда басталғаны аян. Оның негізін салған – Ыбырай Алтынсарин. Бұл дәстүрді кемеңгер Абай жалғастырды. Олар Крылов шығармашылығының әлеуметтік бағытын, халықтық сипатын, ішкі тереңдігін барлап аңдаумен бірге оның мысалдарын қазақшаға аударуда өзгеше шығармашылық тәсіл, белгілі бір стиль қалыптастырды. Соның әсері С.Көбеев аудармаларынан да анық танылады. Бұл орайда академик М.Әуезовтің мынадай бір пікіріне назар аудармай кетуге болмайды: «Оның жол өлшеулері өленге тән өзгешеліктей боп шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақысты, ырғақты қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған, өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады.

Ал Абай мен Алтынсарин немесе қазақтың басқа аударушылары болсын – бәрі де Крылов мысалының осы ерекшелігін дәл бермеген. Қазақша аударылуда орыс әдебиетінің бұндайлық бөлекше жанры қазақшада бөлекше жанр тудырмайды. Кейбір аудармалар қазақтың төрт жолды шумағы бар, он бір буынды өленімен аударылды.

Абай мен Алтынсарин жеті-сегіз буынды жыр алуандас өленмен, айнымас өлшеуге бағындырып, қысқа жолмен аударады. Сол себепті сырттай салыстырып қарасақ та, мысалы, Крыловтың «Ворона и лисица» деген шығармасы жиырма алты жолға бөлінсе, Абай мен Алтынсаринда елуден аса жолдан құралады. Крыловтың мұраларынан оның әңгімесі мен сатиралық-әжуалық ең қымбатты ішкі мәнін алады да, Абай оның сырткы түр өзгешелігін көп құнттамайды.

Адам мінезіндегі, қоғам ішіндегі құнарсыздық, өрескел сорақылық жайларды ашуға үнемі талаптанған Абай мысал-

ды сатиралық жағынан тағы да бір өтімді, қымбат құрал есебінде пайдалануға талпынған» [26, 167-168].

Крыловтың мысалдарын басқа тілге аудару мейлінше қиын екендігін өз кезінде Белинский де атап көрсеткен болатын. Ұлы сыншының айтуынша, Крыловтың көптеген өлеңдері мақал-мәтелге айналып кеткен.

Белинский Крыловтың мысалдарын үш салаға бөледі. Ол бірінші топқа ақынның тағлым айтатын мысалдарын жатқызады. Мұндай мысалдардың баяндаушылық сипаты онша күшті емес. Ал екінші саладағы мысалдарда ақындық бағыт пен тағлым айту сарыны шарпысып отырады. Үшінші топтағы мысалдар – поэзиялық қасиеті күшті, нағыз сатиралық шығармалар. Крылов мысалдарын осылайша негізгі үш салаға бөлген ұлы сыншы ақын мысалдарына тұтастай хас мынадай бір қасиетті атап көрсетеді:

«Крыловтың көптеген өлеңдері мақал мен мәтелге айналып кеткен. Сол мақал-мәтелдермен дау-шарды бітіруге де болады және қайсыбір теориялық байлаулардан гөрі онымен ойынды да жақсы дәлелдей аласың... Бір кезде әлдекім: «Крылов мысалдарындағы аю – орыс аюы, тауық та – орыс тауығы» деген екен. Бұл сөз жұрттың бәрін күлдіріпті. Күлкілі түрде айтылса да, сол сөздерде тиянақты негіз бар. Гәп мынада: Крыловтың таңдаулы мысалдарында аю да жоқ, түлкі де жоқ. Рас, оларда бұл хайуандар әрекет ететін сияқты көрінеді. Ал сол мысалдардағы – адамдар және олардың өзі орыс адамдары» [3, 714].

Крылов мысалдарының идеялық мазмұнын, әлеуметтік бағытын, көркемдік ерекшеліктерін саралап ашқан ұлы сыншы ақын шығармаларын басқа тілге аудару мейлінше қиын екендігін де атап өтеді: «Крыловтың мысалдарын ешқандай да шет жұрт тіліне аудару мүмкін емес, оларды тек қайта жасауға ғана болады...» [3, 714].

Бұл орайда сыншы Крылов мысалдарының ұлттық сипаты мейлінше терең екендігін, оның тілінің халықтық қасиеті соншалықты мол да айқын екендігін аңғартады. Крылов мысалдарының қазақ тіліндегі аудармаларын, оның ішінде С.Көбеев жасаған аудармаларды талдағанда ұлы сыншының бұл пікірін әрдайым ескеру қажет.

С.Көбеевтің Крыловтан жасаған аудармаларын сол шығармалардың түпнұсқасымен салыстыра отырып қарағанда

Белинскийдің жоғарыда айтылған тамаша пікірі еске түседі. Спандияр Крыловтың мысалдарын дәлме-дәл аудармаған. Ол өз алдына мұндай шығармашылық және көркемдік мақсат қоймаған да. Спандияр Крылов мысалдарының көлемін, тармақ санын да дәйектілікпен сақтап отырмайды. Көптеген мысалдардың көлемі аудармада түпнұсқадағыдан недәуір артық болып келіп отырды. Спандияр аудармаларында түпнұсқаның жекелеген шумақтарының түсіп қалуы, аударушының өз жанынан қосуы да жиі ұшырасады. «Күйеу таңдаған сұлу қыз» («Разборчивая невеста») мысалының аудармасынан бұл анық көрінеді.

Спандияр мұны мейлінше еркін аударған. Түпнұсқа қалыңдық қыздың күйеу таңдауын бірден баяндау арқылы басталса, ал аудармада оның сипаты, портреті беріледі. Мұнда аударушы ауыз әдебиетінде кең таралған, халық ұғымына жақын дәстүрлі суреттер мен теңеулер қолданады. Ол түпнұсқада қыздың өз атынан баяндалатын әрі оның мінез-құлқын, ой – өрісін ашатын көптеген шумақтар мүлдем аударылмаған.

Шығармашылық биік деңгейге көтерілген қазіргі көркем аударма принциптері тұрғысынан қарағанда бұл айтылғандар кәдімгідей мін болып көрінетіндігі даусыз. Ал сол кездегі қазақ қоғамының даму дәрежесі және аудармашының алға қойған мақсаты тұрғысынан көз жіберсек, мұндай тұжырым жасауға еш болмайды. Крылов мысалдарының әр кездегі, әсіресе революциядан бұрынғы аудармаларын көп зерттеген С.Нұрышев былай деп көрсетеді: «Ол кездегі аудармалар, біріншіден, негізінен алғанда өлең түрінде болды, тіпті қара сөзбен жазылған текст өлең етіп аударушылық та байқалады. Екіншіден, олар – еркін аудармалар. Олардың идеялық-көркемдік құндылығы оригиналына сәйкес келетіндігінде не келмейтіндігінде емес, өз кезіндегі өмірдің талаптарына қалай жауап бергендігінде» [158, 12].

Бұл пікір революциядан бұрынғы аударма өнерінің шығармашылық ерекшелігін тұтас қамтымағанымен, еркін аударманың сырын, мән-мағынасын дұрыс аңғартады С.Көбеевтің Крыловтан жасаған аудармаларына байланысты мұны әсіресе қадап айтуға болады.

С.Көбеев Крылов мысалдарын аударғанда түпнұсқаның кей жерін қысқартып, кей тұсына өз жанынан қосумен бірге көп реттерде геройлардың, кісі аттарының айтылуын да қазақшалап алады. Осының бәрін саналы түрде, әдейі жасаған аудармашының өзара сабақтас, байланысты екі түрлі мақсат көздегенін аңдау қиын емес. Ең алдымен, ол өзі жасаған аудармалардың сол кездегі қазақ қоғамының даму дәрежесіне сәйкес болуын, халықтың ой-санасын оятып, заман талабына жауап беруін қатты қадағалаған. Екіншіден, ол Крылов мысалдарындағы адамгершілік сарындардың, мораль философиясының сол кездегі балаң қазақ қауымына қапысыз жетуін, әбден түсінікті болуын көздеген. С.Көбеев үшін ең бастысы – Крылов мысалдарының терең тағлым беретін ойлылығы мен идеялылығы. Соны қазақ оқушысына жеткізіп беру үшін ол бар өнерін салған. Жоғарыда аталған «Күйеу таңдаған сұлу қыз» мысалының соңына ол өз жанынан мынадай жолдар қосқан:

Көңілді болмаса да, қайтсін байғұс,
Алланың бұйрығына не амал бар.
Бір сұлу баяғыда бұндай болды,
Бұл сөзден, үлкен-кіші, ғибрат ал [120, 20].

С.Көбеевтің Крылов мысалдарын аударудағы мақсаты бұдан анық аңғарылып тұр. Ол – үлкен-кішіге, яғни жалпақ жұртқа, бүкіл халыққа орыс ақынының аталы ойларын ғибрат түрінде, үлгі-өнеге ретінде тарту. С.Көбеевтің Крыловтан жасаған аудармаларының сол кез үшін атқарған қызметі, тарихи мәні де осында.

«Күйеу таңдаған сұлу қыз» мысалының аудармасындағы ерекшеліктер С. Көбеевтің Крыловтан жасаған басқа аудармаларына да тұтастай дерлік хас. Барлығынан да аудармашының өзіндік мақсаты, шығармашылық тәсілі, негізгі тенденциясы анық танылып отырады. Сондықтан да біз оның әр аудармасына арнайы, жеке-жеке тоқталып жатпаймыз. Оның үстіне С.Көбеевтің Крылов мысалдарын қалай аударғандығы туралы мәселе бұрынғы зерттеулерде [159] кең тұрғыда, салыстырмалы түрде қойылған.

«Үлгілі тәржімәда» Крылов мысалдарынан баска да біраз шығарма бар. Солардың бірі – «Асыл шөп». Бұл – Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясындағы» осы тақырыптас әңгіменің өленмен жазылған түрі. Сондай-ақ, ол Л.Толстойдың «Лгун» деген әңгімесін «Өтірікші» деген атпен өлең етіп аударған. Кітапта автордың бұдан баска әр жазушыдан аударған төртбес мысалы («Қауіпті достар», «Қомағай ит», «Жалғандық», «Қасқыр мен кісі», «Сандуғаш пен шымшық») және «Мекен» атты өлең бар. «Үлгілі тәржімәнің» шығуы С.Көбеевтің өміріндегі, шығармашылығындағы елеулі окиға болды.

Осыдан кейін шыккан (1912) «Үлгілі бала» кітабына да Спандияр орыс жазушыларынан аударған бірнеше шығарма енгізеді. Солардың дені Л. Толстой мен Ушинский кітаптарынан алынған.

«Үлгілі тәржімә», «Үлгілі бала» кітаптары С.Көбеевтің классикалық орыс әдебиетінің жекелеген өкілдерінің шығармаларын аударумен бірге олардың шығармашылығындағы халықтық сарындарға, демократтық бағытка бет бұрғандығын да танытты. Бұл кітаптардағы аудармалар, шағын әңгімелер мен өленлер С.Көбеевті шығармашылық жаңа өріске қарай мензеді, оның қаламын ұштай түсті. «Қалың мал» романы – соның айғағы.

Осы кезеңде орыс әдебиетінен бірталай аударма жасаған авторлардың бірі – Бекет Өтетілеуов. С.Көбеев сияқты, ол да көркем аудармалар жасау арқылы ағартушылық әрі шығармашылық мақсат көздеген. Оның «Дүние ісі ахиретке кетпес» атты алғашқы кітабы 1912 жылы Қазанда басылып шығады. Бұл кітапка «Дүние ісі ахиретке кетпес» және «Жансыз сәуегей сипатында» атты шығармалар енген. Екеуі де – орысшадан аударма. Бірақ солар қай автордың қандай шығармаларының аудармалары екенін зерттеушілер әлі күнге анықтай алған жок.

Б.Өтетілеуовтің «Жиған-терген» атты екінші кітабы 1914 жылы Орынборда басылып шығады. Бұған оның Крыловтан, Жуковскийден, Пушкиннен, Лермонтовтан, Плещеевтен, Хемницерден жасаған аударма өленлері енген. Біз бұл аудармалардың сапасы мен ерекшеліктеріне, көркемдік қасиеттеріне арнайы токталып жатпаймыз. Әдебиет зерт-

теушісі Т.Әбдірахманов «Б.Өтетілеуовтің өмірі мен шығармашылығы» деген көлемді мақаласында [160] осы мәселені кеңінен қамтып сөз еткен.

Біздің айтпағымыз – басқа бірер жәйт. Бекет Өтетілеуов аз-мұз төл шығармалар да жазған. Бірақ ол, негізінен, аудармашы. Мұны оның өзі де жақсы түсінген. Ол өмірінің соңғы кезінде шығарған «Ауылдаска» деген өлеңінде өз басында байлық барын, оны еш нәрсеге айырбастамайтынын және сол байлықтың баянды екенін айтады. Ол не байлық? Бұған да жауапты ақынның өзі береді:

Белгілі ұлы орыстың ақындары,
Крылов, Лермонтов, Пушкин,
тағы Никитин, Некрасов тағы басқа.
Сөзіммен таныстырдым бұқараны.
Кейінгі арттағылар оқып көрер,
Сөзімді керек десе жинап терер,

Бекеттей аударушы болыпты деп,
Өзінше уақытында баға берер [161, 94-95].

Сөйтіп, Бекет ең алдымен аудармашы екенін өзі айтады, кімдерді аударғанын айтады және қандай мақсатпен аударғанын айтады («Сөзіммен таныстырдым бұқараны»).

Бекет Өтетілеуов Ыбырай мен Абай шығармашылығын да жақсы білген және олардың шығармаларымен шәкірттерін таныстырып отырған [162,125]. Жалпы алғанда Б.Өтетілеуовтің шығармашылығын орыс әдебиетінің гуманистік, демократтық дәстүрлерімен, Абай және Ыбырай дәстүрлерімен байланыстыра алып қарау шарт. Белгілі ғалым, философ Ілияс Омаров айтқандай: «Бекет шығармаларында Абай тартқан реалистік жол мен Алтынсариннің педагогикалық дәстүрі ұштасады» [161, 9].

Б.Өтетілеуов шығармашылығының салмағы оның көлеміне байланысты емес. Ақынның аударма-өлеңдері, шығармалары өз кезінде пайдалы рөл атқарғандығымен, халықтық бағытымен, демократтық идеяларымен, қарапайымдылығымен құнды. Оның шығармашылық мектебі де, өрісі де – орыс әдебиеті.

VI

Қазақтың демократтық бағыттағы ақын-жазушыларының қайсыбірі орыс әдебиетінен аударма жасаумен көбірек айналысты, ал енді бірсыпырасы оның тәжірибесі мен дәстүрлерін өз шығармашылығында пайдалана отырып, желілі шығармалар жазды. Ондай шығармалар әралуан жағдайда туды. Сондай жазушылардың бірі – Спандияр Көбеев. Ол ескі қазақ аулының өзі көзімен көрген шындығын «Қалың мал» романында суреттегенде, сөз жоқ, орыс әдебиетінің тәжірибесіне сүйенді. Естеліктерінде мұны жазушының өзі де айтады [120, 247].

С.Көбеевтің мойындауынша, орыс жазушыларының ішінде оған ең қатты әсер еткені – Гоголь, әсіресе оның «Өлі жандар» романы. Гоголь әсері жалпы өткендегі әдебиетімізге өте-мөте мол дарығаны даусыз. Қазақ әдебиетінде сыншыл реализм әдісінің туып-қалыптасу жайында сөз болғанда Гогольдің оған тигізген әсері туралы мәселеге соқпай өтуге еш болмайды. Бұл заңды да.

Орыстың классикалық әдебиетінде Гогольдің ерекше орын алатыны аян. Орыс әдебиетінің тұтас бір дәуірі Гоголь есімімен тығыз байланысты. Орыс әдебиетінің тарихындағы бұл кезеңді Чернышевский Гоголь дәуірі деп атады. Ұлы жазушы Гоголь өзінің теңдесі жоқ үздік шығармалары арқылы орыс әдебиетіндегі сыншыл реализм мектебінің негізін жасады.

Орыс әдебиеті тарихында Пушкин мен Гогольден басталған осы сыншылдық бағыт олардан кейінгі Тургенев, Некрасов, Салтыков-Щедрин, Толстой, Чехов сияқты данқты жазушылардың шығармаларында өзектесе өрби, тереңдей түсті. Сөйтіп, Гогольдің сыншыл реализмі орыстың және әлем әдебиетінің дамуында белгілі көркемдік әдіс болып қалыптасты.

Орыстың басқа ұлы жазушылары тәрізді, Гоголь өзінің мәңгі өлмес шығармалары арқылы туған халқының өнерін дүниежүзілік биікке көтерді. Орыс әдебиетіндегі Пушкин, Белинский және Гоголь дәуірінен басталған азаттышдық, адамгершілік және азаматтық идеялар дүниежүзінің алдыңғы қатарлы жазушыларына әсер етті.

Гоголь шығармашылығы орыстың ұлттық мәдениетінің тарихында аса құрметті орынға ие болатынын, сонымен бірге ұлы жазушы шығармаларының дүниежүзілік маңызы барлығын өз кезінде Белинский де атап көрсеткен еді. Мұны шетелдердің озық ойлы адамдары да талай рет айтты. 1909 жылы Гогольдің туғанына жүз жыл толуы мерекесінде француздың белгілі сыншысы Мельхиор де Вогюэ ұлы жазушының отандастарын құттықтай келіп, ұлттық қасиеті соншалықты күшті, Гоголь сонымен бірге дүниежүзілік өрістегі жазушы екенін, ол славян дүниесінен асып, өз құшағын бүкіл адам баласына кең жайып бара жатқанын атап айтты. Бұл, шынында да, Гоголь шығармаларына берілген әділ баға болатын.

Гоголь шығармашылығы өткен ғасырларда-ақ Ресеймен тағдыры айырылмастай болып қосылған халықтардың, соның ішінде қазақ халқының да әдебиетіне игі ықпалын тигізді. Гогольдің қазақ әдебиетіне әсері туралы мәселе – терең ғылыми зерттеуді, байыпты талдауды керек ететін келелі мәселе. Бұл жөнінде бізде әлі күнге дейін мардымды сөз болған емес. Гогольдің қазақ әдебиетіне әсері – жалпы орыс және қазақ халықтары арасындағы мәдени, әдеби қарым-қатынастардың үлкен бір саласы. Қазақ әдебиетінің даму тарихында Гогольдің зор әсері болғаны даусыз.

Гоголь шығармашылығының қазақ әдебиетіне әсері туралы сөз ету – ең алдымен орыстың классикалық әдебиетінің реалистік принциптерінің және патриоттық, гуманистік, халықтық сарындарының әсері туралы сөз ету.

Чернышевский Гоголь шығармашылығының ерекшеліктерін терең талдап көрсете келіп, оның еңбегі орыстың көркем әдебиетіне сатиралық немесе дәлірек айтқанда сыншылдық бағытты тиянақты етіп енгізуде екенін атап айтқан болатын. Гогольдің қазақ әдебиетіне әсерін сөз еткенде оның шығармашылығының Чернышевский көрсеткен осы ерекшелігін әрқашан есте ұстау қажет.

Гоголь қазақтың өткен ғасырдағы алдыңғы қатарлы ақын-жазушыларына зор прогресшіл идеялық және шығармашылық әсер етті.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы, ғалымы әрі асқан ойшылы Шоқан Уәлиханов кадет корпусында оқып

жүрген кезінде-ақ өзінің орыс достарымен бірге Гогольдің шығармаларын ерекше сүйіп оқыған. Шоқан мен оның достарына ұлы жазушы күшті әсер қалдырған, олардың қоғамдық ой-пікірлерінің қалыптасуына үлкен ықпал жасаған. Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинап зерттеген орыс ғалымы, Шоқанның досы Потанин «С.Ф.Дуровпен кездесу» деген мақаласында петрашевшіл Дуров оған зұлымдықпен қалай күресуге болады? – дегенде: «Бір ғана идея ойлап таптым: ол үшін өзіміздің Сибирь Гоголі болуы керек», – деп жауап бергенін айтады [163.65]. Шығыс және Орта Азия халықтарының тарихын, мәдениеті мен әдебиетін зерттеген орыс ғалымдарына және олармен бірге жүрген, пікірлес болған Шоқанға Гогольдің каншалықты әсер еткенін түсінуде Потаниннің бұл сөздерінің үлкен мәні бар.

Орыс әдебиетіндегі Гоголь негізін салған сыншылдық бағыттың әсерін Абай мен Ыбырай шығармашылығынан әсіресе анық байқауға болады.

Гоголь өзі өмір сүрген дәуірдегі орыс помещиктерінің тоғышарлық қылықтарын, құлдық өмірді аяусыз мысқылдады. Оның шығармаларында әлеуметтік теңсіздікке наразы болған, езілген, қорланған адамға деген аяныш сезімі басым жататын. Яғни Гогольдің сатирасы жазушының «көз жасы тамған» ащы күлкі еді. Бұл – өмірдің жексұрын жақтарын барынша жек көрген жазушының жаралы жүрегін жарып шыққан күрсінісі болатын.

Қазақ халқының классик ақыны Абай да өз кезіндегі «сабырсыз, арсыз еріншек, көрсекызар жалмауыз» жандарды, «басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, күлкішіл керден надандарды», мақтан күйлегіш күпілдектерді өлтіре сықақ етті. Сұмаң жаққан желбуаздар үстем болған, өксікке толы өмір дана ақынның да өзегінс өрт салды. «Азалы ай-күндердің уын татқан, шер жүректен жалын атқан», замана қасіретіне «тәні ауырмай, жаны ауырған» ақынның жүрегін жайлаған бұл у оның көзінен жас болып төгілді. Ол сондықтан да толғанды:

Жаяу қапты,
Аттысы шапты,
Қайырылып сөзді кім ұқсын,
Іште дерт қалың,

Ауыздан жалын
Бұрк етіп көзден жас шыксын.
Күйдірген соң шыдатпай –
Қояр ма екен жылатпай! *(1,93)*

Абай шығармаларындағы осы сарын – өмірді шынайы күйінде суреттеп, оның сұрыксыздығын сыкақ ете отыру және өмірдің сондай болғанына қиналу, күйзелу сарыны оны Гогольмен жақындастыра түседі.

Абайдың эстетикалық көзқарастарында да Гогольмен үндестік байқалады. Олардың көркемөнер туралы кейбір пікірлері бір-бірімен ұштасып отырады. Гоголь орыс халқының жаны әсем үн мен әсерлі әнге суарылғанын, оның өмірінде көркемөнер ерекше орын алатындығын айта келіп былай дейді: біздің Украина әнге толып кеткендей. Еділді бойлап, үстірттен теңізге қарай ағылған кемелерде бурлак әндері шырқалады. Бүкіл Русьте ән айта жүріп қарағайдан үй салады... Орыс адамы әжесінің әнін тыңдап жөргекке оралады, үйленеді және көрге көміледі...

Абай да ән мен өлеңді аса жоғары бағалады, оның қазақ өміріндегі рөлін терең түсінді. Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Дүниедегі қызықтың бәрі өлеңмен
Ойласаңшы бос қақпай елең-селең *(I, 69)*.–

деген өлеңінде айтқан ойлары Гогольдің жоғарыда келтірілген сөздерімен үндес келіп отырады.

Әрине, Абай көлемді прозалық шығармалар, комедиялар жазған жоқ. Бірақ заманды және ол тудырған типтерді аяусыз әжуалағанда, сыншылдық бағыты күшті жаңа әдебиеттің негізін қалағанда ол орыс әдебиетінен, оның ұлы өкілі, теңдесі жоқ сатирик Гогольден үйренбей, үлгі алмай кете алмады.

Сол сиякты, азған елдің сәлдесі үлкен молдаларын сыкақ еткен Ыбырайдың шығармаларында да Гоголь шығармашылығының әшкерелеушілік, гуманистік сарындары, реалистік принциптері айқын сезіледі.

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде Гоголь дәстүрлерінің орын тебуі жайында сөз болғанда ең алдымен, әрине, С.Көбеев есімі аталады. Тағы да «Қалың мал» романын мысалға алайық. Адам образын жасауда, кейіпкерлердің бейнелерін жинақтап әрі даралап беруде, олардың портретін суреттеуде және кейіпкерлердің жан дүниесін олардың өз сөздері арқылы ашып көрсетуде, диалогты шебер құруда Көбеевтің Гогольден тікелей үйренгенін байқауға болады. Романның ұнамсыз кейіпкерлерінің, оның ішінде Итбайдың образына мұның әсіресе жанастылығы бар.

Революцияшыл-демократ ұлы сыншы Белинский және Чернышевский, Добролюбовтар «қараңғы патшалықта» жасын атып, нажағайдай жарқ еткен, ескі дүниені сілкіп-сілкіп жіберген Гоголь шығармаларын сол кездегі қоғамдық тәртіпке қарсы күресте, азаттықтың жаршысы боларлық аскақ идеялы, халықтық әдебиет үшін күресте ту етіп көтерді. Ұлы жазушы шығармашылығының осындай қуатты да игі әсерінен қазақтың революциядан бұрынғы демократтық бағыттағы әдебиеті де сырт қалған жоқ.

VII

Сұлтанмахмұт «Өмірімнің уәдесі» атты әйгілі өлеңін де былай деп жазғаны аян:

Оллаһи, ант етемін Алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен.
История, география пәнді білмей,
Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен [111,63].

Ақынның өзі айтқандай, бұл – оның өмір бойы ұмтылумен, талпынумен өткен арманы, анты мен серті. Бұл – шын асылдың, алыс та абзал мұратқа жол тарқан адамның өзін – өзі іштей қайрауы, өз күшіне өзі сенуі. Расында да, осы өлеңде қаншалықты терең сыр, қандай буырқанған рухани күш, бұлқынған арман бар.

Абай сияқты, Сұлтанмахмұт та орыс тілін тек күнкөріс қамы үшін қажет, тұрмыста практикалық мәні бар құбылыс қана деп қараудан аулақ. Ұлы ұстазы сияқты ол да орыс тілін

дүниенің кілті, ғылымның кілті, адамның көкірек көзін ашатын құрал деп біледі.

Жоғарыда аталған өлеңін Сұлтанмахмұт 1914 жылы жазған. Бұл кезде ол орыс мәдениетінің мән-маңызын, қадір-қасиетін қапысыз ұғынған, бірақ оның дәстүрлерін ол еркін баурай қоймаған. Теренге енді-енді бет қоя бастаған. Осы орайда бір жайды анықтап ескеру, есте тұту шарт. Сұлтанмахмұт орыстың классикалық әдебиетінің тамаша сипаттарымен ең алдымен Абай поэзиясы арқылы танысты. Ақын шығармашылығының алғашқы кезеңіне мұның әсіресе тікелей қатынасы бар.

Сұлтанмахмұт бірнеше өлеңінде, тіпті алғашқы кездегі өлеңдерінде Крылов мысалдарының идеяларын, образдарын, нақыл боп кеткен түйіндерін пайдаланып отырады. Сірә, ол Крылов мысалдарымен алғаш қазақ тіліндегі аудармалар арқылы танысқан болса керек. Крыловты мысалшы-ақын ретінде жоғары бағалағаны және одан үйренгені Сұлтанмахмұттың өзі жазған мысалдардан да анық көрінеді.

Әрине, Сұлтанмахмұттың орыс жазушыларының ішінен кімді оқығанын және қаншалықты дәрежеде оқып игергенін белгілеу қиын. Бірақ Сұлтанмахмұттың өте көп оқығаны, құныгып оқығаны даусыз болса керек. Тіпті Марксті, басқа да философтар мен социологтарды оқыған Сұлтанмахмұттың көркем әдебиет туындыларын, классик ақын-жазушылардың шығармаларын оқымауы мүмкін емес. Бұл жайында біреңсаран деректер де ұшырасып қалады.

Сұлтанмахмұтпен бірге өскен, көп күндерін бірге өткізген серігі Шайбай Айманов «Біз тел өсіп едік» деген естелігінде былай деп жазады: «Махмұт бұдан кейін үш-төрт күн Лермонтовтың прозаларын оқумен болды» [164].

Сөз жоқ, Сұлтанмахмұт Лермонтовтың поэзиясын әсіресе тереңдеп оқыған, жақсы қанық болған. Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығында, мінезі мен тағдырында оны орыс ақынымен туыстыратын сипаттар аз емес сияқты. Сұлтанмахмұт шығармашылығында да адамның жеке басының еркіндігі туралы ойлар бүкіл қоғамның азат болуы жайындағы идеяға ұласады. Ол әділетсіздіктен, өктемдіктен, жауыздықтан арылған қоғамды көруді аңсады. Мұндай сарын

оның лирикалық поэзиясында да, лирикалық-философиялық поэмаларында («Адасқан өмір», «Кедей») да күшті.

Сұлтанмахмұттың көптеген өлеңдерінің құрыш шымырлығын, сұсты уыттылығын, оттылығын, өлең жолдары мен сөз байлауларының құдіреттілігі мен тегеуірінділігін Лермонтов поэзиясымен салыстыруға әбден болады.

Қазақ ақыны шығармаларының Лермонтов поэзиясымен сарындастығы, рухтастығы оның лирикалық қаһарманының ой-арманынан, айқын тұлғасынан, оқшау бітімінен әсіресе анық көрінеді. Сұлтанмахмұт та от-жалынның, ыза-кектің ақыны. Оның лирикалық қаһарманы «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болмақ», жарыған шашпақ, оның жаны қараңғылық пен надандыққа кекті. Ақын поэзиясында патриоттық сарынның айрықша күшті естілетіндігінің бір сыры осында. Сондықтан да ол өз жайында:

Елімнің мен шын ұлы екеніне
Тағдырдың өзі берер куәлікті [111,53]

деп, мейлінше әділ әрі мейлінше тауып айтқан. Лермонтов жұдырықтай жүрегіне бүкіл Россияның тағдыры мен болашағы туралы небір ащы әрі небір ұлы ойларды сыйғызса, Сұлтанмахмұт та өз кезіндегі қазақ қоғамы өмірінің отты жаңғырығы бола білді.

Сұлтанмахмұттың жаңашылдығы лирикалық поэзия саласында да, поэма жанрында да анық көрінді. Оның «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларында ақынның философиялық ой толғаулары да, сол кездегі қазақ аулындағы әлеуметтік өмірдің кең көріністері де бар. Академик М.Әуезов осы шығармаларда кедей тақырыбын жырлауда, кедей образын жасауда Сұлтанмахмұт орыстың ұлы ақыны Некрасовпен үндесіп жатқандығын айтады: «Торайғыров суреттеген кедей азат болудың жолын іздейді, өзінің тағдыры жайында терең тебіренеді, айналадағы әділетсіздікке қарсы шығады. Кедейдің осы образы өзінің көптеген сипаттарымен Некрасовтың «Русьте кім жақсы тұрады» поэмасындағы шаруалардың образдарына етене жақын» [165].

Сөйтіп, өзінен бұрын Абай жырлаған тақырыптар мен образдарды қайталап, әлдекайда тереңдетіп, анағұрлым өсіре

отырып жырлағанда Сұлтанмахмұт орыстың классикалық поэзиясының тәжірибесіне, әсіресе Некрасовтың дәстүрлеріне сүйенді. Сұлтанмахмұт творчествосының демократизмі мен қарапайымдылығы, халықтығы жайында сөз болғанда да бұл жағдайды естен шығармау шарт.

Сұлтанмахмұт өз кезіндегі, яғни XX ғасырдың бас кезіндегі орыс поэзиясымен де жақсы таныс болса керек. Академик М.Әуезов жоғарыда аталған еңбегінде Горький мен Маяковскийдің замандасы бола тұрса да, Сұлтанмахмұт Торайғыров солардың шығармаларындағы революцияшыл идеяларға елікпеді, енжар да салғырт күйде қалды деген пікір айтады. Әрине, Сұлтанмахмұттың социалистік реализм әдебиетінің негізін салған осынау ұлы суреткерлердің шығармашылығымен таныс болғанын немесе болмағанын анықтау өте қиын. Тіпті таныс болған күнде де Сұлтанмахмұттың солардың шығармаларындағы революциялық идеялардың деңгейіне көтерілуі, тарихи дамудың болашағын дәл солардай бағдарлай алуы мүмкін емес еді. Бұған да ақынның өз басы ғана кінәлі емес-ті. Бұл – өз алдына бөлек мәселе.

Сұлтанмахмұт поэзиясы өзінің табиғаты, идеялық бағыты бойынша гуманистік сипат танытады. Ол өзінің ақындық назарын ең алдымен адамға, адам өміріне, соның тағдырына аударады.

Осы тақырып XX ғасырдың бас кезіндегі орыс әдебиетінде де айрықша орын алды. Буржуазиялық қоғамда адамның жеке басы бостандыққа жете алмай, небір ауыр азап пен қасіретке тап болады. Сөйтіп, жеке адамның трагедиясы суреткер үшін де трагедия болып шығады. Әрине, бұл тақырыпты әр суреткер өзінше шешеді. Бұл олардың көз тіккен нысанасына, шығармашылығының негізгі рухына және тарих тынысын қаншалықты дұрыс сезіне алуына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда Сұлтанмахмұт басқа орыс ақындарынан гөрі революциядан бұрынғы Блокпен көбірек үндес, ұқсас келіп қалады.

Александр Блок сияқты, Сұлтанмахмұт та өмірдің әділетсіздігін, қарапайым жандардың қасіретін көре білді, дауыл бұрқап, әлеуметтік сілкінулер болғалы тұрғанын да сезді. Бірақ өздерінің бақытты адам туралы арманы қандай

жолмен, қалайша жүзеге асатынын олар анық аңдаған жоқ. Көп реттерде көмескі, буалдыр күйлерден шыға алмады.

Екі ақынның да лирикасында қасірет бояуы, қайғы табы күшті. Блок қара түнде көрсоқыр болған адамның қасірет-қайғысында шек жоқ екенін айтса, Сұлтанмахмұт бүкіл халықтың көгінде күн жоқ, су қараңғы екенін тіл жетпейтін жан азабын кеше отырып жырлады. Олардың өмірмен, қоршаған ортамен арадағы тартысы соншалықты трагедиялы. Бірақ жарық атаулыдан, үміт атаулыдан түңіліп кету, торығып кету оларда жоқ дес де болғандай.

Бұл ретте де сол ақындардың қай-қайсысында-ақ ұнамды идеал болғанын, олар соған сенгенін және сол үшін өмір сүріп, еңбек еткенін айтуға керек. Блок 1912 жылдың өзінде былай деп жазды:

Благословляю все, что было,
Я лучшей доли не искал.
О, сердце, сколько ты любило!
О, разум, сколько ты пылал! [166]

Сұлтанмахмұттың да лирикалық қаһарманы басын тау мен таска соғып, тыныштық көрмей жүргенде жеке бастың қамын көздеуден, жан тыныштығын ойлаудан аулақ. Оның өмірінің мақсаты бұдан әлдекайда мағыналы, әлдекайда биік. Ол адам баласының көші әділетті өмірге жеткенге дейін талай қиындықтардан өтетінін, талай құрбандықтарды бастан кешіретінін терең түсінді. Ақын сол кездің қызығын көруге өз ғұмыры жетпейтінін де білді. Бірақ сол жолда талпынудан танған да, талған да жоқ:

Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп.
Жасаймын бір қолғабыс
Кейінгіге берем деп [111,76].

Біз Сұлтанмахмұт А.Блоктан тікелей үйренді деуден немесе оларды қатар қоюдан аулақпыз. Сұлтанмахмұтты «Он екі» мен «Скифтерді» жазған Блокпен салыстыруға әсте болмайды. Сонымен бірге революцияға дейінгі Блоктың романтикалық поэзиясы мен Сұлтанмахмұт шығар-

маларының арасында идеялық үндестік, сарындастық бар екендігі де даусыз. Екі ақын да өздерінің шығармашылық даму жолында өмірмен, шындықпен қоян-қолтық келіп, барған сайын етене туыса, жақындаса түсті.

Абайдан кейінгі қазақ әдебиетіне орыс реализмі тигізген шығармашылық әсер жайында сөз болғанда сол әсер поэзияда мейлінше айқын көрініс тапқанын айтамыз. Соның анық бір мысалы – Сәбит Дөнентаевтың поэзиясы.

Қазақтың ұлы классигінің лирикалық және сатиралық поэзиясының дәстүрлерін дамыта отырып, Сәбит Дөнентаев сол жанрды өзінің көптеген талантты шығармаларымен молықтырып, байыта түсті.

Сұлтанмахмұт сияқты, Сәбит Дөнентаев та классикалық орыс әдебиетінің идеялық бағыты мен көркемдік ерекшеліктеріне, шығармашылық-эстетикалық принциптеріне, өзіндік сырларына ең алдымен Абайдың аудармалары және төл поэзиясы арқылы қанықты. Академик М.Әуезов айтқандай: «Дөнентаевтың тығырыққа тірелген көшпелі тұрмысты, қазақ шаруаларының ауыр халін реалистік мәнерде суреттеуінен және Дөнентаевтың кедейлер мүддесін публицистикаға тән құштарлықпен қорғап, менменсіген шенеуніктердің топастығын әшкерелеуімен біз Салтыков-Щедрин мен Некрасовтың әлеуметтік сатирасының мәнін оның Абайша ұғып түсінгенін, сол арқылы қабылданғанын көреміз. Бұл кезеңдегі Дөнентаев поэзиясы орыстың сыншыл реализмінің рухына мейлінше толы» [167,24].

Қазақ әдебиетінде сатиралық поэзияны айрықша мол дамытушылардың бірі болған Сәбит Дөнентаев орыстың атақты мысалшыл-ақыны Крыловтың, татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың, кейінірек Демьян Бедныйдың да творчестволық тәжірибесіне үңіліп, барлап көрген [168].

Бұл пікірді ақынды көзімен көріп, жақын білген адамдар да растайды. Солардың бірі Сәду Машақов былай деп жазады: «Ол Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің, Белинскийдің шығармаларымен таныс еді. Сонымен қатар кеңес жазушыларының шығармаларын да – М.Горькийдің, Д.Бедныйдың, В.Маяковскийдің және басқаларының шығармаларын оқығандығын білдіріп отыратын-ды» [169].

Әрине, С.Дөнентаев сол аталған ақын-жазушылардың бәрінен бірдей үйренді деген қорытынды тумайды. Қашан

да әр жазушы өзінен зор шығармашылық тұлғалардың ішінен рухы, идеялық-көркемдік бағыты, стилі мен мәнері жағынан өзіне ең жақын, іштей туыс, етене жақындарынан ғана үйренеді. Біз бұл ретте эпигондарды емес, дәстүрді шын мәнісінде молықтырушылар мен дамытушыларды айтып отырмыз.

Сөйтіп, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократтық әдебиеті сол дәуірдің қажетінен әрі тарихи дамудың заңдылығы нәтижесінде туды. Оның ең ірі өкілдері қазақ әдебиетін жаңа биіктерге көтерді, идеялар мен тақырыптар жағынан тереңдете, өрбіте түсті, жанр жағынан молықтырды. Онда қазақтың өткен ғасырдағы классикалық әдебиетінде болмаған және болуы мүмкін емес образдар туды, шын мәнісінде жаңа идеялық-көркемдік ізденістер өз жемісін берді. Соның бәрі Абай дәстүрлерінің арнасында әрі орыс әдебиетінің жанды да игі шығармашылық әсерімен туды. Өйткені олар бірінен-бірі туындап, өрбіп жатқан, бірін-бірі молықтыра, тереңдете түскен бірегей шығармашылық процесс еді.

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Абай

I

Сөз өнері әр халықтың рухани өсуінің, өмірі мен тағдырының көркем шежіресі, жан сыры ретінде танылумен бірге оның мақтанышы, даңқы болып та табылады. Әр халықтың елдік сипаты, жарқын қасиеттері ең алдымен оның әдебиетінде терең елес береді. Поэзия – адам баласының мәдениетін дамытудағы ең қуатты, құдіретті құралдардың бірі. Ежелден бері поэзия көктеп өсудің, күрес пен жеңістің, жаңғырып жасарудың белгісі болып келеді. Қай халықтың

поэзиясы да бұған айқын мысал бола алады. Осынау тамаша қасиет біздің поэзиямызда да мол. Абай поэзиясына және одан кейінгі кезеңде реалистік арнада, жаңашылдық бағытта дамыған поэзиямызға мұның әсіресе жанасымдылығы бар.

Көркем өнердің қай түрін де, соның ішінде ән мен күйді, яғни музыка өнерін Абайдың айрықша бағалағаны жақсы аян. Ал оның сөз өнеріне, яғни поэзияға деген ықыласы мен пейілі тіпті ерекше, ерекше бөлек. Оның ұғымынша соз өнерінің қызметі мен маңызын, мән-мағынасын басқа еш нәрсе де өтей алмақ емес. Шын мәнісіндегі, нағыз қайталанбас көркемдік келісім мен қолдан келмес әсемдік пен сұлулық сонда. Бұл ретте Абай поэзияның эстетикалық сипатын ғана емес, әлеуметтік мәнін де ескерген.

Бүкіл адам баласына хас тақырыптарды Абай әлемдік поэзияның деңгейіне көтеріп жырлады. Өз шығармашылығына қажет мазмұнды ол сол кездегі қазақ шындығынан тапты. Абайдың дәуір көріністерін ғана емес, тұтас халықтың сипаты мен мінезін, адам бейнелерін жанжақты әрі барынша шыншыл да терең қамтып жырлағаны соншалық, оның шығармаларын қазір оқығанда да көп күйлерді сезініп, көп бейнелерді айнытпай танып отырамыз. Жарқын жайларды көріп қуансақ та, жамандықтан түңіліп жиренсек те, ашу-ызамызды немесе ең абзал сезімдерімізді ана тілімізде білдірмек болсақ та, біз ең алдымен Абайға ден қоямыз, оның бәрін қамтыған поэзиясынан медет тілейміз.

Абай поэзиясы терең мазмұнымен, шалқар кеңдігімен құнды. Сол кездегі қазақ өмірі шындығының Абай шығармаларында көрініс таппаған қыры жоқ. Ол өз халқының тарихи өткеніне де үңілген, өзі айтқандай, ойланып, ойға батып үңілген, жүздеген жылдардың, яғни ғасырлар тереңіне үңілген. Бұл өткенге қарайлау, артқа айналсоқтау емес еді. Абай халқының өткені жайында ойлағанда оның елдік қасиетін танып білуді ғана емес, болашақты бағдарлауды да максұт еткен. Ал ол тарих тынысын, оның қан тамырларының соғысын қапысыз сезді, бұлтартпай білді. Бұған оның өмірге, тарихи дамудың барысына және өнерге деген көзқарасы мен ойлары – анық куә. Абай ақындығының жаңашылдық сипаты мен өзекті бағыты жайында сөз қозғағанда бұл жәйт әрдайым есте тұрады.

Абай поэзиясы реализмімен құнды. Реалистік сипаттар мен мезеттер халық поэзиясында да және жекелеген ақындардың шығармашылығында да ұшырасатын. Бірақ реализм көркемдік әдіс ретінде ең алдымен Абай, Ыбырай шығармашылығында қалыптасты.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Абайдың ақындық кредосы, поэзиялық және философиялық тезисі осындай. Мұнда Абай тек поэзияны ғана емес, жалпы сөз өнерін, көркем әдебиетті айтып отыр. Барлай қарасақ, Абайдың меңзеп отырғаны – жалпы әдебиет атаулы емес, реалистік әдебиет. «Сөз сарасы» деу арқылы ол поэзиядағы айқындықты, реализмді бәрінен жоғары қоятындығын көрсетеді.

Ақын өз реализмінің принциптерін де бүгіп қалмай, аша кетеді. Бұл оның поэзияның іші алтын, сырты күміс болып келуін талап етуінен байқалады. Міне, осындай поэзия ғана – реалистік поэзия, яғни Абайша айтқанда «жақсы сөз». Мұндай реалистік поэзияны, жаңашыл поэзияны Абайға дейін ешкім жасай алған жоқ. «Қазақтың келістірер қай баласы» деуі – Абайдың астамшылығы немесе нигилистігі емес, ащы шындықты мойындауы әрі суреткер ретінде өзіне тарих жүктеген міндетті терең сезінуі еді. Ол қиыннан қиыстыратын, шығармашылық ерен ерлік жасайтын дана-ақынға, классик-ақынға қазақ қоғамы мейлінше ділгір екенін көре білді және өзі сол деңгейге көтеріле алды.

Ақындық шабыт пен шығармашылық ақтысын келістіріп жырлаған, жаңа ақынның типі мен тұлғасын жасаған өлеңдер Абайда мол екені аян. Осы кітаптың бірінші тарауында біз бұл мәселеге біраз тоқталдық та. Бұл – Абай поэзиясының ең бір өзекті тақырыбы. Ең әйгілі, ең үздік шығармаларының бірі – «Сегіз аяқты» ақынның осы тақырыптан бастауы тегін емес. Оқып қаралық:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,

Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл *(1,88)*.

Бұл өлеңді сансыз рет оқыдық, талай рет өзімізбен өзіміз қалғанда іштей қайталадық. Әлі де қайталап оқи береміз, ойлана оқи береміз. Бұдан тек эстетикалық ләззат қана алып қоймаймыз. Бұл Абайдың ақындық тұлғасын, оның ерен өнерінің қат-қат қырлары мен сырларын, суреткерлік ұлылығын ұғынуымызға да мүмкіндік береді.

Абай поэзияға тереңдік пен шалқар кеңдік («алыстан сермеп») жарасатынын айтумен ғана тынып қалмайды, сонымен бірге ол поэзияның шын шабыттан, шын тебіреністен тууын шарт етіп қояды. Өйткені сондай поэзия ғана адамның жан-жүрегіне әсер етпек, оның рухани-моральдық жағынан жаңғырып қалыптасуына септігін тигізбек.

Асылы, Абай поэзияның қуат-күшін, мүмкіндіктерін аса жоғары бағалаған. Оның ойынша, шын шамырқанған, толассыз ізденіп, қисынын тапқан ақын қандай құбылысты болса да суреттей алады, яғни Абайша бейнелеп айтқанда, қандай тағыны да жетіп қайыра алады. Мұның өзі, бір жағынан, шығармашылық процесінде Абайдың стихиялыққа қарсы болғанын, суреткердің саналылығы мен ізденістерін айрықша бағалағанын да көрсетеді.

Осыдан кейін барып Абай қызыл тіл тақырыбына ауысады. Қызыл тіл тақырыбы халық поэзиясында ежелден бар. Бірақ Абай оны барынша кең әрі барынша жаңа тұрғыда алады. Мына тұста ол «толғауы тоқсан қызыл тіл» деп айтады. Көркем тілдің, сөз өнерінің құдіретті күші мен ұшан-теңіз мүмкіндігін, оның бар толғауын бұдан артық жеткізіп айту қиын болар.

Абай осы тұста шығармашылық еркіндігі туралы ойын да қоса танытады. Оның ойынша, шын суреткер өз шабытын қыстамайды, зорламайды. Өйткені уақыт рухымен бірге тыныстаған, оның талабына сергек құлақ тосқан суреткердің әр нәрсенің анысын аңдып қана тымырайып тіл қатпауы, үнсіз қалуы мүмкін емес. Бұл ретте Абай Белинскийдің шығармашылық еркіндігі туралы ойларының аңғарынан табылады. Ұлы сыншының айтуынша, шығармашылық еркіндігі суреткердің өз дәуіріне қызмет етуімен үйлесе, орайласа

отырады. Бұл үшін суреткердің шабытын, ой-киялын зорлауы қажет емес. Ол өз қоғамының, өз дәуірінің перзенті болуға және өз бойына соның мұрат-мүдделерін сіңіруге тиіс. Қазақ классигі де өз дәуірінің осындай ұлы перзенті, ұлы ақыны еді.

Абайдың жаңашылдығы оның поэзиясының мазмұны мен түрінің бір-біріне сай, ажырамас тұтастық тапқандығында. Өйткені сондай терең де бай мазмұнды сондай әсем түрге бөлеп бермесе, Абай классиктік дәрежеге көтеріле алмаған да болар еді. Проф. Құдайберген Жұбанов айтқандай: «Абай ойшыл ақын. Өленін пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Бірақ оның ойы да сезімшіл ой. Сондықтан Абай өленінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өленінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та, негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сиярлық қана болып қоймайды: бірі олай, бірі бұлай кетпейді, солардың әркайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады. Тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады» [170,33].

Сөйтіп, Абайдың мазмұнға қоса формаға айрықша көңіл бөлуі заңды еді. Со кездегі қазақ әдебиеті үшін көркемдік форма проблемасының аса зор маңызы болды. Өйткені дәуір шындығын, халықтың ұлттық өмірінің мазмұнын барынша мол қамтып суреттеу, барынша терең суреттеу міндетін жаңа әдеби форма жасау міндетімен тұтастықта алып қарау шарт. Абай өз шығармашылығының мән-мағынасын, мақсұтын осылай ұғынды және соны орындап шыға алды да.

Абай шығармаларының көркемдік ерекшеліктері жайында недәуір жазылды. Бұған М.Әуезов пен М.С.Сильченконың, Қ.Жұмалиев пен З.Ахметовтың зерттеулері, Т.Нұртазиннің, Е.Ысмайылов пен З.Шашкиннің мақалалары мысал бола алады. Академик-жазушы С.Мұқанов Абай жайындағы еңбегінің үлкен бір тарауын осы мәселеге арнапты [171]. Бірақ бұдан Абайдың ақындық шеберлігі туралы мәселе тұтас

қамтылды. сарқа зерттелді деген ұғым әсте тумайды. Қайта бұл Абайтанудың, ұлы ақын жайындағы ғылымның ең бір жас саласы болып табылады. Қазіргі орыс кеңес әдебиетшілерінің Пушкин мен Некрасовтың ақындық шеберлігі жайындағы түбегейлі зерттеулері – қазақ әдебиетшілері үшін де үлгі. Біз Абайды, оның аскан ақындық өнерін сондай биіктен көруге, оған дәл сондай сезімталдықпен терең үңілуге ұмтылуға тиіспіз. Сондықтан болашақта бұл салада әлі де көп еңбек етуге, өлшеусіз ізденуге тура келетіндігі даусыз.

Абайдың көркемдік форма саласындағы жаңашылдық ізденістері жайында сөз болғанда әрдайым есте ұстайтын бір ақиқат жай бар. Ол – Абайдың форма үшін форма іздемегендігі. Жалпы поэзияны еріккеннің ермегі деп білуге жантәнімен қарсы болған Абай көркемдік формаға байланысты ізденістерге де қажет болғандықтан, саналы түрде ден қойды. Сөйтіп, Абайдың «өңкей келісімге» толы, «теп-тегіс, жұмыр», яғни мінсіз форма үшін күресі оның реалистік жаңа әдебиет жасау жолындағы күресінің бөлінбес, ажырамас бір саласы болды.

Ұлы ақынның жаңашылдығы ең алдымен оның бұрынғы поэзиялық дәстүрлерге, ауыз әдебиеті мен ақындардың шығармашылық тәжірибесіне деген қатынасынан анық көрінді.

Барлай қарасақ, Абайдың халық поэзиясымен байланысы біз ойлап жүргеннен әлдекайда терең, әлдекайда күрделі екенін байқауға болар еді. Өйткені ондай белгілер мен мұндалап, көзге шыққан сүйелдей болып тұрған жоқ, тереңде жатыр. Абайда эпигондықтың ұшқыны да жоқ. Халық поэзиясынан алған образдар мен суреттерді, бейнелі сөз айшықтарын Абай жалаң күйде ұсына салмайды, өзінің шығармашылық көрігінен өткізеді, шыңдап шығарады, кемел көркемдік дәрежеге жеткізеді.

Бірсыпыра өленін Абай халық поэзиясында бұрыннан бар жыр үлгісінде жазған. Сондай шығармаларының бірі – атақты «Жаз». Бірақ соның өзінде де Абай мейлінше жаңашыл ақын болып көрінеді. Немесе «Күлембайға» деген өленін алып қаралық:

Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.

Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе, жүрегім
Орныкпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап *(1,79)*.

Былай қарағанда құйылып, төгіліп тұрған кәдімгі жырдан айырмасы жоқ сияқты. Бірақ осында орынсыз тұрған, басы артық бірде-бір сөз жоқ. Болыстың ішкі монологы іспетті өлең болғандықтан, Абай сол кейіпкерінің интеллектуалдық дәрежесіне сәйкес, сыйымды осынау қарапайым, көне форманы әдейі таңдап алған. Асқан шеберлігінің арқасында Абай сол формаға мол жүк көтерткен. Өлеңнен болыстың бүкіл болмысы мен бітімі, психологиялық және портреттік сипаты, қимыл-қозғалысы, мінезі тұтас көрінеді. Өлеңнің әр сөзінде атқан оқтай дөп тиетін дәлдік пен қорғасындай салмақтылық бар.

Сонда Абай осынау көне формадан не тапты, оған нендей қасиет бітірді? Біздіңше, мұнда ешқандай сиқыр, тылсым жәйт жоқ. Бәрі де Абайдың сөз қолданысындағы шеберлігі мен тапқырлығында жатыр, шығарма мазмұнының терең-дігінде жатыр. Мұнда әр сөз терең мағына танытады, әр сөз көз алдына жанды сурет әкеледі, қатпар-қатпар сыр мен мінез ашады.

Халық поэзиясында сөз көптен-көп тура мағынасында қолданылады. Онда күрделі ассоциация мол ұшыраса бермейді. Ал Абай болса, сөздің бойындағы бейнелілік қуат пен мүмкіндікті тереңдеп ашып, барынша саркып алады. Тағы да бір мысал келтіріп қаралық:

Шыркап, қалкып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.

Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды *(I, 202)*.

Осында «ойсыз құлақ» деген тіркестен басқа сөздердің қай-қайсысы да Абайдан бұрын, әлімсақтан бері қолданылып келген. Бірақ Абай қаламынан шыққанда солар қандай терең мазмұнға, қандай әсерлі қуатқа ие болған. Абай әр сөзді әр қырынан көрсетіп, бар күйінде ойнатумен, құбылтып түрлендірумен бірге соларды байланыстыра, тұтастықта алғанда тіпті басқа сипат, ғажайып сипат танытады. Шығармашылық актысын суреттеген атақты өлеңінде Абайдың мынадай бір жолдары бары бәрімізге аян.

Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз *(I, 204)*.

Осында айрықша терең мағына бар. Абай өзінің ақындық сарайын, ақындық лабораториясын тағы да асқан нәзіктікпен ашып тастайды. Сөздің жай шықпай, еркеленіп шығуы ақынның еркін, шалкар шабытын ғана емес, «тілдің тоқсан толғауын» да сездіреді. Сонымен бірге Абай жеке-жеке сөзге ғана емес, солардың тіркесіп, байланысып келуіне, оның өзінше айтқанда «бас құрауына» айрықша мән берген. Сонымен бірге сөз қуатты ойдан тууға тиіс және қуатты ой мен әсер тудыруға тиіс.

Абай үшін ең бастысы осы. Сөйтіп, Абай шығармашылық принциптері мен өз ақындығының ерекшеліктерін, дәлірек айтқанда, сөзге деген қатынасы мен сөз қолданудағы шеберлігін қоса танытады.

Халық поэзиясында бар образдар мен суретті тіркестерді өсіре, дамыта қолдану сияқты көркемдік тәсілдерді Абай аудармаларында да алғырлықпен пайдаланған. Татьянаның Онегинге жазған хатының Абай аударған бір шумағы мынадай:

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс *(II, 75)*.

Осындағы «көңілдің жұмбағы» мейлінше сәтімен табылған. Мұнда түйткіл де, сыр да, үміт пен күдік те, тіпті наз да бар. Көңіл жұмбағы болғандықтан да сырлы жұмбақ, терең астары бар жұмбақ. «Әлде бәрі – алданыс» та жас қыздың аузынан шыққандықтан қаншалықты нәзік әрі аянышты естіледі. Ал «жас жүректің саусағын жайып, алыс айға талпынуы» бұдан да өтімді, бұдан да шебер. М.Әуезов пен Қ.Жұбанов осы соңғы образды Абайдың халық мәтелінен алғанын айтады. Мысалы, проф. Қ.Жұбанов былай деп жазады: «Міне, мұнда «алыс айға саусағын жайып талпынған жас жүрек» бейнесі қазақтың: «арыстан айға шауып мерт болған» дейтін мәтелінен алынған. Сондай таныс нәрсе екені білініп тұр. Бірақ ол кейіптен өзге нәрсе қалып жарыған жоқ. Бәрі де Абайдың өз қолымен жаңартылған. Мұнда арыстанның жырткыштығы, тәкаппарлығынан, сол «бейілінен тапқандығынан» мерт болған арқыаяғы екендігінен ырым да жоқ. Мұнда жүрегі таза жас сәби айды алмақ болып балдыр саусағын шолтаңдатқан күнәз қылық қана бар. Сонымен бірге жай қалмай, мерт болып қалатыны да көрініп тұр» [170,41]. Абай халық әдебиетінің образдарын, оның сөз өрнектерін осылайша дамытып, өлшеусіз өсіріп, кейде тіпті танығысыз дәрежеге жеткізіп алады.

Абай қарама-қарсы ассоциациялар арқылы да небір ғажайып көркемдіктер тудырады. Соның бірін көз алдымызға елестетіп көрелік:

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,
Түн басады салбырап *(II,93)*.

Үстірт қарасақ, доғалдау түрде ұғынсақ, тау қалғи ма екен, ол неге балбырайды? – деп таңыркауға әбден болады. Бірақ Абай поэзиясы – үстірттікті сүймейтін тереңдік пен ойлылық тілейтін поэзия. Осы шумақты оқып шығып, сәл ғана, аз да болса ойланайықшы. Көлбеп, манаурап жатқан, батыр тұлғалы мол, ұлы тау, жым-жырт дала, барған сайын қараңғылығы коюлана түсіп, бар дүниені қымтап, жасырып

келе жатқан түн бейнесі келеді көз алдымызға. «Түн» мен «Салбырау» жеке-жеке алғанда бір-біріне тіпті жуытын, маңайлайтын ұғымдар емес. Бірақ Абайдың адам айтқысыз тапқырлықпен тауып қолдануында сол ұғымдар керемет үйлесіп, ғаламат күшті сурет жасап тұр. Осындай түннің ең даланың еңсесін езіп, жым-жырт күйге бөлеп, дел-сал ғып жібергеніне сенбеске, соны сезінбеске шараң жоқ. Абай түнді қойып, тіпті ұйқының өзін көз алдыңа әкеп елестететін сияқты.

Жалпы, осылайша дерексіз ұғымдарға тіл бітіру, жан беру, абстракциядан образға ауысу – Абайдың ақындық стихиясы. Оның қаламынан шыққан сөздер сурет боп көрініп, үн боп естіліп жүре береді. Құмарлы қос асықтың жолығысуын Абай былай суреттейді:

Дем алыс ісініп,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.
Иығы тиісіп,
Тұмандап көздері,
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері...
Өзге ойдан тыйылып,
Бірімен бірі әуре,
Жүрекке құйылып,
Жан рахат бір сәуле *(I, 135-136)*.

Абай сүйіскен жастардың жан толқындарын, елжіреген көңіл-күйлерін, тіл жетпес терең сезімдерге бөленгенін ғана суреттеп қоймайды, абзал да ыстық махаббат адамды рухани жағынан өсіріп, мейірімді де ізгі ететінін көрсетеді. Осының бәрі аскан шеберлікпен берілген. Өзгесін былай қойғанда «Дем алыс ісініп» деген бір жолда каншама куат, каншама тапқырлық бар. Бұдан артық айту киын сияқты. Бірақ айтуға болады екен. Оны айта алған да – Абайдың өзі. Акынның тағы да осы тақырыпқа арналған басқа өленінің бір шумағын оқып каралық:

Егер де колың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіне.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіне *(I, 107)*.

«Сүйекке шымырлап бу ену» – бұрын-соңды акындарымыздың ішінде мұны тек Абай ғана айта алды. Бұған ешқандай комментарийдің керегі жоқ. Өйткені талдай бастасаң, өленді бар әсемдігінен, бар нәзіктігінен айырып аласың. Белинский айткандай, тілсіз түйсіктерге тіл беретін, жан бітіретін шын мәнісіндегі лириканың, шын шеберліктің үздік үлгісі осы болса керек.

Абай шындықты, құбылысты, олардың ішкі мәнін мейлінше жіті көре білді, сезіне білді әрі жеткізіп суреттей алды. Ал оның көркем тілдің стихиясын, сөз сырын сезінуі тіпті айрықша күшті. Абайдың асқан акындық шеберлігінің, данышпандығының терең бір тамыры осында.

Ұлы акынның поэзиясы айкын да ашық образдарға бай. Абай өленderін оқығанда аттары аталмаса да, талай-талай жандардың кескін-кейіптерін, адам бейнелерін анық көріп, танып біліп отырамыз. Оның шығармаларында жекелеген типтер емес, заманның сипатын танытатын типтер бар, ұмытылмас образдар бар.

Акынның осы образ жасаудағы шеберлігінің кей үлгілерін алып қаралық. Сол үшін баллада іспетті мынау атақты өленнің екі шумағын оқып өтелік:

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында.
Алтын, күміс кигені камка, торғын,
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.
Деген сөз: «Бұка – буға, азбан – дуға»,
Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға.
Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға *(I, 199)*.

Осы қос шумакта тұтас дәуір шындығы, екі бірдей адамның бүкіл тағдыры, айта берсеңіз толыққанды, жанды образдары бар.

Көркем шығармада адам образын жасау үшін оның бар өмірінің бұраланын жіпке тізгендей шұбатып суреттей беру шарт емес. Мұндай суреттеу тәсілін поэзия, оның ішінде баллада жанры әсіресе көтермейді. Белинскийдің тұжырымдауынша, тіпті поэма да өмір шындығының ең шешуші, асқақ мезеттерін ғана қамтып бейнелейді.

Абай өз кейіпкерлерін жан-жақты, толық суреттеп жатпайды. Екі қаһарманының да тағдыры, тіршілік-болмысы үшін ең шешуші, типтік қасиеттерді ғана алады. Акын хан қолында тұрған сұлу қыз жайын айтудан бастайды. Бірақ оны сипаттап жатпай-ақ хан бейнесіне ауысады. Өйткені сол арқылы ол екі кейіпкерін бірдей сипаттайды. Хан қыз жолында жанын қиюға бар. Бұл – оның жас қызды алдарқатпақ болуы әрі кәрілігінен туған дәрменсіздігі. Ханның қызды қамқа мен торғынға бөлеп, алтын мен күміске «малып» коюы да оның көнілін ауламақ болған, бәйек болған тілегінен туған. Күтуші қыз-келіншектер жайы да осы шындықты аша түседі.

Енді екінші шумаққа ауысалық. Абай халық мәтелін әдейі алған. Өйткені бұл мәтел акынның негізгі ойына соншалықты тура келіп тұр әрі ирониялық қуаты, сайқымазақтық уыты да барынша күшті. Ал «Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға» деген жалғыз жол арқылы акын оның бейнесін, бар болмысын түгел мүсіндеп шыққан. Ол өзіне – өзі мәз. Әбден еліріп, есіріп алған. Бірақ келесі жол арқылы ол тып-типыл болады. Қыз оның суық құшағынан құртқа жем болуды артық көреді. Акын қыздың аузына жайшылықта айтыла беретін «сүймеймін!» деген сөзді салса, оның әсері дәл мұндай болмас еді. «Етімді шал сипаған» деген сөздер қыздың қайнаған ызасын, құрсанған ашу-кегі мен жиренішін, бұл өмірдің қызығынан суынып безінуін қапысыз жеткізіп тұр. Ол осыған әбден бекіген. Қыздың жартастан құлауы бізді дір еткізеді. Бірақ біз осылай боларын, осымен тынарын сезгеміз. Басқаша болуы мүмкін емес. Акын бізді осындай шешімге даярлаған. Сонымен бірге бұл шешім кейіпкерлер тағдырынан, олардың характерінің шындығынан келіп туады, орайласа кетеді. Шығармада екі кейіпкер образының катар түсіп, карама-қарсы күйде алынып берілуі де оның әсер күшін өлшеусіз өсіріп тұр. Акын хан образын ирония

түрінде, сатиралық қалыпта бейнелесе, ал қыз образын трагедиялық әрі романтикалық асқақ сазға көтерген.

Сөйтіп, екі ғана шумақ. Бірақ сонда екі бірдей адамның образы, дәуір шындығы бар, ақынның негізгі идеясы мен түбегейлі ойы, суреткерлік позициясы бар. Сондықтан да Ілияс Жансүгіров: «Осы екі ауыз өлең тұтас бір романның мазмұны сияқты» [172,48], – деп әдемі айтқан, әділ айтқан.

Ақынның образ жасаудағы шеберлігі оның «Аска, тойға баратұғын» атты балладасынан да анық көрінеді. Мұны батыр бейнесіне де, қалыңдық бейнесіне де байланысты айтуға болады.

Абай көптеген өлеңдерінде адам бейнелерін аттарын атамай, жалпылама түрде жасайды. Мысалы, жаксы мен жаманның, дос пен қастың, білімді мен наданның, кәрі мен жастың, бай мен кедейдің, тағы басқа көптеген жандардың бейнелері осындай. Ондай бейнелерді ақын шығармашылығының қай кезеңінде де мол тудырып отырған. Абай солардың түр-түсі мен қимыл-қозғалысын, мінезі мен пейілін, басқа сипаттарын да береді. Сондықтан ондай бейнелер жинақты қасиет танытады.

Абай поэзиясындағы ең тұтас, ең жарқын, барынша толық образ – ақынның лирикалық қаһарманының бейнесі. Бұл образ өз бойына бүкіл дәуір сипатын, халық тағдырын, соның арманы мен талабын сыйғызған. Оның жүрегін заманның бүкіл дерті мен ауыртпалығы аяусыз жаралаған. Бірақ соның өзінде Абайда түңілуден үміт сарыны күшті. Өйткені алға көз тіккен ақын кімнен және неге түңілетінін, кімнен және неге үміт ететінін терең түсінген. Сондықтан ақынның лирикалық қаһарманының образы мейлінше күрделі, барынша тұтас.

Оның бойында трагедиялық күйлер де, оптимистік халдер де мол. Сонымен қатар трагизм мен пессимизм бір емес екендігін де ескеру шарт. Абай ғибратшы боп та, үкімші боп та, ең жақын сырласың мен қимас досың боп та, зұлмат атаулыны, кесапат атаулыны айыптап, заман мен қоғамды, адамды айықтырушы, сауықтырушы боп та сөйлейді. Бірақ ол қашан да шын ақын боп тебіренеді, шын суреткер боп жырлайды. Осының бәрі ақынның лирикалық кейіпкерінің

образын қырландыра, түрлендіре түседі, өлшеусіз биіктете түседі. Осындай күрделі образдың жасалу тәсілдерінде, ақын қолданған суреттеу құралдарының алуандығы мен ерекшеліктерінде тіпті шек жоқ, түп жоқ. Бірақ ол өзіне, ақындық өнерінің мәні мен табиғатына қашан да адал, айнымас қалыпта. Ол әрдайым шыншыл да күрескер жан. Абайдың лирикалық қаһарманының образы – эстетикалық әсері мен өмір таныткыштық қасиеті мол, шын мәнісіндегі реалистік образ.

Жалпы, Абайдың образ жасаудағы шеберлігі мен суреттеу құралдары туралы мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді. Онда тіпті қазіргі ақындарымыз үйренетін, үнілетін жәйттер көп.

Абайдың үздік шеберлігі оның поэзиясының бейнелілігінен әсіресе анық көрінеді. Жоғарыда келтірілген «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты өлеңінде ақын кәрі шал мен жас қызды былай суреттейді:

Біреуі – көк балдырған, бірі – курай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз? *(I, 200).*

Көк балдырған мен курай – біріне – бірі қарама-қарсы, кереғар образдар. Бірі солған, кураған, құруға айналған, ал екіншісі жастық куатына, өмір нұрына толы. Абай мұнымен де тынып қалмайды. Ол антитеза тәсілін шебер қолдана отырып, енді біріне-бірі карама-қарсы қыс пен жаз образдарын келтіреді. Сөйтіп, ол өлмелі шалдың жас қызға ықтиярсыз үйленуі адамгершілік, ар-ұят, гуманизм тұрғысынан ғана сорақы, ерсі емес, тіпті жаратылыс пен табиғаттың өзіне де жат екенін аңдатады. Немесе осы өлеңдегі: «Екі көңіл арасы – жылшылық жер» – деген жолды алайық. Абай айтқанға дейін қазақ баласы естімеген сөз. Бірақ оның құлағы тосаңсымайды, кайта ақынның бейнелеп айтқан ойына түсіне кетеді, барынша терең сезінеді.

Осындай жаңа бейнелер, жаңа суреттер Абай поэзиясында тіпті мол. Бірақ солар зәредей де жалғаншылық, жасандылық сездірмейді. «Дүтбайға» деген өленде мынадай бір шумақ бар:

Мұңды, жылмаң пішінін
Кезек киіп, ел жиып.
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсиып *(I, 233).*

Әдетте киімді киеді. Ал Абай кейіпкеріне пішінді кигізеді және қайта-қайта ауыстырып кигізеді. Аяр, құбыл, арам адамның, екіжүзді адамның қылығын, шындығы мен сұмдығын осы тәсіл арқылы ақын керемет жеткізіп берген. Оның кейіпкерінде тұрақтылық, дәлірек айтқанда, баяндылық пен адалдық жоқ. Ол небір зұлматтыққа киім ауыстырып кигендей оп-оңай, қиналмай-ақ барады. Мұнда ақын портреттік сипаттау мен психологиялық сипаттауды өте шебер ұластырған.

Абай поэзиясының бейнелілігі оның пейзаждық лирикасынан өте-мөте күшті көрінеді. Оның көктем мен жазды жырлаған өлеңдерінен жаныңды жадыратарлықтай, жаймашуақ леп еседі. Ал күз туралы өлеңдерінде сұр көріністер, сұрғылт суреттер басым. Қыс жайындағы өлең де тек өзіне ғана хас сипаттармен безенген. Осы өлеңдердің бәрінде де суреттің ашықтығы мен жандылығы, бояудың қанықтығы мен алуандығы қайран қалдырады. Бұған мысал келтіріп жатудың қажеті де болмас.

Осы ерекшелік Абайдың басқа тақырыптардағы өлеңдерінде, тіпті аудармаларында да барынша мол белгі берген. Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деп басталатын әйгілі өленін кім білмейді. Зерттеушілер осыны – В.А.Крыловтың «Разбитое сердце» атты өленінің аудармасы деп жүр. Рас, Абай негізгі образдар мен тақырыпты содан алған. Бірақ бұл әншейін ғана аударма емес. Абай образдарды да, тақырыпты да мүлдем тереңдетіп, өз идеясына жақындатып алған. Оның үстіне аударманың бейнелілік қуаты тіпті орасан, оқшау. Өленнің алғашқы үш шумағында мынадай суреттер бар:

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен –
Кімге батар ол байғұс тарткан күйік?

Мен көрдім сынық қанат көбелекті
О да білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-қалт етіп,
Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті *(II, 114)*.

Өлеңнің тақырыбына, идеясына талдау жасап жатпайақ, оның әсер күшінің мүлт кетпей даритынын айтпаска, таңдана айтпаска болмайды. Көз алдыңа ғажайып көріністер келеді. Есіңнен кетпейді, ұмыта алмайсың. Сол сиякты, «Теректің сыйындағы» суреттер қандай. Осылардың қайқайсысы да шебер суретшінің қыл қаламынан туған полотнолар тәрізді әсер қалдырады. Психологиялық шындық пен сырлы сезімдерге, жанды бояулар мен сиқырлы үндерге толы суреттер. Тіпті бұларды былай қойып, «Сегіз аяқтың»: «Жартаска бардым, күнде айғай салдым – одан да шықты жаңғырық» деп келетін жолдарындағы символ түсінде берілген философиялық топшылаудың өзінде қаншама бейнелілік қуат бар.

Абай поэзиясы өзінің бейнелілігімен ғана емес, сонымен бірге музыкалық үйлесімімен, әуезділігімен де ерекшеленеді. Бұл ретте біз ассонанстар мен аллитерацияларды ғана айтып отырған жокпыз. Өйткені мұның үлгісі өте көп. Мысалы, солардың бірі мындай:

Жалын мен оттан жаралып,
Жаркылдап Рағит жайды айдар.
Жаңбыры жерге таралып,
Жасарып шығып гүл жайнар *(I, 248)*.

Мұнда Абай «ж» дыбысынан басталатын сөздерді әдейі іріктеп алған деп тұжырым жасауға болмайды. Өйткені мұндағы жалын аткан жасын мен жай, жаңбыр, жасарып, жайнау – бірінен-бірі туындап жатқан құбылыстар. Шабыт-

ты ақын сол құбылыстар мен көріністерді тұтастықта, байланыста көрген және осындай құйылып тұрған, төгіліп тұрған жыр тудырған.

Осы орайда Е.Ысмайылов пен З.Шашкиннің «Абайдың поэтикасы» атты мақаласындағы ақынның шеберлігін оның әр өлеңіндегі дыбыстардың санына қарап анықтамақ болған талабы күмәнді, даулы екенін, жеміссіз екенін айтпаска болмайды. Мысалы, олар былай деп жазады: «Абайдың «Өзгеге көңілім тоярсың» деген өлеңі – өте жабығып, зарланып, тарығып, қысылып жазылған өлең. Күңіреніп, жүрегі толып, сарнаған дауысты «н», «м», «ң» дыбыстары берген. Бұл өлеңнің аяғы бірыңғай «ң» - мен тынып, сарнап, ыңылдап отырған күйді толық естіртіп отыр» [173]. Осыған мысал ретінде өлеңнің мынадай соңғы шумағы келтірілген:

Жүрегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп, соларға
Қайтіп кана сарнарсың?.. *(I, 120).*

Мұндай байлауда көп үстірттік, көп түсінбестік бар. Ең алдымен, өлең арнау түрінде айтылып, екінші жақтағы етістіктер қолданылып тұрғандықтан ақынның «ң» дыбысына соқпай өтуге тіпті мұршасы, әддісі жок.

Екіншіден, ақын сол сөздерді ішінде «н» дыбысы болғандықтан емес, айтпақ ойын барынша толық, әсерлі, анық етіп жеткізуге жарағандықтан, қажет болғандықтан алып отыр. Ал тіпті дыбыс санай бастасақ та, бұл өлеңдегі музыкалық үйлесімді белгілеп тұрған – аталған дыбыстар емес.

Абайдың ақындық шеберлігін сөз еткенде оның реалистік поэзиясына тұнық мөлдірлік пен айқындық қана хас екенін, ал формализм атымен жат екенін әрдайым есте тұтуға, ұмытпауға тиіспіз. Сондықтан да біз Абай поэзиясына музыкалық үйлесім, әуезділік хас дегенде оның саф тазалығын, ішкі гармониясын айтамыз, тұтқырлық пен тұтығу жоқтығын, татаусыздығын айтамыз. Мұның бәрі – Абайдың суреткерлік зор мәдениетінің де, қуатты ақындық шабытының да жемісі, анық белгісі.

Біз Абайдың сөз қолданысындағы және образ жасаудағы кейбір ерекшеліктеріне тоқталдық. Әрине, бұл екі проблема өзара байланысты және бірінен – бірінің айырмашылығы да бар. Ең алдымен көркем образды тек сөзге ғана сауға, сонымен ғана шектеуге болмайды. Рас, көркем әдебиетте образ сөз арқылы жасалады, бірақ соның аясына түгел сыйып, жұтылып та кетпейді. Өйткені образдың ішкі мәні, мазмұны шындықтан туады, өмірден алынады.

Өмірге терең үңілген, шындықты шалқар күйінде танып, жіті ұғынған суреткердің сол аңдағаны мен байқағанын шынайы түрде, образды түрде бейнелеуге мүмкіндігі де мол. Ал сол мүмкіндік сөз арқылы ғана көркем образ тіліне түседі.

Абай өмір құбылыстарын, шындықты образ арқылы танытуда да және соны сөз арқылы безендіруде де шын шеберліктің небір тамаша үлгілерін көрсетті. Ол ешқандай «өткірдің жүзі, кестенің бізі» сала алмайтын өрнектер, өшпейтін, ескірмейтін өрнектер салды, өзгеге ұқсатпай салды.

Абайдың жаңашылдығы, көркемдік форма саласындағы ізденістерінің жемісі өленнің ұйқас, ырғақ, өлшемі, құрылысы тәрізді өрнектерінен әсіресе анық көрінеді. Оның бұл саладағы тапқаны мен қосқаны немесе шыңдап, ұштап жетілдіргені ұшан-теңіз. Біз Абай шығармаларының өлеңдік формасына тоқталып жатпаймыз. Бұл мәселе С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Ахметов және басқа да авторлардың жұртшылыққа мәлім еңбектерінде түбегейлі зерттелген. Солардың ішінде Абай поэзиясы тілінің молдығы және өзіндік ерекшеліктері Қ.Жұмалиев еңбегінде [174] арнайы әрі жан-жақты талданып ашылған.

Әрине, Абайдың өлең өлшемдері мен құрылысына байланысты жаңашылдық ізденістерін оның реалистік поэзия жолындағы талабымен, түбегейлі мақсатымен ұштастыра қарау шарт.

Халық поэзиясындағы өлең өрнектері мен өлшемдерін Абай мансұқ етпеді. Ол ауыз әдебиетінде мол тараған жыр үлгісін де, он бір буынды қара өлең өлшемін де сыртқа тепкен жоқ. Бірақ ол соларға терең мазмұн мен керемет көркемдік келісім берді, солардың бойынан суреттеушілік ғажайып қуат тапты және өлшеусіз өсіріп дамытты. Абай орыс классиктерінен реалистік әдебиеттің эстетикалық

принциптерін ғана қабылдап қойған жоқ, сонымен бірге көркемдік форма, өлең өрнектері, ұйқас пен ырғақ саласында да мейлінше жемісті үйренді. Академик М.Әуезов осы жайында былай деп жазады: «Қазақтың ауыз әдебиетін мейлінше жетік білген Абай өз шығармашылығында қазақ тілінің бар байлығын мол пайдаланды. Бірақ ол халық поэзиясының қатып қалған канондық формаларынан мүлдем бас тартты. Ол поэзияда жаңашыл болды. Абай қазақтарды поэзияның бұрын-соңды көрмеген жаңа формаларымен таныстырды. Ақын оны орыстың классикалық әдебиетінен алды» [131,126-127].

Абай қазақ поэзиясының лексикасын өлшеусіз байытты, поэзиялық фразеологияға да аса зор жаңалықтар енгізді. Ол өз шығармаларында халық поэзиясына хас шартты түрде келетін әрі дәстүрлі орам-айшықтармен байланысты поэтикалық бейнеліліктің шеңберінде қалып қойған жоқ. Ол сөзді, оның алуан түрлі тіркестері мен сөздік образдарын барынша жаңғыртып қолданды. Жаңа ақындық стиль қалыптастырудағы Абай еңбегі ересен зор [175,308].

Белинский Пушкиннің форма саласындағы жаңашылдығын терең аша келіп, былай деп көрсетеді: «Пушкиннің поэзияда, әдебиетте орыс тілінде жасаған реформасының ұлылығын жалпылама жәйттермен сипаттау қиын... Пушкин өлеңінің қасиеті тек жеңілдігінде ғана емес. Жеңілдік – оның екінші қатардағы сапаларының бірі ғана; жоқ, оның өлеңінің қасиеті көркемдігінде, мазмұн мен форма арасындағы табиғи жанды сәйкестікте» [3,149].

Абайдың ақындық жаңашылдығы жайында сөз еткенде де осы қағида негізге алынуға тиіс. Қазақ классигі шалқар да бай мазмұнға қай жағынан да сайма-сай кемел көркемдік форма тапты. Ол үшін көркемдік форма тек поэзияны әсемдеп безендірудің құралы болған жоқ. Ақын өлеңдік форманы өмір құбылыстарын, шындықты реалистік қалыпта бейнелеудің, соның ішкі мәнін ақтарып ашудың міндеті мен мұратына бағындырды.

Ұлы ақынның қазақ поэзиясына форма саласында енгізген жаңалықтары туралы мәселе зерттеушілер назарын әрдайым аударып отырды. Бұл жайындағы пікірлер де әртүрлі. Мысалы, Е.Ысмайылов пен З.Шашкин Абайдың

өлең өлшеулерінде 16 түрлі жаңалық бар деген қорытынды жасайды [176,97-105]. Ал академик С.Мұқанов осы санды жиырмаға жеткізеді [171,338-343]. Проф. Б.Кенжебаев мақаласында [177] да бірталай салыстырмалы деректер келтірілген, ақын өлеңдерінің буын, ұйқас, тармақтарының схемасы берілген.

Әрине, ақын поэзиясының жаңашылдық үлгілерін ашуда зерттеудің осындай тәсілдерін де қолданудың еш әбестігі жоқ. Қайта қажет, пайдалы. Сонымен бірге Абайдың көркем форма саласындағы жаңашылдығы ешбір есептеудің, жіпке тізгендей санап шығудың, үзілді-кесілді айтудың шеңберіне сыймайтындығы да хақ. Ал жалпы ақындық шеберлік туралы мәселенің аумағы бұдан да кең, бұдан да терең екендігі тіпті де дау туғызбаса керек.

Әдетте, Абайдың лирикалық поэзиясының көркемдік ерекшеліктері жайында сөз болады да, ал оның поэмаларының әралуан қырлары қағас қала береді. Шындап келгенде, Абайдың поэмаларында, әсіресе «Ескендір» поэмасында терең үңілуге, көңіл бөліп, көз тоқтатуға тұрарлық мезеттер мен көркемдік компоненттер аз емес. Ал Абай өлеңдерінің композициялық құрылысындағы ерекшеліктер мен шеберлік үлгілері жайында әлі күнге дейін қалам тартылмады десе де болғандай.

Абай шығармаларын оқи отырып, біз оның ақындық ойының түпсіз тұңғиықтығына, ақындық сезімдерінің әсерлілігі мен шексіз байлығына, тазалығы мен мөлдірлігіне таң-тамаша қаламыз. Ол өмірге, шындыққа қыранша шырқау биіктен қарады. Бірақ оның көреген көзі ешнәрсені мүлт жіберген жоқ, оның үлкен жүрегі бәріне де сергек үн қатты, дәуір дүбіріне қоса жаңғырықты. Ол ұлы ойлар мен ілгерішіл идеяларға, ғажайып көркемдікке толы тұтас бір әлем тудырды. Әдебиет пен көркем өнерде гуманизм мен демократизмді, халықтық бағытты көксеген суреткерлерге уақыт сол әлемнің есігін айқара ашты.

II

Өз шығармашылығының әлеуметтік сипаты, идеялық бағыты, бүкіл рухымен ғана емес, көркемдік қырларымен де

Абай өзінен кейінгі қазақ поэзиясына қуатты әсерін тигізді. Проф. Қ.Жұмалиев атап көрсеткендей: «Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті Абайдың үлгісінде өсіп, өркендеді. XX ғасырдың бас кезінен бастап, күні бүгінге шейін өлең құрылысы, тілі жөнінде Абайдың әсерінсіз әдебиет тарихының қатарына қосылған қазақ ақынын табу қиын» [174,356].

Абайдың көркемдік форма саласындағы жаңалықтарының әсерін азды-көпті көрмеген ақын, расында да, кемде-кем. Әрине, солардың бәрі ұлы ақынның дәстүрлерін дамытушылар болып табыла бермейтіндігі де хақ. Осы орайда пікір алысуды қажет ететін, сокпай өтуге болмайтын кейбір мәселелер бар. Бұл – бірсыпыра шығармаларында Абайдың өлең өлшеулерін, әралуан көркемдік формаларын пайдаланғанмен, шығармашылығының негізгі сипаты, рухы жағынан өзгеше бағытта болған ақындар жайындағы мәселе.

Қазақтың XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетінде көп еңбек еткен, көп мұра қалдырған ақындардың бірі – Ғұмар Қарашев. Оның осындай мұрасында қос-қыртыс қайшылықтар мен қателіктер де аз емес. Сондай-ақ, сол қайшылықты сарындардың әр кезеңдегі сипаты да бір қалыпта болмаған.

Ғ. Қарашев революцияға дейінгі кезеңде шығармаларын газет-журнал беттерінде де, жеке-жеке жинақ түрінде де жиі-жиі жариялап тұрған. Оның «Ойға келген пікірлерім» (Уфа, 1910), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918) тәрізді шығармалары және «Өрнек» (Уфа, 1911) атты қара сөзбен жазылған публицистикалық-философиялық шығармасы сол кезде жұртшылық арасында мағлұм болған.

Ал кеңес өкіметі тұсында ол «Дұрыстық жолы» газеті мен «Мұғалім» журналында жаңа тақырыпқа көптеген өлеңдер жариялайды және ғылым, педагогика тақырыптарына бірнеше мақала жазады.

Ғ.Қарашевтің өмірі мен шығармашылығының кезеңдеріне тоқталып жатпай-ақ, бірер дерек келтіре кетелік. 1921 жылы Ғ.Қарашевтің қайтыс болуына байланысты «Қазақ тілі» газетінде мынадай некролог жарияланды: «Ғұмардың атын Ресейдегі қазақ елі түгел біледі деп айтсақ та өтірікші

болмаймыз. Қазақ еліне ғылымды, пікірлі қызметкерлердің өте керек болып тұрған заманында Ғұмар сияқты зор ғалымның қашқындар қолынан қылышпен кескіленіп өлтірілуі жанды күйдіреді, жүрегімізге от жағады. Ғұмар жазған өлең кітаптарына («Тумыш», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Өрнек», «Тұрымтай») қазақтың қамы, хакімдердің, жігіт ағаларының адасып жүргендігі, елдің азғандығы, әйел жайы, тәрбие жайы, ғылым жайы, жастар жайы және саяси мәселелер кіреді. «Шайырда» қазақтың ескі замандағы зор адамдарының сөздерін жинап бастырады (қазақ тарихы). Ғұмар соңғы уақытта ортакшыл партияға кірді – езілген қазақ елінің теңдігі Коммунист партиясымен табылады деп сенгендіктен. Ғұмардың мән-жайын білетін азаматтар кітап етіп жазып шығарар деп сенеміз. Ғұмардың қазақ еліне қадірі үлкен. Жалпы қазақ жоқтайды, қайғырады. Қызмет үстінде екпінді жолмен келе жатып, уақытсыз кеткен есіл ер, топырағың торқа болсын. Ғұмар, өлдің, сенің атың, қызметің қазақ халкымен бірге жасайды» [178].

Ғ.Қарашевтің шығармашылық мұрасы мол әрі қайшылықты екендігі жоғарыда айтылды. Бірақ оның сол мұрасы әлі күнге дейін толық жиналған да, түбегейлі зерттелген де емес.

Ғұмар Қарашев шығармашылығын XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінен бөліп алып, жеке-дара карауға болмайды. Оның шығармашылығы ілгерішіл сипатымен де, кертартпалық жақтарымен де, қозғаған негізгі тақырыптары және идеялық сарындарымен де сол дәуірге нық байланысты.

Біз Ғ.Қарашев шығармаларының идеялық бағыты мен мазмұны жайындағы ой-пікірлерімізді кең таратып айтуды мақсат етпейміз. Тек негізгі тақырыбымызға байланысты жәйттерге ғана аздап токталамыз. Ол – Ғ.Қарашев өлеңдерінің көркемдік формасы жайындағы бірен-саран байқаулар.

Ғ.Қарашев поэзиясында реалистік сипат бар, тілі таза. Тек «Өрнекте» ғана бірқатар дін сөздер ұшырасады. Бұл, бір жағынан, жазушының сөз қозғап отырған тақырыбына да байланысты болса керек. Ал қалған шығармаларын Ғұмар қазақтың нағыз таза, әдеби тілінде жазған, оның байлығын, суреттеушілік мүмкіншіліктерін жете пайдаланған.

Алғашқы кітаптарында ақындық қуатын онша терең танытпаған Ғұмар «Бала тұлпар» мен «Аға тұлпарда» шеберліктің біраз үлгісін көрсетеді. Бұл тұста ақын Бұхар, Дулат толғауларының, Мұрат өлеңдерінің жыр өлшеулерін, сарынын, халықтың ауыз әдебиетінің сөз айшықтарын пайдаланумен бірге өзі де көп ізденеді. Ол шұбыртпалы жыр арқылы да қатпар-қатпар күрделі ойларды киюын тауып жеткізіп береді.

Рас, кейде Шәңгерей әсері де сезіліп қалады. Бірақ Ғұмар оны жалаң қайталамайды, небір тың теңеулер, тапқыр салыстырулар қолданады, дамыта әрі тереңдете отырып қолданады.

Жалпы алғанда, Ғ.Қарашев поэзиясын оның алдында өткен және сол тұстың ақындарының дәстүрлерінен бөлектеп, даралап алып қарауға болмайды. «Ғұмардың өлеңжырында, – деп жазады проф. Е.Ысмайылов, – көркемдік пен пікірдің байлығы, өткірлігі жұптасып келеді. Көп өлеңдері мәтел-тақпақ (афоризм) түрінде де айтылады («Шығарып салмасы» т.б.). Ғұмардың өлең техникасы, түрі негізінде біреу-ақ. Ол – Батыс Қазақстанның белгілі бір мектепке айналған Махамбет, Мұрат, Ығылман поэзиясының үлгісіндегі шұбыртпалы жыр. Бұл шұбыртпалы жыр үлгісі жалпы халық әдебиетіндегі жырдай. Бірақ Махамбет, Мұрат, Ғұмарлардың шұбыртпалы жырлары өршіл, жортуыл, алға өрлеу сарынын беріп отырады және бұл ақындар осы үлгіні өзінің бүтін поэзиясының берік жүйесіне айналдырады.

Ғұмар поэзиясының түрі де күрделі. Негізгі өлең үлгісі 7 буынды жыр, толғау бола тұрса да, 11 буынды қара өлеңмен де, Абай өлеңдерінің көп үлгілерімен де жазып отырады. Қыска, сюжетті өлеңдерді де шебер жазады» [179].

Г.Қарашевтің өзінен бұрынғы Махамбет, Шәңгерей тәрізді ақындармен сабақтастығын зерттеуші дұрыс аңғарып көрсеткен. Бірақ оның поэзиясы түр жағынан біркелкі, түрі біреу-ақ дегенге қосылуға болмайды. Бұл қайшылықты ізінше зерттеушінің өзі де түсінеді. Ғ.Қарашев – өзінен бұрынғы да, өзімен тұстас ақындардан әр елдің әдебиеті үлгілерінен үйрене отырып, өзіндік стиль тапқан ақын.

Ал оған Абай әсері болғаны да даусыз. Абай поэзиясындағы кейбір сыншылдық, әшкерелеушілік сарын-

дар Ғ.Қарашев өлеңдерінде бой көрсетіп отырады. Бірақ Абай поэзиясын нағыз классикалық дәрежеге көтеріп, оған өлмес-өшпестік қасиет бітірген кемел белгілер, халықтық және реалистік сипаттар Ғ.Қарашев поэзиясынан табыла бермейді. Бұл орайда Абай әсерін Ғ.Қарашев өлеңдерінің түр өзгешеліктерінен, өлең жасаудағы техникасы мен шеберлігінен, бейнелі сөз орамдарынан, ақындық айшықтардан көбірек іздеу қажет.

Абай сарыны ара-тұра Ғұмардың тұтас өлеңдерінен де ұшырасып қалады. Мысалы, «Тұрымтай» жинағына беташар ретінде берілген мына бір үш шумақ өлеңді алып көрелік:

Аяңшыл аттың бипылы
Қалпағың алшы кигізер.
Аршынды үйдің сылқымы
Жүрегің тартып сүйгізер.

Үлгілі сөз – бір сұлу қыз,
Теңіне тегін берілер.
Тең табылып, салса көз,
Таранар сұлу, керілер.

Саналы жүрек, терең ой,
Түбіне зейін сала бер.
Алдында сұлу сұнды бой,
Мал берместен ала бер [180].

Мұнда гәп тек өлеңнің қазақ поэзиясына Абай енгізген шалыс ұйқасты өлшеумен жазылуында ғана емес. Сонымен бірге одан Абайдың ақын туралы, ақындық өнер мен шабыт туралы өлеңдерінің лебі есетінін байқауға болады. «Жүрегің тартып сүйгізер», «Таранар сұлу, керілер» немесе «Саналы жүрек, терең ой» деп келетін айшықты сөз тіркестері құлаққа да, көңілге де Абай сарынын әкелетіндей.

Ғ.Қарашевтің Абайдан үйрене отырып өзінше өлең өрнектерін жаңғыртып құруға, өзгеше етіп жасауға талпынғаны да бар. Мысалы, «Тастаған жарға» өлеңінің әр шумағы он

тармақтан, яғни он жолдан тұрады. Оның бірінші жолы мен үшінші жолы, екінші жолы мен төртінші жолы, алтыншы жолы мен сегізінші жолы, жетінші жолы мен тоғызыншы жолы және бесінші жолы мен оныншы жолы ұйқасып келіп отырады:

Жарым... Жаным...
Бұл қалай?
Жалғызым... барым...
Бұл қалай?
Ұмыттың ба құдайды?
Асығым менің.
Бұл іске,
Кәрібім менің
Бұл күшке
Жүрегім нағып шыдайды? [180]

Өленнің ырғағында да өзгешелік көп. Қазақтың байырғы өленіндей немесе Ғ.Қарашевтің өз поэзиясындағыдай емес, бұл өленде тониканың элементтері бар, ауызекі сөйлеу тілінің интонациясына жақын. Тағы да бір мысал келтіріп қаралық:

Сарғайған жүз,
Сағынған жүрек,
Шалдыққан көз,
Жалынған тілек
Алдында тұр... міне...
Қан солды,
Шаршадым, біттім;
Мезгіл толды,
Уағданды күттім –
Маған айтарың не? [180]

Бұл өлең, сөз жоқ, ырғағы, өзгеше әуені жағынан Абайдың «Ем таба алмай», әсіресе «Сен мені не етесің?» деп басталатын өленлерімен жақындық, ұқсастық сездіреді.

Әрине, бұл айтылғандардан Ғ.Қарашев – Абайдың реалистік дәстүрлерінің тікелей мұрагері деген ұғым тумайды. Сөйтсе де, көркемдік форма саласында оның Абай

тәжірибесіне үңілгендігі, пайдаланғаны да күдік туғызбаска керек.

Абайдың өлең үлгілері мен өлшеулерін көп колданған акындардың бірі – Бернияз Күлеев. Акынның өз шығармашылығының кей мезеттерін атамастан бұрын мынадай бір жайды айта кету шарт. Қазакстан Оқу халық комиссариаты Абайдың өлеңдер жинағын даярлауды Бернияз Күлеевке тапсырады. Осыған даярлық ретінде ол «Ак жол» газстінс арнайы макала бастырады. Б.Күлеевтің өз айтуынша, ол Абайдың тұңғыш жинағына енбеген өлеңдерін толык камтуды, оның қара сөздерін енгізуді, акын өміріне байланысты иллюстрациялар беруді, өмірбаянын толықтырып, кеңінен камтып жазуды максат етеді. «Абай кітабын бастыру маған тапсырылғандықтан мен жәрдемді шеттегі азаматтардан сұраймын. Тізбесін әдемілеп, емілесін түзету сиякты уак-түйегіне мұқтаж болмасак та, түсіп калған жерлерін косып, қара сөзін һәм басылмай калған өлеңдерін тіркеп, тәржімәхалін толықтыруға киналып тұрмыз» [181].

Бұдан біз Б.Күлеев Абай мұрасын жинап бастыруға айрықша еңбек сіңірген деп корытынды жасаудан аулакпыз. Бірак оның Абай шығармаларымен мол таныс болғаны дау туғызбаса керек. Бұған тіпті Б.Күлеевтің өз өлеңдері де куә бола алады. Ол бірталай өлеңін Абай өлеңдерінің ұйқас, өлшемдерімен жазған. Мысалы, оның «Жазғы дала» атты өлеңі «Сегіз аяқтың» өлшем, ұйқасымен жазылған:

Қол бұлғап күліп,
Керілген тұнық,
Даланы жарып бұлаңдар.
Толықсып тастан,
Таскынын баскан,
Дариядай зырғар, сылаңдар.
Шын сұлудай албырап,
Көрінер сағым бұлдырап [119,302-303].

Сол сиякты, «Гүләндамға», «Қайда екен» тәрізді өлеңдері Абайдың «Алты аяғының» ұйқас, өлшемдерін үлгі етудің нәтижесінде туған. Бірак олардан Абай поэзиясының терең халықтық рухы сезіле бермейді, әлеуметтік астар аз. Акын

табиғат көріністерін де, әралуан адам сезімдерін де жадағай, жалаң қалыпта алып жырлайды.

Ал «Жас жүрегіме», «Жырла да зарла, көңілім» тәрізді өлеңдері Абай үнін анық әкеледі құлаққа. Алғашқы өлең «Жүрегім, ойбай, сокпа енді» және Абайдың жүрек тақырыбына арналған басқа да шығармаларымен сарындас. Абайда:

Жүрегім, ойбай, сокпа енді.
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, токта енді.
Кімге сенсең, сол шикі *(I, 147)*.

Б. Күлеевте:

Жас жүрегім, жанба текке.
Бола берме арманда.
Өрлесең де жерден көкке,
Жай табу жок жалғанда [119,304].

Ал «Жырла да зарла, көңілім» Абайдың «Өзгеге көңілім, тоярсың» атты атақты өлеңіне айрықша жақын, ұқсас. Бұған көз жеткізу үшін екі өлеңді салыстырудың да қажеті жок. Өйткені Абай өлені әркімге-ак жақсы таныс. Сондықтан Б.Күлеев өлеңінің кей шумағын келтіріп қаралық:

Жырла да зарла, көңілім,
Сел болып жасың төгілсін.
Есіткен ойдан баз кешіп.
Қамығып шындап егілсін...

Жырла да зарла, көңілім,
Қалың кайғың қайнасын.
Киялдың құсы егіліп,
Іштегі дертті айдасын [119,304-305].

Абай өлеңіндегі сиякты, мұнда да ақынның өз өнерінен ем іздеуі, сол аркылы іштей жаңарып түлеуі, рухани медет табуы жайындағы тақырып жырланған.

Әрине, осындай жекелеген өлеңдерінің Абай поэзиясымен тақырыптастығына, сарындастығына қарап, Б.Күлеевтің бүкіл шығармашылығын Абайдың реалистік дәстүрлерінің арнасында алып қарауға еш болмайды. Б.Күлеевтің көптеген шығармаларындағы тұманды, буалдыр күйлер, дарашылдық сезімдер, символизм мен урбанизм сарындары мұны әсіресе растай, айқындай түседі.

Нармамбет пен Ғұмар Қарашев сияқты, Бернияз Күлеев те Абай өлеңдерінің көркемдік формасын, әралуан өрнегі мен өлшеуін қолданды. Бірақ ұлы классиктің шын мәнісіндегі халықтық поэзиясының бағыты мен рухына, әлеуметтік өрісіне тереңдеп бара алған жоқ.

III

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті өткендегі қазақ әдебиетінің негізгі тенденцияларын, қозғаған тақырыптары мен басты бағытын дамыта түсті, өсіре түсті. Абай поэзиясының және ең алдымен орыс реализмінің көркемдік әсерімен қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар, жаңа формалар туды. Романдар мен повестер – осының анық айғағы. С.Торайғыровтың романдары мен повестері, С.Көбеевтің «Қалың мал» және Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» атты шығармалары сол кездегі әдебиетіміздің дамуындағы жаңа бағытты, көркемдік ізденістерді танытады. Солардың ішінен «Қалың мал» романының көркемдік ерекшеліктері жайында бірер сөз.

Әрине С.Көбеевтің осынау прозалық шығармасына Абай әсері тікелей тиді деп тұжырымдаудан біз аулақпыз. Бірақ оны Абай дәстүрлерінің негізінде дамыған сыншыл реалистік бағыттағы қазақ әдебиетінің сол кездегі жалпы бағытынан, оның демократтық және халықтық арнасынан бөле-жарып, ажыратып қарауға да болмайды.

Бұл күнде дыбысы, даңқы бар әлемге таралған ұлан-ғайыр эпопеясы, ірі-ірі реалистік романдары бар қазақ кеңес прозасының тамаша табыстарына әбден қанықкан көзбен қарағанда «Қалың малдың» керемет бір құбылыс көрінбеуі де заңды. Бірақ сол кемелденген прозамыздың, оның ішінде

роман жанрының тұңғыш нұсқасын жасауы, осы бағытта ізденіп, алғаш қалам тартуы – жазушының тарихи еңбегі де, шығармашылық бақыты да еді.

«Қалың мал» романы – оқиға мен тартысқа құрылған, өмір шындығын, адамдар тағдырын суреттейтін шығарма. Одан көркемдік компоненттердің бірталайын табуға болады. Ең алдымен, бұл романда ұдайы өрбіп отыратын сюжеттік желі, киюласқан композиция бар. Романда суреттелетін оқиғалар шығарманың негізгі кейіпкері Ғайшаның тағдыры төңірегіне топталған. Өйткені романдағы баска басты кейіпкерлердің барлығының да іс-әрекеттері Ғайшаға байланысты: Тұрлығұлдың Ғайшаны әйелдікке алғысы келеді, Итбай Ғайшаны малға сатып байығысы кеміп жанталасып жүр; ал Қожаш Ғайшаны Тұрлығұлдың бұғауынан босатып, өзіне жар етуді ойлайды; Серғазы Ғайшаның азат болып, Қожашка қосылуына тілектес. Сөйтіп, Ғайша романдағы баска кейіпкерлердің тағдырын, іс-әрекеттерін өзара байланыстырып, олардың күрес-тартысына ұйытқы, негізгі және ең басты тұлға болып табылады.

Ал Ғайшаны мұндай күйге түсірген – көне заман, қарғыс аткан ескі әдет-ғұрып, яғни қалың мал алып, қызды мал орнына сату. Романның «Қалың мал» аталуы да осыдан.

Романда суреттелетін оқиғалар біріне-бірі жалғаса туып, өзектесе өрбиді, белгілі дәрежеде көркемдік тұтастық табады. Сонымен бірге шығарманың фабуласында схемалық жәйттер, жасандылық табы да бар.

Жазушы образ жасауға әжептәуір оңтайлы. Романда суреттелген басты-басты кейіпкерлер бір-біріне ұқсамайды. Олар жеке-жеке тұлғалар ретінде дараланып, әркайсысы өзіне тән ерекшеліктерімен көрінеді. Сонымен бірге олар – сол кездегі қазақ ауылындағы әралуан адамдардың, әртүрлі тап өкілдерінің қасиеттерін өз бойларына жинаған жандар. Мұның шындығын жоғарыда аталған кейіпкерлердің кайкайсысының да образынан табамыз.

Романда кейіпкерлердің портреттік сипаттамалары онша мол ұшыраспайды. Бірақ жазушы бұл тәсілді саран түрде болса да, орнымен ұтымды қолданады. Осы тұста ол өзінің әр кейіпкеріне деген авторлық қатынасын да анық танытады.

Жазушының образ жасаудағы үшінші тәсілі – кейіпкерлерінің характерін, жан дүниесін олардың өздерінің сөздері арқылы аңғартуы. Тұрлығұлдың үйіне ел аралап келе жатып, қонып отырған Байғазы мен Құрымбайды жазушы былай сөйлетеді:

«...Ел де бұзылып біткен ғой. Әсіресе жесір дауы-ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айырылатын келіншек... кей біреулер құдасынан айырылмақшы... Құрекеңнің пышағы май үстінде, қалтасы да толған шығар,– деп Байғазы қаркылдап күлді.

– Қасқыр қой жемейді деп ешкім айтпас, – деп о да қаркылдап күлді.

– Қасқыр болғанда Аралбай сорлының он сом қызыл қағазын алып, төрт сиырының бірін жаман Түйкеге әпердің-ау, – деді [120,97].

Осы үзіндінің өзінен-ақ өздері азғын адамдар екеніне мән бермей, «ел азып кетті» деп көкіп отырған, «биені бүгімен, түйені түгімен жұтқан» жалмауыз, паракор билердің бейнесі айқын көрінеді. Бұл билер сондай нысапсыз, обыр, жауыз жандар еді деп жазушының өзі айтып отырған жоқ. Олардың арам ниеттері мен ішкі дүниесінің сиқы өздерінің сөздері арқылы ашылады.

Жазушының осы тәсілді қолданудағы өзгешелігі Итбай образынан, оның сөздерінен өте-мөте анық көрінеді.

«Қыстау төңірегіндегі жазғытұрғы шаруасын бітірген соң елдің алды бие байлап, арты байламай жайлауға көше бастады.

Жамантай ауырып, науқасы қатты болғандықтан, Амантай аулы әлі жайлауға көше алмай отыр.

Итбай тықыршып: маса-шыбынға жем болып отырамыз ба, әртүрлі шаруамыз бар ғой, бие де байлаған жоқпыз, науқас қайтуші еді, теңге салып алсақ та, көшу керек,– деп Амантай, Серғазыларға ақылдасып еді, олар ерік бере қоймады.

Итбай бір жерде отыра алмай, үйге бір кіріп, бір шығып, біресе Жамантайдың көңілін сұрап, үйден шыға беріп: «Ит, өзі өлетін болса, өлмеді-ау...» [119,134] – дейді.

Ауырып жатқан адамның халін біле барып, мұндай сөздер айтуы – Итбайдың арам ниетін, қара жүректілігін қапысыз

көрсетеді. Ол осы жалғыз ауыз сөзімен-ақ өзінің кім екенін оп-оңай анғартады.

Романның тілі әжептәуір көркем, түсінікті. Онда мағынасы аз, сылдыр сөздер жоқ. Шығарма окушы ұғымына жеңіл, түсінікті, халық тілімен жазылған. «Қалың мал» романы жазылған кезде қазақ әдебиетінде көркем прозаның тілі қалыптасқан жоқ болатын. Осы тұрғыдан қарағанда халықтың сөз байлығын, тіл молдығын шебер пайдаланып, романды түсінікті, қарапайым әрі мағыналы тілмен жазып шығуы – жазушының шығармашылық ізденістерінің жемісі.

Жазушы әр кейіпкерді өзіне тән сөздермен сөйлетуге ұмтылады. Бұл ретте де оның өзіндік шеберлігі байқалып отырады. Романдағы басты-басты кейіпкерлердің сөйлеген сөздері бір-біріне ұқсамайды. Әр кейіпкердің сөйлеген сөзі оның жан дүниесін, сыр-сезімдерін де аңдатып отырады.

Екіншіден, романда халықтың мақал-мәтелдері көп және орынды қолданылған. Бұл жазушының халықтың сөйлеу тілін және ауыз әдебиеті мұраларының көркем тілін орынды да ұтымды пайдаланғанын байқатады.

Үшіншіден, романның тілі таза. Онда сол кезде қазақ арасында көп таралған шет жұрт сөздері, діни сөздер, буалдыр ұғым-түсініктер атымен жоқ. Бұл айтылғандар жазушының тілдік ізденістерінің жемісті арнада, халықтық негізде өрістегенін, оның өз тұрғысынан саналы түрде ұстанған көркемдік принциптерін де аңғартады. Бұл орайда да оның реалистік орыс әдебиетінен тағлым алуының ерекше ықпалы болғандығы күмәнсіз.

Мұны романда ара-тұра ұшырасып қалып отыратын табиғат суреттерінен де анық байқауға болады. Мысалы, көктем көріністерін жазушы былай береді: «Ауылдан шақырымдай жердегі көлде қаз қаңқылдап, шағала шаңқылдап, үйрек бырылдап жатыр. Аққудың сұңқылдаған даусы естіледі. Есіл бойында бұталарды паналап сайраған сандуғаштың дауысы қайғылы көңілді жұбатқандай. Ертемен шырылдаған бозторғайдың дауысы ұйқылы-ояу киіз үйде жатқан шаруаны тербетіп оятқандай. Жаздың болғанына балалар да көңілді: ауылдан он шақты не одан да артық болып шығып, бір шыбықты ат, бір шыбықты қамшы ғып ойнап,

бірін-бірі божылап жегіп, қара жерге аунап, әбден шаршап, ауылға біржолата күн баткасын келеді» [119,133].

Көктемнің осындай жайма-шуақ, жайдары көріністерін жазушы Ғайшаның уәде бойынша Қожашты күтіп жүрген, арманына жетуге асыққан, алабұртып толқынған көңіл-күйлеріне ұластыра отырып береді. Жалпы алғанда, романдағы пейзажда, табиғат көрінстерінде дала өмірінің белгі-бедерлері де, кейіпкерлер психологиясының елестері де бар. Яғни бұл – буалдыр, тұманды күйлерден таза, реалистік пейзаж.

Әрине, «Қалың мал» романының көркемдік жақтарында олқылықтар да бар. Одан көп реттерде үлкен тыныстыш ығарманың құлашы мен қарпуы сезіле бермейді, жеке-жеке эпизодтық, фрагменттік мезеттер жиі ұшырасады. Сөйтсе де, одан әдебиетіміздің жаңа жанрды игеру жолындағы ізденістері мен шығармашылық тәжірибесі, орыс әдебиетінен үйрену іздері жақсы аңғарылады.

IV

Абай дәстүрлерін, оның өлең өлшеулері мен үлгілерін лирикалық поэзия саласында мол қолданған ақындардың бірі – Сәбит Дөнентаев. Оның поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді. Ең алдымен ақынның көптеген өлеңдерінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және сонымен бірге бейнелі де көркем. Сәбит поэзиясында сырттай жарқылдақтық, асқақ лептілік жоқ. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді. Ақын ойға жомарт, сөзге сараң болуға көп көңіл бөледі. Сәбиттің «Ой» деген өлеңі небәрі сегіз жолдан ғана тұрады:

Қаза берсе, түбі жоқ,
Қазбағанда суы жоқ.
Ой деген бір шынырау.
Талаптыға жеткізбей,
Талапсызды өткізбей
Жынды қылған құрғыр-ау.

Сені қуған кісі әуре,
Қумағанның ісі әуре [84,49].

Шап-шағын ғана өлең. Бірақ сонда ақын тапқырлықпен көп ой, мол пікір айта алған. Онда мұндай өлеңдер көп. Рас, ақынның бірсыпыра өлеңдерінің жалаң баяндау, құр тізбектеу сарынында ғана жазылған болып келетіндері бар. Мұндай кезде оның өлеңдері бейнелілік сипатын, көркемдік қуатын жоғалтып, поэзиялық қасиетін әлсіретіп алады.

С. Дөнентаев мысал өлең жазуға шебер ақын. Мысалдың қазақ әдебиетінде жанр ретінде қалыптасуы Абай мен Ыбырайдан басталатыны мәлім. Кейін оны дамытуға С.Көбеев көп еңбек сіңірді. Бірақ бұл ақындар мысал жанрын көбінесе көркем аударма арқылы дамытып еді. Аударма мысалдар С. Дөнентаевта да бар. Әйтсе де, ол қазақ өмірінен, сол кездің шындығынан алынған қолтума, төл мысалды көп шығарды. Оның «Бозторғай», «Сұңқар мен қарғалар» сияқты өлеңдері революцияға дейінгі қазақ поэзиясындағы мысал жанрының айтулы, үздік үлгілері болып табылады.

Ақын мысал жанрынан кеңес дәуіріндегі шығармашылығында да қол үзген жоқ. Бұл ретте «Жалдама сандуғаш», «Шошқа мен саудагер», «Бөшкенің зары» тәрізді мысал өлеңдерін атауға болады. Соңғы өленнің көркемдік қасиеті әсіресе күшті. Өлең далада қаңсып, қаңырап қалған бөшкенің желмен сөйлесуі, соған мұңын шағуы ретінде шығарылған. Өленнің құрылысы, жазылу тәсілі жайында ақын көп толғанып ізденген. Бұл туралы ақынның өзі былай деген: «Партияшыл, жікшіл, оның үстіне қалың мал төлеп, кеңес заңына қайшы қылмыс істеп отырған байкулакты мыскылдап, келеке-сықақ ету үшін өленнің өзгеше түрін іздедік. Далада, есік алдында бос тұрған бөшкені жел күні сөйлеттім... Менің өз атымнан айтқаннан гөрі жансыз бөшкені сөйлетуім оқушы үшін әсерлі, қызықты әңгіме болар деп ұйғардым. Бостанбайдың партия жасап, елді өзіне тартып алу әрекетінде жүргенін, қылмысын, залымдығын бөшкені сөйлету арқылы әшкереледім» [84,406-407].

Расында да, өленде әшкерелеушілік сарын күшті, сол сарын соншалықты әсерлі де қызғылықты, өткір берілген:

...Бұл – екі айдан
Бос тұратын бөшке еді.
Мұның заты
Демесе ағаш, есті еді.
Шақты желге
Бостанбайдың зорлығын
(Кім біледі – не себептен кейіді).
Төрт жыл болды
Бостанбайға келгелі.
Іркіт еді
Содан бері бергені.
Екі ай болды
Оның өзін тоқтатты –
Әкесін мен
Өлтіргендей көрдегі [84,156-159].

Мұның шағып, Бостанбайдың кулық-сұмдығын жария етіп болғаннан кейін бөшке желден соның бәрін сотка айтып баруды өтінеді. Өленнің сыртқы құрылысы өзгеше, ырғағы да ойнақы, тартымды. Сонымен бірге өленде әлеуметтік зор шындық бар. Жиырмасыншы жылдарда, тап ретінде жойылар алдында, казақ байларының зиянкестік жасағанын, небір арамзалыққа, кулық-сұмдыққа барғанын ақын мейлінше шебер әрі өткір түрде әжуа етеді. Сонымен бірге бөшке ұзақ уақыт бойы байдың есігінде жүріп қаналған, енді көзі ашылып, соған қарсылық жасауға талпынған, қол ұшын күткен жалшы адамның бейнесін де елестетеді. Қайткен күнде де, өленде жинақтаушылық қасиет мол.

Сәбит Дөнентаев – кемеңгер Абайдан көп үйренген ақындардың бірі. «Абайға» деген өленінде ол былай деп жазады:

Қаранғыда туып ең,
Қара бетті жуып ең,
Таба қылмай дұшпанға.
Қолға ұстаған туымыз,
Қанат-құйрық, бойымыз.
Қонғанда да ұшқанда.
Құрмет етіп затыңды,
Бетке ұстаймыз атыңды [84,124].

Тұтастай алғанда бұл өлеңнен Сәбиттің Абай поэзиясының идеялық бағытын, әлеуметтік сырын дұрыс бағдарлағанын көреміз. Сонымен бірге Сәбиттің Абайдан тікелей үйренгендігінің де айғағы, яғни бұл өлең Абайдың «Сегіз аяғының» үлгісінде, соның өлшемін, ұйқас түрін сақтап жазылғандығы даусыз. Тек бұл емес, «Атылғандарға», «Жүрекке», «Ескі болыстың тәубасы», «Темірге», «Ерікті Айша», «Кемшілікте», «Бір жыл өтті» тәрізді және басқа да көптеген өлеңдерін Сәбит Абай поэзиясындағы әралуан формаларды пайдалана отырып жазған. Мысалы, «Кемшілікте» деген өлеңнің ұйқасы мынадай:

Тағдырда жазған соң Алла,
Мен түстім мынадай халға...
Істерлік жәрдемің бар ма,
Жақындап, жанассаң нетер?
Талай күн жүріп ек бірге,
Талай бір кіріп ек түрге,
Тұрғанда мен мұндай күйде,
Қайырылып қарасаң нетер? [84,120]

Мұнда әр шумақтың алғашқы үш жолы қатарынан ұйқасып, сол шумақтардың соңғы, төртінші жолдары бірыңғай үйлеседі. Бұл – «Білімдіден шыққан сөз» деп басталатын өлеңінің негізгі шумақтарында Абай қолданған ұйқастың үлгісі. Сәбит осындай ұйқасты он бір буынды қара өлеңге де пайдаланған («Балалық», т. б.).

Абай бірсыпыра өлеңдерінде («Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», т.б.) белгілі бір ұйқас жүйесін өлеңнің ұзын бойына дерлік сақтап отырады. Осындай тәсілді «Ұлтшылға», «Қазақтарға қарап» атты өлеңдерінде Сәбит те бекем ұстанды. Сол сиякты, соңғы өлеңдегі дыбыс үндестігі айрықша күшті. Мұнда өлеңнің әр жолы ғана емес, әр сөзі бірыңғай дыбыстан басталады:

Қамалған қараңғыда қалың қазақ,
Қайратсыз, қамсыз құрып қалдық, қазақ.
Қарулап, қуатсызды қуаттаңдар,
Құрдан-құр қампайтқанша қарын, қазақ.
Қулардың құлқынына құм құйылсын,

Қайдағы құлдың қайғырт қамын, қазақ.
Қайтеді қарайлассаң қарындаска
Қасармай қаңырайып қырын қарап... [84,89]

Осылай кете береді. Ақын «қазақ», «қараңғылық», «қу», «құл» тәрізді сөздерге айрықша назар аудару үшін осылай еткен тәрізді. Әрине, түр алуандығын, дыбыс үндестігін қуалап кетушілік те жоқ емес. Сонымен бірге осы тәсілдің төркіні Абайдың «Самородный сары алтын» немесе «Жайқалған туын жығылмай» деп келетін өлеңдерінде жаткандығы да күдік туғызбаска керек.

Сондай-ақ, ақынның өлең ырғағын, ұйқасын қиыстырып құруда жаңалық табуға ұмтылған талаптары да болды. Мұны «Жүрекке», «Күздің сыры» тәрізді өлеңдерінен байқаймыз. Мысалы, соңғы өлеңде әр шумақ бес жолдан тұрады да, ұйқас түрлері мынадай болып келеді:

Ызыңдаған, шулаған,
Қыбырлаған, дулаған.
Таңнан іңір басқанша
Минут тыныс қылмаған,
Ұсақ жандық жоғалып.
Ыссы өткен табаннан.
Тыныш кеткен адамнан,
Сахара тұр дем алып,
Күйіне келіп таралған,
Қызметін бөліп доғарып [84,161].

Мұнда әр шумақтың үш жолы өзара ұйқасып келеді де, әрбір қос шумақтың соңғы жолдары үйлесім табады.

С.Дөнентаев поэзиясының өзіндік бір ерекшелігі юморлық бағытына, сатиралық өткірлігіне байланысты. Ол революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде Абай мен Сұлтанмахмұттан кейінгі ірі сатирик ақын болып табылады. Ал кеңес дәуірінде Сәбит өзінің сатирашылық талантын феодалдық әдет-ғұрыптарды, ескінің етектен тартқан калдықтарын, адам мінезіндегі міндерді аяусыз әжуалап, өткір мыскылдап, сынап-мінеуге арнады. Бұл ретте де ол әрдайым тапқырлық танытып, ізденгіштік жемісін, шеберлік үлгісін көрсетіп отырды.

Ақын өленderін көбінесе белгілі бір оқиғаға, сюжетке құрып жазды. Сондықтан да ол өмір шындығын нақтылы, дәл бейнеледі әрі оқушыға әсер етерлік, оның жүрегіне жол табарлық тәсілдерді мол бауырады. Оның бірталай өленін екі адамның сөйлесіп әңгімелесуі, айтысуы ретінде, диалогқа құрып жазуы да осы мақсаттан туған еді.

Шығармашылық жолын революциядан бұрын бастап, демократтық бағыттағы әдебиетке көп үлес қосқан, сыншыл реализм әдісімен алуан түрлі шығармалар жазған және ұлы Абайдың, өз кезіндегі әдебиеттің таңдаулы дәстүрлерін қазақ кеңес әдебиетіне әкеліп ұластырған, тоғыстырған, жаңа дәуірді шын көңілден жырлаған Сәбит Дөнентаевтың қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар. Ол лирикалық поэзияның, сюжетті шағын өленнің шебері болып табылады.

V

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократтық бағыттағы әдебиеті өкілдерінің ішінде көп жанрда жазып, көркемдік форма саласында көп ізденгені әрі көп тапқаны– Сұлтанмахмұт Торайғыров. Өзгесін былай қойғанда, оның кейіпкер атынан баяндалатын, соның сыры, монологы іспетті болып келетін әрі әлеуметтік мазмұн мен өрелі ойларға толы лирикалық-философиялық поэмалары, өленді-прозалы («Қамар сұлу») және өленді («Кім жазықты?») романдары, әңгімелері мен очерктері, сын мақалалары мен публицистикасы аса жемісті еңбек пен толассыз шығармашылық ізденістерді танытады. Ол драмалық поэма да жазбақ боп, жоспарын жасап, желісін түсірген. Ақынның шығармашылық қызметпен 7-8 жыл ғана шұғылданғанын, оның суреткерлік таланты әбден толыспағанын, кемеліне келіп үлгермегенін ескерсек, жоғарыда аталған жайларға тек тануға тура келеді.

Асылы, Сұлтанмахмұт шындық іздеумен ғана тынбаған, сол шындықты айта алудың, көркем бейнелей білудің жолдарын да көп іздеген, беріле іздеген.

Сұлтанмахмұт шығармаларын, әсіресе оның лирикалық поэзиясы мен поэмаларын оқып отырғанда сол шығармаларда оның өзінің ақындық тұлғасы, жеке басының

қалпы мен табиғаты соншалықты жарқын, қуатты көрініс тапқанына қайран қалмасқа болмайды. Өмір шындығының қай құбылысын, қай қалтарысын жырласа да, ақын өз қазынасын білдірмей қалған жоқ. Өйткені шындықты сырттан бақылаушы боп жырлау, творчестволық салғырттық оның өршіл де ойлы поэзиясына жат еді.

Ақынның бірсыпыра өлеңінде публицистикалық сипат басым. Бұл – оның поэзиясының міні емес, өзіндік өзгешелігі. Өз шығармаларының әлеуметтік мәніне, идеялық өткірлігіне айрықша көңіл бөлген әрі әсер күші мол, дарымалы болуын көздеген ақынның осылай етпеске әддісі де жоқ болатын.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында болған үлкенді-кішілі өзгерістер мен әлеуметтік сілкінулердің, серпіліп оянудың әсері, із-бедері басқа ақындардан гөрі Сұлтанмахмұт шығармашылығында әсіресе айқын, терең белгі берді.

Сұлтанмахмұт поэзиясы – өзінің табиғаты мен бағыты бойынша белсенді поэзия. «Бір сөзім бар шалдуар» дегенде Сұлтанмахмұт шығармашылығының әшкерелеушілік сипатын ғана аңдатып қоймаған, сонымен бірге күрес рухына, өршіл пафоска толы екендігін де байқатпақ болған. Бұл – әділ баға еді, тура баға еді.

С.Торайғыров – жоқты бар ғып көрсеткен, қоғам міндерін жуып-шайып, мұнтаздай ғып жырлаған сұрқылтай ақын емес. Ол – үлкен әлеуметтік тартыстардың, трагедиялық коллизиялардың, бұлқынған күштің, буырқанған қайрат-жігердің ақыны. Ол дәуірдің ащы шындығы мен қым-қуыт қайшылығын, халықтың оянған талабы мен сергек қуатын бойына мол жинаған. Уақыт тынысы, тарих тамырының соғысы оның поэзиясына әсер етіп, жаңғырық, үндестік тауып отырды.

Зерттеушілер Сұлтанмахмұт қанша өлеңін қандай өлшеумен жазғанын есептеп шығарып жүр. Кейбір формалдық белгілерді солайша адақтап шығуға да болар. Бірақ ақынның шындықты танудағы және танытудағы суреткерлік көрегендігі мен тәсілдері, оның палитрасындағы бояулардың реңкі мұндай құрғақ санаудың, жансыз схеманың аукымына еш уақытта сыймақ емес.

Сұлтанмахмұт өлеңді не үшін жазу керектігін ғана емес, калай жазу керектігін де терең түсінген. Оның поэзияға

көзқарасында Абай эстетикасымен ұқсастық, ортақтастық барлығы осы еңбектің үшінші тарауында айтылған болатын.

Абай сияқты, Сұлтанмахмұт та поэзиядағы мағынасыздыққа, шындықтан шалғай орасандыққа, «түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттарға» қарсы шықты. Сондай өлеңдерді мысалға келтіріп сынай отырып, былай деп көрсетті: «Осылардың ішінде қайда қазақ тілі? Қайда қиыскан назым? Қайда көңілге, тілге ұнау, теп-тегіс, өрескелсіз өлшеулі өлең?.. » [111,257]

Ол үшін бұл жалаң декларация емес еді. Ақын осы принциптерін өзінің шығармашылық тәжірибесінде бекем ұстанады. Ол өз өлеңдерін діни сөздермен, көр-жермен шұбарлаған жоқ, нағыз халық тілімен жазды. Ал оның бірсыпыра өлеңдерінде, әсіресе соңғы кездегі шығармаларында, поэмаларында орыс сөздері баршылық. Сұлтанмахмұт жаңа атаулар мен жаңа ұғымдарды нақтылы жеткізіп беру үшін әдейі солай еткен. Мұнысы идеялық та, көркемдік те жағынан ақталған.

Сұлтанмахмұт туған халқының сөз өнерін терең білген, жақсы бағалаған. Бұл оның лирикалық поэзиясынан, романдарынан, әсіресе «Қамар сұлу» романынан мол сезіледі. Біз мұнда ақынның ауыз әдебиетінде кең таралған «Жаржар», «Бақсының сарыны» тәрізді формаларды шебер қолданғанын, соның жаңа үлгілерін өзі де тудырғанын ғана айтып отырған жоқпыз. Халықтық сипат шығарманың идеялық сипатынан ғана емес, қаһармандардың образдарынан, ой-толғаулары мен ойлау жүйесінен, әсіресе романның тілінен терең танылады. Ақын халық тілінің байлығын, шешендік үлгілерін, өткірлігін құбылта, құлпырта отырып пайдаланған. Жайшылықта ішкі мәнін, мағыналық қуатын көп байқата бермейтін қарапайым сөздер ақын қаламына іліккенде жаңғырып, жайнап сала береді:

Апырмай, көз қарасың тәуір еді,
Мінезің салмақтылау ауыр еді.
Жауабың кеше-бүгін болмаған соң
Көз жасым көктен құйған жауын еді [111,159].

Осында «тәуір еді» деген сөз қандай терең мағынаға ие болып тұр. Сол арқылы да осы шумақтың бірінші жолы

Ахметтің бүкіл арманы мен үмітін, түйткілденуін, Қамарды ойлаумен, тебіренумен жүрген қалпын барынша терең, барынша шыншыл жеткізіп берген.

Сол сияқты, «көз жасым көктен құйған жауын еді» деген жол былай қарағанда әсірелеу түрінде айтылғаны даусыз. Бірақ мына тұста сол иненің жасуындай жалғаншылық, орасан одағайлық сездірмейді. Қайта Ахмет басындағы трагедияның сырын, ауыртпалығын керемет қуатпен аңдатады.

«Қамар сұлу» романы қазақтың көркем прозасының реалистік стилі мен тілі әбден қалыптасып болмаған, кемеліне келмеген кезде жазылды. Онда өлең мен прозаның аралас келуінің, ауыз әдебиеті әсерінің әрдайым күшті сезіліп отыруының сыры да осында. Сөйтсе де, роман тілінің байлығы мен бейнелілігі, суреттілігі мен мағыналылығы көңіл ұялатпай қоймайды. Тегі, Сұлтанмахмұттың ақындық тілі – мейлінше шабытты тіл, шыншыл тіл.

Сұлтанмахмұтта бояудың қарама-қарсы реңктерін мол қолданушылық бар. Мысалы:

Қараңғы тұман түнде еді,
Қара қазақ баласы.
Ай мен күн һәм жұлдыз жоқ,
Жым-жырт сахара даласы [111,47].

Немесе:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам.
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кіремін [111,73].

Халқының қараңғылықта қалып келгеніне зығырданы қайнап, ашы ойлар буған, надандық атаулыға кектенген әрі өзі үшін де, елі үшін де жарық сәуле іздеген ақынның дәл осылай шамырқанып, ширығып жазбаса, жүрек қанымен жазбаса әддісі де жоқ еді. Сонымен бірге соңғы өлең Сұлтанмахмұт поэзиясындағы асқақ, өршіл романтизм сипатын да анық байқатады.

Әрине, Сұлтанмахмұт романтизмі революциялық романтизм дәрежесіне көтерілген жоқ, көтеріле алуы мүмкін де емес еді. Бірақ болғалы тұрған әлеуметтік сілкінулерді, соққалы тұрған дауылдарды өзінше болса да сезіну және халықтың саяси-рухани жағынан оянып серпілуі Сұлтанмахмұт поэзиясына қанат бітірді, романтикалық өршіл сипат, адуын да ашулы күш берді. Сол күшті ақынның өз басы аса терең сезінді:

Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл сөзім – асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес,
Тебем деп тірі болсам надандықты –
Серт етіп, өз-өзіме еткен егес [111,38].

Ақынның ойындағы осы от, осы жалын-күш оның поэзиясына да мол дарыды. Сондықтан да Сұлтанмахмұт романтизмі – түңілудің емес, үміттің романтизмі, мұқалып жасудың, егілудің емес, шыңдалып ширығудың романтизмі, адамды өмірге құштар ететін, өмір үшін күресуге шақыратын романтизм. Бұл жағынан алғанда Сұлтанмахмұт поэзиясы сол кездегі ақындардың қай – қайсысының да шығармашылығынан оқшау, әлдекайда асқақ, биік танылады.

Сұлтанмахмұт Абайдың өлең өлшеулерін, ұйқас үлгілерін көп пайдаланған. Солардың ішінде шалыс ұйқаспен жазылған өлеңдер де бар. Мысалы:

Күңгірт түспен ойға батып,
Орындыққа отырған.
Жүрек қаны сыртқа атып,
Бет-аузынан оқылған [111,66].

Сол сияқты, Абай өлшемін ала отырып, ол әр шумағы алты жолдан тұратын өлеңдер жазды, оған «Алты аяқ» деген ат берді. Сол үлгі мынадай:

Тұңғиық, түпсіз, ашулы,
Асау теңіз толқыған.
Бойымды топырақ басулы,
Жүре алмаймын – жол тұман.
Теңізден қайтіп өтермін?
Түссем – батып кетермін... [111,65]

Сұлтанмахмұт «Дүниедегі қызықтың», «Шәкірт ойы» сияқты өлеңдерін де осындай ұйқаспен, осындай өлшеммен жазған. Ол бұл формаларды тек тәжірибе үшін ғана алмаған, емін-еркін игеріп пайдаланған. Оның өлең өлшеулеріне, ұйқас түрлеріне жасаған түбегейлі өзгерістері жоққа тән. Бірақ ізденгені, талаптанғаны байқалады. Бір мысал келтірелік:

Үмітті көңіл шегініп,
Жылады сорлы егіліп.
Дәмеленіп үміт тосып,
Көңіл қайда лепірген.
Сағынып, ойлап, тулап шолып,
Жүрек қайда секірген?
Амалсыз қазір суыған,
Жылылық жоқ жуыған [111,66-67].

Өлең шумағы 8 жолдан тұрады. Бірақ бұл – Абайдың «Сегіз аяғының» үлгісі емес, ұйқастары да, ырғағы да басқа. Осыны «Мейірімсіз ажал» атты өлеңнің ұйқасы мен өлшеміне байланысты да айтуға болады. Бірақ мұнда қос шумақ он жолдан, ал әр шумақ бес жолдан тұрады:

Көңілге қайғы у салып,
Көзден жасты парлаткан,
Жүрекке жара, дақ салып,
Жанды ашытып зарлаткан,
Уытын күшті, ажал-ай.
Дегеніне жеткізбей,
Қанатын ұзын қайырған,
Ойдағысын еткізбей,
Бірді-бірден айырған,
Мейірімсіз, шіркін, ажал-ай [111,72].

Сұлтанмахмұт қазақтың байырғы он бір буынды қара өлең үлгісін мол қолданды және өлеңге қорғасындай салмақ, өлшеусіз терең мағына бітіре отырып қолданды. Бұдан Сұлтанмахмұттың суреткерлік қуаты ғана емес, бұрынғы поэзиялық дәстүрлерге деген шығармашылық қатынасы да жақсы байқалады.

Сұлтанмахмұт жанр ерекшеліктерін жақсы түсінген әрі соны әжептәуір баурай алған ақын тәрізді. Мысалы, «Қамар сұлу» романында драма мен эпостың, лириканың элементтері аралас-құралас келіп жатса, «Кім жазықты?» романында оқиға қалың, тартыс талқысы өткір, ақынның эпиктік кең құлашы байқалады. Ал «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларында ақынның лирикалық қаһарманының ой-толғаулары мен қатынасы – бәрін анықтайды, бүкіл оқиға дамуын, сюжеттік желінің өрбуін белгілейді. Сол шығармалардың композициялық қиюласуында да өзіндік ерекшелік, ақынның негізгі авторлық замыселына сәйкестік бар.

Осыны Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің көпшілігінен де байқаймыз. Оның «Бір адамға», «Бір балуанға қарап», «Неге жасаймын?» тәрізді өлеңдерінде ақынның көркемдік форма, соны мазмұнмен тұтастығы жайында көп ізденгені, көп ойланғаны байқалады. Сол өлеңдердің композициялық тұтастығын, онда әр сөз орнымен келіп, айрықша мағынаға ие болып, зор идеялық жүк көтеріп тұрғандығын атап айту керек. Ондағы авторлық идеяның өрбіп өрістеуінде, шешім табуында бекем заңдылық бар, үйлесім бар.

Рас, Сұлтанмахмұт ақындық шеберлік саласында барлық жағынан да Абай дәрежесіне емін-еркін жетті деген байлау жасауға болмайды. Ол көп шығармаларын классиканың деңгейіне көтере алған жоқ. Бұған оның мұршасы да, уақыты да болмады. Әйтпесе оның қуатты талантының күші қандай қиындыққа да қаптал жететін еді. Көп шығармаларын шарқ ұрып шындық іздеп жүріп, тән ауруымен, жан ауруымен, тіпті тағдырдың өзімен жанталасып алыса жүріп жазған ақын сол туындыларын кейде көркемдік жағынан шынықтыра, жетілдіре алмады. Бірақ оның шығармашылығының өз кезеңі үшін де, біздің дәуір үшін де құндылығы бұдан жеңіл, жұқалаң тартпақ емес.

Сұлтанмахмұт Абай поэзиясының әлеуметтік бағдары, халықтық сипатынан ғана емес, сонымен бірге көркемдік қырларынан, ақындық айшықтарынан, суреткерлік шеберлігінен де мол тағлым алды. Ол өзінің көптеген шығармаларын Абайдың жаңашыл поэзиясының өлшем, ұйқас үлгілерімен жазды.

Абай поэзиясының рухын бойына мол сіңіруі Сұлтанмахмұттың өзінің де жаңашыл ақын болуына бөгет жасаған жоқ. Бұл үйрену қайта оның бойындағы зор ақындық қуатты ашты, оны көркемдік ізденістердің соны сокпақтарына салды.

Поэзиядағы жаңашылдықтың мәні неде? Заманымыздың атақты ақыны Назым Хикмет айтқандай, бұл – поэзияның формасы мен мазмұнын жаңа мүмкіндіктермен молықтыруда. Сұлтанмахмұт қазақ поэзиясының ішкі мүмкіндіктерін аша, кеңейте отырып, оны мазмұн жағынан да, түр жағынан да жаңашыл ізденістермен байыта түсті. Негізінен алғанда, оның поэзиясы – өз дәуірінің талабынан туған әрі сол дәуірдің шындығын бейнелеген көркем шежіре. Сұлтанмахмұт – Абай дәстүрлерінің лайықты мұрагері, Абай негізін салған және сыншыл реализм арнасында дамытқан өткендегі қазақ әдебиетінің ең ірі, айтулы өкілдерінің бірі. Шығармашылығының қай қырымен де ол осылай танылуға, осылай бағалануға барынша лайық.

СОҢҒЫ СӨЗ

Кеменгер Абай өзіне дәуір артқан, тарих жүктеген міндеттің ұлан-ғайыр кеңдігін де, мән-маңызын да мейлінше терең түсінген. Ол өзінің асқақ идеяға толы, асқан көркем шығармаларын ермек іздеп, еріккендіктен жазған жоқ, зор әлеуметтік мақсұт көздеп жазды. Аса қуатты ақындық таланты, классикалық әдебиеттердің тәжірибесіне иек артуы, уақыт рухын, тарих тамырының соғысын қалтқысыз сезінуі оның сол мақсұтына жетуіне мүмкіндік берді.

Қазақтың Абайдан бұрынғы әдебиеті тексіз, төркінсіз әдебиет емес еді. Халықтың ауыз әдебиеті, оның ішінде әсіресе поэзия өзгеше бай әрі өзінше көркем болатын. Өз өмірінде, тағдыры мен тұрмысында айрықша орын алған,

ғасырлар бойы мұңдасы, сырласы әрі ақылшысы болған сөз өнерін халық аса жоғары бағалады, оны молықтырып, жетілдіріп отырды, жадында сақтады. Шашау шыққаны да, ұмытылмай сақталғаны да баршылық еді. Ерлік пен елдікті, халықтың жарқын қасиеттерін жырлаған эпикалық тынысы кең, ұзақ желілі дастандар тіпті мол болатын. Тарихта аты-жөні мәлім жекелеген ақындардың шығармашылығы, импровизация мен айтыс өнері де мол дамыды. Абай соларға үңілмей, соқпай кеткен жоқ. Бірақ солардың ғана деңгейінде қалса, Абай тарихтағы классик – Абай дәрежесіне әсте көтеріле алмаған да болар еді.

Шығыстың, әсіресе орыстың классикалық әдебиетінің шығармашылық тәжірибесі мен реалистік принциптерінен тағлым ала отырып, Абай бүкіл әлемдік поэзияның деңгейіне көтерілді. Сөйтіп, ол туған халқының мәдени тарихында тұтас дәуір құрады.

Абай поэзиясы – өткен ғасырдың екінші жарымындағы қазақ қоғамы өмірінің, ондағы түбегейлі өзгерістердің шежіресі, әр алуан адам бейнелерінің, тіпті дәуірдің әлеуметтік типтерінің көрінісі іспетті. Сонымен бірге Абай өлеңдері ақынның рефлексиясы өткен мен болашақ жайындағы, өмір мен поэзия жайындағы ой-толғауларын да жақсы танытады.

Ұлы ақын туған халқының ой-арманын, мұрат-мүдделерін бейнелеп қана қойған жоқ, оның прогресс жолымен ілгері басуына, рухани жағынан түлеп дамуына айрықша әсер етті.

Абай шын мәнісіндегі жаңашыл ақын болды. Оның жаңашылдығы шығармаларының идеялық бағыты мен әлеуметтік тынысынан, бүкіл рухынан, көркемдік бітімінен анық көрінеді. Абай шығармашылығында дәстүрлік сипаттар да бар. Бірақ ол қашанда, әсіресе кемеліне келген шағында дәстүрді қатып қалған күйінде, канондық қалпында алып қараған емес. Сондықтан да ол дәстүрлі тақырыптар мен сарындарды, ежелгі сюжеттерді жырлағанда да өзінің жаңашылдық ізденістерінен танған жоқ. Ол бәрін де өз шығармашылығының қуатты көрігінде қорытып, қайта жасады, шыңдап жетілдірді, ұштай түсті.

Абай теңдесі жоқ реалист ақын болды. Қоғам міндерін қазсын, заман ағысын аңдасын, әлеуметтік жағдайлар жайында толғансын, жастық пен өмір жайын жырласын, өз

жүрегінің түкпіріне үнілсін – қашанда Абай бір ауыз сөз жалған айтпайды. Ол әманда шындықты жырлады және ғажайып шыншылдықпен, ештеңені бүкпестен, жүрегін ашып тастап жырлады. Бірақ мұның жадағайлыққа, жалаңдыққа еш қатысы жоқ еді. Абай поэзиясы – шыншыл ғана емес, өлшеусіз терең, мейлінше ойлы да поэзия.

Ұлы ақынның тарихи еңбегі қазақтың реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалауында, онда сыншыл реализм әдісін қалыптастыруында, сөйтіп оны шығармашылық дамудың жаңа арнасына салуында. Абай өзінен кейінгі қазақ әдебиетіне мәңгі-баки адастырмас, жұлдызынан жаңылдырмас жемісті жол көрсетіп кетті. Ол – дүниеге ең озық, ең көркем, ең адамгершіл әдебиеттен, яғни орыс әдебиетінен үйрену, үлгі алу, соның шығармашылық принциптерін игеру жолы.

Абайдың сыншыл реалистік әдісі де, эстетикалық ой-пікірлері де қазақ әдебиетін нәрлендіріп отырды. Халықтық, демократтық бағыттағы қазақ ақын-жазушыларының Абай тәжірибесіне үнілмей кеткені, содан тағылым алмағаны жоқ десе де болғандай. Ал олардың қайсысының қай дәрежеде, қалай үйренгені өз алдына бөлек мәселе.

Абай шығармалары революцияға дейін көбінесе қолжазба түрінде таралды, жекелеген өлеңдері газеттерде, жинақтарда жарияланды. Ал оның шығармаларының тұңғыш жинағы 1909 жылы басылып шықты. Қазақ әдебиетінің онан әрі даму тағдыры үшін мұның баға жетпес маңызы, айрықша рөлі болды.

Ұлы ақынның поэзиясына сырттай еліктеушілер де, қанатсыз эпигондар да, одан шын мәнісінде шығармашылық жолмен үйренушілер де болды. Мысалы, демократтық бағыттағы ақын-жазушылар Абайдың реалистік принциптерін арқау ете отырып, қазақ әдебиетін дамудың жаңа биіктеріне көтерді. Мұны сол кездегі әдебиеттің әлеуметтік бағыты мен идеялық өткірлігінен де, басты-басты тақырыптары мен жанрлық молдығынан да анық көреміз. Әрине, олардың Абайға тікелей ұқсайтын, туысатын жақтары да, оған ұқсамайтын, одан ілгері кеткен жақтары да бар.

Осы орайда ұлы сыншы Белинскийдің мына бір сөздері еске еріксіз оралады: «...Ұлы ақынның басқа ақындарға әсері оның поэзиясының сол ақындарда көрініс табуында емес, солардың өз бойындағы қуатты қозғап оятуында.

Мәселен, күн сәулесі жерге жарық түсіргенімен, оған өз қуатын бермейтіні, тек жердің өзіндегі қуатты өршітетіні сияқты... Кімде талант болса және кімде-кім Пушкин поэзиясын ұғынатын және соның мазмұнын өз бойына дарыта алатын болса, ол Пушкинді білмей тұрып жазғаннан, әрине, әлдеқайда артық жазатын болады» [182,562].

Осының Абайға және оның ізін баса шыққан, дәстүрлерін ұстанған қазақ ақындарына тікелей қатынасы бар. Мысалы, өздерінің табиғи талантына қарай және дәуірдің ілгерішіл сипатына байланысты Сұлтанмахмұт, Сәбит және солар тәрізді басқа да демократ ақын-жазушылар тәп-тәуір шығармалар берген болар еді. Ал сол қасиеттерінің үстіне Абай дәстүрлерінің қуатты да нәрлі әсері қосылғанда олар қазақ әдебиетін дамудың жаңа белесіне көтерерлік дәрежеге жетті.

Абай негізінен поэзияда, оның ішінде лирикалық поэзия жанрында жазды. Ал XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде тек лирикалық және сатиралық поэзия ғана дамып қоймады, романтикалық, реалистік-романтикалық, реалистік және лирикалық-философиялық поэмалар, көркем прозаның әралуан үлгілері мен формалары туды, тіпті өлеңді роман мен драмалық поэманың тұңғыш нышандары белгі бере бастады.

Тағы да бір жайды атап айтуға керек. Халықтық және демократтық бағыттағы ақын-жазушылардың қай-қайсысы да Абайдан үйренді. Бірақ бұл олардың өз бетін, өздеріне ғана хас шығармашылық келбетін сақтап қалуларына, өздеріне тән ақындық стиль қалыптастыруына бөгет жасаған жоқ. Мысалы, сатирик-Абайдың дәстүрлері Сұлтанмахмұттың да, Сәбиттің де поэзиясына мол дарыды. Соңғы ақындардың сатиралық поэзиясында орын тепкен негізгі тенденцияда, әлеуметтік бағытта көптеген ортақ, ұқсас жәйттер бар. Сонымен бірге олардың стиліндегі, ақындық тәсілдеріндегі өзіндік ерекшеліктерді де ешкім жоққа сая алмайды.

Барлай қарағанда, Абай поэзиясына тән сипаттар, яғни шындықты барынша кең қамтып суреттеу, өмірдің көлеңкелі, күйбең жақтарын, көңілсіз көріністерін аяусыз түйреу, қалың бұқараға қуатты әсер етуге талпыну, халық поэзиясымен, басқа жұрттардың озық үлгілі әдебиеттерімен

терең байланыс, карапайымдылық пен айқындық, гуманизм мен демократизм және басқа да сипаттар ұлы ақынның шын шәкірттерінің шығармашылығынан анық көрінеді.

XIX ғасырдағы әдебиетіміз өткен жолға ой көзімен оралсақ, ұлы Абайдың алып тұлғасы асқаралы шыңдай оқшау, жарқырап көрінеді. Сол сияқты XX ғасырдың бас кезіндегі демократтық әдебиетіміздің тарихына, оның ірі-ірі өкілдерінің шығармашылығына үңілгенде де көз алдымыздан Абай тұлғасы кетпейді. Өйткені тарихи тұрғыдан да, шығармашылық тұрғыдан да қарағанда бұл құбылыстарды бір-бірінен ажыратып алу киын.

Абайдың да ұлылығын, одан кейінгі әдебиетіміздің де даму заңдылықтарын барынша терең, барынша дұрыс ұғыну үшін оларды тұтас процесс ретінде, байланыста алып қарау шарт.

Абайдың шығармашылық дәстүрлері туралы мәселе мұнымен де шектелмейді. Кейін қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаған, оның аса ірі өкілдері С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов және басқа да ақын-жазушылардың суреткерлік сапарының басталуында және кейінгі шығармашылық эволюциясында Абай әсері айрықша рөл атқарғаны даусыз. Мұны олардың шығармашылығынан да, өз тұстарынан айтқан ой-пікірлерінен де анық көреміз.

Ал заманымыздың ұлы жазушыларының бірі Мұхтар Әуезовтің бүкіл өмірі мен өнерпаздық жолында Абайдың ақындық тұлғасы, азаматтық бейнесі мен шығармашылығы ұлан-ғайыр орын алатындығы, өлмес-өшпес із қалдырғаны барша жұртқа жақсы аян. Сөйтіп, Абай шығармашылығының рухы, реалистік дәстүрлері жаңа дәуір тудырған жаңа әдебиеттің арнасына кеп тоғысты, сонымен айрылмастай, етене жақын боп сіңісіп кетті. Бұл процесс, яғни Абай және қазақ кеңес әдебиеті туралы, ұлы ақын дәстүрлерінің қазіргі кезеңде дамытылуы туралы мәселе арнайы зерттелуге тиіс.

Абайдың өзінен бұрын ол тағлым алардық лайықты шығармашылық тұлғалар жоққа тән еді. Бірақ ол талантты мұрагерлердің қуатты да тұтас шоғырын тапты. Ұлы ақын мектеп алдын жөнді көрген жоқ. Бірақ ол туған халқының рухани дамуында айрықша рөл атқарған аса зор мектеп – өзінің тамаша ақындық мектебін жасады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Белинский В.Г. Собр. соч. в трех томах. М., 1948. Т. III.

2. Абай. Шығармалары. 1957ж. 2 том. Абай шығармаларының үзінділері ақынның 1957 жылғы қос томдық толық жинағынан алынды. рим цифры сол жинақтың томын, ал араб цифры қай бет екендігін көрсетеді. Бұдан әрі де осылайша текст ішінде беріліп отырады.

3. Белинский В.Г. Собр. соч. в трех томах. Т. II. М., 1948.

4. Луначарский А.В. Статьи о литературе. М.: Государственное издательство художественной литературы. 1957.

5. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы:ҚМКӘБ. 1962. 34-б.

6. Вамбери А. Очерки Средней Азии (дополнение к «Путешествиям по Средней Азии). М.: «Издание А.И. Мамонтова». 1868. 272 стр.

7. Сильченко М. С. Творческая биография Абая. Алма-Ата. 1957. 46 стр.

8. Смирнова Н. Валиханов и русская фольклористика конца 50-х и начала 60-х годов. Труды первой сессии отделения общественных наук АН КазССР. Алма-Ата. 1950.

9. Валиханов Ч.Ч. Сочинения. СПб., 1904. 226 стр.

10. Абай. Шығармалары. Алматы. 1933. Ақын шығармаларының соңғы жинақтарының бірталайында осы жол «Өлеңі бәрі – жамау. бәрі – құрау» болып басылып жүр. Біздіңше. осында жансақтық бар сияқты. Өйткені бұл ақынның осы шумақтағы негізгі ойына қайшы келер еді. Бұл жайт ақынның сөз байлауларынан да анық байқалады. Автор.

11.Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы. 1960.

12. Азадовский М.К. Сказки Арины Родионовны. «Литература и фольклор». 1938.

13. Қазақ эпосы. Алматы: ҚМКӘБ. 1958. 373-б.

14. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы. 1961. 45-б.

15. Смирнова Н.С. Казахские просветители и народная поэзия казахов. В книге: «Труды отдела народного творчества». НЯЛ. Вып. I. Алма-Ата. 1955.

16. Ауэзов М. Мысли разных лет. По литературным тропам. Алма-Ата. 1961. 207 стр.

17. Белинский В.Г. Полн. собр. соч. М., 1948. Т. VI. 308 стр.

18. Этнографическое обозрение. М., 1889. Кн. 3. 80 стр.

19. Белинский В.Г. Собр. соч. в трех томах. М., 1948. Т. I.

20. Белинский В.Г. Полн. собр. соч. Т. VII. 312 стр.

21. Сейфуллин С. Шығармалар. Қазақ әдебиеті. Алматы. 1964. 133-б.

22. Чернышевский Н.Г. Полн. собр. соч. М., 1939. Т. II. 86 стр.

23. Добролюбов Н.А. Полн. собр. соч. в шести томах. М.: Гослитиздат. 1934-1941. Т. II. 380 стр.

24. Белинский В.Г. Полн. собр. соч. Т. X. 199 стр.

25. Белинский В.Г. Полн. собр. сочинений. Т. XI. 89 стр.

26. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы. 1959. 149 – 150-б.

27. Субханбердина У. Казахская дореволюционная периодическая печать и художественная литература. Автореферат. Алма-Ата. 1964.13

стр.Абай поэмасы мен «Дала уалаятының газетінде» (1895) жарияланған «Такаппар әскер басы турасынан» деген эпиграфтың жеткізілуі, ортақ сарындар барлығы байқалады.

28. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи, собраны В.В. Радловым. Часть III. Киргизское наречие. СПб., 1870. С. XVIII–XIX.

29. Фетисов М.И. Зарождение казахской публицистики. Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. 220 стр.

30. Токай Ғ. Әсәрлер. Қазан, 1948. Т. II, 134-б.

31. Чуковский К. Мастерство Некрасова. М., 1952. С. 14–15.

32. Ахметов З. Лермонтов и Абай. Алма-Ата: Издательство Академии Наук КазССР. 1954.

33. Горький М. История русской литературы. М., 1939.

34. ГАОО. ф.86 д. 11, Л. 102, св. 2.

35. Пушкин А.С. Полное собрание сочинений.М.: Издательство Академии наук СССР. 1937. Т. 2.

36. «Қазақ». 1913. 39, 40,41, 43; 1914. 67. «Абай» журналы. 1918. №5. «Шолпан», 1923. 4–5.

37. Абай. Толық жинақ. 1933. 271–272-б.

38. Әдебиет майданы. 1934. № 11–12. 11–20-бб.

39 Жиреншин А. Абай и его русские друзья. Алма-Ата, 1949. 120-123 стр. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. Алматы, 1959. 203–262-бб.

40. Мұхаметханов Қ. Абай төңірегіндегі ақындар. Кандидаттық диссертация. Қолжазба. Алматы, 1956.

41. «Әдебиет және искусство». Алматы, 1951. №7, 64–75-бб.

42. Сильченко М. Об основных тенденциях казахской литературы 80-90-х годов XIX века. Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961. 129-б.

43.Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича (из поездки в Кокчетавский уезд). Журнал «Русское богатство» СПб., 1896. № 8, 83 стр.

44. Айтқожаұлы Б. Шын мақсұттар. Семей, 1915. 3-б. «Жәрдем керектігі».

45. Абайдың бұл хатын Ленинградтағы Береши архивынан тауып алып, тұңғыш рет жариялаған, түсініктер берген академик Ә. Х. Марғұлан. «Қазақ әдебиеті» газеті, 12 маусым, 1959ж.

46.Мұхаметханов Қ. Абай төңірегіндегі ақындар. Кандидаттық диссертацияның қолжазбасы. Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасы. 195-б.

47. Ысқақов Ә. Әкем туралы естеліктен. Қазақ әдебиет. 27 март, 1959 ж.

48. Қазақ ақыны Н. Құнанбайұлының өлуі. СПб., 1909. 108-б.

49. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962. 359-б.

50.Есензаров Ө. Әріп өлеңдерін зерттеу мәселесі. Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. 1962, №1, 58-б.

51. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. 1903. 78-б.

52. «Таң» журналы. I. 1925. 110–112-бб.
53. Айтыс. Алматы, 19,12. 225–241-бб.
54. Проблемы социалистического реализма. 1948. 10 стр.
55. «Дала уалаятының газеті», 1889, № 7, 17 ақпан.
56. «Дала уалаятының газеті», 1889, № 7, 17 ақпан.
57. Қисса Кнәз білән Зағифа. Қазан, 1897.
58. Насихат – Қазакия. Уфа, 1909.
59. Мырзахметов М. Абайдың революцияға дейін басылған өлеңдері жайлы. Жұлдыз. 1963, 147- 153-бб.
60.Құдашев колжазбасын Ленинградтағы Бүкілодактық Географиялық қоғамның архивынан тұңғыш рет тапқан және сол жайында бірнеше мақала жариялаған – академик Ә. Марғұлан.
61. «Қазақстан» газеті, 1911, № 1, 15 караша.
62. «Қазақ», 1914, № 67, 23 маусым.
63. Львович Д.М. По киргизской степи. Петроград, 1914. 46 стр.
64. «Қазақ» газеті, 1914, 30 наурыз.
65 «Айқап», 1915, № 5, 77-б.
66. «Астраханский вестник», 1893, № 1181.
67. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. 1900. стр. 633.
68.Академик Ә.Марғұланның осы жайындағы мақалаларын қараңыз.
69. Восточный сборник в честь А.Н. Веселовского. Вып. XVIII. М., 1914. С. 228–229.
70. «Сибирский студент», 1915, № 3–4.
71. Белослюдов А.Н. О киргизской поэзии «Сибирский студент». 1915, № 3–4, 79 стр.
72. Россия. Полное географическое описание нашего отчества. СПб., 1903, Т. XVIII, 204 стр.
73. Восточный сборник в честь А.Н. Веселовского. Труды по востоковедению. Вып. XVIII, М., 1914, 224 стр.
74. Джордж Кеннан. Сибирь и ссылка. Перевод с английского. СПб., 1906. Издание В. Грублевского. С. 101–102.
75. «Айқап». 1913, № 4–5, 68-б.
76. «Қазақ». 1913, № 43.
77. «Қазақ», 1913, № 44.
78. «Қазақ», 1914, № 67.
79. «Қазақ», 1915, №112.
80. ГАОО. ф. 270. оп. I, д. 200 л. 10.
81. С.Торайғырұлының толық шығармалар жинағы. «Қазақстан» баспасы, 1933. 175-б.
82. «Қазақ». 1915. 9 май.
83. «Қазақ» 1916, № 164.
84. Дөнентаев С. Шығармалар. Алматы: ҚМҚӘБ 1957, 124-б.
85. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1958. 181–183-бб.
86. «Уақыт», 1908. № 388; «Ақ» журналы. 1916, № 5.
87. «Дала уалаятының газеті», 1889, № 48, 1 декабрь.
88. «Дала уалаятының газеті», 1889, № 24, маусым.

89. «Дала уалаятының газеті», 1889, № 26, 30 маусым.
90. «Дала уалаятының газеті», 1889, № 29, 21 маусым.
91. «Дала уалаятының газеті», 1896, № 31, 32.
92. «Айқап», 1913, № 19. 404–405, № 20, 419-420, № 22–24,451 453-бб.
93. «Айқап», 1912, № 4, 87–88-бб.
94. «Айқап», 1915. № 4, 50-б.
95. «Айқап», 1911, № 3, 2-б.
96 «Айқап», 1911, № 6, 19–20-бб.
97. «Айқап», 1911, № 5, 4-б.
98. Қалтаев М. Бар оқиға. Қазан. 1913. 10-б.
99. «Айқап», 1911, №.4, 20-б.
100. «Айқап», 1911, №7, 11–12-б.
101. «Айқап», 1911, № 9, 8-б.
102. «Айқап», 1911, № 10, 21-б.
103. «Айқап», 1912, № 9, 200–204-бб.
104. «Айқап», 1911, № 12, 15-б.
105. Қалтаұлы Мақыштың қазақ ахуалынан бахис еткен манзумасы. Қазан, 1909. 12-б.
106. «Айқап», 1912, № 10, 230–231-бб.
107. Қараш баласы Ғұмар (Ішкі Ордалық). Өрнек. Уфа, 1911, 1-б.
108. Қазақ ССР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер нституты ның қолжазба бөлімі материалдарынан.
109. Тоғысов К. Надандық құрбаны. Уфа, 1915. 9-б.
110. «Айқап», 1912, № 13, 290–294-бб.
111. Торайғыров С. Таңдамалы шағармалары. Алматы, 1950. 48-б.
112. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы, 1960. 55-б.
113. Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Жұлдыз». 1963. 10, 122-б.
114. «Сары Арқа», 1917, II.
115. Горький М. Несобранные литературно-критические статьи. М.: Гослитиздат, 1941. С. 34–35.
116. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1958. 71–72-бб. Нұртазин Т. Кенесарының зұлымдығын әшкерелейтін поэма. «Әдебиет және искусство». 1951. 6. Дербісәлин Ә. Сералин – ақын. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961. 215–216-бб.
117. Дастандар. Алматы, 1960.
118. Дербісәлин Ә. Сералин – ақын. Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961. 216-б.
119. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1963. 141-б.
120. Көбеев С. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1960. 245-б.
121. Кедрина З. Из живого источника. М., 1900.
122. Фадеев А. За тридцать лет. Избранные статьи, речи и письма о литературе и искусстве. М., 1957. С. 412– 413 .
123. Фетисов М.И. Русско-казахское литературные отношения в первой половине XIX века. Алма-Ата, 1959.

124. К. Кереева-Канафиева. Дореволюционная русская печать в Казахстане. Алма-Ата. 1963.
125. «Временник Пушкинской комиссии». Т. III. М.: Изд. АН СССР. 1937. С. 6-7.
126. Бродский Н.Л. А.С.Пушкин. Биография. М., 1937.
127. Модзалевский Л.Б. Запись казахского предания в архиве Пушкина. «Временник Пушкинской комиссии». Т. III. С.323–325.
128. Дербісәлин Ә. Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы. Алматы. 1957.
129. Долинин А.С. В творческой лабораторий Ф.М. Достоевского. М., 1947.
130. Чернышевский Н.Г. Летопись жизни и деятельности Н.Г. Чернышевского. М., 1953.
131. Ауэзов М. Традиции русского реализма и казахская литература. Журнал. «Дружба народов». № 2. 1949. 125 стр.
132. Валиханов Ч.Ч. Сочинения. 1904.
133. Горький А.М. Литературно-критические стати. М., 1937.
134. Башкуров Р.Ш. Переводы Тукая из русской литературы. Казань.1958. С. 16–17.
135. Лермонтов М.Ю. Собр. соч. в четырех томах. Л., 1958. Т.I.
136. Фадеев А. За тридцать лет. Советский писатель. М., 1957.
137. Пушкин А. С. Полное собрание соч. в 10 томах. М., 1963. Т. II.344 стр.
138. Ысмайылов Е. Акындар. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы: 1956. 284-б.
139. «Дала уалаятының газеті». 1888. № 49. 1890. № 21. 1891. № 23-24. 1893. №№ 4. 5. 6. 9. 10.
140. Дала уалаятының газеті». 1888. № 23.
141. «Дала уалаятының газеті». 1890. № 22.
142. «Дала уалаятының газеті». 1891. № 25.
143. «Дала уалаятының газеті». 1891. № 43.
144. Таджанов С. Көркем аударма туралы. Алматы. 1962. 7-б.
145. «Дала уалаятының газеті». 1888. № 31.
146. «Дала уалаятының газеті». № 27. 29. 30.
147.Сәтбаева Ш. Д.М. Мамин-Сибиряк творчествосындағы казак тақырыбы. «Қазақстан мектебі». 1963. № 8. 87-90-бб.
148. «Айкап». 1912. № 10. 226-б.
149. «Айкап» 1914. № 23. 24. 1015. № 2. 3. 4. 5. 9.
150. «Қазақстан». 1911. № 1. 10 наурыз.
151. Ахметов З. Шәңгерей Бөкеев. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. I кітап. Алматы. 1961. 492–511-бб.
152. Тютчев Ф.И. Стихотворения. Письма. М., 1957.
153. Щедрин Н. (М. С. Салтыков). Полное собр. соч. М., 1937.
154. Манайұлы Н. Шәңгерейдің өмірбаяны. Кітапта: Шәңгерей. Өлеңдер жинағы. Алматы. 1934. 31-б.
155. Лермонтов М.Ю. Собр. соч. в четырех томах. Т. II. М.- Л., 1959.
156. Шәңгерей. Өлеңдер жинағы. Алматы: ҚКӘБ. 1934.
157. Қазақ ССР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының текстология және колжазба бөліміндегі материалдардан.

158. Нұрышев С. Абайдың аударма жөнінде [illegible] 1954. 12-б.
159. Қирабаев С. Спандияр Көбеев. Алматы, 1958. [illegible] ев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ [illegible] 243-247-бб.
160. Әбдірахманов Т. Б.Өтетілеуовтың өмірі мен [illegible] Кітапта: Бекет Өтетілеуов. Шығармалар. Алматы, 1961. [illegible]
161. Өтетілеуов Б. Шығармалар. Алматы: Қазақ Мемлекеттік [illegible] әдебиет баспасы , 1961. 94-95-бб.
162. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1956. [illegible] б.
163. Валиханов Ч. В воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1964.
164. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1963 жыл. 29 қараша.
165. Журнал. «Дружба народов». 1949. № 2, 132 стр.
166. Тимофеев Л.И. Александр Блок. М., 1955. 5 стр.
167. Ысмайылов Е. Сәбит Дөнентаев. Кітапта: Сәбит Дөнентаев. Шығармалар. Алматы 1957.
168. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1963ж. 29 қараша.
169. Машаков С. Акын С.Дөнентаев. Естелік. Сөз кітапта. [illegible]
170. Жұбанұлы Құдайберген. Абай – қазақ [illegible] «Әдебиет майданы». 1934. 11-12. 33-б.
171. Мұқанов С. Жаркын жұлдыздар. Алматы: «Мектеп» баспасы, 1964.
172. Жансүгіровұлы І. Абайдың сөз өрнегі. Әдебиет майданы. 1934. 11-12. 48-б.
173. «Әдебиет майданы». 1934. 11-12. 112-б.
174. Жұмалиев Қ. Казак әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960. 2 том.
175. Ахметов З.А. Казахское стихосложение. Издательство «Наука» Алма-Ата, 1964.
176. Ысмайылұлы Е. Шашкин.З. Абайдың поэзиясы «Әдебиет майданы». 1934. 11-12. 97-105-бб.
177. Кенжебаев Б. Қазақ реалистік әдебиетінің негізін салушы. Кітапта: Абайдың өмірі мен творчествосы. Алматы, 1954.
178. «Қазақ тілі» газеті. 1921. № 136.
179. Ысмайылов Е. XX ғасырдағы казак әдебиеті. Оқу құралы. Алматы, 1941. 30-б.
180. Ғұмар Қараш. Тұрымтай. Уфа. Шарх матбағасы.
181. «Ақ жол» 1921. 14 қыркүйек.
182. Белинский В.Г. Полное собрание сочинений. М.: Изд. АН СССР, 1948. Т. V.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз. С. Негимов «Айқын Нұркатовтың әдеби-ғылыми шығармашылығы» 5
А.Нұркатов. «Абайдың ақындық дәстүрі» *монография*
Сөз басы 21
Абай шығармашылығының дәстүрлік және жаңашылдық сипаттары 27
Абай тұсындағы ақындар 145
Абай дәстүрінің арнасында 176
Орыс реализмінің дәстүрлері және қазақ әдебиеті 280
Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы 328
Соңғы сөз 371
Пайдаланған әдебиеттер 376

Айқын НҰРҚАТОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

1-том

Редакторы Ш.Рақымбекова
Суретшісі Е.Қожабаев
Корректоры Ш.Жамықаева
Компьютерде беттеген Ж.Дәуренбекова.

ИБ № 991

Басуға 10.06.2013ж. қол қойылды. Пішімі 84x108$^{1}/_{32}$. Шартты баспа табағы 20.0. Көлемі 24.0 б.т. Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс есебінен 2000 дана ÷ баспа есебінен 150 дана.
Тапсырыс № 647.

«Ана тілі» баспасы ЖШС.
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй,
тел: 394-38-20

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-251-085-0